АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

шығармалары

2



АЙҚЫН НҰРҚАТОВ

АЛМАТЫ
"АНА ТІЛІ"
БАСПАСЫ ҮШІН
2013

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7– 4
Н 86

Қазақстан Республикасы
Мәдениет және ақпарат министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитеті
«Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару»
бағдарламасы бойынша шығарылды.

Құрастырған және алғы сөзін жазған
филология ғылымдарының докторы, профессор
Серік Негимов

Нұрқатов А.
Н 86 **Шығармалары:** Айқын Нұрқатов.– Алматы: "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013.
Т. 2.–384 б.

ISBN 978–601–251–086–7

47486

Ғалым-сыншы Айқын Нұрқатовтың шығармаларының 2 томына бір шоғыр әдеби зерттеулері берілді. Мұндағы ұлы Абай мен жыр алыбы Жамбыл поэзиясын талдай таркатқан пайымды толғамдары, сондай-ақ ақын Ақан сері өлеңдері, қазақтың белгілі қаламгерлері С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, Т.Ахтанов, Ә.Нұрпейісов, Х.Беккожин, И.Байзақов, Т.Жароков, Ж.Саин, Д.Әбілев, З.Шашкин шығармаларының қалың қатпарларына терең бойлай әрі сараптай таразылаған зерделеу еңбектері енді.

ISBN 978–601–251–086–7
ISBN 978–601–251–084–3

УДК 821.512.122
ББК 84 Қаз 7– 4

© Нұрқатов А., 2013
© "Ана тілі" баспасы ЖШС, 2013

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

АҚАН СЕРІ ҚОРАМСАҰЛЫ

(1843-1913)

Халқымыздың өткендегі өнер иелерінің ішіндегі ең бір ерекше, айқын тұлғалардың бірі — атақты ақын, асқан әнші-композитор Ақан сері. Ақанның әдеби мұрасының да мәні ерекше. Оның жастықты, махаббатты жырлаған, әлеуметтік мәселелерді, замана, дүние жайын толғаған, адамгершілік пен достықты суреттеген ғибрат өлеңдері мен толғауларының қазақ әдебиеті тарихында белгілі орны, салмағы бар.

Ақан Көкшетаудың күнбатыс жағында жетпіс-сексен шақырым жердегі Қоскел жағасында туған. Ақанның атасы Жарқынбай Қарауылдың байы болған. Өз әкесі Қорамса да сауда-саттықпен айналасқан деседі. Ақанның шын есімі — Аққжігіт. Туған-туыстары оны еркелетіп Ақан атандырып жіберген.

Ақан он үш жасқа келгенше Бұқардан оқып қайтқан Күнту деген молдадан мұсылманша дәріс алады. Бірақ дүмше молданың балдыр-батпағы сергек ойлы, ұғымтал баланың көңілін дауалатпайды. Ақыры, молдамен бір шариғатқа таласып, таяқ жеген соң оқуды тастап кетеді. Осыдан былай Ақанның жігіттік, серілік өмірі басталады. Ол әсем киініп, жүйрік ат мініп, ілгір қыран, алғыр тазы ұстайды. Қасына небір өнерлі жігіттерді ертеді. Ел аралап сауық-сайран құрады, ән шырқап, жыр шертеді, сейіл-серуенге, саятшылыққа беріледі. Осылайша қалың Қарауылдың құлақ құрышын қандырған әсем әншісі, жиын-тойдың гүл-көркі болып жүрген шағында Ақан Шомат қожаның Бәтима деген қызына құштар болады. Ақыры, ол Бәтимаға үйленеді. Бәтимадан оның бір ұл, екі қызы болады. Ақанның бұл жалғыз ұлы тілсіз, мылқау болып шығады. Он шақты жыл отасып тұрғаннан кейін Бәтима дүние салады. Әлі жастық жалыны басылмаған, көңілі қайтпаған Ақан серілік салтынан тыйылмайды, қайта оны үдете түседі. Құлақ естір жердегі жақсы ат, алғыр құсты өз

қолына алады. Құлагердей жел жетпес жүйрік те Ақанның тақымына осы кезде келіп тиеді. Ақан қарауылдың атақты сұлуы Ақтоқтымен көңіл қосады. Ақанның серілік, ақындық атағын жүйрік Құлагердің даңқы да өсіре, асыра түседі. Арғын ішіндегі Алтай руының бір асында Құлагер үш жүз аттан жеке-дара озып келеді.

Осылайша мерейі үстем болып, даңқы шартарапқа кең жайылып тұрған шақта, Ақан өмірінде бірсыпыра өзгеріс болады. Неліктен екені бимағлұм жайлармен Ақан Ақтоқтыдай арумен араздасып қалады. Ол енді Тінәлі қажының қызы Ұрқияға ынтық болып, ғашықтық сырларын шертеді. Ақыры, ол Ұрқияны алып қашып үйленеді. Бірақ онымен ұзақ өмір сүре алмайды. Үш-төрт ай бірге тұрғаннан кейін Ұрқия шешек ауруынан қайтыс болады. Бұған қоса, Ақанның жақсы көрген бір інісі өледі. Сөйтіп, қайғыға уланып, қасірет шегіп жүрген Ақан Ақтоқтысына қайта оралады. Ақтоқты мал берген ақсақ біреуге ұзатылғалы жатыр екен. Бірақ ол Ақанға өкпеназын кешпейді, Ақтоқтының көңілін суытпақ болып Ақан зілді өлең шығарады. Бірақ Ақтоқты сонда да илікпейді. Сүйікті аруынан айырылуы Ақанды ауыр мұңға батырып, тебіренте толқытады. Жүрегін махаббат қасіреті меңдеген, өкініш-ыза, айықпас арман кернеген Ақан оған тағы да талай-талай шер-сырларын арнайды:

Ақтоқты, кеткенің ба шыныменен,
Бал бердің талай жерде тіліңменен.
Басыңды сары мида кесіп алып,
Өмірше даулассамшы құныңменен.
Дарияның қайраңындай қалқа бала,
Зарлап ән шырқаймын мұңыменен!

Сұм тағдырдың соққысына Ақан бұдан кейін де талай-талай ұшырайды. Ақтоқтыға байланысты оқигага бір жыл шамасы уақыт толған шақта Керей Сағынайдың асы болады. Соған өзінің «Құйрығынан құс тістеген» саңлағын Ақан да апарады. Сол астағы бәйгеде 323 аттың алдында жұлдыздай ағып, зымырап келе жатқан Құлагерді Батыраш, Қотыраш деген байлар соққыға жықтырып, мерт қылады. Бұл қастандық Ақанды айықпас азаға салады. «Сандал керінің» мойнын құшып ол ағыл-тегіл еңірейді. Ақыры, жүйрігінің басын кесіп алып, кебіндеп жерге көміп, жылай-жылай өзінің Көкшетауына қайтады.

Тап осы жылы Ақан «Қара торғай» атты алғыр қыраны мен «Базар ала» деген құмай тазысынан да ада болады.

Сөйтіп, Ақтоқтыдай аяулы аруынан тірі ажырасқан, жел жетпес жүйрігі мен алғыр қыранынан өлі айырылған Ақан енді басқаша бір жұмбақ күйге ауысады. Отыздың оріне шығып қалған Ақан серілікті, сауық-думанды тастап, өзімен-өзі болады, рухани медеу іздейді. Жұрттан бойын аулақ ұстап, дарашылдыққа бой ұра бастайды.

Сол кездегі қуыс кеуде, парықсыз әкім-ұлықтар, ойсыз тоңмойын топастар Ақанның бұл тылсым күйлерін, трагедиялы тағдырын түсінбейді, қайта оны ғайбаттап небір жат сыбыстар, аңыз-лақаптар таратады. Оны ел көзіне есінен ауысқан, алжасқан жан ретінде танытуға тырысады. Тіпті «Ақан перінің қызына үйленіпті-міс» дегенді де шығарады.

Жасы елуден асқан шағында Ақан алдынан үміт сәулесі елес бергендей, жаны жасарғандай болып қайта серпіледі. Кіршіксіз таза махаббатты, әсемдікті беріле, шабыттана жырлай бастайды. Ол қарауыл ішінде сұлулықпен аты шыққан үш қызға ғашық болып, соларға арнап «Үш тоты» деген атақты әнін шығарады. Ол үш қыздың ішінен он алты жасар Жамалға Ақанның ықылас-көңілі, әсіресе, қатты ауады. Оған «Қалқа бала» деп ат қояды. Жамалға деген сүйіспендік сезімдерін алғаш іштей іркіп жүрген Ақан кейін көңіл сырларын ашық ақтаруға, жұрт алдында паш етуге ауысады:

Қыздарды мен не қылам қылаң-сылаң?
Қалайша ғашық отқа сабыр қылам?
Жаңартқан өмірімді Қалқа бала,
Басы — жем, ортасы — мим, аяғы — ләм.

Ақан сұлу қыз көрсе болды, ғашық боп, жастық аңсарына салына берген жадағай, жайдақ жан емес. Ол махаббатты асқақ идеал тұтып ардақтай да, оның әділ төрешісі де бола білген. Өзінен жасы әлдеқайда кіші Жамал көз салып, мойын бұрмасын және өзі де оған лайық еместігін Ақан жақсы сезген. Бірақ ол арманы сүйіспендік сырларын шертуден жалықпаған. Әрі Жамалдан бұлт жуық екенін аңдаған, әрі «лашынға лайық» оны «бөктергіге қор болып» кетуге қимаған сері бір сәт былайша да толғанады:

Тал бойың Құлагердің сағағындай,
Тамағың піскен ала сабағындай.
Қаз мойын, мөлдіреген қарақат көз,
Иегің ителгінің тамағындай.

Ішінде өз жұртыңның еркелейсің,
Айдынның ау қайырған шабағындай.
Осынша жүрегімді жандырғанша,
Ұл боп тусаң нетеді қарағым-ай...

Ақан Жамалға арнап басқа да көптеген өлеңдер шығарған. Солардың барлығы осындай іңкәр да құштар, саф мөлдір махаббат сырларына, кіршіксіз таза сезімдерге толы. Бұлардың ішіндегі ең айтулысы, нағыз нәзік те сыршылы — «Сырымбет». Ыстық қимастық сезімдерге, айықпас мұң-шерге, терең жан күйзелісіне толы асқақ та зарлы әні бар бұл өлеңін Ақан Жамалдай жас ару қалың малға ұзатылғалы жатқанда шығарған.

«Сырымбет» — ақынның жастық, сүйіспендік тақырыбына арнаған ақырғы өлеңі, ең соңғы жүрек жарды сырлебізі. Оның бұдан кейінгі өлең-толғаулары көбінесе замана жәйін толғауға, атамекен-қонысты, жолдастық пен достықты, әлеуметтік мәселелерді жырлауға арналған болып келеді.

Ақан алпыс жастан асқан кезде туып-өскен мекені Қоскөлден, Сарыкөлден айырылады. Сөйтіп, ата қоныстан тықсырылған ол Сасықкөл деген жердегі бір күйеу баласының қолына көшіп барады. Әрі жеке басының трагедиялы күйлерін көп кешкен, әрі әлеуметтік теңсіздіктер тақсіретін көп тартқан Ақан өмірінің соңғы шағында тағы да тылсым, жұмбақ мінезге ауысады. Қасында тек жалғыз мылқау баласын ғана ұстайды. Сары уайымға салынып, қасірет теңізіне батқандай, өзінің мұңналасын тау-тасқа, жел-құзға, айдын көлдің толқынына ғана үнсіз шерткендей болады. Осылай жүріп ол ауруға да шалдығады. Ақыры, 1913 жылы жетпіс жасында Ақан дүние салады.

Ақан шығармашылығының мол да құнарлы бір саласы— жастық, сүйіспендік тақырыбына арналған лирикалық өлеңдер. Әрине, ақынның әр шығармасы дәл қай жылы, қашан айтылғаны немесе шығарылғаны бізге белгісіз. Сөйтсе де сол шығармалардың сыр-сипатына, тақырыптық мазмұнына және Ақанның өз өмір өткелдеріне, жанастылығына қарай олардың туу кезеңдеріне долбар түрінде болса да меже қоюдың орайы бар сияқты.

Әрине, Ақан шығармашылығының алғашқы кезеңіндегі туындыларының дені жоғарыда аталған махаббат, жастық жайындағы өлең-толғаулардан тұратындығы даусыз. Сонымен бірге, бұл тақырып ақын шығармашылығындағы

желілі, өзекті сипат та сездіреді. Осы алуандас ән өлеңдерінің ең соңғысы — «Сырымбет» Ақанның өмірбаянына байланысты айтылған да болатын. Ақанның «Ғашыққа», «Ақиық пен ақ түлкі», «Сұлу қызға», «Гауһар-жақұт», «Ақ көйлек», «Біздің көңіл қайда жатыр», «Ғашық жарға» сияқты өлеңдері кезінде оның өз көңіл-күйлеріне байланысты туғанмен, кейін олар бүкіл дала жасының сүйікті шығармаларына айналып кетеді. Бұл өлеңдер тек тақырыбы ғана емес, сонымен бірге бүкіл рухы, тынысы жағынан да ұқсас, сабақтас. Бірінде толғаған сүйіспендік сырлар, жастық аңсарлары, жігіттік наздары екіншісінде тағы да қайталанып, толыға да тереңдей түсіп отырады.

Ауыз әдебиетінде бұрыннан бар дәстүрлі суреттеу тәсілдерін емін-еркін, мол пайдаланғанымен Ақан махаббат тақырыбын жырлағанда көбінде ақындық қатынасын, өз жүрегінің лүпілін сездіріп отырады. Осы тұста ол өзінің шеберлігін, халық поэзиясындағы суреттік орамдарды орайлы түрде, жайната да жаңғырта қолдануға оңтайы барлығын да даусыз танытады. «Ақ көйлек» атты өлеңінде Ақан сұлу қыздың сипатын былайша береді:

Етегін ақ көйлектің алтындаған,
Ажарың ақ жамбыдай жарқылдаған.
Сексен қыз серуенге шыққса дағы,
Ішінде сен қоңыр қаз қаңқылдаған.
Қаумалап қанша дұшпан келсе дағы,
Қалқажан айтар сөзден тартынбаған.
Болғанда сен аққу құс көлде жүзген,
Лашын құс не болады талпынбаған?
Көз салып жаман қызға не қылайын,
Киіздей бейнесі жоқ қарпылмаған.

Ақан сүйіктісінің сұлулығын, ажар-көркін осылайша түрлендіре, құлпырта отырып суреттейді. Әрине, Ақан қыздың мүсін-тұлғасын сырттай қызықтаудан, жалаң әсемдікті жырлаудан аулақ. Ол қыздың сыртқы ажарын, кескін-келбетін, бой-сұлулығын суреттеуге тұтастай арнаған осы өлеңнің өзінде де сол сүйіктісінің жақсы бір мінезін, яғни «қанша дұшпан қаумалап келсе дағы, айтар сөзден тартынбас» ашықтығын, тапқырлығын, сабырлылығын қоса аңғартады.

Әрине, Ақан өлеңдеріндегі мұндай сарындар оның «Қызды айтқан, қызықты айтқан қыздырма» ақын емес, дегдар да шынайы махаббаттың жыршысы болғандығын көрсетсе керек. Профессор Е.Ысмайылов жоғарыда

аталған мақаласында Ақан серінің махаббат лирикасына талдау жасай келіп, былай деп жазады: «Әйел қауымын ардақтап, оның жан сезімінің сұлулық, ақылдылық сипаттарын шебер суреттей жырлайды, жүректен шалқып шыққан ғашықтық жалынды сезімдерді жырлайды». Бұл пікірге біз де қосыламыз. Сонымен бірге, Ақан болжалсыз да буалдыр, неғайбыл сезімдерді, тілсіз түйсіктерді ғана жырлап қойған ақын емес. Біздіңше, Ақан үшін ең бастысы — сол бір алабұртқан, алуан қилы сезімдерге бөленген, толқынған, соларды өз басынан кешірген адам және оның тағдыры. Ақанның Жамалға арнаған ұзақ бір өлеңінде мынадай жолдар бар:

Мақбубым, ақылың дана, көңілің биік
Жаманға бере алмаспын көңілім қиып,
Сырт күйік болмайды екен бір сағаттай,
Қалмаса іштегі отқа жүрек күйіп.

Бұл жолдар Ақанның махаббат тақырыбын қаншалықты биікке көтеріп, әрі терең тебіреніспен жырлағанын тағы да айқындай паш ете түседі.

Ақан әйел теңдігі мәселесінде қазақтың ағартушы-демократтары көтерілген биікке жете алған жоқ. Ол мұндай жүйелі мақсат ұстанбаған да. Бірақ Ақанның сүйіспендікке беріктік пен адалдықты, махаббат еркіндігін ардақтайтын тамаша ән-өлеңдері дала жасының жүрегін оятқаны, оларды өздерінің адамдық қасиеттерін қастерлеуге және сол үшін күресе білуге ұмтылдырғаны даусыз. Ақан жас қыздың сүйгеніне баруын, теңіне қосылуын қостап, оның тағдыры жайында толғанып, жырлап қана қоймаған. Ел арасында, халық аузында сақталған кейбір аңыз-әңгімелер оның теңіне бара алмай, зар илеген талай жастың трагедиялы тағдырына арашашы, соның мұң-шерінің жоқшысы болғандығын да аңғартады. Өзінің «Балқадиша» атты тамаша әнін Ақан осындай жағдайда, өлмелі шалға ұзатылғалы жатқан жас аруға ара түсіп, соған жаны ашып шығарған.

Ақанның махаббат, жастық тақырыбына арналған шығармаларының ішінен «Торыны таңға байлап мінген қандай?», «Тағырыпың» атты өлеңдері арнайы талдауды қажет етеді. Бұлардың алғашқысы белгілі сюжетке құрылған, Ақын лирикалық кейіпкерінің басынан кешірген хал-халеттерін, көңіл-күйлерін сұрай, арнау ретінде шебер де әсерлі баяндайды:

Торыны таңға байлап мінген қандай?
Үкілі әсемдетіп жүрген қандай?
Тұсынан қызды ауылдың ән шырқатып
Сыбанып ақ білекті түрген қандай?
Сөз салып қалқажанға жеңгесінен,
Құрбыңмен сыпайы ойнап күлген қандай?
Ишарат әзілменен сөз қатысып,
Қыз сырын жеңгесінен білген қандай?
Күнінде уәделі қалқажанның
Сылантып сал торыны мінген қандай?
Ауылы қыз қалқаның қайда екен деп,
Жүгіртіп сайлау жермен желген қандай?
Бір сайға торышаны байлап тастап,
Тұсына ақбоз үйдің келген қандай?
Алаңдап алабұртып тұрғаныңда
Алдыңнан қарсы шыққа ақша маңдай,
Келдің бе ебін тауып қалқашым деп,
Боз үйге есік ашып кірген қандай?..

Махаббат, жастық тақырыбын жырлағанда Ақан ауыз әдебиетіндегі дәстүрлі суреттеу тәсілдерін мол қолданатындығын жоғарыда кезі келгенде атап өткен едік. Бұл, әрине, оның халық поэзиясымен етене жақындығын, тамырластығын көрсетеді. Сонымен бірге, Ақан бұл ретте басқа елдердің аса ірі ақындарынан да үйренбей, тағлым алмай қоймаған. Біз мысалға келтірген «Тағырыпың» өлеңінде де сүйіспендік сырларын шерте келіп, ғашықтықты жырлау өте ертеден, әріден келе жатқанын ашып айтады:

Ғашықтық — мен шығарған мирас емес,
Жүсіп пен Зылихадан үлгі қалған.
Ізденіп Баһрам да Гүландамды,
Михнатпен ақырында сүйтіп алған.
Көп жүріп, жаһан кешіп Сейфулмәлік,
Жамалды Иранбақтан іздеп барған.
Ғашықтық майданында шаһит болып,
Боз жігіт Әнүз үшін қандай болған.
Бұлардың зар тартқаны — Ләйлі, Мәжнүн,
Ізденіп ақырында маңсап қонған.
Зияда-Қорлығайын, Фархад-Шырын,
Бұл күнде хабарым бар сондай жаннан.

Осы өлеңнен Ақанның Шығыстағы атақты ақындардың шығармашылығымен жақсы таныс болғанын, олардың ғашықтық дастандарын үлгі көріп, қадір тұтып оқығанын көреміз және оның өзі де риясыз анық айтады.

Ақанның Шығыс әдебиетімен байланысы оның шығармашылығының құнарлы бір сипатын, нәрлі тамырын танытады. Бір кезде кейбір ұшқалақ әдебиетшілер Ақан шығармаларының осы қасиетін кемітуге, мұны оның ақындық өнерінің міні, теріс бағыттылығы етіп көрсетуге тырысты. Олардың қайсыбірлері, тіпті ұлы Абайды да классикалық Шығыс әдебиетінің әсерінен бөле-жарып, даралап алмақ болады Бұл, әрине, ғылыми жағынан жалған, қате де ағат пікір еді. Шындығына келгенде, өткендегі қазақ ақындарының Шығыс әдебиетімен, көршілес елдер халықтары поэзиясымен байланысын, шығармашылық алмасуларын елемеске, ескермеске еш болмайды. Өйткені бұл белгілі бір тарихи кезеңде әдебиетіміздің өсу тенденциясына ерекше мол әсер еткен шығармашылық факторлардың бірі.

Шығыстың Фирдоуси, Низами, Навои сияқты жыр алыптарының қазақ поэзиясына тигізген әсері кенеулі де, кең де. «XIX ғасырдағы қазақ әдебиетінің Абай, Шәңгерей, Шәді, Шортанбай, Ақан сияқты ірі ақындарын еске алсақ, бәрінен де Әлішер ғазалдарының, дастандарының айқын сырларын сезіп отырамыз», деп жазады академик М.Әуезов. Осы пікірді Ақан сері туралы мақаласында Қ.Бекхожин де қайталайды. Шынында да, Ақан шығармашылығында шығыстық сарындар бірсыдырғы мол ұшырасады. Ақанның шығыс ақындарынан үйренгені оның сүйіспендік тақырыпқа арналған шығармаларының рухынан, тынысынан, әсіресе, айқын сезіледі және бұлайша тағлым алуы да жарасымды.

Ақан шығармашылығында оның жастық, махаббат лирикасының алатын орны ерекше. Ол махаббаттың алабұртқан қызу құштарлық, күйіп-жанған ыстық сезім, әр алуан түйсік, әсер ретінде жырлап қоймай, сүйіспеншілік тақырыбын таза да биік идеал, асқақ арман дәрежесіне көтереді. Ақан махаббаттың қуанышты, жарқын сәттерін де, трагедиялық сыр күйлерін де терең тебірене жырлады. Тұтастай алғанда, оның поэзиясынан сол кездегі дала жасының сүйіспеншілік әсер сезімі, түсінік дәрежесі, махаббаттық тілек-мұрат толық, жан-жақты көрінеді. Ақанның өзімен тұстас бірсыпыра ақындардан негізгі бір ерекшелік сипаты да осында.

Ақан — тек албырт жастықты, махаббатты ғана жырлап қойған ақын емес. Бұл тақырыпты өз шығармашылығында, әсіресе жасы ұлғайған ел ағасы болған шағындағы шығармаларында халықтық сарындарымен ұластырмай,

үштастырмай кете алған жоқ. Бұл заңды да. Өйткені өзі де сұм тағдырдың соққысын көп көрген, әлеуметтік теңсіздіктерден талай зәбір-жапа шеккен Ақанды туған халқының аянышты халі, трагедиялы тағдыры толғантпауы, күңіренте күйзелтпеуі мүмкін емес те еді. Ақан шығармашылығындағы мұндай сарындар оның озбырлыққа қарсылық, замана тақырыптарына арналған шығармаларынан әсіресе анық сезіледі.

Озбыршылыққа қарсылық рухын аңдататын өлең-толғауларын Ақан өмірінің соңғы кезеңінде жазған тәрізді. Бұл тарихи шындыққа да орайлас.

Ақан шығармашылығындағы патшалық озбыршылыққа қарсылық сарындары халықтың осындай наразылығымен ыза-кегі астасып, ұласып жатқандығы даусыз. Патшалық жуан жұдырық, тоңмойын ұлықтар, ұр да жық әкімдер Ақанның өзінің де атамекенін тартып алғанын жоғарыда айтқан болатынбыз. Туып-өскен қонысын қайтарып алмақ болып Ақан Көкшетау қаласындағы уездік ұлықтарға талай-талай ат сабылтады да. Бірақ ештеңе өндіре алмайды. Осыдан кейінгі мұң-зарын, қарсылығын ол енді домбыра әуенімен, ащы жырымен тербейді.

Атап айтуға тұрарлық бір жәйт — Ақан шығармашылығындағы озбыршылыққа қарсылық идеясы оның өз атамекенінен айырылуына ғана байланысты тумаған. Ақанның бізге мәлім өлең-толғауларында оның қонысынан тықсырылып қалуынан туған наразылығын, ыза-кегін тікелей танытатын белгі-бедер соншалықты айқын байқала бермейді. Керісінше, озбыршылықтың ауыр зардаптарын Ақан бүкіл халықтың трагедиясы ретінде жырлайды. Сонымен бірге оның шығармашылығындағы қайшылықты сарындар да оның осы тақырыпқа арналған шығармаларынан анық сезіледі.

Ақанның кейбір өлеңдері оның алғашқыда патшаның өзінен мархабат, әділет күткенін көрсетеді. Патша да, сенат та алыста, Петерборға жете алмаймыз. Әйтпесе барып арыз етсек, қазіргі ауыр халімізді көрсе, бізді аяр еді, неткен сорлы халық деп, «көз жасын тия алмай» жылар еді, деген пікірімен Ақан:

Шеттен келген төрелер порым қылған
Қазақ жайын білмейді жалғыз қарап.
Петербордан шапағатты сенат келсе,
Патшадан жарлық алып Құдай қалап
Қазақ үшін қайғырып жылар еді,

Ол мейірбан ер болса ұялмай-ақ.
Қайдан қыңыр ес қылған халық ед деп,
Көз жасын қайтер еді тия алмай-ақ, —

дейді.

Бұл өлең зұлматтық атаулының бәрін туындатып жатқан патшаның өзі мен жергілікті билеп-төстеуші шенеунік, әкімдер екенін оның әлі де түсінбегендігін көрсетеді. Әрине, мұны саналы түрде ұғынуға Ақанның хал-қадыры жетпеді және жетуі мүмкін емес те еді. Бұл ретте оны кінәлаудың да орайы жоқ тәрізді.

Ақанның бұл тұстағы өлеңдерінен патшалық езушіліктің қазақ халқына жасаған небір зұлмат сұмдықтарының шынайы елестерін көреміз.

Ақанның жігіттерге, әсіресе қадап, шегелеп айтатын өнегесі — жолдасқа опасыздық жасаудан, дау-шарға килігіп әуре-сарсаңға түсуден аулақ болу. Өйткені Ақанша, қазақтың түбіне жетіп, сау басына сақина салып жүрген кесапаттар дәл солар.

Су шықпас қазғанменен тау басынан,
Қазақтың дау кетпейді сау басынан.
Жолдасы сыр айтысқан жау боп шықса,
Ер жігіт жаңылады тәубасынан.

Уақыт рухын, заман ағысын өзінше барлап ұғынбақ болған, халқының тағдыры, болашағы жайында әр алуан ойға шомған Ақан осы сарындас басқа да шығармалар жазды. Солардың ең көлемдісі — жоғарыда аталған «Заман ағымы» атты ұзақ толғау өлең.

Бұл шығармасында Ақан өзінің шартты түрдегі кейіпкеріне, яғни заман адамына мінездеу жасайды. Ақан оны:

Жұпар мен гүл майының исін білмес,
Зұлматтың тұмауымен біткен мұрны.
Іші зұлмат болған соң, керегі жоқ,
Қаншама болса дағы жүзі нұрлы,-

деп суреттейді. Бұдан әрі Ақан оның өтірік білгішсініп, батырсынып қоқиланатындығын, пәле іздеп, жанжал қуатындығын, ешнәрсе ілмесе де, сұңқармын деп кеуде қағатындығын өткір ажуалайды. Осы тұрғыдан алғанда, Ақанның суреттеуіндегі заман адамы — Абай шығармаларында соншалықты терең, жан-жақты көр-

сетілген қулар мен сұмдардың, пысықтардың ағайыны, солардың бір сүлдері.

Ақан шығармасында заман адамының атын атамай, бастан-аяқ тұспалдап кете бермейді. Жинақтап айтып, жалпылама жырлайтын ақын әрі-беріден соң тіл уытын кімге төгетінін сездіріп тастайды:

Қайтсем пайда қылармын деп нашардан,
Осы күнгі жақсылар құрар айла.
Жарты ақысын сіңірер о деп, бү деп,
Нашарлар қызмет қылып жүрсе байға,
Көңілінен шықпасаң — күнің қараң
Байдың ісі бара-бар найзағайға.
Бірі баймен балғалас, сөзі бір боп,
Би, болыс, бара алмаймыз ауылнайға.

Шынында да, барлап қарағанда, Ақанның заман адамы деп отырғаны — осы би, болыстар мен байлар, ауылнайлар екендігіне ден қоймасқа болмайды. Сонымен бірге, бұл өлең әлеуметтік теңсіздіктердің сырын, әкімшілік иелерінің нашарларға жасайтын қиянат-зорлығын Ақанның өз өресі жеткен дәрежесінде көре білгенін және соны сынға алып шенейтіндігін де жақсы аңғартады. Ол қиянат дүниесі иелерінің барлығы бірегей «балғаластығын», олардың ымы-жымы бір екендігін де дұрыс сезінген.

Ақан байлардың нашарларды қалай қанап езетіндігін, бұл жолдағы олардың, әккілігі мен қулық-сұмдығын да тапжылтпай тани білген:

Ендігі бай әуелі нашарды жер,
Нашарды көрсе антұрған сөйлейді кер.
Бір нашар ақша қарыз сұрап барса,
Берейін қызметке маған жүр дер.
Ауысып бір нәрсесі жүрген болса,
Сұрағанда шығарар маңдайдан тер.
Қолында жоғын білген соң тым жабысар:
«Қызмет қыл, я болмаса, малыңды бер!»
Басын сатып ала алмай бір кірген соң,
Осыменен қор боп жүр нешелер ер.

Өз кезіндегі қорқау құлқынды дәулеттілерді Ақан «қайыры жоқ, көк қарын жаңа бай» деп айтады. Ол баяғы замандағы малма тымақ, жуан қоныш, сасық бай емес. Ол байыған үстіне баюды көздеп аласұрған, ақша ұстап саудамен айналысқан, туып келе жатқан капиталистік қарым-қатынастардың лебін сезіп, ыңғайын бағып, аңысын

аңдыған бай. Осы өзгерістер оның іс-әрекетінен, мінез-құлқынан, пейілінен де анық көрінеді:

Бір нашардың қарасы көрінгенде,
Ендігі бай қашады анадайдан.
Бұл күнгі байға сүйткен кісі жағар:
Отын кесіп, шөп шауып, малын жайған.
Тіліп алып бармаса жұмысына,
Жазғы тұрғы бурадай адырайған.
Сөзі түтіл, ойынан шыға алмасаң,
Жүріп пәле іздейді әлдекайдан.
Атын мініп, ақшасын ұстағандар
Өз бетімен жүре алмас қылып сайран.
Ақша ұстап, сауда қылар ырымдай қып,
Бай жұмсап жүрсе дағы құлындай қып.
Базарға барған сайын пайда бер деп
Тапсырар ұстаушының құнындай қып.

Әкімдер мен ұлықтардың халыққа салған лаңын, байлар мен билердің нашарларды жегідей жеп қанап жатқанын өз көзімен көріп тебіренген, зорлық-зомбылық пен алдау-арбаудың асқынып қабындауынан жүрегі шайлыққан Ақан, бірауыз: «Дүние аз күншілік пани жалған, басыңнан қайғы кетпес туғаннан соң» деген сияқты торығу сарындарына да ауысып кетіп отырады. Дүниені опасыз санап, байлар мен билерден, ауылнайлардан безіне түңілгенде Ақан қайда көз салады, нені тілге тиек етеді? Бұл ретте Ақанның көбірек ауызға алатын, айналсоқтап айта беретіні — өткен заман, ата-бабалар жолы, бұрынғының адамдары. Ақан қазақтың ескі бағы заманынан көтере жырлаудан, бұрынғының адамдарын «ниеті бұлтсыз күнгі таңдай» әділ, ақ ниетті еді, байлары қайырымды, мырза еді деп суреттейді.

Осы ретте, яғни өз кезіндегі байлар мен билердің, болыстардың зұлымдығын, қиянатшылдығын ашып көрсетіп сынағанмен, өтіп кеткен өмірге, ескі дәуренге аландап, артына қарайлай беруі жағынан алғанда, Ақан Шортанбаймен де ара-тұра жақындасып, қоян-қолтық келіп қалады. Бірақ үңіле, барлай қарағанда, Ақанның оған ұқсамайтын жағы, өзгешелігі де көп. Шынтуайттап келгенде, өткен өмір, бұрынғының адамдары Ақанға жалпылама, әйтеуір, қымбат емес. Ақан кескіні тек ескілік өткен дәурен ретінде аңсап сағынудан аулақ. Ол мұндай тараң мүддеден биік жатыр.

Араздарды келтіріп татулыққа,
Ынтымақ ізденетін ата-бабаң, –

деп жазады Ақан. Оның ұғымынша, бұрынғы байлар қайырымды келіп, нашарларға «ат, сауын беріп», «дастарқанын тергеусіз» ұстап мырзалық жасайтын болған. Міне, ата-баба да, бұрынғының адамдары мен байлары да Ақан назарын өздерінің осы «қасиеттерімен» аударады. Ақанның осыларды осылайша суреттеуі, мадақтап көрсетуі – оның тая соғып қателескені, қайшылыққа ұрынғаны. Бірақ, қайталап айтамыз – соның өзінде де Ақан бұрынғы заманды, оның адамдарын шартты түрде әрі қарапайым халыққа, яғни ақын тілімен айтқанда, нашарларға жайлы болуы, мархабаты тиюі тұрғысынан ғана аңсап жырлайды. Осы өлшемін Ақан өз тұсындағы байларға, дәулеттілерге де қолдануды ойлайды. Сондықтан ол:

Қайыр, ықсан, қылмаса пақырларға,
Пайда жоқ бір тиындай жиған малдан, –

деген тоқтамға келеді.

Сөйтіп, қорыта айтқанда, әлеуметтік мәселелері, заман, дүние жайындағы шығармаларынан Ақанның сол құбылыстарды өз тұрғысынан барлап айтқан ой-топшылауларын да, қайшылықты, жаңсақ та теріс мезеттер мен халықтық кейбір сарындарды да қоса аңғарамыз.

Ақан шығармаларының бірсыпырасы өз кезіндегі қауымға, әсіресе, жастарға тікелей ғибрат айтуға арналған. Оның мұндай өлеңдерінің негізгі тақырыбы – жақсылық пен жамандық. Өмірден көргені мен түйгені көп ақын топшылауларын жастарға тағлым ретінде тартуды, оларды жақсы нәрсеге үндеп, жаманшылықтан сақтандыруды мақсат еткен сияқты. Оның осы сарындас «Асыл мен жасық» атты өлеңіне жоғарыда тоқталып та өткен едік. Мұнда ой нәрлілігімен бірге, алғыр тапқырлық та танытады.

Жігіттің көз тоқтаттық қандайына? –
Шешеннің тәңір берген таңдайына.
Батырдың қайрат берген жүрегіне,
Малдының ырыс берген маңдайына.

Міне, өзінің өнегелі ойларын осылайша көркемдік кестесіне бөлеп бере білген.

«Асыл мен жасық» негізгі тақырыбын ақын өзінің «Жақсы мен жаман» атты екінші өлеңінде толықтырады,

Северо-Казахстанская
областная библиотека
им. С. МУКАНОВА
г. Петропавловск

тереңдете түседі. Мұнда ол өзінің жақсы, не жаман деп тапқан құбылыстарын талдап, сап-сабымен баяндайды. Олары көбінесе былайша болып келеді:

Жақсының өзі өлсе де сөзі өлмейді,
Жаманнан үлгі алармық сөз қалмайды...
Ер пайдасы тиеді сасқан жерде,
Ер жаңылып етегін басқан жерде.
Жаманға жазатайым ісің түссе,
Қабысып қалады екен аспан жерге.
Жамандар көре алмаған қылады өсек,
Лайық заманында асқан ерге.
Шапса да қанша жүйрік бедеу озар,
Болмайды кім үмітті қосқан жерде.
Билер көп жұрт алдында тысырайған,
Жол табар көсем қайда қысқан жерде?! —

Өзінің өнеге-өсиетін жалаң, жадағай айтпайды. Ол жақсы һәм жаман құбылыстарды салыстыра, қарсы қоя, тіпті өзінің қатысын білдіре отырып жырлайды. Сондықтан да оның ғибраты өтімді де өткір, бейнелі болып келіп оқушы жүрегінен тез жол табады. Жақсы жігітке лайық қасиеттерді бас-басына санап тізіп, жарқырата көрсеткенде, оның негізгі бір нысана көздегенін байқаймыз. Бұл оның «жұрт алдында тысырайған», мақтан сүйгіш қуыс кеуде билерден таусыла түңіліп, безіне жиреніп «жол табар көсемді» іздеуі, соның болуын аңсауы. Біздіңше, Ақан қысылшаң шақта ел бастар сол көсемді армандап қана қоймай, соның туатынын үміт еткен де тәрізді. Оның жігіттерге жол нұсқап, ғибрат айта беруінің де негізгі сыры осында.

Ақанның «Тағырыпың» атты өлеңінде мынадай жолдар бар:

Ізденіп жар таппағың қиын жұмыс...
Тең тауып, жар алғанның кемі бар ма,
Сұңқардай тұғырдағы тоғыз түлер.

Серілік сапарында жүрген шағында махаббаттың қызуы басылмас жалынын, жастықтың жан жадыратып, көңілкүйін келтірер қуанышын шабыттана жырлаған Ақан енді егде тартқан кезінде осылайша байсалды да салқын ақылмен лайық жар тауып ала білу керек деген өнеге айтады. Ол «Жаман қатын», «Жақсы қатын» атты өлеңдерін де осы мақсатпен шағарған.

Бұл өлеңдерінде Ақан жақсы әйел мен жаман әйелдің әрқилы сипаттарын береді, олардың мінез қылығын, білім-парасатын салыстыра суреттейді.

...Таусылды күні-түні ет пен шай деп,
Қонақтың қыстай келген бәрін санап,
Көжені көп ішеді оңашалап,
Құрдай боп үсті-басын сары-алалап.
Бәрінен сөйлегенде қалыспайды
Сүйреңдеп алды-артын жанасалап.

Немесе:

Сыпырмас үйдің ішін киіз қағып,
Еш уақыт шаруа қылмас отын жағып.
Тазалық үй ішінде болмаған соң
Байында қадыр, баға қалар нағып.

Міне, Ақанның осылайша жерлеп, қазбалап, міней суреттеп отырған әйелі — Абайдың «Қатыны мен Мысықбайындағы» салақ әйелге айнымай ұқсайды, соның апасы, яки сіңлісі сияқты.

Ақан жағымсыз қылықты әйелді мінеп қана қоймайды. Сонымен бірге, ол басқаларға үлгі боларлық жақсы әйелдің бейнесін жасауға ұмтылады.

Ақ жүзді қатын алсаң бойы сұңғақ,
Қасыңа шақырғанда келсе зулап.
Дауысы «әу» дегенде әрең шығып,
Кеудесі еңкейгенде етсе бұлғақ.
Қара қас, жазық маңдай, қара көзді,
Дауысы жіп-жіңішке, жұмсақ сөзді,
Мінезі майға еріткен қорғасындай,
Келсең де ерте кешке бір мінезді.

Ақанның суреттеуінде жақсы әйел тек сұлу көркімен ғана емес, ерке де ойнақы қылығымен, сыңғырлаған әсем даусымен, жан жадыратар жайдары мінезімен, сабырлы парасаттылығымен тұтас, жарқырап көрінеді. Ақан жігіттерге осындай жар таңдай біліңдер десе, қыздарға нақ осындай сүйікті де сүйкімді болыңдар деген емеурін танытады. Сөйтіп, ол ғибраттылық қалпына тағы да ауысады. «Бұл сөзім — бәрі өсиет құлақ салса», — деп мұны Ақанның өзі де аңғартады.

Жүйрік ат мініп, алғыр қыран ұстаған Ақанның бірқатар шығармалары атбегілік, саятшылық, мергеншілік жайына арналған және олардың көпшілігі тікелей ақынның өз

басына байланысты болып келеді. Солардың ішіндегі ең әсерлілерінің бірі — «Құлагер».

Мейлінше қайғылы, зар сарынды әні бар бұл өлеңін Ақан жел жетпес жүйрігі — Ереймен тауының бауырында қара жүрек жаулардың қолынан мерт болғанда шығарған. Өлеңнің әнін де, сөзін де аса ауыр жан күйзелісі, терең тебірену үстінде бірден шығарып айтқан Ақан оған кейін де қайталап, оралып отырған сияқты. Өйткені, өлеңнің кейбір шумақтары жүйрігін бәйгеге қосып, күткен, алабұртқан, шыдай алмаған әрі жаманат хабарды сезгенде рухани күйікті, небір трагедиялық халдерді сәт-сәт басынан кешірген адамның тап сол сәттегі бейнесін танытса, ал қайсыбір шумақтар өтіп кеткен оқиғаны кейін еске алып баяндау ретінде жазылған тәрізді әсер қалдырады:

«Құлагер» өлеңінде Ақан өзін адамның қат-қат көңіл-күйлеріне, жан түкпіріне үңілгіш те сезінгіш, сергек суреткерлігін танытты. Бұл өлең шыншылдығымен, психологиялық мезеттерінің тереңдігімен әсерлі. Онда жазықсыз зәбір көріп, қайғы шеккен, күңіренген үлкен жүректің айықпас мұң-зары бар.

Өленде Құлагердей жүйрік аттың сыны, оның нағыз тұлпарға лайық тұлғасы, көз тойдырып, көңіл ұялатар мүсіні де өзгеше бояу нақыштарымен, сергек қимылға толы, лып-лып еткен динамикалы күйде берілген. Осындай аяулы жүйрігін, «бота тірсек, қыз сағақ сандалкерін» Ақан тек ер қанаты ретінде емес, иесі Атығай, Қарауылдың аты ретінде жоқтайды. Бұл да сөз жоқ, өлеңнің құндылығын арттыра, тынысын тереңдете түседі.

Ақанның саятшылық тақырыбына арнаған шығармаларының ішіндегі ең тәуірі, зор шабытпен, үлкен шеберлікпен жазылғаны — «Мылтық пен мергеншілік». Өлеңнің бас жағында ақын жақсы мылтықтың сипатын береді және соны асынып, сахараға аңға шығудың қызығын баяндайды. Бұдан әрі ол іздеген аңын атып алған мергеннің асығыс қимыл-қозғалысын, өзіне-өзі дән разы болып, масаттанған көңіл қошын соншалықты шынайы да нанымды бейнелейді.

Ақын шығармашылығына жасалған азды-көпті талдауды тамамдар алдында «Ақанның соңғы сөзі» атты шығармаға арнайы тоқталуды ләзім деп білеміз. Өйткені атынан да аңғарылып тұр, бұл өлеңінде Ақан өзінің өмірлік, өнерпаздық жолына белгілі дәрежеде байлау, қорытынды жасамақ болған тәрізді:

Бір дауа тарқасыншы арман-дертім,
Қалдырдым жігіттерге сөздің артын.
Жақсыға жасын сынап, кәміл айтып,
Байлайық тиянаққа істің шартын,
Бұларға үлгі берген өзі сауап
Қымбаттың арзанымен білер нарқын.

Кейінгіге сөз қалдырған, жастарға үлгі берген, өнеге-өсиет айтқан Ақан өзінің дертті екенін, арманын өлең-жырмен ғана айықтыратынын да қоса аңғартады. Ол мұндай күйге ұшырауының да сырын жасырмайды:

Көлденең көмейіме сөзім тоқтап,
Басылған талай жаннан біздің қарқын.

Бұл жолдар кеудесін кернеген күрсіністі көп сырларын Ақанның емін-еркін айта алмағанын және билеп төстеуші жуан жұдырық топастар оның шабытын тұмшалап, тежеп отырғанын танытса керек. Беймезгіл дәуірде өмір кешкен, рухани соққыға көп ұшыраған Ақан трагедиясының негізгі бір тамыры осында болатын.

Осы өлеңінде Ақан ақын туралы, оқушы туралы тақырыпқа да жол-жөнекей соғып кетеді:

Оқушы айтушыдан болсын зият,
Ақыл, ғылым, пиғылдың білсін парқын.

Оқушысының ақылды, білімдар, парасатты әм сергек ойлы болуын қалаған Ақан ақынға да аса зор талап қойылатындығын жақсы түсінген:

Берерге ғылым жазып адам керек,
Біреу — мыс, біреу — қола, біреу — алтын...
Сырлы сөзбен үлгілі жауап айтпай,
Надандар қай сөзімен болар ақын.

Ғылыммен шұғылдану екінің бірінің қолынан келе беретін жеңіл-желпі іс емес екендігін, бұл үшін соған лайықты адам қажеттігін ұғынған Ақан ақындық өнерге, әсіресе, мол талап жүктейді. Ол поэзияның әрі идеялы, яғни үлгілі әрі сырлы, яғни көркем болуын көздеген. Шығармашылығында дәл Абайдың эстетикасындай нәрлі де өрісті, жүйелі идеялық-көркемдік принциптер ұстанбағанымен, бұл ретте де Ақанның Абаймен тілсіз табысып, үндесіп жатқанын байқау қиын емес сияқты.

Жоғарыда айттық, шығармашылық жолын қорытындылаған шығармалардың бірі болғандықтан, бұл

өлеңінде Ақан өзі бұрын да толғаған, жырлаған қайсыбір тақырыптарға тағы да қайталап оралады. Оның, әсіресе, ден қоя, беріле шабыттана толғайтыны — адал да айнымас достық. Бұл тақырыбын ол бұрынғыдан да гөрі тереңдете, толықтыра түсіп, оған әлеуметтік астар бере отырып жырлаған:

Сыр шашпас жақсы жолдас таза жүріп,
Қайғыға ортақ болар мойын бұрып.
Тастамас жау қолында қысылғанда,
Өзіңмен жанған отқа бірге кіріп...
Айнымас, кетпес толқып, жаннан қорқып,
Бәйгеге басын тігіп қалар тұрып.
Құзырға қырық кісінің бірі жарар,
Біткен жоқ қой жақсы адам елден құрып.

Ақан достықты екі адамның арасындағы айнымас жолдастық, жақындық, бір мақсаттылық ретінде ғана суреттемейді. Оның жырлауында достық бұдан әлдеқайда кең мағынада. Ақан достықты халық ұғымындағы басқа да жақсы қасиеттермен байланыстыра, сабақтастыра жырлайды және бойынан сондай мінез-сипаттар табылатын адамдарды мадақтайды. Түптеп келгенде, Ақанның үміт еткендері де жан түкпірін, жүрек жарды сырларын ақтара ашып, ғибрат сөздерін арнағандары да — солар. Сөйтіп, өз шығармашылығының жиынтығы, жастарға арнаған соңғы сөзі сияқты бұл туындысында Ақан бұрынғы өлең толғауларының ең таңдаулыларында анық танытқан жақсы сипаттардан танбағанын, тая соқпағанын, қайта соларды өрбіте, жетілдіре түскенін көрсетеді.

Ақаннан қалған мұраның ішінде оның Мәшһүр Жүсіппен және Нұрқожамен айтыстары да бар. Ақан айтыстарын көбінесе импровизация түрінде емес, сәлем хат ретінде жазып шығарған, оның айтыстары әлеуметтік терең мәнділігімен де, көркемдік келісімімен де ерекшеленіп, оқшау танылмайды. Сондықтан олар ақын шығармашылығында бедерлі із қалдыра да алған жоқ.

Ақанның шығармаларында өзіндік өрнек нақыштар да, ауыз әдебиетінде хас дәстүрлі тәсілдер де, Шығыс ақындарының ғашықтық дастандарымен жыр-ғазелдерінен ауысқан сарындар мен көркемдік әдіс-амалдар да мол ұшырасып, аралас-құралас болып келеді. Оның өзі тұстас басқа көп ақындарға онша ұқсай бермейтін творчестволық өзгешелігі де осыдан келіп шығады.

Ақынның өлеңдерінде эпикалық сарын мүлдем аз, лирикалық саз басым. Оның шығармалары көбінесе терең сезімге, психологиялық шындыққа, өмір, дүние туралы авторлық тебіреністер мен топшылауларға толы болып келеді. Созіміз дәлелді болу үшін ақынның екі түрлі өлеңінен мысал алып қаралық:

Жұпар жел мас боламын самалыңа,
Туып ең нұр безеніп заманымда
Сағымдай жазғы тұрғы тасқын ұрып
Қарасам көз алмасар жамалыңа...
Керілген қас пен кірпік атқан оқтай,
Ішіме қайғы салдың жанған шоқтай,
Шер болып еш жібімес менің кеудем,
Хасіретпен жұмарланып жатыр доптай...
Қардан ақ, қаннан қызыл ет пен бетің...
Иықтан қолаң шашың гүл талданып...
От сөнсе жүректегі жанып тұрған,
Сорғанда тілден ләззат мейір қанып.

Немесе:

Қаршыға әлсіз болса, қаз қалмайды.
Ер жігіт малсыз құлаш жаза алмайды.
Бұл дүние жұртты алдаған бейне базар
Әр адам өз әлінше базарлайды.

Бұл келтірілген үзінділерден жырлап отырған тақырыбына, шығармасының мазмұны мен сипатына қарай, соларға меңзес ақынның өнерін құбылта құлпыртып, көркемдік бояу реңктерін сәт-сәт жаңғыртып, өзгеше өрнек-нақыштарға ауысып отырғанын көреміз. Мұның бәрі Ақанның шеберлігін, оның тілінің суреттілігі мен молдығын тағы да анықтай, айқындай түспек.

Ақанның ақындық стиліне ерекше хас қасиеттердің бірі — оның тұспал суреттерді, бейнелі ауыстыруларды жиі қолданатындығы. «Біздің көңіл қайда жатыр» деген өлеңінде Ақан көңіл тоятын, жүрек аңсарын аңғарта келіп:

Гүл шарақ, жасыл бояқ жайлауында,
Көңілім ел қонбаған сайда жатыр, —

деп жазады. Мұнда Ақан ешкімге әлі беті ашылмаған қыздың жан тазалығын, адалдығын, уыз балғындығын бейнелі түрде аңғартқан. Бұл өлең бастан-аяқ осындай бейнелі тұспалмен жазылған. Саф сұлулықты, шынайы әсемдікті жырлаған

нәзік сезімді Ақанның ақындық стиліне лайығы, орайласы да осы еді.

Ақанның өлеңдерінде поэтикалық метафоралардың, эпитеттер мен теңеу-салыстырулардың да небір түрлері мол ұшырасады. Ол тұрақты эпитеттерді, дәстүрлі теңеулерді жиі пайдаланумен бірге өз тарапынан да ізденгіштік, тапқырлық таныта біледі.

Ақан поэтикалық метафораны, әсіресе, оның ұлғайған түрін мол қолданады. Мәселен:

Оралдың мен ақиық сыраңдағы
Сен, сәулем - қызыл түлкі қырандағы.
Қия тас қиынына кетсең дағы,
Қамшылап қанатымды бұрам дағы.

Поэтикалық метафораның мұндай түрлері Ақанның жастық, ғашықтық тақырыбына арналған өлеңдерінде өте-мөте көп ұшырасады. Ақан гиперболаны да көп қолданған. Оның әсірелеуі көбінесе мынадай болып келеді:

Аспанда құс естісе дауысыңды,
Шыбындай көкірегінде жаны қалмас.
Бір көрсе жүтірген аң дидарыңды,
Жүрерге аяқ басып халі қалмас...
Дарияға ағып жатқан суға түссең,
Бойында гүлденбеген талы қалмас,
Басына Қап тауының шығып тұрсаң,
Дүниенің иістенбей желі қалмас.

Әрі халық поэзиясының қайнарынан мол сусындаған, әрі Шығыс ақындарынан көп тағлым алған Ақан өмір құбылыстары, өзінің асқақ та терең сыр-сезімдерін жеткізе бейнелеу қажеттігі туғанда әсірелеуді орнымен әрі шебер пайдалана білген.

Ақанның өлең толғауларында психологиялық параллелизм де жиі ұшырасады. Ол мұны халық поэзиясына тән шешендікпен, тапқырлықпен ұластыра отырып қолданады:

Жігітті шешенсінген дауда сына,
Мақтаған қыран құсты ауда сына,
Қарып тоқта әркім-ақ үйде батыр,
Жігітті батырсынған жауда сына.
Білінер жер жақсысы қыс келгенде,
Көрінер көлдің көркі құс келгенде
Кімнің алыс, жақыны сонда ашылар —
Басыңа қиын-қыстау іс келгенде.

Ақанның поэзиясынан аракідік шендестірудің де кейбір үлгілерін табамыз. Қас наданның қараңғы көкірегі қайтсе де аңғармайтынын ол мынадай қарама-қарсы суреттер арқылы аңғартады:

Көк құтан мойын созып қаз болмайды,
Шөл, құмайт көк шалғынды саз болмайды.
Пасықтың пиғылы — лас, қараңғылық
Тұрса да шілде туып жаз болмайды.

Әрине Ақан шығармашылығының көркемдік табиғаты, оның шығармаларының тілдік, стильдік ерекшеліктері бұл айтылғандармен, осындай азын-аулақ байқаулармен шектеліп те, сарқылып та қалмақ емес. Әрі бұрынғы әдеби дәстүрлерді жете баураған, әрі өзіндік сипаттары мол Ақан поэзиясының көркемдік қасиеті аз-мұз, там-тұм пікірдің аясына сыймайтындығы хақ.

Ақан мұрасының негізгі бір салмағы оның композиторлық өнерінде. Оның бірде қазақтың шалқар даласындай — кең тыныстылығы, мол үнді асқақ, бірде адамға, сұлулыққа, әсемдікке деген құштар ынтызарлыққа толы нәзік те сыршыл, біресе азалы өкініш пен ызаны, аяулы арман мен мұң-шерді шертетін лирикалық тамаша әндері талай уақыт бойына халқымыздың рухани серігі болып келеді. Ақан әнін сүймейтін, оны мейірлене, емірене тыңдамайтын бірде-бір қазақ баласы жоқ десе болғандай. Бұл әрине, оның музыкалық мұрасының тамаша көркемдігін, әсерлілігін де, халықтық сипатын да толық танытады.

Зерттеушілердің айтуынша, Ақан жиырмадан астам ән шығарған. Ақанның әндері халық арасынан әлі түгел жиналып болмағанын ескерсек, оның музыкалық мұрасы бұдан да гөрі қомақтырақ, молырақ болса керек. Қазақтың басқа халық композиторлары сияқты Ақан да әндерінің әрі музыкасын, әрі сөзін өзі шығарған. «Сырғақты», «Жамал қыз», «Балқадиша», «Кербез сұлу», «Гүлдерайым», «Көк жендет», «Маң-маң кер», «Нұрила», «Шәмшиқамар», «Қызыл гүл», «Іңкәр-ай» сияқты әндері тек тамаша музыкасымен ғана емес, сонымен бірге сөздік мәтіндерінің мағыналығымен, айқындығымен де құнды. Сондықтан олар да Ақан поэзиясының мол да ерекше бір саласын құрмақ. Бұл ретте біз ақын Ақанды композитор Ақаннан бөліп алып, қарама-қарсы қоюдан аулақпыз. Қайта, орайлы, оңтайлы жерінде оның әдеби және музыкалық мұрасын тұтас алып, салыстыра зерттеген жөн. Өйткені Ақан өнерінің бұл екі қыры өзара сабақтас та тамырлас,

көп жағдайда бірін-бірі толықтырып, тереңдетіп отырады. Рас, соңғы кезге дейін халық арасында Ақан ақындығынан гөрі композиторлығымен, әншілігімен мәшһүр. Әрине, бұл үшін Ақан кінәлі емес және бұдан оның әдеби мұрасының маңызы құңгірт тартып, көлегейленбейді де. Тіпті сол құлақ құрышын қандырар, жан сергітер тамаша әндерін былай қойғанда, өзінің ақындық шығармасымен де, Ақан халқымыздың мәдениеті тарихында да елеулі орын алмақ.

Ақанның әндері мен өлеңдерінің халық арасына кең таралып, соншалықты сүйікті болып кеткендігі ел аузынан жазылып алынып, ақын шығармаларының С.Сейфуллин құрастырған жинағына енген мына өлеңінен мейлінше анық сезіледі. Автор ең алдымен Біржанды дәріптейді де, екінші өлеңінде Ақанның жайына ауысады:

Тағы да үздік шыққан адам бері,
Зарланған сырлы мінез Ақан сері.
Зарлы әнмен, көркем күймен, шерлі өлеңмен
Шарықтап өрлеп көкке шыққан шері...
Шырқайды Ақан әнін ой мен қырда,
Жайылған қазақ түгіл, қыр мен Сырға
Ақанның «Сырымбетін» башқұрт қызы
Ырғалтқан Мәскеуде Үлкен театрда...
Көпшілік талай әнге онша бақпай,
Отырған талай әннің бірі жақпай,
Салғанда Ақан әнін башқұрт қызы
Әлеумет тыңдап қалған кірпік қақпай.
Сол сында Ақан әні пар іздеді,
Көлдегі аққу әні тәрізді еді.
Ақанның «Үш тотысы», «Сырымбеті»,
Таң қылған естігенді Парижде де...

Ақан қазақтың халықтық музыкасын, әншілік өнерін соншалықты мол байытты, жаңа белеске көтерді.

Ақанның бізге жеткен әдеби мұрасы — біркелкі мол әрі өзгеше көркем, өзгеше туынды. Заман рухынан сол бейуақыттың сипатынан туған кейбір қайшылықты мезеттеріне қарамастан, елінің мұрасының әдебиетімізде өзіндік орны, белгілі салмағы бар.

Ең соңғы өлеңдерінің бірінде Ақан:
Санамен салмақтаған ер табылса,
Айтылмай неге қалсын менің атым, —

деп жазған еді. Өз шығармашылығы жайында ол туралы да әділ айтыпты. Рухани өнерді аса қадір тұтатын халқынан ол өзін терең танып, жоғары бағалаған шын мұрагерін тапты.

АҚЫН МҰРАСЫ

Соңғы жылдары поэзиямызда көріне бастаған елеулі құбылыстардың бірі — көрнекті ақындарымыздың бір-сыпырасының таңдамалы шығармаларының жеке-жеке кітап болып басылып шыққандығы. Әрине, бұл жинақтарды поэзияның соны, тың табыстары деп санауға болмайды. Өйткені олар — жаңа шығармалар емес, поэзиямыз бұған дейін өтіп келген жолда туған жемістер. Бірақ осыған қарап бұл жинақтардың жалпы маңызын, құндылығын жоққа саю — ең бері салғанда, әдебиетімізге жасаған қиянат, әділетсіздік болар еді. Бұл жинақтар, бір жағынан, өздерінің авторларының, яғни жекелеген ақындардың белгілі кезеңдегі шығармашылық есебі ретінде танылса, екінші жағынан, сол жекелеген авторлардың таңдамаларынан бүкіл поэзиямыздың өсуін, дамуымыздың әр кезеңіндегі оның ерекшеліктері мен өзіндік сипаттарын айқын көреміз. Сондықтан да мұндай жинақтар жайында сөз ету белгілі дәрежеде бүкіл поэзиямыздың өткеніне көз салу, оған баға беру болып табылады.

Ақынның толық немесе таңдамалы шығармаларының жинағын дайындау және бастырып шығару — аса маңызды іс. Ол жауапкершілік пен ұқыптылықты, талғампаздық пен табандылықты талап етеді. Бұның қазірде өздері жоқ, қайтыс болған ақындардың мұрасын жинастыру ісіне әсіресе тікелей қатынасы бар. Өйткені көзі тірі авторлардың белгілі бір кезеңде туған шығармаларын қайта қарап сұрыптауға, текстологиялық және хронологиялық жағынан дәлдеп анықтай түсуіне мүмкіндіктері бар. Ал қайтыс болған ақындардың шығармалар жинағын дайындағанда және бастырғанда мұндай ұқыптылық пен жинақылық сол авторлардың шығармашылық мұрасын зерттеп жүрген, олардың шығармаларының жинақтарын құрастырған адамдардан талап етілмек.

Біздің әдебиетімізде, әсіресе поэзия саласында бұл ретте бірсыпыра жұмыстар жасалды. Халқымыздың ақындық ойының өткендегі алыптарын былай қойғанда, қайтыс болған көрнекті кеңестік ақындарымыздың бірсыпырасының шығармалар жинағы қайтадан басылып шықты. Ж.Жабаевтың, Н.Байғаниннің және

Қ.Аманжоловтың шығармалар жинағы бұған айқын дәлел болып табылады. Бұл жинақтардың қатары соңғы уақытта тағы да бір кітаппен молыға түсті. Ол — бұдан он жыл бұрын қайтыс болған талантты ақынымыз Иса Байзақовтың баспадан биыл шыққан таңдамалы шығармаларының жинағы.

Иса Байзақовтың қазақ кеңес поэзиясында алатын орны ерекше. Қазақ кеңес поэзиясының тұңғыш қарлығаштарының бірі болған ол өзінің бүкіл шығарма-шылық өмірінде жемісті еңбек етті. Иса Байзақов артына шығармашылық мол мұра қалдырды. Ол мұра көптеген өлеңдер мен толғаулардан, ән текстері мен термелерден және бірнеше поэмалардан тұрады. Ақынның осы поэма жанрын өрістетуге сіңірген еңбегі әсіресе мол әрі жемісті.

И.Байзақовтың «Құралай сұлу», «Алтай аясында», «Кавказ», «Он бір күн, он бір түн», «Ақбөпе» атты поэмалары қазақ оқушыларының ең сүйікті шығармаларының қатарына енді. Ақынның бұл шығармалары оның шығармашылық мұрасының негізгі бөлімін құрайды және олар кезінде қазақ кеңес поэзиясында сюжеттік поэманың туып қалыптасуына ерекше күшті ықпал етті. Сюжеттік реалистік поэманың жасалуы — ұлттық поэзияның кемел өріске, шырқау шаққа жеткендігінің белгісі десек, бізде мұндай поэма жанры тек кеңестік дәуірде ғана туып қалыптасты. Бізде әдетте поэзия әдебиетіміздің басқа жанрларынан кейін қалып қойды деген пікір көбірек айтылады. Мұндай пікірді айтушылар, бір жағынан, поэзия әдебиетіміздің ең көне жанры екендігін, оның өзіндік ежелгі дәстүрлері барлығын ойға өлшем, тілге тиек етеді. Біздіңше, бұл пікірдің дұрыстығы да, бұрыстығы да бар. Поэзия — ұлттық әдебиетіміздің жасамыс та, сондай-ақ жас та жанры. Рас, біздің ұлттық поэзиямыздың бастауы тереңде, фольклорда жатыр. Сол сияқты, XVIII—XIX ғасырлардағы тарихқа аты мәлім ақындарымыздың таңдаулы шығармалары да — ұлттық әдебиетіміздің асыл қазынасы. Тіпті бұлардың бәрін айтпағанның өзінде революцияға дейінгі жазба әдебиетімізде реалистік поэзияның Абай, Сұлтанмахмұт сияқты алыптары бар. Міне, осы тұрғыдан қарағанда біздің поэзиямызды жас деуге ешбір болмайды.

Ал поэзиямыздың жасамыс емес, жас екендігі неде? Рас, біздің Октябрьге дейінгі поэзиямыз жадау да, тапшы да емес. Қазақ кеңес ақындары өткендегі поэзиямыздың таңдаулы дәстүрлерін, үлкен-үлкен суреткерлеріміздің шығармашылық тәжірибесін әрдайым пайдаланып

та, молықтырып та отырды. Бұл болашақта да осылай болмақ. Бірақ өткендегі поэзиямызда бардың бәрін тұтастай, түгелімен дерлік қабылдай беруге болмайтыны сияқты, одан қазіргі поэзиямыз үшін қажетті нәрсенің барлығы бірдей табыла да бермейді. Өйткені бұрынғы поэзиямызда жиі ұшырасатын кейбір жанрлық формалар жаңа поэзияда кең өріс тауып кете алмады. Сондай-ақ, өткендегі поэзиямызда болмаған кейбір жанрларды, яғни шын мәнісіндегі сюжеттік реалистік поэманы, балладаны, лириканың көптеген түрлерін қазақ кеңес ақындарының тыңнан тудыруына тура келді. Міне, бұл поэзиямыздың жасаңдығын, яғни оның барлық жанрлық түрлерімен тұтаса дами бастағанына онша көп уақыт болмағандығын көрсетеді.

Бұл ретте біздің ақындарымыз шығармашылық қиындықтарға прозаиктарымыз бен драматургтарымыздан аз кездескен жоқ десе де болғандай. Поэзияның ең күрделі, жетекші жанры — сюжеттік реалистік поэманы жасауда ақындарымыздың әсіресе көп ізденуіне, толассыз да телегей еңбектенуіне тура келді.

Сюжеттік поэма жасау жолындағы талаптанулар 20-шы жылдардағы поэзиямызда да болды. Бұл кезеңде қазақ кеңес ақындарының алуан түрлі тақырыпқа арналған көптеген поэмалары шықты. Олардың ішінде сол кездегі поэзиямыз үшін белгі болып қалғандары да, уақыт сынына зәредей шыдай алмағандары да бар. С.Мұқановтың революцияға дейінгі қазақ аулының шындығын мейлінше мол әрі шынайы бейнелеген, өлеңмен жазылған «Сұлушаш» романы қазақ ақындарының сол 20-шы жылдардағы поэма жасау тәжірибесінің қорытындысы ретінде туған еді.

Поэма жанры 30-шы жылдары қазақ кеңес поэзиясында әсіресе кең өрістеді. Бұл кезде кеңес шындығын бейнелейтін лирикалық поэмалар, поэма-монологтар және тарихи тақырыпқа арналған реалистік-романтикалық поэмалар жазылды. Ал Ұлы Отан соғысы жылдарында туған сюжетті поэмалардың көпшілігінде реалистік қуат әлсіреп, оның орнын фольклорлық сарындар басып кетті.

Ал Ұлы Отан соғысынан кейінгі бейбіт еңбек жылдары қазақ кеңес поэзиясындағы, әсіресе оның поэма жанрындағы өрлеу, кемелдену кезеңі болды. Х.Ерғалиевтің, Ж.Молдағалиевтің, Д.Әбілевтің, Х.Бекхожиннің күрделі де кесек реалистік поэмалары дәл осы кезеңде туды.

Сөйтіп, бұл айтылғандар қазақ кеңес әдебиетінде поэма жанры өзінің қалыптасуында әралуан жол өткенін

көрсетеді. Оның осы дамып қалыптасуында И.Байзақов поэмаларының да өз орны, сыбағалы салмағы бар. Әсіресе, оның 30-шы жылдардағы реалистік-романтикалық поэмалары — ұлттық кеңестік поэзиямызды молықтыра түскен шығармалар.

Иса Байзақов әдебиетке өмірдің қайнаған ортасынан, халықтың қалың бұқарасының арасынан келді және ол өзімен бірге сол халықтың аяулы арманы мен тілегін, дариядай тасыған ақындық қуатын ала келді. Ауыл ортасында ойын-тойда суырып салып өлең айтып, кейбір кездескен ақындармен айтысып жүргенімен, Иса Байзақовтың шын мәнісіндегі шығармашылық жолы оның кеңес шындығын жырлауға арналған шығармаларынан басталады. Иса әдебиетке алғаш халық поэзиясының өкілі ретінде келгенімен, ол бұл деңгейде қалып қоймай, жазба поэзияның дәрежесіне көтерілді. Сөйтіп, ол халық поэзиясының дәстүрлерін жазба поэзияның реалистік үлгілерімен тоғыстыра ұластырды. Әрине, бұнан ақын өзін нәрлендірген, сусындатқан қайнар көзден қол үзді, алыстады деген ұғым тумасқа керек. Қайта, халық поэзиясының асыл нұсқаларына И.Байзақов әрдайым оралып отырды. Мұны оның поэмаларының қамтитын тақырыптарынан да, шығармаларының тілдік ерекшеліктерінен де айқын көреміз. Халық поэзиясының ең бір алғырлық сипатын, шығармашылық сарқылмас қуатын танытатын ерекшелік — импровизациядан ақын шығармашылық сапарының ең соңғы күндеріне дейін қол үзген жоқ. Ол тіпті шағын өлеңдерді, термелерді былай қойғанда, ұзақ-ұзақ толғаулар мен кесек поэмаларды да алқалы топтың алдында суырып шығарып отырған. Мысалы, ақынның замандастары оның «Он бір күн, он бір түн» поэмасын қазір бізге мәлім түрінен әлдеқайда мол, ұзақ жырлағанын айтады. Өкінішке қарай, дер кезінде қағаз бетіне түсірілмегендіктен поэманың бұл нұсқасы сақталмаған. Ақын-импровизатор болғанымен, Иса Байзақов оның дәстүрлі шеңберінде қалып қоймаған. Бұрынғы импровизатор-ақындардың шығармаларында суырып салып айтқан жырларында ұшырасатын жадағай сөзуарлыққа, көркемдік тапшылыққа ол мейлінше қарсы болған. И.Байзақов импровизацияны — тасқындап төгілген әрі мейлінше көркем өнер деп таныған. Бұған оның мына бір сөздері айқын айғақ.

«Ақындық қуат, талант дегенің от, электрдің тоғы сияқты. Ол қалың жиын, думан үстінде, ерегіскен айтыста жанданады. Электр өзінен-өзі жанбайды, қуат та бермейді,

ол қайралса, жанылса ғана от береді. Ақынды қайта-қайта қайрап салса ғана тұтанып жалындайды. Алайда жиын айтыс үстінде қасақана осы сүрінер ме екен, бөгелер ме екен деп ақынның намысына тигендей мені үлкен айтысқа салса, немесе тосын тақырыптар беріп, әдейі қиын бөгеттерге әкеліп итермелесе, міне, осы кезде менің ақындық қуатым электрдің тоғындай лап етіп жанып, өрт болып қаулап сала береді. Неғұрлым намысыма тиерлік жерге, көбірек қайрап, айтысқа араластырса, солғұрлым өленді бөгелмей, қиналмай, таудың тасыған бұлағындай төгіліп, суырып салып айтып кетем. Бұл уақыттарда мені ақындық шабыт, отты сезім, ұшқыр қиял сияқты нәрселер билеп кетеді. Ақындығында лапылдаған жалын, қанатты жел, ұшқыр қиял жоқ ақын суырып салып өлең айта алмайды. Суырып салып айттым деп жүргендердің өлеңіндегі ұйқастың көбі жаттамалы».

Сөйтіп, ол суырып салып өлең айту — барды қайталау емес, керісінше, тыңнан жасау және ешкімнің өлеңіне, өнеріне ұқсатпай, өзіндік етіп жасау деген қорытындыға келді. Өзінің ақындық өнерінде Иса шығармашылық осы принципін берік ұстанды да.

Жиырмасыншы жылдардағы қазақ кеңес поэзиясына тән көптеген белгі-бедерді әдебиетке сол кезде келген Иса Байзақовтың шығармашылығынан да мол ұшыратамыз. Бұл ақын шығармаларының тақырыптық қамтуынан да, оның сол тақырыпқа қатынасынан да, соны жырлау тәсілінен де анық байқалады. Ұлы Октябрьдің жеңісі арқасында азат болған, жаңа дүние орнатып жатқан еңбек адамының қуанышы мен күресі, ел өмірінде жасалып жатқан алуан түрлі өзгерістер мен оқиғалар, міне, шығармашылық жолының алғашқы кезеңінде И.Байзақовтың беріле, шабыттана жырлаған тақырыптары осылар еді. Ақын бұл тақырыптарды өзінің «Ленин», «Біздің еңбек», «Ұлы Октябрь», «Неге Алатау шаттанды» атты шығармаларында және басқа да көптеген өлең-жырлары мен толғауларында әсіресе мол жырлады.

Жиырмасыншы жылдарда қазақ кеңес ақындары Ленин туралы көптеген шығармалар жазды. Мұны сол кезеңдегі поэзиямыздың ерекше бір ұтымды сипаты десе де болғандай. Иса Байзақовтың «Ленин» атты өлеңі осындай шығармалардың таңдаулыларының қатарына жатады.

Лениннің қазасына арналған бұл өлең ауыр қайғыны аза тұтқан қасірет-налаға да, Ленин ісінің жеңіліс таппай, мәңгі жасайтындығына деген мұқалмас сенімге де толы:

Ленин өлді, пікірі оның өлген жоқ,
Ленин өлді, жолын ешкім жеңген жоқ,
Ленин — бүтін коммунистер жүрегі,
Жүрек оны өлді деп те сенген жоқ.

Сөйтіп, ақын Ленин және Коммунистік партия туралы тақырыптарды өзара ажырамас тұтастықта алып жырлайды. Лениннің нұрлы бейнесіне ақын осындай тікелей арнау өлеңдерінде ғана емес, сонымен бірге басқа тақырыпқа арналған шығармаларында да оралып отырады.

И.Байзақовтың жиырмасыншы жылдардағы өлең-жырларында жаңа шындықты бейнелеуге лайықты көркемдік бояулар таба алмаушылық, өмір құбылыстарының ішкі тереңіне үңілмей, оны сырттай тамашалап, енжар қызығушылық сияқты көркемдік олқылықтар да бой көрсетіп отырады. Бірақ бұл тек И.Байзақовтың шығармашылығына ғана тән емес, сонымен бірге сол кездегі жас поэзиямызға тұтастай тән кемшілік еді. Сондай-ақ, ақынның алғашқы кездегі шығармаларының ең тәуірлерінде оның жалаң баяндаушы, салғырт бақылаушы дәрежесінде қалып қоймай, халықтың атынан сөйлеуге, соның ой-тілегін білдіруге ұмтылғанын атап көрсетпеу әділетсіздік болар еді. Мысалы, «Миллиондаған жалшымыз» атты өлеңінде ақын былай деп жырлады:

Еркін күшпен өрлеймін,
Өмірім ұзақ — өлмеймін.
Міне, мен — жалшы тілімін.
Жарлы жанын жырлайтын,
Қажымайтын, талмайтын
Еңбекші таптың ұлымын.

Ақын өзін жаңа дүние орнатып жатқан қалың көпшіліктің өкілі, соның бір бөлшегі сезінді. Сондықтан да ол осылайша жырлай алды.

И.Байзақовтың ақындық шеберлігі оның лирикалық шағын өлеңдерінен соншалықты терең әрі мол таныла қойған жоқ. Оның зор ақындық қуаты мен шығармашылық серпіні күрделі де кесек жанрларда айқын көрініс берді. Әрине, мұны ақынның лирикалық шағын өлеңдерінің, термелері мен толғауларының өзіндік ерекшеліктері мен кейбір көркемдік қасиеттерін жоққа саю деп түсінуге болмайды. И.Байзақовтың поэзиялық шағын шығармалары көбінесе жыр-толғау, қара өлең үлгісінде және Абайдың өлең өлшемдері негізінде жазылған. И.Байзақов,

асылында, Абайдың шығармашылығына беріле ден қойған және одан іштей көп тағлым алған ақын. Мұны оның көптеген өлеңдерінің құрылысы мен өлшемдерінен де, ақындық сөз саптаулары мен бейнелеулерінен де айқын көреміз. Мысалы, ғасырлар бойы құлазып келген далада жаңа дүниенің нұр-шапағы мол таралғанын, халықтың мәдениетке, жарыққа қайтарусыз бет бұрғанын суреттейтін және осыны азаматтық пафоспен мақтан ететін «Мақтандым бүгін, мақтандым!» атты өлеңінде ақын былай деп жазады:

Қуарған кейбір далада
Көкорай өсіп басыпты.
Ақыл менен санаға
Заман нұрын шашыпты.

Міне, бұл өлеңдегі ақындық шыншылдықтан, еркін де төгіле туған нағыз поэзияға тән саф тазалықтан Абай әсерінің ізін тану онша қиын емес.

И.Байзақовтың басқа көптеген профессионал-ақындардан бір ерекшелігі оның әншілік өнерінде. Қазақ халқының асқақ үнге де, лирикалық сыр-толқынға да, жан тербейтін терең сезім мен парасатты ойға да толы әндері мен күйлерін Иса ғажайып ынтызарлықпен сүйген және өзі де зор шабытпен орындаған.

Сонымен бірге, ақынның өзі шығарған музыкалық мұралар да біралуан. Осылайша әрі музыканың сыр-сипатын нәзік сезімталдықпен түсінген өнер иесі, әрі шабыты шарқ ұрған төкпе ақын болғандықтан, И.Байзақовтың бұл екі өнерді қатар ұстамауы, оларды бір-бірімен ұластыра ұштастырмауы мүмкін емес еді. Шындығында, осылай болды да. Оның кеңестік өміріміздің қуанышты да көңілді тынысын, жігерлі лебін аңдататын желдірмелері, әндері және соларға шығарған текстері бұған айқын айғақ болып табылады. Қазақтың халық музыкасын қалтқысыз сүйіп, оның ғажайып та мол үлгілерін есепсіз көп еңбек сіңіріп жинаған А.В.Затаевич Исаның талантын жоғары бағалай келіп, былай деп жазған:

«Иса Байзақов — жалындаған жас жігерлі, екпінді суырыпсалма ақын, әсерлі әнші, құлашы кең, сөзі нық, ойы ұшқыр үлкен талант. Ал сахнада көріну жағынан алғанда да ол — ерекше тұлға. Шебер қимылды, анық дыбысты, үні ұнамды, талант қасиеті өзімен бірге жаралған актер... Оның залдағы жұрттан түскен сұрауларға сондай батыл әрі жедел жауап қайтаратын өршіл ырғақты суырыпсалма

өлеңі, менің байқауымша, үлкен аудиторияға ғана әсер етіп қоймай, кейбір ысылған сыншылардың өзін де қайран қалдырады, ерекше таңдандырады».

Бұл айтылғандардың барлығы да Исаның ақындық өнерінің алуан түрлі қырын анығырақ байқатса керек. Бірақ, қайталап айтамыз, И.Байзақовтың ақындық құлашының кеңдігі, шығармашылық алғырлығы поэма жанрында ғажайып зор қуатпен танылды. И.Байзақовтың қаламынан онға тарта поэма туды. Солардың көпшілігі тарихи тақырыпқа арналған. Ақынның бұл поэмаларының барлығы бірдей оқшау шыққан, үздік шығармалар емес. Олардың ішінде ұлттық поэзиямыздың қорына өшпес мұра болып қосылғандары да, ақынның шығармашылық биографиясында айқын белгі-бедер қалдырмай, уақыт сынына төтеп бере алмағандары да бар.

Ақынның алғашқы кезеңдегі кейбір поэмалары шын мәнісіндегі поэмадан гөрі ұзақ жырға, толғауға көбірек ұқсас болып келеді. Бұл сол кездегі қазақ поэмаларына жалпы тән қасиет еді. Толғау — қазақ поэзиясында ежелден бері келе жатқан жанр. Өзінің көлемі, шындықты қамту шеңбері жағынан толғау жырдан да, термеден де әлдеқайда күрделірек. Толғауда белгілі бір сюжеттік желі, оқиғалар тізбегі болмайды. Ақындар өздерінің толғауларында замана жайлы ойларын, өмір шындығына немесе оның жекелеген құбылыстарына деген көзқарастарын, сондай-ақ халыққа айтар арнаулары мен тағлымдарын шертетін. Өткендегі атақты ақындарымыздың шығармашылығынан бұл айқын сезіледі. Ақын неғұрлым ірі болған сайын, оның шығармашылығының әлеуметтік тынысы неғұрлым кең болған сайын, оның толғауларында шертілетін ойлар да солғұрлым кесек те нәрлі болып келеді.

Поэзияның ең бір көне, ежелгі түлектерінің бірі болып саналатын толғау жазба поэзияның дәстүрлері кең таралуына байланысты өз өрісін тарылтып алды. Бұл процесс кеңес дәуірінде туып дамыған поэзиямызда әсіресе жедел жасалды. Рас, халық поэзиясының өкілдері — қарт ақындардың шығармашылығында толғау елеулі орын алып келді.

Ал жазба поэзияның өкілдері жайында мұны айтуға болмайды. Рас, кеңестік қазақ поэзиясы дамуының алғашқы кезеңдерінде, яғни жиырмасыншы жылдар мен отызыншы жылдардың бас кезінде онда толғау жиі ұшырасып қалып отырды. Әрине, поэзиямыздың балаң шағы үшін бұл заңды да, сыйымды да еді. Ал ақындарымыз поэзияның күрделі

формаларын жете баурап, образдық бейнелеуге молырақ ауысқан сайын толғау жанрынан қол үзе берді. Сөйтіп, алғашқы кезеңдегі көп таралған толғау-поэмалардың орнын реалистік-романтикалық, лирикалық, реалистік поэмалар басты. Поэзиямызда болған мұндай өзгерістерді басқа да көптеген ақындарымыз сияқты, Иса Байзақовтың да шығармашылық өсу жолынан айқын көреміз. Мысалы, ақынның «Ұлы құрылыс» атты поэмасы мен «Ұлы Октябрь» атты толғауының арасында соншалықты үлкен айырма жоқ десе де болғандай. Композициялық құрылысы, жазылу манерасы, стилі жағынан да екеуі өзара ұқсас. Екеуіндегі авторлық баяндау мен тақырып шешудегі тәсілдер де бірыңғай, біртектес. Тек қана «Ұлы құрылыс» поэмасы «Ұлы Октябрь» толғауынан көлемді әрі күрделі. Сондықтан да оның тақырыптық қамтуы кең. Сондай-ақ, онда өмір шындығы, жадағай түрде болса да, әлдеқайда мол қамтылған. Бұл ақынның толғаудан бірте-бірте поэмаға ауыса бастағандығының белгісі еді. И.Байзақов сюжеттік поэма жасау жолындағы шығармашылық қиындықтарды батыл игерді. Жалпы алғанда, ол поэма жасау өнерін тез баурап әкетті. Оның бірінің ізін бірі баса туған көптеген сюжеттік поэмалары — осының айқын айғағы.

Ақынның тарихи тақырыпқа арналған поэмаларының ең тұңғышы және таңдаулыларының бірі — «Құралай сұлу». Бұл поэмасын ол 1924—1925 жылдарда жазған. Поэманың негізгі сюжеттік желісі ел арасында таралып келген аңызға құрылған. Бірақ ақын сол аңыздың шеңберінде қалып қоймай, реалистік көріністерге бай, романтикалық сарындағы тамаша поэма жасады. Осы тұста ақынның мына бір сөздерін еске түсіре кету орынды деп білеміз: «Мұның (поэманың — А.Н.) әңгімесін ел аузынан естіп, біраз жатқа жырлап жүрдім. Кейін Орынборда оқып, орыс, қазақтың әдебиетімен таныса келе және сол кездегі жазушылардың ақыл-кеңесін ала отырып, жазып шықтым. Әуелгі жазуымда Құралай өлгеннен кейін Келден зар жылап, енді қайтып әйел сүймеске, ел бетін көрмеске ант-су ішіп, даланың аңшы-мергені болып кететін. Сол даланы кезіп жүргенінде сүйген жігіті өліп, соның күйігінен жапан кезіп кеткен бір ер қызға кездеседі. Екеуі мұңдасып, қосылып елге баратын еді. Мұны басылар кезде ақын-жазушылар сынап ұнатпаған соң және шынында аяғы қисынсыз ертегіге айналып бара жатқан соң алып тастадым».

Поэманың негізгі идеялық бағыты мен авторлық нысананы тереңірек тану үшін бұл сөздердің ерекше маңызы бар.

«Құралай сұлу» поэмасын оқып отырғанда онда суреттелген оқиғалар ертедегі дәуірді қамтитындығын көреміз. Ол — ер мен ер егесіп, ел мен ел шабысқан бағы заман еді. Поэмада сол заманның шынайы көріністері бар.

Ақын поэмада бейнеленген оқиғаларды баяндауға бірден араласпайды. Поэма ақынның өз атынан берілген шағын кіріспе арқылы басталады:

Ойласаң өткен күнді, айтады жыр,
Тыңдасаң, естіледі бір терең сыр.
Ой өліп, өмір сөніп, көп соғылған
Суреті өткендердің алдымда тұр...

Естісем сондайлардың мұң мен зарын,
Менің де қозғалады қапаларым.
Ортақпын қайғылының қайғысына
Үн қосып күңірену — болған барым...

Сөйтіп, ақын суреттелейін деп отырған оқиғаларға деген авторлық қатынасын салған жерден-ақ айқындап алады. Яғни ол «өткендердің суретін» енжар бейнелей салмай, «қайғылының қайғысына ортақтасып, үн қосып күңіренбек». Авторлық осы қатынас, осы бір құштарлық сарын поэманың бүкіл өн бойынан анық сезіліп отырады.

«Құралай сұлу» поэмасы жайында әдебиетшілер арасында алуан түрлі пікір болып келді. Кейбіреулер поэмада Монтай бидің ұнамды түрде суреттелгенін ақынға кінә етіп тағуға тырысты. Біздіңше, мұндай пікірде ешқандай дәйекті негіз жоқ. Ең алдымен, Монтай поэманың негізгі кейіпкері еме

с. Автор үшін Монтайдың тағдыры Құралай мен Келденнің жайын баяндауға ауысу үшін қажет баспалдақ қана. Сонымен бірге автор Монтайды халық аңсаған әділдіктің бейнесі ретінде алған. Ол — ел қамын ойлайтын, оны жоғары бағалайтын адам. Жалғыз баласынан айырылып, аңырап қалған Монтайдың аузына ақын мына бір сөздерді тегін салмаған:

Уа, жұртым, қайғырмайық бір жас үшін,
Жазымыштың сөгеміз бе еткен ісін?
Ер туса, елден тумақ, елді тіле,
Елсіздең ер тумақ па — білмеймісің?
Ер туып, жоқ елді бар қыла алмайды,
Ел болса, ер туғызбай тұра алмайды...

Бұл — бір жағынан, ақынның өзінің де ойы. Халықтық ойды танытатын мұндай сөздерді ақын Монтайға әдейі айтқызып отыр. Поэманың кейінгі негізгі бөлімдеріне апаратын жол да осы тұста байқалып қалады. Монтай армансыз адам іздеп сапарға шығады. Сөйтіп, ол Келденнің ауылына келеді. Бұдан әрі ақын оқушыны поэманың негізгі кейіпкерлері Келден мен Құралайдың тағдыры туралы баяндауға араластырады. Поэманың негізгі бөлімдерінің оқиғалары Келденнің атынан баяндалады. Өз басынан кешкендерін ол Монтайға сыр етіп шертеді.

Поэма оқиғаларының Келден атынан баяндалуы шығарманың реалистік қуатына біраз салқынын тигізбей қоймаған. Өйткені кейіпкер оқиғаларды баяндап қана қоймай, оларға белгілі дәрежеде баға да беріп отыратындықтан, авторлық қатынас кейбір реттерде көмескі тартып кеткен. Біздіңше, бірқатар әдебиетшілер мен сыншылардың поэмада қазақ елінің ішкі өмірі, ондағы рулық қайшылықтар мен әлеуметтік теңсіздіктер терең ашылмай қалған деген пікір айтуларының да бір сыры осында болса керек.

Поэма оқиғаларының осы сипатта қиюласуы және кейіпкердің атынан баяндалуы өзінің авторлық өрісін біраз тарылтатындығын ақынның өзі де сезген. Сондықтан да, ол кейіпкердің баяндау әуеніне үнемі бірдей бой ұрып кетпей, оқиға желісіне ара-тұра өзі де араласып отырады. Сондай-ақ, көп реттерде кейіпкердің ой-тұрғысы мен ақынның ой тұрғысы бірыңғай, сәйкес келіп қалады. Мұндай жағдайда кейіпкер атынан берілген баяндау авторлық баяндаудың қызметін өтейді. Бұған поэманың қалмақтар өмірі және қалмақ батырлары мен Келденнің арасындағы шайқастар баяндалатын эпизодтары айқын мысал болып табылады. «Құралай сұлу» поэмасында халықтың жауынгерлік, батырлық рухы бар. Бұл қасиетті әсіресе Келденнің бойынан мол табамыз. Қапыда қалған елдің жылқысын шауып алып, айдап кеткен қалмақтардың соңынан қуа аттанғанда ол он үш жастағы уыздай жас бала. Әрине, құрсанған қалың жауды жеңемін деген ой онда жоқ. Бірақ оның бойын ел кегі, ерлік намыс кернеген. Келденнің жүрегін жайлаған осындай патриоттық сезімдер ол қалмақтардың қолында тұтқын болған шақта да суынбайды. Егер бұдан былай қалмаққа жау болмаймын деп ант берсең, тұтқындықтан босатамыз деген Сейқынға ол былайша жауап береді:

Саған жау, Сейқын сұмырай, мендей қазақ,
Болмаймын бас алсаң да үйтіп мазақ.
Өлсем де өлім үшін өкінбеймін,
Еркінде көрсете бер қандай азап.

Қайтсе де қосылмайды саған қаным,
Жаралғаннан жұртымды сүйген жаным.
Бүтін шешіп босатсаң, ертең жаумын,
Сендей жауды жапыру — ойлағаным.

Келден осы сертіне берік күйінде қалады. Ақыры ол Құралаймен көңіл қосып, соның жәрдемімен қалмақтардың тұтқынынан қашып шығады. Артынан қуған жауларды қырып, ол өзін де, Құралайды да азат етеді. Келден адам қанын тогуге құмар емес. Ол — өз басын қорғаушы. Құралай екеуін қуып келген қалмақтарды жайратып салғаннан кейінгі оның мына бір сөздері осыны аңғартады.

Жаралы жан, қансыз тән даланы алып,
Он сан адам қырылды өлімге улай.
Қиянатшыл өмірдің таласы үшін
Сорлы адамзат қырылды-ау талай-талай.

Келден — намысты, жүректі батыр ғана емес, сонымен бірге нәзік сезімнің де адамы. Бұл оның Құралайға деген өмір бойы суынбас ыстық сүйіспеншілігінен анық көрінеді.

Құралайдың образы да ерекше бір тартымдылыққа, жылылыққа толы. Оның өз елін аңсап сағынған шерлі үнінен жау қолында арманда өткен анасы Наушаның да өкінішті мұң-зары естілетіндей.

Бірақ Құралай арманның азалы күйін шертіп жаси бермейді. Ол кезеңі келгенде батыл қимыл да жасайды — Келденнің жау қолынан босап шығуына септігін тигізеді. Сөйтіп Құралай аяулы арманына жеткендей болады. Өкінішке қарай, оның бұл қуанышы ұзаққа созылмайды. Әрі аңсаған ел-жұртын көре алмай, әрі Келденді айықпас мұң-шерге батырып, Құралай өмірмен қош айтысады. Өмірінің ең ақтық сәтінде, демі үзіліп бара жатқанда да Құралай сүйіктісі Келденнің бақытты болуын тілейді. Жалпы алғанда, жан тазалығына, рухани қайратқа толы Құралайдың бейнесі — қазақ поэзиясындағы ұнамды әйел-кейіпкерлер образдарының таңдаулыларының бірі.

Келденнің өкінішті монологы айтылып біткеннен кейін ақын поэманы былайша түйіндейді:

Деп Келден тамам қылды барлық сөзін,
Қартайтқан бұл қайғымен бейшара өзін.
Жазалы кім, жазасызды күйдірген кім?
Тексерші өткендердің әрбір ізін.

Әрине, бұл сұрақтың жауабын сол бір бейуақыттың шындығынан іздеу керек. Ақынның ерекше еңбегі сол — ол осы тарихи шындықты өзінің поэмасында шынайы да әсерлі бейнелей алды. Мұндай шығарма оқушының рухани сезімдерін аялап, оны ұзақ уақыттар бойына толғандырмақ. «Құралай сұлу» поэмасын таза да іңкәр махаббат туралы, армансыздықты армандаған ер жүректі, ізгі жанды адамдар туралы аяулы жыр деп санаса да болғандай.

Ақынның «Алтай аясында» атты поэмасы да өзінің тақырыбы, қамтитын дәуірі жағынан осы «Құралай сұлумен» алуандас. «Алтай аясында» алғаш рет 1934 жылы жарияланды. Бұл — ақынның ертеректе жазған «Алтай ертегісі» атты шығармасының өңделіп, толықтырылған нұсқасы.

Ақын поэмасының алғашқы тарауында Алтай тауының тамаша сұлу табиғат көріністерін суреттейді. Ал осыдан кейін барып ол шығарманың кейіпкерлері мекен еткен және онда бейнеленген оқиғалар өрбіп-өрістеген жерлердің нақтылы көріністерін беруге ауысады. «Алтай аясы» поэмасында И.Байзақов махаббат және оның еркіндігі туралы тақырыпты жалаң жырламайды. Бұл шығармасында ол әлеуметтік мәселелерге де біраз тереңдеп барған. Мысалы, Балағаз бен Құсанның арасындағы тартыстың түп төркіні тек Еркежанның жайына байланысты деп қарау — үстірт байлау жасағандық болар еді. «Қарақасқа атты Қамбардың тоқсан үйлі тобырының» ұрпағы Балағаздар мен Құралайларға Құсанның ызасы әбден батқан. Міне, осы ыза Еркежанның тағдыры екіталай күйге түскенде сыртқа қайнап шыға келеді.

Айтыста Еркежаннан жеңіліп қалып жер болған әрі Балағаздай ноян, жігерлі жігіттен беті қайтып, сағы сынған Құсан өзінің жемтіктестері Кәпін, Кәбік сияқты қалмақтың хандарын Балағаздарға қарсы әккілікпен айдап салады. Олар қапыда бас салып, жарлы ауылдың ойранын шығарады. Талай адамдар жазықсыз құрбан болады. Ал Еркежан қалмақтардың қолында тұтқын болып кете барады. Сөйтіп, поэманың ұнамды кейіпкерлері қым-қуыт жайларға, адам айтқысыз қиындықтарға тап болады. Бірақ олар егіліп, жасып кетпей, қайратқа жырын шыңдай түседі.

Ақыр аяғында Балағаз бен Жоламан Еркежанды құтқарып алады. Бұл ретте оларға қалмақтың Қаутұн деген мерген батыры көмектеседі. Поэманың оқиға желісіне осы қалмақ батыры Қаутұнды енгізу арқылы ақын көп нәрсе ұтқан. Ең алдымен, бұл кейіпкердің іс-әрекеті Еркежанның қалмақтар тұтқындығынан құтылуының мотивировкасын шынайыландырып тұр. Екіншіден, біз осы образдан қазақтың да, қалмақтың да қарапайым адамдарын тұрмыс мүдделері, тағдыр ортақтастығы өзара тұтастыра бастағанын көреміз. Егер Құсандар мен Көпіш, Кәбіктер бірлесіп алып Еркежандарға зорлық-зомбылық жасаса, ал Балағаздар мен Қаутұндар ұжымдасып оларға қарсы шығады, яғни Қаутұнның сөзімен айтқанда: «Тізе қосып кекпен кек қайтарады». Міне, Қаутұн образының ең бағалы қасиеті де осында. Поэманың эпилогында ақын бұрын Құсан, Көпін, Кәбік жайлаған далада қазір жаңа өмір орнағанын, бүгінгі күннің Еркежандары шаттық әнін шырқайтындығын қуана жыр етеді. Тегі, осылай ету арқылы ақын өзінің бағзы заманда өмір кешкен кейіпкерлерінің аяулы армандары мен жарқын үміттері тек кеңес дәуірінде ғана шындап жүзеге асқанын аңғартпақ болса керек. И.Байзақовтың «Кавказы» оның басқа шығармаларынан гөрі оқшауырақ тұрады. Егер басқа тарихи поэмаларында ақын өз халқының өткеніне көз жіберсе, ал «Кавказ» дағыстан халқының тіршілік жайын, әдет-ғұрпын баян етеді.

Композициялық құрылысы жағынан «Кавказ» жоғарыда аталған «Алтай аясында» поэмасына ұқсас. Соңғы поэмасының да алғашқы тарауында ақын Кавказ тауының ғажайып әсемдігін, оның асқар шыңдары мен тулай аққан тентек өзендерін көркемдік бояуларын лекіте төгіп, мың құбылтып, құлпырта суреттейді. Шығармада баяндалатын оқиға желісіне ақын осыдан кейін барып қана араласады. Сондай-ақ, «Алтай аясындағы» сияқты, «Кавказда» да ақын басты-басты кейіпкерлерін оқушыға жеке-жеке, арнайы таныстырып алады. Бұл поэмада да ақын махаббат тақырыбын әлеуметтік тақырыппен ұштастыра отырып жырлайды және сол екі тақырыптың шешімін бірегей күйде береді. Поэманың басты кейіпкері Бағыда — асқан ер әрі аса өнерлі жігіт. Шығарманың негізін құрайтын тайталас-тартыс осы Бағыданың іс-әрекеттеріне байланысты өрбіп дамиды. Ал оның барлық іс-әрекеті ата жауы Жүсіптен кек қайтару мақсатына арналған. Бір кезде әкесі Асқапты өлтіргені үшін ол Жүсіпке іштей өш. Бірақ қан үшін қан

төгу туралы ойдан Бағыда алғашқыда аулақ болады. Қайта, өзінің балуан балаларын жығып, аты және бәйгеден келіп ел көзінде абыройы асқан Бағыданың басын жоюды Жүсіп ойлайды. Алайда, оның бұл арам ойы іске аспайды. Жүсіптің төрт баласы бірдей ажал құшағына енеді. Ал ол өзін өлтіреді. Бағыда мен Зайда қол ұстасып Дағыстаннан кетуге бел буады. И.Байзақовтың бұл поэмасы Ақылбайдың «Дағыстан» атты романтикалық поэмасымен тақырыптас. И.Байзақов Ақылбай поэмасының негізгі материалын өңдеп пайдалана отырып, тыңнан өзіндік поэма жасаған. Иса поэмасындағы оқиғалардың өрбуі мен шешілуі де, ондағы кейіпкерлердің іс-әрекеттері де «Дағыстандағыдан» мүлдем басқаша дерлік. Сондай-ақ, Ақылбайдың поэмасындағы тым әсіре романтикалық сарындар мен кездейсоқ мезеттердің белгі-бедері «Кавказда» жоқ. Әрине, бұдан «Кавказдың» кейіпкерлерінің жанында лаулаған жалын, отты сезім, өр мінез жоқ деген ұғым тумайды. Бірақ ақын осының бәрін де шындық шеңберіне сыйымды етіп, реалистік суреттеу мәнеріне көбірек бой ұра отырып берген.

Ақылбайдың поэмасында болып өткен оқиғалардың барлығының да түп төркінін, себеп-салдарын тағдырдың бұйрығынан, жазмыштан іздеу сарыны басым. Ал И.Байзақов «Кавказдың» оқиғаларын өмір шындығына сәйкестендіре отырып, өрбітеді әрі көркемдік жағынан нанымды етіп шешеді. И.Байзақовтың поэмасында адамгершілік ар-намыс, адалдық, әділеттік тақырыбы ең алғы планда жырланады.

«Кавказ» поэмасының бағалы қасиеттерінің бірі сол — онда ақын Кавказ тауының таңғажайып сұлу көріністерін ғана емес, сонымен бірге оны мекендеген халықтың өмірін, әдет-ғұрпын, ұлттық колоритын да шынайы суреттей алған. Сөз жоқ, мұның бәрі поэманың реалистік қуатын күшейте түскен.

И.Байзақовтың 1939 — 1940 жылдарда жазған «Қырмызы — Жанай» поэмасы аяқталмай қалған. Бұл поэмасында ақын 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысына байланысты туған оқиғаларды бейнелемек болған. 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы туралы тақырып проза мен драматургияда біркелкі мол қамтылды дерлік. Ал поэзия жөнінде мұны айтуға болмайды. Рас, сол он алтыншы жылдың дауылды оқиғаларының ізі суымастан осы тақырыпқа арналып көптеген поэмалар мен толғаулар, өлең-жырлар туды. Бұл — халықтың шығармашылық қуатының дариядай шалқып тасқан бір шағы еді. Туған жерге, елге

деген ыстық сүйіспеншілік пен қимастық ыстық сезімдер арманға, сағынышқа толы жыр болып төгілді. Өкінішке қарай, халық поэзиясының осы тамаша қазынасын жинау, бастырып шығару ісіне соңғы кезде мүлде мән берілмей кетті. Сондай-ақ он алтыншы жыл туралы тақырып қазіргі поэзиямызда да жеткілікті бейнеленбеді.

И.Байзақовтың «Қырмызы — Жанайы» осы тақырыпқа арналған поэзиялық кесек шығармалардың ең алғашқыларының бірінен саналады. Поэманың басқы тарауынан ақынның он алтыншы жыл оқиғаларын мол қамтып, уақыт шындығын күрделі күйінде беруді мақсат еткені, тартыс талқысының өткірлігіне ұмтылмақ болғаны байқалады. Онда Жанай, Қырмызы, Сатыбалды, Үсен сияқты характерлері әрі айқын дараланып танылмағанмен, біраз белгі көрсетіп тастаған, үлкен үміт күттіретін, тұлғалы образдар болуға лайық бірнеше кейіпкерлер де бар. Бірақ ақын өзінің авторлық негізгі мақсатын тамамдап үлгермеді, «Қырмызы — Жанай» поэмасы аяқталмай қалды. Сөйтсе де, поэманың жазылып қалған, бізге мәлім тарауларының өзінен де Исаның кесек, күрделі шығармалар жазудағы зор ақындық құлашы, шығармашылық кең тынысы айқын танылатындай. И.Байзақовтың тарихи тақырыпқа арналған шығармаларының ішіндегі ең көлемдісі де, нағыз нәрлісі де — «Ақбөпе» поэмасы. Бұл поэмасын ақын 1941 жылы жазып бітірген және ол сол жылы журналда жарияланған.

«Ақбөпе» поэмасында суреттелген оқиғалардың сыр-сипатына, өрістеп-өрбуіне қарағанда ақын онда «Құралай сұлу», «Алтай аясында» атты поэмаларында қамтылған кезеңдерден бергі дәуірді бейнелейтіні байқалады. Егер ертеректе жазылған және ерте кезеңдерді қамтитын поэмаларында ақын дәуір шындығын тұтастай алып, жалпылама суреттесе, ал «Ақбөпе» поэмасында реалистік детальдар, шынайы көріністер мол ұшырасады. Халықтың әдет-ғұрпын, ескі ауыл өмірінің әрқилы жақтарын ақын кеңінен көрсетеді. Әмірханның барымтаға түскен жүйрік саңлағы «Ақтарланды» қайтарып алуы, Әмірханның күйеу жолдас болып келіп Ақбөпемен танысатыны баяндалатын сауық-думан, Ақбөпені күшпен тартып апарғаннан кейінгі Ақажан аулының көріністері, тағы басқалар бұған айқын дәлел болып табылады.

Сонымен бірге «Ақбөпе» поэмасында ақынның алғашқы шығармаларындағыдан гөрі оқиға мол, қалың және олар поэманың сюжеттік желісіне заңды түрде тұтаса сіңісіп тұр. Осыған орай «Ақбөпе» поэмасында кейіпкерлердің саны да әлдеқайда көп және реалистік сипатта мүсінделген.

Поэма Ақбөпе мен Әмірханның арасындағы айнымас махаббаты, еркіндікке ұмтылған жастардың тағдырын суреттеуге арналғанымен, онда сүйіспеншілік тақырыбы жеке-дара жырланбайды. Өзінің бұл негізгі тақырыбына ақынәлеуметтіксарындардымоларастырған.Қуандықтың ұрда-жық қуларының, Тәукеден «Ақтарланды» тартып алуы, Ақбөпе оқиғаларына байланысты Ақажандардың Көпбай, Қасымдарға зорлық жасап, тізе батыруы және олардың Әмірхан жоқта Ақбөпені күшпен тартып әкетіп оны адам айтқысыз ауыр азапқа салуы және поэмада мол қамтылған басқа да осы тектес оқиғалар — өткен өмірдің өкініштіде ащы шындығы болатын.

И.Байзақовтың «Ақбөпе» поэмасындағы шығармашылық ең сәтті табысы — оның Ақбөпе сияқты сүйікті кейіпкерінің тамаша бейнесін жасай алғандығы. Қазақ кеңес поэзиясының тарихи тақырыпқа арналған шығармаларындағы ең тұлғалы әйел-кейіпкерлер Сұлушаш пен Күләнданың қатарына қосылуға Ақбөпе әбден лайықты. Ғасырлар бойына рухани азап шегіп, трагедиялық махаббаттың тақсіретін тартып келген және осы аянышты тағдырына қарсы әрдайым қажырлықпен күресіп келген қазақ қызының шынайы да тұлғалы бейнесін ақын «Ақбөпе» поэмасында әсіресе зор көркемдік қуатпен жасады.

«Ақбөпе» поэмасының:

Ақбөпе әнмен бірге жасын төгіп,
Қайғыны кекке берді қайратқа егіп.
Теңдік пен махаббатты жырлай, жылай
Қапасын қара түннің өтті сөгіп,—

деп аяқталуы да кездейсоқ емес. Бұл шумақтан поэмада теңдік пен махаббат тақырыбы қоса жырланғанын, Ақбөпе жырлап та жылап өткен талай жастың жинақты бейнесі екенін ақын өз тарапынан да аңғартпақ болғанын аңдаймыз.

Жалпы алғанда, «Ақбөпе» — қазақ кеңес поэзиясының үздік үлгілерінің бірі. Бұл поэма И.Байзақовтың ақындық шеберлігі толыса өскендігін, оның өмірге, тарихи шындыққа деген көзқарасының тереңдегенін танытты және ақынның көркем бейнелеудің реалистік стиліне бүтіндей бетбұрғанын көрсетті.

Сөйтіп, И.Байзақов өзінің тарихи поэмаларында шығармашылық жағынан біртіндеп өсіп отырды. Егер ертеректе жазылған, алғашқы поэмаларының кейбірінде ақын өмір құбылыстарын романтикалық сарындарға, бояудың әсіре де тым қалыңдығына көбірек бой ұра отырып

суреттесе, ал соңғы поэмаларында ол тарихи шындықты социалистік реализм тұрғысынан бейнелеу дәрежесіне көтерілді.

И.Байзақовтың «Он бір күн, он бір түн» атты шығармасы оның жоғарыда аталған тарихи поэмаларынан оқшауырақ тұрады. «Он бір күн, он бір түн» поэмасы өз өміріміздің шындығын суреттеуге арналған. Ақынның кеңес тақырыбын жырлаған басқа да күрделі шығармалары болған. Мысалы, Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында ол ел аралап жүріп майдан ерлерінің батырлық қимылдарын ұзақ-ұзақ жыр етіп шерткен. Бірақ, өкінішке қарай, ақынның бұл шығармалары зерттеушілерге әлі күнге дейін мәлім емес. Тарихи тақырыпқа арналған поэмаларындағы кейбір суреттеу тәсілдерін И.Байзақов «Он бір күн, он бір түнде» де қолданады. Мысалы, бұл поэма өзінің басталуы жағынан «Алтай аясындағы» ұқсас. «Он бір күн, он бір түн» поэмасының бас жағында ақын ең алдымен Алтай, Саян тауларының табиғатын құлпырта суреттейді. Әрине, мұнда ақын «Алтай аясында» поэмасында қолданған бояуларынан басқа реңкті өрнек-нақыштар тапқан.

«Он бір күн, он бір түн» поэмасында ержүрек кеңес ұшқышы Марина Раскованың басынан кешкен жайлары баяндалады. Москвадан Қиыр Шығысқа талмай ұшқан және он бір күн, он бір түп бойына Тайганың меңіреу жыныстарын тынымсыз шарлаған ұшқыштардың батырлық қимылында қаншалықты романтика, қаншалықты ерлік, патриоттық сыр-сезім бар! Сырттай қарағанда осы оқиғаның өзі-ақ жыр болып төгілгелі тұрғандай. Шындығында, әрине, бұлай емес. Суреттелетін өмір құбылысы неғұрлым кесек, неғұрлым ғажайып болған сайын, ақын солғұрлым биікке көтерілуге, бейнелеп отырған объектісінің тереңіне нағыз суретшіге тән көрегендікпен сұғынуға, сөйтіп өзгеше, ғажайып шындықты әрі өзінің бар күрделі күйінде, әрі көркемдік жағынан нанымды да заңды етіп көрсетуге тиіс. «Он бір күн, он бір түн» поэмасында И. Байзақов дәл осылай жасай алды да. Күтпеген жерден қатерлі жағдайларға тап болған кейіпкерінің жан толқындарын, бұрқаған сезім дауылдарын ақын әсерлі де шынайы бейнелеген. «Он бір күн, он бір түн» поэмасы ақынның тек тарихи тақырыпқа ғана емес, сонымен бірге кеңес шындығына арналған да кесек, күрделі шығармалар жаза алатындығын танытты.

И.Байзақов кесек пландағы шығармаларда өзінің ақындық құлашын әсіресе кең әрі ұшқыр сілтейтінін жоғарыда айтқанбыз. Расында да, Исаның ақындық

қуаты да, суреткерлік шеберлігі де бәрінен бұрын оның күрделі шығармаларынан айқын танылды. Ақынның көптеген поэмалары тарихи тақырыпқа арналған. Оның осы шығармаларының ең негізгі идеялық-көркемдік құндылығы неде? Бұл қандай болмасын тарихи тақырыпқа арналған шығарманың негізі болып табылатын тарихи шындықты ақынның дұрыс түсініп әрі көркем де нанымды бейнелей алғандығында. Мұны сол шығармалардың жалпы идеялық мазмұны мен рухынан да, ондағы кейіпкерлердің образдарынан да анық байқаймыз.

И.Байзақов өзінің тарихи поэмаларында өткен өмірдің шындығын мол аша отырып, ұнамды кейіпкерлер образдарының тұтас галереясын жасады. Олар — қазақтың Келден, Балағаз, Әмірхан сияқты батыр, дарқан жігіттері, Құралай, Еркежан, Ақбөпе сияқты аяулы арулары. Сырттай қарағанда осы кейіпкерлер өзара ұқсас, алуандас сияқты. Өйткені бұл кейіпкерлерінің образдары арқылы ақын халықтың жауынгерлік, ерлік рухын, елдік сипатын, оның жекелеген ұл-қыздарының бас бостандығына, махаббат еркіндігіне ұмтылғандығын жинақты түрде бейнелеген.

Сөйте тұра, осы кейіпкерлер бір-біріне мүлдем ұқсамайды да. Өйткені ақын олардың жан дүниесін, характерлерін өзара жеткілікті даралаған. Кейіпкерлерінің портреттерін, олардың сүйіспеншілік сезімдерін ақын әсіресе құлпырта, жандандыра әрі өзара ұқсатпай, алуан түрлі етіп береді. Қасіретті де таза жанды Құралайдың, ерке де нәзік Еркежанның, назды да батыл Ақбөпенің тамаша бейнелері — бұған анық айғақ. Кейіпкерлерінің аяулы махаббат сезімдерін, кескін-келбеттерін сипаттауда ақынның Абайдан үйренгендігі байқалып отырады. Мысалы:

Екі бет уылжып тұр қаны тамып,
Ақ жүзінде өмірдің шамы жанып.
Жас баланың аузындай кішкене аузын
Қызыл ерні сүйіп тұр құмарланып.

Жұп-жұмыр үлбіреген алма мойын,
Ақылдан орнатқандай өлшеу алып.
Білегі аппақ арай, ақ жамбыдай,
Сұлулық есі кетіп тұр таңғалып.

Міне, жан дүниесінің мөлдір тазалығы мен сыртқы бейнесінің сұлулығы астасып берілген Құралайдың бұл портреттік сипаттамасынан сөз жоқ, Абай суреттерінің әсері

елес бергендей. Әрине, бұдан И.Байзақов Абай қолданған суреттерді табына, телміре пайдалана салған екен деген ұғым тумаса керек. Мұнда әңгіме шығармашылық үйрену жайында болып отыр. Кейіпкерлерінің кескін-кейпін, сезім дүниесін сипаттағанда, олардың сүйіспеншілік қуаныштары мен қасіреттерін суреттегенде Иса бірде романтикалық асқақ лепке, біресе сырлы нәзіктікке ауысып отырады. Бірақ ол қашанда өз қаламының ізінен танбайды, өзінің төгіліп тұрған ақындық шабытынан жаза баспайды.

Табиғат суреттерін беруге Иса әсіресе шебер. Бұл ретте ол көп ақындарымыздан үздік, оқшау танылады. Оның поэмаларының қай-қайсысында да табиғаттың тамаша көріністері жиі ұшырасады. Мұның ерекше мәнісі бар. Ақын жансыз табиғаттың жалаңаш сұлулығын жалаң қызықтаудан аулақ. Ол пейзаждық көріністерді бірде шығармада баяндалатын оқиғаларға ая ретінде қолданса, ал басқа бір мезеттерде ақын кейіпкерлерінің қуанышты көңіл-күйлеріне немесе қасірет-наласына байланысты табиғат суреттерін біресе жарқын, нұрлы реңкке бояп, біресе жадау тартқызып, жабырқатып береді. Сонымен бірге И.Байзақовтың поэмаларынан суреттеліп отырған жердің табиғат көріністерінің нақтылы, жанды елестерін де байқауға болады. Мысалы, Кавказдың тулап аққан асау өзендері мен сұсты асқар шыңдарын, Алтайдың бұлтпен таласқан шың-құздары мен айдын шалқар көлдерін, Арқаның сағым ойнатып, сұлық жатқан кең даласын ақын соларға лайықты бояулар тауып суреттейді.

Ақын қашанда табиғатты қалғыған енжар күйінде емес, қайта оған жан бітіре, түрлендіре отырып суреттейді. «Кавказ» бен «Алтай аясында» поэмаларынан алынған мына бір шумақтарды оқып көрелік:

Сөйлесең бірге сөйлеп зәулім тасы,
Тік шаншып тақталанған қабырғасы.
Түймесін сауытының ағыта сап,
Желпінген батыр сынды тау тұлғасы.
(«Кавказ»)

Күмістей Алтай сері қар жамылған,
Бұлт киіп төбесіне ар жағынан.
Бәріне табиғаттың шашу шашып,
Күн асты көкжиектің шарбағыман.
(«Алтай аясында»)

И.Байзақовтың поэмаларындағы тамаша табиғат көріністерімен танысқанда ұлы сыншы Белинскийдің: «Ақын табиғатқа табынбайды, қайта онымен бәсекеге түседі», — деген сөздері еріксіз еске түседі.

Исаның поэмаларындағы бір ерекшелік — оларда ақынның авторлық араласуларының, лирикалық шалқуларының мол ұшырасып отыруы. Жиырмасыншы жылдардағы және отызыншы жылдардың алғашқы жартысындағы поэзиямызда мұндай ерекшелік тым тапшы болғанын ескерсек, Иса поэмаларының бұл қасиетін тереңірек ұға түсеміз.

Авторлық араласулары мен лирикалық шалқулары арқылы Иса өзінің ақындық қатынасын танытуға тырысады. Ақынның бұл авторлық қатынасы үнемі бірдей айқын әрі белсенді болған жоқ. Өмірге көзқарасы тереңдеп, ақындық шеберлігі ұштала сайын оның авторлық қатынасы да айқындала, жандана түсіп отырды. Мысалы, алғашқы поэмаларының бірі «Құралай сұлуда» ақын шығармада баяндалатын оқиғаларға өзінің авторлық қатынасын білдіре келіп, «Үн қосып күңірену — болған барым» десе, ал ең соңғы кесек шығармасы «Ақбөпе» поэмасында былай деп жырлайды:

... Халықтың қасиетін жанмен ұққан,
Бұл жырды мен жырламай кім жырлайды!
Мезгілсіз, мерекесіз өткендердің
Жандары «бізді де айт» деп сыбырлайды.

Расында да, «мезгілсіз, мерекесіз өткен» ата-бабаларымыздың — халықтың ерлік пен елдікке, азап пен азаға толы тарихы мен тағдырын ақын бүгінгі өмірдің биігінен қарап, тебірене жырлады.

И.Байзақов шығармаларының идеялық мазмұны мен көркемдік ерекшеліктері туралы бір мақаланың шеңберінде тауыса, мол пікір айту қиын. Сондықтан біз ақын шығармашылығы жайында кейбір байқағандарымызды ғана ортаға салдық. Ақынның шығармаларын, мүмкін қадарынша, толық жинап бастырып шығару және олар туралы лайықты зерттеулер жасау әдебиетшілеріміздің аса игі борыштарының бірі болып табылады. «Халықтың қасиетін жанмен ұққан» және жалынды жырымен оған қалтқысыз қызмет еткен талантты ақынымыз Иса Байзақовтың шығармашылық мол мұрасы — халқымыздың ақындық қуатының айқын бір көрінісі есепті.

1956 ж.

МАЙТАЛМАН ЛИРИК

Суреткердің екі өмірі бар. Бірі — өзінің, екіншісі шығармашылығының өмірі. Шығармасының шоқтығы неғұрлым биік, тынысы неғұрлым кең болған сайын оның өз өмірі де соғұрлым ұзара бермек. Ақын Ғали елуге толды, жас ортасы деңгейінен асты. Ал оның поэзиясы әлі де жанарынан жалын атқан жігерлі жігіт шағында. Бұл оның өлеңдерінің баландығын емес, балғындығын байқатады, кенжелігін емес, кемелдігін көрсетеді. Ғали Орманов тың шығармашылық өмірбаянында әдеттегіден тыс, айрықша жәйттер жоқ десе де болғандай. Оның өмірі өзі тұстас ақындардың тағдыры мен талайына туыстас, солармен сабақтас. Октябрьдің құдіретті дауылы бүкіл Ресеймен бірге ұлан-байтақ қазақ сахарасын да дүр сілкіндірген шақта Ғали он жасар бала ғана болатын. Әке-шешесінен айырылып, жетім қалған балаға Жаңа дүние өзінің мейірбан құшағын ашады. Ол білім бұлағына бас қоюды аңсайды. 1928 жылы жазған «Алғашқы адым» атты өлеңінде өз өмірінің осы бір күйлерін еске ала келіп, ақын былай деп шертеді:

Аттанып ауыл — анадан,
Оқуға кеттім қалаға.
Жабыла маған қараған
Жалтаңдай кеттім далаға.
Жарбиған жаман тон, тұмақ
Жабысып кетті үстімде;
Жанамын деген бір шырақ
Жалтылдап кетті ішімде.

Мұнда тек Ғалидың өз басының ғана емес, сонымен бірге талай қазақ жасының өмір өткелінің сыры мен шыны бар. Жылдар өтті... Жетімек бала үстіндегі жарбиған тон, тұмағын сыпырып тастады. Ішіндегі жанғалы тұрған жалт-жұлт еткен шырақ лаулаған жалынға, ақындық алауға айналады.

Ғали Орманов тың әдебиетке алғаш араласуы да өзі буындас ақындардың шығармашылық сапарының бұлақ-бастауын еске түсірерліктей. Сахара тіршілігінде туындап жатқан ғажайып жаңалықтар басқа талапкерлер сияқты Ғалиың де жан сарайында ақындық жаңғырық туғызды. Сөйтіп, алғашқы тебіреністер мен талаптар есейе де молая келіп оның «Шеңбер» атты тұңғыш өлеңдер жинағына тоғысады.

Ақынның алғашқы кітабына енген «Қора», «Диханбай», «Мойын серік», «Абысындар аңызы», «Қоңсы мен қожайын», «Екідай», «Бетпе-бет» және басқа да өлеңдерінде сана-сезімі оянған жарлы-жақыбайлардың күштілерден кек қайтаруы, байлардың тап ретінде талқандалуы, ауыл өміріндегі жаңалық нышандары, қалың көпшіліктің өнер-білімге ден қоюы жайында баяндалады. Кезінде өздерінің өлең-жырлары арқылы бұл тақырыпты қозғамаған қазақ ақыны кемде-кем. Ал Ғали осы тақырыптарды өзіне тән шеберлікпен, ерекше көркемдік ажар-бояу, үн-сарынмен бейнелеуге ұмтылды. Алғашқы өлеңдерінің таңдаулыларының өзінен-ақ Ғалидың тілі оралымды, лебі майда, жылы юморы бар ақын болғалы тұрғаны анық байқалады. Мысалы, оның 1928 жылы жазған «Қоңсы мен қожайын» атты өлеңінің сюжеті бар, диалогқа құрылған. Мал-мүлкім конфискеге ілігеді деп үрейленген бай жалшы қоңсысын арбайды. «Біраз қойды уақытша өз үйіңе жазып қой» дейді. Сонда:

Қуанғаннан қоңсы қарт
Күліп те бір жіберді: —
Балалардың өздері-ақ
Аламыз деп жүр еді...

Үрейі ұшып, құты қашқан байдың қулық-сұмдығы да, есеге қолы жеткелі тұрғанына нық сенген жалшының оптимистік ой-сезімі де осы өлеңде реалистік түрде, шеберлікпен ашылған. Дөп тиетін авторлық юмор да өлеңге ерекше шырай беріп тұр.

Ақын әлеуметтік мәні зор, келелі тақырыпты осындай шағын штрих, тапқыр тәсіл арқылы шешеді. Бірақ бұдан оның шығармаларының идеялық қуаты көмескі тартпайды. Бұл — оның ақындық әдісі, шығармашылық тәсілі. Рас, ақынның алғашқы кезеңдегі өлеңдерінде оның көркемдік нысанадан жаза басып, реалистік мәнерден, лирикалық саз бен сыршылдықтан айырылып қалған мезеттері де болған. Тіпті оның «Шеңберден» кейін шыққан «Шәуілдір» (1934) және «Алынған қамал» (1935) атты поэмаларында да көркемдік кемшіліктер мол ұшырасады. Бұл, бір жағынан, ақынның эпикалық шығарма жазуға төселмегендігіне, оның жанрлық ерекшеліктерін еміне-еркін баурамағандығына да байланысты болса керек. Шәуілдірдің өткені мен бүгінгі бейнесін салыстыра суреттеуге арналған алғашқы поэмада ешқандай көркем образ жоқ. Керісінше, онда натуралистік көріністер мол.

Ал атақты челюскиншілердің Солтүстік Мұзды мұхитқа жасаған жорығын баяндайтын «Алынған қамал» поэмасы көркемдік қасиеті жағынан бұдан бір саты жоғары. Бірақ шын мәнісіндегі сюжетті шығармаға қойылатын тілек-талапқа бұл поэма да сайма-сай болып шықпады.

Ғ.Ормановтың 1936 жылы шыққан «Абысын сыры» атты жинағына енген өлеңдер ақын шығармашылығының тақырыптық қамтуы кеңейе түскенін, оның шарқ ұрып іздену жолында екенін танытты. Бұл ізденудің жемісін ақынның қырқыншы жылдардағы, яғни Ұлы Отан соғысы кезіндегі лирикалық өлеңдерінен көреміз. Бұл тұста Ғали таланты қауырт өсті, шырқау биікке шарықтай көтерілді. Оның ақындық өмір жолын шолғанда бұл кезең асқар таудай айқын сезіледі.

Қазақ кеңес ақындарының ішінде фашизмге қарсы күрес тақырыбына мол жазғандардың бірі — Ғали Орманов. Оның «Халық — қаһарман» атты көлемді дастаны да осы тақырыпқа арналған. Ұлы Отан соғысы басталған шақта жазған бұл поэмасында ақын Карпат тауын мекендеген халықтардың фашизмге қарсы кекті күресін баяндайды.

Ғали «Халық — қаһарман» поэмасын толық аяқтаған жоқ. Бірақ шығарманың негізгі өзекті идеясы, яғни халықтың қаһармандығы туралы, оның фашистік жыртқыштарды тас-талқан ететіндігі туралы идея ақынның соғыс жылдарындағы шырайлы да лепті лирикалық өлеңдерінде, күйлі де сырлы балладаларында мол қамтылып жырланды.

Ақынның соғыс жылдарындағы жырлары сан салалы. Солардың ең өзектілерінің бірі — Отан туралы тақырыпқа арналғандары. Осы тақырыптас өлеңдерінің бірсыпырасында («Отанға ант», «Туған жер», «Отан») ақын өзінің туған елге, аяулы Отанға деген қастерлі ойларын өзінің көңіл-күйлері, сезім толғыныстары арқылы білдіреді:

Отаным, еркелегем өзге кімге?
Өзіңмен нені болсын көргем бірге...
Қалайша қабырғама батпас менің
Басыңа қатер бұлты төнген күнде
Көзімде кешегі бір кескінің тұр —
Толықсып түрлі мәуе, енген гүлге.
Ұялап толып тұрған секілді еді
Махаббат, бақыт, қызық жер-көгіңде.

Ал енді бір сала өлеңдерінде («Қарағай», «Емен», Гүл») ақын Отан туралы патриоттық сырларын астармен, поэтикалық символ-образ арқылы танытады. Бұл

өлеңдердің әрқайсысы да алапатты жаумен астаң-кестең арпалыста ауыр жараланған, бірақ сұрапыл дүрбелеңге қарсы өр кеудесін тосып қасқайып тұра алған алып Отанымыздың жанды бейнесін сездіреді. Өшпес өмірдің тыныс-лебі «Гүлден», әсіресе, бұрқырап есетіндей:

Жау жіберген өлімдей
Жалын бәрін жалмапты.
Жаңғыратын өмірдей
Гүл тамыры жанбапты!

Ғалидың соғыс жылдарында жазған өлеңдерінде майдан көріністері, сұрапыл ұрыс елестері жиі ұшыраса бермейді. Ақын соғыстың адам айтқысыз ауыр тауқыметі мен қайғы-қасіретін де, халықтың үміті мен арманын да, жеңіс қуанышын да көбінесе өзінің лирикалық кейіпкерінің сыр-сезімі, жан толқындары арқылы береді. Жалпы алғанда, ақынның майдан тақырыбына арналған өлеңдері шыншылдығымен, адам жанын бірде мұңға батыратын, біресе ширықтырып сергітетін әсерлілігімен құнды. Оларды қазіргі күннің талабымен табыстыратын да — осы қасиеті.

Ақын өзінің уақыт үніне құлақ асқыш сезімтал суреткер екендігін соғыстан кейінгі шығармашылығынан да анық байқатты. Ғалидың бұл кезеңдегі шығармаларының негізгі тақырыптары — кеңес адамдарының жасампаздық еңбегі мен баянды бейбітшілік жолындағы күресі, халықтар достығы. Бұлардың ішінен «Днепр оттары», «Бетпақ дала дастаны», «Егін — толқын», «Достық жыры», «Асқанға — тосқан» және басқа да көптеген өлеңдерді ерекше атау қажет.

Ғали Орманов соңғы кездегі өлеңдерінде кейіпкерлерін жан-жақты суреттеуге, әралуан сипаттар жасауға аса назар аударып жүр. Оның Асы жайлауын аралап қайтқан сапарында алған әсері мен көргендері жайында жазған өлеңдерінде осы қасиет, әсіресе, мол. Мұнда Асыны жайлаған жандардың тіршілік-тұрмысының шынайы көріністері де, көздің жауын алып, телмірте қызықтыратын тамаша табиғат суреттері де, ақынның жылы юморы мен шынайы ықыласына бөленіп берілген адамның әралуан мінез-құлықтары мен көңіл аңсарлары да — бәрі де бар. Бұл өлеңдерді қайта-қайта оқығың келеді. Өйткені лирик ақын бұл жырларында бұрынғы қалам сілтесінен танбаған, қайта ол өз талантының соны бір қырларын ашқан.

Бізде әдетте лирика жайында сөз болса, Ғ.Ормановтың аты аталмай кетпейді. Бұл заңды да. Өйткені қазақ кеңес поэзиясының лирика жанрын дамытуда, оны өзгеше бояу-реңктермен молықтыруда Ғалидың еңбегі ерекше. Қазақтың қалың оқушы жұртшылығы оны күйлі де сырлы нәзік лириканың майталман шебері деп таниды. Ғалидың ақындық қуаты оның шығармаларының сыршылдығында, әсерлілігінде ғана емес. Ол саф мөлдір, тұнық ойларын «тас бұлақтың суындай» келісті де көркем өлең жолдарына құя біледі. Оның тілі мейлінше бай, әрі ойлы да образды. Ол не туралы жырласа да, қысылып-қымтырылмай, еркін жазады. Ғалидың «майда қоңыр» шешен де шебер тілін академик М.Әуезов аса жоғары бағалап, «Мәлік Ғабдуллинге жауап хат» деген мақаласында: «Тіл жөнінде бұрынғының қорынан қарбытып алып отыратын, анық асыл тіл байлығы бар екі ақынды бөліп атар едік. Олар Асқар мен Ғали», — деп жазды.

Қазақ кеңес поэзиясы өкілдерінің ішінде кемеңгер Абайдан көп үйренген, оның дәстүрлерін бекем ұстанған ақындардың бірі — Ғали. Абайдан шығармашылық түрде үйренуі оның өзіне тән ақындық стиль табуына ерекше ықпал етті. Бір ғана мысал келтірелік:

Алтын өмір — жас қызық
Алдында ойнап бұралсын.
Балы тамған тал шыбық,
Саясы жаз шынарсың.
(«Сәуле»)

Мұнда Абай поэзиясының лебі есіп, мен мұңдалайды. Сөйте тұра Ғали өзінің ақындық дауысын жоғалтпайды. Ғ.Орманов соңғы кезде көркем аудармамен де беріле шұғылданып жүр. Шығыс поэзиясынан және орыстың классикалық әдебиетінен ол жасаған тамаша аудармалар ұлттық әдебиетімізге бағалы үлес болып қосылды.

Ғали — жүлде бермес жүйрік газетші, журналистердің бірі. Оның 4-5 беттік очерктеріне талай дүние сыйып жатады, бұл ретте де одан жас талапкерлердің үйренері мол.

Ғали өткен жылы жазған «Ақын өмірі» атты өлеңінде өзінің өткеніне ой көзімен үңіле келіп былай дейді:

Салшы, ақыным, таразылап зейінге,
Нелер тарттың бүтінгі мен кейінге?
Әлде күйбең күнкөріспен жүрем деп,

Қол тимеді, кешіріңдер дейін бе?...
Жоқ-жоқ! Өмірі оған аяқ баспаймын,
Не жолықсын — қиынсынып қашпаймын,
Тіршіліктің тынысындай жыр жасап,
Сонда ғана өмір сүре бастаймын!

Міне, бұл — әншейін айтыла салған сөздер емес. Мұнда талғампаз да кәнігі ақынның жүрек жарды сыры мен шыны бар.

Ғали ақын елудің белінe шықты, ақ басты, бурыл шашты «қартқа» айналды. Осындай мерекелі күні аға ақынға айтылар тілек: жалынды, жақсы өленді көп жазыңыз. Шашыңызды шалған бурыл жырыңызға әсте дарымасын!

1957 ж.

ЕРЛІК ПЕН ЕЛДІК ЖАРШЫСЫ

Халық талай ғасыр бойына өзінің жан азығы, рухани серігі болған сөз өнерінің әсемдігін, саф сұлулығын сұқтана таңырқаумен бірге, оның құдіретті күшін де танып бағалай білген. Сондықтан да ол қаһарлы сөзді қамал бұзған батырға балаған. Халық тарихының тереңіне үңілсек, онда небір қиян-қилы кезеңдерде қаһарлы сөз жауға қарсы еңіреген ермен бірге шапқанын, ерлік пен елдік жаршысы болғанын анық көреміз. Көркем сөздің осындай ғажайып қасиеті, қайрат-күші біздің кеңес дәуірінде әсіресе айқын танылып, молыға түсті. Ұлы Отан соғысының дауылды жылдарында жауынгерлік рухын бұрынғыдан да тереңдетіп, шымырай шыныққан әдебиетіміз — осының анық айғағы.

Ұлы Отан соғысы бүкіл халқымызға, оның жауынгерлік және рухани күштеріне, саяси-моральдық тұтастығына зор сын болды. Кеңес халқы да, оның әдебиеті де бұл асқарлы сыннан мүдірмей өтті. Туысқан Коммунистік партияның дана басшылығымен халқымыз дүниежүзілік тарихи жеңіске ие болды. Ал кеңес әдебиеті халқымыздың сол жеңісті жолын, ерлік қимылын жарқын да шынайы бейнеледі.

Көп ұлтты кеңес әдебиетінің бөлінбес бір отряды — қазақ кеңес әдебиеті де бұл іске өз үлесін аз қосқан жоқ. Қазақтың көптеген ақын-жазушылары қолдарына қару алып майданға аттанды. Сөйтіп олар батырлық дастанын тек қаламмен ғана емес, қарумен де жазысты. Ал тылда қалған қалам қайраткерлері өздерінің шығармаларында

халықты Отан игілігі үшін жан аямай еңбек етуге, майданға көмекті мейлінше көп беруге шақырды, адамдарымыздың жеңіске деген сенімін ұштап, оларды рухани жағынан қолдап отырды. Сондықтан да Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдебиетімізді — жауынгер-әдебиет, жеңіскер-әдебиет деп атауымызға әбден болады.

Бұл ретте әдебиетіміздің ең белсенді, ұшқыр жанры — поэзияның атқарған рөлі әсіресе ерекше екенін атап айтуға керек. Отан қорғау, қырағылық тақырыбы, кеңестік патриотизм идеялары поэзиямызда отызыншы жылдардың өзінде-ақ мол жырланған болатын. Халық поэзиясының алыбы қарт Жамбылдың патриоттық идеяларға, интернационализм рухына толы жалынды жырларынан, С.Мұқановтың «Майға сәлем», «Сөз — кеңестік Армия» сияқты шығармаларынан және басқа да көптеген ақындарымыздың таңдаулы өлең-жырларынан халықтың қаһары мен қайрат-күшінің өшпес тынысы сезілгендей болатын. Сондықтан да олар өз шығармашылығының отаншылдық рухын, жауынгерлік пафосын өмір мен өлім айқасқан ауыр арпалыстың ең алғашқы күндерінен бастап-ақ бұрынғыдан әлдеқайда өршітіп, өсіріп әкетті. Фашистік жыртқыштардың бейбіт елімізге тұтқиылдан жасаған опасыздық шабуылына деген кек сезімі жасы жүзге таянған қарт Жамбылды да жауынгерлік сапқа қойды.

Асқар таудай еліме,
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде:
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде,—

деп жар салды патриот ақын. Қаулай тұтанған осы қаһарлы сезімнен Жамбыл танған жоқ, оның батыр да батыл жырлары тынған жоқ.

Азат басты егер де
Салмаймын десең құлдыққа.
Фашистермен күресте,
Малды, жанды аяма!
Аяғанмен мал, жанды,
Қанқұмар фашист қоя ма?
Ішсе қанға тоя ма?
Бір адым кейін аттама!
Қарасы жаудың өшкенше,
Жеңгенше жауды тоқтама.

Қарт ақын әрбір кеңес патриотына осылайша ұран тастап, жар салды. Зұлым жау Отанымыздың жүрегі Москваға төніп келген қатерлі кезеңде де, қоршауда қалған Ленин қаласы мен Волга түбінде өмір мен өлім кескілесе айқасып жатқан шақтарда да Жамбылдың ызалы, кекті үні бүкіл ұлан байтақ елімізге ғажайып күшпен естіліп тұрды. Қарт ақынның патриоттық жырлары оқ бүркіп, от шашқан майдан даласындағы жауынгерлермен де, тылда жан аямай еңбек еткен ерлермен де бірге болды, оларды жеңіске жігерлендірді, еселенген еңбекке үндеді.

Жамбылдың Ұлы Отан соғысы жылдарындағы жыр толғауларының ішіндегі шоқтығы асып, оқшау танылғаны — «Ленинградтық өрендерім». Тасқындап төгілген ақындық мол шабыттан, өзекті де терең патриоттық ойдан туған бұл өлең сол кездегі бүкіл поэзиямыздың идеялық рухы мен әлеуметтік тынысын анық аңдатқандай. Бұл жырында ақын бүкіл қазақ халқының атынан сөйлейді. Ленин қаласын өзінің туған жеріндей, алтын бесігіндей ыстық көріп, ардақ тұтқан, оның әрбір тасын емірене сүйген отты сезімдерін ақын үйлесімді де ұшқыр өлең жолдарына құяды.

Нева өзенін сүйкімді,
Бұлағымдай көремін.
Көпіріне қарасам,
Көмкерген су көлемін,
Өркеш-өркеш жарасқан
Шоқылардай дер едім.
Сапырылған көк теңіз,
Шомылдырып кемерін!
Шамы күндей жайнаған,
Аспанға үйлер бойлаған...
Арқа тұтып алыста,
Айбыным деп ойлағам.

Жамбылдың патриоттық жыры қоршауда қалған батыр қаланың халқын зұлым жауға қарсы кекті шайқасқа шақырды, кеңес адамдарының жүрегінде отаншылдық сезімін қаулатты. Жамбыл жырларының осындай құдіретті қуатын, өршіл әсерін өз көздерімен көргенін орыстың талай көрнекті ақын, жазушылары табына да таңырқай еске алған болатын. Жамбылдың жалынды толғауы ленинградтықтарды тебіренте толқытқаны, оларға рухани күш-жігер қосқаны жауынгерлердің ақын атына арнаған хаттарынан да анық байқалады. Сол бір кезде Ленин қаласындағы халық жасағының жауынгері болған

Кәрім Мыңбаев Жамбылға былай деп жазды: «Ақын аға, ленинградтық балаларыңа арнап жазған өлеңіңді оқыдым. Бұл алтын сөздер мені толқытты. Ленинград майданының қатардағы жауынгерлерінен қазақстандықтардың бәріне жалынды сәлем айтыңыз... Біз ұлы Октябрь социалистік революциясының қымбатты бесігін қорғап қаламыз! Қасиетті қала кеңес халқының мақтанышы болған, әлі де мақтанышы болып қалады. Мен ақтық қаным қалғанша соғысамын. Өмір қымбат, бірақ Отан өмірден де қымбат. Ардақты Жамбыл, сенің үніңді бүкіл Ленинград естіді. Халқым үшін, өз ақыным үшін жүрегім мақтанышқа бөленді, сенің сөздерің біздің бәрімізді, ленинградтықтарды жаңа ерлік істерге рухтандырды.

Айбынды жырыңмен қас жауға қарсы қазақстандықтарды тегіс күреске көтер... Біз жеңіске қарай алға баса береміз».

Осындай шексіз алғыс сезіміне толы хаттарды Жамбыл әралуан ұлттың өкілдерінен үздіксіз алып тұрды және оларға жалынды жырларымен жауап қайтарып отырды. Жамбылдың «Москваға», «Отан әмірі», «Алынбас қамал», «Воронеж батырларына» атты толғаулары да сол кездегі поэзиямыздың тұлғалы туындыларының қатарына жатады.

Ұлы Отан соғысы жылдарында Жамбылдың жасы жүзді еңсеріп қалған болатын. Бірақ қатерлі де қасиетті сол бір айқастардың айбынды ай-күндерінде Жамбылдың ақындық қуаты толастап, сарқылып қалған жоқ, қайта кемерінен аса төгілген дариядай шалқып тасты. Оның жырларында жауынгерлік рух, публицистикалық өткірлік молая түсті.

Соғыстың небір сұрапыл, қатерлі кездерінде де біздің поэзиямыз Кеңес Армиясының жеңісіне деген сенімнен, оптимистік қуаттан жаза басқан жоқ. Ақындарымыз халықтың жеңіске деген бұл үзілмес үмітін оның туысқан Коммунистік партияға деген сенімімен ұштастыра жырлады. Бұл тіпті соғыс басталысымен туған өлеңдерден де анық байқалады. Мысалы, ақын Сәбит Мұқанов «Біздің күш» атты белгілі өлеңінде соғыстың талай қиялары, қиын өткелдері бар екенін жасырмай суреттей отырып, халықты жеңіске үндейді, оның партияға деген айнымас махаббаты мен сезімін жырлайды.

Соғыстың талай қиын бар қиясы,
Күшпенен алынатын әр қиясы,—

деп халықты қатал шайқастар барын айтып, ширықтыра шыңдай түскен ақын біз жеңеміз, өйткені «біздің күш — большевиктер партиясы» деген бекем тұжырыммен түйеді.

Коммунистік партияға, оның даналық басшылығына деген осы сенім халықтың жарқын үмітіне айналды, оны жеңіске бастады. Сондықтан да бұл тақырып ақындарымыздың шығармаларында мейлінше мол жырланды.

Ер партиям, ана боп сен тербеттің,
Білім бердің, өсірдің — мен ержеттім.
Саған төнген қауіпке қарсы аттанып,
Ақ жолыңда өлуді арман еттім,—

деп жазды ақын Жұмағали Саин. Осы бір аяулы сыр, Коммунистік партияға қалтқысыз берілген адалдық, оның асыл идеяларын қорғау жолында бас тігіп, құрбан болуға әзірлік сезімі әрбір қалам қайраткерлерінің де жүрегіне ұялады. Олар мұны қаламмен де, қарумен де айқын танытты.

Отан соғысы жылдарындағы поэзияда кеңестік патриотизм тақырыбы ерекше мол орын алды. Ақындарымыз бұл тақырыпты жан-жақты, алуан түрлі көркемдік үлгіде жырлады. Өздерінің ең асыл, ең аяулы сезімдерін социалистік Отанымызға арнады. Кеңес адамдарының отаншылдық сезімін білдіре келіп, ақын Ғали Орманов былай деп жазды:

Отаным — бар өмірім, жан тынысым.
Қызығым, қуанышым бір өзіңсің!
Бақыты адамзаттың — Ұлы Отаным
Дайынбыз жан қиюға біз сен үшін!

Бұл өлеңде ақын туған елге, аяулы Отанға деген қастерлі ойларын өзінің көңіл-күйлері, сезім-толғаныстары арқылы білдіреді. Ал бірсыпыра өлеңдерінде («Қарағай», «Емен», «Гүл») ол Отан туралы патриоттық сырларын астарлы түрде, поэтикалық символ-образ арқылы танытады. Бұл өлеңдердің әрқайсысы да алапатты жаумен астан-кестен арпалыста ауыр жараланған, бірақ сұрапыл дүрбелеңге қарсы өр кеудесін тосып қасқайып тұра алған алып Отанымыздың жанды бейнесін сездіреді. Өшпес өмірдің тыныс-лебі «Гүлден» әсіресе бұрқырап есетіндей:

Жау жіберген өлімдей,
Жалын бәрін жалмапты.
Жаңғыратын өмірдей,
Гүл тамыры жанбапты!

Ақынның соғыс жылдарында жазған өлеңдерінде майдан көріністері, сұрапыл ұрыс елестері жиі ұшыраса бермейді. Ол соғыстың адам айтқысыз ауыр тауқыметі мен

қайғы-қасіретін де, халықтың үміті мен арманын да, жеңіс қуанышын да көбінесе өзінің лирикалық кейіпкерінің сыр-сезімі, жан толқындары арқылы береді. Жалпы алғанда, Ғалидың майдан тақырыбына арналған өлеңдері шыншылдығымен, адам жанын бірде мұңға батыратын, біресе ширықтырып сергітетін әсерлілігімен құнды. Оларды қазіргі күннің талабымен табыстыратын да — осы қасиеті.

Соғыс жылдарындағы поэзиямызда публицистикалық қуат мол. Бұл, бір жағынан, сол бір отты күндердің сипатына, уақыт ұранына байланысты еді. Қиын да қатал уақыт көркемсөз шеберлерінен «қаламды көк найзаға теңеуді» талап етті. Олар осы талаптан, қысылшаң сыннан мүдірмей өтті.

Публицистикалық сипат тылда қалған қалам қайраткерлерінің еңбек адамдарына арнаған шығармаларында әсіресе айқын белгі берді. С.Мұқанов өзінің жоғарыда аталған «Біздің күш» атты өлеңінде өз шығармашылығының бір ерекшелігін анық байқатты. Бұл — өлеңнің үгіттік мәнінің күштілігі, публицистикалық өткірлігі. Ақын сырттай қарағанда көзге болмашы, ұсақ болып көрінетін оқиғаларды агитканың жалынына шыңдай отырып, құбылыстың мәнін терең ашуға, сөйтіп келелі де кесек ой айтуға ұмтылады:

...Кендірден түк, мақтадан түбіт шашпа,
Жүн, жібек, тоқылатын не бар басқа,
Бәрін де фабрикаға төкпей жеткіз,
Әскерге олар қажет жанталаста.

...Мүлікке боп жүрмесін өрттен қастық,
Күзет қой арам ойлы жоламастық.
Әр түйір бидай, күріш, тары — бір оқ,
Фашисті талқандайтын бомба — астық.

Бұл өлеңде ақын кеңес адамдарын жеңіс мұддесімен тыныстауға, аянбай еңбек етуге үндейді. Кезінде зор үгіттік рөл атқарған шығармалардың бірі А.Тоқмағамбетовтың «Мұнай бер!» атты толғауы. Ақынның бұрынғы көптеген толғау-өлеңдері жалаң да жадағай үгітке ғана құрылып, авторлық идеяны жалпылама білдіріп, қарадүрсін күйді танытатын. Ал мынау толғауында Асқар мұндай кемшіліктерден арылған. Ақын кеңес адамдары үшін ең қымбат аяулы тілектер мен асыл армандарды суреттеп келеді де, солардың тезірек орындалуы үшін бел шешпей, белсене еңбек етіңдер деп ұран тастайды:

Қанмен беті боялған
Қара ормандар қайтадан
Қалпына келсін десеңдер
Қайғы мен қасірет оранған
Қаралы жандар қайтадан
Халқына келсін десеңдер;
...Көтеріп туын жеңістің
Абырой, даңқ, атақпен
Балаларың әндетіп
Елге келсін десеңдер;
«Жеңдік!» деген ұлы үнді
Жер-көк айтсын десеңдер;
«Жауды құрттық» дегенді
Ел боп айтсын десеңдер;
...Мұнайшылар, мұнай бер!
Соны сізден сұрайды ел!

Мұнда ешқандай дерексіз ділмарсу, сылдыр суырылу жоқ. Ақын өзінің түбегейлі ойын буалдыр тартқызбай, шабыт жалынына бөлеп бере алған. Сондықтан да оның өлеңі кеңес адамының патриоттық ойын оятып, намысын шыңдайтын, оның жарқын үмітін ұштайтын уытты да әсерлі шығарма болып шыққан.

Өмір мен өлім айқасқан сұрапыл соғыстың жауынгерлік рухы мен елес-көріністері басқалардан гөрі майданға өздері тікелей қатынасқан, оның ерлік пен елдікке, қауіп пен қатерге толы шындығын өз көздерімен көріп, өз жандарымен сезінген ақындардың шығармаларында нақтылы әрі әсерлі бейнеленді. Олардың өлең-жырларында жанды суреттер, патриоттық идеялар мол ұшырасады. Бұл ретте Ж.Саинның «Днепрге қарады», «Донец», Д.Әбілевтің «Туған елге», «Неман», Ж.Молдағалиевтің «Соқ, сағатым», «Отан» сияқты өлеңдерін және басқа да көптеген ақындардың шығармаларын атап айтуға керек. Ақындарымыз майдангерлердің батырлық әрекеттерін жай баяндап қана қоймай, олардың сол сұрапыл айқастар үстіндегі психологиясын, патриоттық ой-сезімдерін терең ашуға тырысты. Солардың бірі — Жұмағали Саин.

Ж.Саинның ақындық қуаты оның поэмаларынан гөрі өлеңдерінде айқын көрініс тапты. Ақынның партизан жырлары оның бүкіл шығармашылығының ең бір жарқын беттері болып табылады. Партизан-ақын Отан соғысы жылдарында жазған өлеңдерінде өзі бастап кешірген ақиқат жайларды баяндайды, өз ойын білдіреді. Сонымен

бірге Отан соғысының ауыр күндерін, оның от-жалынында туған жеңіс жолын суреттейтін бұл жырлардан әрбір кеңес майдангерінің ой-сезімін аңғаруға болады.

Жаралы қазақ жауынгерін жаудан жасырып, аранын ашқан ажалдан аман алып қалған украин қызы, жаудан тазарған украин жерінің топырағын жата қалып, емірене сүйіп жатқан қазақ жігіті, құшақтары айқасып қабірде де бірге жатқан орыс пен қазақ жауынгері — Ж.Саинның жырларын оқығанда осы бір суреттер көз алдыңа келеді. Бұлар — сұрапыл соғыстың жанды көріністері, кеңес адамдарының патриоттық абзал сезімдерінің, Отанға шексіз берілгендігінің, біздің халықтарымыздың майдан өртінде шыңдала түскен қасиетті достығының символы.

Ақынның «Есімде Айдар өзені» атты өлеңінде мынадай бір шумақ бар:

Айқара мылтық асынып,
Суынды кештім мен талай.
Бегімді толқын жасырып,
Өмірді шықтым арқалай.

Осы келтірілген үзіндідегі «суынды кештім мен талай» деген бір жолда кеңес жауынгерінің шайқасқа толы бүкіл жорық жолының бейнелі суреті бар. Ал «өмірді шықтым арқалай» деген сөздер арқылы ақын Кеңес Армиясы фашизмнің қанды шеңгелінің қатерінен бүкіл адам баласының өмірін құтқарды деген ойды білдіреді. Бұл өлеңдегі ақынның лирикалық кейіпкері кеңес жауынгерлерінің ортақ сипатын, ерлік тұлғасын, моральдық бейнесін танытады.

Ж.Саинның «Партизандар», «Қанжар», «Ұрыстан кейін», «Айтылмай кеткен аманат» деген сияқты өлеңдері де өздерінің қатал да қайсар шындығымен, азаматтық терең пафосымен құнды. Ақынның бұл жырлары, оның өзі образды түрде орайлы тауып айтқанындай, «сияменен жазылған жоқ», «жүрек қанымен», «ұлы айқаста құрбан болған ерлердің атыменен, арыменен жазылған». Олардың уақыт сынына бой алдырмас өміршеңдігі де осында.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған поэзиялық шығармаларды тұтастай алғанда біз олардан Кеңес Армиясы өткен майдан жолының, жеңіс жолының бел-белестерін, алуан түрлі суреттерін көреміз. Егер көптеген шығармаларда кеңес жауынгерлерінің қасиетті жеріміздің жексұрын жаудан құлан-таза тазарту, қас дұшпанға өлтіре соққы беру жолындағы батырлық қимылдары бейнеленсе,

ал енді бірсыпыра өлеңдерде жеңімпаз Армиямыздың азатшылдық рөлі, оның Еуропадағы көптеген елдерді фашистік жыртқыштардың қанды тырнағынан құтқарғаны жырланады. Бұл тақырыпқа біздің ақындарымыз Ұлы Отан соғысының алғашқы жылдарында да талай-талай өлеңдерін арнаған болатын. Ақын Әбділда Тәжібаев «Біз жеңеміз» атты өлеңінде Еуропаның бұғауда бұлқынған жастарына былайша жар салған еді:

Кектенген Еуропаның ұл-қыздары,
Күтіңдер — жетеміз біз құтқарғалы,
Көмеміз қазып терең аждаһаны,
Болса да бір басында мың бір жаны.

Осындай гуманистік сарын, азатшылдық идеялары Ә.Тәжібаевтың соғыс жылдарында жазған басқа бірсыпыра өлеңдерінде де баршылық.

Бұл тақырыпқа мол жазған ақындардың бірі — Әбу Сәрсенбаев. Майданда жүріп туған елін, аяулы жарын аңсай сағынған кеңес солдатының мөлдір сезімін, қалтқысыз көңіл-күйлерін әсерлі бейнелеген «Ақша бұлт» атты назды да нәзік тамаша лирикалық өлеңнің авторы Батыс Еуропа елдері туралы бірнеше өлеңдер циклын жазды. Оның лирикалық кейіпкері — гуманистік рөл атқарған азаткер жауынгер. Ақын оның аузына мынадай сөздер салады:

Бар табиғат қарсы алғандай
Қуанышпен бүтін мені.
Құрмет етед Европа,
Басып иіп қызыл гүлін.

Күн астынан ала келдім
Азаттықты мен бұл елге.
Қаным тамған жерге шыққан
Қызғалдағы өскен белде.

Ақынның «Мадияр қызына», «Арнау», «Шипка асуы» және басқа да көптеген өлеңдері бұрын фашистік тепкіде зар илеген, енді азаттық таңына жеткен бауырлас славян халықтарына деген достық сезімге, жылы мейірімге толы болып келеді.

Кеңес Армиясы Еуропаның көптеген елдері мен халықтарын азат ете отырып, Германияның астанасы Берлинге дейін барды. Фашистік жыртқыштар мен қарақшылардың қанқұйлы ордасы болған Рейхстаг

халықтардың қарғысы мен ыза-кегінің жалынына оранды. Фашизмнің қаралы туы бүкіл әлем алдында масқара болып қақырай құлады. Ал біздің халқымызды жеңіс қуанышқа бөледі, оның мерейін үстем етті. Жеңіс ақындарымызға да зор шабыт берді. Қасым Аманжоловтың «Жеңіс даусы», Жұмағали Саинның «Жеңіс күні», Қалижан Бекхожиннің «Менің даңқым» атты өлеңдері және басқа да көптеген шығармалар жеңімпаз халықтың қуанышы мен заңды мақтаныш сезімін бейнелейді.

Осылардың ішінде Қ.Бекхожиннің «Менің даңқым» атты өлеңі айрықша атауға тұрарлық. Бұл өлеңі арқылы ақын өзінің соғыс кезіндегі шығармаларына белгілі дәрежеде қорытынды жасады. Өлеңнің сюжеті мынадай. Бүкіл әлемді тітіркенткен соғыс өрті өшкен. Ақынның лирикалық кейіпкері — жеңіскер кеңес солдаты Еуропаның азат болған бір қаласын аралап келеді. Ол өзін тәкаббар сезінеді. Қыздар оған қошемет көрсетіп, акация тастайды. Ойран болған сарайдың есігіне сүйеніп тұрған бір субъект кеңес солдатына «қасқырға қарағандай, сұқ қолын шошайта қап» қарайды және «Азиятпысың, Еуропаның төрінде неғып жүрсің» деп сұрақ қояды. Кеңес солдаты оған былайша жауап береді:

...Бiл мырза, Адамымын —
Дүниеге азаттық әсер берген —
Айбынды ұлы Кеңес Одағының!
Мақтанам —
Еуропаңда сенің тумай,
Туғаныма —
Iзгі елде Россиялық
Мақтанам —
Сол ұлы елдің толқынындай Келгеніме —
Азаттық мен сый алып.

Бұл өлеңнен заманымыздың ұлы ақыны В.Маяковскийдің кеңестік патриотизмнің символына айналған «Кеңестік паспорт туралы жыр» атты тамаша шығармасының тыныслебі есіп тұрғандай.

Халқымыздың батырлығы мен қаһармандығын бүкіл әлемге әйгілеп паш еткен кеңес жауынгерлері туған жерге жеңіспен оралды. Басқа елдерде болып өз Отанын, өскен ұясын аңсай сағынып келген оларды жау салған жарадан айыға бастаған өлкелер мен бейбіт өмір құшақ жая қарсы алды. Ақындарымыз осы тақырыпқа да көптеген өлеңдер жазды.

Сүйсінемін кең өлкеге —
Пай-пай шіркін, неткен көрік!
Еуропаның еш жерінде
Болмас еді мұны көріп,—

деп суреттейді ақын Әбу Сәрсенбаев туған елге қайтып оралған шақтағы қуанышы мен сезімін. Соғыстың сұрапыл соқпақтарын кешіп өткен, талай елдердің топырағын басып, ауасын жұтқан және өзінің қасиетті Отанының артықшылығын солғұрлым терең сезіне түскен кеңес солдатының көңіл-күйлерін ақын Д.Әбілев әсіресе шынайы, тартымды бейнеледі:

Шіркін Ресей екен ғой кең —
Жазылды ғой бойым жаңа!
Тар секілді ед сенсіз әлем
Шалқыды ғой ойым жаңа!

Атап айтуды қажет ететін бір жәйт — ақындарымыз кеңес жауынгерлерінің жеңіспен оралған заңды да тәкаббар мақтанышын, сағынып қауышуын суреттеумен шектеліп қалған жоқ. Олар бұл тақырыпты дамыта, тереңдете отырып жырлады. Көптеген ақындарымыздың әралуан шығармалары жеңіспен оралған солдаттың қол қусырып отырып қалмай, қайта соғыс салған жараны айықтыруға, өртенген өлкені бейбіт құрылыс дүниесіне айналдыруға бел шеше, білек сыбана кіріскенін көрсетуге арналған. Осындай шығармалардың бірі — Қ.Бекхожиннің «Украин жігіті» атты өлеңі. Оның кейіпкері «өз үйін, өз қақпасын көрейін деп туған жерге майданнан асығып келеді». Бірақ ол туған үйін таба алмайды. Орнында күйген ағаш, күл көмір ғана қалған. Жігіт жанына бұл қатты батады. Бірақ жаудан кегін алып қайтқанын есіне алып, ол сабасына түседі. Өлеңнің аяғында ақын кейіпкерінің жаңадан үй салу қамына кіріскенін баяндайды. Осы өлеңдегі оптимистік қуат, жасампаздық пафосы соғыс аяқталған шақта туған поэзиялық шығармаларға терең сіңісіп, мол дарыған.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналып лирикалық шағын өлеңдермен қатар көптеген поэмалар да жазылды. Бұлай болуы заңды да еді. Кеңес адамдары шайқас даласында, еңбек майданында ғана қас батырлықтың ғажайып үлгілерін көрсетіп қойған жоқ. Сол бір сұрапыл жылдарда ерлік пен елдік те, жігер мен намыс та, қайраттылық пен адалдық та сынға түсті. Біздің адамдарымыз бұл сыннан да шалдырмай шықты. Олар ой-сезім ерлігін, мінез

батырлығын да көрсетті. Осыны лайықты бейнелеу үшін әдебиет те батырлық сөз табуға тиіс еді. Ақындарымыз сол сөзді тауып айта алды да. Осындай шығармалардың бірі — Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңыз» атты дастаны. Қ.Аманжоловтың поэмасы майданда болған нақтылы бір жауынгерлік эпизодқа негізделіп жазылған. Поэманың кейіпкері қазақ ақыны Абдолла майданда ғажайып ерлік қимыл жасайды. Ол ақтық демі біткенше зұлым жаумен аяусыз арпалысады. Ақыры қоршауда қалған күйінде лаулаған өрт ішінде қаза табады. Бұл асқан ерлік өзінің суынбас та солмас сипаты жағынан тек аңызға ғана сыйымды сияқты. Бірақ оқиға әдеттегіден неғұрлым тыс болған сайын, соны жеріне жеткізе жырлау да солғұрлым қиындай түспек. Ақын осы қиындыққа бой алдырмаған, сыр бермеген. Қайта оқиға өртке тиген дауылдай алай-түлей сапырылысып қабындаған сайын, кейіпкері аранын ашқан ажалмен арпалысып, шымырап ширыққан сайын ақынның ыза-кекке, ашу-намысқа толы жыры да жандана жайнап, тасып төгіліп отырады. Алапатты соғыстың астан-кестен суретін ақын мына бір шумақтарға сыйғызып бере алған:

Зілзала боп жер мен аспан,
Соқты ұйтқып оқ бораны:
Қан кілкіте қара тастан,
Түткіледі кең даланы.

Қара толқын орман шашын
Жұлды талдап снарядтар.
Мәңгі мекен — көл жағасын
Тастап, суға сүңгіді жар.

Міне, майдан дүрбелеңін көзімен көрген, оның ауыртпалығын өз жанымен тебірене сезінген шын суреткер ғана осылай жаза алмақ. Қ.Аманжолов бұл дастанында «От ұстаған Прометейге ұқсас», «Өрт жанарлы жас ұланның» ұмытылмас бейнесін жасады. Жазушы Ғ.Мүсірепов осы дастан шыққан кезде былай деп жазды: «... поэма майданда ерлік көрсетіп, елі үшін қаза тапқан ақын жайында. Ақын Қасым ақын жанының бар толғауын, кек күшін, сезім тереңін түгел бере алған. Жалынды сөзбен жауға аттандырар, жан сезімінен жас тамшылатар ақын сөзі өзегін өртеп, жүрегін тербей шыққан... Қасым поэмасы майданнан соққан жаңа леп сияқты» («Социалистік Қазақстан» (VI — 1944 жыл). Қ.Аманжоловтың бұл шығармасы — азамат, батыр ақынның өлімі туралы өлместік дастан.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына жазылған көлемді шығармалардың ішінде атақты халық ақыны Н.Байғаниннің «Ер туралы жыр», «Жиырма бес» атты дастандары ерекше орын алады. Алғашқы поэма Панфиловшы жиырма сегіз батырдың бірі Нарсұтбай Есболатовтың майдандағы патриоттық қимылдарын, ерлік қазасын баяндауға арналған. Ақын кейіпкерінің батырлығын жеке-дара алып жырламайды, қайта оны қарулас достарының қалың ортасында суреттейді. Ал екінші дастан («Жиырма бес») Кеңес Одағының Батыры, халқымыздың ардагер ұлдарының бірі Төлеген Тоқтаров жайында. Ақын Төлегеннің бейнесін барынша толыққанды етіп мүсіндеуді мақсат еткен. Дастанда Төлегеннің бейбіт шақтағы шадыман тіршілігінің де, қасарысқан қан майдандағы жауынгерлік өмірінің де жарқын елестері бар. Н.Байғаниннің ақындық қуаты, эпиктік кең толғамы да бұл дастандардан мол танылды. Ақынның жыры жалынды, ойнақы әрі кейіпкерлерінің батырлық мінезіне меңзес тегеурінді.

Халық ақындары шығарған дастандардың барлығы да осындай идеялық-көркемдік биік дәрежеге көтеріле алды деп айтуға, әрине, еш болмайды. Көптеген қарт ақындар шығармашылық дұрыс ниетте болғанмен, майдан жайында шынайы шығармалар бере алмады. Олар көркемдік бейнелеудің реалистік тұрғысынан тая соғып, ежелгі батырлық эпостың дәстүрлі суреттеу тәсілдерін сол бәз байырғы күйінде қолдана салды. Сондықтан да мұндай шығармалардың кейіпкерлері ақиқат кеңес адамдарынан гөрі атам заманғы «аруақты» алыптарға көбірек ұқсап кетті. Мұндай кемшіліктерге тіпті жазба поэзияның кейбір өкілдері де бой алдырды. Майдан тақырыбына жазылған сюжетті шығармалардың тартымдыларының бірі — ақын Х.Ерғалиевтің «Әке сыры» атты лирикалық монологы. Поэма ақынның лирикалық кейіпкерінің бейбіт өмір, сұрапыл соғыс туралы ой-толғаныстары, сәби перзентімен сырласуы ретінде жазылған. Соғыс алдындағы тыныш шақтың тынысы да, сұрапыл майданның суық та сұрғылт суреті де, жеңістен кейінгі бейбіт өмір қуанышы да жадағай баяндалмай, ақынның сезімі, терең тебіреністері арқылы берілген. Сондықтан да поэма оқушы жүрегін толқытады, оны шартарап ойға бөлейді. Соғыс басталған сәттегі тулаған көңіл-күйлерін ақын былайша шертеді:

Жұлқып тастап бейхабар жүрегімді
Түкпіріне жанымның мұз төгілді.

Өзім тұрмақ, жүректен шыр еткізіп,
Кім шошытты мұншама бөбегімді?..

... Жібергенде мұз жалап отты өзекті,
Не қорқыныш, не бір күш билеп кетті.
Ұға алмадым әйтеуір үстімдегі
Жылы көрпем жиырылып дір-дір етті.

Сүйген жарым асығып оятты ма?
Ғазиз анам:
— Аттан! — деп зар қақты ма?
Әлі күнге ашпаған дүние есігін
Әлде менің бөбегім тіл қатты ма?

Ақын осылайша өзіне жақын, отбасылық күйлерден бастап, Отан деген зор да қасиетті ұғымға бірте-бірте ауысады. Сонда дүниеге әлі келмеген жас сәби ақынның өз перзенті ғана болып қоймай, болашақ ұрпақтың жинақты тұлғасына, соның символына айналады. Поэманың көркемдік ерекшелігі де көңіл аударарлық. Онда әралуан күйде алынған сезім шындығы бар, лирикалық саз басым. Жоғарыда алынған үзіндіде үн-сарын мен сурет-елес ұласа ұштасып келген. Суреттен үн есітесің, сарыннан елес-емеурін танисың. Ақынның лирикалық кейіпкері қайғырып қуана да, тебіреніп толғана да біледі. Ол адам үшін ең қымбат та абзал, армандай ыстық күйлерді шертеді. Х.Ерғалиев поэмасы осы қасиетімен құнды.

Соғыс жылдарындағы поэзияның ерекше бір сипаты оның шығармашылық кадрлары қатарының көптеген талантты жас қаламгерлерімен молығуына байланысты. Кейінгі кезеңде поэзиямызды дамытуға, оның мәдениетін көтеруге көп үлес қосқан С.Мәуленов, Ж.Молдағалиев, Қ.Жармағамбетов, Қ.Шаңғытбаев, М.Әлімбаев, С.Сейітов сияқты ақындардың тұңғыш балғын дауыстары сол бір дауылды жылдарда естіле бастады. Бұлардың ішінде Қ.Жармағамбетовтың адамгершілік үлкен сезімге, гуманистік пафосқа толы тамаша балладаларын ерекше атап айтуға керек.

Ұлы Отан соғысы жылдарындағы поэзиямыздың осындай құнды қасиеттері, еңселі шығармалары барлығымен қатар онда мін-мүлтіктер де, ішінара кейбір суық, сайрауық сарындар да болды. Әрине, бұған бола бүкіл поэзиямыздың жақсы жақтарын бекерге шығаруға, ақындарымызға жалпылама мін тағуға ешкімнің де құқығы

жоқ. Ақындарымыздың көпшілігі өздерінің майдан жырларын жайлы бөлменің ішінде, жазу столының жанында отырып жазған жоқ, өмір мен өлім айқасқан, ажал кезген далада, оқ астында жүріп жазды. Олардың қолдарына қалам ұстатқан — шарқ ұрған шабыт емес, қайта өртенген қала мен жазықсыз өлген жандардың жүрекке түсірген жарасы, боздағынан айырылып аңыраған ана мен жетім қалған жас сәбидің көз жасы, қан майданда қаза тапқан қанды көйлек жан жолдастың намысы мен кегі, жаудан тазартылған қасиетті жеріміздің топырағын иіскеген шақта тұтанған тебіренген көңіл-күйлері, ата жаудың ордасы ойрандалып, шаңырағы ортасына түсіп, қаралы туы құлаған шақтағы жеңіскер солдаттың қуанышы мен тәкаббар сезімі т.б. Поэзиямызда соғыс жылдарының осындай қатал да қайсар шындығы, уақыттың ұмытылмас рухы бар. Біз үшін ол осы қасиетімен құнды.

Біз Ұлы Отан соғысы жылдарындағы поэзияға кеңірек талдау жасауға тырыстық. Өйткені ол сөз болып отырған кезеңде әдебиетіміздің ең ұшқыр, белсенді әрі жемісті жанры болды. Әрине, әдебиетіміздің басқа жанрларында да шығармашылық ілгерілеулер болды. Прозаның очерк, әңгіме, публицистика сияқты шағын түрлері жедел дами бастады. Ақын, жазушыларымыз кеңес адамдарының майдандағы да, тылдағы да патриоттық істері жайында әрдайым жазып отырды. Егер Ә.Сәрсенбаевтың «Арқаның ақиығы», «Бас иді ту батырына», «Отты күндер», С.Омаровтың «Ананың арманы», «Жаралы жауынгер», Ә.Әбішевтің «Батыр десе батыр», «Кек деп ұшқан оқ» атты очерктері мен әңгімелерінде майдан өмірінің әралуан елестері болса, ал М.Әуезовтің «Отан шақырғанда», «Күй қажырлы конвеер», С.Мұқановтың «Екі солдат немесе екі қойшы», Ғ.Мүсіреповтың «Ту мен намыс біздің қолда», М.Иманжановтың «Орынбай қарт» атты әңгіме-очерктері жеңіс мүддесімен тыныстаған кеңес патриоттарының қажырлы еңбек пафосына толы.

Соғыс жылдарындағы прозаның шағын түрлерін, әсіресе көркем публицистиканы дамытуда жас жазушы Баубек Бұлқышев (1917—1943) көп еңбек сіңірді. Оның «Комсомольская правда» газетінде жарияланған публицистикалық мақалаларынан кеңес заманында тәрбиеленген, өз халқын, туған Отан-анасын нәзік те қызулы махаббатпен сүйген жас азаматтың жарқын бейнесін көргендей боласың. Оның үлкен жүрегі досқа деген ыстық та мөлдір мейірмен суарылған, жауға деген жібімес ызғарлы кекпен

қарылған. Жас жазушының «Менің өмір сүргім келеді», «Шығыс ұлына хат», «Өмір, жастық біздікі», «Тында, Кавказ!», «Заман, жастар, біздікі» атты публицистикалық мақалалары мен памфлеттері осы қасиетті анық танытады.

Б.Бұлқышев шығармашылығына гуманистік сипат та мол дарыған еді. Адамдос жазушының өзі де мұны талай рет атап айтқан болатын. «Біз қашанда гуманист болатынбыз... Мен адам өмір сүрсе екен, еңбек етіп, өнерін көрсете алса екен деймін!» Осы бір абзал арманы, асқақ идеясы үшін жазушы қарумен де, қаламмен де аянбай алысты және сол жолда қаза тапты. Жазушыларымыз соғыс тақырыбына арнап бірсыпыра көлемді шығармалар да жазды. Ә.Әбішевтің «Төлеген Тоқтаров», «Саржан» атты шағын повестері осындай шығармалардың қатарына жатады. Бұл шығармаларында жазушы кейіпкерлерінің бастан кешкен оқиғаларын, олардың алапатты арпалыс үстіндегі психологиясын әсерлі бейнелеуге тырысты. Сонымен бірге оның авторлық баяндаудың реалистік мәнерінен жаза басып, жасандылыққа ұшыраған мезеттері де бар. Соғыс жылдарында аға жазушылардың ішінде жемісті еңбек еткендерінің бірі — Ғабит Мүсірепов. Оның «Ер ана», «Ақлима» атты әңгімелері соғыс кезіндегі прозаның жақсы үлгілерінен саналады. Алғашқы әңгімеде украин әйелі Натальяның фашистер орналасқан үйді өртегені, сөйтіп зұлым жаудан кек қайтарғаны жайында баяндалады. Ал екінші әңгіменің кейіпкері қазақ әйелі Ақлима майданда мүгедек болып қалған Сапар деген жас жігітті өзіне бала етіп алады, адамгершілік үлкен мінез, аналық зор мейірім көрсетеді. Ғ.Мүсірепов отызыншы жылдарда ана тақырыбына әңгімелер циклын жазғаны аян. Наталья, Ақлима бейнелері арқылы ол сол ана кейіпкерлер образдарының галереясын толықтыра түсті.

Жазушының бұл кезеңдегі шығармаларының ең көлемдісі де, нәрлісі де — «Қазақ батыры» повесі. Бұл шығармасы арқылы Ғ.Мүсірепов әскери тақырыпты қазақ прозасында шын мәнісінде әлеуметтік кең өрісте алып бірінші рет көтерді.

Повестің негізгі кейіпкері Қайырғалидың образында жазушы өмірден өз орнын іздеген және соны тауып, өзінің азаматтық борышын ақтаған кеңес жасының жинақты бейнесін берген. Автор бұл повесін кейін толықтырып, «Қазақ солдаты» деген атпен роман етіп жазды. Ұлы Отан соғысының сипаты мен рухы, кеңес адамдарының отаншылдығы, халықтар достығының әлуетті қуат-күші

туралы тақырыптар Ғ.Мүсірепов романында жаңақабат, жадағай күйде алынбай, терең де шынайы көркемдік шешімін тапқан. «Қазақ солдаты» романы бүкілодақтық әдебиетке, оның ішінде әскери беллетристикаға байсалды үлес болып қосылды.

Бұл кезеңдегі прозамыздың шоқтығы биік шығармаларының бірі — Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романы. Композициялық желісінің босаңдығына және басқа да кейбір көркемдік кемшіліктеріне қарамастан, «Шығанақ» романында еңбек тақырыбы реалистік планда шешілді. Жазушы еңбекті шығармашылық дәрежесіне көтерген жаңашыл адамның типтік образын жасады. Сондай-ақ романда соғыс кезіндегі тыл тіршілігінің майдан өмірімен тығыз байланысты болғаны, жеңіс мүддесімен тыныстағаны да нанымды бейнеленген. М.Әуезовтің атақты «Абай» романының бірінші кітабының жарыққа шығуы (1942) соғыс жылдарындағы қазақ кеңес әдебиетіндегі аса зор көркемдік оқиға болды. Романда автор өткен ғасырдың екінші жарымындағы қазақ өмірінің қат-қабат қырларын, әралуан көріністерін шын суреткерге тән асқан алғырлықпен мейлінше терең ашып берді. Сахара тіршілігін түнекке қамап шарпыған қаралы күштер мен болашағына ұмтылған жас буынның арасындағы қиянкескі күресті шынайы бейнеледі. Жазушы өткен өмірдің бұлдыр соқпақтарын мақсатсыз шарлай бермейді. Ол тарих тереңіне қазіргі заман арқылы өтіп барып үңіледі. Сондықтан да оның шығармасы бүгінгі күннің тілектерін талабына туыса, табыса түседі. «Абай» романы өзінің терең патриотизмімен, халықтығымен, тарихи дамудың өршіл тенденциясын тап басып, дәл көрсеткендігімен және ғажайып көркемдік қуатымен бүкіл әдеби қозғалысқа ерекше зор ықпал етті.

Соғыс жылдарында бұлардан басқа да бірсыпыра ірі шығармалар жазылды. Олардың басты-бастылары — Ә.Әбішевтің «Жас түлектері» мен Ғ.Слановтың «Жанар тау» атты романы.

Драматургия саласында да Ұлы Отан соғысы тақырыбына бірсыпыра шығармалар жазылды. Бұлардың көрнектілері — М.Әуезовтің «Сын сағатта», М.Әуезов пен Ғ.Мүсіреповтың «Қынаптан қылыш», Ш.Хұсаиновтың «Жұртын сүйген жүрек», М.Әуезов пен Ә.Әбішевтің «Намыс гвардиясы» атты пьесалары. М.Әуезовтің «Сын сағатта» пьесасы ел басына күн туған қысылшаң шақта, Отан тағдыры сынға түскенде кеңес адамдарының сыр бермегенін, қайыспай

шыққанын көрсетуге арналған. Пьесада Қарағанды кеншілерінің тылдағы ерлік еңбегі жайында да, майдан оқиғалары жайында да сөз болады. Шығармада оқушы жүрегін толқытарлық көріністер аз емес. Ескендірдің Назымға деген аяулы сезімдері суреттелетін, Назымның майданда бұрын айырылысып кеткен жолдасы Нұрланмен кездесетін, Нұрланның ерлікпен қаза табуы бейнеленетін көріністер дәл осындай. Мұнда адам тағдырының қиянқилы қырлары, өмір мен өлім шарпысқан шақтағы олардың буырқанған көңіл-күйлері бар. Сонымен бірге пьесаның майдан өмірін бейнелейтін көріністерінде жасандылықтың салқыны да жоқ емес. Жалпы алғанда, бұл кезеңдегі драматургиямызда әлеуметтік тынысы кең, шын мәнісіндегі реалистік шығармалар жоқтың қасы. Қайта кейбір драматургтар жаңсақ сарынды шығармалар жазды. Ә.Тәжібаевтың «Біз де қазақпыз», «Жомарттың кілемі» атты пьесалары дәл осындай шығармалар ретінде жұртшылықтың әділ де қатал сынына ұшырады. Бұлар, әрине, жекелеген кемшіліктер еді. Ұлы Отан соғысы жылдарында тұтастай алғанда әдебиетіміз есею, өркендеу жолында болды. Оның тақырыптық аясы, әлеуметтік тынысы кеңейе түсті, басқа туысқан ұлт әдебиеттерімен шығармашылық байланысы тереңдеді. Жеңіс сағаты соғып, жеңістің алқызыл туы асқақ желбіреп, талай жылдар өтті. Еліміз де, әдебиетіміз де дамудың жаңа биіктеріне көтерілді. Бірақ сол бір дауылды күндердің ескірмес елесі ретінде туған шығармалардың құны ешқашан әлсіремек емес. Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналып соңғы жылдарда да бірсыпыра шығармалар туды (Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы, Т.Бердияровтың «Мен өмір сүремін» поэмасы, т. б.).

Халқымыздың ерлігі мен елдік қасиетіне толы сол бір қаһарлы да қаһарман кезеңнің героикасы қалам қайраткерлерінің назарын әлі де талай аударатыны күмәнсыз.

1958 ж.

ЖЕМІСТІ ЖОЛ

Қазақтың үлкен ақыны, көрнекті жазушысы Сәбит Мұқанов әдебиетке тарихи да ұлы оқиғаларға толы жылдарда жаңа дәуір азат еткен еңбек адамының ойтілегін, арманы мен қуанышын жырлай келді. Ақынның

1917 жылы жазған «Көңілім», «Неге тудым», «Жалшының зары», «Шығар күнді» атты лирикалық өлеңдері — тек оның өзінің ғана қаламалдылары емес, сонымен қатар, бүкіл қазақ кеңес әдебиетінің тұңғыш қарлығаштарының бірі.

Осылайша, ұлттық кеңестік әдебиетіміздің іргетасын қаласқан, оның туып, қанат жаюының басы-қасында болған Сәбит Мұқанов сол әдебиетімізбен бірге өсіп, бірге жасасып келеді. Жазушының қырық жылдан астам шығармашылық жолы, белгілі дәрежеде, бүкіл қазақ кеңес әдебиетінің даму жолын, өсу кезеңдерін аңдатарлықтай. Бұл жылдарда жазушы әдебиеттің барлық жанрларында оқушы жұртшылық сүйсіне оқитын көптеген кесек те күрделі шығармалар берді. Оның лирикалық сыр толқынға және философиялық терең мазмұнға толы поэзиялық шығармалары халық арасына мейлінше кең таралды. Ал жазушының «Ботакөз», «Сырдария» сияқты прозалық кесек шығармалары бүкіл кеңес оқушыларының игілігіне айналды және көптеген шетел халықтарының тілдеріне аударылды. Сөйтіп, Сәбит Мұқанов шығармашылық жолының әр кезеңінде халқымыздың өмірі мен күресін шынайы бейнелейтін кесек шығармалар жазып, ұлттық әдебиетімізді өркендете беру жолында белсенді еңбек етіп келеді. Сондықтан да ол туған халқының сүйіспеншілігі мен лайықты құрметіне бөленді. Сәбит Мұқанов — «саяси санасы оянғаннан бастап, бар еңбегім халқыма деп келген, әр кезеңнің сынды өткелдерінде қашанда елімен бірге болып, еліміздің мәдениетін сатыдан сатыға көтеруде үздіксіз көп еңбек сіңірген, қалың еңбекші бұқараның ортасында өте сүйікті жазушы. Сәбиттің еңбектері — халық қазынасы, ел мақтаны»*. Бұл — үлкен суреткеріміздің көркем де мол шығармашылығына берілер бүкіл халықтық баға.

Соңғы кезде бізде ірі-ірі жазушылар мен ақындардың, драматургтардың таңдамалы шығармаларын том-том етіп бастырып шығару дәстүрге айналды. Бұл әдебиетіміздің ғана кемелдену кезін, шырқау шағын көрсетіп қоймайды, сонымен бірге, оқушы жұртшылықтың да мәдени дәрежесі, тілек-талабы өскендігін танытады. С.Мұқановтың да таңдамалы шығармалары басылып шықты. Олар үлкен-үлкен алты томнан тұрады. Осы мақалада сол томдарға енген шығармалар жайындағы азды-көпті пікірлерімізді ортаға салмақпыз. Бұл ретте біз әдеби-көркемдік талдауды хронологиялық тәртіпте, яғни жазушы шығармаларының

*Мүсірепов Ғ. Жазушы Сәбит Мұқанов. «Әдебиет және искусство» журналы. 1946жыл, №2-3б.

туу кезеңдеріне қарай бермейміз. Біз жазушының әр томға енген көркем туындыларына сап-сабымен, нақтылы талдау жасауды мақсат етеміз. Орайлысы да осы сияқты. С.Мұқанов шығармашылығында оның «Өмір мектебі» атты екі кітапты өмірбаяндық романы елеулі орын алады. Осы романның өңделген, толықтырылған нұсқасы таңдамалы шығармалардың алғашқы екі томына енген. «Тар жол, тайғақ кешу» атты белгілі кітаптың авторы атақты ақын Сәкен Сейфуллинмен бірге С.Мұқанов қазақ әдебиетінде мемуарлық, өмірбаяндық роман жанрын бастаушы болып табылады. Бұл салада ол жиырма бес жылға тарта уақыт бойына еңбектенді. Өйткені кейін «Өмір мектебі» атанған романның алғашқы кітабының кейбір үзінділері жеке новеллалар ретінде отызыншы жылдардың бас кезінде-ақ жарияланған болатын. Содан бері жазушы бұл шығармасына уақыт-уақыт оралып, оны әрдайым толықтыра, шыңдай түсіп отырды.

Романның бірінші кітабын автор өзінің балалық шағын баяндаудан бастап, 1918 жылғы оқиғаларды суреттеумен аяқтайды. Жазушы өз басынан кешірген болмыстарды ғана баяндап қоймайды, сонымен бірге, туып-өскен ортасының да кең көріністерін беріп отырады. Тұтас алғанда, кітапта революция алдындағы қазақ ауылы өмірінің қат-қат сырлары, мол шындығы бар. Бұл ауыл Абай туралы эпопеяда немесе «Оянған өлке» романында бейнеленген дәрежесінде емес. Онда жаңалық нышандары бұрынғыдан әлдеқайда мол. Мұны кітапта суреттелген алуан түрлі адамдардың тіршілігі мен тағдырынан да, ой-санасы мен психологиялық шындықтарынан да анық сезуге болады.

Сонымен бірге, жазушы ескі ауыл өмірінің өзі басынан кешіріп өскен ащы шындығын, әлеуметтік теңсіздіктер мен феодалдық-патриархалдық тағылықтардың кесапатты зардаптарын да жеріне жеткізе ашады. Социалистік реализм әдебиетінің негізін салушы ұлы суреткер Горький азапта, жоқшылықта, кісі есігінде өткен балалық өмірін еске ала келіп, былай деп жазған еді: «Сол бір өмір маған қайырымды, бірақ ащы шындығымен азапқа салатын дана адам айтқан қатал ертегідей болып елестейді. Қазір өткен күнді тірілте, оған жан бітіре суреттей отырып, мен бәрі де дәл солай болғандығына кейде зорға деп қана иланамын... Бірақ шындық мүсіркеушіліктен артық...» Кемеңгер Горькийдің осы сөздерін өз тұрғысынан С.Мұқанов та айта алар еді. Өйткені оның да балалық өмірі ертегіге бергісіз қатал шындыққа, қиян-қилы жайларға толы. Жазушы

солардың барлығын сап-сабымен негізінен реалистік мәнерде баяндайды.

Кітаптың ең алғашқы беттерінен бастап-ақ оқушының көз алдынан екі дүниенің — зорлық-зомбылық, байлық дүниесі мен езушілік, жоқшылық дүниесінің алуан түрлі сырлары ашылады. Егер Нұртаза, Әлтидің Сәдуі, Ыбыр, Әубәкірлер қиянат пен өктемдік иелері ретінде көрінсе, ал Мұқан, Мұстафа, Бопан және басқалар өмірден, қытымыр заманнан өгейлік тартқан жандар бейнесінде суреттеледі. Жалпы алғанда, жазушы ескі қазақ ауылы өмірінің әлеуметтік көріністерін шынайы елестете алған.

Романның ең бағалы қасиеттерінің бірі — туған халқының тағдыры мен талайын, ой-арманын, ұлттық дәстүрлерін жазушының жарқын да мол суреттегендігінде. Ол халық өмірінің көлеңкелі жақтарын ғана ақтара баяндап қоймайды, сонымен бірге, оның бойындағы, ой-санасындағы бағалы қасиеттерді де кеңінен бейнелейді. Романда халық өкілдері образдарының тұтас галереясы бар. Солардың ішіндегі ең көрнектілері — Ораз, Ғабдол, Қанапия, Шәйін, Молдағазы және басқалар. Жазушы Оразды аңсақ саятшы, Ғабдолды асқан әнші, Қанапияны зор қайрат иесі, Молдағазы мен Шәйінді өнер-білімге, жаңалыққа үндеушілер ретінде бейнелейді. Олар халық қасиетінің әр алуан қырын танытады. Сондықтан да автор оларды мейірлене, іш тарта отырып суреттейді.

«Өмір мектебінің» бірінші кітабында революция алдындағы қазақ ауылының рухани тіршілігінің де елес-көріністері мол. Жазушы қазақ халқының өнер-білімге, ілгерішіл ой-пікірге, басқа халықтардың мәдениетінен де үйренуге ден қойғанын оқиғалар тізбегі арқылы да, нақтылы адам образдары арқылы да аңдата алған. Сонымен бірге, ол схоластикалық ислам мектебінің, діни оқудың кертартпалық сипаттарын да жеріне жеткізе әшкерелей алған. Бұл романның «Инемен қазған құдық» атты тарауынан әсіресе анық сезіледі. Жазушы өз халқы мәдениетінің бұлақ-бастауларын да ашып суреттейді. Бұл тақырыпты ол асқан әнші-композитор әрі ақын Ақан сері, «сегіз қырлы, бір сырлы» Балуан Шолақ, қиялы ұшқыр ертегіші-аңызшы Қорабай бейнелері арқылы шешеді.

Автор татар ақыны Ғабдолла Тоқайдың және Абайдың шығармаларымен алғаш қалай танысқанын да әсерлі баяндайды. Сондай-ақ, бұл кітап С.Мұқановтың өзінің шығармашылық жолы қалай басталғаны және оның ақындық өнерін нәрлендірген қайнарлар қандай екендігі

жайында да оқушыға, зерттеушіге көп материал береді. Егер романның бірінші кітабы революция алдында тұрған және соның дауылды дүбірінен оянып сілкіне бастаған ескі ауыл өмірінің шынайы көріністерін берсе, ал екінші кітап азамат соғысы және кеңес өкіметі орнауы жылдарында Солтүстік Қазақстанда болған оқиғаларды суреттейді. Оқушы тек ауылдың ғана емес, сонымен бірге, Омбы, Қызылжар қалаларының да сол кезеңдегі өмірімен танысады.

Солтүстік Қазақстанда кеңес өкіметі кескілескен, қиянкескі тап күресі жағдайында орнады. Сол күрестің белсенді қатысушысы болған коммунист-жазушы өз басынан кешкен, көзімен көрген жайларын сол қатал да шын күйінде баяндайды.

Сөйтіп, романның бірінші кітабында күнкөріс қамында көрінетін болашақ жазушы екінші кітапта халық бақыты жолындағы күрескер ретінде әрекет етеді. Бұл жағынан алғанда ол өткен жол қазақтың халықтық интеллигенциясының тұтас бір буынының өмірі мен тағдырына хас сипат сездіреді.

Бұл сияқты революция ісі салтанат құруы жолындағы қасиетті күресте қаза тапқан Владимир Гозак, Баймағамбет Істөлин, Жақып Қыстаубаев тәрізді коммунистердің бейнелері де оқушы зердесінде ұялап қалады. Соңғы кітаптың идеялық тұрғыдан алғандағы ең құнды қасиеттерінің бірі — онда алашордашыл-ұлтшылдар ұстаған кертартпалық бағыттың тарихи прогреске, қазақ халқының болашағына жат сипаты уытты да өткір түрде әшкереленетіндігі. Бірінші кітаптың соңғы тарауларында ұшығын көрсеткен осы тақырыпты ақын екінші кітапта әлеуметтік кең тұрғыда көтереді. «Өмір мектебі» тек өмірбаяндық қана роман емес. Бұған қоса ол — тарихи да шығарма. Өйткені онда автор өзі өткен өмірлік жолдың ғана бел-белестеріне үңіліп қоймайды, сонымен бірге туып-өскен ортасының да шындығын кеңінен қамтып ашады, тұтас тарихи бір кезеңнің көріністерін береді.

Романда өмірде болған жүздеген адамдардың аттары аталып, соларға өз тарапынан автор портреттік, психологиялық сипаттамалар береді. Шығармада бой көрсетіп өтетін сол көптеген кейіпкерлер мен онда баяндалған саналуан оқиғалардың, жер-мекен аттарының барлығын бірдей жазушының өз жадында ұмытпай сақтағанына таңданбасқа болмайды.

Жазушы өз назарын ең алдымен қарапайым халықтың өмірі мен тағдырына аударады, соның бойындағы қабілет,

дарын мен жарқын қасиеттерді мадақтайды, уақыттың ащы шындығын, күрес кезеңін өз күйінде суреттеуге ұмтылады. Бұл айтылғандар С.Мұқановтың ұлы Горькийден жемісті үйренгендігін көрсетеді. Әрине, «Өмір мектебі» романында кемшіліктер де бар. Жазушының бірсыпыра күрделі шығармаларында ұшырасатын шұбалаңқылық, өмір шындығына сыйымсыз оқиғалар мен қажетсіз қосалқы жайларды баяндап кетуге бой алдырушылық сияқты көркемдік олқылықтар осы романнан да сезіледі. Сондай-ақ, жазушының тек өзінің ғана емес, тіпті басқалардың да ата тегін қазбалап баяндап, генеологияға түсіп кететін мезеттері де бар. Осындай және басқа да кейбір кемшіліктеріне қарамастан, бұл роман С.Мұқанов шығармашылығында ерекше орын алады. Ф.Гладков, С.Айни сияқты көрнекті кеңес жазушыларының белгілі мемуарлық, өмірбаяндық романдарына меңзес «Өмір мектебі» де өзінің тарихи өткенді нақтылы, шынайы бейнелеуімен құнды.

Жазушы таңдамалысының үшінші томына енген «Ботакөз» романы — тек автордың ғана емес, отызыншы жылдардағы бүкіл әдебиетіміздің аса ірі шығармасы. С.Мұқановтың бұған дейін де бірсыпыра прозалық шығармалар жазғаны аян. Әрине, олардың ішінде көңіл аударуға тұрарлық тәуірлері де, әдебиетімізге тұрақты шығармалар ретінде ене алмай, тез ұмыт болғандары да бар. Бірақ солардың жазушы қаламын ұштай түскені, оған біраз шығармашылық тәжірибе бергені күмәнсіз. «Ботакөзді» жазу үстінде автор сол тәжірибесін кеңінен әрі жемісті пайдаланды да.

С.Мұқановтың бұл романы «Жұмбақ жалау» деген атпен тұңғыш рет 1938 жылы басылып шықты. Роман жұртшылық назарын өзіне бірден-ақ мол аударды. Бұл мейлінше заңды да еді. Өйткені «Ботакөз» романы — қазақтың реалистік кесек прозасының социалистік реализм әдісін игеру жолындағы зор табысынан саналуға лайықты шығарма.

«Ботакөз» романында бейнеленген тарихи оқиғалар: революция алдындағы қазақ ауылындағы шегіне жетіп шиеленіскен өткір тап тартысы, қазақ халқының 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, қазақ еңбекшілерінің революцияға келу, араласу жолдары, Азамат соғысы және кеңес өкіметі орнауы жылдарында Қазақстанда болған ірі-ірі оқиғалар, қазақ және орыс халықтарының достығы, халықтың жаңа дүние жасау жолындағы батырлық күресіне Коммунистік партияның басшылығы туралы тақырыптар еді.

Романда суреттелген оқиғалар мен тартыстың өрбіп-дамуына, шешілуіне сәйкес жазушы осы тақырыптардың барлығын да шығарманың сюжеттік желісіне шеберлікпен енгізеді және оларды өмір шындығына сай, ерекше заңдылықпен шешіп отырады. Автор өзі суреттеп отырған дәуірдің жоғарыда аталған оқиғаларын жай суреттеп қана қоймайды, сонымен қатар, ол сол оқиғаларға бүгінгі күннің биік тұрғысынан қарап, дұрыс та лайық баға беріп отырады. Бұл — сол оқиғалардың романда берілген реалистік суреттерінен, жазушының сол оқиғаларға деген айқын, тура авторлық қатынасынан анық сезіледі.

«Ботакөз» романы С.Мұқановтың жазушылық шеберлігі де өскенін, бұрынғыдан әлдеқайда жетіле түскенін танытты. Романда талай кесек образдар бар. Жазушы ұнамды кейіпкер образын жасау міндетін бұл шығармасында табысты шешті. Романда жаңа дүние орнату жолындағы күрескерлер — ұнамды кейіпкер образдарының тұтас галереясы бар. Бұлардың ішіндегі ең тұлғалы, тұтас образдардың бірі Асқар. Жазушы романның бас жағында оқушыны Асқармен былайша таныстырады: «Орысша киінген жігіт — Досанов Асқар еді. Оның әкесі — Досан. Бурабай маңындағы Шортан қаласының малын бағатын жатақ бола тұра, баласын школға жасынан сабаққа берді. Екі класты школды 16 жасында, 1907 жылы бітіріп, сол жылы күз Асқар Омбының Учительская семинариясына түсті. Бірақ оны аяқтауға қаражаты болмай, 1911 жылы соңғы класын бітірмей семинариядан шығып, Көкшетаудың ық жағында отыратын, Байсақалдың Итбайы деген болыстың ауылына балаларын орысша оқытуға жалданады».

Жазушы оқушыны Асқардың өткен өмірімен осылайша сараң ғана таныстырады. Бірақ оның есесіне, автор Асқардың бұдан кейінгі өмірін, іс-әрекеттерін мейлінше кең суреттейді. Асқар оқушының көз алдында заңды да нанымды түрде өсіп отырады. Жазушы Асқарды бірден-ақ қалыптасқан күрескер ретінде көрсетпейді, оның бойына лайық емес қасиеттерді қолдан телімейді. Асқар алғашқыда алдына онша зор мақсат та қоймайды. Өзі орыс мектебінде оқып көзі ашылған және туған халқының надандық торында зар илегенін көрген, жаны ашыған ол қазақ жастарының, балалардың мектепте оқуын, жаңаша білім алуын арман етеді. Асқардың ауыл мектебінде оқытушылық қызмет атқаруының, Сағит сияқты балаларға қамқорлық жасауының бір тамыры оның осы арманына да байланысты. Сонымен қатар Итбайлар мен Кошкиндердің

еңбекші халыққа жасайтын зорлық-зомбылығын өз көзімен көріп түңіле, ашына жүріп Асқардың жүрегінде үстем тап өкілдеріне деген қарсылық, жек көрушілік сезімі күшейді. Бірақ оның саяси беті бірден айқындалмайды, күрес жолына да белсене түсіп кетпейді. Орыс революциясының бесігі Петербургта болуы, онда Смирнов, Булатов сияқты революционерлермен танысуы Асқардың өмірінде шешуші рөл атқарады. Ол мұнда тұңғыш рет Лениннің еңбектерімен танысады. Сөйтіп Асқардың бүкіл дүниетануында, өмірге деген көзқарасында үлкен өзгерістер болады. Ол өзін қатты толғандырған, бірақ анық та тура жауабын бұрын таба алмаған мәселелердің шешімін Ленин еңбектерінен және жоғарыда аттары аталған революцияшыл достарынан біледі. Асқар образы — жазушының үлкен табысы. Автор өзінің бұл басты кейіпкерінің қатардағы халық мұғалімінен саяси санасы өскен коммунист, революционер дәрежесіне дейінгі өсу жолын мейлінше шынайы әрі терең көрсете алды. Жазушы Асқар бейнесінде қазақ интеллигенциясының таңдаулы тобы халықпен бірге болғанын және оның революцияға келу жолын образды түрде көркем бейнелеп берді.

Романдағы ең негізгі, басты образдардың бірі — Ботакөз. Ол — бүкіл қазақ кеңес әдебиетіндегі әйел кейіпкерлердің ішіндегі ерекше тұлға. Жазушы Ботакөздің өсу жолын, оның бастан кешкен оқиғаларын реалистік түрде суреттейді.

Ботакөз жас кезінде орыс мектебінде оқиды. Романның алғашқы тарауларында біз Ботакөзді айналада болып жатқан оқиғаларға қатынасы да, онша қызығуы да жоқ, көбінесе оқыған кітаптарынан алған әсерлерімен ғана өмір сүретін жас қыз ретінде ғана көреміз. Бірақ оның балалық шағының қызығы ұзаққа созылмайды. Өмірдің алуан түрлі, қат-қабат оқиғалары өзінің тереңіне Ботакөзді де тартады. Сол бір бейуақтың ауыртпалығы мен қайшылығы Ботакөздің де үлесіне тиеді. Бір жағынан, Ботакөз — оқыған, көзі ашық, саналы жас. Екінші жағынан, ол ескі қазақ қоғамының әділетсіз салт-жоралғылары мен заңдарының бұғауынан әлі құтылмаған. Итбай сияқты нысапсыз, ұятсыз адамның Ботакөзді әйелдікке алмақ болуы Ботакөздің өзіне де, оның туысқандарына да қатты батады. Міне, осылайша жастық өміріне ерте төнген қауіпті сезіну, оған қарсы күресуге ұмтылу Ботакөздің ой-өрісін ерте есейтеді, бойындағы қайрат-жігерді, намысты оятады. Тұрмыстың қиындықтары мен ауыр сындарына жастайынан тап болған Ботакөз сыр бермейді, бойын бекем

ұстайды. Ботакөздің бұл қасиеті алғаш рет ағасы Балтабекке пәле жабылып тұтқынға алынып, жеңгесі Айбала ауыр науқастанған шақта сезіледі. Ботакөздің бойындағы зор адамгершілік сезімдерін жазушы әсіресе осы эпизодтарда терең ашып көрсетеді. Айбала өлім үстінде жатқан ауыр шақта Ботакөзді Итбайдың жігіттері зорлықпен алып қашады. Бірақ оны Амантай аман құтқарып алады. Міне, автор осындай жантүршігерлік ауыр да аянышты оқиғаны шынайы суреттеу арқылы әрі Итбайдың ұяттан безген қарақшылық әрекеттерін аяусыз әшкерелейді, әрі Ботакөздің қайсарлығын, рухани ұстамдылығын ұтымды аңдатады. Ботакөз Асқармен қосылғаннан кейін де қауіп-қатерден құтылмайды. Итбайдың балалары Ботакөзді құдалауын қоймайды. Бірақ Ботакөз бұған жасымайды, қайта осындай арпалысқан алысу үстінде оның характері қалыптасып шыңдала түседі. Ботакөз Асқарға адал, сүйікті жар ғана болып қоймай, сонымен қатар, оны халықтың азаттығы жолындағы күресінде қолдап, қайрат-жігер беріп отырады. Сөйтіп ол халық мүддесін өздерінің жеке бастарының бақытынан жоғары қояды. Ботакөз образы сол кездегі тарихи шындыққа сәйкес келе ме? Иә, әбден сәйкес келеді. Өйткені автор сол дәуірдегі қазақ қыздарына тән таңдаулы қасиеттер мен мінездерді Ботакөз бейнесінде жинақтап көрсетті, сөйтіп, қазақтың күрескер қызының типтік образын жасады. Ботакөз романның бүкіл өн бойына өзінің қажырлы әрекетімен және тамаша жан дүниесімен ерекшеленіп, айқын көрініп отырады. Ботакөз — қазіргі жастардың да еліктеуіне, үлгі алуына тұрарлық кесек тұлға. Халықтың қалың бұқарасының өкілі Амантайдың образын да автор зор көркемдік қуатпен бейнелей алған. Романда Амантай образы бар шындығымен нанымды суреттелген. Амантай — халықтың қалың ортасынан шыққан және оның қажымас қуаты мен даналығын өз бойына мол жинаған кейіпкер.

Романда бұлардан басқа да көптеген ұнамды кейіпкерлер бар. Олар — Кенжетай, Темірбек, Бүркітбай, Асан, Сағит, тағы басқалар. Екінші қатардағы кейіпкерлер болғандықтан, жазушы бұлардың әрқайсысының өмірі мен іс-әрекеттерін үнемі жан-жақты көрсете бермейді. Олар шығарманың сюжеттік желісіне, ондағы оқиғаларды дамыта түсуге тікелей қатынасы, қажеттігі бар мезеттерде ғана қатыстырылып отырады. Сөйтсе де біз олардың әрқайсысының да өмірлік жолымен, іс-әрекеттерімен, жан дүниесімен терең де толық танысамыз. Бұл әрине, жазушының образ жасаудағы шеберлігін анық байқатады.

Романда жоғарыда аталған ұнамды кейіпкерлерге қарсы алысатын жаулар лагерінің де көптеген өкілдері бар. Бұлардың ішінде ерекше дараланып көрінетіндері — Итбай мен Алексей Кулаков.

Революция алдындағы қазақ ауылының тіршілігіндегі әділетсіздік пен зорлық-зомбылық, жексұрындық атаулының барлығын автор осы Итбай бейнесінде жинақтап көрсеткен.

«Ботакөз» романы өзінің идеялық тереңдігімен ғана емес, көркемдік ерекшеліктерімен де құнды. Жалпы С.Мұқановтың жазушылық шығармашылығындағы ерекшелік «Ботакөз» романында әсіресе айқын көрінді. «Ботакөз» — көп планды, мол тыныстыроман. Ол ондаған адамдардың тағдыры мен тартысын қамтиды. Осыған байланысты шығарманың сюжеті дамып өрбіген сайын оған жаңа кейіпкерлер араласып, тың тартыстар қосылып отырады. Оқиғалар тек қазақ Сахарасында ғана емес, сонымен қатар, Петербургте, Омбыда, Қызылжарда, майдан шебінде де қатарласа, жарыса өрбіп жатады. Бірақ сол қалың оқиғалар шығармада әрқайсысы өз алдына бөлек қалмайды, қайта бірімен-бірі байланыса, заңдылықпен қабыса дамиды. Мұның барлығы жазушының өзі суреттеп отырған уақыттың сипатын аңдатуына, кейіпкерлерінің характерін айқындап ашуына септігін тигізеді. Сөйтіп, шығармада сюжет характердің тарихын құрайды, яғни оқиғалар шиеленісіп дамыған сайын, ондағы кейіпкерлердің образдары да тереңірек ашыла түседі.

Жазушының образ жасаудағы құралдары, әрине, мұнымен сарқылып қалмақ емес. Көркем әдебиетте суретшінің негізгі бейнелеу құралы тіл. «Ботакөз» романының көркемдік ерекшеліктерінің негізгі бір тамыры оның тілінің көркемдігі мен молдығында. Бұл шығармадағы авторлық баяндаулардан да, кейіпкерлерге берілетін портреттік немесе психологиялық сипаттаулардан да, табиғат суреттерінен де анық байқалады. «Ботакөз» романы — тарихи-әлеуметтік роман. Әрине, онда тарихи адамдар суреттелмейді. Бірақ типтік дәрежеге көтерілген жинақты образдар арқылы жазушы өзі таңдап алған дәуірді тарихи нақтылы бейнелейді. Сонымен қатар, жазушы сол бір кездегі тарихи дамудың беталысын, ішкі мәнін көрсететін әлеуметтік құбылыстар мен оқиғаларды кеңінен қамтиды. Автор оларды образды түрде суреттеп қана қоймайды, сонымен бірге, сол оқиғалар мен құбылыстарға баға да беріп отырады. Сөйтіп, «Ботакөз» романы өзінің

идеялық тереңдігі, реалистік қуатымен және көркемдік ерекшелігімен жұртшылық назарын мол аударды. Бұл шығарма халықтың қалың көпшілігінің ең бір сүйіп оқитын кітабына айналды. Роман жайында ол жазылған кезде де, одан кейін де әдебиетшілер арасында әрдайым келелі сөз болғанын былай қойғанның өзінде, жазушыға осы шығарма туралы оқушылардан жүздеген хаттар, ризалық тілектер түсуі — бұған айқын дәлел.

«Ботакөз» романы бүкілодақтық оқушының да назары мен сүйіспеншілігіне ие болды. Сондықтан да орталық баспасөз органдары бұл романды жоғары бағалай келіп, былай деп жазды: «Қазақстандағы халық өмірінің өрлеу кезеңдерін тарихи шындыққа сай көрсететін шын мағынасындағы үлкен еңбек жасады»*. «Сәбит Мұқанов романының беттерінен кеңестік Қазақстан тарихының алғашқы кезеңін көресіз. Біздің ұлы Отанымыздың тарихын жақсы білгісі келетін кісі бұл кітапқа соқпай өтуіне болмайды»**.

Жазушының бұл тамаша шығармасы қазақ кеңес прозасында шын мәнісіндегі кесек әрі нағыз реалистік роман жанрының іргесі терең де берік қаланғанын айқын танытты.

С.Мұқанов — тек көрнекті прозаик емес, сонымен бірге, аса ірі ақын да. Оның қаламынан әлденеше лирикалық өлеңдер, оңдаған поэмалар туды. Сол поэмалардың бірсыпырасы таңдамалының төртінші томын құрайды. Әрине, ақын поэма жанрында бірден биікке құлаш ұрып кеткен жоқ, біртіндеп өсті. Оның алғашқы поэмаларының («Жұмаштың өлімі», «Балбөпе», «Құрдас», «Қуланың құңы»), кейбіреуі шын мәнісіндегі сюжетті шығармаларға қойылатын талап дәрежесіне деңгейлес келе бермейді. Олар ақынның поэма жасау жолындағы алғашқы ізденулерінің жемісі, шығармашылық жаттығулары есепті. Бұл шығармаларды ақын поэма сияқты күрделі жанрдың сырына әбден қанықпаған, оның табиғатын игеріп жетпеген кезде жазған еді.

Ақынның алғашқы кезеңдегі сюжетті, оқиғалы шығармаларының ішінде көңіл аударуға тұрарлықтарының бірі — «Пионер».

«Пионер» поэмасында өткір тартыс, желілі сюжет жоқ. Ақын мұнда оқиғалар өрбуін ондағы кейіпкерлердің

---

* Кедрина З. О сильных и смелых. «Правда», № 137, 17 мая 1949 г.

** Смирнова В. Свет из России. «Литературная газета», № 39, 1949 г.

монологтары мен диалогтары арқылы, авторлық баяндаулары арқылы өрістетеді. Шығарманың соңында берілетін арайлап атқан шұғылалы таңның суретін оқушы Шоқпыттар мен Сұрағандар жеткен жаңа дүниенің символы ретінде қабылдайды.

«Батырақ» атты көлемді поэмасында ақын қазақ кедейінің революцияға дейінгі азапты өмірі мен кеңес дәуіріндегі азат өмірін салыстыра отырып суреттейді. С.Мұқановтың бұдан кейінгі жазған көлемді поэтикалық шығармасы — «Октябрь өткелдері» поэмасы. Октябрь революциясының он жылдығына арналған бұл поэмасында ақын қазақ пролетариаты өкілдерінің өмірі мен тағдырын суреттейді. Және де осы шығармасы арқылы ақын алашордашылар мен буржуазияшыл ұлтшылдардың революциядан бұрын Қазақстанда жұмысшы табы болған жоқ деген жаулық жаласына соққы берді, қазақ жұмысшысының қызғылықты образын жасады.

Поэмада кемшіліктер де бар. Кейіпкерінің өмірлік жолын ол кешкен өткелдерді тізбектей суреттеудің салдарынан автор кей реттерде көркемдік шындықты сезінуден жаза басып, мүлт кетеді. Мұндай жағдайларда оның поэмасы көркемдік қасиетін жоғалтып, жалаң хроникаға айналып кетеді.

Осы сипаттас кемшіліктеріне қарамастан, «Октябрь өткелдері», «Батырақ» поэмаларының ақынның сол кездегі өсу тенденциясын, тақырыптық ізденуін танып-білуде ерекше мәні бар.

С.Мұқановтың 1926 — 1928 жылдарда жазған «Сұлушаш» атты өлеңді романы — тек ақынның өз шығармашылығындағы ғана кезеңді шығарма емес, бүкіл қазақ кеңес поэзиясының да үздік табысы.

«Сұлушаш» — ең алдымен әлеуметтік роман. Рас, шығарманың негізгі кейіпкерлері Алтай мен Сұлушаштың махаббат жайлары романның ең басты, өзекті тақырыптық желілерінің бірі болып табылады. Бірақ автор бұл тақырыпты бөліп алып, даралап жырламайды, қайта оны әлеуметтік өмірдегі тайталас-тартыстардың қалың ортасында, солармен тығыз байланыстыра отырып, дәуір шындығын терең ашады, өткір таптық тартыс пен әлеуметтік теңсіздіктерді баса көрсетеді. Романда ең алғы лекте суреттелетін кейіпкерлер — Алтай мен Сұлушаш.

Алтай — қазақ кеңес поэзиясындағы ең бір тұтас, тұлғалы образдардың қатарына қосылады. Қараңғыда, жоқшылықта ғасырлар бойы өмір кешіп келген еңбекші

халықтың өктемдікке, қанауға негізделген дүниеге қарсы қайнаған кегі мен құрсанған ашу-ызасын ақын осы басты кейіпкерлерінің бойына жинақтап көрсеткен. Алтайда жалын атқан жігер мен қажымас қайраттың мол болып келуі де осыдан.

Алтай Тілеуберді сияқты байларға және солар өкілдері болып табылатын байлық дүниесіне қарсы бала жастан-ақ кектеніп, өшігіп өседі. Алтайды бұған итермелеген сол қол қысқа тұрмыстың, әділетсіз өмірдің өзі еді. Тіпті, алғаш Сұлушашпен көңіл қосып жүрген шағында да Алтай өзінің бұл әрекетін үстем тапқа деген қарсылықтың бір көрінісі, нышаны деп түсінеді.

Денім сау боп, сұлумен көңіл қоссам,
Ежелдегі алам ғой байдан кекті,—

деп ойлайды ол. Алтайдың өктемдік дүниесіне қарсы күресінде саяси айқын бағыт, жүйелі программа жоқ және бұлай болуы мүмкін де емес. Бірақ оның күресінде өзіндік мақсаты да бар. Бірінші бөлімнің аяғында берілетін Алтайдың ішкі монологынан бұл айқын көрінеді:

... Дүние-ай, маған берсе бар билікті,
Күштіні етер едім көзге түрткі,
Жалшыға, құл мен күңге, кедейлерге
Берер ем бөліп-бөліп бар мүлікті.
Не керек, бар байлықты байлар көріп
Кекіріп болып отыр майға күпті!

Бұл — Алтайдың жүрегіне мықтап ұялаған ой. Бірақ оның орындалуына қажетті жағдайлар ол кезде, әрине, жоқ болатын.

Романның аяғында Алтай сүйіктісі Сұлушаштан, жан серігі Қайсардан айырылады, өзі де трагедиялық ауыр қазаға ұшырайды. Сөйтіп, азаттықты арман етіп, өктемдік дүниесіне қарсы шыққан Алтайдың тағдыры осылайша аяқталады. Әрине, Алтайдың есеге қолы жетуі ықтимал емес-ті. Сондай-ақ оның құрсау өмірдің торында, сорлы тағдырына табынып көндігіп жүре беруі де мүмкін емес еді. Ақыры ол осылай етті де... Алтай — мол қимылдың, қайтпас қайрат-жігердің ғана адамы емес, сонымен қатар үлкен сезімнің де иесі. Бұл оның Сұлушашқа деген айнымас, адал махаббатынан, Қайсарға деген берік достығынан, әке-шешесіне және інісі Ермекке деген туысқандық сезімдерінен айқын көрінеді. Ақын оның көз тоярлық пішін-тұлғасын да, есті, ойлы жан дүниесін де келістіре

суреттейді. Романда шоқтығы асып, оқшау тұрған образдардың бірі — Сұлушаш. Оның образын тек ақынның жеке өз шығармашылығындағы ғана емес, сонымен қатар бүкіл ұлттық поэзиямыздағы ірі табыс деп қарау керек. Шығармада Сұлушаш оқушының көз алдында заңды, нанымды түрде өсіп отырады.

Сұлушаш алғашқыда сүйіспеншілік сезіміне берілген, аңқау, албырт жастың бейнесінде көрінеді. Бірақ жастық өмірінің отын өшірерлік қауіп төнген шақта ол тез есейеді. Сүйгені Алтаймен қосылу мақсатына жету жолында ол қандай ауыр қиыншылықтарға болса да шыдауға белін бекем буады. Сұлушаш көп жағдайларда Алтайға да дем беріп, оның намысы мен үмітін ұштап отырады.

Алтай сияқты, Сұлушаш та — типтік дәрежеге көтерілген образ. Сұлушаш образы арқылы автор революциядан бұрынғы бағы замандардағы қазақ әйелінің теңдіксіз, тұл өмірін және оның сол өмірге деген наразылығын, оның аяулы арманы мен айнымас, адал сезімдерін шебер бейнелей алған.

«Сұлушаш» романы өзінің терең де бай идеялық мазмұнымен ғана емес, сонымен қатар тамаша көркемдігімен де ерекшеленеді. Ақынның өзі суреттеп отырған дәуірдің шындығын жеткізе ашатын типтік оқиғалар мен құбылыстарды таңдап ала білгенін және сол шындықты заман сипатын танытатын өткір тартыс-тайталас үстінде зор көркемдікпен бейнелей алғанын атап айту қажет. Осының арқасында оның кейіпкерлері характерлерінің бар шындығымен өсу, толысу үстінде көрінеді. Сондықтан да шығармада суреттелетін оқиғалар мен оның кейіпкерлерінің шындығына оқушы қалтқысыз сеніп отырады.

Романның көркемдік құндылығы оның оралымды әрі образды тілінен айқын танылады. Авторлық баяндаудан да, кейіпкерлерге берілген портреттік және психологиялық сипаттаулардан да, олардың монологтарынан да ақынның өз халқының тіл байлығын, оның мол сөздік қорын шеберлікпен әрі жете пайдаланғанын көреміз.

Отызыншы жылдар — С.Мұқановтың ақындық шығармашылығының кемеліне келіп, есейген кезеңі. Ақын бұл кезеңде бірнеше поэмалар мен ондаған өлеңдер жазды. Сонымен қатар оның жаңашылдық жолдағы ақындық ізденулері мен толғануларының нағыз жемісті болған шағы да осы кезең. Таңдамалыға енген «Жүйткі, қара айғырым», «Ақ аю» поэмалары — бұған анық мысал. Түркістан-Сібір

теміржолының салынып бітуіне арналған «Жүйткі, қара айғырым» поэмасында ақын республика өміріндегі осы үлкен оқиғаны әрі халық ұғымына жақын, қызғылықты әрі жаңаша етіп жырлауға талпынды. Ақынның мұндай жаңалықтарға ұмтылуын поэманың сюжеттік желісі мен композициялық құрылысынан да, сондай-ақ оның стилінен, өлеңдік ырғағы мен екпінінен де байқау қиын емес.

С.Мұқановтың отызыншы жылдарда жазған күрделі шығармаларының бірі — «Ақ аю» поэмасы. Мұнда ақын терістік мұз теңізін зерттеуші кеңес адамдарының тас мінез табиғатқа қарсы табандылықпен жүргізген күресін суреттеуді мақсат еткен. Поэмада суреттелетін торға түскен ақ аю — табиғаттың сол стихиялық күштерінің кеңес адамдарының ырқына көнуінің символы. Бірақ табиғаттың дүлей күшімен арадағы бұл күрес жай ғана жұлқысу емес еді. Сондықтан да С.Мұқанов кеңес адамдарының осы өршіл күресінің өр қасиеттерін жаңаша жырлайды:

Жаңа өмірде адамға адам қастық
Бітпек.
Адам бірлігін мықты тас қып
Алғасын
табиғатқа бұйда тағып,
Жалған тәңір орнына болмақ бастық.

Мұнымен қатар поэма өзінің терең гуманистік пафосымен де бағалы. Кеңес адамын ардақтау, қадір тұту және оның жасампаздық еңбегін мадақтау сарындары поэмаға ерекше шырай беріп, оның идеялық тынысын кеңіте түседі. Ақынның бұл поэмалары оның көркемдік ізденулеріндегі, Маяковский дәстүрлерін дамытудағы сәтті қадамдарын да анық танытты. С.Мұқановтың проза саласындағы ірі шығармаларының бірі — «Сырдария» романы таңдамалының бесінші томын құрайды.

Жазушы өзінің бұл романын Қызылорда су плотинасын салу және Сырдария өзенінің суын пайдалану арқылы құлазып жатқан шөл далаларды игеру тақырыбына арнаған. Бұл роман қазақ кеңес прозасының кеңес адамын көрсетуге, еңбек тақырыбын бейнелеуге мықтап бет бұрғанын белгілеген шығармалардың бірі болып табылады. Осы ретте қазақ кеңес әдебиетінің үлкен досы, бағалаушысы болған тамаша жазушы марқұм А.Фадеевтің бұл роман жайында айтқан, жұртшылыққа кеңінен мәлім емес мынадай бір пікіріне назар аудара кету орынды тәрізді: «Романның материалы Отан соғысының дәл алдындағы кезеңді және

Отан соғысы кезеңін қамтиды. Сырдария ауданындағы суландыру каналы құрылысы және колхозшы қазақтардың Отан соғысы күндеріндегі еңбегін суреттейді. Бірақ романның тақырыбы бұдан гөрі маңыздырақ та кеңірек. Сәбит Мұқанов жаңа адамдарды — кеңестік құрылыс тәрбиелеген қазақтардың аға және жас буындарын көрсетеді. Қарт колхозшы Сырбайдың, инженер Анатолий Владимировичтің тұлғаларын және жастардың — Айбарша мен Дәулеттің образдарын автор әсіресе сәтті жасаған. Роман Мұқановтың және бүкіл қазақ әдебиетінің үлкен табысы деп санауға болады. Роман — Қазақстанның таңдаулы жазушыларының қазіргі заман тақырыбына бет бұрғандығының куәсі... Роман — қазақ әдебиетінің үздік құбылысы»*. С.Мұқановтың жазушылық еңбегінің өзіндік кейбір ерекшеліктерін дұрыс түсініп бағалауда бұл пікірге соқпай өтуге болмайды.

Романда Ұлы Отан соғысы алдындағы бейбіт кезеңнің және соғыс жылдарының оқиғалары суреттеледі. Оның тақырыптық қамтуы да, сюжеттік желісі де күрделі. Романда бейнеленген оқиғалар алуан түрлі арнамен өзара ұласа, өзектесе дамып отырады. Автор егер романның алғашқы бөлімінде кеңес адамдарының сараң табиғаттың мылқау күштеріне қарсы аттанып, оны өз игілігіне жаратуға жан сала кіріскенін бейнелесе, ал шығарманың соңғы бөлімдерінде оқиғалардың өрбитін орны бірде қызу еңбек даласына, біресе оқ бүркіп, от шашқан майдан шебіне ауысып, кезектесіп отырады. Бірақ бұл ретте сол оқиғалар өзара бөлініп алынып, жеке-дара суреттелмейді, қайта жазушы оларды кейіпкерлерінің тағдыры мен іс-әрекеттеріне байланыстыра отырып, ажырамас тұтастықта беруге ұмтылады. Романда суреттелетін образдардың ішіндегі ең тұлғалысы, бедерлісі — Сырбайдың образы. Бұл образдың құндылығы оның көркемдік қуатында, шынайылығында. Жазушы Сырбайдың бейнесін мейлінше толық суреттейді. Автор оның өткендегі өміріне кеңінен тоқталып жатпайды. Бірақ, авторлық шегіністерден және Сырбайдың өзінің ойлары мен еске алуларынан оқушы оның өткендегі өмірін көз алдына айқын елестете алады. Бүкіл романның өн бойында Сырбайдың іс-әрекеттерінен жазушы оның еңбексүйгіштігін, патриоттық сезімдерін баса көрсетуге ұмтылып отырады. Жазушы Сырбай образын ешқандай мінсіз етіп, майдалап көрсету тілегінен аулақ. Ол кейіпкерінің бойында ескі өмірден қалған кейбір

*Фадеев А. За тридцать лет. М.,1957.828 стр.

мінездер мен қылықтарды жуып-шаймай, реалистік түрде суреттейді. Сырбай ескі салт-жоралғыларға, діни нанымдарға сенеді. Бірақ, негізінен алғанда, Сырбай — жаңа адам. Социалистік шындық, жаңа дүние Сырбайды азат еңбектің үлкен өрісіне шығарып, оны рухани жағынан жасартып қана қоймайды, сонымен қатар оның ой-санасын да жаңартады.

Қорыта келгенде, жазушы Сырбайдың іс-әрекеттерін де, жан-дүниесін де өмір шындығына сай көрсетіп, оның шынайы образын жасады. СССР Кеңес Жазушылары одағының Екінші съезінде жасаған қосымша баяндамасында К.Симонов Сырбай образын кеңес прозасындағы ұнамды кейіпкерлердің аса көрнекті, еліктеуге тұрарлық тұлғалы бейнелерінің қатарына қосты. Бұл — Сырбай образына берілген әділетті де жоғары баға еді. Романда Сырбайдан кейінгі тәуір жасалған тартымды образдардың бірі — Полевой. Бұл образ арқылы жазушы орыс халқының қамқорлығы мен достық мейірімін бейнелемек болған. Атап айту керек, ол бұл мақсатын шығармасында белгілі дәрежеде орындай алған да. Мұны Полевойдың жылы шырайы мен жақсы сөздерінен ғана емес, сонымен қатар оның іс-әрекеттерінен де айқын көреміз. Полевой Сырдың суын пайдаланып, шөл далаға жан кіргізуді, сөйтіп табиғат байлығын халық игілігіне жаратуды арман етеді. Өзінің бұл арманын жүзеге асыру жолында ол ғылымның табыстары мен халықтың тіршілік әрекеттерінің тәжірибесін өзара ұштастыра, байланыстыра қолдануға ұмтылады. Әрине, революциядан бұрынғы жұтаң да жүдеу жағдайларда Полевой аршынды адым жасай алмады. Ал кеңес өкіметі жылдарында, халықтың ғасырлар бойғы ежелгі игі армандары қиялдан шындыққа айналуына шексіз мүмкіндік туған шақта ғана Полевойдың іс-әрекеті өнімді нәтижелер береді. Өзінің жасы егде тартып қалғандығына және басқа да қиындықтарға қарамастан ол Сырдың суын канал арқылы пайдалану ісіне елеулі үлес қосады.

Сонымен қатар Полевой образында елеулі кемшілік те бар. Автор Полевойды халықтың қалың ортасында, оның өмірімен жақын да тығыз қарым-қатынаста көрсетемін деп отырып, көп реттерде оны тым қазақыландырып алады. Бұл, әрине, Полевой образына көрінеу қиянат. Жазушы кейіпкерінің ұлттық характерін, пішін-тұлғасын шындық шеңберінде терең де айқын суреттеуге тиіс еді.

Романда суреттелетін жастар тобының ішінде ең алдымен атап айтуды қажет ететіні — Айбарша. Автор бұл кейіпкерінің өмірін кеңінен қамтып көрсетуге, оның

іс-әрекеттерін барынша толық бейнелеуге тырысады. Алдыңғы қатарлы кеңес жастарына тән көптеген қасиеттерді, яғни кедергілерден тайсалмау, еңбек сүйгіштік, халық игілігіне қалтқысыз қызмет ету сияқты сипаттарды Айбарша образынан мол кездестіруге болады.

Бірақ, романда суреттелетін басқа кейіпкерлердің образдары жайында мұны айтуға болмайды. Романның көптеген ұнамды кейіпкерлерінің образдары өмір шындығына сәйкес, толық шықпаған. Бұл кемшілікті ең алдымен Рахмет, Гүлнар, Дәулет образдарының бойынан табамыз.

Романның көркемдік жақтарында да көптеген кемшіліктер бар. Жазушы бұдан бұрын, яғни «Ботакөз» романын жазу үстінде іздене жүріп тапқан шығармашылық тәжірибесі мен көркемдік шеберлігін бұл шығармасында жеткілікті түрде пайдалана алмаған. «Сырдария» романы өзінің көркемдік жетілуі жағынан «Ботакөзден» көп төмен дәрежеде.

«Сырдарияның» көркемдік кемшілігі ең алдымен оның тілінен байқалады. Романда көркем де шұрайлы тіл арқылы берілген образды бейнелеулер, әсем көріністер тым аз. Жазушы образды бейнелеуден гөрі жалаң баяндауға, өз тарапынан түсіндіруге көбірек бой ұрады. Мақала көлемімен шектелгендіктен біз романның бағалы жақтарына да, образдар жүйесіндегі, көркемдік тұтастығындағы кейбір кемшін жайларға да қысқа түрде тоқталып өттік. Қорыта айтқанда, мына бір жәйт даусыз: «Сырдария» романы — бүкіл әдебиетімізде еңбек тақырыбын кеңінен толғап көтерген, шоқтығы биік шығармалардың бірі.

Таңдамалының алтыншы томына жазушының әр кезеңде жазған әңгімелері мен повестерінің бірқатары енген. Оларды автор жазылған уақыттарына қарай хронологиялық тәртіппен берген. С.Мұқановтың прозалық тұңғыш шығармасы — «Түсімде» атты әңгімесі. Мұнда ол алашордашылардың буалдыр тағдырын, жас тілекпен келген жаңа дәуреннің қуанышты сипатын символ-образ арқылы суреттейді. Жазушының әңгімелерінде адамгершілік — мораль тақырыбы да («Азғын»), Ұлы Отан соғысы оқиғалары да («Тіл алушылар», «Батыр қыз»), еңбек тақырыбы да («Алып Айнаш», «Аспаз») баяндалады. Бұл әңгімелердің тәуірлерінен көркем прозаның шағын түрлеріне қажет тұжырымдылық, айқын суреттілік те сезіледі.

С.Мұқановтың алғашқы кезеңде туған повестерінің ішінен ерекше назар аударатыны — «Ақбөпенің сыры».

Мұнда ол кеңес өкіметі қазақ әйелін күндік өмірдің адам айтқысыз азабынан құтқарып, оның алдынан жарқын болашақ ашқанын шынайы түрде суреттей алды. Тақырыбы жағынан «Жарқын жолмен» повесі де осы «Ақбөпенің сырымен» орайлас. Мұндағы Күміс образы Ақбөпе бейнесінің заңды жалғасы есепті. Жазушы повестерінің ішіндегі ең көлемдісі әрі оқиғаға бай қызғылықтысы — «Балуан Шолақ». Бұл шығармасында жазушы тарихта болған атақты әнші-композитор әрі керемет күш-қайрат иесі Балуан Шолақтың өмірі мен тағдырын баяндайды.

Повесть жергілікті билеп-төстеушілер мен патшалық әкімдердің кәріне ұшырап қонысынан, ата мекеннен айырылған ауылдың азалы да ауыр халін суреттеуден басталады. Бұдан әрі автор шығарманың болашақ негізгі кейіпкері жас Нұрмағамбеттің сол қысталаңға ұшыраған елі үшін кек қайтарғаны, урядниктің үйіне өрт салғаны жайында баяндайды. Халық жауларына қарсы күрестегі осы стихиялық сипат Балуан Шолақтың есейген шағындағы, тіпті бүкіл өмір бойындағы іс-әрекеттері мен тайталас-тартыстарына да ортақ. Расында да, Балуан Шолақ революциялық идеяны ұстанған саналы күрескер дәрежесіне жеткен жоқ және жете алуы мүмкін де емес еді. Повесте ол осылай суреттелген де. Бұл жазушының тарихи шындықтан шығандап кетпей, онымен орайласып, қоян-қолтық келіп отырғандығын көрсетеді.

Жазушы Балуан Шолақты еркіндікке ұмтылған, бірақ тура жолды таба алмаған, сөйтсе де күресуден жалықпаған халықтың рухын білдіруші бейнесінде, тамаша талант иесі ретінде суреттейді. Сонымен бірге автордың Балуан Шолақ жайында халық арасында таралған аңыздарды орынды-орынсыз пайдаланған да және шындыққа, өмір құбылыстарына өз кейіпкерінің көзімен қарап кететін мезеттері де бар.

Повестің тілі төгіліп тұрған бай да көркем. Яғни онда ақын қаламынан шыққан прозалық шығармаға тән ерекшеліктер мол.

Мақаланың соңында таңдамалыға байланысты тағы да бірер пікір айту ләзім тәрізді. Таңдамалы аталғанмен, бұл томдарға жазушының таңдаулы шығармаларының талай-талайы кірмей қалған. С.Мұқанов — саяси-үгіттік, философиялық және азаматтық лирика саласында жүздеген өлең жазған ақын. Оның ішінде поэзиямыздың алтын қорына кіргендері де аз емес. Таңдамалыға ақынның сол лирикасының бірде-бір үлгісі, сондай-ақ «Колхозды ауыл

осындай» поэмасы, «Мен кіммін деп мақтанам», «Сырласу» атты лирикалық монологтары мүлдем енбей қалған.

Жазушының драматургиясы жайында да осыны айтуға болады. Өзгесін былай қойғанда, тіпті Шоқан туралы пьесаның да таңдамалыдан орын алмағандығына таңданбасқа болмайды. Бұл ретте баспа қызметкерлері де, автор да ұқыптылық көрсетпеген.

Қазақ кеңес әдебиетінің туып-қалыптасуының басы-қасында болған, оны әрдайым кесек те көркем туындылармен молықтырып келген С.Мұқанов даңқты әрі жемісті шығармашылық жол өтті. Бұл таңдамалыда сол жемісті жолдың бел-белестері, айқын да сара іздері бар.

1958 ж.

ЖАНР ТАБИҒАТЫ

Өскен, кемеліне келген әдебиет өзінің есейгендігін барлық жанрларда бірдей бірегей де тұтас танытуға тиіс. Өйткені белгілі бір әдебиеттің өскендігі, оның даму барысы мен жолдары жайында сөз еткенде сол әдебиеттің әр саласын, әр жанрын бөле-жара, бірінен-бірін ажырата, алалап қарауға тіпті де болмайтындығы әркімге-ақ аян.

Социалистік мазмұндағы ұлттық әдебиетіміз шарықтап өсіп, одақтық, тіпті дүниежүзілік аренаға шыққаны, кеңес әдебиетінің кейбір аса көрнекті қайраткерлерінің оған биік баға бергені жайында бізде әралуан жиналыстарда, зерттеулер мен мақалаларда әрдайым айтылып келеді. Республика жазушыларының бұдан төрт жыл бұрын болып өткен үшінші съезі де осы байлауды айқындай түскен еді. Сондай-ақ, әдебиетіміздің жедел де батыл өсе алмай кенжелеп қалып келе жатқан салалары да бар екендігі, солардың бірі — көркем әңгіме мен очерк екені де сөз болмай қалмады. Бұл қалай? Кемелдену биігіне қарай нық та бекем басып өрлеп бара жатқан әдебиетіміздің даму барысында оның жекелеген жанрларының арасында мұншалықты алшақтық болуы неліктен? Міне, жалпы әдебиетіміз үшін ерекше терең мәні бар осы бір салмақты сұрақ та сол өткен съезде заңды түрде қойылған еді. Ал осы сұрақ әлі күнге дейін өзінің өткірлігін жоғалтпай келе ме әлде енді мәселені басқаша қоюға бола ма және онда нені тілге тиек етпекпіз? Ойласу, пікір алысудың осы бағдарда өрістегені ләзім.

Әдебиетіміздің өткен жолына ой көзімен оралсақ, оның әралуан шырларына барлай үңілсек, онда көркем

әңгіме бізде әдебиеттің өгей туындысы болмағанын, ірі-ірі суреткерлеріміз бұл жанрға әруақыт қалам ұшын тигізіп отырғанын байқаймыз. Қазақ кеңес прозасының ең іргелі, белді шеберлерінің бірі Бейімбет Майлиннің көптеген реалистік тамаша әңгімелері, Мұхтар Әуезовтің «Қорғансыздың күні» мен «Бүркітшісі», Ғабит Мүсіреповтың «Талпақ танауы» мен ана тақырыбына арналған әңгімелер циклы, С.Мұқановтың «Алтын аймағы» және басқалар — осының анық айғағы.

Бұл айтылғандар жиырмасыншы, отызыншы жылдарда әдебиетіміз көркем әңгіменің бірталай жақсы үлгілерін жарыққа шығарғанын көрсетеді. Бірақ осы игі дәстүр соғыс тұсындағы және одан кейінгі жылдардағы әдебиеттеқанатын кең жайып, молынан өрістеп кете алмады. Рас, бұл кезеңде де әңгімелер аз жазылған жоқ. Орта буындағы бірсыпыра жазушылар мен көптеген жас авторлардың әңгімелері жыл сайын жеке кітап болып шығып жатты. Журналдар мен газеттерде де әңгімелер аз басылып тұрған жоқ. Бірақ солар шынтуайттап келгенде, көркем әңгіменің жанрлық дамуы мен молығуында жаңа кезең тудыра алмады. Өйткені, гәп тек санда ғана емес еді. Қазақ кеңес прозасы мен поэзиясы әдебиетіміздің ең жетекші, өскелең жанрына айналды дегенде біздің негізгі өлшем етіп ұстайтынымыз — осы жанрларда туған шығармалардың жалпы санының молдығы емес, ең алдымен сол шығармалардың сапасы, яғни олардың идеялық тереңдігі мен көркемдік кемелдігі ғой. Ал бізде жоғарыда аталған кезеңде туған әңгімелер негізінен бұл талапқа сай болып шықпады, көркемдік жағынан тым олқы, аласа соғып жатты. Мұндай әңгімелерде авторлық жақсы идея жеткіліктікөркемдік шешімін таппағандықтан бедерлі бейнеге айналмай, жалаң да жадағай схемалық күйде қалып қойды. Сондықтан да жазушылық шеберлікті жетілдіре түсу, суреттеу құралдарының алуан түрін жете баурау, сөйтіп шығармашылық жаңа биіктерге көтерілу міндетін өткен съезд әңгімеші-жазушылардың алдына ең басты талап ретінде тартты.

Үшінші съезден бергі уақыт осы талаптың аздап та болса орындала бастағанын байқатады. Мұны жасамыс та, жас та бірсыпыра авторлардың прозаның шағын түрлерімен беріле шұғылданып жүргендігінен де, сондай-ақ бізде көркем әңгіменің дербес жанр ретіндегі мүмкіндіктерінің өрістеп кеңейе түскендігінен де анық көреміз. Соңғы жылдары бізде бірталай әңгімелер жинақтары басылып шықты. Солардың ішіндегі ең

кенеулісі де, қомақтысы да — «Қазақ әңгімелері». Жинақты құрастырған С.Шаймерденов әдебиетімізде әр кезеңде туған әңгімелердің ең тәуір дегендерін таңдап алуға тырысқан. Мұнда М.Әуезов, С.Мұқанов, Ғ.Мүсірепов, С.Бегалин, Ә.Әбішев, М.Иманжановтың ертеректе жазылған, оқырман қауымға ежелден таныс бірсыпыра әңгімелері бар. Бірақ біз оларға талдау беріп жатпаймыз. Біз жинақтағы әңгімелердің уақыт жағынан тек соңғы кезеңде туғандарына ғана назар аударамақпыз. Әңгіме өмір шындығын қамту шеңбері жағынан роман немесе повестен әлдеқайда тараң, тапшы екендігі әркімге-ақ аян. Оны прозаның соқталы жанрларымен бұл ретте ешбір салыстыруға болмайды. Сондай-ақ оларды өзара қарама-қарсы қоюдың да ешбір қажеті жоқ. Рас, әңгіме өмір ағысын, оның қиян-қилы шындығын, уақыт рухынан туындап жататын өткір коллизияларды тұтас күйінде, бар тереңімен көрсете алмайды. Кейіпкер тағдырының бар бұралаңын, өмірлік сапарын сарқа баяндап жату да әңгімеші-жазушының міндетіне кірмейді. Шағын шығармада ол өз кейіпкері тіршілігінің жарқын бір көрінісін, оның характерінің бір ғана қырын көрсете алмақ.

Бірақ өмір шындығына суреткерлік қатынас, кейіпкердің тағдыры мен талайын, іс-әрекетін, рухани келбетін реалистік тұрғыда суреттеу принципі және жалпы көркемдік әдіс жағынан алғанда романшыға да, әңгімеші-новеллашыға да қойылатын талап бірегей. Роман, повесть, тіпті эпопея сияқты әңгіме де өмір шындығын, сезімдер мен идеялардың шындығын бейнелеуге тиіс. Сондай-ақ бұлардың тақырыптық қамтуларының арасында да ешбір ала-құлалық, артық-кемдік жоқ. Осыған орай олардың бірін әдебиеттің қиын жанрына, бірін оңай жанрына, бірін бағалы түріне, бірін арзан түріне жатқыза салуға ешбір болмайды. Роман немесе повесть жазушыдан өмір шындығын кең арналы, терең ағысты, күрделі күйінде бейнелеуді тілейтін болса, ал әңгіме де одан асқан ұсталық, шығармашылық тапқырлық талап етеді. Бұл — жанр табиғатын түсіне білу, оның ерекшеліктерін баурай алу қажет деген сөз. Жинақтағы кейбір әңгімелерді осы тұрғыдан алып талдап көрелік. Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы соңғы жылдарда әдебиетімізге қосылған іргелі шығарма, жаңа леп екендігі даусыз. Жазушының осы жинаққа енген екі әңгімесін оқып шыққанда оның прозашы ретінде дәл осылай жазыла құлаш сермеуі кездейсоқ емес, заңды құбылыс екендігін сезінбей қалмайсың. Бұл әңгімелердің

біреуі («Алғашқы ән») қазіргі уақыт тақырыбына, екіншісі ел арасында ерте заманнан сақталып айтылып келген күй туралы бір аңызды баяндауға арналған. Бірақ осы екеуіне тұтастай ортақ, хас бір қасиет бар. Бұл олардың тақырыптық тамырластығында, яғни екеуінде де ән мен күй өнерінің тууы жайында суреттелетіндігінде ғана емес. Уақыты, сипаты жағынан әралуан екі оқиғаны алғанмен, автор солар арқылы өзекті де нәрлі бір ойды — саф сұлу өнер үлкен сезімнен, терең тербеністен, асқақ арманнан ғана туатындығы туралы идеяны көркем де әсерлі бейнеге түсірген. «Алғашқы ән» әңгімесі жазушының шығарма композициясын құруға шеберлігін көрсетеді. Автор әңгіме кейіпкері Серәлі композитормен және Гауһармен оқушыны салған беттен -ақ аныстырады. Бірақ ол бәрін бірдей ақтара салмай, шым-шымдап ашады. Әңгімеде лирикалық шегініс мол. Осы арқылы автор оқушыны кейіпкерлерінің өткен өмірімен, әралуан тағдырымен осылайша ұтымды таныс етеді. Серәлінің ән-күйге жастайынан әуес болғанын, өз жүрегінің тұңғыш сүйіспендік лүпілін Гауһарға арнаған әнмен айтқанын, оның Ұлы Отан соғысына қатынасқанын, кейін консерваторияға оқуға түсіп, композитор болғандығын, Гауһардың махаббат қасіретін шеккендігін оқушы автордың лирикалық шегіністері арқылы біледі.

Бірақ осының бәрі әңгімені шұбалаңқы етіп жібермеген, оның оқиғалық өрбуін, шымырлығын босаң тартқызбаған. Өйткені автор жоғарыдағы оқиғалар тізбегінің барлығын бірдей тәптіштеп баяндап жатпайды. Кейде авторлық баяндауға берілсе, кейде кейіпкерлердің еске алулары, толғаныстары, диалогтары арқылы да оқиға желісін жалғастырып, өрбітіп жібереді, емеурінмен де көп жәйттерді аңғартады.

Жазушы Серәлі тағдыры арқылы қайнаған өмірдің ортасында, терең де үлкен сезімнен туған және адамға сол абзал қасиеттерді дарытатын музыка ғана кең өріс табатындығын, ал осындай нәрлі негізінен айырылса, ол жүдеу тартып, ешкімге керексіз болып қалатындығын бейнелі түрде көрсете алған.

Т.Ахтанов «Күй аңызы» атты екінші әңгімесін күйдің құдіретті күші туралы тамаша жыр деп атаса да болар еді. Жазушы халық аңызын негізге ала отырып, ондағы өзекті идеяны ақындық алғырлықпен терең де нәзік аша алған. Бұл шағын әңгіме-аңызда сонау бір бағы замандағы Естеместей күйшінің бақытсыз, сорлы тағдыры да, ботасы өліп суалып қалған нарды күй сарынымен идірген оның

құдіретті өнері де, Жаңылдай қарапайым халық қызының тапқырлығы да соншалықты әсерлі суреттелген.

Осы әңгіменің екеуі де ықыласпен, қызғылықты оқылады. Мұның сыры оқиға тартымдылығынан ғана туатын сырттай қызықтылықта емес, қайта ішкі тереңдіктен, психологиялық шындықтан, реалистік бейнеліліктен, оралымды да құнарлы тілден туатын саф әсемдікте. Бірер мысал келтіріп қаралық. Жазушы ботасынан айырылып, жапан түзде жалғыз қалған нарды былай суреттейді: «Нардың түрі жүдеу, бүйірі солып, өркеші қамшылар жағына қисая бастаған. Тамыры қураған ағаштай семіп, кішірейіп бара жатқан ірі тұлғасы, күйіс қайырмай, қыбыр етпей тұрған мүсәпір бейнесі, әсіресе телміре қараған жасқа толы үлкен мөлдір көзі екі күйшіге қатты әсер етті... Нар аяғы жерге кіріп кеткендей ырғала ауыр қозғалып бұрылды да, теңселе аяңдап кете берді. Төбе құйқаны шымырлатып, зарлап боздап барады». Бұл үзіндіні оқығанда көз алдыңа жанды сурет келеді. Сонымен бірге мұнда мал баққан, әсіресе түйе түлігінің жайын жақсы білетін сахара елінің адамына тән жіті байқағыштық та бар.

«Нар идірген» күйінің туу сәтін де жазушы мейірлене, көсіле де толқына суреттейді. Бұл тұста да ол күйшінің шарқ ұрған шабытына, аруананы аңыратып идірген домбыра сазына орай әуезді де бай тіл тапқан. Т.Ахтанов бұл әңгімелерін «Қаһарлы күндер» романымен қатар жазды. Соның әсерінен болу керек, ол кейде, әсіресе алғашқы әңгімесінде ара-тұра реалистік штрихтармен ғана аңдатып кетерлік кейбір мезеттерді, табиғат суретін тым беріле, ұзақ баяндап кетеді. Бұл әңгімелері арқылы Т.Ахтанов прозаның шағын түрлеріне де суреткерлік оңтайы барлығын, психологиялық талдауға шебер екендігін көрсетті. Ол бұл жанрда болашақта да қалам үзбеуге тиіс.

Соңғы жылдары еліміздің өмірінде болған ұлы өзгерістердің бірі — тың игеру жолындағы бүкілхалықтық қозғалыс. Кеңес адамдарының қажырлы да тегеурінді еңбегінің арқасында ғасырлар бойы сауырына қол тигізбеген шетсіз де шексіз шу асау даланың келбеті қайта жасалды. Халқымыздың бұл жасампаздық жігеріне достарымыз қуана сүйсінсе, ал капиталистік кәрі дүние өкілдерінің өздері де таңырқап «ауыздарын ашып, көздерін жұмды». Расында да, кеңес халқы еңбек майданындағы ерлік қимылын бүкіл әлемге паш етті. Кеңес әдебиеті — өзінің табиғаты бойынша белсенді, пәрменді әдебиет. Өйткені, ол еңсесін сәт санап биік көтере түсіп келе

жатқан жаңа дүниенің жаршысы. Кеңес әдебиетінің белсенді әдебиет ретіндегі соны сипаты халқымыздың рухани жағынан өзгеруіне оның тигізіп отырған қуатты, игі әсерінен де, бүгінгі өміріміздің шындығына шапшаң әрі батыл араласуынан да анық көрінеді. Өзінің бұл қасиетін ол тың туралы тақырыпты көтеруде де біраз танытып тастады. Рас, тың тақырыбын біздің үлкен әдебиетіміз тұтастай алғанда әзір жеткілікті баурап кете алған жоқ. Бірақ тың туралы тақырыпқа біздің әдебиетіміз молынан бет бұрғанын атап айтпасқа болмайды. Бірер роман, бірнеше повесть, пьесалар, көптеген очерк, әңгімелер — бұған толық дәлел. Прозаның шағын түрлері бұл тақырыпқа әсіресе мол да ұшқыр барды. Бірақ, неге екені белгісіз, жоғарыда аталған жинаққа осы тақырыпқа арналған бір ғана әңгіме кіргізіліпті. Ол — Ж.Жұмақановтың «Жаңа қоныс» атты әңгімесі.

Қалам сілтесін әдебиеттің әр жанрында бір байқап көргенмен, Ж.Жұмақанов соңғы кезде прозаға қарай ойысты. Мұнысы дұрыс та. Өйткені, ол өз икемділігін осы бағытта тәуір танытып келеді.

Бұл әңгімесінде автор тың жерді игеру халықтың өмірі-не, тұрмысы мен салтына қандай өзгерістер, жаңалықтар ала келгенін шағын оқиғалар тізбегі арқылы аңдатуды мақсат еткен. Бұл ойына ол белгілі дәрежеде жете алған да.

Тың игеру жолындағы күрес «алыс өңірде жым-жырт тұрған жеті-сегіз үйлі кішкене разъездің» өмірін де жаңғыртып жібереді. Жақын жерден орналасқан тың совхозы өзінің қайнаған тіршілігінің аясына разъезді де тартады. Жазушы мұны жалпылама көріністермен де, жол қараушы Досай мен су тасушы Жақып және олардың балалары Темірбек пен Жаңылдың іс-әрекеттері арқылы да нанымды көрсетеді.

Автор Досай мен Жақып сияқты қарттардың бейнелерін әсіресе қызғылықты етіп берген. Жазушы реалистік детальдар мен шынайы штрихтар арқылы олардың ой-арманын, интеллектуалдық дәрежесін даралап суреттей алған. Бұл екі қарт сырттай тон пішіп, Темірбек пен Жаңылды атастыруды ойлайды. Бұл олардың ой — өрісіне, характерлерінің шындығына сыйымды да. Бірақ олар, әрине, батыл әрекет жасай алмайды, көбінесе іштей тынып, сырттай тілек тілеумен болады. Ал жастар өз жүректерінің қалауын табады. Темірбек Анюта деген орыс қызымен, Жаңыл Володя деген орыс жігітімен танысады. Мұны сезген қарттар, әсіресе Жақып бұлқан-талқан болады.

Жазушы осылайша кейіпкерлерінің арасындағы көзқарас, наным, ой — өрісі алшақтығынан туындайтын өткір тартысқа меңзейді. Бірақ ол соны өршітіп, шиеленістіріп әкетпей, тартыс арқауын босаңсытып жібереді. Кемпіріне, қызына қатты ашуланған, Володяға ызасы келген Жақып ұшты-күйлі жоқ болып, бір жаққа кетіп қалады. Сөйтсе ол Москва түбіндегі бір қалаға, Володяның бұрынғы тұрған жеріне кеткен екен. Ол Володяның шешесін, қарындасын, жолдастарын көреді. Олардың арасындағы диалогты автор былай береді:

— Володяның денсаулығы қандай?

— Біздікінде бірнеше болды, денсаулығы мықты сияқты, өзі орамды жігіт көрінеді.

— Ең жақсы адамымыз еді, — деді Семен, — комсомол ұйымы әдейі таңдап жіберген болатын.

— Заводта комсомол көп пе?

— Үш жүзден асады.

— Володя сол үш жүздің ең таңдаулысы ма еді? — деп Жақып тағы бір керек сұрағын жүтіртіп қалды.

— Иә, ең таңдаулысы еді.

Осыдан кейін жазушы кейіпкерін ештеңе сезбегендей, қаннен-қаперсіз момақан күйге түсіре салады. «Жақып жаңа совхоз жайында кең отырып, шамасы келгенінше мақтай сөйледі. Тіпті Жақып осы заводтан дәл бір жаңа совхозға қосымша адамдар алуға келген арнаулы өкіл сияқты көрініп кетті» деп баяндайды автор. Әрине, мұның бәрі оқушыда жасандылық сезімін туғызады. Жазушы Жақып Володяның кім екенін жақсырақ білу үшін оның туып-өскен жеріне әдейі барды деген емеурін жасайды. Бірақ мұның да еш орайы жоқ. Өзі сәтті тауып ала білген тартыс желісін жеріне жеткізе өрбітіп барып тарқатқанда, кейіпкерінің іс-әрекетін оның характерінің шындығына сәйкестендіріп бере білгенде Ж.Жұмақановтың әңгімесі бұдан да тәуір бола түсетін еді.

Көркем әңгімеде автордың негізінде бір ғана өзекті идеяны таңдап алғаны және оқиғаны соның төңірегінде өрбіткені, қосалқы желілерге көп алаңдамағаны жөн. С.Шаймерденовтың «Көршінің кесірі» атты әңгімесінде бала тәрбиесі тақырыбы қозғалады. Бұл тақырыпқа ол «Болашаққа жол» романында да барған болатын және оны жас адамның қалыптасу жайымен ұштастыра шешуге тырысқан еді. Ал мына әңгімесінде ол басқаша тәсіл қолданады, салыстыру әдісін пайдаланады. Әңгімені ересектер де, балалар да қызыға оқиды. Мұның сыры онда бала да, ересек те кейіпкерлердің барлығында ғана

емес. Автор солардың характерін, іс-әрекетін қызғылықты суреттей алған.

Оқушының көз алдынан екі түрлі ана, екі түрлі бала өтеді. Әлпеш баласы Тұрарды құр жақсы көріп өбектегеннен, әншейін әлпештей бергеннен басқаны білмейді. Ал Гүлжәмиланың характері, түсінігі бұдан өзгеше. Ол баласы Қамбарды өмірге икемді, еңбекті жақсы көретін, ширақ та елгезек етіп өсіреді. Автор кейіпкерлерінің осындай әралуан характері мен іс-әрекеттерін осылайша қарама-қарсы қоя, салыстыра отырып, шебер тоғыстырады, оқушыға ой тастайды. Әңгіменің «Көршінің кесірі» аталуында да астар бар. Мұнда автор Әлпештің ой аңғарын, райын танытады және ишара юмормен қағытады. Тұрардың қиын халге душар болуы көршінің кесірінен емес, шындап келгенде, Әлпештің өзінен, оның теріс тәрбиесінен.

Автор бала кейіпкерлеріне, әсіресе Әлпешке сөздік сипаттаманы орайлы тауып бере білген. Сөйтсе де, әңгімеде біраз шұбалаңқылық, бірсарындылық барлығы байқалады.

Соңғы жылдарда бізде көркем әңгіменің тақырыптық аясы кеңи бастады. Бұрын газет, журнал беттерінде жарияланған немесе жекелеген жинақтарға енген әңгімелер көбінесе мал шаруашылығының маманы, еңбек ері жайында болып келетін. Әрине, бұл айтылғандардан мұндай тақырыптарға әңгіме жазбау керек деген ұғым тумайтындығы өзінен-өзі түсінікті. Қайта бұл тақырыптарға жазған үстіне жаза беру қажет. Сонымен бірге басқа да көптеген тақырыптар барлығын, соларды да қамту керектігін естен шығаруға болмайды. Мұны ұлан-ғайыр бай өміріміздің алуан түрлі шындығының өзі талап етеді.

Қазір бізде өндіріс тақырыбына, техникалық интеллигенция жайына арналған әңгімелер жиі бой көрсете бастады. Солардың ішіндегі ең тәуір, маңыздыларының бірі — Т.Нұртазиннің «Мазасыз жан» атты әңгімесі. Мұнда айқын характерлі, алуан сырлы жандар бар. Солардың ішінде әсіресе жарқын көрінетіндері — заводтың бас конструкторы Орлов пен заводтың директоры Сабыр Тайлақов. Бұлардың екеуі де өз заводының мерейі үстем болуын тілейді, сол үшін жан сала күреседі. Бірақ олар бірінің бірі көлеңкесі, көшірмесі емес. Жазушы кейіпкерлерінің бейнелерін, характерлерін еркін даралай алған. Сабыр өз ісіне мығым, біртоға байсалды, ой топшылауы жүйрік, нағыз шаруақор адамның кейпін танытса, ал Орловта тыным таппай ізденгіштік, жаңалыққа жан сала ұмтылушылық басым. Осыған орай оның мінезі де

өткір, албырт, өзі тура тілді. Ол талай кедергілерге де душар болады. Бірақ орта жолда қалып қоймайды, дегеніне жетпей тынбайды. Ақыры ол өзінің жаңашылдық ұсынысын, жаңа жобасын өткізеді.

Жазушы бұл екі кейіпкерінің әр сәттегі көңіл толқындарын, жан қалтарыстарын да нанымды ашып тастап отырады.

Әңгімеде өз мінезімен, өзіндік тұлғасымен танылатын кейіпкерлердің бірі — Никитин. Министрлікте техникалық басқарманың бастығы болғанмен ол — өмірден қалып қойған, жаңалыққа қарай баспайтын, кеңсекүшік, консерватор жан. Автор оны тікелей суреттемейді. Бірақ Сабыр мен Орловтың ой толғаныстары, ол жайындағы сөздері және оған қатынасы арқылы оқушы оның қандай адам екенін тапжылтпай танып отырады. Жалпы алғанда Т.Нұртазин бұл әңгімесі арқылы жазушылық қабілетін, өмір шындығынан құнарлы ситуацияларды, оқиғаларды мол қарбытып алуға, адам характерлерін тап басып таба білуге икемділігін танытты. Бірақ әңгімеде бір елеулі ақау бар. Бұл оның тілінің ала-құла, кедір-бұдырлығында. Мәселен, мынадай тіркестерде қандай көркемдік барлығы бізге беймағлұм: «Ташкент-кабель» заводы жоғары бағалап қабылдаған «ВМ-14» стан бас конструктордың проект жасауда бас болып қатынасқан, ішінен шыққан перзент Владимир Владимирович оның бойына орынсыз мін тағуына қандай төзбесе, бойынан табылған мінді бүркеп қалуға одан бетер көнбейді. Сондықтан ол станнан табылған елеулі олқылықтарды білуге асықты». Көркем шығармада, оның ішінде әңгімеде де кейіпкерлердің сөз байлауы, ой тұрғысы және ішкі монологтары авторлық баяндауға әсер етіп отыратын шақтары болады. Өйткені бұл — кейіпкердің жан сарайын, сөйлеу ерекшеліктерін айқынырақ байқату үшін қажет жанама тәсілдердің бірі. Бірақ бұған орайлы кезеңде, ділгір болған шақта ғана бару керек. Әйтпесе, шығарма тілі шұбарланып кетпек.

Әңгіме жанрына соны тақырып, шығармашылық тың тыныс әкелген жазушылардың бірі — Зейін Шашкин. Ол көбінесе өзіне жете таныс дәрігерлер өмірі жайында жазады.

Көркем әдебиеттің міндеті — адамды рухани жағынан байыту, ой — өрісін кеңейту, оны өмір сүруге, күресе білуге үйрету екендігі аян. Бірақ ол мұны дидактикалық күйде емес, бейнелі түрде береді. Дидактика неғұрлым тереңде жатса, шығарма солғұрлым ұта түспек. З.Шашкиннің бірсыпыра әңгімелері осы қасиетті жақсы танытады.

«Дәрігер қатесі» атты әңгімесі З.Шашкиннің шығарма композициясын құруға, диалогқа шеберлігін байқатады. Сырттай қарағанда дәрігер қателігін суреттеудің жазушы үшін ешбір қажеті жоқ сияқты. Қайсыбіреулердің мұнда қандай идея болуы мүмкін деп ойлауы да ықтимал. Шындығында бұлай емес. Жазушы әралуан адамдардың характерін, іс-әрекетін, өзара тартысын, жаза басуларын оқиға барысында ашып беру арқылы бейнелі түрде тағлым айтады. Бірақ әңгімеде авторлық позицияның ара-тұра көмескі тартып кетуі оның жалпы құндылығын біраз әлсіретеді.

З.Шашкин реалистік штрихтарға, психологиялық сипаттама беруге, кейіпкерлерінің ішкі монологтары арқылы оларды мінездеуге шебер екендігін «Дос ойы» атты басқа бір әңгімесінде әсіресе мол аңғартады. Жас дәрігер қыз Гүлсімнің сүйіспендік сырын, махаббат тағдырын баяндай отырып жазушы астарлы түрде тағы да ғибрат айтады және оны соншалықты нәзік жеткізеді. Бұл әңгімеде де әртүрлі характер, әралуан кейіпкер бар. Жазушы олардың барлығын бас-басына арнайы суреттеп жатпайды. Тұрар да, Әли де көбінесе Гүлсім арқылы көрінеді. Жазушы Гүлсімді әртүрлі оқиғаларға, қиян-қилы сезім дауылдарына душар етеді. Солардың бәрін бастан кешіре жүре Гүлсім әрнәрсені барлай аңғаратын, өмірге ойлы көзбен қарайтын болады. Жазушы мұны нанымды суреттейді. Өмірде Әли сияқты әуел бетте сүйкімді болып көрінетін аярлар да, Тұрар тәрізді тұнық сырын тереңдете ұстайтын абзал жандар да бар. Олардың алғашқысынан сақтана, соңғысын тани білу керек. Автор Гүлсімнің махаббат тағдыры арқылы оқушыны осындай ой аңғарына меңзейді.

З.Шашкиннің ең тәуір әңгімелері оның өмірге жіті үңіліп, адамдарымыздың бойындағы жақсы қасиетті, жаңа қарым-қатынастарды көре білетінін, суреткерлік сергектігін танытады.

Қазақ кеңес әдебиетінде көркем әңгіме жанрын дамытуға зор үлес қосқан, осы жолда тынымсыз да мол еңбек сіңірген жазушылардың бірі марқұм Мұқан Иманжанов еді. Республика жазушыларының үшінші съезіне дейін ол оқушылар қауымына «Алғашқы айлар» повесін, бірнеше пьесалары мен әңгімелер жинақтарын ұсынды. Өмірінің соңғы кезеңінде ол көбінесе әңгіме жанрымен шұғылданды. Оның бұл әңгімелері 1955 жылы «Тыңдағылар» деген атпен жеке кітап болып шықты.

М.Иманжановтың шығармашылық мұрасы тақырыптық жағынан әралуан. Бірақ солардың барлығына ортақ бір қасиет болатын. Мейлі қай тақырыпқа жазса да, кеңес адамдарының адамгершілік үлкен қасиеттерін, жан қуатын бейнелеуге өзінің суреткерлік назарын ең алдымен аударатын. Жазушының соңғы әңгімелер жинағы да оның сол бағыттан танбағандығын, айнымағандығын көрсетіп еді.

Әңгіменің жанрлық ерекшеліктері оның көлемінің шағындығында ғана еместігін, оның өзіне тән табиғаты, ішкі заңдылықтары барлығын біз жоғарыда орайы келгенде айтып едік. Әңгімеші-жазушы осыны ескеруге, солардың шегінен шығып кетпеуге тиіс. Бірақ мұны жазушының іздену өрісін тарылту, оның қиялына тұсау салу деп ұқпау керек.

Біздіңше, шағын әңгімеде толып жатқан оқиғаларды қамтимын деп әрекеттенудің қажеті жоқ. Шағын әңгімеде көбінесе бір ғана типтік оқиғаны алып, соның әлеуметтік мәнін терең ашып көрсеткен жөн. Ал егер әңгімеде бірнеше оқиға суреттелсе, олар ажырамас тұтастықта алынуға және бірінен — бірі заңды түрде туындап жатуға тиіс. М.Иманжановтың жазушылық манерасына осындай ерекшелік хас еді. Оның «Үй» деген әңгімесінде бірнеше оқиға желісі бар. Бірақ жазушы осы оқиғалардың ыңғайына түсіп, әрқайсысын өз алдына баяндамайды. Әңгіменің кейіпкері Гришаның басынан кешкен оқиғаларын, оның Надямен және суретші Сәлімовпен арасындағы жайларын жазушы кейіпкерлердің өз атынан берілген баяндаулар арқылы шебер аңғартады.

Бұл әңгімеде диалог ерекше қызмет атқарып тұр. Мұнда диалог кейіпкерлердің не жайында сөйлескенін білдіріп, олардың характерлерін айқындап қана қоймайды, сонымен қатар автордың болған оқиғаның ішкі мәнін тереңірек аша түсуіне де септігін тигізеді. Әңгімеде сырттай бұрқырап, қабындай өрбіп жатқан тартыс жоқ. Ол көбінесе психологиялық сипатта өрістейді. Жазушы шығарманың оқиғалық желісін кейіпкерлерінің сыр-сезіміне, олардың характерлерінің шындығына сәйкестендіре отырып өрбітеді. Бұл оның әңгімесіне лирикалық шырай, ерекше бір жұмсақтық береді.

Жинаққа енген әңгімелердің ішінде арнайы тоқталуды қажет ететіндерінің бірі — «Есеновтың тағдыры». Мұнда жазушы тың игеріп жатқан жерге келіп қызмет етіп жүрген Есенов деген хирургтың тағдырын суреттейді. Әңгіменің

бас жағында Есеновтың өз ісіне қалтқысыз берілген адам екені, сондықтан да жұрттың бәрінің оны сыйлайтындығы баяндалады. Осыдан кейін жазушы оқырманды кейіпкерінің өткен өміріне үңілдіреді. Бұл ретте ол сөзді кейіпкердің өзіне береді. Яғни әңгіменің негізгі өзекті оқиғасы кейіпкердің атынан баяндалады.

Жазушы баяндаудың мұндай тәсілінің қиындығына қарамастан кейіпкерінің рухани дүниесін, психологиясын әсерлі бейнелеген. Есенов университетте өзімен бірге оқыған Биғайша деген қызды сүйеді. Бірақ түрлі себептермен оның бұл сезімін суытуына тура келеді. Кейіпкердің осы тұстағы жан толқындары, ішкі тебіреністері нәзік те әсерлі берілген.

Біздің әдебиетімізде соңғы жылдарда сатиралық бағыт кең өріс алды. Алға қарай қажырлылықпен дамуымызға қырсығын тигізетін кеселдерді, ескіліктің әсерінен арылып болмаған адамдарды әшкерелейтін уытты шығармалар әдебиетіміздің қай жанрында болса да туа бастады. Бірақ дәуірені өткен, келешегі жоқ ұнамсыз құбылыстарды әшкере етуді тек арнайы сатиралық шығармалардың ғана үлесіне беріп қою жаңсақтық, ағаттық болар еді. Сатиралық уыт пен әшкерелеушілік сарындарды қандай шығарманың болмасын сюжеттік арқауына араластыруға болады. Гәп тек суреткердің сол ұнамсыз құбылыстарды жіті коріп, әшкерелеушілік құралдарымен өткір түйрей алуында.

М.Иманжанов жақсылыққа жаны құштар, жаңалыққа іңкәр жазушы еді. Ол өзінің шығармаларында көбінесе игі де жарқын нәрсені бейнелейтін. Сонымен бірге ол соңғы кезде өз талантының соны бір қыры, яғни сатирашылық қабілетін де анық таныта бастап еді. Жазушының «Аттаныс алдында» деген әңгімесін мысалға алып қаралық.

Әңгіменің кейіпкерлері Зейінгүл мен Кәрім ойда жоқта танысады. Келбетті, инабатты жас жігіт қыз жүрегін тез баурайды. Екі жас ұғынысқандай болады. Үкімет пен партияның үндеуіне жауап ретінде жастар тыңға аттануға дайындалады. Осы еріктілердің жиналысында Кәрім жалынды сөз сөйлеп, жастарды тыңға аттануға шақырады. «...Кімде-кім Отанды сүйсе, оның көркеюін тілесе, кімде-кім халқымыздың игілігі жолында даламызда жаңа өмір бастап, тұрмысымызды шалқытқысы келсе, ол адам бөгелместен тыңға тартады, ендігі еңбекті тыңнан бастайды...» — деп жар салады ол. Кәріммен және өзінің құрбыларымен бірге тыңға Зейінгүл де аттанбақ болады. Бірақ шынтуайттап келгенде, Кәрім тыңға барудан жалтарады және ол

Зейінгүлге де қалада қалуды мәслихат етеді. Зейінгүл сүйген жігітінің мұндай зымияндығынан жирене түңіледі. Өйткені жаны жалған адамның сезімінде де адалдық болмақ емес. Ақыры Зейінгүл құрбыларымен тыңға аттанып кетеді, ал Кәрім жалғыз қалып қояды. Ол өз сазайын осылай тартады. Мұндай аяр жанды адамдар сүйіктісі, жолдастары түгіл, қысылшаң кезде Отанды, халықты сатып кетуден де тайынбайды. Олар әдемі-әдемі сөздер айтады. Сырт көзге мінсіз болып көрінеді. Сондықтан да олар әсіресе қауіпті. Іште жатқан сұмдығын көлегейлеп жасырған мұндай адамдарды тани да, олардан сақтана да білу керек. Әңгіме оқушыны осындай ой түйініне әкеледі. М.Иманжановтың тыңдағылар туралы шығармалары осы тақырыптас әңгімелердің ішінде ең бір тәуірлері деп атауға әбден болады. Денсаулығының әлсіздігіне қарамастан ол тыңда талай рет болып, ондағы өмірді сарыла, көп зерттеді. Осындай көп ізденудің нәтижесінде жазушының көлемді де күрделі шығарма беретіндігі шексіз еді. Бірақ қыршынынан үзілген талант бұл ойын тәмамдай алмай кетті.

Прозамызды, оның ішінде көркем әңгіме жанрын дамытуға М.Иманжанов аз үлес қосқан жоқ. Оның адам атын ардақтау рухына толы, ойлы да жарқын шығармашылық мұрасынан жас қаламгерлер көп нәрсе үйрене алмақ.

Жас прозашыларымыздың ішінде әңгіме жазумен ден қоя шұғылданып жүрген авторлар аз емес. Солардың ішінде Б.Соқпақбаев, Р.Әутәліпов, Қ.Исабаевтың есімдерін ең алдымен атауға болар еді. Бұрын балаларға арнап көптеген қызғылықты да татымды шығармалар жазған Б.Соқпақбаев көркем әңгіме тудыруға да өзінің ысылып қалғандығын, кемелдену жолында келе жатқанын танытады. Соңғы кезде ол тақырып кеңдігіне ұмтылып жүр. Оның «Бекен», «Ортақ қуаныш, «Нағашы» сияқты әңгімелері нәрлі идеясымен де, көркемдік құнарлығымен де назар аударады. Жас жазушы құйтырқы, шытырман ситуациялар іздеп жатпайды, қарапайым оқиғалардан да көңіл аударарлық, ой салырлық мағына таба біледі. Б.Соқпақбаевтың «Мен былай үйлендім» деген әңгімесі кезінде жұртшылық арасында екіұдай пікір туғызды. Оны қызғылықты шынайы шығарма деушілер де, идеясы күңгірт, көмескі сарынды нәрсе деп бағалаушылар да болды. Расында да, әңгімесінің оқиғасы қызғылықты, тілі де шұрайлы. Сонымен бірге мұнда жазушының өзіндік бір тың авторлық тұрғы ұстағаны, басқалар жүріп өткен жолды тағы да қайта шиырлағысы келмегендігі сезіледі.

Әңгіменің ұзын-ұрғасы мынадай: Әңгіменің негізгі кейіпкері Бектас Нағима деген келіншекпен кездеседі. Екеуі

ұғынысқандай болады. Бірақ артынан бұлар бір-бірімен көріспей, аралары үзіліп кетеді. Бектас Галя деген қызбен танысады. Бірақ ақырында ол Нағимамен қайта кездесіп, ақыры соған үйленеді. Мұнда автор оқиға желісін өзгеше өрбітеді, тартыс талқысын жаңаша шешуге ұмтылады. Адамгершілік, мораль тақырыбына арналғанмен, мұнда жадағай ғибрат, көрнеу ділмәрсу жоқ. Оның ықыласпен оқылатыны да осыдан. Бірақ осы тәуір әңгімеде елеулі бір кемшілік бар. Бұл автордың әңгіме кейіпкерлерінің бірі Галяның тағдырына енжар салғырттықпен қарауы, оның рухани драмасын тереңдеп ашпауына байланысты. Әңгіменің ең соңында мынадай бір жолдар бар: «Ал әлгі Галя болатын болса, ол да бір тамаша ақылды қыз еді. Реніш туғызудың орнына қайта Нағиманың маған қосылуына көп кеңес беріп, себін тигізді. Бірақ кейін онымен бірге оқыған бір жолдас қызына кездескенімде оның бірнеше ай бойына қатты күйзеліс шегіп, жүдеп кеткенін айтты».

Дәл осы арада автор әрі жалған, әрі келте айтып отыр. Кейіпкерді де, оқырманды да бұлайша бастан сипап, алдарқатудың не қажеті бар? Галя да — жүрегі, сезімі бар жан ғой. Оның қызғанышы, көңіл налысы, сыр-толғаныстары қайда? Автор оны неге тереңнен толғап, нанымды суреттемейді. Әлде ол мұның бәріне үңілсем, шығармаға қосалқы желілер енгізіп шұбалтып аламын деп ойлаған болар.

Бірақ бұл да — жаңсақ ұғыныс. Шағындық, тұжырымдылық көркем әңгіме үшін, әрине, мейлінше қажет. Әңгімеде әрбір эпизод, жекелеген деталь, әр фраза орнымен келуі және тиісті қызмет атқаруы керек, Көркем сөздің нағыз шеберлерінің өз шығармаларында ойлы да қажетті шағындыққа ұмтылып отырғаны — біздің жазушыларымыз үшін үлкен өнеге. Бірақ шағындықты дара қасиет етіп алып, шығарманы қайткенде да қысқа етуге тырысудың қажеті жоқ. Шығарманың идеясы терең, толық ашылған күнде ғана оның шағындығы өзін — өзі ақтайды. Ал бұлай болмаған жағдайда шығарма тым келтеленіп, сырдан тартып кетеді. Жас жазушы осы жәйтті бекер-ақ ескермеген.

Б.Соқпақбаевтың бірсыпыра әңгімелері юморлық, сатиралық сарында жазылған. Оның «Кездесу», «Балалар мен аналар», «Көйлек мәселесі» сияқты әңгімелері езу тартқызар, жаймашуақ жылы юморға толы. Бірақ автордың нағыз уытты сатираға, ащы сарказмға көтерілмейтін сәттері бар. Оның «Сөгіс» деген әңгімесін мысалға алып қаралық.

Бұл әңгімеде ішкілікке салынған екі адамның арасындағы оқиғалар баяндалады. Әңгімедегі аяққиім фабрикасының уақытша директоры Сартымбетовтың өз кабинетінде көзі жасаурап, ауық-ауық есіней түсіп, «манаурай беруінің себебін» оқушы кешікпей-ақ біледі. Ол... біраз ішіңкіреп алған екен. Сартымбетов мұнымен де тынбайды. «Жоғарғы жақтан» қаймыққан ол өзінің бөтелкелесі Қасымовқа маскүнемдігі үшін сөгіс жариялайды. Қасымов бұған өкпелеп қалады. Бірақ екі дос кешікпей қайта табысады. Екеулеп Қасымовтың сөгісін «жуады» және енді «қызмет уақытында ішуден тыйылуға» уәделеседі. Осыдан кейін автор әңгімені былайша аяқтайды:

«Тағы жүз грамм құйып жіберіңіз! — деді Қасым буфетші әйелге.

Екеуі стакандарын сыңғыр-сыңғыр соғыстырды да, шалқая беріп, тастап-тастап жіберді». Бұл әңгімені оқып шыққанда автордың өзі жазып отырған материалды жете зерттегенін, кейіпкерлерінің, яғни ішімдікке салынған адамдардың өмірін, психологиясын жақсы білетіндігін аңғару қиын емес. Әңгіменің тілі де нәрлі, шұрайлы. Кейіпкерлердің диалогтары арқылы да автор олардың характерлерін оқушыға айқын сездіреді. Мұның бәрі де жақсы. Бірақ ең басты нәрсе мұнда емес. Осы әңгімесінде автор оқушыға нені көрсетіп, нендей идея ұсынып отыр және қалай ұсынып отыр? Міне, мәселе осында.

Жоғарыда айтылғандай, әңгіме кейіпкерлері — маскүнем жандар. Әңгіменің аяғында олар қызмет уақытында арақ ішпеуге (қызметтен бос уақытта ішіңкіреп алуды олар тіпті де теріс көрмейтін тәрізді және кейіпкерлерінің мұнысына автордың өзі де онша қарсы емес сияқты) уәделеседі. Бірақ олардың бұл уәделерін орындауы да тым күмәнді. Әңгіменің бүкіл өн бойындағы олардың іс-әрекеттері де, шығарманың ең соңында стакандарды сыңғырлата соғыстырып, шалқая беріп тастап-тастап жіберуі де (бұл сәтті автор да мейірлене, тілдің майын тамыза суреттейді) мұны анық байқатады. Сөйтіп, автор өзінің маскүнем кейіпкерлерін зілсіз ғана қағытады, олардың «қызық» қылықтарына сырттан қарап езу тартады. Мүмкін, жазушы ішімдікке салынған адамдарда пәтуа, тұрлау болмайды деген ойды аңғартпақ мақсат көздеген шығар. Бірақ бұл да жеткіліксіз, мұнымен ақталуға болмайды. Мұндай өткір тақырыпты, яғни түрмыста әлі кездесетін ең бір зарарлы кеселге қарсы күрес тақырыбын бұлайша шешуге, әрине тіпті де болмайды. Автор мынадай халге

душар болған кейіпкерлерін өткір әшкерелеуге және бұл тұста өзін бейтарап ұстамай, суреттеліп отырған оқиғаларға, кейіпкерлерінің іс-әрекеттеріне деген ешқандай ымыраға келмейтін өзіндік қатынасын айқын танытуға тиіс еді. Бірақ ол бұлай етпеген. Соның салдарынан өзі қаншама мәнерлеп, құлпырта суреттегенімен оның әңгімесі идеялық құндылығы жағынан биіктеп кете алмаған.

Автордың өзі де мұны жақсы сезген болу керек. Өйткені кейін «Туысқан» атты әңгімесінде ол осы тақырыпқа қайта барғанда мүлдем басқаша авторлық қатынас аңғартты. Мұнда жазушы әңгіме кейіпкері Әбдіғалық дегеннің маскүнемдігін, байлаусыздығын жер-жебіріне жетіп, тамтығын қалдырмай әшкерелейді. Бұл ретте ол ұтымды оқиғалар, дөп тиетін өткір эпизодтарды тапқырлықпен іріктеп ала білген.

Б.Соқпақбаевтың бір тақырыптас осы екі әңгімесін салыстыра талдағанда сатиралық шығармада авторлық позицияның айқын да берік, уытты болып келуінің қаншалықты маңызы барлығын, ал ол көмескі берілсе, шығарма идеясы да солғын тартатындығын анық көреміз.

Жас жазушылардың ішінде прозаның шағын түрлерімен беріле шұғылданып жүрген және осы саладағы өзіндік ізденулерін, қалам сілтесін айқын танытқандардың бірі — Р.Әутәліпов. Оның «Сабантой», «Юбилей», «Алуа», «Нан-тұз», «Әке досы» атты әңгімелері шынайы прозаға тән байсалдылық, есейгендік аңғартады. Бұлардың ішінен соңғы екеуін әсіресе бөліп айтқан жөн. «Алуа» атты әңгімені тіпті шағын повесть деп атаса да болар еді. Өйткені, мұнда өз бойларына лайық іс-әрекетпен, характерімен дараланып берілген бірсыпыра кейіпкерлер, көркемдік тиянақ тапқан бейнелер бар. Солардың ішінен автордың ең мейірлене әрі жеткізе суреттеген кейіпкері — Алуа. Жазушы оның отбасылық тұрмысын да, еңбектегі өмірін де, адамгершілік қасиеттерін де соншалықты нанымды, ерекше бір жылылықпен көрсете алған. Алуаның майданда жараланып қайтыс болған сүйікті жары Уақасқа деген айнымас та адал сезімінен, атасы Шаманы аса қадір тұтып ізет көрсетуінен, ұстамды да тұнық мінезінен нағыз қарапайым қазақ әйеліне тән рухани тазалық, жан қуаты сезіледі. Автор да кейіпкерінің осындай абзал қасиеттерін ешбір әсіре қызылдыққа, сыртқы жалтылдақтыққа бой ұрмай, байсалдылықпен нанымды түрде ашады. Әңгіменің Шама, Мағаз, Күдері, Ақыш сияқты кейіпкерлері де өз

бойларына сай сипаттарымен көрінеді. Олар да — өзімізге таныс, өмірде ұшырасатын жанды адамдар. Бұларды да осылай суреттей алуы, әрине, автордың шеберлігін танытса керек. Көркем әңгіменің кімнің атынан және қалай баяндалуының да мәні ерекше. Әңгіме оқиғаларын кейіпкерлердің өз атынан баяндау әсіресе қиын. Мұнда баяндау әрі шығарма идеясын оқушыға әдеттегідей толық жеткізуте әрі әңгімелеуші кейіпкердің характеріне, ой өрісіне, интеллектуалдық дәрежесіне сәйкес болуға тиіс. Бұл ретте кейіпкер автордың өз тілімен сөйлеп кетпеуіне, болып жатқан оқиғаларды автордың тұрғысынан қарап бағалап қоймауына мұқият болу керек.

Көптеген жас жазушылар осыны ескере бермейді. Р.Әутәліпов те кейде осы кемшілікке бой алдырып қалады. Оның «Нан-тұз» атты тамаша әңгімесіне де осы бір кемшілік сәл дақ түсіріп тұр.

Бұл әңгімеде украин және қазақ халықтарының арасындағы достық көрсетілген. Әңгіме кейіпкерлерінің бірі Тищенконың бейнесі арқылы автор украин адамының достыққа беріктігін, оның жолдасқа деген кең пейілі мен мол мейірімін әсерлі суреттейді. Бірақ осы жақсы әңгімеде, жоғарыда айтқанымыздай, бір олқылық бар. Әңгіме бір жас баланың атынан, соның ой тұрғысынан баяндалады және онда сол жас баланың ой-өрісі, зердесі жете бермейтін көп жайлар айтылады. Сондықтан да әңгіме кейбір реттерде оқушыда жасандылық сезімін туғызады. Яғни кейіпкер өз бойына шақ тілмен сөйлемей, авторға тән сөздерді айтады. Осы кемшілік жылы лепке, шын ықыластық сезіміне толы бұл әңгіменің әсер етушілік күшін едәуір солғындатып тұр. Бірақ тұтастай алғанда Р.Әутәліповтың әңгімелері ысылып, ұшталып қалған шеберлік танытады. Жас жазушы кейіпкерлерінің лирикалық ішкі монологтарын беруде әсіресе нәзік алғырлық көрсетеді. Осы тәсіл арқылы ол кейіпкерлерінің жан дүниесін әсерлі ашып қана қоймайды, сонымен бірге шығармасының сюжеттік арқауын да қызғылықты етіп, ширата түседі.

Р.Әутәліпов әңгімелерінің тілі шұрайлы, суретті. Ол сырттай жалтылдақ, әйтеуір әдемі сөздерге үйір емес. Суреттеп отырған нәрсесін дәл жеткізіп берерлік тіл табуға ұмтылады. «Алуа» атты әңгімеде түнгі далада жанған оттың суреті былай берілген: «Құрай мен тобылғы түтінсіз жанып, жалынын сиырдың тіліндей соза, шалқусыз маздатады. Абайсыз салынған дымқыл отын ғана әбден қызғанша пыс-

пыстай бытырлап, сансыз ақ ноқаттарын жан-жаққа ұшыра түтіндейді. Ұшқын шөп басындағы мөлдіреген шыққа түсіп жылт-жылт ете қалады да, лезде сөніп жатыр». Мұны оқығанда көз алдыңа сурет елестейді. Сондықтан оған сенесің. Жас жазушыда қуатын тереңге жасырып баяу аққан салмақты стиль бар. Бұл одан болашақта көп үміт күтуге негіз береді.

Біздің жазушыларымыз соңғы кезде шет жұрт тақырыбына да молырақ бара бастады. Мұндай шығармалар әңгіме жанрында да бой көрсетіп келеді. Бұл тақырыпқа ең көп жазып жүрген жас жазушы Қ.Исабаев. Ол Германия шындығынан алып бірсыпыра қызғылықты шығармалар берді. Сөйтіп, жас жазушы Батыс Германиядағы қайыршылық тұрмыс туралы да, жаңа Германиядағы азат өмір жайында да қазақ оқырманына бейнелі түрде едәуір мағлұмат берді. Қ.Исабаевтың бұл шығармаларының ішіндегі ең тәуірі — «Эльбаның ашуы». Мұнда ол кеңес елінің неміс халқына достық құшақ жайғанын, ескі көзқарастар мен түсініктер бұзылып, адамдардың ой-санасы жаңғыра бастағанын образ-символ арқылы бере алған. Автор суреттеп отырған халқының өмірін, тұрмысы мен психологиясын біртоға жақсы біледі. Бұл оның әңгімелеріне шынайылық сипат бітіреді.

Қ.Исабаев өз өміріміздің шындығынан алып та бірталай әңгімелер жазды. Солардың ішінде атап айтуға тұрарлығы «Қыз құпиясы». Автор оқиға желісін қызғылықты етіп тартуға, кейіпкерлеріне психологиялық сипаттама беруге жап-жақсы төселіп қалған. Бірақ оның әңгімелерінде тұтастай бір ортақ кемшілік бар. Бұл оның тіліндегі доғалдыққа, олақтыққа байланысты. Рас, соңғы әңгімелері оның тілінің біраз ұшталып та ұстарып қалғанын байқатады. Дегенмен, оның бұл салада әлі де болса көп ізденуі керек. Соңғы жылдары жас талаптардың да бірсыпыра әңгімелері жарыққа шықты. Солардың ішіндегі ең оқшауы, әсерлісі — Тобық Жармағамбетовтың «Екі жүрек» атты әңгімесі. Жас автор сюжет өрбітуде, композиция құруда, кейіпкерлерін мінездеуде балапан шабытына орай албырт ойнақылық та, кәнігі суреткерге тән ысылғандық та байқатады. Оның мына әңгімедегі қалам сілтесінен көп үміт күтуге болатындай.

Біз бұл мақалада соңғы кезде, яғни өткен съезден бергі уақытта туған біраз әңгімелерді мысалға ала отырып, солардың көркемдік ерекшеліктері мен олқылықтарын талдауға және әдебиеттің осы бір қиын да қажетті жанры

жайындағы кейбір байқаулар мен топшылауларды ортаға салуға тырыстық.

Сөз болып отырған уақыт ішінде көркем әңгіме бізде сан жағынан да көбейді, сапа жағынан да есейе түсті, оның жанрлық өрісі, мүмкіншіліктері біраз кеңейді. Бірақ ол бай да құнарлы өмірімізді тереңнен қамтып, кеңінен толғап суреттеді, замана пафосын сездіре алды деп тұжырым жасауға болмайды. Әңгімеші-жазушылар әдебиетімізді әлеуметтік тынысы кең типтік бедерлі бейнелермен молықтыра алмай келеді. Көркем әңгіме жанрының шын мәнісінде белең алып өсіп кете алмай отырғанына сын да кінәлі. Бізде көркем әңгіме жайына арналған ойлы, байсалды зерттеулер жоқ, аракідік жеңіл де шағын рецензиялар ғана ұшырасады. Тіпті өзгені былай қойғанда өткен съезде жасалған негізгі баяндамада әдебиетіміздің осы бір маңызды саласы жайында бар болғаны «Прозамыздың енді бір кемшілігі — ұсақ жанрлары тым шабан өсіп келеді. Бұлар прозаның бұтағы, жапырағы сияқты. Бұларсыз көркеймейді проза» деген тәрізді жалпылама да келте сөздер ғана айтылғанына таңданбасқа болмайды.

Аға жазушылар да әңгіме жанрымен шұғылдануды мүлдем қойып алды. Рас, прозаның эпопея, роман, повесть сияқты соқталы түрлері аса қажет. Бірақ бұл әңгіме жазуға бөгет жасамасқа тиіс. Ұлан-ғайыр эпопея, роман, повестері мен тамаша әңгімелерін қатар жазған Толстой, Тургенев, Горький сияқты ғажайып суреткерлердің шығармашылық тәжірибесі осыны көрсетеді. Сондай-ақ кейбір жас жазушылар да әңгіме жанрын аттап өтіп, романға немесе повеске бірден бас қояды. Кейбір аса туған таланттары болмаса, солардың талайы-ақ қаламдарынан қайырылып, беттерін қайтарып алады. Ал шындап келгенде, көркем әңгімемен шұғылдану олардың жанрда тұрақтауына, шеберлікке төселуіне мүмкіндік берер еді.

Әрине, бұдан әңгіме — әдебиеттің оңай, өтпелі жанры деген ұғым еш тумайды. Керісінше, көркем әңгіме әдебиеттің ең қиын, күрделі жанрларының бірі. Бірақ осыған орай бұл жанрдың бойындағы шығармашылық мүмкіндіктер де ұшан-теңіз. Гәп тек жазушыларымыздың сол мүмкіндіктерді сарқа пайдалануында, жанр табиғатын терең де жете баурауында, сөйтіп суреткерлік шеберлікті ұстарта, жетілдіре алуында.

1958 ж.

ҚАҺАРЛЫ КҮНДЕР ТЫНЫСЫ

СССР Жазушылары одағының осы жылғы ақпанда болып өткен пленумы кеңес әдебиетінің қырық жылдық тарихын қорытындылады. Осы мәселе бойынша негізгі баяндама жасаған жазушы Николай Тихонов коммунистік асқақ идеалдардың жаршысы — кеңес әдебиетінің кесек табыстарын атап көрсетті, оның шығармашылық өзгешелігін, сонылық ерекшеліктерін саралап ашты. Кең байтақ Отанымызды мекендеген халықтардың түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиеттерінің мәуелеп өсуі — біздің социалистік реализм әдебиетінің ең басты сипаттарының бірі. Н.Тихонов өзінің баяндамасында осы мәселеге әсіресе мол назар аударды. Әралуан ұлттар жазушыларының талантты өкілдері өздерінің таңдаулы шығармалары арқылы бүкілодақтық кеңестік әдебиетке елеулі үлес қосып, оны молықтыра дамытып отырғандығын ол қуаныш сезімімен айтты. Н.Тихоновтың жақсы бағалаған осындай шығармаларының бірі — қазақтың жас жазушысы Тахауи Ахтановтың «Қаһарлы күндер» атты романы. Бұл роман — Т.Ахтановтың шын мәнісіндегі тұңғыш көлемді шығармасы. Бұдан бұрын ол біраз әңгімелер, бірді-екілі шағын пьесалар және жазушы Ғ.Мүсіреповтың шығармашылығына арналған сыни-библиографиялық очерк жазған болатын. Ол көркем аударма саласында әсіресе мол әрі жемісті еңбектенген еді. Міне, осының бәрі жас жазушыны үлкен өріске меңзегені, оның қаламын ұштай түскені даусыз. Бірақ сырттай қарағанда бұл еңбектерді сөз болғалы отырған кесек реалистік коркем романның айқын хабаршысы, шығармашылық кең құлаш ұрудың шүбәсіз кепілі деп қарау қиын тәрізді еді. Шындығында да, бұл роман оқушы үшін де, автордың өзі үшін де өзгеше бір жаңалық, шығармашылық тың ашылыс болды. Осы романы арқылы Т.Ахтанов өзінің шығармашылық мүмкіндігі мол суреткер екендігін бірденақ айқын танытты.

«Қаһарлы күндер» романы Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған. Еліміздің тарихындағы осы бір ұлы кезеңді, өмір мен өлім шарпысқан сол бір сұрапыл отты күндердің қатал да қайсар шындығын бейнелеу — қалам қайраткерлері үшін қиын да, қасиетті де міндет. Кеңес адамдарының Ұлы Отан соғысының ай-күндерінде көрсеткен ғажайып ерлік істерін, патриоттық қимылдарын баяндайтын шығармалар біздің әдебиетімізде аз жазылған жоқ. Орыс кеңес жазушылары А.Фадеевтің «Жас гвардия», М.Бубенновтың

«Ақ қайың», К.Симоновтың «Күндер мен түндер», А.Бектің «Арпалыс», Б.Горбатовтың «Бағынбағандар» атты романдары мен повестерін былай қойғанның өзінде, қазақ кеңес жазушылары да Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған бірнеше кесек туындылар берді. Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты», Б.Момышұлының «Бір түннің тарихы», Ә.Нұрпейісовтың «Күткен күн» («Курляндия»), С.Бақбергеновтың «Талғат» атты шығармалары бұған анық айғақ.

Авторларының өмірлік және шығармашылық тәжірибесінің өзгешелігіне, суреткерлік алғырлығының әралуандығына қарамастан аталған романдар мен повестерде және осылармен тақырыптас басқа да көптеген шығармаларда сол бір айбарлы жылдардың мол шындығы, қажырлы пафосы бар. Бірақ Ұлы Отан соғысы тақырыбы әдебиетімізде өзінің жан-жақты қырымен, зор эпопеяларға ғана сыйымды терең шындығымен сарқыла суреттелді, тұтас көрінді деп айту қиын. Халқымыздың бақытын, азаттығын қорғап қалған еңіреген ерлердің білек күшімен, жүрек қанымен жазған батырлық дастандары көркем образ тіліне толық түсіріліп болған жоқ. Ұлы Отан соғысы жайында жазылған әрбір кесек шығарманы оқушы жұртшылықтың мол ықыласпен қабыл алатындығы да осыдан.

Біздің кеңес әдебиетінде әскери тақырыпты қозғауда және оны шынайы шешуде шығармашылық тәжірибе аз жиналған жоқ. Бірақ қаншалықты тұлғалы, күрделі болғанмен кез келген шығарма өз аясына бүкіл Армияның не тұтас бір майданның өмірін сыйғыза алмақ емес. Ең басты мәселе сол соғыстың негізгі сипатын, психологиясын, уақыт рухын сездірте алуда. Міне, кеңестік әскери беллетристиканың ең таңдаулы шығармаларына хас осы қасиет — Т.Ахтанов романында да баршылық. Т.Ахтанов романының оқиғалық аясы тұтас дивизия аумағын ара-тұра ғана қамтиды. Автор көбінесе жекелеген полк, батальон, рота, взводтардағы жауынгерлік қимылдарды баян етеді. Бірақ бұл оның шығармасының өрісін тарылтпайды, идеялық тынысын әлсіретпейді. Керісінше, көптеген кеңес офицерлері мен жауынгерлерінің батырлық әрекеттерін, сұрапыл майдан үстіндегі олардың ой-арманын, сезім дауылдарын, рухани тұлғасын көркем бейнелей отырып, жазушы Ұлы Отан соғысының шешуші бір кезеңінің сұсты да қайсар шындығын елестете алған. Яғни романдағы басты-басты кейіпкерлердің көпшілігінің дерлік прототиптері өмірде болған адамдар, даңқты Панфилов

дивизиясының офицерлері мен қатардағы жауынгерлері. Сондай-ақ, романның майдан өмірін тікелей суреттейтін бөлімдері мен тарауларының сюжеттік арқауы да Москва түбіндегі атақты шайқастардың оқиғаларына құрылған. Әрине, бұдан «Қаһарлы күндер» романы сол әлуетті айқастардың құр сүлдері, хроникасы деген ұғым тумасқа керек. Рас, Панфилов дивизиясының бүкіл әлемді таңғалдырған батырлық қимылдары жайында әдебиетімізде бұрын да көптеген шығармалар жазылған болатын. Бірақ Т.Ахтанов солардың көлеңкесінде қалып қоймаған. Адамдарымыздың қажырлы ерлігіне, терең патриотизміне толы осы бір тақырыпты ол өзінше шешкен. Жазушының шығармашылық даралығы мен өзіндік ерекшеліктері романның ең алғашқы беттерінің өзінде-ақ бой көрсете бастайды. Сырттай қарағанда романның басталуы соғыс тақырыбына жазылған талай-талай шығармаларды еске түсіретін сияқты. Бірақ бұл — алғашқы беттегі өткінші, үстірт қана әсер. Авторлық баяндаулардың ішкі сырына қаныққан сайын, оның кейіпкерлерінің жан түкпіріне неғұрлым терең үңілген сайын жаңағы әсерден арыла бастайсың. Романдағы алуан тағдырлы адамдардың жан-күйі, олардың автор нәзік байқағыштықпен, суреткерлік емеурінмен сездіретін рухани дүниесінің қат-қабат сырлары барған сайын ынтықтыра түседі. Бұл романның шығармалық шымырлығын, әсер етушілік қуатын аңдатса керек.

Роман болашақ жауынгерлердің майданға аттануын суреттеуден басталады. Жазушы үлкен өмірдің боямасыз, шынайы көріністерін осы тұстың өзінде-ақ, салған жерден қарбыта қамтып, жарқырата ашып тастайды. Кейіпкерлерінің өміріндегі осындай шешуші, өтпелі мезетке жазушы назары әлдеқалай түсе салмаған. Бұл — олардың ой-армандарының, мінез-құлық қайсарлығының сынға түсер сәті. Өзінің ең аяулы, қимас та қадірмен дүниесі: туған жер, өскен ел, жылы мекен, тату-тәтті отбасы — барлығы да артта қалып бара жатқанын және алда оқ бүркіп, от шашқан майдан даласы, екіталай болашақ күтіп тұрғанын сезіну кімге болсын оңай емес. Мұндайда әркімнің-ақ жан түкпірі танылып қалады. Т.Ахтанов кейіпкерлерінің нені армандап, немен тыныстайтынын ұтымды аңдататын осындай орайлы кезеңді тап басып, тапжылтпай тауып ала білген. Жалпы алғанда, кейіпкерлерінің сезім шындығына терең бойлап, ақтара ашуға ұмтылуы, авторлық баяндаудың реалистік мәнерінен айнымай, көркемдік тұтастықтан ауытқымай

отыруы — Т.Ахтановтың көркем прозаның күрделі түрлерімен шұғылданушы шеберлерге мейлінше қажет қасиеттерді молынан бауырай бастағандығын байқатады.

Өзінің композициялық құрылысы, оқиғалық өрбуі жағынан бірінші тарау романның басқа бөлімдерінен гөрі сәл оқшаулау тұрады. Онда бүкіл тарауға тұтас арқау болып жатқан кесек оқиға, күрделі желі жоқ. Керісінше, автор лирикалық шегіністерге мол орын берген. Бірақ мұны да шығарманың көркемдік тұтастығына дақ түсіретін селкеулік деп қарауға еш болмайды. Шығарма композициясын құрудағы мұндай ерекшелік автордың көркемдік үнемділікке ұмтылу жолындағы ізденулерінен туған. Бұл тарауда жазушы әрбір эпизод арқылы, әрбір лирикалық шегініс арқылы басты-басты кейіпкерлерінің тағдыры мен талайын, өткен өмірін, жан күйлерін реалистік қалыпта қонымды әрі қызғылықты етіп бейнелей алған. Батальон командирі Мұрат, полктың штаб бастығы Купцианов, взвод командирі Ержан, сержант Добрушкин, жауынгерлер Қартбай, Көжек, Кәкібай, Бондаренко және басқа да көптеген кейіпкерлер өздерінің кескін-келбеттерімен де, мінез-құлық ерекшеліктерімен де оқушыға біртоға жақын танылып қалады. Бұлар романның соңғы тарауларында өздерінің батырлық істерімен, патриоттық қимылдарымен көрінеді. Шығарманың бір тарауынан екінші тарауына, бір эпизодынан екінші эпизодына ауысқан сайын олар да биіктей береді, өз характерлерінің соны бір қырларын аша түседі. Сөйтіп, автор роман кейіпкерлерін олардың өз характерлерінің шындығына, арман-тілектерінің тереңдігіне немесе тайыздығына орайлас өсіріп не құлдыратып отырады. Қайткен күнде де оның геройлары сіреспен статикалық күйде қалып қоймайды. Олардың бейнелері өздерінің лайықты логикалық және көркемдік тұтастығына қарай өрбіп отырады. Мәселен, егер Мұрат, Ержан, Қартбай және басқалар сұрапыл соғыстың небір ауыр тауқыметтерін бастан кешіре, үрейлі сезімдер мен қобалжыған көңіл налыстарын жеңе отырып ширыға шыңдалса, ал Уәли сияқты атаққұмар аярлар өздерінің жолдастарына, Отан-анаға опасыздық жасауға дейін барады. Әрине, бұл да — өмір шындығынан алынған ақиқат жәйттер. Өйткені Ұлы Отан соғысы — тек әскери техниканың өзара қақтығысуы емес, сонымен бірге адам характерлерінің, ар-намыс пен арсыздықтың, қайсарлық пен үрейшілдіктің, патриотизм мен опасыздықтың арасындағы да аяусыз арпалыс еді.

Автор осы шындықты көркем мүсінделген адам образдары арқылы нақтылы көрсетеді.

Егер жазушы өзінің кейіпкерлерін — әскери адамдарды өне бойы тек шабуыл үстінде көрсетсе және оларды «отқа салса жанбайтын, суға салса батпайтын» қияли «жансебілдер» етіп бейнелесе, ол жасандылыққа ұрынар еді. Т.Ахтанов мұны жақсы түсінген. Ол кеңес жауынгерлерінің қасақы жауға қарсы шабуылға шыққан сәттерін де, бекініс жасаған кездерін де, орайы келгенде уақытша кейін шегінген мезеттерін де тұтас алып суреттейді. Әрине, шегіну қай жағынан болсын оңайға түскен жоқ. Ол қарапайым халыққа да, әскери адамдарға да ауыр тиді. Осы жәйді автор мынадай бір шағын эпизод арқылы нанымды суреттейді: «Генерал-лейтенант жүзін мұң шалып, Панферовқа тереңдей қарады. Өңі сұрланып, төмен қарап отырған Панферов басын көтеріп, командашыға байсалды көз тастады.

— Дұрыс айтасыз. Халық қазір де елеңдеп, бізден күн сайын жақсылық хабар күтеді. Сол хабарды кешіктіріп тұрмыз ғой.

Бұдан бір жеті бұрын менің штабым анау кейін қалған дивизиялардың бірінде тұрды, — деді генерал-лейтенант өткен бір істі есіне алып. — Колхоздың ба, селсоветтің бе біреуінің кеңсесіне орналасқанбыз. Сыртқа шығып келе жатсам, алдымда бір кемпір мен шал тұр екен. Бас изеп өте беріп едім, кемпір адъютанттың «не шаруаңыз бар, бөгемеңіз» дегенін елең етпей, алдымнан көлденең тұра қалды. Өзі де жойқын кемпір екен. Командашы мырс етті. «Маған нағыз генералдың өзі керек, сол сенбісің», — деді. «Я, мен едім», — дедім. «Ендеше, айтшы мына шалға, қарағым. Туған жерден көшеміз деп мазамды алды. Немістерді тоқтатасыңдар ғой, соныңды айтшы мына кещеге, туғаным», — деп орысша мықынын таянып тұрып алды. Бетіне қарасам, байғұс кемпірдің менің мақұлдап жауап бересіме еш күмәні жоқ екен. Қатты қысылып қалсам да, бірақ «көшкендерің жөн болар» демеске шарам болмады. Кемпір «денің сау ма» дегендей маған таңырқай қарады. «Сонда қайда барасыңдар. Екі аттасаң артыңда Москва тұрған жоқ па?!» — деді зекіп. Генерал-лейтенант түйіліп төмен қарап, аз іркіліп, саусағымен столды шертті. — Вот такие дела.

— Халыққа жауап беру оңай емес, бірақ жауап бермей жалтара да алмайсың, — деді Панферов...» (141 — 142 бб.).

Біз осы ұзақ үзіндіні әдейі келтірдік. Өйткені бұл көп жайды аңғартады. Ең алдымен мұнда сонау қырық бірінші

жылғы күзде Москва түбінде болған сұрапыл шайқастардың қатал да қайсар лебі бар. Халықтың өз Армиясына артар үміті мен салмағын да, қарапайым орыс адамдарының туған жерге деген патриоттық ыстық сезімін де автор жақсы аңғарта алған. Сондай-ақ, әскери стратегия мен тактиканың орайлылығы мен орамдылығы тек шабуылға шығуда, кескілесе сайысуда ғана емес. Біздің Армия шегіне отырып та жаудың қанды шеңгелін майыра, жайрата білді. Т.Ахтанов осыны тек жекелеген эпизодтар ғана емес, сонымен бірге тұтас оқиғалар тізбегі арқылы және шығарманың бүкіл рухы арқылы да сездіртіп отырады.

Жазушы жауынгерлердің тұңғыш рет майданға араласқан кездегі толқынған көңіл күйлерін де, олардың іштей қобалжуды бірте-бірте жеңіп, ширыға бастағанын да реалист-суреткерге тән сергектікпен көрсете алған. Жүрегінің түкпірінде жасырынған сырын өзінің сүйікті зайыбына да айтуға тайқақситын Кәкібай, зарығып көрген жалғыз ұлының жайдары жүзінен басқаны білмеген аққөңіл, аңқау Көжек сияқты бұйығы жауынгерлер әскері қатал тұрмысқа, сұрапыл соғыстың тауқыметіне бірден үйреніп, көндігіп кете алмайды. Бұларды әскери өнерге баулып тәрбиелеуде Ержан сияқты командирі және қарулас достары аз еңбек сіңірмейді. Сөйтіп, автор өз кейіпкерлерін әскери Жарғының қағидаларын ғана жаттап алған және содан басқаны білмейтін көзсіз ерлер бейнесінде емес, өмір шындығынан алынған кәдімгі қарапайым жанды адамдар ретінде суреттейді. Өзінің реалистік шеберлігін де, майдан өмірін, әскери тұрмысты терең білетіндігін де осы тұста жақсы танытады.

Романда кескілескен ұрысты тікелей көрсететін жарқын тараулар, жауынгерлік эпизодтар аз емес. Солардың ішінде әсіресе оқшау танылатындары — Мұрат батальонының, Ержан взводының, Қартбай мен Көжектің қоршаудан құтылып шыққаны және Москва түбіндегі ең соңғы қаһарлы да қатерлі айқас жайында баяндалатын беттер. Егер қоршаудан шығу жолындағы қимылдарда кеңес жауынгерлері әскери тактикаға жетіктігін, тапқырлығын танытса, ал Москва түбіндегі шайқастар суреттелетін эпизодтар ерлік пафосқа, асқан батырлық рухқа толы. «Темір шыдамаған» сұрапыл сойқанға «адам шыдағанын», кеңес жауынгерлері әскери техникасы басым, саны артық қасақы жауға қасарыса соққы бергенін жазушы зор шабытпен суреттеген. Сөйтіп, роман фашист қарақшыларының Москва түбінде қаусап жеңіліп, масқара

болып кейін қашуын, біздің адамдарымыздың жеңіс қуанышына бөленіп, мерейі үстем болғанын баяндаумен аяқталады. Орыс шалы Ерофей Максимовичтің Ержанға айтқан мына бір сөздерінде көп мағына бар:

«Қарағым, — деді ол даусы бұзылып. — Бәрін естідім. Мен орыстың қартайған шалымын. Орыс мекені өртенгенде өзегім өртенбейді дейсің бе?.. Бәрің осылай соғысқасын... Қандай жау алмақ бізді!» (368 бет). Романның ең соңында айтылған осы бір сөздерден оның бүкіл идеялық тынысы сезілетіндей. Кеңес адамдарын ешбір жау, ешқашанда ала алмақ емес. Т.Ахтанов осындай өзекті патриоттық идеяны, халқымыздың жеңілмес жігерінің өшпес лебін өз шығармасының бүкіл рухы, сюжеттік арқауы, оқиғалар өрбуі, кейіпкерлерінің образдар жүйесі арқылы көркем де шынайы бейнелей алған.

«Қаһарлы күндер» романында толыққанды әрі соны да қызғылықты көптеген образдар бар. Тек алғы лекте алынып бейнеленген кейіпкерлердің мөлшері оннан астам. Автор өзінің басты-басты кейіпкерлерінің барлығына дерлік тың тыныс беріп, жан бітіре алған. Солардың ішінде жазушының әсіресе мейірлене әрі мол суреттейтіндері — Ержан мен Мұрат.

Автордың өз сөздерімен айтқанда «Ержан қарапайым қазақтардың арасында өсті. Олар оны атқа мінгізіп, мал қайтартып, жылқыға құрық салғызып үйретті. Өз білгенін, өз түйгенін бұған да берді. Ғажайып ертектерін, хатқа түсірмей сақтаған жырларын тыңдатты» (32 бет). Оның өмірінің бұдан былайғы кезеңдері — он жылдық мектеп пен әскери училище. Жазушы мұның бәрін қазбалап, тәптіштей баяндап жатпайды, лирикалық шегініс немесе кейіпкерлердің өз басының ой-толғаныстары арқылы аңғартып тастайды. Оқушы Ержанды алғашқыда өмірден көргені мен түйгені әлі аз, балалық табынан, жастық бұйығылықтан арыла қоймаған қарапайым офицер ретінде біледі. Ол іштей алыс арманға берілуден де аулақ емес. Аркадий Гайдар он алты жасында полк командирі болғанын, Щорс жиырма екі, жиырма үш жасында үлкен әскерді басқарғанын кітаптан оқып білген Ержан жұрт таңғалатын ерлік қимылдар жасауды, даңққа бөленуді де қиялдайды. Мұның бәрі де оның жас шамасына және әлі ауыртпалық көрмеген албырт характеріне сыйымды. Бұл — тек Ержан ғана емес, жас офицерлердің талайына бірдей ортақ, әрі ыстық арман. Сөйтіп, жазушы өз кейіпкерлерінің тағдыры, ой-талабы арқылы көпке тән күйлерді қозғайды.

Бірақ арман мен шындық үнемі бірдей және оп-оңай қабыса бермейді. Тек жан қуаты мол, табанды да тапқыр күрескер жандар ғана мұратына жетпей тынбақ емес. Жазушы Ержанның майдандағы өмірін осы тұрғыдан алып суреттейді. Соғыстың от-жалыны оның адамдық характерін де ширатып толыстырады, әскер жағынан да шыңдайды. Ержанның өз взводын қоршаудан алып шығуын және өз жауынгерлерін жауға қарсы ұрысқа тайсалмай баруға баурай білгенін жазушы көптеген жарқын эпизодтар арқылы шынайы да нанымды суреттейді. Ержанның әр кездегі, әр жағдайдағы түйсінулері арқылы берілген батальондық көріністер әсіресе қызғылықты оқылады.

Жазушы Ержанның жан дүниесін де терең ашып көрсетеді. Туып-өскен далаға, жауынгерлеріне деген ыстық құштарлығы, өзінің сезім-сырлары мен іс-әрекетіне әрдайым көңілі толмай, қомсына қарайтын кішіпейілдігі, адалдығы, ойшылдығы, кейде албырт қиялшылдығы оның рухани тұлғасын айқындап та, даралап та тұрады.

Романда Ержанның Раушанға деген саф таза, мөлдір махаббаты әсіресе тартымды, өзгеше бір жарастықпен бейнеленген. Бұл тұста да жазушы әсіре қызылдыққа, арзан жарқылдақтыққа бой ұрмайды. Ол кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін солардың өздерінің жан диалектикасынан, характерлерінің шындығынан іздейді. Сондықтан оның суреттеуінде Ержанның Раушанды шын жүректен, жастық албырттықпен беріле сүюі, бірақ қыз ықыласын емін-еркін баурай алмауы, Раушанның жаза басып, айықпас өкінішке ұрынуы, Ержан басында болған іштей шарпысқан екіұдай сыр-сезімдер, ақыр аяғында оның ерлікпен қаза тапқан Раушанды кешіре де аяй, тебірене ұнатуы — бәрі де реалистік қалыпта әрі психологиялық жағынан шыншыл да нанымды. Жоғарыда автор адам образдарын даралап бейнелеуге оңтайлы деп едік. Оның осы шеберлігін тіпті сырттап қарағанда тағдыры мен талайында біраз ұқсастық бар кейіпкерлердің дара-дара образдарынан анық байқаймыз. Жазушы Ержан сияқты Мұратты да жау қоршауын бұзып шығу, қорғаныс шебін жасау, жаумен қоян-қолтық соғысу үстінде көрсетеді, оның да сүйіспендік тағдырын баян етті. Бірақ осы екі кейіпкер характері, психологиялық күйлері жағынан өзара қаншалықты ұқсамайды.

Мұраттың өмірден алған тәжірибесі мол, көргені мен түйгені көп. Оның еркі күшті, характері әбден қалыптасқан. Мұраттың әскери ой — өрісі де кең. Полктың штаб бастығы

Купциановпен пікірталастарынан, кескілескен ұрыс кездерінде батальонды және кейіннен полкты шебер де тапқыр басқаруынан оның бұл қасиеті жақсы байқалады. Мұрат әскери стратегияға жүйрік, командирлік толғамы кең. Москва түбіндегі шайқастың стратегиялық сипаты туралы оның Купциановпен айтысын жазушы былай береді:

«Жауды тоқтататын ақырғы рубежге аз шығынмен жету әркімнің арманы екені рас. Сол үшін жонымызды тосып бұға беру керек пе? — Мұрат Купциановтың қарсы дау айтқысы келген ажарын танып, тез сөйлеп кетті.— Сіздің айтып отырғаныңыз істің бір ғана жағы. Ал біз үшін ең басты міндет — қадам басқан сайын жауды қансырата беру. Сіз Кутузов тактикасын айттыңыз. Негізінен ұқсастығы болғанмен, біз оны айнытпай қайталамаспыз. Біз тарихи спектакль қойып жүрген жоқпыз. Москваны да бере алмаспыз» (95-бет). Мұраттың осындай ой тереңдігіне меңзес іс-әрекеті де кесек, тегеурінді.

Мұраттың жеке басының күйлері, әсіресе оның Айшаға деген махаббаты суреттелетін эпизодтар да адамгершілік ыстық сезімдерге, өзгеше бір қызулы лиризмге толы. Бұл кейіпкерлердің тағдырына, іс-әрекеттерінің шындығына, рухани сезімдерінің мөлдірлігіне оқушы қалтқысыз сеніп, қоса тебіреніп отырады. Автордың лирикалық шегіністер арқылы баяндалатын Мұраттың балалық шағы және «шынжыр балақ шұбар төс» Дербісәлімен тартысы романның көркемдік бояуы қалың, бейнелілік қуаты мол, ең бір тартымды беттерін құрайды.

Жалпы алғанда, «Қаһарлы күндер» романындағы Ержан, Мұрат, Раушан, Айша образдары әдебиетіміздегі дулығалы кейіпкерлер қатарына қосылатын тың бейнелер болып табылады.

Романдағы орыс кейіпкерлерінің образдары жайында бірер сөз. Өздерінің шығармаларында орыс адамдарының бейнелерін жасау проблемасына біздің ақын, жазушыларымыз көптен бері назар аударып келеді. Бұл қазір игі дәстүрге айналды. Бірақ осы проблема біздің әдебиетімізде өне бойы сәтті шешілді деп айту асыра сілтегендік болар еді. Көптеген жазушыларымыз бен ақындарымыздың шығармаларында орыс адамдары жанды кейіпкерлер ретінде бейнеленбей, шартты түрде, схемалық қалыпта суреттелетін. Олардаайқынұлттықсипат,адамғатән даралық қасиет бола бермейтін. Біздің әдебиетіміз қазір бұл олқылықтан батыл арылып келеді. Онда орыс адамдарының

небір жарқын да соны бейнелері жасалды. Қазақ кеңес прозасының шеберлері М.Әуезовтің, Ғ.Мүсіреповтың және басқа да көрнекті жазушыларымыздың шығармаларынан мұны анық байқаймыз.

Әдебиетімізде беки бастаған осы өнімді принципті Т.Ахтанов та бекем ұстанған. Оның романында Василий Кусков, Зеленин, Земцов, Ерофей Максимович, Фильчагин Корыстылев, сондай-ақ Купцианов, Добрушкин сияқты орыс адамдары өзіндік даралықпен, тек өздеріне ғана хас ұнамды қылықтарымен немесе әлсіздіктерімен ерекшеленіп бейнеленген. Автор олардың әрқайсысының дерлік бойына шақ іс-әрекет беріп, ой өрісіне, рухани дәрежесіне қонымды тіл бітіре алған. Бұлардың ішінен әсіресе Кусковты ерекше атауға болар еді. Адамгершілік зор қасиетке, патриоттық ой-сезімге толы осы кейіпкерінің образы арқылы жазушы атақты жиырма сегіз панфиловшылардың бірі, даңқты политрук Клочковтың тұлғалы бейнесін мүсіндеген. Көркем шығармада герой образының тұтас, толыққанды болып жасалуы оның әйтеуір көп суреттелуіне, оған орынды-орынсыз мол назар аударыла беруіне байланысты емес. Орайын тапқан автор эпизодтық геройлар арқылы да көп жәйді аңғарта алады. Шебер суреткер оңтайлы штрихтар мен детальдар, кейіпкерлерінің айқын репликалары, ішкі монологтары арқылы да образдың табиғатын, мәнсырын ашып бере алады. Т.Ахтанов романынан осындай образдардың да әралуанын ұшыратуға болады. Мәселен, Дәурен, Жексен қарт, Василиса Ивановна және басқалар осындай бейнелердің қатарына жатады.

Мақала көлемімен шектелгендіктен романдағы образдар жүйесіне бұдан әрі тоқталып жатпаймыз. Өйткені әрбір образдардың әлеуметтік ішкі сырына тесіле үңілу, олардың көркем де жанды бейнелер ретіндегі ерекшеліктерін талдап ашып, түбегейлі сөз қылу — бұл мақаланың мақсаты да, міндеті де емес. Бұл тұста тек романның ұнамсыз кейіпкерлері болып көрінетін Купцианов пен Уәлидің образдары жайында бірер сөз айта кету қажет сияқты. Біздің әдебиетімізде, әсіресе жас жазушылардың прозасында ұнамсыз кейіпкерлер айқынырақ суреттеліп, ұнамды геройлар схемалық қалыптан аса алмай, көмескі тартып кететін сәттері болушы еді. Ал Т.Ахтановта бұлай емес. Ол ұнамды планда алынған кейіпкерлерін, әсіресе басты-басты кейіпкерлерін соқталы етіп шығаруға, сомдап беруге шығармашылық қайрат-қажырын қапысыз жұмсауға тырысады. Бірақ оның ұнамсыз кейіпкерлері

дәл мұндай дәрежеге көтеріле бермейді. Мәселен, оның Купциановы да, Уәлиі де — автордың идеясы, шығармашылық позициясы тұрғысынан қарағанда біртоға шынайы жасалған, характерлері дараланып берілген бейнелер. Осы кейіпкерлерінің образдарын, олардың табиғаты мен мінез-құлқының әлеуметтік сырын тереңірек ашқанда және солардың іс-әрекеттеріне байланысты туындап жататын тартыс талқысын өршіте, шиеленістіре түскенде — жазушы тек ұтатын еді. Рас, автордың Уәли мен Ержанды, Купцианов пен Мұратты қатар алып, қарама-қарсы қоя отырып суреттейтін сәттері бар және онысы қызықты да. Бірақ дәл мынадай кең тыныстылық, кесек шығарма үшін олқы соғып тұрғандай.

Енді романның көркемдік ерекшеліктеріне байланысты кейбір байқағандарымыз бен әсерлерімізді баяндауға ауысалық. Рас, жоғарыда біз романның тақырыбы, әлеуметтік тынысы, идеялық мазмұны жайында сөз еткенде ара-тұра көркемдік талдауға да назар аударып отырдық. Бірақ шығарманың сөз өнері туындысы ретіндегі өзіндік ерекшеліктері, автордың жазушылық шеберлігінің әралуан қырлары мұндай азды-көпті ойлардың аясына сыймайтындығы хақ.

Қандай жазушының болмасын негізгі суреткерлік құралы — оның тілі. Сондықтан, ең алдымен романның тілі жайында бірер сөз. Қазақ кеңес прозашыларының аға буыны өкілдерінің, кәнігі суреткерлеріміздің тілімен салыстырып қарағанда Т.Ахтановтың тілі лексикалық жағынан соншалықты бай, мол сезіле бермейді. Бірақ оның тілінің бейнелілігін, суреттілігін және тазалығын ерекше атап айтпасқа болмайды. Авторлық баяндауларда да, кейіпкерлердің өздерін сөйлеткенде де, олардың әр сәттегі алуан түрлі көңіл-күйлерін шерткенде де ол дәл сол мезетке, дәл сол жағдайға бояуы, мағынасы жағынан тура келетін сөз тауып қолдануға тырысады. Бұл оның тілінің оралымдығын танытады. Бір-екі мысал келтіріп қаралық:

«Тау қапталынан шыққан пойыз даланы үңгіп тауыса алмай келе жатқалы екі күн болды. Толқындары қыртыстанған алып мұхит сияқты шексіз, шетсіз дала жатыр. Сәскеде алыс қырларды сұйық көгілдір мұнар шалып тұрады да, түске таман сол мұнар сағым болып төгіледі. Ұшан даланы көкпеңбек су қаптап кетеді. Сол әсем су дірілдей құбылып, асығыс ағып бара жатады. Әр жерде арал болып төбелер көрінеді. Бір кезде ерке сағым-су ойнақтап, сол төбелердің де басын жуып өтеді. Қалың

селдің ортасынан зәулім ақ сарай теңкиіп шыға келеді де, бір сәтте ап-аласа боп жерге жабысып қалады. Теңіз ортасынан биік бойын көкке созып хайуан шығады, ол суға қайтадан сүңгіп бара жатқанда бір сәтке түйе бейнесіне түседі. Бүктетіліп, орғып, жүйтки ағып бара жатқан сағым-су түс қайта талықсығандай шабандай береді де, бір сәтте ғайып болады. Бетінен көк жібек пердесі сыпырылып, адырлы жалпақ дала ажарсыз жүзін көрсетеді».(31 бет). «Добрушкин ұзын бойлы қапсағай, сәл еңкіштеу. Қимылында әскери жинақтылықтан гөрі мысықтың ептілігіне ұқсайтын бір шапшаңдық бар. Бетінде әжім жоқ болғанмен, өңі ескі. Жас шамасын ажырату қиын, мұндайлар кейде отызда, кейде қырықтың аржағында болады. Добрушкиннің дауысында, бүкіл тұлғасында, бет әлпетінде, иі түскен қайыстай, көңіл аударып, көз тоқтатарлық еш нәрсе жоқ. Тек кісіні сипап көргендей әккі көзқарасы ғана оның өзіндік қасиетін аңғартқандай. «Әй, бірталайды көрген, жырынды боп қалған қу боларсың» деп ойлады Мұрат» (19 бет). Алғашқы үзіндіні оқып қана өтпейсің, бояуы құлпырған әсем де ойнақы суретті көз алдыңа елестетесің. Тек далада туып өскен, оның құбылмалы да шалқар, жадау да жарқын стихиясын сезінген суреткер ғана осылай жаза алмақ. Бұл жазушының тіл байлығын ғана емес, әсерлену мен сезінулерінің молдығын да байқатады. Ал екінші үзіндіде кейіпкердің басқа бір кейіпкердің түйсінуі арқылы берілген портреттік сипаттамасы бар. Сонымен бірге осында қаншама психологиялық шындық, астарланып берілген авторлық нәзік түйін жатыр. Рас, Т.Ахтановтың тілі еш мінсіз, мүлтіксіз емес. Онда ішінара алақұлалық, шұбарлық сезілмей қалмайды. Бірер мысал келтіріп қаралық: «Ол остановкада Раушанды көріп қалды» (38 бет), «Ержан әлі соғысты жалпы түрде көз алдына толық елестете алған жоқ» (8 бет), «Уәлидің жылтыраған кішкене көзі, қызара бөрткен толықша жүзі, қызу тоқ тұлғасы...» (28 бет), «Көжек оның бойындағы педагогтік қасиетін аңғартуға себепші болды» (47 бет), «Бірақ Мұрат бұл соғыстың аяусыз соғыс болатынын сезеді. Әсіресе, жау жүрекке тақап қалғанда өлімге қарауға болмайды. Осыны біліп ол өзіне де, өзгелерге де қатал болды» (13 бет). Мұндай мысалдарды романның басқа да талай-талай беттерінен көп іздеп қиналмай-ақ табуға болады. Бірақ соның бәрін жіпке тізгендей шұбалтып келтіріп жатудың орайы да, қажеті да болмас. Ал автор мұны болашақта қатты ескеруге тиіс. Өйткені тілдегі шұбарлық, мейлі ара-тұра ұшырасып қалып

отырса да, шығарманың реалистік қуатына салқынын тигізбей қоймақ емес.

Т.Ахтановтың суреткерлік өнерінің бір қыры оның юмористік шеберлігінде. Кейіпкерлердің диалогтарында, авторлық сипаттауда жазушы өне бойы болмағанмен, орынды жерінде юморды шебер пайдаланады. Мұндай тұстарда шығармаға жаймашуақ, жылы да көңілді бір шырай бітеді.

Жазушы авторлық сипаттау мен баяндауға да оңтайлы. Сондай-ақ оның авторлық баяндауларының кейіпкерлерінің ішкі монологтарына ұласа ауысып кететін шақтары да мол. Бұл ретте жазушының өзі беріле көп аударған орыс әдебиетінің шығармашылық тәжірибесінен үйренгені де байқалады.

Біздіңше, романда автор әлі де болса жете ойланып, толғанбаған немесе еркін баурай алмаған бірсыпыра жәйттер бар.

Ең алдымен, романда біздің әскермен сілкілесе сайысып жүрген жау жағы нақтылы, жанды бейнеде көрінбейді. Жау әскерлері көбінесе жалпылама, стихиялы дүлей күш ретінде суреттелген. Олардың соғыс стратегиясы мен тактикасы жайында да тым сараң айтылады. Осы бір олқылық шығарманың тартыс өткірлігін біраз әлсіреткен.

Романда кейбір қажетсіз мелодрамалық көріністер де ұшырасады. Шығарманың оқиғалық өрбуіне тікелей қатынасы жоқ, бір-ақ рет қана көрініп, із-түзсіз жоғалып кететін мезеттер де бар. Мысалы, Соколово деревнясына бекінген жауға шабуыл жасағанда Қартбай мен Бондаренконың бір неміс майорын қолға түсіріп алуына байланысты эпизод осындай әсер қалдырады. Жалпы қызғылықты оқылғанмен, оның шығарма оқиғаларының логикалық тұтастығын толықтырып тұрғаны шамалы. Автор тыл туралы тақырыпты кеңінен, өрбіте суреттемейді. Бұл оның шығармашылық нысанасына ілікпеген де болу керек. Біз тыл өмірінің кейбір елестерін Мұраттың әйелі Хадишадан алған хатынан және Айшаның Хадишаны үйіне іздеп барып жолыққаны баяндалатын эпизодтан ғана көреміз. Сондай-ақ, жазушы Алматы қаласының соғыс кезіндегі суық, сұсты бейнесін баса суреттеп жіберген. Жалпы алғанда романда тыл тіршілігінің тыныс-лебі, қайратты да қажырлы пафосы сезіле бермейді.

«Қаһарлы күндер» романында ең алғы лекте әрі жарқын көрінуге тиіс кейіпкерлердің бірі — дивизия командирі генерал Панферов еді. Бұл образ арқылы автор

Панфиловтың бейнесін жасамақ болғанын байқау қиын емес. Бірақ осы образ өзінің шырқау биігіне көтерілмеген. Жазушы Панферовтың адамгершілік қасиеттерін, қарапайымдылығы мен кішіпейілділігін әсерлі, жылы суреттейді. Сөйтсе де, романда Панферовтың әскери қолбасшы ретіндегі шын мәнісіндегі биік тұлғасы толық көрінбейді.

Жазушы соғыстың жалпы сипатын, психологиясын шынайы суреттегенмен, романның кейбір батальдық көріністерін бір-бірінен айыру қиын. Бұл автордың қайсыбір мезеттерде қайталауға бой алдырғанын аңдатса керек.

Бізде бұрын әскери тақырыпқа арналып жазылған шығармалардың бірсыпырасында не шеберлік олқы соғып, не өмір шындығын терең баурау жағы жетіспей жататын еді. Т.Ахтановта үміт күттіретін ұшталған шеберлік те, жазып отырған материалын жақсы білушілік те бар. Тұтастай алғанда ол өзінің романында сол бір қаһарлы күндердің елес-рухын, сол бір қаһарман жандардың батырлық тұлғасын көркем де шынайы бейнелей алған. Сондықтан да бұл роман әдебиетімізге лайықты үлес болып қосылмақ.

1958 ж.

АСҚАҚ ДАУЫСТЫ АҚЫН

Шығармашылық сапарының ең алғашқы ай-күндерінен бастап қазіргі уақытқа дейін өз шығармаларында кеңес шындығын бейнелеумен беріле шұғылданып жүрген ақындарымыздың бірі — Тайыр Жароков. Ол әдебиетке жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде келді. Содан бергі уақыт ішінде оның қаламынан ондаған поэмалар мен жүздеген лирикалық өлеңдер туды. Солардың басым көпшілігі социалистік жаңа дүниені жырлауға, халқымыздың өмірінде болған елеулі-елеулі оқиғалар мен құбылыстарды суреттеуге арналған. Осының өзі-ақ Тайыр Жароковтың шығармашылық дұрыс әрі өрісті бағыт ұстағанын, кеңестік дәуіріміздің сезімтал да сергек суреткері болуға ұмтылатынын анық аңдатарлықтай.

Тайыр Жароковтың жемісті де мол ақындық шығармашылығына мұндай шағын мақалада терең талдау беру, әрине, мүмкін емес. Сондықтан да біз ақынның өнерпаздық жолына ой көзімен оралғанда оның лирикасы

мен поэмаларын жинақтап сипаттауды, солардың басты-бастыларына талдау жасауды ғана мақсат етеміз. Ақынның «Жұлдыз жарығы» (1932) атты тұңғыш жинағына оның 1926 жылы жазған «Ленин», «Қодар күліп тұр», «Алтын дәнсің», 1927 жылы жазған «Нұр орнап», «Жыл құсы», «Пионер болам деді» атты өлеңдері және негізінен 1928-1930 жылдарда жазғандары енді. Бұл жинақтағы өлеңдерінің денінен ақынның сол жылдардың жасампаздыққа, күреске толы рухын, қуатты тынысын поэзияға ала келуге тырысқанын көреміз. Ел өмірінде болып жатқан өзгерістерді, социалистік құрылыстың тегеуірінді екпінін ақын поэзия тіліне түсіруге ұмтылды. Күні кеше жел ұйтқыған жапан түзде алып завод орнағанын мақтан ете келіп, ақын былай деп жырлайды:

Завод мың күй қозғайды,
Аруанадай боздайды.
Турбасы бұлтпен таласып
Пешінде оты маздайды.
Маздап бақ,
Жалындап.
Бесжылдықты
Орындап,
Машинаны мың-мыңдап
Завод туып, қоздайды.

Бұл өлеңнен ақынның алғашқы кездегі шығармашылығына тән бағалы қасиеттер де, кемшіліктер де анық аңғарылатындай. Кемшілігі — жас автордың өмірлік құбылыстардың ішкі мәнін ашып, бейнелі түрде суреттеуге әлі төселіп жетпегендігі, алып отырған тақырыбын сырттай бақылаушы ретінде жырлауы. Ал өлеңнің бағалы қасиеті — онда социалистік құрылыстың қуатты екпінінің ақын жүрегінде шыңдалып шыққан жаңғырығы бар, авторлық құштарлық пен шыншылдық бар. Сонымен бірге мұнда ақынның дала өміріне келген жаңалықты халық ұғымына жақын, түсінікті етіп суреттеуге тырысқанын да байқау қиын емес. Бұл — сол жылдардағы поэзиямызға тұтастай ортақ сипат болатын. Ақынның тұңғыш жинағындағы тәуір өлеңдерінің бірі — «Аэроплан». Бұл өлең кейін де ақынның көптеген жинақтарына енді. «Аэроплан» Т.Жароковтың суреттеу құралдарының сонылығына ұмтылуда, сөзді саралап қолдануда ілгерілей бастағандығын байқатты. Өлең оқуға да жеңіл, қызғылықты. Көк жүзінде шарықтап ойнақ салған аэропланды суреттей келіп, ақын былайша түйеді:

Жарқырап бауырында жұлдыз күліп,
Дірілдеп зеңгір көкте ұшты сүйіп:
Нұры мен шұғыласы шомылдырған
Алтын күн, мөлдір аспан оны сүйіп!
Қиырдан оқта-текте көшкен ақ бұлт
Өтісіп жатыр бейне басын иіп...

Сырттай қарағанда бұл өлең ақынның аспанда қалықтаған болат құсты көргенін және содан алған әсерін ғана баяндайтын сияқты. Бірақ шындығында авторлық ой бұдан тереңде жатыр. Озат техниканы жасаушы адамдарымызға, табиғатты бағындырушыларға деген татаусыз ықыласы мен ыстық сезімін ақын бұл өлеңінде астарлы түрде аңдата алған («Қиырдан оқта-текте көшкен ақ бұлт өтісіп жатыр бейне басын иіп»). Еңбек тақырыбы — ақынның «Еңбек дабылы», «Темір жол», «Болат балға», «Шахта» сияқты өлеңдерінің де өрісті өзегі. Бірақ көркемдік жетілуі жағынан олар біркелкі емес. Бұлардың көпшілігінде ақын таңдап алған тақырыбын игере алмай, жалаң түр қуалаушылыққа, ой-пікір бұлдырлығына ұрынды.

Ақынның тұңғыш жинағына енген «Жанданды ауыл», «Қодар күліп тұр», «Алла-құдай жалбарынған сөздері» атты өлеңдері колхоздасу кезеңіндегі ауыл өмірін көрсетуге арналған.

Алғашқы жинақта көтерілген осындай келелі тақырыптар ақынның екінші жинағындағы шығармаларының «Мотор жыры» да негізгі идеялық мазмұнын құрады. Бұл жинақтағы өлеңдерінің тәуірлерінде Т.Жароков социалистік даму жолына түскен жаңа ауылдың жаңарған бейнесін, кеңестік бесжылдықтың қуатты қарқынын жырлайды. Ақын жаңа адамның артықшылығын, рухани әсемдігін оның еңбегінен іздейді:

Алтындаған нұрға малған
Жібек шапақ таң сұлу.
Таң нұрында
Жаз жырында

Еңбек еткен
Жан сұлу.

Бұл тұстағы өлеңдерінің бірсыпырасында «Бесжылдықтың балғасы», «Қызыл керуен», «Миллион толқын» ақын өмір шындығын тұтас күйінде алып, коллективтің

тұлғалы бейнесін жасауға тырысады. Сонымен бірге оларда үгіттік қуат, лептілік те мол («Солқылдата соғылсын бесжылдықтың балғасы!»).

Ал бірқатар өлеңдерінде ақын көзімен көрген құбылыстарға авторлық қатынасын білдіруге, сөйтіп өмір шындығын нақтылы әрі әсерлі суреттеуге көбірек бой ұрады. «Қордай тауы», «Каспий» атты өлеңдер — осының айғағы. Соңғы өлеңінде ақын Каспий теңізінде «Ленин» атты кемемен жүзгенін баяндай келіп, былай деп жырлайды:

Келемін «Ленин» атты пароходта,
Қырандай көзім тігіп шартарапқа.
Толқынға малтықтырмай бас капитан,
Серпілтіп жол сілтеді пароходқа.
Тау мен тас, жолымды аш, жаздым құлаш,
Көз тігіп ұшан-қиыр атрапқа.

Мұнда ақын алыс атрапқа көз тіккен, табиғатты өз ырқына көндірген жалын жанарлы жас адамның атынан сөйлейді. Осы ерекшелік, яғни халықтың атынан сөйлеуге, көптің ой-арманын білдіруге ұмтылу кейін Т.Жароков шығармашылығының ең негізгі сипаттарының біріне айналды.

Т.Жароковтың «Өмір сөйлейді» (1934) атты үшінші жинағы оның шығармашылық өскендігін танытпады. Жинаққа аты қойылған «Өмір сөйлейді» деген өлеңінде автор елімізде болып жатқан ұлан-асыр өзгерістердің барлығы да ақынға шабыт беріп, оның көкірегіне жыр құятынын, өмірдің өзі өлең тілімен сөйлейтінін әсерлі аңғартады. Бірақ жинаққа енген басқа шығармалардан («Балабас», «Айқасу» поэмалары мен «Жеңу», «Өсу», «Қазіргі колхоз түрі», «Жаңа жолбасшылық», «Біздің міндет» атты өлеңдері) ақынның осы дәрежеге көтерілгені, яғни өмірдің поэзиясын таба білгені байқалмайды. Т.Жароковтың отызыншы жылдарда жазғандарының дені поэмалар. Бірақ ол шағын жанрлық шығармалардан да қол үзген жоқ. Социалистік жаңа дүниенің қуаттылығы, кеңес адамдарының шадыман өмірі мен бейбіт еңбегі, халықтар достығы — Т.Жароковтың отызыншы жылдардағы өлеңдеріне де ортақ тақырыптық арқаулар осылар. Ақынның осы кезеңдегі өлеңдерінің ең тәуірлері «Заң», «Қалба тауы», «Қыран туралы жыр», «Кремльдің төрінде», «Алтын ұя», «Жазулы тас» және басқа да лирикалық туындылары, оның кейінгі жинақтарында да талай рет

қайталанып басылды. Жоғарыда аталған «Алтын ұя» атты өлеңінде ақын:

Октябрьдің таңы атпаса,
Қанатымды қаға алар ма ем!
Өмір деген шың жартасқа
Алтын ұя сала алар ма ем! —

деп жырлады. Осы «Алтын ұядағы» азаматтық асқақ сарын мен тәкаббарлықты, қуанышты лептілік пен жарқын реңкті Т.Жароковтың отызыншы жылдардағы таңдаулы өлеңдерінің қай-қайсысынан болса да мол ұшыратамыз.

Басқа ақындарымыз сияқты, Т.Жароков та Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарында өз шығармашылығын жеңіс мүддесіне қызмет етуге арнады.

Мүмкін, сөзі қате болмас
Мені ақын дескеннің.
Жырымды да тыңда, жолдас,
Ең әуелі әскермін,—

деп жар салды ол. Т.Жароков шығармашылығына бұрыннан тән үнділік пен публицистикалық өткірлік оның майдан жылдарындағы поэзиясында әсіресе айқындала түседі. «Ленин қаласы», «Жұлдыздай жанған Москва», «Жеңіс жылы», «Саған сәлем, туған ел», «Жапанда жалғыз қарағай», «Днепр» сияқты өлеңдерінде ақын халқымыздың зұлым жауға деген құрсанған ыза-кегін, кеңес адамдарының ерлік істері мен патриоттық қимылдарын жырлайды.

Соғыстан кейінгі кезеңде Т.Жароков лирикалық шағын өлеңдерді көп жазды. Солардың ішінде халқымыздың Коммунистік партияға деген айнымас махаббатын, адалдығын, шын берілгендік сезімін суреттейтін және партияның ұлылығы мен жеңімпаздық күшін көрсететін, публицистикалық қуаты зор өлеңдері әсіресе мол. Ақынның «Қызыл алаң» атты патриоттық өлеңі де өзінің идеялық тереңдігімен, көркемдік ерекшелігімен оның партия туралы жырларына үндесіп жатады. Ақын соңғы жылдарда халықтар достығы, баянды бейбітшілік тақырыптарын беріле жырлап жүр. Оның «Достық туының астында», «Әлемге бейбітшілік қанат жайған», «Ұлы Қытай», «Өлеңмен қойдым қолымды», «Құмға шабуыл» атты өлеңдері осы тақырыптарға арналған. Бұл өлеңдерде кеңес адамдарының жасампаздық қуатқа толы еңбегі, халықтардың бейбітшілікті аңсаған ой-арманы суреттелген.

Т.Жароковтың әр кезеңде жазған өлеңдерінің кейбір үлгілері және олардың идеялық мазмұны, қозғайтын тақырыптары осындай. Ақынның белгілі бір сюжетке құрып жазған өлеңдері тым аз. Ол көбінесе нақтылы бір тақырыпты таңдап алады да, соның төңірегінде ой өрістетеді. Бар ақындық жалынын, көркемдік бояулар мен тілдік өрнек-нақышты да ол осыған орай қолданады. Т.Жароков өлеңдерінің қызу серпінге, жігерлі пафосқа толы болып келетіндігі де осыдан. Ол өзінің өлеңдерінде заманымыздың өршіл рухын, қуатты тынысын сездіртуге тырысады. Ақынның шығармашылық көрігінде көркемдік жағынан жетіліп шыққан өлеңдерінен оның тек өзіне ғана тән осындай ерекшеліктер айқын аңғарылады.

Т.Жароковтың ақындық таланты лирикалық шағын өлеңдерден гөрі кесек шығармаларда, яғни поэмаларда айқынырақ танылды. Ақын қаламынан небәрі жиырмаға тарта поэма туды. Бірақ олар өзара біркелкі емес. Ақынның ертеректе жазған «Коммунизм таңында», «Нефтьстан», «Балабас», «Айқасу», «Мұз тұтқыны» атты поэмалары ақын шығармашылығында із қалдырмаған, татымсыз шығармалар болып шықты. Олар поэмаға қойылатын көркемдік талаптардың (образдардың шынайылығы, композициялық тұтастық, оқиғалардың заңды да нанымды түрде өрбуі, тілдің суреттілігі) ешқайсысына да жауап бермейді. Мұндай кемшіліктерге ол тәжірибесінің тапшылығынан, поэма сияқты күрделі жанрдың сырына қанықпағандықтан ұрынды. Ал «Отан даусы», «Шекарада», «Нарын», «Зоя туралы жыр» поэмалары әдебиетіміздің қорына тұрақты да салмақты үлес болып қосыла алған жоқ. Бірақ олардың ақын шығармашылығында алар азды-көпті орны бар. Әсіресе соңғы үш шығарма оның сюжетке құрылған, эпикалық поэмалар жасауға талаптанғанын байқатты. Ақын поэмаларының ішінде уақыт сынынан мүдірмей өтіп, поэзиямыздың қорына елеулі үлес болып қосылғандары — «Күн тіл қатты», «Тасқын», «Жайнады орман жаңғыртты» және «Қырда туған құрыш». Сондықтан да бұлар арнайы сөз етуге тұрарлық. Т.Жароков «Күн тіл қатты» поэмасын 1934 жылы жазды. Бұл кезде әдебиетімізде, оның ішінде поэзияда да социалистік жаңа мазмұнға толы өмір шындығын бейнелеуге лайық көркемдік соны түр іздеу, социалистік реализм әдісін игеруге ұмтылу байқалған болатын. «Күн тіл қатты» — осындай іздену жолында туған сәтті шығармалардың бірі. Өмір шындығын асқақтата жырлап, көркемдік шындыққа ұластыру, оны

революцияшыл романтика дәрежесіне көтеру сияқты соны сипаттар Т.Жароков поэмасында мол.

Шығарманың негізгі сюжеті елімізде болған белгілі оқиғаға құрылған. Автор Федосеенко, Васенко, Усыскин сияқты ержүрек ұшқыштардың стратостатпен 22 000 метр биікке көтерілгенін суреттейді. Ақын ұшқыштардың көкке көтерілгенін бейнелеу үшін дамыту әдісін қолданады. Поэманың басталуының өзі-ақ оқушыға бір ғажайып күштің екпінін сездіреді және соны біздің өміріміздің шындығы ретінде қабылдауға дайындайды.

Ақын кеңес ұшқыштарының көк әлеміне көтеріліп, күнмен «тілдесуін» суреттеу арқылы кеңес адамдарының табиғаттың стихиялық күшімен күресіп, оны өз ырқына көндіретіндігін аңдататын тәрізді. Ұшқыштың атынан айтылатын әрбір сөзден кеңес халқының қайтпас жігерінің лебі есіп отырады:

Желектей желпіп желіңді,
Желқомдай жырттым жеріңді.
Түбіттей түтіп бұлтыңды,
Таспадай тілдім толқынды,
Бағынбай кеннен не қалды!
Қарыңды қағып су қылдым,
Суыңды сілкіп бу қылдым.
Түніңнен таң атқыздым,
Жеріме жұлдыз жаққыздым —
Электрден шам жанды.

Поэма кеңестік өміріміздің қуаттылығын, мызғымас беріктігін бейнелі түрде сездіретін романтикалық көрініспен аяқталады. Шығарманың мұндай оптимистік жарқын сипаты кеңес халқының өр қайраты мен отты жігеріне деген сеніммен ұласып жатады.

Поэмада кесек оқиға, кеңінен өрбіп отыратын сюжетті желі жоқ. Бірақ ақын ұшқыштардың аспанға көтерілуін, олардың дүлей табиғатпен арпалысып, ерлікпен қаза табуын шарықтау шегіне жеткізіп, романтикалық асқақ сазға көтеріп әсерлі суреттей алған. Поэманың қанатты да серпінді тілі, ондағы авторлық толғаныстар мен шалқулар да бейне оқиғаны өрбітіп, шырата түсіп отыратындай.

Т.Жароков өзінің бұл поэмасында сол кездегі қазақ кеңес поэзиясы үшін тосын, тың тақырыпты қозғады. Бірақ соның көркемдік шешімін табу үшін ол жадағай тәсілдер, жасанды сөздер іздеп әуре болған жоқ. Қайта ақын қазақтың байырғы сөздерін екшеп, жаңғырықтыра

қолданды. Сөйтіп ол жаңа тақырыпты жаңа ақындық өрнек-нақышпен жырлай алды.

«Күн тіл қатты» поэмасы өзінің кейбір ерекшеліктерімен В.Маяковскийдің «Владимир Маяковскийдің жазды күні саяжайда көрген ғажайып оқиғасы» деген шығармасына үндесіп, сарындасып жатады. Маяковский шығармасының да лирикалық кейіпкері күнмен «сөйлеседі», оған өзінің өктемдігін білдіреді. Әрине, бұл сырттай ұқсастық. Бірақ, бұл отызыншы жылдардың бас кезінде-ақ Т.Жароковтың орыстың классикалық және кеңестік поэзиясынан шығармашылық түрде үйренуге бет бұрғанын анық байқатты. Ал осы үйренудің жемісі ақынның бұдан кейінгі күрделі де көлемді шығармасы — «Тасқын» поэмасынан айқын көрінді.

Ақын «Тасқын» поэмасын 1936 жылы бастап, 1937 жылы аяқтады. Поэма 1921 жылы Алматы қаласында болған оқиғаларды суреттеуден басталады. Бірақ ақын өмірде болған жәйттерді жалаң көшірумен шектелмеген. Қайта поэма желісіне сол уақыттың сипатын аңдататын оқиғалар мен тартыстарды мол кіріктіре отырып, ол әлеуметтік тынысы кең кесек шығарма жасай алған. «Тасқын» поэмасы арқылы Т. Жароков шығармашылық жолының алғашқы кезеңіне қорытынды жасады. Сонымен қатар ол ақынның кең құлашты, зор тынысты эпикалық шығарма жасаудағы жемісті қадамы болып табылады.

Жаңа дүниені орнатушы қарапайым адамның ұнамды образын жасауға талпынушылық жиырмасыншы жылдардағы поэзияда да байқалған болатын. Бірақ бұл проблеманы лирикалық шағын өлеңдерде емес, күрделі шығармаларда шешу тек отызыншы жылдардағы поэзиямызда ғана шындап қолға алынды. «Тасқын» поэмасындағы Қайсардың образы — осының айғағы. Қайсар бейнесі поэманың бүкіл өн бойына елес беріп отырады. Ақын шығарманы осы Қайсармен таныстырудан бастайды.

...Қыр мұрын, бүйрек бетті, өткір көзді,
Жас бала көп жасаған жан мінезді,
Жаны оның жаз жылуын көрмегендей,
Көңілсіз алып қарсы қоңыр күзді,—

деп суреттейді ақын Қайсарды. Жоқшылық өмірі, қол қысқалық «қаршадай қарға бойлы қара баланы» ерте есейтеді. Партизан әкесінің жараланып қаза табуы да жас Қайсарды азалы, ауыр ойға салады. Кейін телегей тасқын кезінде ол жалғыз шешесінен де айырылады.

Сөйтіп, ол панасыз қаңғырып қалады. Бірақ кеңес өкіметі, Коммунистік партия оған қолын созады, қамқорлық жасайды. Осының арқасында кешегі жетімек кейін білімді маманға, озық мәдениетті интеллигенцияның өкіліне айналады.

Поэманың бір тарауында Қайсардың орыс ақыны Пушкиннің «Мыс салт атты» поэмасын оқып отырғаны баяндалады. Бұл көрініс көп мән бар. Пушкин шығармасын оқи отырып Қайсар өзінің сорлы балалық шағын, тілсіз табиғаттың апатына ұшыраған жайын еске алады. Әрине, егер кеңес өкіметі болмаса, «Мыс салт аттыдағы» Евгенийдің мүшкіл халіне Қайсар да ұшырайтын еді. Бірақ жаңа дәуір, социалистік қоғам Қайсарды жоқшылық шеңгелінен жұлып алып, жарқын өмірге жеткізеді. Қайсар образы кеңестік құрылыс адамды бақытты ететіндігін, оның шығармашылық қабілет-дарынына кең өріс ашатындығын аңдатады.

Қайсар — білімді маман ғана емес, сонымен бірге жалынды патриот та. Өз қызметін атқаруға ол салған беттен-ақ беріле кіріседі. Ордабаевтың зиянкестік әрекетінің сырын тез аңғарып, уытын қайтаратын да — осы Қайсар. Әрине, бұл Қайсарға оңай түспейді. Сарыла ізденудің, аянбай ақыл-ой жұмсаудың арқасында және партияның, көпшіліктің қолдауына сүйене отырып қана ол Ордабаевтай жаудың арамза пиғылының, сұмдық ойының астан-кестеңін шығарады.

Қайсардың бойында жалын атқан жігермен бірге асқақ арман да, жүйрік қиял да бар. Ол ойлана да, толғана да біледі. Өзі жобасын жасаған үйді салғызып болғаннан кейін Қайсар небір әсерлі ой-сезімдерге бөленеді. «Тасқыны қара тасты қақ айыратын, төбесі мұз, бауыры суық қар» Алатауға қарап ол тәкаббарлана тіл қатады:

...Тасқында сел ағызған өз үйімнің
Орнына жаңа үй салып тасын қидым.
Долданған тасқыныңды тойтарсын деп
Цементтен белдеуіне құрыштыр идім.
...Дәумін деп мақтанба, тау, сүйген аспан,
Бас иген сендей асау талай тасқан.
Көз тікпе зәулім үйді құлатам деп,
Бір ұлы күш бар бүгін сенен де асқан.

Бір кезде дүлей табиғаттан және одан да қытымыр тұрмыстан өгейлік көрген Қайсар енді соларға осылайша өктемдік білдіреді. Сөйтіп, табиғаттың стихиялық құбы-

лысы жайындағы баяндау социалистік құрылыстың, жаңа өмірдің қуатты да тегеурінді тасқыны туралы тақырыпқа ұласады. Осы идеяны ақын Қайсар образы арқылы бейнелеген. Қайсар образында қазақ кеңес интеллигенциясының тұтас бір буынының өмірі мен тағдырының шындығы бар. Оның образының ерекше құндылығы да осында.

Поэманың ұнамды кейіпкерлерінің бірі Жамал Қайсармен тағдырлас. Қайсар сияқты, оны да жетімдік өмірден құтқарып азат еткен — кеңес өкіметі. Қайсар сияқты ол да техникалық білім алып, маман болып шығады. Бірақ оның өмірі поэмада толық, жан-жақты суреттелмеген. Ақын Жамалды өзінің қызметін атқару үстінде көбірек көрсеткен. Ал оның басқалармен байланысы, әсіресе коллективпен қарым-қатынасы терең ашылмаған. Ақын кейіпкерінің бұл мінезін оның бұйығы ұяңдығынан емес, өз ісіне татаусыз шын көңілмен берілгендігінен деп түсіндіреді.

Түспейтін жұртқа орынсыз оның көзі,
Өйткені ауыр еді тым мінезі.
Жұмысқа жан-тәнімен берілгеннен
Алаңсыз жүретұғын ісінде өзі.

Жұмыстан босап кетсе ойында оның
Оқу ғой, кітап түспейд — қолында оның...

Дегенмен, Жамал бейнесінің жарқын да толық ашылмауы типтік дәрежеге көтерілуге лайықты осы образдың әсер етушілік қуатын біраз әлсіреткен. Поэманың алғашқы нұсқасында Жамал Ордабаевтай жаудың қолынан қаза табатын. Ал поэманың жөнделген кейінгі нұсқасында Жамал тірі қалады. Осылай ету арқылы ақын, сөз жоқ, өз шығармасының оптимистік сипатын анағұрлым күшейте түскен.

Поэманың ұнамсыз кейіпкерлерінің ішінде оқшауланып көрінетіні — Ордабаев. Ақынның суреттеуінде ол — алуан айлалы, қыры көп, тақыс жау. Ордабаев өзінің сұмдық ойының орайына қарай құбыла да жалтара біледі.

Көздіктің ар жағынан көзі жайнап,
Жүзінен мың құбылған сұмдық ойлап.
Безеріп бірде кейіп, бірде күліп
Біресе отырады ойға бойлап...

Біресе момақансып тұк те сезбей,
Біресе бір сұмдықтың кілтін іздей.
Жылтылдап сордың сұрғылт түлкісіндей
Тұра алмайд жұртты сиқыр көзі кезбей.

Ордабаевтың портреттік сипаттамасы мен ішкі дүниесінің бейнесін ақын осылайша астастыра, ұластыра суреттейді.

Поэмада Ордабаев жалғыз емес. Оның тілектес серіктері бар. Ақын оларды кеңінен суреттеп жатпайды. Олар тек Ордабаев бейнесін толықтыра түсу үшін алынған. Шығарманың соңғы тарауында ақын Алматы қаласының қуанышқа, шаттық-думанға толы тіршілігінің жарастықты суреттерін береді. Бояуы қалың бұл әсем суреттер поэманың ұнамды кейіпкерлерінің жарқын тағдырын, бақытты өмірін де паш ете түсетін тәрізді. Поэма ақынның Алматы туралы лирикалық шалқуларымен, патриоттық ой-сырларымен аяқталады. Алматының капиталистік елдер астаналарынан артықшылығын ақын мақтаныш сезіміне бөлене отырып жырлайды:

Одақтас Алматы отау туын тіккен,
Саяңда сүйем сені шын жүректен
Қаланған сенің әрбір тасың артық.
Мұңайған Париж, Лондон, Нью-Йорктен.

Ақынның астана туралы бұл патриоттық ойлары поэманың сюжеттік желісінен оқшауланып тұрған жоқ. Қайта шығарма композициясымен қабыса ұласып, оның негізгі идеясын айқындай түсіп тұр.

«Тасқын» поэмасы Т.Жароковтың көркемдік ізденуін, ақындық шеберленуін де байқатты. Бұл ретте поэма оқиғаларының эпикалық кең планда алынғаны, авторлық баяндаулар, ақындық тебіреністер кейіпкерлердің іс-әрекеті, сыр-сезімі жайындағы суреттермен араласа келіп отыратынын ең алдымен айту керек. «Тасқын» Т.Жароковтың кең құлашты, эпикалық шығарманың композициясын құруға икемділігін танытты Ол кейіпкерлерінің өткен өмірімен, белгілі бір кезеңдегі тағдырымен, іс-әрекеттерімен таныстырғанда лирикалық шегіністерді әсіресе ұтымды пайдалана біледі. Сондай-ақ оның қолдануында лирикалық шегіністер шығарманың оқиғалық өрбуін баяулатпайды, қайта жандандыра қызғылықты ете түседі. Жамалдың балалық шағымен және Қайсардың, Жамалдың оқуда болған кезімен таныстыратын эпизодтар бұған айқын мысал болып табылады.

Жалпы алғанда, «Тасқын» поэмасы тек Т.Жароковтың ғана шығармашылығындағы емес, сонымен бірге отызыншы жылдардағы бүкіл қазақ кеңес поэзиясының елеулі табысы болды. Бұл поэма ақындарымыздың қазіргі заман тақырыбына арнап күрделі де кесек шығармалар жаза алатын дәрежеге жеткендігін танытты. Ақынның қырқыншы жылдардағы поэмаларының ішіндегі ең тәуірі «Жапанды орман жаңғыртты». Бұл шығарма кеңес адамдарының табиғатты өзгертіп, қайта жасауы туралы тақырыпқа арналған. Поэмада өткен өмір елестері, бүгінгі күн көріністері, болашақ суреттері де бар.

Шығарманың алғашқы тарауында ақын Сарыадырдың бұрынғы сұрықсыз да сүреңсіз кейпін бояуы дәл суреттермен елестете алған:

Жерден қолын жұрт былғап,
Жаңбырды үміт ететін.
Жалауын жасыл бұлт бұлғап,
Оралмай бірақ кететін...

Алаулаған аңызда
Құс қаға алмай қанатын.
Тамызық боп тамызда
Шөбі дір-дір қағатын.

Осындай қуаң даланы мекендеген жандардың да тіршілігі құқыл. Олар аңызақ алаулаған бұл даланы жасыл орман көмкеруін арман етеді. Сарман шал мен оның қызы Майраның да көкірегін осы бір арман аялаған. Халықтың ғасырлар бойғы бұл арманы тек кеңес дәуірінде ғана жүзеге асты. Поэманың негізгі тараулары осыны көрсетуге, яғни арманның шындыққа айналғанын бейнелеуге арналған.

Туған өлкенің табиғаты қалай өзгерді, бұл жолда қандай күрес жүргізілді? Бұл жайында поэмада ештеңе айтылмайды және көлемі шағын шығармада мұның бәрін қамту мүмкін де емес. Сондықтан да ақын сол сұрапыл күрес қандай нәтижелер бергенін ғана суреттейді. Тоты қанат жас тоғай, гүл атқан ақ қайың мен көк терек, алма мен жүзім ағаштары, орман арасында жайқалған егін алқабы, еңбекке жұмылған, шат көңілді адамдар — міне, жасарған, жаңғырған Сарыадырдың бүгінгі көріністері осындай. Әрине, мұның бәрі — батыл ойдың, батыр еңбектің жемісі. Ақын Сарыадырды осынау күйге келтірген еңбек адамдарын мадақтайды. Туған даланың табиғаты ғана өзгеріп қойған жоқ. Сол жапан түзді жасартқан, тас мінез

табиғатты қайта жасаған адамдардың өздері де өзгеріп өсті. Поэма кейіпкерлерінің өсу жолы осыны танытады. Поэманың алғашқы тарауларында Сарман шал еңбегі еш, тұзы сор адам ретінде суреттеледі. Оның арманы — Сарыадырда жасыл орман жайқалғанын көру. Сол бір бағы заман үшін бұл тым алыс қиял еді. Бірақ «қырда өскен сол қазақ» бет шымшыған аяздан да, мазақ еткен желдің өтінен де таймайды. Бұл ретте Сарман — халықтың еңбек сүйгіш өкілі, оның арманын арқалаушы есепті.

Халықтың бұл арманы жаңа дүние орнағаннан кейін ғана ада болды. Осы жолда күрескендердің ішінде Сарман да бар. Сарманның жасы қартайғанымен, жаны жас. Ол өзінің жасарып балғын тартқан өлкесіне мейірлене көз тігеді, еңбек етуді ұнатады. Сарыадырдың болашақтағы бұдан да әсем көріністерінің де осы Сарманның ой-қиялы арқылы берілуі тегін емес. Бұл ретте де ақын өз кейіпкерінің халықтық сипатын айқындай түспек болған.

Осындай өсу Майраның бейнесінде де бар. Бір кезде «тұлым шашы желкілдеп жалаң аяқ, жалаң бас» жүгіріп жүрген, «көк орманның шымылдықтай ашылуын» арман еткен Майра да адам танығысыз болып өзгерген. Ол енді жоғары дәрежелі білімі бар маман болған. Бірақ осының бәрі сырттай ғана суреттелген. Майраның жан сарайы, рухани өсуі поэмада ашылмаған. Бұл — шығарманың елеулі кемшіліктерінің бірі.

Поэмада халықтар достығы, орыс халқының қазақ халқына қамқорлығы туралы тақырып та шынайы бейнеленген. Сарман шал мен Сидор Семенычтың арасындағы достық — олардың өмірлік мүдделерінің ортақтығынан келіп туған, нағыз адал да абзал достық. Сарманның мына бір сөздері осы достықтың тамаша куәсі есепті:

Ұрығын еккен еменнің
Сол мейірімді орысты —
Құты деп білем жерімнің,
Тоғайлы еттік қоныста.

Ақын Сидор Семенычты арнайы суреттемейді. Оқушы оның кім екенін тек Сарман шалдың әңгімесінен ғана біледі. Сөйтсе де, поэмада үлкен жүректі, мейірбан жанды орыс адамының жылы да тартымды бейнесі бар.

Бұл — автордың образ жасаудағы шеберлігінің айғағы. «Жапанды орман жаңғыртты» поэмасы өзінің көркемдік қасиеттерімен де ерекшеленеді. Ақынның

басқа кейбір поэмаларындағыдай артық асқақтау, көп сөзділік бұл шығармаларда жоқ. Мұнда соны суреттер мен теңеу-балаулар, тың ұйқастар да мол ұшырасады. «Жапанды орман жаңғыртты» поэмасы Т.Жароков шығармашылығындағы жаңа бір беталысты байқатты. Ақынның соңғы жылдарда жазған ең көлемді әрі кесек шығармасы — «Қырда туған құрыш» поэмасы. Бұл поэма 1954 жылы жазылды. 1955 жылы ақын оны жөндеп, толықтырып қайтадан бастырып шығарды. «Қырда туған құрыш» поэмасы өндіріс тақырыбына арналған. Жалпы Т.Жароков шығармашылығында өндіріс тақырыбы үлкен орын алады. Тіпті оның алғашқы кезеңдегі өлеңдері мен поэмаларының да бірсыпырасы осы тақырыпқа арналған болатын. Өзін бүкіл шығармашылық жолы бойына толғандырған бұл тақырыптың кемел де көркем шешімін ақын осы поэмасында әсіресе сәтті тапты. Поэма прологтан, тоғыз тараудан, эпилогтан тұрады. Тақырыптық қамтуының кеңдігі, оқиғаларының молдығы жағынан «Қырда туған құрыш» Т.Жароковтың бұрынғы поэмаларының барлығынан да биік, оқшау танылады.

Шығарманың алғашқы тарауларында кеңес адамдарының Нұра өзенін бөгеп су қоймасын жасағаны және оның жағасында су электр станциясын салғаны жайында баяндалады. Поэманың негізгі тараулары металлургиялық заводтың салынуын және онда тұңғыш рет құрыш қорытылуын көрсетуге арналған. Осындай зор істерді ақын өз кейіпкерлерінің қимыл-әрекеттері өрістеген, олардың тіршілік-тағдыры айқындалған ая ретінде суреттейді. Автордың ең негізгі назар аударатыны — адамдардың өмірі мен тағдыры, олардың өзара қарым-қатынастары.

Поэманың беттерінен халықтың жасампаздық еңбегінің, шығармашылық қайрат-қажырының лебі еседі. Бұл әсіресе Нұра өзенінің бұғалыққа бас июі, су электр станциясы мен заводтың салынуы бейнеленетін эпизодтардан анық танылады. Поэманың ең басты тартыс түйіндері де осы оқиғалардың төңірегінде өрбіп өрістейді. Дегенмен, поэмада адамдардың өзара тайталас-тартысы күрделі де өткір күйінде берілмей, босаң тартып кеткен.

Мұның есесіне ақын қалың көпшіліктің табиғат стихиясына тұсау салудағы, жұмыстағы қиындықтарды жеңудегі күрес-тартысын баса суреттейді. Шығарма талай жылдық оқиғаларды қамтығанмен, оның композициялық құрылысында селкеулік, шұбалаңқылық жоқ. Өйткені ақын кейіпкерлерінің өмірлік жолын, тағдыры мен күресін

айқындап ашатын оқиғаларды ғана сұрыптап алған және соларды ажырамас тұтастықта бейнелей білген.

Поэмадағы ең басты герой — Темірбек. Поэманың сюжеттік желісіне балғын бала күйінде енген Темірбек шығарманың бүкіл өн бойына толыса өсіп, барған сайын биіктей түсіп отырады. Қырда туған тұңғыш құрыш құюшы да — осы Темірбек. Поэманың эпилогы да Темірбектің жай-күйінен елес беруге арналған. Темірбектің өсу жолы поэмада нанымды бейнеленген. Әкесі Жоламанның ұста дүкенінде, көрік айналасында жүргенде-ақ оның бойында еңбекке деген құштарлық сезімі оянады. Ол әкесі сияқты ұста болуды армандайды. Бұл оның өмірден көргені мен түйгеніне, балалық қиялына сай да. Білімі өсе, жасы толыса келе оның арманы да ұлғая, биіктей түседі.

Асау Нұраны бағындыруға да, завод салуға да Темірбек белсене араласады. Ол әрдайым еңбек майданының алғы легінде болады. Өзі де құлшына қимылдап, басқаларды да жұмылдыра түседі,

Ақын Темірбектің Оралдағы бір заводта болып мамандыққа баулынғанын және Теміртауға қайтып келіп, тұңғыш рет құрыш құйғанын әсіресе мол әрі тартымды суреттеген. Автор құрыш құю процесінің технологиялық жағын көп қазбалай көрсетіп жатпайды, қайта оны поэзия мен романтикаға толы тамаша бір еңбек дүниесі ретінде бейнелейді.

Поэмада Темірбек пен Лизаның арасындағы махаббат та жарастықты күйде, жылы суреттелген. Лиза — парасатты, ойлы жас. Ол өзінің көз тойдырарлық ажар-көркімен де, нәзік жан-дүниесімен де, жігерлі іс-әрекетімен де тұтас көрінеді. Лиза өзінің еңбексүйгіштігімен де Темірбекке лайықты жар.

«Қырда туған құрыш» поэмасында бұлардан басқа да шынайы жасалған бірсыпыра образдар бар. Олардың ішінде парторг Парамонов, Жоламан, Самсон қарт, Попов бейнелері әсіресе ерекшеленіп көрінеді. Ақын бұларды еңбек үстінде де, қоғамдық тіршілікте де, отбасылық тұрмыста да суреттейді. Сонымен бірге олардың әрқайсысының өзіне тән кескін-кейпі, сыр-мінезі, даралық бітімі бар. Ал поэманың басқа кейбір кейіпкерлері (завод директоры, мастер, Тоқтарбай қарт) мұндай дәрежеге көтерілмеген. Олардың шығарма оқиғаларына араласы да, тындырары да аз.

Поэманың тілі тұтастай алғанда көрікті де суретті, түсінікті. Бөгетті бұзып, буырқана тасыған селді де,

кейіпкерлерінің кескін-келбеті мен сыр-сезімін де, құйылып жатқан құрышты да ақын бояу реңктері ұқсас, орайлас келетін сөздермен шынайы суреттейді. Бір ғана мысал келтіріп қаралық:

Жалын жұтқан көк темір
Қып-қызыл боп сумаңдай,
Секіріп түсіп жатқан бір
Он құлаш от жыландай!

Шоққа піскен көк темір
Лақтырылған найзадай.
Немесе ұқсап кетті бір
Жерде ойнаған нажағай!

«Қырда туған құрыш» поэмасында реалистік қасиет мол. Поэмадағы авторлық баяндаулардан да, кейіпкерлерге берілген сипаттаулардан да, олардың диалогтары мен ішкі монологтарымен де ақынның реалистік жазу мәнеріне көбірек ден қойғаны байқалады. Осы тұрғыдан қарағанда, «Қырда туған құрыш» ақынның бұрынғы сюжеттік күрделі шығармаларының бәрінен де оқшау танылады.

Биыл ақын «Құмдағы дауыл» атты ұзақ дастанын жариялады. Өзінің бұрынғы «Нарын» поэмасының материалдарын өзек етіп алғанмен, ақын бұрынғы шиырға түсіп кетпеген, тың туынды жасаған. Сондықтан да бұл шығарма Т.Жароковтың өз мерейтойы қарсаңындағы шығармашылық нәрлі табысы саналуға лайықты. Т.Жароков көркем аударма саласында да беріле әрі жемісті еңбек етіп келеді. Ол Грибоедов, Пушкин, Лермонтов, Тарас Шевченко, Шота Руставели, В.Маяковский сияқты көркемсөз алыптарының көптеген шығармаларын қазақ тіліне аударды.

Тайыр Жароков өзінің таңдаулы поэмаларымен, уақытымыздың рухына, жасампаздық пафосына толы саяси-лирикалық өлеңдерімен қазақ кеңес поэзиясына мол үлес қосты. Шығармашылық дер шағына келген, дәуір талабына, уақыт үніне құлақ асқыш сергек те шабытты ақынымыздың асқақ дауысы болашақта да зор қуатпен естіле беретіндігі күмәнсыз.

1959 ж.

САМАЛ ЖЕЛ

Суреткердің шығармашылық мүмкіндігі мен даралық сипаты өнебойы әрі мейлінше жарқын көріне беруі ләзім емес. Әрбір қаламгер өз өнерінің мұндай биігіне шығармашылық сапарының әрқилы кезеңінде, әралуан күйде көтерілмек. Ақын Жұмағали Саин шығармашылығының осындай шырқау шағы оның Ұлы Отан соғысының сонау бір қаһарлы да қатерлі айкүндерінде туған отты да уытты, саф мөлдір әрі сыршыл лирикасы еді. Ақынның бұл жырлары оның өзі образды түрде орайлы тауып айтқанындай, «сияменен жазылған жоқ», «жүрек қанымен», «ұлы айқаста құрбан болған ерлердің атыменен, арыменен жазылған». Олардың уақыт сынына бой алдырмас өміршеңдігі де осында болатын. Ж.Саинның бұл тұстағы поэзиясының өрісті өзегі, үзілмес желісі кеңес адамы туралы, оның отаншылдығы, асқақ азаматтығы туралы тақырып еді. Осы тақырыпты беріле жырлаудан ол соғыстан кейінгі жылдарда да танған емес. Егер ақын бұл тақырыпты бұрын лирикалық сазға көбірек бой ұра отырып бейнелесе, ал енді ол философиялық толғаныстарға да ауысып отырады. Ақын поэзиясының осы сипатын оның «Самал» атты соңғы жинағына енген шығармалардан да анық танимыз. Ақынның соғыстан кейінгі кезеңде жазылған және осы жинағына да енген «Таң мен адам» атты өлеңін мысалға алып қаралық. Бұл шағын өлең рауандап атып келе жатқан жазғы таңның суретін бейнелеуден басталады. Айнала күйлі әсемдікке, тыныштыққа толы. Бірақ бұл тыныштық беймезгіл мүлгу емес, шартты түрде ғана алынған. Өлең желісіне «құдіретті адам» енуімен бірге тыныштық пердесі жыртылып, дүние бір жас қуатқа, қимыл-қозғалысқа еніп жайнап сала береді. Бұл өлең «өмірді асығыс жасап жатқан адамның» қажырлы тегеурінін жақсы сездіртеді. Адам мен табиғат туралы тақырыпқа ақын басқа да бірсыпыра өлеңдерінде «Шың мен адам», «Түнде» оралып отырады. Жинақтың шоқтығын көтеріп, идеялық тынысын тереңдете түсіп тұрған шығармалардың бірі — «Ленин атымен» деген өлең. Мұнда ақын өткен өмірге, тарих тереңіне өзінің сезінулері мен еске алулары арқылы үңілмек болады. Бастан — аяқ баяндау түрінде жазылғанмен, өлең ықыласпен оқылады. Өйткені бұл баяндау бірте-бірте автордың өзінің лирикалық монологына айналады. Ел басынан өткен оқиғалар мен кезеңдерді ақын өз атынан баяндайды. Рас, оның осы екі

желіні ұштастыра алмай, ара-тұра еңістеп кететін жақтары да бар. Сөйтсе де бұл өлең Ж.Саинның әлі де болса азаматтық лириканың жақсы үлгілерін тудыруға оңтайлы екендігін анық аңдатады.

Жинақтың «Сағыну» атты бөлімі көңіл-күй, махаббат лирикасынан тұрады. Мұндағы өлеңдерде өмірдің бел-белестерінен өтіп келіп өткен күнге ой көзімен оралған, жастық шағын сағынған адамның аяулы, абзал сезімдері бар. Бұлардың ішінде «Жолығар кезді мен күттім», «Шәрбанға», «Қараш бойында», «Екі жалын бір жүректе маздаған» атты өлеңдер абзал парасаттылыққа, сезім шындығына әсіресе мол суарылған. Махаббат — үлкен де қасиетті сезім. Оны шынайы жырлау арқылы ақындарымыз оқушыларының жан-жүрегіне жақсы қасиеттер дарытады. Соңғы жылдарда жасамыс ақындар да, жас талаптар да бұл тақырыпқа көбірек бой ұрып жүр. Бірақ бұл тақырыпты тым тар шеңберде жырлау, ішінара оны азаматтық лирикаға кесе-көлденең тартуға тырысушылық сияқты жәйттер де байқалды. Ж.Саин махаббат тақырыбын бұлай шешуден аулақ. Ол мұның тәрбиелік мәні барлығын естен шығармайды. Бұл жағынан жас ақындар Ж.Саиннан көп нәрсе үйрене алар еді.

Әрине, ақынның бұл саладағы өлеңдерінің барлығы бірдей мін-мұлтіксіз, мұнтаздай таза десек, тым асырып айтқандық болар еді. Оның махаббат лирикасының ішінара әсіреқызыл, татымал нашарлары да бар. Өз басының көңіл-күйлерін шертуге сергек те жүйрік ақын басқалардың сезім-сырларын суреттеуде салғырт та салқын. Сөзіміз дәлелді болуы үшін «Бір түнде» деген өлеңді мысалға алып қаралық. Мұнда ақын «ел ұйқысына жатқан мезгілде» колхозды ауыл бақшасында серуендеген, «үнсіз ғана махаббатты жырласқан» екі жастың құштар да қызулы халдерін баяндайды. Содан кейін өлең мынадай екі шумақпен түйінделеді:

Құшқан сайын гүлгүл жайнап барады,
Бір шоқ талдан ай да ақырын қарады...
Бұл екеуі сықылықтап күледі,
Қара көздер электрдей жанады.

Ертең көрдім бұларды егіс басында,
Бірі қырда, бірі тоғай қасында,
Комбайнда отыр екен күлімдеп,
Бұ да өмірім, бұ да менің жарым деп.

Ең алдымен, екі жастың әйтеуір күйіп-жанғанын жалпылама жырлай беру ақын үшін дара мақсат болмасқа керек. Сондай-ақ өлеңнің нақ соңында, тынар шағында автордың ешбір дайындықсыз, күтпеген жерден басқа тақырыпқа ауысып кетуі де келте әрі көңілге қонымсыз. Өлеңге орнын таппай қосылған мұндай «тұздық» шығармаға сөл де, реңк те бітірмейтіндігі хақ. Сөйте тұра ақындарымыз осыны көп жағдайда ескере бермейді. Ж.Саинның ақындық өнерінің қыры мол, тынысы терең. Оның шығармаларында асқақ пафос, жалынды үгіт, байсалды ақыл, нәзік сыршылдық — бәрі де ұласа, астаса жүреді. Бұдан біраз уақыт бұрын бізде «өлең сезімге құрылсын» деп талап қоюшылар да және шығармаларын осы талапқа қарай ойыса отырып жазғандар да болды. Бірақ уақыт қазір сол талаптың солақайлығын, сыңаржақтылығын анық көрсетті. Тек сезімге ғана емес, сонымен бірге және де ең алдымен парасатты ойға құрылған шығарма ғана оқушының жан сарайын байыта түспек.

Ж.Саин — осыны терең түсінетін, ақыл мен сезімді қатар ұстайтын ақын. Өз өнерінің осы бір қырын ол шығармашылығының бүкіл ұзына бойына анық аңдатып келеді. Сөз болып отырған жинаққа енген «Ойласам бала кезімді» атты өлеңде бейнелі түрде берілген қаншалықты ғибрат әрі көңіл тербетер күйлі саз бар. Бұл жерде біз «ғибрат» деген сөзді нағыз жақсы мағынасында алып отырмыз. Өйткені шын мәнісіндегі әдебиеттің негізгі нысанасының өзі — тағлым айту, адамның ой-санасын марқайту, сыр-сезімін ояту ғой. Гәп тек сол тағлымның жадау да жадағай айтылмай, бейнелі де астарлы түрде берілуінде.

Жоғарыда аталған өлеңінде ақын балалық шағын тебірене ойға алады. Өз өмірінің сол бір кезінің суретін ол оқушының көз алдына жайып салады. Мұнда балалық шақтың қимас қызықты сәттері де, жетімдік өмірдің көңіл жүдетер көріністері де бар. Бұл жерде тағы да ақын жеке тағдырын баяндаудан өз тұстастарының көпке ортақ күйлерін шертуге ауысады. Өлең былайша тәмамдалады:

Осылай өткен бала шақ,
Оралмас енді ол жылдар.
Белгісіз еді болашақ,
Жазы дауыл, қысы ызғар.
Отырсың ба таңырқап,
Қуғандай жазғы сағымды?

Сендерге айттым, жас ұрпақ,
Бақытсыз бала шағымды.

Әрине, саған бұл аңыз,
Сонау бір өткен ғасырдай.
Сонда да ойлап байқаңыз,
Барлығын айттым жасырмай.

Ақын өлеңін осылайша оқушыға ой тастап аяқтайды. Қазіргі бақытты балалық шақты өткен өмірдің өгей көріністерімен салыстыра жырлап жатпайды. Бұл жайындағы байлауды оқушының өз үлесіне қалдырады. Бірақ бұдан өлеңнің әсер етушілік қуаты еш кемімейді. Жұмағали Саин — шындықтың жүзіне бұлтақтамай тура қарайтын және сондықтан да өзінің ой-толғаныстарын ақтара ашып айтатын ақындарымыздың бірі. Ал мұндай авторлар оқушысымен оңай тіл табады, оны тез баурайды. Ж.Саинның партизандық жырларының, оның ішінде «Есімде Айдар өзені» атты атақты өлеңінің жұртшылық арасына кең таралып, тіпті жатталып кетуінің негізгі сыры осында болатын. Жаралы қазақ жауынгерін жаудан жасырып, аранын ашқан ажалдан аман алып қалған украин қызы, жаудан тазарған украин жерінің топырағын жата қалып, емірене сүйіп жатқан қазақ жігіті, құшақтары айқасып қабірде де бірге жатқан орыс пен қазақ жауынгері — ақын өлеңін оқығанда көз алдымызға осындай суреттер елестейтін. Бұл өлеңдегі ақынның лирикалық кейіпкері кеңес жауынгерлерінің ортақ сипатын, ерлік тұлғасын, моральдық бейнесін танытатын.

Уақыт өткен сайын жасаң тартып жаңғыра түсетін осынау жақсы өлеңін ақын мына жинағына тағы да енгізіпті және Айдар өзені жайында жазған «Көз алдыма келтіреді Арқаны» атты жаңа бір жырын қоса беріпті. Соңғы өлеңін ақын Украинаға кейінгі барған сапарында жазған. Мұнда ол Айдар өзеніне деген сағынышын, ыстық ықыласын тербейді, оны бүкіл украин жерінің жинақты бейнесінде алып жырламақ болады. Өлеңде «тас бұлақтың суындай» шынайы да мөлдір талай-талай сыр-сезім, жақсы жолдар бар. Бірақ тұтастай алғанда бұл өлең «Есімде Айдар өзенінен» тайыз соғып жатыр. Өзіне іштей жақын, сүйікті тақырыбына қайта оралған ақын жаңа бір леп сездірте бермейді. Бұл ретте ол өзгенің емес, өз биігінің көлеңкесінде қалыңқырап қойған сияқты.

Жұмағали Саин бұрын адамгершілікті, адалдық пен беріктікті уағыздайтын, «жауыз ойлап, жалған күлушілікті»

бекерлейтін бас-аяғы жинақы афористік, нақылдық бірсыпыра өлең жазған-ды. Бірақ онда тұтастай сатиралық сарында жазылған шығармалар ұшыраса бермейтін. Ал ақынның мына жинағына оның осы тақырыпқа арналған біраз өлеңі («Таңқы мұрын қара қыз», «Біреу...» т.б.) еніпті. Рас, алғашқы өлеңде әлеуметтік терең астар жоқ. Онда сатиралық уыттан гөрі кекесін, келемеж сарыны басым. Ал екінші өлең ақынның сатирашылық қабілетін анық байқатады. Өлеңнің «Біреу...» деген атының өзі де жинақты ұғымды әрі бір жаттықты, бөтендікті сездіртеді. Мұнда ақын «осы өмірде жүрген талай біреулерді» — жағымпаздар мен жылмаңдарды, мансапқорлар мен аярларды аяусыз мінейді, түптеп келгенде, олардың төркіні бір екендігін айтады. Өлеңнің аяқталымы да ұтымды тапқырлық танытады:

Біреу емес,
Мыңдар біздің досымыз.
Мыңдар үшін
Жасаймыз ғой осы біз.

Ж.Саинның поэзиясында лирикалық саз бен пафос, үгіттік сарын араласа жүретіндігін жоғарыда атап көрсеткен едік. Оның соғыстан кейінгі жылдарда жазған «Ресей туралы сөз», «Орыс халқына», «Өлеңім менің» сияқты өлеңдері зор шабыт, ақындық үлкен пафостан туған шығармалар екендігі даусыз. Ал ақын осы жалынды пафосқа көтеріле алмаған шақта оның өлеңдерінің көркемдік қасиеті сұрғылт тартып, жадағайланып кететіндігі байқалады. «Мәселен, осы жинақтағы «Май жыры» атты көтеріңкі рухта жазылған өлеңде мынадай жолдар бар:

Күреспесең,
Өмір сыйын бере ме!
Айқаспасаң,
Жеңіс тегін келе ме!
Күшің аспай,
Шіркін еңбек өне ме!
Өнім қызбай,
Коммунизм жеңе ме!

Әрине, ұйқастары өзара үйлесіп тұрғанмен, мұнда шын өлеңге хас қасиет шамалы. Толқынусыз, терең сезінусіз туған мұндай салқын жолдар оқушыны сергіте де серпілте алмақ емес. Шығармашылық сапарының әр қырқасында ара-тұра төбе көрсетіп қалатын осындай кемшілікке ақын

болашақта бой алдырмасқа тиіс. Жинақтың «Талпынған шақ» атты тарауына автор ертеректе, алғашқы кезеңде жазған кейбір өлеңдерін енгізіпті. Біздіңше, бұл жинақ таңдамалы болмағандықтан, оларды кіргізбеуге де болатын еді.

Кітаптың соңында ақынның қазір жазып жүрген «Азамат» атты ұзақ дастанының алғашқы екі тарауы бар. Ж.Саинның поэма жанрында да кенеулі шығармашылық тәжірибесі бары аян. «Күләнда» поэмасы оның эпиктік кең толғамын танытқан еді. Бірақ «Алтайда» ақын тая соғып, аласа тартып кетті. Сондықтан да оның мына соңғы поэмасындағы аяқ алысы ерекше назар аударлық.

Шығарма оқиғасының шарықтау шегі поэманың бірінші тарауында баяндалады. Ал екінші тарауда ақын кейіпкерінің балалық шағы жайында әңгімелейді. Оның бүкіл өмірлік, азаматтық жолы, іс-әрекеті поэманың келесі жазылмыш тарауларында бейнеленуге тиіс. Шығарманың қолда бар екі тарауы ақынның эпикалық кең өріске де, лирикалық сәттерге де, авторлық ой-толғаныстарға да меңзейтіндігін байқатады, оның тенденциясын да едәуір сездіреді. Ал ақынның бұл жәйттерді қаншалықты өсіріп, тереңдетіп әкете алмағын болашақ көрсетпек.

1959 ж.

ДОСТЫҚ ЛЕБІЗ

Біздің кеңестік әдебиетіміз өзінің интернационалдық, гуманистік сипатын ондаған жылдар бойына, яғни шығармашылық сапарының ең алғашқы сәтінен бері жарқын да кең танытып келеді. Өйткені бұл оның өтпелі, жанама қасиеті емес. Керісінше, бұл сипат әдебиетіміздің шығармашылық табиғатынан, оның жаңашылдық тұрпатынан келіп туады. Мұны біздің әдебиетімізге пролетариаттың кемеңгер суреткері, ұлы гуманист Горький мен заманымыздың аса талантты, таңдаулы ақыны Маяковский мирас етіп қалдырды. Бір мақсатты, көп ұлтты кеңес әдебиеті олардың осы дәстүрлерін дамытып, барған сайын молықтыра, тереңдете түсіп келеді. Жалпы алғанда біздің әдебиетімізді әділет пен гуманизмнің, халықтар достығының шабытты да жалынды жаршысы деп атау лайық.

Халықтардың достығы мен бауырластығының ұлы идеялары — кеңес әдебиетінің өрісті өзегі, үзілмес арқауы,

сарқылмас қайнары. Үлкен әдебиетімізді бұл тақырыптан, яғни өзінің тамыр тартар тереңінен оқшау алып, бөлежарып қарауға еш болмайды. Мұнсыз ол идеялық тынысын тарылтып, әлеуметтік құнын әлсіретіп алар еді. Сондықтан да, бұл тақырыптың көркем әдебиетте өз шешімін қаншалықты дәрежеде және қалай тауып отырғандығы туралы мәселені талдап зерттеудің мәні ерекше.

Достық тақырыбы бүкіл кеңес әдебиетінде, оның ішінде жекелеген ұлт әдебиеттерінде де лайықты, үлкен орын алады. «Халықтар достығы сияқты тақырыпты алып қараңыз! — деп жазды Н.Тихонов.— Біздің қайталанбас уақытымыздың ұлы да тамаша жан тебірентер құбылысы ғой бұл! Халықтар достығы Отанымыздың азаттығы мен тәуелсіздігі үшін ұрыс далаларында күреспен шынығып, қанмен бекіді және мұның өзі туысқан халықтар әдебиетінде... тамаша бейнеленген». Халықтар достығы тақырыбы қазақ кеңес әдебиетінде дәстүрлік әрі сонылық сипат танытады. Өйткені, бір жағынан, оның тамыры өте әріде, тарих тереңінде жатыр. Бұл дәстүр өз бастауын Шоқан, Ыбырай және Абай шығармашылығынан алады. Туған халқын қараңғылық пен тағылықтан жарыққа, прогресс жолына бастаумен бірге олар халықтар достығының үміткер жаршылары да болды. Осы дәстүр әдебиетімізде әрдайым өркен жайып, өрбіп отырды.

Сондай-ақ, бұл тақырып қазақ кеңес әдебиетінде мейлінше жаңа, соны шешім тапты. Оның мазмұны да өлшеусіз тереңдеді, көркемдік аясы да кеңи, кемелдене түсті. Көптеген қазақ кеңес қаламгерлері халықтар достығы мен бауырластығының жарқын идеяларын өздерінің жекелеген шығармаларының ғана емес, сонымен бірге бүкіл шығармашылығының өрісті өзегі етті.

Өзгесін былай қойғанда, қазақ кеңес әдебиетінің кемелдену кезін, есею шағын танытқан, оның дүниежүзілік өріске шығуын белгілеген «Абай» эпопеясы, «Ботакөз», «Оянған өлке», «Қарағанды» романдары сияқты тамаша шығармалар да халықтар достығының нәрлі идеяларымен суарылған. Олардың халық арасына мейлінше мол таралуының негізгі бір сыры осында.

Поэзия мен драматургияның кенеулі, кесек туындылары да осы қасиетті жақсы аңғартады. Халық поэзиясының алыбы Жамбыл мен оның талантты шәкірттерінің шығармашылығы, Ж.Саин, Х.Бекхожин, Х.Ерғалиев, Ж. Молдағалиев және басқа да көптеген ақындардың өлең-поэмалары, Ә.Тәжібаев, Ә.Әбішев, Ш.Хұсаиновтың қазіргі

заман тақырыбына жазған пьесалары бұған анық мысал бола алады.

Сөйтіп, қазақ ақын, жазушылары өздерінің шығармашылығында халықтар достығы тақырыбын барған сайын жіті де жете игеруде. Сонымен бірге Қазақстан туралы тақырып та басқа ұлт әдебиеттерінде көрнекті орын алып келе жатқандығын атап айту мәлім. Бұл ретте украин жазушысы О.Десняктің «Торғай сұңқары» романын, молдаван ақыны Ирина Ставскаяның «Жыр сарайы» поэмасын, грузин ақыны Иосиф Нонешвилидің «Қазақстан жерінде» атты кітабын, беларусь ақыны Максим Танктың «Абайдың туған елінде», орыс ақындары Е.Долматовскийдің «Қазақстан», В.Луговскойдың «Шевченко Арал теңізінде» деген шығармаларын, қырғыз ақыны Аалы Тоқамбаев пен өзбек ақыны Ғафур Ғұламның өлеңдерін атаудың өзі жеткілікті.

Бұл айтылғандар достық идеясы халықтарды ғана бауырластырып қоймай, сонымен бірге әдебиеттерді де өзара жақындастыратын, оларды нәрлендіре, молықтыра түсетіндігін анық байқатады.

Халықтар достығы тақырыбын қазақ кеңес әдебиеті өз дамуының әр кезеңінде-ақ қозғап отырды. Ұлы Отан соғысы жылдарындағы әдебиетте ол өзінің шырқау шегіне жетті. Өмір мен өлім белдесіп, Отан басына қатер төнген шақта кеңес халықтарының берік ұжымдасып зұлым жауға қарсы аттануы, олардың жауынгерлік және рухани тұтастығы, құрсанған ыза-кегі әдебиетте де қуатты, құдіретті сарын туғызды. Қазақтың көптеген ақын, жазушылары еліміздің тәуелсіздігі мен азаттығы жолындағы қасиетті де айбынды айқасқа тікелей араласты. Сөйтіп, олар ерлік пен достық дастанын тек қаламмен ғана емес, қарумен де жазысты. Достық тақырыбы соғыстан кейінгі қазақ әдебиетінде де кеңи, өрістей түсті. Бұл игі тақырыпқа тікелей де тұтастай арналған көптеген шығармалар туды. Бірақ көлемі шағын мақалада солардың бәріне талдау жасау мүмкін емес. Сондықтан біз белгілі бір кезеңде, яғни Қазақстан кеңес жазушыларының үшінші съезінен бергі жылдарда туған поэзиялық және прозалық шығармаларда халықтар достығы тақырыбы қалай бейнеленгендігі туралы мәселеге ғана тоқталуды мақсат етеміз. Біздің ақын, жазушыларымыз достық тақырыбына материалды дерексіз болмыстан, құр қиялдан іздемейді. Оларға мұны өмірдің, шындықтың өзі ұсынады. Бұған мысалды революцияға дейінгі Сахара тіршілігінен де мейлінше мол

табуға болады. Атақты «Дударай» әнін шығарған орыс қызы Мәрия Егоровна Рекинаның қазақ жігіті Дүйсенге деген сүйіспендік тағдырына байланысты тамаша аңызды кім білмейді! Мәриям мен Дүйсеннің тағдыры орыс және қазақ халықтарының арасында сонау бір қытымыр заманның өзінде-ақ туып қалыптасқан адал достық пен мейірімді махаббаттың символындай сезіледі.

Ақын Х.Бекхожин осы тақырыпқа арнап «Мәриям Жагор қызы» атты ұзақ поэма жазған еді. Бірақ поэманың алғашқы нұсқасында елеулі ақаулар бар-ды. Ақын көбінесе екі жастың сүйіспендік тағдырын ғана жалаң суреттеп, достық тақырыбының өрісін тарылтып алған болатын. Ал кейін осы тақырыпқа қайта оралғанда ақын шығармасын бұл ақаудан арылтқан. Ол поэманың оқиғалық өрбуін, тартыс желісін жаңаша құрып, көптеген тарауларды қайтадан жазып шыққан. Бұл оның достық тақырыбын тек екі жастың махаббаты шеңберінде ғана қалдырып қоймай, кең әлеуметтік тұрғыдан қарап жырлауына мүмкіндік берген.

Поэмада Дүйсеннің әкесі Үкен мен Мәриямның әкесі Жагордың арасындағы достық та жылы, нанымды суреттелген. Бұл достық тұрмыс мүдделерінің ортақтығынан, тіршілік талабынан келіп туған. Бірақ олар сол достықты әлеуметтік теңсіздіктерге қарсы күрес құралы ету дәрежесіне жетпеген. Бұл, әрине автордың тарихи шындықтан шығандап кетпей, онымен орайласып, қоян-қолтық келіп отырғанын көрсетеді. Ал Алексей, Тимофей, Дүйсен, Базар, Мариямдардың достығы бұдан әлдеқайда әлуетті де берік. Достық пен махаббат еркіндігін қорғай отырып, олар ескі әдет-ғұрыптарға, діни нанымдарға және әлеуметтік теңсіздіктерге де қарсы шығады.

Дүйсеннің мешітке келіп хазіретпен және Ыдырыс болыспен айтысқан мына бір диалогтарында көп мән бар!

Дүйсен
Басқаны Мәриямдай сүйе алмаймын,
Бұйрығы емес пе екен бұл құдайдың?

Хазірет
Құдайдың әмірі емес, өзің аздың,
Ғұрыпты бұздың ескі — дінге жаздың.

Ыдырыс
Малғұла!
Мұнда сірә иман бар ма?
Ақ жүрек әзәзілге апарар ма?

Дүйсен
Әмірші құдай болса, қайда күнәм?
Сүйдірді орыс қызын өзі маған!

Дүйсен махаббатқа деген осы адалдығын, қытымыр заманның құрсау ғұрпына бас имес беріктігін кесек іс-әрекетімен де танытады.

Ақын жастар махаббатын, халықтар достығын мадақтап жырлаумен бірге сол достықтың кеселді жауларын, олардың зұлымдық әрекеттерінің кесапаты ауыртпалығын да шынайы суреттейді. Қасарысқан бетінен қайтпайтын қатал болыс Ыдырыс, арамза хазірет, ақымақ та адуын урядник Андрей бейнелері бұған айқын мысал болып табылады.

«Мәриям Жагор қызы» поэмасында жастар махаббаты мен халықтар достығы туралы тақырыптар өзара жай ғана ұласып қоймаған. Ақын соларға әлеуметтік терең астар бере білген. Поэмадағы негізгі тартыс желісінің махаббат еркіндігі мен достық жолындағы жастар күресін баяндауға құрылып, ақыр аяғында 1916 жылдың дауылды оқиғаларына ойысуы осыны көрсетеді. Поэманың эпилогында ақын астанада болып, кеудесіне орден қадаған, халықтың ыстық ықыласына бөленген кейіпкерінің сезім-сырларын шерте келіп былайша түйеді:

Тербетіп алдындағы гүл жастарын,
Шақырды Дударайдың сырластарын.
Шақырды қосылуға бастады өзі
Достықтың шертілмеген бір дастанын...

Ақын достықтың осы дастанын, яғни Мәриям мен Дүйсеннің өмірін, сүйіспендік тағдырын, екі халықтың қасиетті достығын келісті де көркем поэзия тіліне түсіре алған.

Көркем әдебиетте халықтар достығын бейнелеудің шығармашылық тәсіл-амалдары сан алуан. Егер проза бұл тақырыпты сюжетті шығармалар, тұлғалы образдар арқылы бейнелесе, ал поэзия мұнымен қоса терең сезімге, жалынды пафосқа құрылған лирикалық отты, уытты өлеңдер арқылы да достық идеяларын жырлай алады.

Сондай-ақ ақындарымыздың соңғы кезде көбірек әрі жемісті қолданып жүрген тәсілдерінің бірі — туысқан халықтардың өмірін немесе олардың жекелеген ардагер ұлдарының тағдырын суреттеуге тұтас шығармалар арнау. Ақындар Ж.Молдағалиевтың «Жыр туралы жыр», Х.Ерғалиевтің «Оралдағы отты түн» поэмалары дәл осындай шығармалардың қатарына жатады. Ж. Молдағалиев өз поэмасын татар халқының атақты ақыны, батыр ұлы Мұса Жәлелге арнаған. Фашистердің түнек түрмесінде небір ауыр ғазаптарды бастан кешіріп, аранын ашқан ажалдан қаймықпаған, ер өлімімен дүние салған патриот-ақынның тамаша өмірі мен трагедиялы ерлік тағдыры тіпті тек аңызға ғана сыйымды тәрізді. Бірақ бұл — аңыз емес, қиял мен ертегіге бергісіз шындық. Поэмада осы шындықтың жанды да көркем суреттері бар.

Автор Мұсаның өмірін бастан-аяқ баяндап жатпайды. Бұл шығарманың көркемдік міндетіне кірмейді де. Сөйтсе де, ақын лирикалық шегіністер, еске алулар арқылы кейіпкерінің өмірлік жолының әр кезеңінен жарқын-жарқын елестер беріп тастайды.

Поэма ақынның өлмес жыр туралы авторлық тебіреністерімен басталады. Бұдан әрі ол оқиға желісін кілт үзеді де, кейіпкерінің жау тұтқынындағы ауыр да аянышты халіне ауысады. Фашистер қанды шеңгелін қаншама қатты батырғанмен, қаншама алдау-арбау жасағанмен, Мұса илікпейді, сынбайды. Қайта ол зұлмат сұмдықты көрген сайын шымырай шыныгып, кектене түседі. Мұны ақын былайша суреттейді:

Қанша арып, қанша жүдесін
Михнат, ыза, күйіктен,
Тік ұстап дембел денесін,
Қарайды жауға биіктен.

Жайнаған өткір көзінде
Қарашық емес, от сынды.
От емес, осы кезінде
Өңменнен өтер оқ сынды.

Бұл жолдарды оқығанда «қабырғасын сөксе де қайыспайтын» жалын жанарлы ер бейнесі келеді көз алдыңа. Мұсаның өз атынан айтылатын сөздер де оның осы тұлғасын айқындай түседі. Біресе қорқытып, бірде арбап өз дегеніне көндірмек болған фашист жандармға Мұса былайша жауап қайтарады:

— Қару берсең — сазайың,
Қалмаспын енді қапыда.
Қалам берсең — жазайын
Басыңа эпитафия.
...Жаным жоқ менің бұл жерде,
Халқымда қалды ол менің.
Өлмейді халық өмірде,
Ендеше мен де өлмеймін!

Міне, осы сөздерден қаншалықты қайсар қайраттылық, рухани батырлық, өлімге де бас имейтін өршілдік сезіледі. Жалпы алғанда поэма ақын өлімін баяндағанмен, оның өлместік рухына толы. Осы тұрғыдан қарағанда Ж.Молдағалиевтің поэмасы атақты ақынымыз марқұм Қ.Аманжоловтың «Ақын өлімі туралы аңызын» еске түсіреді. Сонымен бірге олардың өзіндік ерекшеліктері, айырмашылықтары да мол. Егер Қ.Аманжолов дастанында көтеріңкі лептілік, романтикалық саз басым болса, ал Ж.Молдағалиев әрдайым-ақ реалистік мәнерден ауытқымай, айнымай отырады.

Поэманың аяқталымы да оптимистік сипат танытады. Мұсаның өзі жоқ болғанмен, оның жырлары халық жүрегінде сақталатынын, ешқашан да ескірмейтінін автор бейнелі түрде былайша түйеді:

Бөленді ақын жырлары
Отанның ыстық деміне.
Қартайтып қатал жылдарды,
Қартаймай қайтты еліне.

Ж.Молдағалиевтің халықтар достығы идеясын зор пафоспен жырлаған, татардың патриот-ақынының өр тұлғасын жасаған бұл поэмасы поэзиямыздың елеулі шығармаларының қатарына қосылады.

Ақын Х.Ерғалиевтің «Оралдағы отты түн» поэмасы Азамат соғысы тақырыбына, оның даңқты батыры Чапаевтың ерлік тұлғасын суреттеуге арналған. Х.Ерғалиев үнемі дерлік қазіргі заман тақырыбына жазған еді және өзінің ақындық қуатын осы салада жақсы танытқан болатын. Ал енді тарихи революциялық тақырыпқа баруы ол үшін жауапты сын еді. Х.Ерғалиев осы сыннан мүдірмей өтті, өзінің уақыт рухын сезінгіш сергек суреткер екендігін танытты.

Азамат соғысының ауыр жылдарының сұсты да суық бейнесін, ақ бандалардың қазақ Сахарасына салған астан-

кестен бүлігін ақын поэманың бас жағында мынадай шумақтармен елестетеді:

Қарасаң жолда қай елді —
Шашылған ұн мен тұз, етік...
Адмирал атқан әйелді
Қарғалар отыр күзетіп.

Қарасаң суға —
иінде
Бәлкім бір жігіт, бәлкім жар,
Ұйықтаған мәңгі күйінде
Көтеріп шықты толқындар.

Қарасаң тағы бір бойлап,
Баласы жарғақ құндақта,
Барады қашып борбайлап,
Түйелі қазақ құм жаққа.

Х.Ерғалиев ойды бейнелеп айтуға, сурет-көрініс жасауға шебер. Ол осы қасиетін тіпті авторлық баяндауларында да мол сездіреді. Көлемі шағын поэмада алған тақырыбын игере алуы, сол бір отты кезеңнің тынысын, пафосын бере білуі оның осы суреткерлік алғырлығына байланысты.

Поэманың негізгі кейіпкері — Чапаев. Шығарманың көлеміне, шама-шарқына орай автор кейіпкері өмірінің бір ғана кезеңін, яғни оның Жайық бойындағы қазақтарды, Орал қаласын ақ бандалардан азат ету жолындағы күресін суреттейді. Ақын Чапаевты тек қолбасшы ретінде ғана бейнелеп қоймай, оның адамдық тұлғасын, рухани келбетін де көрсете алған. Бір ғана мысал келтіріп қаралық. Чапаевтың өздері азат еткен қазақ аулында болып жалынды сөз сөйлегенін және солардың ең жақын адамындай мейір танытқанын баяндай келіп, ақын мына бір жайды аңдатады:

Аттанар кезде өткір ұл
Башлығын киді батырдың.
Чапаев айтты:
— Боқмұрын,
Білемісің сенде жатыр кім?
Болмайсың буржуй атшысы,
Жалпақ бас толар ақылға
Губкомның, бәлкім, хатшысы,
Әлде, бір тентек ақын ба?!

Ақтаңдақ ауыл сыртында
Арқадан қағып қалдырды;
Күлкісі кетті мұртында,
Арттағы көзді талдырды.

Міне, бұл жолдарды мейірлене, сүйсіне оқисың. Өйткені мұнда ақын Чапаевтың адамға деген жылы ықыласын, болашаққа сенген жарқын үмітін де және оны іш тартып, қимай шығарып салған көптің суретін де жеткізіп бере білген.

Х.Ерғалиевтің бұл поэмасы қазақ кеңес поэзиясының орыс және қазақ халықтарының Азамат соғысының дауылды жылдарындағы бірлескен патриоттық күресін бейнелеудегі, даңқты батыр Чапаевтың өр тұлғасын жасаудағы сәтті қадамы болып табылады. Поэзиямыздың соңғы жылдардағы сүйекті шығармаларының бірі — ақын Д.Әбілевтің «Таудағы ту» романы. Кезінде жұртшылықтың әділ сынына ұшыраған, көркемдік жағынан әлсіз «Алтай жүрегінің» материалын пайдалана отырып, автор негізінен тың, соны шығарма тудырған. «Таудағы ту» — кенді Алтай туралы, ондағы адамдар туралы және солардың өмірі мен достығы туралы шығарма. Алтай — ақынның талай жылдар бойына көп көңіл бөліп, мол ізденіп жүрген тақырыбы. Бұл романында ол революцияның дауылды күндерінде шетелдік капиталистер қиратып кеткен кенді Алтайдың қалпына келтіріліп, қатарға қосылғанын баяндайды. Қиындыққа, жоқшылыққа, жаулардың зиянкестік әрекеттеріне қарамастан үлкен патриоттық қимыл жасаған орыс, қазақ жұмысшыларының өмірі, олардың өзара татаусыз достығы романда кеңінен суреттелген. Шығарманың бүкіл өн бойына, оқиға желісіне мол араласып, аршынды әрекет жасап жүретін парторг Деев, инженер Горин, жұмысшы әйел Зейнеп, қарт шахтер Тата бейнелері осыны аңғартады. Осылардың ішінде Деев әсіресе ерекше көрінеді. Автор оны шебер ұйымдастырушы, іскер де табанды адам ретінде бейнелеуге тырысқан. Ол көп жағдайда осы нысанасына жеткен де. «Таудағы ту» романындағы ерекше назар аударарлық бір жәйт — автордың кемеңгер көсем Лениннің бейнесін жасауға талаптануы. Автордың басқа бір үлкен ақындарға еліктей ұқсап кеткен сәттері аракідік сезіліп қалып отырса да, шығарманың «Ленин қайтыс болғанда» атты тарауы мол ықыласпен оқылады. Ленин ісінің өлмейтін өміршеңдігін, оның жарқын идеяларының кемімес қуат-

күшін ақын тебірене толғайды. Сонымен бірге осы тұста мынадай бір жәйді атап айту ләзім. Романның алғашқы нұсқасында «Кремльде» атты бөлім бар еді. Мұнда Алтай жұмысшылары делегациясының Москваға келуі, оларды Лениннің қабылдауы және Лениннің оларға жасаған қамқорлығы жайында баяндалатын. Данышпан көсемнің ұлылығын, қарапайымдығын көңілге қонымды эпизодтар, тартымды штрихтар арқылы жылы суреттейтін бұл бөлімде автордың шұрайлы ойлары мен ыстық сезімдері де мол ұшырасатын. «Таудағы туда» ақын осы бөлімді алып тастаған. Жұмысшылар делегациясының Ленинде қабылдауда болғаны тек жекелеген кейіпкерлердің сөздерінен, репликаларынан ғана білінеді. Бұлай ету арқылы ақын, әрине, тек қана ұтқызған.

Жас ақын Ғ.Қайырбековтың «Дала қоңырауы» атты көлемді поэмасы жұртшылық назарын мол аударды. Ол жайында айтылған пікірлер де әралуан. Тұтастай алғанда поэмада сол кездегі Сахара шындығының көп сырлары, ұлы ағартушы Ыбырайдың өз мұрат-мақсаттарын орындау жолындағы толассыз тартысының сан-сан қырлары шынайы қалыпта мүсінделген. Онда буырқанған ақындық қуат пен алғыр шабыт сездіретін шумақтар да аз емес. Бірақ осы шығармада достық тақырыбы, яғни Ыбырайдың өз достарымен — алдыңғы қатарлы орыс адамдарымен қарым-қатынастары әлеуметтік кең тұрғыда алып бейнеленбеген. Ал өзге біреу емес, дәл Ыбырай жайында жазылған көлемді шығармада мұндай үлкен тақырып қағажу қалмай, өз орнын алуға, лайықты көркемдік шешімін табуға тиіс еді. Қазақ кеңес ақындары достық тақырыбына арнап келелі дастандармен бірге көптеген лирикалық шағын өлеңдер де жазды. Солардың ішінен Т.Жароковтың қырғыз тақырыбына арнаған өлеңдері мен С.Мәуленовтың «Баку жырларын» ерекше атауға болады. Т.Жароковтың «Жыр сапары», «Қырғыз — менің өз елім», «Сүттен тамған дән», «Қырғыз ақыны Темірқұлға» атты өлеңдерінде татаусыз достық, қимас бауырластық сезімдері мол. Қазақ ақыны қырғыз елін өзінің туған халқындай ыстық көріп, емірене жырлайды:

Туыстармен сәлемдесіп, қол ала,
Көрейін деп келдім бірер қонаға.
Мейман емен, қырғыз — менің өз елім,
Өз еліне кісі мейман бола ма?
Ақын қырғыз жырласа, әр сөзінің

Ырғақтары секілді бір өз үнім!
Домбыраның шанағындай күй толы
Қырғыз үйі — бейне менің өз үйім.

Тауларының жанар тіксем жүзіне —
Біздің таудың деп қалам нақ өзі ме?
Күлімдеген қыздарының көзі де
Ұқсап-ақ тұр біздің қыздар көзіне...

Бұл өлеңнен әркім де өз ойын, сыр-сезімін табады. Мұнда сылдыр суырылу, жадағай жарқылдақтық жоқ. Көбінесе көтеріңкі рухта, асқақтай отырып жазатын ақын бұл өлеңдерінде достық тақырыбын нәзік тебіреніспен соншалықты жылы жырлай білген.

С.Мәуленовтың «Баку жырларында» да осындай ұнамды қасиеттер мол. Әзірбайжан елінде көрген достық ықылас пен алған әсерлерін ақын шабыттана жырлайды. Бүкіл халық атынан айтар жалынды сәлемін және өзінің де ынтықкан сезімдерін, кірбеңсіз көңіл-күйлерін шынайы да шымыр өлең жолдарына құя келіп, ақын былай түйеді:

Сәлем, Баку ұл-қызы,
Өлеңде жоқ шекара...
Сәлем, Каспий теңізі
Толқындары көкала.

Ән салғанда тауда су,
Күй шертеді даласы.
Сәлем саған, жан Баку,
Ақындардың қаласы.

С.Мәуленовтың «Баку жырларының» ішінде оның Әзірбайжанның атақты ақыны Самед Вургун туралы өлеңдері әсіресе әсерлі. Оларды оқығанда туған елін, жер-мекенін емірене сүйе де, тебірене жырлай да білген, мезгілсіз өткен үлкен ақынның тұлғасы елестейді көз алдыңа.

Сырбай Мәуленов достық тақырыбына арнап «Орыс даңқы» атты шағын дастан да жазды. Бұл дастан оның «Жаз ерке» деген соңғы жинағына енген. Орыстың ұлы металлургы Аносов туралы осы поэмасында С.Мәуленов жоғарыда аталған өлеңдеріне тән ақындық қуат сездірмейді. Поэмада оның басты кейіпкерінің көркем бейнесі жоқ.

Осы орайда поэзиямыздың достық тақырыбын шешудегі бір кемшілігін атай кеткен жөн. Кейбір ақындардың

шығармаларында басқа халықтардың өкілдері жанды әдеби тұлғалар ретінде көрінбей, тек сол достық идеясының құр сүлдері сияқты болып қана жүреді. Мысалы, І.Есенберлиннің «Большевик туралы поэмасындағы» Иван, Назар тәрізді кейіпкерлердің күйі осындай. Мұндай кемшіліктер ақындарымыздың сол суреттеп отырған кейіпкерлерінің ұлттық характерін, өзіндік сыр-сипатын терең танып-білмеуіне және ақындық шеберліктің жетіспеуіне байланысты келіп туады. Бірақ бұл сияқты кемшіліктер поэзиямыздың тұтастай алғанда халықтар достығы тақырыбын барынша мол жырлап отырғандығын бекерге шығармақ емес.

Соңғы жылдарда көркем проза қазақ кеңес әдебиетінің ең жетекші, басты жанрына айналғаны әркімге-ақ аян.

Ол осы өскеленділігін, құлашының кеңдігін өзінің тақырыптық қамтуының молдығы мен кеңдігі арқылы да анық аңғартады.

Қазақ кеңес прозасының үлкен шығармаларының қайқайсысы болмасын өздерінің бүкіл рухымен және көптеген кесек образдарымен халықтар достығы идеяларын толассыз бейнелеп келеді. Бұл ретте де біздің ауызға ең алдымен аларымыз — М.Әуезовтің Абай туралы эпопеясы.

Эпопеяның алғашқы кітаптарында Абайдың орыс мәдениетімен, орыс достарымен идеялық және рухани жақындығын жазушының мейірлене, сүйсіне отырып суреттейтіндігі, орыс адамдарының көптеген жарқын бейнелерін жасағандығы баршаға мәлім. Бірақ біз оларға талдау беріп жатпаймыз, тек өткен съезден бергі кезеңде басылып шыққан «Абай жолы» романының екінші кітабына ғана тоқталамыз.

Қазақ және орыс халықтарының достығы туралы тақырып эпопеяның соңғы кітабында да нанымды, лайықты шешім тапқан. Бұл достықтың айқын көрінісін Абай мен Павловтың арасындағы қарым-қатынастардан ғана емес, сонымен қатар орыс, қазақ жұмысшыларының мақсат-мүдделерінің ортақтығынан, олардың өктемдік дүниесіне қарсы тайталас-тартыстарының бірегейлігінен де айқын сеземіз.

«Абай жолы» романының екінші кітабында суреттелген орыс кейіпкерлерінің ішіндегі ең негізгі де тұлғалы бейне — ақынның досы Павлов. Романның алғашқы кітабында Павлов көбінесе өзінің жақсы ой-тілектерімен, Абайға және оның халқына деген ықылас-сезімдерімен көрінетін. Ал әрекет-қимыл оның бойында тапшы болатын. Соңғы

кітапта Павлов бұдан әлдеқайда биіктей түскен. Оқушы енді Павловты Абайдың ғана емес, сонымен бірге оның жылаулар болған халқының да қалтқысыз досы, жанашыр жақыны ретінде қабылдайды. Халық дертті апатқа душар болған қысылшаң шақта Павлов өзінің осы қасиетін, гуманизмін әсіресе анық танытады.

Даланы тұмшалаған дүлей қараңғылық пен қара күштерден зәбір шегіп шалдыққанда, сұм тағдырдан соққы көріп қасірет-шерге батып налығанда Абайға достық қолын ең алдымен ұсынатын, рухани қолдау жасайтындардың бірі де осы Павлов. Ол Абайды ішкі Ресейде, орыстың қоғамдық ойының тарихында болып жатқан өзгерістермен таныстырып отырады және оны заман рухын дұрыс сезінуге меңзейді. Павловпен кездесіп пікірлескен сайын Абайдың ой көзі аршылып, жан сарайы ашыла түсіп отырады. Шығарманың оптимистік пафосын танытатын және Абайдың жарқын болашаққа деген нұрлы сенімін аңдататын мұндай эпизодтардың Павлов есімімен байланыстырыла берілуі, әрине, тегін емес. Бұл арқылы автор Павлов образында бейнеленген орыс күрескерлерінің Абайға тигізген идеялық әсерін айқын аңдатады.

Бірақ романда бейнеленген басқа орыс адамдары жайында мұндай пікірлер айту қиын. Эпопеяның алғашқы кітаптарында жазушы екі түрлі Ресейдің бейнесін бергенін зерттеушілер атап көрсеткен болатын. Расында да, олардан орыс және қазақ халықтарына бірдей ортақ қамқоршы, үлкен жүректі нағыз орыс адамдарының да, өзгені қойып, өз елін де арзанға айырбастап кететін, екіжүзді әрі қорқау құлықты шенеуніктердің, әкімшілік өкілдерінің де шынайы бейнелерін мол ұшыратынбыз. Ал соңғы кітапта осы желі біраз босаңсып кеткен. Яғни онда Павловқа қарама-қарсы тұрғыда алынған және оған пара-пар келетін кесек тұлға жоқ. Әрине, бұл ұлан-ғайыр эпопеяның идеялық зор тынысын, ғажайып көркемдік қуатын әлсіретпек емес. М.Әуезов — басқа халықтардың өкілдерін олардың ұлттық айқын болмысымен, өзіндік ерекшеліктерімен, психологиялық шындықтарымен реалистік сазда бейнелеуге мейлінше ұста. Бұл ретте одан кексе суреткерлеріміз де, әсіресе жас жазушыларымыз көп нәрсе үйрене алар еді. Егер М.Әуезов эпопеясынан қазақ және орыс халықтарының өткен замандарда-ақ қалыптаса бастаған қасиетті достығының тарихи тамырларын танысақ, ал жас жазушы Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романынан сол достық кеңес шындығы жағдайында шыңдала түскенін, құдіретті күшке айналғанын көреміз. Т.Ахтанов өзінің

романында Ұлы Отан соғысының алғашқы кезеңінде Москва түбінде болған қаһарлы да қатерлі шайқастардың шынайы суретін береді, кеңес жауынгерлерінің кескілескен сайыста ерлік жеңістерге жеткенін көрсетеді және сол жеңіс біздің халықтарымыздың айнымас достығы мен терең патриотизмінің жемісі екендігін бейнелі түрде аңдатады.

Жазушының кейбір соқталы образдарды мүсіндеуде осындай шеберліктен, суреткерлік алғырлықтан жаза басып, тая соғатын сәттері де бар. Мәселен, дивизия командирі Панферовтың образы жайында осыны айтуға болады. Бұл образға прототип етіп жазушының атақты генерал Панфиловтың бейнесін алғаны байқалады. Бірақ романда ол өзінің шындықта болған биік тұлғасына лайық бейнеленбеген. Жазушы кейіпкерінің кішіпейілдігін, адамгершілік қасиеттерін кейбір шынайы эпизодтар арқылы жылы суреттегенмен, оның асқан қолбасы ретіндегі зор тұлғасын жеріне жеткізе мүсіндей алмаған. Романның осы кемшілігі жайында кезінде біз айтқан едік. Кейін сол кемшілікті Москва сыншылары да атап көрсетті.

Біздіңше, қазақ жазушылары жасаған әскери беллетристиканың ішінде генерал Панфиловтың образын бар алып тұлғасымен жанды күйде бейнелеген шығармалар — Бауыржан Момышұлының повестері мен күнделіктері. Генерал Панфиловпен майданның талай отжалынын бірге кешкендігі және өзінің де қолбасы ретінде әскери өмірді жақсы білетіндігі бұл ретте оған көп септігін тигізген.

Қазақ кеңес прозасына соңғы кезде қосылған көлемді шығармалардың бірі — Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» романы. Жазушы көп ізденіп, өмірлік тәжірибе мен суреткерлік байқауларға молыға келіп, бірден кесек шығарма берді. Бұл романда Октябрь революциясынан кейінгі алғашқы жылдарда Орал қаласында, Жайық бойын жайлаған елдерде болған қиян-қилы оқиғалар баяндалады. Жазушы басқа көптеген күрделі тақырыптармен бірге халықтар достығы тақырыбына да мол назар аударады.

Орал қаласында тұңғыш совдеп құрған Әбдірахман Әйтиев, Дмитриев, Червяков сияқты коммунистердің халықты азаттық жолындағы күреске үндеген революциялық қызметі де, олардың талай сыннан өткен өзара достығы да романда нанымды бейнеленген. Жазушы қазақ, орыс, татар халықтарының арман-мүдделерінің бірегейлігін, достық ықыласын солардың қарапайым

өкілдерінің бейнелері арқылы да, көпшілік тұтас көрінетін реалистік эпизодтар арқылы да суреттей алған. Тақырып жағынан осы «Ақ Жайық» романымен орайлас шығарманың бірі — З.Шашкиннің «Ұядан ұшқанда» атты повесі. Онда өрбитін оқиғалар негізінен алғанда Жетісу өлкесінде кеңес өкіметі орнап, жаңа өмірдің таңы атқан кезеңді қамтиды. Сондай-ақ, лирикалық шегіністер арқылы жазушы 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалыстың көріністерін де елестете кетеді. Жалпы алғанда, автор сол бір қысылшаң кезеңнің алуан түрлі әрі күрделі оқиғаларға толы сипаттарын, уақыт рухын аңдата алған.

1916 жылғы көтеріліс күшпен басылғаннан кейін Синьцзянға өтіп кеткен қазақтар кеңес өкіметі орнағаннан соң Жетісуға қайтып келеді. Олардың мұндағы жерлеріне бай қазақтар орналасып алған. Кеңес өкіметінің жаулары — контрреволюционерлер, ұлтшылдар, дін иелері осы ұрымтал жағдайды әккілікпен пайдаланады. Олар қазақ және орыс халықтарының арасына араздық отын тастайды. Өздерінің бұл арамза ниеттерін іске асыру жолында олар Орта Азиядағы керітартпалық күштермен де астыртын байланыс жасайды. Олардың бұл лаңына Сақа және ол бастаған басқа да коммунистер халықтың достығы мен күресін қарама-қарсы қояды. Жазушы осы күрес, тайталас-тартыс үстінде шыңдалып шыныққан достықты суреттейді. Өздерінің шығармаларында халықтар достығы идеяларын бейнелеу, басқа ұлт адамдары өкілдерінің образдарын жасау проблемасына біздің ақын, жазушыларымыз көптен назар аударып келеді. Бұл қазір игі дәстүрге айналды. Рас, басқа халықтардың өкілдерін жанды кейіпкерлер ретінде бейнелемей, оларды шартты түрде, схемалық қалыпта мүсіндеген шығармалар да болды. Алқазір біздің әдебиетіміз осы олқылықтан батыл арылып келеді. Мұны жоғарыда талдаған және бұл шолуға енбеген басқа да көптеген шығармалардан анық көреміз. Әдебиетімізде өрістеп, терең беки бастаған осы өнімді принципті жас жазушылар да бекем ұстанады. Жас жазушы З.Қабдоловтың жұртшылық жылы қабыл алған «Өмір ұшқыны» повесіндегі Тайман, Надя, Саша образдары осыны көрсетеді. Бұл повестен адал достықтың, таза махаббаттың, жалынды да жайдары жастықтың лебі еседі.

Соңғы жылдарда Қазақстанда алуан-асыр өзгерістер болды. Ғасырлар бойы тусырап жатқан тың дала ен байлықтың, достық пен жемісті еңбектің мекеніне айналды. Бұл қаламгерліміздің достық тақырыбын бұрынғыдан

да кең бейнелеуіне, өнімді шешуіне мүмкіндік бермек. Бірақ осы тақырыпқа арналған шын мәнісіндегі реалистік тұлғалы шығармалар әзір туған жоқ. Бұл тақырыпты қайта прозаның шағын түрлері, әсіресе көркем очерктер тәптәуір көтерді. М.Әуезовтің, С.Мұқановтың, Т.Нұртазиннің және М.Иманжановтың очерктері бұған анық мысал бола алады. М.Әуезовтің «Түркістан солай туған» деген көлемді очеркін оқып шыққанда қақаған қарлы боранға және басқа да сансыз қиындықтарға қарамай жаңа совхоз орнатқан, құлазыған далаға жан берген еңбеккер жандардың тегеурінді қимылын, достық рухын айқын сезесің. Көз алдыңнан тағдырлары әртүрлі, бірақ тілек-мақсаттары бір әралуан ұлт өкілдерінің жанды бейнелері өтеді. Солардың ішінде оқшау танылатыны — совхоз директоры Строгов. Ол білгір басқарушы, шебер ұйымдастырушы ретінде көрінеді. Строгов — алғыр ақылдың, белсенді әрекеттің адамы. Жаңа совхоздың іргесін қалау жолындағы ұлан-асыр қиындықтардан ол тайсалмайды, қайта ол шыңдалып ширыға түседі. Строговтың бойындағы гуманизмді оның бай рухани дүниесін, абзал ой-сезімдерін де жазушы әсерлі бейнелей алған. Осының бәрі Строговты ішітысымен тұтас көрінген шынайы да жинақты образ ретінде танытады. Достық тақырыбын қозғайтын шығармалар бұл мақалада талданғандармен шектелмейді. Біз тек өткен съезден бергі уақытта әдебиеттің екі жанрында туған бірсыпыра шығармаларға ғана тоқталдық. Ал қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің 1949 жылы Москвада болған онкүндігінен бергі уақытқа ой көзімен оралсақ, онда бұл кезеңде достық тақырыбына арналып қыруар роман, повестер, ондаған поэмалар, көптеген пьесалар туғанын көреміз. Солардың таңдаулыларының барлығы дерлік орыс тіліне аударылды. Олар қазақ әдебиеті мен көркемөнерінің алдағы онкүндігінде де қазақ халқының басқа бауырлас халықтарға деген достық лебізіндей естілмек.

Халықтар достығының жарқын идеялары социалистік реализм әдісін игеріп, кемелдену өріне бекем де толассыз көтеріліп келе жатқан қазақ кеңес әдебиетін бұдан былай да молықтыра, нәрлендіре бермек.

ШЫҒАРМА ЖӘНЕ ОНЫ ӨҢДЕУ

Жастардың әдебиетке келу жолдары әралуан. Қайсыбір жас қаламгерлер өз күштерін ең алдымен әдебиеттің шағын түрінде біртоға сынап, барлап алған соң барып оның күрделі формаларына біртіндеп ауысады. Ал енді біреулер шығармашылық тәжірибемен және суреткерлік байқаулармен, аңыстармен іштей молыға, шиыршық атып толғана да іздене жүріп бірден-ақ кесек шығарма беріп тастайды. Бұл, әрине, олардың әрқайсысының қабілетіне, қалам сілтесіне байланысты. Бірақ қайткен күнде де өз талантының бар қуаты мен тереңін бірден жарқыратып жайып салатын қаламгерлер соншалықты жиі ұшыраса бермейді. Әйткенмен, таланттың аты — талант. Ерте ме, кеш пе — әйтеуір ол шарасынан аса төгіліп, өзін танытпай қоймақ емес. Ә.Нұрпейісовтың «Курляндия» романы бұдан он жылға тарта уақыт бұрын жарыққа шыққан еді. Жас жазушының күрделі де кесек бұл қаламалдысын жұртшылық, негізінен, жақсы қабыл алды. Шығармаға бірсыпыра салмақты, салиқалы сын пікірлер де айтылды. Дегенмен, оның авторының үлкен үміт күттіретіндігіне ешкім де шүбаланбаған-ды.

«Курляндия» романында Ә.Нұрпейісов өз талантының қуатын, әралуан қырларын бірсыдырғы жақсы байқатты. Бірақ ол шығармашылық мүмкіншіліктерін емін-еркін баурай да, сарқа пайдалана да алған жоқ болатын. Қаламының баландығы мен тәжірибесінің кемдігінен, талантының әлі де болса толысып жетілмегендігінен жас автор көптеген көркемдік олқылықтарға бой алдырған еді. Сондықтан да ол арада талай жыл өткеннен кейін сол туындысына қайталап оралды. Бұл — жазушының өз өнеріне зер сала, мұқият қарауының, алдына жауапты да зор талап қоя алатындығының ғана белгісі емес. Сонымен бірге мына бір жәйттерді де қоса аңғарта кету қажет.

Ең алдымен, «Курляндиядан» кейін автор ұзақ жылдар бойына төл шығарма жазған жоқ. Тек Чеховтан, Горькийден және орыстың басқа да кейбір классиктерінен бірталай аударма жасады. Сөйтсе де, сол жылдар жас жазушы үшін іштей ізденіп өсу, шығармашылық жағынан түлеп жетілу кезеңі болғаны күмәнсіз. Сондай-ақ, ірі жазушымыз Ғ.Мүсіреповтың «Қазақ солдаты» романын былай қойғанда, Ә.Нұрпейісовтың «Курляндиясы» жазылған шақта қазақ кеңес прозасында Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған кесек те көркем шығарма жоқтың

қасы еді. Ал кейінгі жылдарда біздің жазушыларымыз бұл тақырыпқа молынан әрі тереңдеп барды. Т.Ахтановтың «Қаһарлы күндер» романы, Б.Момышұлының повестері және басқа да бірсыпыра шығармалар туды. Сөйтіп, қазақ кеңес прозасы Ұлы Отан соғысының отты оқиғаларын, сол бір жылдардың қатал да қайсар шындығын бейнелеуде көп ұлтты кеңес әдебиетінің ең іргелі, алғы легіне қосылды. Ә.Нұрпейісов прозамыздың осы салада жиған шығармашылық тәжірибесіне, сөз жоқ, үңілмей де, үйренбей де кете алған жоқ.

Сөйтіп, жазушы бұрынғы «Курляндия» романын өңдеп қайта жазып, «Күткен күн» деген атпен бастырып шығарды. Әрине, өңдеудің де өңдеуі бар. Шығармасының атын немесе кейіпкерлерінің есімдерін өзгертіп, біраз қысқартып, яки там-тұм қосып баспаға қайта ұсына салатын авторлар да болады. Ә.Нұрпейісов мұндай жүрдім-бардым жазушылардың қатарына қосылмайды. «Күткен күн» романы бізді ең алдымен осы ойға ұялатады.

Жазушы, негізінен, бұрынғы романының материалдарын алғанмен, соларды қайта қараған, сұрыптап екшей түскен. Бірсыпыра кейіпкерлер мүлде алынып қалып, тыңнан көптеген кейіпкерлер енгізілген. Ал бұрынғы ірілі-уақты бірсыпыра қаһармандардың іс-әрекеті, характерлері жаңа қырларымен, соны сипаттарымен ашыла, толыға түскен. Сондай-ақ, романға тыңнан енгізілген сюжеттік желілер, тұтас тараулар да соншалықты мол. Мұның өзі «Күткен күн» романын белгілі дәрежеде жаңа шығарма ретінде талдап бағалауды қажет етеді. Асылы, бұрынғы туындысына іштей көңілі толмай, оған саналы түрде қайталап оралуы, оны жетілдіре, ұстарта түсуі — автордың шығармашылық талғампаздығының да, сол сияқты оның суреткерлік шеберлігі өсуінің де белгісі.

«Күткен күн» романының өзекті желісін, сюжеттік арқауын құраған Ұлы Отан соғысының оқиғалары — автордың өзіне де іштей жақын, таныс тақырып. Бұл тақырыпқа бүкіл кеңес әдебиетінде де, оның ішінде қазақ кеңес прозасында да көптеген кесек шығармалар туғанын жоғарыда айттық. Оларда сол бір айбарлы жылдардың батырлық шындығы, қажырлы пафосы бар. Бірақ Ұлы Отан соғысы тақырыбы әдебиетімізде өзінің жан-жақты қырымен, зор эпопеяларға ғана сыйымды шындығымен сарқыла суреттелді, тұтас көрінді деп айту қиын. Халқымыздың бақытын, азаттығын қорғап қалған еңіреген ерлердің білек күшімен, жүрек қанымен жазған батырлық

дастандары көркем образ тіліне терең де толық түсіріліп болған жоқ.

Ұлы Отан соғысының героикасы, халқымыздың елдігі мен ерлігіне толы сол бір кезеңнің сұсты бейнесі қаламгерлеріміздің назарын болашақта да аудара бермек. Сондай-ақ, бұл тақырыпқа барған әрбір үлкен суреткер қазір тарихқа айналып бара жатқан сол жылдардың оқиғаларына өз тұрғысынан үңілмек және өзінше суреттеп көрсетпек.

Кеңес жазушыларының бүкілодақтық екінші съезінде көркем проза туралы жасаған баяндамасында К.Симонов Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған шығармалардың бәрін бір қалыпқа салып бағаламақ болған, олардың авторларының шығармашылық даралығына жіті үңілмеген сыншыларды кінәлаған болатын. «Кейбір сыншыларға, — дейді К. Симонов, — Б.Горбатовтың «Бас имегендері» бейнебір публицистика түрінде, В.Некрасовтың «Волгоград окоптарындасы» тым қарадүрсін күйде, А.Бектің «Арпалысы» тым ойнақы түрде, О.Гончардың «Ту ұстаушылары» тым көтеріңкі сазда жазылған тәрізді көрінді... Ал шындығында, бұл кітаптар әртүрлі төрт суреткерге хас әралуан стильмен жазылған еді».

Расында да, Ұлы Отан соғысы туралы тақырыптың қамту шеңберінің, аясының кеңдігі тек оның ғажайып оқиғаларға бай екендігіне ғана байланысты емес. Осы бай материал өзінің сипатына, ішкі табиғатына орай әралуан көркемдік бейнелеу де талап етеді. Соғыс туралы әрбір кесек шығарманың өзіндік ерекшелігі оның авторының ең алдымен сол талапқа қаншалықты дәрежеде жауап бере алғандығына, тақырыптың көркемдік шешімін өз тұрғысынан таба білгендігіне байланысты. Үлкен суреткерлердің өзіндік стильдері мен мәнерлерінің, идеялық-көркемдік концепцияларының, шығармашылық тәсілдерінің әртүрлілігі белгілі дәрежеде шындықтың өзінен, оның қайшылықтары мен алуандығынан келіп туады. Оның үстіне, әдебиеттегі әрбір үлкен шығармашылық тұлға — бұл стиль. Көрнекті орыс кеңес жазушыларын былай қойғанда, Ғ.Мүсірепов, Т.Ахтанов, Б.Момышұлының шығармалары белгілі бір тақырыпқа арналғанмен, олардың әрқайсысынан авторының шындыққа деген өзіндік қатынасын, стиль алуандығын сезетіндігіміз де осыдан. Ә.Нұрпейісов романы жайында да осыны айтуға әбден болады.

«Күткен күн» романының эпикалық тынысы кең, шындықты қамту шеңбері мол. Шығарма кейіпкерлерінің

тағдыры мен талайы, іс-әрекеттері жан-жақты, терең суреттелген. Сонымен бірге онда кейіпкерлердің психологиялық сипаттаулары да соншалықты нәзік әрі шынайы түрде берілген. Жалпы алғанда, психологиялық сипаттауға шеберлік — Ә.Нұрпейісовтың жазушылық талантының ең бір жарқын қыры, оның шығармашылығының нағыз ерекше белгі-бедерлерінің бірі. Бұл тұста ол өзінің де алғыр аңғарымпаздығын, сондай-ақ оқиғаның сырттай қызықтылығын, жалаң ойнақылығын көп қуаламай, өмірлік құбылыстар мен фактілердің ішкі тереңіне үңіліп, уақыт рухын, өмір шындығын әралуан адам тағдыры арқылы, шынайы да кесек бейнелер арқылы суреттеуге қарай барған сайын көбірек ойысып, жемісті шығармашылық арнада дамып келе жатқан ұлттық көркем прозамыздың үлкен шеберлерінен жақсы тағлым алғандығын да анық сездіреді. Ә.Нұрпейісов авторлық баяндауларының өзінде де әрбір құбылыстың немесе оқиғаның сипатын, әсерін кейіпкерлерінің сезім елегінен өткізіп береді. Бірер мысал келтіріп қаралық: «... Жоғары қарағанда Баянның зәресі ұшты. Қап-қара тұңғиық аспаннан тұмсығымен шаншылып, сорғалай ағып шыға-шыға келген оннан астам «юнкерс» аса қорқынышты еді. Әсіресе төмендеп төніп келіп, төңкеріліп, шалқасынан аунай құлағаны бір сұмдық. Сол бетінде бірінің артынан бірі шүйлігіп станцияға топтап қалған (оған дәл өзіне шүйліккендей боп көрінген) әлгі бәледен бір кереметтей бажыл құлақты жара, ышқына шықты. Шүйліккен бомбардировщик те, басқа ештеңе де емес, мына түнерген қап-қара аспанның дәл өзі қарап боп, бойындағы бар жұлдызы, бар бұлтымен бұлардың үстіне құлап келе жатқандай. Баянның төбе құйқасы шымыр етті. Ол басын бұға қап еңкейіп, аласа бұта арасымен жүгіре жөнелді. Жоғары қарауға жүрегі дауалар емес. Осы қазір дүниедегі бар қауіпті өз бойынан тапты; атылған оқ өзіне ұшып, бомба да бір өзіне түсетіндей. Ол бас сауғалап жүріп, немістердің теміржол бойын қалай бомбалағанын көрген жоқ. Қарсылықтың күшейіп баратқанын да тек соңғы жағынан байқап еді. Шұбыра жарысқан қызылды-жасылды жалтырауық оқтар кең әуеден қуыс орын тастамай, шұрқ-шұрқ тесіп жатқандай. Әуеде жарылған снарядтар қараңғы түннің қабағын бір жаптырмай, найзағайдай ойнап жарқ-жұрқ етеді. Мына бір бастан прожекторлар жарығы түсті. Құс жолындай екен. Ұзын, ақшыл сәуле қаратүнек аспанды кеулеп кіріп, арлы-берлі былғаңдап, кең биікті тынымсыз кезіп, шар қылады» (32 —

33-бб). Өмір мен өлім арпалысқан, ажал аранын ашқан ауыр да қысылшаң бір сәтті автор осылайша береді. Мұнда алапатты майданның жан қорқытып, жүрек тітіретерлік қаупін алғаш рет көріп, бастан кешірген адамның үрейлі сезім дауылдары да, сұрапыл соғыстың сұсты суреттері де бар. Жазушы соларды өзара ұластыра, астастыра шебер суреттей алған. Романның соңғы беттеріндегі Ивановтың жауынгерлерді шабуылға бастардағы және қайтыс болар алдындағы жан толқулары суреттелетін жерлер де осындай сезім шындығымен ерекшеленіп көрінеді. Кейіпкерлерінің әралуан көңіл-күйлерін, қат-қат сырларын ақтарып ашқанда жазушының «адам психикасына» (Луначарский) осылайша тереңдеп үңіліп, әсерлі суреттей алатындығын, анық шеберлігін айқын танытатын мұндай мысалдарды романның кез-келген тарауынан, әрбір эпизодынан да алуға болады. Романның негізгі сюжеттік желісі 1944 жылдың күзінен бастап соғыс біткенге дейінгі уақытта Курляндия майданында болған оқиғалардың аңғарында өрістеп дамиды. Әрине, қандай күрделі, кесек шығарма болса да өз аясына бүкіл майданның жауынгерлік өмірін тұтас сиғыза алмақ емес. Ә.Нұрпейісов та көбіне полк, батальон, дивизия өмірін суреттейді. Сөйтсе де, ол бүкіл майдан өмірінің тынысын, соғыстың сипаты мен психологиясын дұрыс та шынайы сездіре алған. Романның алғашқы вариантында жазушы шығармасының денін Джукстэ ұрысын суреттеуге арнап шұбалаңқылыққа ұрынған болатын. Романның майдан өмірін тікелей бейнелейтін тарауларында бірін-бірі қайталайтын, өзара ұқсас ситуациялар да баршылық еді. «Күткен күн» романында автор оқиға желісін басқаша құрған. Мұнда кеңес жауынгерлерінің Тукумс, Джукстэ қалаларын, тіпті кейбір жекелеген қыстақтарды азат ету жолындағы ерлік күрестері де, теңіз жағалауындағы ұрыстар да, сондай-ақ олардың шабуылға шыққандағы, кейін шегінгендегі немесе бекіністе тұрақтағандағы жай-күйлері де кеңінен суреттелген. Романға маршал Говоровтың, генерал Разумовтың бейнелерін енгізу арқылы және әскери ұрыстар мен қимылдарды сондай үлкен қолбасылардың ойы, дәрежесі тұрғысынан қарап бағалау арқылы автор бүкіл Курляндия майданының жалпы сипатын, тынысын жақсы аңғартады.

Бұл тұста да Ә.Нұрпейісовтың тактика жөнінен, негізінен сауатты екені, оның әскери өнерді, майдан өмірін көп бақылап зерттегені байқалады. Жалпы алғанда, романдағы батальдық көріністер оқиғалар тізбегінің қызықтылығымен

де, кейіпкерлердің сол бір қысылшаң шақтағы толқыған көңіл-күйлерінің, психологиялық сәттерінің тереңдеп ашылуымен де оқушыны иландырып,еліктіріп отырады. Романды оқып отырғанда оны қанды майданның қиян-қилы оқиғаларын өз басынан кешірген, сұрапыл соғыстың шындығын өз жанымен сезінген адамның жазғанына еш шүбәланбайсың. Бұл, әрине, автордың өз шығармасына арқау етіп алған өмір шындығын терең зерттегенін, ол жайында көп толғанғанын және соны суреткерлік алғырлықпен айқын елестете алғанын көрсетеді.

Тұтастай алғанда роман сол бір отты кезеңнің шындығына, халқымыздың қайрат-қажырының рухына толы. Маршал Говоровтан бастап латыш шалы Пийге дейін өз елін, жер мекенін емірене сүйіп қана қоймай, оны азат етуге, қорғауға да оз үлесін қосады. Жазушы кеңес адамдарының осындай терең патриотизмін, олардың батырлық қимылдарын көптеген жанды образдар арқылы бейнелейді.

Романда қиян-қилы адам тағдырлары, әралуан характерлер мол. Бұл заңды да. Өйткені біздің кең тыныстыі, мол сырлы үлкен өмірімізді, әсіресе аясына сан-сан адамдарды тартып, қабылдап өрбитін оқиғаларға, дағдылы өмір ағысында ұшыраса бермейтін тұтқиыл ситуацияларға толы майдан шындығын бейнелеген де біздің жазушыларымыз көп планды роман жанрына, тіпті эпопеяға қарай ойыспай кете алмақ емес. Ә.Нұрпейісов романынан да осы қасиет мол сезіледі. Онда сюжеттік желілер, оқиға өрбуі қалың, кейіпкерлер де көп. Автор бір кейіпкерін баса суреттеп, оны оқушының көз алдында көлденеңдете беруден, сондай-ақ екінші бір кейіпкерін одан қасақана көлегейлеп қалудан аулақ. Кейбір жазушыларымыз тәрізді ол өз кейіпкерлеріне деген авторлық қатынасын да тікелей таныта бермейді. Бірақ бұл оның осалдығы емес, қайта өзіне хас шығармашылық ерекшелігі. Жазушы өз кейіпкерлерінің психологиялық сипаттауларын терең де нәзік беруге, олардың характерлерін іс-әрекет, оқиғалар тізбегі барысында ашып көрсетуге әсіресе оңтайлы. Романда жазушының алғы лекте алып бейнелеген кейіпкерлерінің өздері де көп әрі алуан түрлі. Солардың бірі — Есей.

«Курляндия» романында да Есей өзінің кесек қимылдарымен біртоға жақсы көрінетін. Бірақ автор оның «жан диалектикасын» терең аша алмаған еді. Образдың өсу, жетілу жолы да дәйектілікпен, көркем түрде суреттелмеген болатын. «Күткен күнде» автор бұл кейіпкерінің бейнесін толықтыра түскен, оның характерін тереңдеп ашқан.

Оқушы романның ең алғашқы беттерінен бастап-ақ Есеймен танысады. Шығарма экспозициясының өзі осы Есейдің оқыс бір қимылына құрылған: Подполковник Бобровтың полкы теңіз жағалауында жүргізген ұтымды ұрыстардан кейін майданның жаңа бір шебіне қарай ауысады. «Сондықтан да бұл арадағы жау сырының көп жайы жұмбақ; көп нәрсе бұлардың көзінен қағас, таса. Тіпті, кейбір неміс батареяларының тұрған жерін дәл анықтай алмай, құр долбармен белгіге алып жүр еді. Осыны ескерген Есей жау түкпірін бір сүзіп қайтқысы кеп, талай рұқсат сұраған; бірақ сақтық ойлаған Скориков оны ірке түсетінді» (22-б.). Есей ақыры қасына бір топ барлаушыларды ертіп жау тылына кетеді. Романның оқиғалық желісі дәл осыдан басталады да.

Осы барлау сапарында Есейлер көп қиындықтарға ұшырайды. Бірақ олар ақыры немістердің контрразведка жұмысын басқаратын бір полковнигін тұтқынға түсіріп қайтады. Қауіпті сапарға рұқсатсыз кеткені үшін Есей әскери жаза да тартады. Мұның бәрі де оны ширықтыра, шыңдай түседі.

Жазушы Есейдің қарулас жолдастарымен бірге жау қоршауында қалған шақтағы ғажайып ерлігін және оның неміс фашистерінің қолына тұтқынға түскендегі қайсар шыдамдылығын, қисапсыз рухани қуатын соншалықты кеңінен толғап, нанымды суреттеген. Романда Есейдің жолдастарына деген қалтқысыз достық көңілін, таза да пәк сүйіспендік аңсарларын, шынайы адамгершілік қасиеттерін жақсы аңғартатын эпизодтар аз емес. Автор бұл айтылғандарды кейіпкерінің бойына жасанды түрде, қолдан телімейді, қайта оның табиғи сипаттары ретінде суреттейді. Есейдің Зағипамен, латыш қызы Эрикамен қарым-қатынастары, махаббат драмасы да шынайы, нанымды бейнеленген. Жалпы алғанда, романның соңғы нұсқасында жазушы Есей образын іштей өспейтін, семіп қалған күйде емес, қайта жан-жақты толысу, тереңдей түсу түрінде көрсете алған. Есейдің Петр Денисов, Қожақ, Самед, Гогоедзе, Ғиззатуллин сияқты жауынгер жолдастарының, қарулас достарының бейнелері де романның тынысын кеңітіп, ажарын келтіріп тұр. Жазушы оларды әралуан ұлттың өкілдері ретінде әншейін ала салмаған. Романда олар халықтар достығы идеясының құр сұлдері, рупоры ретінде емес, керісінше өмір шындығынан алынған, өзіндік бітім-тұлғалары, табиғи даралығы бар жанды бейнелер түрінде суреттелген.

Осылардың ішінен жазушының әсіресе мейірлене, беріле суреттейтіні — Петр Денисов. Өзінің ақжарқын, адал мінезімен, кірбеңсіз көңіл-күйлерімен, жан сергітер жайдары қалжыңымен ол шығармаға әрдайым бір жарқындық, мойымаушылық рухын дарытып жүреді. «Күткен күн» романында бұрынғыдан әлдеқайда биіктеп, жарқырап көрінген тұлғалардың бірі — Скориков. Оның қасына үш жауынгер ертіп, жау тылына өтуі, рация арқылы біздің артиллерияны жаудың ең маңызды соғыс объектілеріне туралауы, ақыры фашистердің қоршауында қалғанда тірідей қолға түсуден ерлікпен қаза табуды артық санап, артиллеристерімізден өздеріне оқ атуды өтінуі — нағыз батырлық қимыл, Отанын, халқын емірене сүйген еңіреген ердің ғана қолынан келетін кесек әрекет.

Жазушы Скориковтың отбасылық өмірін, оның әкелік мейірімін де соншалықты шыншылдықпен, тебірене суреттейді. Алыс тылда қалған әйелін, екі баласын әруақыт сағынышпен еске алып ойлаған сайын Скориков өзінің де жан иірімдерін, жүрек түкпірін солғұрлым ақтара ашып, тереңдеп таныта түседі. Сұрапыл соғыстың от-жалынын кешіп, қауіп-қатердің өтінде жүріп ол бейбіт күнде, дер шағында өзі қадірін білмеген, бағалай алмаған ұяң мінезді абзал жарын әсіресе тебірене еске алады, сол бір ағат қылықтарына өкіне ұялады. Әйелінің ауыр науқасқа шалдығып қайтыс болған хабарын естігеннен кейін оның бұл өкініш-наласы бұрынғыдан да бетер ауырлап, күшейіп кетеді. Романдағы Скориковтың осы рухани драмасы суреттелетін беттер өздерінің психологиялық мезеттерінің ғажайып тереңдігі, татаусыз шыншылдығы жағынан, көркемдік бояу-нақыштарының суреттілігі мен айқындығы жағынан жас жазушының емес, тіпті майталман шебердің, шын мәнісіндегі алғыр да сезімтал, кемел суреткердің қалам сілтесіне орайлас келіп қалады.

Скориковпен бірге көбірек көрінетін офицерлердің бірі — Тайнов. Бірақ Тайнов — жеріне жеткен, толысып шыққан образ емес. Онда даралық сипат, өзіндік ерекшелік жоқ. Ол көбінесе Скориковтың тасасында, басқа кейіпкерлердің көлеңкесінде қалыңқырап қойған. «Күткен күн» романының ұтымды бір жағы — оның авторы кеңес офицерлері мен қатардағы жауынгерлердің рухани тұтастығын, берік ұжымдастығын шынайы суреттей алған. Бұл ретте ол біздің әскери романдарымыздағы елеулі бір олқылықтың есесін едәуір өтеген тәрізді. Генерал Разумовтың, полковник Сидлердің бейнелері осы пікірді растай түседі.

Генерал Разумов соғыс стратегиясына, әскери өнерге жетік көреген қолбасы ретінде бейнеленген. Ол белдескен жауының ішке бүккен сырын, оның күшті әрі осал жақтарын алыстан аңдап, алдын-ала сезіп отырады. Романда генерал Разумовтың адамгершілік қасиетін сипаттайтын эпизодтар да аз емес. Ол, әрине, жауынгерлерге орынсыз елжіреп, арқаға қаға беруден аулақ. Бірақ ол жауынгерлерімен әрдайым тіл тауып сөйлесе біледі, олардың тағдыры жайында әкелік қамқорлықпен тебірене ойлайды. Өзгесін былай қойғанда, Разумовтың небір қиындықтарды бастан кешіріп, жау қоршауын бұзып оралған әрі әйелінің қайтыс болған хабарын естіп қатты рухани күйзеліске ұшыраған Скориковты қабылдағаны суреттелген эпизодта қаншалықты жылылық, абзал мейірбандық бар. Романның соңында генерал Разумовтың неміс генералы Бегемен келіссөз жүргізгені баяндалады. Разумов өзінің сөзінен де, кескін-кейпінен де, көзқарасынан да жеңген адамға тән астамшылық сездірмейді. Разумов характерінің күшті бір қырын, мінез ірілігін автор осы тұста әсіресе әсерлі суреттей алған.

«Генерал Беге оған сыртын беріп тұрған. Осы тұста ол шұғыл айналып, жалт қарады. Оның қансыз құп-қу кескінінде үрей бар екен. Құты ұшқан үрей оның Разумовқа қараған кезінен айрықша айқын көрінеді.

— Осы жайды ескертем. Ойлан, генерал! Соңыра не болады, — деді Разумов. Беге мундирінің түймесін ағытты. Дірілдеген қолымен маңдайының терін сүртті. Оның көзінде жас тұрған.

— Я, біз жеңілдік, — деді де, алақанымен бетін басып, еңіреп жылап жіберді.

Ашық терезеден Разумовтың бетіне самал соқты. Сол самал ақ перденің етегін ақырын қозғап, бұлаңдатып толқытып қояды» (369-б.).

Романның жеңіс рухына толы бұл соңғы тарауының осылайша генерал Разумов бейнесі арқылы, оның тыныштық тынысымен дамылдап, сая тапқан көңіл-күйлерін суреттеу арқылы аяқталуы тегін емес. Осы сәтті табылған аяқталым Разумов образын бұрынғыдан да биіктете, ірілендіре түскен.

Жалпы алғанда, шығармаға ірі-ірі қолбасылардың бірнешеуінің кесек образдарын енгізу арқылы, олардың әскери өнерін кеңінен суреттеу арқылы жазушы майдан шындығын, оның стратегиялық ерекшеліктерін кең тұрғыдан бейнелей алған. Романның ең құнды қасиеттерінің бірі де осында.

Ә.Нұрпейісов шындықты бір жағынан ғана көретін суреткер емес. Ол өмір ағысын бар күрделі күйінде тұтас қамтып бейнелеуге ұмтылады. «Күткен күн» романындағы подполковник Бобровтың, майор Долгушовтың образдары бұған анық мысал бола алады.

Жазушы бұл екі кейіпкерін де ұнамсыз планда алған. Сонымен бірге өзара мүлдем ұқсамайды. Бобров — уақыт талабынан қалып қойған, қазіргі заманғы әскери өнердің өрісінен тым аласа жатқан кейіпкер. Рас, ол Азамат соғысы кезеңінде жақсы командир болған. Бірақ Бобров сол жылдардың дәрежесінде қалып қойған. Сондықтан да ол басқаларға басшылық етудің орнына енді ортақ іске оралғы бола бастаған. Жазушы оның әскери командир ретінде де, адам ретінде де өмірден ысырылып, ұсақтап кеткенін көркемдік жағынан нанымды суреттей алған.

Ал Долгушов образы бұған қарама-қарсы. Ол Бобровтай бойкүйез, салбөксе емес. Сымбатты тұлғасымен, сұлу көркімен, оған қоса құбылмалы қыры көп мінезімен Долгушов сынаптай сырғып, бойына оңайлықпен дарытпайды. Әйел затын көрсе, қызыл корген құзғындай құтырынып, қозданып, есіріп кететін, өз тұрғыластары мен лауазымы кішілерді келекеге айналдырып, паңсып жүретін Долгушов үлкендердің алдында бәйек болып, құрдай жорғалайды.

Жазушы кейіпкерінің бұл характерін реалистік штрихтар арқылы әрдайым шебер ашып тастап отырады: «Сидлерді көргенде Долгушов Бобровтан да қаттырақ сасып қалды. Айрықша, ол Сидлер кіргендегі өзінің отырған түрінен қысылды: полк командирінің алдында аяғының үстіне салып, шалқайып жоғары қарап отырғанның өз басына лайықсыз екенін комбриг үстіне кіргенде ғана білді. Әшейінде шаң жұқтырмайтын қара хром етігінің тым жылтырлығы да оған осы арада ерсі көрінді. Өз ішінен: «көп киілген лас етігім, көнетоздау шинелім болар ма еді» деп ойлады. Оған өзінің бағана, бері шығарда ғана қырынған бұғақты, толық беті де ұнамай, қай тесікке тығыларын білмей тұр еді. Сидлердің отыра беріп, көз қырын суықтау тастаған түрінен шошып қалды. Оның мына қарасынан: «Ох, ты нахал!» — деп жақтырмай қалғандай түрін танып, майор Долгушовтың үрейі ұшып кетті. «Мені, сөз жоқ, жаяу әскерге жібереді» — деп ойлады» (127-128-бб.).

Міне, осы үзіндінің өзінде-ақ Долгушов бүкіл іш-тысымен тұтас танылады. Ұнамсыз кейіпкерлерді бейнелеуде де жазушы реалистік мәнерден танбайды. Кейіпкерлерінің іс-

әрекетін олардың характерлерінің шындығынан туындатып өрбіту, образ табиғатын тереңдеп ашу сияқты көркемдік принципіне ол бұл тұста да бекем күйінде қалады.

Романда жау жақтың адамдарын бейнелеуге де біраз орын берілген. Жазушы көбінесе фашист генералдарының басшы офицерлердің өмірін, іс-әрекеттерін суреттейді. Бұл оның дұрыс та өнімді тәсіл ұстанғанын аңғартады. Өйткені жау армиясының жинақты сипатын, оның стратегиялық және тактикалық тәсілдерін тек осылай ету арқылы ғана шынайы суреттеуге болады. Немістің гитлершіл генералдарын кейбір романдардағыдай топас күш ретінде, сайқымазақ түрінде суреттеуден Ә.Нұрпейісов аулақ.

Жазушы неміс генералдарын ең алдымен өзіндік характерлері, дара-дара бітім—тұлғалары бар жанды бейнелер ретінде көрсетеді. Сонымен бірге автор гитлершіл генералдар мен қолбасылардың қаныпезерлігін, қаталдығын, өздерінің әскери жарғыларында жазылған жалаң ұрыс әдістері мен жаттанды тактикалық тәсілдеріне ғана сүйенген жадағайлығын да шынайы суреттей алған. Олар пруссактардың қорқытып үркітуге, таяқ күшіне сүйенген қазадан бетер қаталдығын одан да гөрі асқындырып, ушықтырып жіберді. Бірақ бұл да оларды сақтап қала алған жоқ.

«Менің бұйрығымды орындадың ба? — деді Шеркер. Бұл айтып тұрған бұйрығы бүгін азанда бар әскеріне: «Тырнақтарыңмен жер бұр... Ақырғы демдерің біткенше қарсылас!» деген бұйрық еді. Онымен қашаннан сырмінез Беге бұл сылтау екенін, сотқар Шернердің соқтығар алдындағы жөнсіз сүйкенуі екенін білді. Бұнан ары оның ашу отын қоздырмай, ыңғайын алып, ығына жығыла беруің керек. Әйтпесе, бойындағы у-зәрін тісіне жиып ап, ысқырып келген жыланның өзіңе ақырғы, ең соңғы атылуы ғана қалғандай. Солай сезген генерал Беге бұнымен кездескен жердегі өзінің маймақтығына бақты» (83-б.). Өзара арбасқан, жанталаса арпалысқан фашист генералдарының сиқы осы. Тағы да бір сурет: «Бірақ фон Рубинштейннің де, генерал Бегенің де, тіпті әр сөзінен ызғар сезілген Шернердің де әмірі штаб босағасынан шыққанша кәрлі болса да, әрірек барып көк-ала түтінге, тарсыл-күрсілдің ішіне кірген соң зәрі сынды. Атыс ішінде ажалды әр минут сайын он рет тосып жүрген адамға алыста отырып «атамын бәріңді де!...» деп телефоннан айқайлаған генерал, шынында да, ақыл-есі ауысқан жынды секілді. Сөйтіп, қысым көрген мотобригада шегіне берді»

(87-б.). Гитлер армиясының күйрей жеңілуінің негізгі бір сыры фашист генералдары мен солдаттарының рухани мүдделерінің өзара алшақтығында, қарама-қарсылығында екенін автор осындай эпизодтар арқылы шебер аңғартады.

Шығарманы оқып шыққанда сан-сан адамдардың тағдырымен, әралуан талайымен танысасың. Әрине, олардың кейбірінің әдеби прототиптері болғанымен, көпшілігі — жазушы қиялынан туған жанды да жинақты кейіпкерлер.

Ал шығармада суреттелген майдан өмірі тұтастай алғанда тарихи шындықпен қабысып, астасып жатыр. Онда Курляндия майданының жалпы сипаты, біздің Армияның стратегиялық тәсілдері, кеңес жауынгерлері өткен сұрапыл соғыс жолының қиян-қилы өткелдері шынайы суреттелген. Оқушы солардың бәрін ой көзімен көріп те, сезініп те отырады. Осы тұрғыдан алғанда «Күткен күн» романын белгілі дәрежеде тарихи роман деп атауға да болады.

Ең алдымен, «Күткен күн» романы күні кеше ғана бүкіл дүниені дүр сілкіндіріп, енді тарихқа айналып бара жатқан уақытты қамтиды. Онда Ұлы Отан соғысының жеңіс рухына толы сол бір қаһарлы кезеңіндегі тарихи оқиғалардың іздері айқын сақталған. Осы тарихи шынайылық пен дәлдік кеңес жазушыларының соғыс тақырыбына арналған таңдаулы шығармаларының барлығына да тұтастай хас. Бұл тұрғыдан алғанда кеңестік әскери тарихи роман мүлдем соны, жаңашылдық сипат танытады. Әскери тарихи роман ескі буржуазиялық әдебиетте де бар болатын. Онда кейіпкерлердің тағдырлары тарихи қозғалыстың тайталас-тартысы барысында тікелей өрістемей, соның көлеңкесінде, ығында ғана өрбитін. Тарихи дамудың тенденциясын айқындаған негізгі факторлар, тұтас елдер мен халықтардың тағдырын шешкен сұрапыл соғыс оқиғалары шеттеп, тасаланып қалатын да, тәж-тақытынан айырылған патшалар мен хандардың трагедиялық халі, ойдан алынған жасанды кейіпкерлердің сүйіспендік драмасы алғы лекке шығарылатын. Бұл дәстүр, әрине, кеңес әдебиетінің, сондай-ақ оның аса бір күрделі саласы саналатын кеңестік әскери беллетристиканың табиғатына мүлдем жат. Біздің әдебиетімізде ең алғы лекте халық және оның тарихи тағдыры бейнеленеді. Кеңестік әскери романның кейіпкері дүниені қайта құрған айбарлы, айбынды оқиғаларды сырттан бақылаушылар емес, керісінше, соған тікелей қатысушылар, яғни тарихты жасаушылар. Әдебиетте халықтың тағдырын, елдік сипатын барынша айқын суреттеудің шығармашылық ең өнімді жолы — өз бойына

сол халқының ең жақсы, жарқын қасиеттерін мол сіңірген кесек те көркем, дара-дара образдар жасай алу. Кейіпкер образында өзіндік сипат, даралық қасиет неғұрлым мол, айқын болса, ол халықтың қасиетін, мінезін де солғұрлым терең әрі жарқын бейнелемек. «Күткен күн» романындағы әралуан ұлт өкілдерінің тұлғалы, бедерлі образдары оқушы көңілін осы ойға анық ұялатады.

Ә.Нұрпейісовтың жазушылық шеберлігінің ең басты қуаты оның шыншылдығында, реализмінде. Ұлы Отан соғысының оқиғалары, оның батырлыққа толы ғажайып шындығы қаламгерлерімізге, әсіресе романтикалық асқақ стильдегі суреткерлерімізге шығармашылық кең өріс береді. Мұны қазақ кеңес әдебиетінде туған кейбір шығармалардан да анық көреміз. Мәселен, романтикалық лептілік, көтеріңкі рух Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романының бүкіл стилінен мол сезіліп отырса, ал Б.Момышұлының повестерінде бұл сипат ең алдымен жазушы суреттеген оқиғалардың өзінен туындап жатады. Ә.Нұрпейісов болса, ол әрдайым дерлік реалистік мәнерден ауытқымай отырады. Ол патетикалық бояуларға көп бара бермейді. Тағы да бұл – оның шығармашылық әлсіздігі емес, өзіндік ерекшелігі. Сондықтан да «Күткен күн» романында образдар мен характерлер шынайылығы, оқиғалар мен ситуациялар шынайылығы мол сезіледі.

Жазушы психологиялық сипаттауға әсіресе шебер екендігін атап өткен едік. Романдағы көптеген кейіпкерлердің жан-дүниесінің терендеп ашылып, ақтарыла суреттелуі ең алдымен оның осы шеберлігіне байланысты. Бір мысал келтіріп қаралық. Әйелі қайтыс болғаннан кейін демалыс алып үйіне келген Скориковтың көңіл-күйлерін жазушы былай толғайды: «Былтыр келгенде әйелі мен екі баласы бұны бұл арадан да емес, Москваның өзінен, аэродромнан күтіп алған. Маңдайынан сүйгелі еңкейген Скориковты нәзік денелі, кішкентай әйелдің өзі құшақтай алып, ыстық шекесін күйеуінің бетіне басқан. Сол арада, күйеуінің қасы-қабағына көбірек қарап, қаймығып үйренген әйелдерге тән жасқаншақтықпен Наташа бұған сағынышты сөздерін сыбырлап жатқанда, екі баласы етегіне оралмап па еді? Сол сәтте бұл дүниеде менен бақытты адам бар деп пе еді? Қайда сол бақыты? Қайда сол нәзік денелі, әп-әлжуаз әйел?.. Қайда?.. Скориковтың қимылсыз көзінен ыстық жас мөлт-мөлт тамып кетті. Ол қайда барарын, кімге барарын әлі анық білген жоқ. Беті ауған жағына жүріп келеді. Біраз жүргесін ғана осы мен қайда келе жатырмын

деп ойлап, жан-жағына көз салып қараса... өз үйіне кеп тоқтаған екен. Көршісінен кілт алып, үйіне ауыр тартқан сезіммен кірді. Кішілеу екі бөлменің дүние-мүліктері дәл бір әйелі бардағыдай, әдемілеп, рет-ретіне келтіріп жиналғанын көрді. Үй ішіндегі азғана мүліктің бәріне ұсынақты, іскер әйелдің қолы тигені көрініп тұр. Бұрын үйінің бір бұрышын қопарып әкетсе де көңіл бөлмейтін Скориков қазір әйелінің үй шаруасына қаншалық ұқыпты болғанын бір қарағаннан байқап өтті. Тозығы жеткен штордың сетінеп, көз-көз ойылған жерлерін өзі түстес ақ жіппен әдемілеп, мін түсірмей жамағанына шейін көріп, әйеліне деген аянышы ұлғая түсті. Көңіл призмасы өткен өмірінің кірбеңін онан сайын ұлғайтып, ауыр өкінішке салады. Ал талай рет төзбес мінез көрсеткенде де төзім тапқан, бұны бастапқы ыстық жалынымен бірқалыпты сүйіп өткен әйелі асыл текті, артық адам боп, тек адалдық, айнымастық жағынан танылып еді. «Қандай асыл жанды... асылды қорлағанмын, ә?» деп ойлап, ауыр тартқан сезіммен әйелінің үлкейткен суретіне жақындап келді. Наташаның өңінен тірісінде, тіпті ең бір көңілді кездерінде де байқалатын реніш пен ұяң наразылық айықпайтын. Сол ұяң наразылық Наташаның мына суретінде де бар екен. Ондай ажар оның әжім ұялаған көзінде де бар. Сәл түйілген жіңішке қасының екі аралығына түскен қос сызықшада да көңіл кірбеңіндей болмашы қынжылу бар. Күйеуінің от басындағы салқын шырайы Наташаның мына суреттегі бет ажарына көлеңкесін түсіріп, күңгірттеп кеткендей. Осындай сезіммен өз күнәсі ауырлап, жанын өкініш пен аяныш қысқан Скориков әйелінің суретіне бетін басты да, еңкілдеп жылап жіберді...» (216 – 217-бб.).

Біз осы үзіндіні әдейі тұтас келтірдік. Скориковтың ішкі монологы ретінде берілген бұл сурет-көрініште қаншалықты терең психологиялық шындық бар. Автор романда Наташаны тікелей суреттемейді. Бірақ Скориковтың еске алулары, ой-толғаныстары, сағыныш сезімдері арқылы біз Наташаның да бүкіл тұлғасын, мінез-құлқын қоса танып отырмыз. Сондай сәттерде Скориковтың өзінің де рухани келбеті анағұрлым мол да терең ашылып отырады. Сөйтіп, жазушы психологиялық сипаттауды образ жасаудағы ең оңтайлы, орайлы тәсілдердің бірі ретінде қолданады. Дәрігер әйел Зинаида Яковлевнаның образы жайында да осыны айтуға әбден болады. Автор бұл кейіпкерінің де жүрек жарды сырларын, жан иірімдерін соншалықты нәзік сезімталдықпен үзілдіріп, жеріне жеткізе суреттей алған.

Ә.Нұрпейісовтың образ жасаудағы тәсіл-амалдары бұл айтылғандармен шектеліп, таусылып қалмайды. Ол кейіпкерлерінің іс-әрекеттерін де, репликаларын да орнымен, оралымды пайдалана біледі. Мәселен, бөксесін снаряд жұлып әкеткенде де, телефон сымын тісімен тістеп жалғастырған күйінде қатып қалған Хмара бейнесін енді қайтып ұмытпайсыз.

Сол сияқты, Есейдің Аралға демалысқа келуі суреттелетін тарауда ара-кідік қана көрінетін қара кемпір бейнесі жайында да осыны айтуға болады. Оның әрбір сөзінен көп мән аңғарылып отырады. Бір ғана мысал келтіріп қаралық:

« Әже, сіз де балық аулайсыз ба?

Е, ауламай ше... Сенің әкең құрлы балық аулай алмас деп пе едің? Есей тік мінезді шамшыл кемпірді ашуландырып алдым ба деп қысылып қалды.

— Шалым болса, ана Насырдың қатыны құсап жаулықты шекелетіп тартып, жылы пештің түбінде шалжайып отырып алуды мен де білем. Жан тыныштықты білмейтін қара кемпір ақымақ емес, — деп ол әңгімені үдете түсті. — Амал қанша, шал жоқ... жаман шалды менсінбей жүріп, жалмап ерте жұтып алдық. Жалғыз бала әскерде... Келін жас. Жалғыз баланың қойнында жатқасын амалың жоқ. Әйтпесе, сараң қатыннан сұрап алған бұзаушық тәрізді сорлының өзі де тұмшадай ғана бірдеңе» (288 — 289-бб). Міне, бұл сөздерден қара кемпірдің адуын, омырау мінезін, тура тілділігін және соған қоса ақкөңіл ашықтығын, татаусыз пейілін аңғармай, аңдамай қалмайсыз. Жазушы көп реттерде кейіпкерлерінің характерін осы тәсілмен, яғни олардың өздерінің сөздері, репликалары арқылы ұтымды байқатып тастайды.

Портреттік сипаттауға шеберлігін Ә.Нұрпейісов «Курляндия» романында да жақсы аңғартқан еді. «Күткен күнде» өз талантының осы қырын ол ұштай, жетілдіре түскен. Бұл ретте де ол дәстүрлі суреттеу тәсілдеріне бой ұрмай, өз тарапынан көп ізденген, сөз азабын көп кешкен. Жазушы кейіпкерлерінің кескін-келбетін, мүсін-тұлғасын бірден үйіп-төгіп бере салмай, сыздықтатып, шым-шымдап жеткізеді. Оның қолдануында портрет кейіпкердің жан дүниесінің, ішкі сарайының хал-халеттерімен, іс-әрекеттерімен, мінез-құлқымен астасып жатады. Бұл ретте үлкен суреткер А.Н.Толстойдың мынадай бір пікірі тілге оралады: «... Кейіпкердің портретін тұтас он бет бойына жазуға, оның кейпін, бойын беруге, оның өзі қандай екенін айтып шығуға, содан кейін барып қана бұл герой

әрекет ете бастасын деуге болмайды. Бұл — теріс әдіс. Бұл қызғылықсыз әрі сахналық сипаттан жұрдай, өйткені бір орында қозғалыссыз тұр. Бұл — статика. Кейіпкердің портреті қозғалыстан, күрестен, қақтығыстардан, мінез-құлықтан көрінуге тиіс. Портрет жекелеген жолдардан, жол-жолдың арасынан, сөз-сөздің арасынан туады. Бірте-бірте туады және оқушы ешқандай сипаттаусыз-ақ оны көз алдына елестете алады. Өйткені егер кейіпкердің портретін сіз бірінші бетте оқысаңыз, онда ендігі сіз ұмытып қаласыз және оның қараторы немесе жирен екенін әр уақыт қайта-қайта еске түсіріп отыруға мәжбүр боласыз».

Сонымен бірге жазушының жекелеген кейбір кейіпкерлеріне портреттік сипаттау бергенде өзін-өзі қайталайтын мезеттері де бар. Бұл әсіресе Бобров пен Долгушов бейнелерінен көп байқалады.

«Күткен күн» романының көркемдік қуатының ең негізгі тамыры оның тілінде. Ә.Нұрпейісов жас прозаиктарымыздың ішіндегі тілге мейлінше бай авторлардың бірі деуге әбден болады. Жоғарыда келтірілген мысалдардан да мұны аңғару қиын емес. Небір күрделі құбылыстарды, кейіпкерлерінің алуан түрлі сыр-сезімдерін, жан иірімдерін суреттегенде жазушы тіл тапшылығына ұрынбай, қаламын кең көсіліп, емін-еркін сілтейді. Ол авторлық баяндауларда да, психологиялық немесе портреттік сипаттауларда да, диалогтар мен ішкі монологтарда да өз ойын, негізгі идеясын анық та ашық әрі жеткізе білдіруге қажетті, жарамды тіл табуға, сөзді орнымен, оралымды қолдануға оңтайлы.

Романды оқығанда оны нағыз қазақ жазушысы, туған халқының тіл байлығын мол баураған суреткер жазғандығын сезіп те, сүйсініп те отырасың. «Күткен күнде» ара-тұра архаизмдер ұшырасатын сияқты. Бірақ тек халық тілін, оның байлығын білмейтін адам ғана солай болуы мүмкін. Әйтпесе, көп реттерде Ә.Нұрпейісовтың әдеби немесе сөйлеу тілімізде бекер ұмытылып бара жатқан сан-сан сөздерді аршып алып, тың тыныс беріп, жаңғырықтыра қолданғанын аңдау қиын емес. Ал диалектизмдер романда бірсыдырғы мол ұшырасады. Суреттеліп отырған өлкенің өзіндік ерекшеліктерін, колоритын жеткізіп беру үшін диалектизмдерді қолдануға әбден болады. Мұндай мезеттерде олар әдеби тілді, оның сөздік қорын молықтыра, ажарландыра түспек. Бірақ Ә.Нұрпейісов ара-тұра осы шектен шығып кетеді. Жекелеген кейіпкерлердің сөздерін, репликаларын былай қойғанда, романдағы

авторлық баяндауларда да диалектизмдер баршылық. Бұл, әрине, шығарманың тіл тазалығына, автордың стиль сындарлылығына нұқсан келтірмей қоймаған. Мақала көлемімен шектелгендіктен біз оларға кеңінен тоқталып жатпаймыз. Бірақ романды қадағалап оқыған адамның көзі бұған анық жетсе керек.

Қазақ прозасының М.Әуезов, Ғ.Мүсірепов сияқты ірі шеберлерінен жемісті де мол үйренетіндігін Ә.Нұрпейісов «Құрляндия» романында да терең байқатқан болатын. Ал мынау роман авторының орыс жазушыларының суреткерлік тәжірибесінен де көп тағлым алғанын қоса аңдатады. Онда күрделі синтаксиске, құрмалас сөйлемдерге ұмтылушылық мол сезіледі. Романда бұл көркемдік жағынан ақталған да. Сан-салалы құбылыстарды, кейіпкерлердің буырқанған көңіл-күйлерін, сезім дауылдарын, алуан-асыр хал-халеттерін үзік-үзік етпей, күрделі күйінде, бар тереңімен бейнелеу үшін осылай етпеске болмайды.

Қорытындыда тек мынадай бір жәйді арнайы айта кетер едік. Ә.Нұрпейісов тілінің байлығы мен бейнелілігін, орамдылығын жоғарыда атап өттік. Бірақ сонымен бірге автордың сол бай тілін рет-ретімен мысқалдап пайдаланбай, батпандап қолданатын, шұбалаңқылыққа ұрынатын, белгілі бір құбылысты тым қазбалап, орынсыз артық тәптіштеп суреттейтін мезеттері де бар. Мұндай тұстарда оның реализмі әлсіз тартып, босаңсып, күңгірттеніп кетеді. Тілді төгіп-шашпай, тап басып, оралымды да жинақы пайдалану — нағыз ұшталған шеберлік үшін мейлінше қажет көркемдік үнемділіктің ең бір негізгі белгісі екенін жазушы болашақта естен шығармауға тиіс.

Романның оқиғалық өрбуінде де автордың көркемдік шындықтан тая соққан, жаза басқан жәйттері бар. Романның бас жағында Есей бастаған барлаушылардың контрразведка жұмысын басқаратын бір неміс полковнигін қолға түсіргені жайында айтылады. Я, тек айтылады. Ал жазушы мұның орнына олардың осы ерлік қимылын нанымды да көркем бейнелеуге тиіс еді. Оның үстіне мұның, яғни бұл эпизодтың шығармада бұдан әрі өрбитін оқиғаларға ешбір қатысы, әсері де жоқ. Тек оқиғаны сырттай қызғылықты ету үшін және Есейдің оқыс қимылын ақтау үшін ғана автор осылай еткен тәрізді сезіледі. Сол сияқты, Скориков пен оның қасына ерген үш жауынгердің адам айтқысыз алапаттан, астан-кестен ұрыстан, жау қоршауынан дін аман шығуы да нанымсыз суреттелген. Бұл ретте де автор көркемдік мотивировканы

жеткілікті етіп бере алмаған. Жазушының болашақта мол ойланып, көп толғанатын мәселелерінің бірі — композиция жайы. Оның суреткерлік шеберлігінің әлі ұшталып жетпеген, олқы да тапшы соғып жатқан жағы ең алдымен осында дер едік. «Күткен күн» романында композициялық тұтастық, бірегейлік бастан-аяқ сақтала бермеген. Көп реттерде шығарманың жекелеген эпизодтары, әралуан оқиғалар, ситуациялар өзара жымдаса бірікпей, үндесе үйлеспей, олпы-солпы күйде қалыптанған. Сондықтан да олар шығарманың негізгі сюжеттік арқауына ажырамастай болып сіңісіп тұрған жоқ. Тіпті, мұны романның кейбір сюжеттік желілері, тұтас тараулары жайында айтуға да болар еді.

Мәселен, Иванов, оның әйелі Зинаида Яковлевна және Долгушовтардың арасындағы махаббат драмасын алып қаралық. Осы желі романның бүкіл өн бойына дерлік қосарлана жүріп отырады және осы тұста жазушының адам жанына үңілгіш те көргіш, сезінгіш алғырлығы, шеберлігі де тамаша танылады. Бірақ осының бәрін автор не мақсатпен алған және шығарманың негізгі идеялық бағытын, әлеуметтік тынысын анықтап белгілеуге мұның қаншалықты қатысы, қажеттілігі бар? Романнан бұл сұраққа жауап табу қиын. Сондай-ақ, романның төртінші бөліміндегі Есейдің Аралға қайтып келгені және кейін оралар сапарында ауырып қалып, Рига қаласындағы госпитальда жатқаны суреттелетін тарауларда да қосалқы жәйттер баршылық. Қайткен күнде де олар шығарманың композициялық тұтастығына селкеулік келтіріп-ақ тұр. Шынтуайттап келгенде, шығарманың сюжеттік желілері де, композициясы да жазушының өмір шындығын өзінше көріп тануына, характерлерді кесек те айқын етіп ашуына қызмет етуге тиіс.

«Курляндия» романында партия жетекшісі Ивановтың образы әлсіз, көмескі жасалғандығын кезінде сыншылар атап көрсеткен болатын. Соңғы романда бұл кейіпкерлердің өз басы характерінің кейбір қырлары толыға, ашыла түскен. Бірақ оның саяси жетекші, партия басшысы ретіндегі тұлғасы әлі де болса өз дәрежесіне көтерілмей, аласа соғып жатыр. Осы реніштi кемшілікке әскери тақырыпқа жазатын басқа көптеген авторлар да бой алдырып жүр.

Романның алғашқы нұсқасындағы оқшау бейнелердің бірі — Сайкин еді. Жауға сатылып кеткен, отансыз бұл сұмырайдың опасыздығын, жексұрындығын жазушы ұтымды суреттермен жеріне жеткізе әшкерелейтін. Ал

«Күткен күнде» осы образ мүлдем түсіп қалған. Әрине, жазушы бұдан тек ұтқызған. Шығармасына қайта оралып өңдегенде ол бұл желіні бұрынғыдан да гөрі тереңдете, өткірлей түсуге тиіс еді. Өкінішке қарай, автордың бұл өзгерісі романның реалистік қуатына, шынайылығына салқынын тигізбей қоймаған. Көркем шығармада табиғат суреттерінің ерекше орын алатыны аян. Пейзаж арқылы жазушы шығарманың оқиғалары өрістеп өрбіген ортаны, жағдайды реалистік қалыпта суреттейді, кейіпкерлердің көңіл-күйлерін психологиялық жағынан нанымды етіп ашады. Біздіңше, Ә.Нұрпейісов шығарма композициясының ұтымды компоненттерінің бірінен саналатын осы көркем пейзаждың авторға беретін бейнелеушілік мол мүмкіншіліктерін емін-еркін пайдаланбаған. Тек Есейдің демалыс алып, сағынған аулына қайтып келе жатқаны суреттелетін тарауда ғана Арал төңірегі табиғатының жанды көріністері бар және олар кейіпкердің сол сәттегі сыр-сезімдеріне ұласа үйлесіп те тұр. Бірақ шығарма оқиғалары дамып өрбитін негізгі ая — Курляндия аймағының табиғат көріністері өзіндік бояу-нақыштармен жарқырап ашылмаған. Ал романда берілген күзгі күн көріністері, теңіз жағалауының кейбір суреттері оқушы зердесінде сақталып қалмайды, оған терең әсер етпейді. Ә. Нұрпейісовтың жазушылық стилін тұтас алғанда одан бір кемшілік айқын байқалады. Ол — сылбырлық, босаңдық, ширап жетпеушілік. Романдағы авторлық баяндаулар соғыс қимылдарының, әскери өмір ағысының жіті де жүрдек барысына ара-кідік ілесе алмай баяулап, бөгеліп қалады. Шығарманың жоғарыда аталған бір көркемдік кемшілігі, яғни композициялық шұбалаңқылығы да көп реттерде осыған байланысты болса керек. «Күткен күн» романына берілген азды-көпті талдауды Ғ.Мүсіреповтің Қазақстан жазушыларының төртінші съезінде айтқан мына бір сөздерімен аяқтауға болар еді: «Бұл ретте менің Әбдіжәміл Нұрпейісовтың мазмұны терең, өрісі кең «Күткен күн» атты романын атағым келеді. Өңделіп, түзеліп, қайта басылғаннан кейін бұл шығарма қазақ әдебиетінің құнды қазынасының қатарына қосылды. Жас жазушының бұл романы Кеңес Одағындағы халықтар тілінде де, шетел тілдерінде де өтімді болатынына күмән болмасқа керек». Ә.Нұрпейісов қаламалды шығармасына арада талай уақыт өткеннен кейін қайталап оралып, оны кемеліне келтіре өңдеп, кесек те көркем туынды жасады, өзінің суреткерлік талантын, шеберлігін танытты. Ал

болашақта ол осындай талантпен және шеберлікпен шын мәнісіндегі ірі, кең тынысты, толысып туған шығармаларды бірден-ақ әрі бірегей етіп жасауға ұмтылуға тиіс.

1959 ж.

ІС-ӘРЕКЕТ ПАФОСЫ

Жазушылардың немесе ақындардың әрқайсысы әдебиетке әртүрлі жолдармен, әралуан дайындықпен келеді. Қайсыбіреулер өздерінің шығармашылық жолын шағын жанрлардан бастап, көркем сөз өнерінің кең өрісіне біртіндеп барып шығады. Ал енді бір авторлар толассыз іздене жүріп, өмірлік-тәжірибе мен суреткерлік байқауларға молыға келіп, бірден-ақ кесек те кемел шығарма беріп тастайды. Біздіңше, шығармасы сөз болғалы отырған жазушы Зейін Шашкин осы соңғы аталғандар сынды авторлардың қатарына жатады. Рас, З.Шашкиннің әдеби қызметі отызыншы жылдарда басталған-ды. Ол бірсыпыра әңгіме-очерктер мен сын мақалалар жазған болатын. Бірақ олар авторының жазушылық бетін айқын таныта алған жоқ еді. Түрлі себептермен біраз уақыт бойы шығармашылық қызметтен қол үзіп кеткен. З.Шашкин жазушылық өнерге қайта оралды және сәтімен оралды. Оның «Ұядан ұшқанда» повесі — осының айқын айғағы.

Повесть аса маңызды тақырыпқа, бірақ әдебиетімізде тым аз қозғалған тақырыпқа арналған. Яғни онда Жетісуда кеңес өкіметі қалай орнағаны, жаңа өмірдің таңы қалай атқаны жайында баяндалады. Бірақ бұл кезеңдердің оқиғалары Қазақстанның әртүрлі өлкелерінде жергілікті жағдайларға байланысты өзіндік ерекшеліктермен өрбіп дамыды. Өкінішке қарай, халқымыздың тарихындағы осы бір аса елеулі, шешуші кезеңнің күрделі де мол шындығы біздің әдебиетімізде әлі де болса толық, тұтас қамтылған емес. Бұл ретте әдебиетіміздің ең жетекші жанры — проза әсіресе қарыздар. З.Шашкиннің повесі — осы олқылықтың есесін белгілі дәрежеде өтей алған шығарма. Повесте өрбитін оқиғалар негізінен алғанда Жетісу өлкесінде кеңес өкіметі орнап, жаңа өмірдің таңы атқан кезеңді қамтиды. Сондай-ақ, лирикалық шегіністер арқылы автор 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысының көріністерін де елестете кетеді. Жалпы алғанда, жазушы алуан түрлі әрі күрделі оқиғаларға толы сол бір қысылшаң кезеңнің сипаттарын, уақыт рухын аңдата алған.

1916 жылы көтеріліс күшпен басылғаннан кейін Синьцзянға өтіп кеткен қазақтар кеңес өкіметі орнағаннан кейін Жетісуға қайтып келеді. Олардың мұндағы жерлеріне бай қазақтар орналасып алған. Кеңес өкіметінің жаулары — контрреволюционерлер, ұлтшылдар, дін иелері осы ұрымтал жағдайды әккілікпен пайдаланады. Олар қазақ және орыс халықтарының арасына араздық отын тастайды. Өздерінің бұл арамза ниеттерін іске асыру жолында олар Орта Азиядағы керітартпалық күштермен де астыртын байланыс жасайды. Сойтіп, автор повесть кейіпкерлерінің арасындағы тартысты — сол бір қысталаң шақтың қиянқилы тартысын жуып-шаймайды, қайта оны бар күрделі де өткір күйінде шынайы бейнелейді.

Осылайша, шығармасының тартыс желісін өмір шындығына сәйкестендіре отырып өрбітуі, кейіпкерлерінің өзара алыс-жұлқыстағы арасалмағын дұрыс анықтап алуы автордың өзі таңдап алған тақырыпты шынайы да көркем шешуіне мүмкіндік берген. Жалпы алғанда, повесте өрбитін тартыстың өткірлігі мен шынайылығы және оның нанымды шешім табуы — шығарманың аса бағалы қасиеттерінің бірі. Автор мейлі Жетісу өмірін суреттесін, мейлі Орта Азиядағы, Бұхарадағы оқиғаларды бейнелесін, ол осы бағытынан танбайды, тартыс талқысын бәсеңсітпейді.

Сырттай қарағанда, осы Бұхарда болған оқиғаларды повестің сюжеттік желісіне енгізудің онша қажеттілігі жоқ сияқты. Бірақ байыптап қарағанда, бұлай емес екендігіне көз жеткізу онша қиын емес. Ең алдымен, автор Орта Азияда сол кезде болған оқиғаларды бастан-аяқ толық қамтып, тізбектеп жатпайды, қайта олардың ішінен повестің негізгі кейіпкері Жүністің тағдыры мен талайына тікелей қатынасы бар және сол қалың ортасында жүретін оқиғаларды ғана іріктеп алады. Сонымен қатар бұл оқиғалардың Жетісуда болған өрелі өзгерістерді толықтыра түсу үшін, олардың мәнін тереңірек ашу үшін, жалпы сол бір кезеңнің рухын, тынысын тұтастай сездіру үшін де ерекше маңызы бар. Сөйтіп, повестің оқиғалары осылайша көптеген жерлерді қамтып, қабындап дамиды, өз аясына алуан түрлі адамдарды тартады. Шығарма кейіпкерлерінің тағдыры да осы оқиғалар өрбуінің барысында айқындалып отырады.

Повесте кейіпкерлер мейлінше мол. Бұл, бір жағынан, онда суреттелетін оқиғалардың күрделілігіне байланысты болса керек. Повестегі ең басты, тұлғалы образ және

біздің ойымызша ең шынайы жасалған образ — Жүніс. Жүністің өмірлік жолы, тағдыры соншалықты күрделі әрі қиян-қилы. Халықтың қалың ортасынан шыққан, оның қайрат-қажыры мен ыза-кегін, еркіндікті аңсауы мен арнамысын бойына мол жинаған Жүніс кезеңі келгенде сол халықты азаттық жолындағы айқасқа бастайды. Бірақ Жүніс бастаған көтеріліс жеңіліс табады. Осының салдарынан торыққан әрі бұдан кейін болған оқиғалардың барысын аңдай алмаған Жүніс жазатайым жаңылыс басады. Жүніс әділдікті жақтайды да, аңсайды да, бірақ сол әділет қайткен күнде және қалай салтанат құратындығын ол түсіне алмайды. Оның елден айырылып, теріс жолға түсу трагедиясының сыры осында. Жүніс — табиғатынан діндар адам емес. Бірақ дін иелерінің теріс ықпалына түскен ол дін халықтың басын қосып біріктірудің, оны әділетті өмірге жеткізудің құралы деп түсінеді. Жүністің осы түсінігі өмір шындығына әрдайым қайшы келіп отырады. Ол ел ішінде болған шақта да, Ағзамға еріп Орта Азияның түкпір-түкпірін шарлаған кезде де өзінің бұл түсінігін бекерге шығаратын жағдайларға тап болады. «Мен Мұхаммедтің туы астында топтасқан халықты көрсем деп ем. Бақытты елде өмір сүрген бақытты мұсылманды көрсем деп ем...» — дейді ол Бұхардың әміріне. — Ал мен сол мұсылмандардың күні қараң болғанын көрдім, зар илеген үнін естідім... Оларды жұрттың бәрі де зәбірлейді... Әрине, Жүністің мұсылман деп отырғаны — зәбір-жапа шеккен қарапайым халық. Осы қарапайым жандарға дін иелері де, әмір де ешбір жақсылық жасамайтынын білгеннен кейін Жүніс олардан қол үзеді. Жат жандардың арасында, адасу жолында жүріп әбден қалжыраған әрі осы жаза басуы үшін іштей таусылып, жаны жүдеген Жүніс ақыр-аяғында Жетісуға қайтып келеді. Повесть Жүністің баласы Сахамен және басқа да жора-жолдастарымен табысуы, олардың бүкіл Жетісуды шапағына бөлеп, Алатаудан асып атқан таңды қарсы алуын суреттеумен аяқталады. Мұнда үлкен мән бар. Бұл таң — Жетісуда орнаған жаңа өмірдің таңы, азаттық таңы еді. Ал бұл таңға әркім әртүрлі жолмен жетті. Егер Саха, Бәкен, Төкейлер осы таңды атыру жолындағы күрестің ыстығына күйіп, суығына тоңса, ал Жүніс бұған бұлтағы көп бұралаң жолмен келді. Халықтан қол үзген адамның күні қараң, ал кімде-кім халықпен бірге болса, ол өз бақытын табады. Міне осы ойды жазушы Жүніс образында көркем түрде бейнелей алған. Жүніс образының ең бағалы қасиеті осында, яғни оның халықтың қайрат-қажырын бейнелейтіндігінде.

Повестің негізгі кейіпкерлерінің бірі — Саха Сағатов. Жүністің баласы болғанымен, ол әке тәрбиесін көп көрген адам емес. Авторлық шегіністер мен баяндаулардан, сондай-ақ Саханың өзінің де ой-толғаныстары мен еске алуларынан оның Тоқаш Бокин сияқты революционерлермен байланысты болғанын, сөйтіп оның жастайынан азаттық үшін күрес жолына түскенін білеміз. Бірақ осы қасиет шығармада бейнеленген Саханың тұлғасына табиғи түрде сіңісіп тұрған жоқ. Саха — партияның Жетісу облыстық комитетінің секретары. Яғни, ол осы олкеде жаңа өмір орнату жолындағы күресті ұйымдастырушы. Өкінішке қарай, повестегі Саха шындықтағы Саханың осындай тұлғалы бейнесіне лайық дәрежеге көтерілмеген.

Автор Саханы қат-қабат қиыншылықтарға, шытырман шиырларға әрдайым кезіктіріп отырады. Бірақ Саханың сол асулардан қалай асқаны шығармада шынайы да нанымды бейнеленбеген.

Саханың әкесі Жүніске деген қатынасы да оқушыда екіұдай пікір туғызатын тәрізді. Сахамен арада болған түсініспеушіліктен кейін Жүніс ұшты-күйлі жоқ болып кетеді. Ол жайында әркім әртүрлі аңыздар таратады. Бір ғажабы сол — әке есімін Саха әрдайым түйткілдене, тітіркене еске алады. Айырылысқан, адасып кеткен әке жайында ең болмағанда оған іштей жаны ашып күйзелу, тебірену Сахада жоқ. Ол көбінесе әке қырсығы өзіме де тиеді-ау деген үрейлі ойда жүреді. Өзгесін былай қойғанда, Саха тіпті шешесі Фатиманың жай-күйі қандай екенін де онша біле бермейді. Осының бәрі Саханың жан дүниесін біраз жадау тартқызып тұр. Жалпы алғанда, Саханың образы тұлғалы да шынайы болып шықпаған. Оның бойында революциялық жігер, жасампаздық әрекет аз. Осыған орай оның рухани дүниесі де көп реттерде тереңдеп ашылмаған. Саханың бойында даралық, өзіндік сипаттар бар, бірақ жинақтаушылық қасиеттер тапшы. Көркем әдебиетте типтендіру принциптері даралау мен жинақтауды бөлежара қарамайтындығы, қайта оларды ажырамас тұтастықта алатындығы белгілі.

Біздіңше, повестің екінші басылуында немесе оның қазақша вариантын дайындағанда автор Саха образына қайта оралуға, сөйтіп оның бейнесін жетілдіре, шындай түсуге тиіс.

Ал повестің екінші қатардағы кейіпкерлерінің образдарын жазушы бұдан әлдеқайда тартымды, қызғылықты етіп жасай алған. Байсалды да табанды Төкейдің, жігерлі

де намысты Бәкеннің, арамза да адуын Сотниковтың, жырынды да жымысқы Сүгірбаевтың аз көрінгенмен, есте қалып қоятын бейнелері — бұған айқын дәлел. Жазушының адам образын жасаудағы, характер даралаудағы шеберлігі повестің Бұхардағы оқиғалар суреттелетін тарауларынан да анық байқалады. Автор сол кездегі Орта Азиядағы тарихи — әлеуметтік жағдайды, Бұхар әмірінің маңын төңіректеген адамдардың психологиясын, олардың өзіндік философиясын, әдет-ғұрпын Шығыстық дипломатияның алуан түрлі қыры мен жол-жорасын жетік біледі. Сондықтан да ол Бұхар әмірінің, Ағзамның, Ибраим-бектің, Бурхан-Әддиниің, Мұхиддин-ибн — Аль-Араби деген лақап атпен жүрген ағылшын шпионы полковник Терренстің бейнелерін олардың өздеріне тән қалыпта нағыз суреткерлікпен мүсіндей алған.

Әрине, повестің барлық кейіпкерлері жайында түгелдей мұндай пікір айтуға болмайды. Олардың ішінде характері айқын дараланбаған, сондықтан да оқушы зердесінде қалмайтындары да бар. Мұның бір тамыры повесте кейіпкерлердің тым көптігінде болса керек. Өйткені автор кейіпкерлерінің барлығына бірдей қажетті іс-әрекет, идеялық-көркемдік қызмет тауып бере алмаған және бұлай ету шағын шығарманың көлемінде мүмкін де емес.

Повестің сюжеттік желісі, композициялық құрылысы қызғылықты әрі шеберлікпен тартылған. Ондағы оқиғалар әрі драмалық өткірлікпен, әрі динамикалық зор қуатпен қабындап, барған сайын өрши түсіп өрбиді. Сондай-ақ, автор оқушыны оқиға дамуына байланысты алуан түрлі жерлерге, тарихтың әрқилы кезеңіне әкетеді, бірақ оны негізгі тартыс желісінен жаза бастырмайды. Повестен З.Шашкиннің бұрын жарияланып жүрген әңгімелеріне тән ерекшеліктерді — бейнелілік пен тұжырымдылықты, шағын да ұшқыр фразаға ұмтылушылықты аңғару қиын емес. Кейіпкерлерінің ұлттық ойлау ерекшеліктері мен өзіндік сөз саптауларын да автор шебер жеткізіп бере алған.

Жалпы алғанда, З.Шашкиннің бұл повесі қазақ кеңес әдебиетіне елеулі үлес болып қосылмақ.

Біздің әдебиетіміз жаңа дүние орнату жолындағы күрескерлердің, жалынды революционерлердің тұлғалы бейнелерін жасауға әрдайым беріле ден қойып отырды. Бұл ретте әдебиетіміздің кең арналы, өскелең де өргелең жанры — көркем прозаның шығармашылық жемісі әсіресе мол. С.Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ

кешу», С.Мұқановтың «Өмір мектебі», «Ботакөз», Х.Есенжановтың «Ақ Жайық» романдары және басқа да көптеген шығармалар — бұған анық айғақ. Осы тақырыпты, яғни халқымыздың тарихындағы революциялық дәуірдің ғажайып шындығын, сол бір дауылды жылдардың отты оқиғаларын суреттеуді, көркем образдар тіліне түсіруді өз шығармашылығының өрісті өзегі етіп ұстаған жазушыларымыздың бірі — Зейін Шашкин. Оның прозалық тұңғыш көлемді шығармасы саналатын «Ұядан ұшқанда» повесі осындай тақырыпқа арналғанын жоғарыда атап өттік. Жазушы кейін осы тақырыпқа қайта оралып, «Тоқаш Бокин» атты роман жазды. Егер «Ұядан ұшқанда» повесінде біз Тоқаштың есімін шығарманың басты кейіпкерлерінің бірі Саха Сағатовтың ол жайындағы естеліктерінен, ой-тебіреністерінен ғана білсек, ал соңғы роман атақты революционердің өмірі мен күресін, тағдыры мен талайын бейнелеуге тұтастай арналған.

«Тоқаш Бокин» — тарихи роман. Ондағы басты қаһарман мен көптеген кейіпкерлер — өмірде болған, сол кездегі қиян-қилы тартыс талқысына қызу араласқан жандар. Оның үстіне роман, негізінен алғанда, тарихтың нақтылы материалдарына құрылған. Әрине, шығармада өрбитін оқиғалардың барлығы да дәл сол күйінде болған еді, қазір тарихқа айналып кеткен фактілерге олар айна-қатесіз сайма-сай еді деп кесіп айтуға, тұжырым жасауға еш болмайды. Сөз өнері ретіндегі әдебиеттің шынайылығы оқиғаларды жалаң көшіре салуда емес, қайта солардың қат-қат сырларын, әлеуметтік астарын ашып, рухын сездіруде, өмірлік болмыстың мән-мағынасын, сипатын бейнелі түрде аңдатуда. Тұтастай алғанда осы қасиет «Тоқаш Бокин» романынан да мол танылады.

Автор тарихи фактілерге мұқияттылықпен, зер сала қараған, шындықта болған оқиғалар мен ситуациялардың ауқымынан алыстап кетпеуге тырысқан. Өйткені тарихтың өзі жазушыға драмалық өткір тартысқа, әлеуметтік мазмұнға толы мол материал берген. Бірақ ол сол оқиғаларды тізбектеп тіркемейді, тұтас та көркем суреттейді, олардың ішкі тереңіне үңіледі. Осы айтылғандар романның өзіндік бір көркемдік ерекшелігін құрайды. Бұл онда реалистік бекем стиль мен басты-басты оқиғалық желілердің жанды тарих материалдарына сәйкестігі, жақындығының өзара ұласып, ұштасып жатқандығы. Роман 1917 — 1918 жылдардың оқиғаларын қамтиды. Сол сияқты, онда жазушы негізгі кейіпкері Тоқаштың ой-тебіреністері

ретінде берілген лирикалық шегіністер арқылы он алтыншы жылдың айбарлы шындығынан да көп нәрсе елестетеді. Бірақ ол бұған ала-бөтен дара мақсат көздемей, кейіпкерлерінің өткенімен таныстыру үшін және олардың іс-әрекеттерінің көркемдік мотивировкасын нанымды етіп ашу үшін барған. Автордың бұл талабы шығармада тарихи-әлеуметтік жағынан да, көркемдік жағынан да ақталған.

«Тоқаш Бокин» романында халықтың өмірі, оның тарихи тағдыры мен революциялық күресі айқын да талантты суреттелген. Шығарманың көптеген эпизодтары мен көріністерінен автордың Жетісу өлкесінің өткенін, оны мекендеген халықтардың әдет-ғұрыптары мен тілін терең білетіндігі, өмірлік байқауларға бай екендігі байқалады. Шындықта болған оқиғаларды неғұрлым көп қамтып суреттеуге тырысушылық және сонымен бірге жекелеген адамдардың тағдыры мен талайын да қағас қалдырмауға ұмтылушылық — жазушының суреткерлік дарынының ең басты ерекшеліктерінің бірі. Кейіпкерлерінің психологиялық жағынан шынайы, алуан түрлі портреттерін беруде, олардың өмірі мен күресін революциялық кезеңнің айбарлы оқиғаларымен тығыз байланыста алып, астастыра көрсетуде де автордың шеберлігі анық сезіліп отырады.

«Тоқаш Бокин» романында оқиға қалың, әрекет мол. Шығарма оқиғаларын қабындата өрбітіп, тартыс талқысын күрделі де өткір күйінде суреттеуге оңтайлылығын жазушы бұрынғы туындыларында да айқын аңғартқан болатын. Ал көркем прозаның роман сияқты соқталы формасы оның шығармашылық қабілетінің осы бір қырының емін-еркін ашылуына әлдеқайда мол материал да, зор мүмкіндік те берген.

Романның оқиғалары бірде Алматы қаласында, біресе кең Сахарада қабаттаса, түйдектеле өрбіп отырса, ал енді бірауық оқушының көз алдына Қытайдағы Құлжа қаласының өзгеше бір алуан суреттері елестейді. Шығарма кейіпкерлерін революциялық күрестің от-жалынында, тайталас-тартыс үстінде де, отбасылық немесе жеке бастық тіршілік тұрмыстың әрқилы мезеттерінде де тұтас көреміз. Мұның бәрі, әрине, жазушының дәуір сипатын, уақыт философиясын, революция рухын барынша мол да шынайы аңдатуға ұмтылған талабынан туған. «Тоқаш Бокин» романында сылдыр сөзуарлық, ой жаландығы, риторикалық сарын жоқ. Онда кесек қимылдың, іс-әрекеттің пафосы басым. З.Шашкиннің жазушылық стиліне ерекше хас

белгілердің бірі де дәл осында. Романда ұнамды және ұнамсыз кейіпкерлер образдарының тұтас галереясы бар. Олардың әрқайсысы, тіпті кейбір эпизодтық кейіпкерлер де шығармада өздерінің болмыс-бітіміне, шама-шарқына орай, характерлеріне меңзес идеялық-көркемдік қызмет атқарады. Кітаптың бүкіл өн бойына қиян-қилы драмалық өткір тартыс түйіндері шиеленісе ширап, адамдар өзара арпалыса алысып, әралуан характерлер қақтығысы болып жатады. Оның бастан-аяқ ықыласпен, қызғылықты оқылатындығы да осыдан.

Романдағы ең басты, ірі тұлға — Тоқаш Бокин. Шығарма осы Тоқаш өмірінің бір кезеңін көрсетуден басталады және оның қаза тапқанын суреттеумен аяқталады. Оның характері тұтас та айқын әрі бастан-аяқ динамикаға толы.

Он алтыншы жылғы көтеріліс күшпен басылғаннан кейін сол қозғалыстың ұйытқысы болғандардың бірі Тоқаш Бокин түрмеде азап шегуде. Романның басты кейіпкерін оқушы ең алғаш осы халде көреді. «Адамды қанша байлап, тұтқында ұстаса да, көнгісі, үйренгісі келмейді екен. Тоқаш осы ойын кеше қатардағы камерада отырған Сәт ағасына сыр ғып та жазды. Осы сегіз айда Тоқаштың көксегені бостандық», — деп суреттейді автор. Міне, роман бастан-аяқ осындай бостандықты аңсау рухына толы. Тоқаш та сол жолда аяусыз алысады. Халықтың еркіндігі, елдігі жолындағы күреске араласу оған қисапсыз көп сезім қуатын береді, оның өзі арман еткен идеалдарға деген ықылас-сенімін нығайта түседі. Ол әрдайым алған бетінен қайтпайтын, тура тілді, өткір мінезді адам ретінде бейнеленген. Революциялық шайқастардың от-жалынында суарылған сайын оның характерінің осы бір қыры да шыңдала, ширыға түседі. Тоқаш абақты азабын да тартады, оған алашордашылар мен дін иелері, контрреволюцияшыл бүлікші казактар талай рет қанды тор құрады, қара күш содырлары қапысын тауып, оны соққыға да жығады. Бірақ соның бәріне де ол жасып мойымайды, қайта революцияның жеңісі жолындағы күреске солқылым батыл, құлшына кіріседі. Аштықтан күйзелген халықты тығырықтан шығару, революцияның жаулары болған жуан жұдырық байлардың малын Қытайдан қайта көшіп, жүдеп-жадап келген жарлыларға алып беру кезінде де Тоқаш қайралған қанжардай өткірлік, уыттылық көрсетеді. Сондықтан да, қала мен қырдағы тап жауларының, контрреволюцияшыл қаралы күштердің барлығы да Тоқаштың соңына түсіп, жолына ор қазады. Олар қапысын тауып, Тоқашты қолға

да түсіреді. Ақыры, солардың қолынан Тоқаш қаза табады. Жаулары оны өртеп жібереді.

Автор Тоқаштың өлімін күтпеген жерден, кездейсоқ бола салған оқиға ретінде суреттемейді. Бұл ретте де ол тарихи шындықтан алыстамаған. Тоқаш революция үшін, халық үшін құрбан болады. Оның қазасының қапыда келіп, қапияда тап болған өкінішті мезеттері де бар. Жазушы мұның да көркемдік мотивировкасын шынайы етіп бере білген. Тіпті, Тоқаш қазасының өзі де ол мұрат еткен күрестің ақиқаттығы мен әділеттігіне ең соңғы бір өлмес-өшпес айғақ сияқты. Жалпы айтқанда, автор өзінің басты кейіпкерлерінің есте қаларлық, жанды да жарқын бейнесін жасай алған. Романдағы Тоқаш образын толықтыра, тереңірек аша түсетін бейнелердің бірі — Құрышпай. Шаршап шалдығуды, тайқақсуды білмейтін осы образдың бойында ұлттық сипат та соншалықты мол. Ол өзінің мұқалмас қажырымен, өнерімен, «сегіз қырлы, бір сырлы» мінезімен оқушыны әрдайым сүйсіндіріп отырады. Оның характері тұтас, бітімі айқын.

Тоқаштың орыс достарының ішінен романда өз тұлғасымен көрінетіні — Березовский. Ол — бір кезде революциялық қызметі үшін айдауда болған, ыстық-суықты көп көрген кәнігі күрескер. Верный қаласындағы революциялық күреске де ол жанын сала араласады. Жасырын саяси газет шығарады, большевиктік үгіт таратады. Тоқашты да түбегейлі күрес арнасына салып, бағыт беретін сол. Бірде не істерін білмей дағдарған Тоқашқа ол былай дейді: «Не істейміз, қалай? Қазақ революцияның өгей баласы ма еді? Кеше олар көтеріліс отын кім үшін жақты? Біле-білсең, Жетісу сияқты әр ұлттың басы түйіскен елде жалғыз орыстар ғана революцияны құра алмайды... Жетісудағы революцияның тағдыры — қазақ халқы қатынаса ма, жоқ па, соған байланысты». Бұл сөздер үлкен ой аңғарын, терең толғамды танытады. Шынында да, қазақ халқының революцияға қатысы, араласуы — романның ең іргелі тақырыптарының бірі және ол шынайы көрініс тапқан да.

Романда қарсы жақ өкілдерінің, ұнамсыз кейіпкерлердің бейнелері де соншалықты ірі, кесек жасалған. Бір кезде революцияшыл күрескерлерді қуғынға ұшыратып, кейін оның жасырын жауына айналған арамза Фальковский, қазақ халқының қанын судай шашқан атаман Малышев, шаш орнына бас алатын баукеспе Загаруля, қазақ саудагері Зәкір, Кәрден бай және басқалар — әрі өзара етене жақын,

әрі бір-біріне мүлдем ұқсамайтын жанды кейіпкерлер. Бұл образдардың бірі күшті, екіншісі солғын жасалған деп айту қиын. Жазушы олардың әрқайсысының да бейнесін, ой-тілегін, таптық тұлғасын тарихи дәл, психологиялық жағынан нанымды суреттеген.

Қайта, бұларға қарағанда Виноградов, Еремин, Емелев сияқты революционерлердің образдары әлдеқайда солғын, көмескі шыққан. Бұларда кесек іс-әрекет, терең характер жоқ. Олар көбінесе тарихи тұлғалардан гөрі революциялық тақырыпқа арналған басқа бір шығармалардан ауысып жүрген, бұрыннан таныс бағзы бір схемалық кейіпкерлерге ұқсайды.

Оқушыға «Ұядан ұшқанда» повесінен мәлім Сақаның да осы романда тындырып жүргені шамалы. Ол да жанды бейне дәрежесіне көтерілмеген.

Тоқаштың сүйгені Айгүлдің образы арқылы романға тамаша бір лирикалық тақырып кіруге тиіс еді. Бірақ оқушының бұл үміті ақталмайды. Жазушы қанша тырысып, бақханмен, кейіпкерінің бейнесі жан аялайтындай тартымды болып, толысып шықпаған. Қайта, оған қарағанда ұнамсыз кейіпкер ретінде алынған Бикеннің бойында жастық қуаты, тіршілік, өмір белгісі мол.

Сол сияқты, атаманның қызы Глафира мен Сәт болыс та — көркемдік шындықтан шалғай, әрі-сәрі бейнелер. Бұл образдарды мүсіндеудегі жазушының авторлық позициясы соншалықты айқын да бекем емес. Романда бұлардан басқа да әрқилы, әралуан тағдырлы сан-сан кейіпкерлер бар. Бірақ солардың бас-басына тоқталудың мүмкіндігі де, қажеті де жоқ. «Тоқаш Бокин» романының кейбір көркемдік ерекшеліктеріне, көңіл ұялатар құнарлы жақтарына, автордың тарихи шындық пен көркемдік шындықты, әлеуметтік сарын мен жеке адам тағдырын ұластыра суреттеудегі шеберлігіне жоғарыда аз-мұз тоқталдық. Соған қоса мына бір жәйттерді айтуға болар еді. Шашкин — оқиғаны қалың алып, қабындата өрбітуге, шығарма композициясын тұтас, қызықты етіп құруға шебер жазушы. Бірақ оның кейде уақиға өткірлігін, ситуация күрделілігін көрінеу қуалап, жасандылыққа, детективтік жайларға ұрынатын, межеден асып кететін мезеттері де бар. Мәселен, Тоқаштың Құлжадағы хикаяларынан осыны байқаймыз т.б. Осы романға Жүніс образының енгізілуі де көркемдік жағынан ақталмаған. Бұл шығарманың композициялық тұтастығына селкеулік келтірген әрі «Ұядан ұшқанда» повестіндегі сюжеттік желілерге мүлдем қайшы.

Романда тіл жөнінде де автордың өзіндік ізденулері, ерекшеліктері мол. Ол күрделі синтаксиске көп бармайды. Оның бейнелілік пен тұжырымдылыққа, шағын да ұшқыр фразаға ұмтылатындығы сезіледі. Жазушының оқиғаны, іс-әрекетті қарбыта қамтып, жедел өрбітіп әкететін стиліне бұл орайлы да сыймды. Бірақ автордың тілінде, сөз қолданыстарында салақтық, кедір-бұдырлық, тіпті олақтық аз кездеспейді. Романда, тікелей орысша ойланып құрылған, тек айтылуы қазақша сөйлемдер тіпті көп-ақ. Сондықтан да олар сөзбе-сөз беріле салған олақ аударма тәрізді сезіледі. Соңғы кезде бұл басқа да бірқатар авторлардан байқалып жүр.

Кейіпкердің ұлттық болмысын, ойлау және сөйлеу ерекшеліктерін бедерлі таныту үшін кейде осылай ету керек те. Бірақ бұл — әдебиетімізді көріктендірудің, тіліміздің байытудың, орыс әдебиетінен өнікті үйренудің соншалықты бір таптырмас тәсілі бола бермесе керек. Романды оқып шыққанда алған азды-көпті әсерлеріміз осындай. Түйіндеп айтқанда, «Тоқаш Бокин» — эпикалық тынысы кең, өресі биік, құнарлы шығарма. Бұл романы арқылы жазушы әдебиетімізге терең характерлі, кесек бітімді көптеген жанды бейнелер қосты.

1960 ж.

АБАЙДЫ ҚАЙТА-ҚАЙТА ОҚЫҒАНДА

Бұдан жарты ғасыр бұрын қазақ халқының рухани өмірінде ерекше бір оқиға болды: ұлы ақынымыз Абайдың тұңғыш жинағы С.-Петербургта басылып шықты. Әрине, дәл басылып шыққан кезінде бұл кітап соншалықты бағалана да, елене де қоймаған тәрізді. Мұның да сыры халқымыздың ғасырлар бойғы самарқаулығы мен көрбалалығында екендігі хақ. Ал дәл қазір, яғни ақынның ұлылығын, кемеңгерлігін барша адамзат танып білген шақта оның тұңғыш кітабының туған халқы мәдениетінің тарихындағы сарқылмас ғажайып бастау болғандығын соншалықты терең әрі айқын сезесің. Абай шығармаларының тұңғыш жинағы қалай басылып шыққандығы жайында ақынның өз тәрбиесінде болған немересі Әрхам Кәкітайұлы Ысқақовтың естелігінен мынадай бір үзінді келтіре кетудің орайы бар сияқты:

«1906 жылы жаз шығып, киіз үй тіккенде Кәкітай қос тұрғызып Мүрсейіт молланы шақырып алды да: «Сен мына біз жинаған Абай өлеңдерін реттеп жаз»,— деп оңаша қосқа отырғызды. Мүрсейіт асықпайтын, арабша сұлу жазатын адам еді. Бір ай шамасында көшірімді әзірлетіп алып Кәкітай Семейге жүріп кетті. Жол шығынына екі семіз ат, екі семіз түйесін әкеткен-ді. «Малды Семейде ақшалап алып, Омбы қаласына кеттім»,— деп хат жазды. «Одан кейін Омбыда бастыра алмадым, Қазан қаласына жүріп кеттім» деп тағы хат жазды. Бір жұмадан соң: «Қазан қаласындағы баспаханалардың басуға уақыты болмады. Сондықтан Петербург баспаханаларымен шарт жасастым. Тез 200 сом ақша салыңдар,—деген телеграмма келді. Кәкітай бір айда қайта оралды. Кітаптың корректорлық міндетін өз мойнына алыпты.

Баспахана әр баспа табақты Семейде Абай түсіп жүретін Әнияр үйіне жіберіп тұратын болыпты. Әнияр Кәкітайға жеткізіп тұрды. Кәкітай оның қатесін түзеп, қайта Петербургке жіберіп отырды. Осындай сергелдеңмен жүріп Абай өлеңдерінің бірінші жинағы 1909 жылы, яғни үш жылда зорға жарыққа шықты. Әріп терушілердің қазақтың сөзін ұқпауынан қатесі көп болды, толық түзеуге мүмкіндік болмады. Абайдың қысқаша өмірбаянын Кәкітайдың өзі жазды».

Ақын шығармаларының басылуы және зерттелуі осылайша басталды. Содан бері олар халқымыздың рухани серігі, сырласы болып келеді және ақынның мол мұрасы әрдайым зерттеушілер назарын аударып, келелі пікір тудырып отырды. Абай жайында қазір де коп жазылады. Өйткені оның шығармаларын тек өткеннің ғана мұрасы деп қарауға болмайды. Шығармашылығының бүкіл рухымен, терең гуманизмімен, адамды ең жарқын мұрат-мақсаттарға баулитын қуат-күшімен, кемел көркемдігімен ол бізге ең жақын, хатте замандас ақын. Пушкин туралы мақалаларының бірінде Белинский: «Пушкин ажал тап болысымен ұмыт болып қалмайтын, қайта қоғамның санасында өркендей беретін, мәңгі өшпей, өрістей түсетін тұлғалардың қатарына қосылады. Олар жайында әр дәуір өз пікірін айтатын болады»,— деп жазған еді. Данышпан сыншының ұлы Пушкин жайындағы осы сөздерін Абай шығармашылығына арнаудың да әбден лайығы бар. Өзінің көзі тірісінде-ақ Абайдың шығармалары ауыздан-ауызға көшіп, жан сергітер самалдай бүкіл сахараға кең, бірақ баяу ғана таралса, кеңестік дәуірде оның шығармашылық

мұрасы лайықты бағасына ие болды. Ақынның есімі бар ғаламға мәшһүр болды. Оның шығармашылық тағдырының болашағы да осындай. Келешекте де талай ұрпақтар мен буындар Абай мұрасының тереңіне үңілетіндігі және үңілген сайын сол тереңнің таусылмас қайнары мен ғажайып сырларын мол танып, аша түсетіндігі де күмәнсыз. Ақынның шығармалары туған халқының мәдениеті тарихындағы тұтас бір дәуірді құрады. Ол қазақтың жаңа әдебиетінің негізін салушы, бастаушы болды. Кемеңгер ақын өзінің тамаша шығармаларында сол кездегі заман шындығын, халық өмірін терең де мол бейнеледі. Ол өзінің шығармашылығымен дәуір тілегіне жауап берді, өз халқының көркемдік қажетін өтеді. Өзі айтқандай, Абай «өленді ермек үшін» жазған жоқ. Ол көркем әдебиеттің әлеуметтік маңызын терең түсінді және зұлымдық пен надандыққа қарсы кекті күресінде оны пәрменді құрал ретінде шебер пайдаланды. Абайдың ақындық өнерге, шығармашылыққа қоғамдық мәні зор құбылыс ретінде қарағандығына оның әлеуметтік терең мазмұнға толы, асқан көркем шығармалары айқын дәлел.

Қазақ халқының арман-тілегі мен ой-сезімі, жарыққа, еркіндікке қарай оның қажырлылықпен ұмтылуы Абай шығармашылығынан өз көрінісін мол тапты. Абайды оның өзі өмір сүрген кезеңдегі қоғамдық өмірден, қазақ халқының тарихындағы саяси-әлеуметтік жағдайлардан бөліп алып, жеке-дара қарауға болмайды. Абайдың шығармашылығы ақын өмір кешкен дәуірдің прогресшіл сипатымен тығыз байланысты және соның жемісі іспетті.

Абай шығармашылығының салмағы оның поэзиясында. Оның шығармаларының дені лирикалық өленлер болып келеді. Ол өзінің үздік таланты мен асқан шеберлігін сол лирикалық шығармаларында әсіресе жарқын танытты. Абай лирикасының аясы мол, тақырыптық қамтуы кең. Қай тақырыпта жазса да, Абай өзінің лирикалық шығармаларында қазақ даласында оған дейін естілмеген ойлы да сырлы сөзін айтты және оны мейлінше жаңа түрде айтты.

Ақын шығармаларының ғажайып ерекшелігі, құндылығы олардың халықтық сипаты мен реализмінен әсіресе айқын танылады. Ол өзінің көптеген шығармаларында еңбекші халықтың азапқа толы азалы өмірін мейлінше шынайы әрі жаны ашып тебірене, күйзеле отырып суреттеді. Абай өленлерінен халық өмірінің кең көріністерін ғана байқап қоймаймыз, сонымен қатар оның арманы мен үмітін

танимыз, қайрат пен жігерге, ашу-ызаға толы дауысын естиміз. Сөйтіп, патриот-ақын сол кездегі «сабырсыз, арсыз, еріншек, көрсе қызар жалмауыздардың» дүниесіне қарсы өзінің кекті дауысын көтерді, халық мүддесін қорғады. Өз халқын бар жүрегімен сүйген, оның алдыңғы қатарлы ел болуын қалтқысыз аңсаған Абай «қалың елі — қазағының» бейуақыттағы сорлы тағдырына күйінді, оның надандығы мен қараңғылығына жаны күйзеле налыды. Патриот-ақынның көп өлеңдері өз халқының тағдырын ойлап толғанудан туған азалы арман мен қасиетті шерге толы болып келеді. Бұл өлеңдерден біз ақынның таза көз жасын көреміз, оның мұң-наласын, шер-шеменін сеземіз. Философиялық терең мазмұнға әрі лирикалық сыр-сазға толы «Сегіз аяқ» атты белгілі өлеңінде Абай «тәні ауырмай, жаны ауырғанын», «көкірегі тарылып, жүрегі қысылғанын», жас төккенін айта келіп, өз жанының мынадай бір күрсіністі күйін шертіп кетеді:

Қайратым мәлім,
Келмейді әлім,
Мақсұт — алыс, өмір — шақ.
Өткен соң базар,
Қайтқан соң ажар,
Не болады құр қожақ?!
Кеш деп қайтар жол емес,
Жол азығым мол емес!

Бұл сөздерде үлкен мән бар. Расында да, Абай арман етіп күрескен мақсұт қаншалықты қасиетті болса, сол дәуір үшін ол соншалықты алыс та болатын. Өзі армандаған мақсұтқа жету үшін қайрат-күші де аз екенін, «өмірі де шақ» екенін Абай саналы түрде түсінген. Бірақ патриот-ақын сол игі мұраттың түбінде бір орындалатынына қалтқысыз сенді және сондықтан да сол мұрат жолындағы күреске оның бар қиындығына төзіп, қобалжымай, бекем кірісті. Өйткені арман мен үмітке толы, бірақ алыс та қиын бұл сапар — «кеш деп қайтар жол емес» екенін Абай жақсы таныды және сол жолдан өмірінің ақтық сағатына дейін танған да жоқ. Ақын өлеңдерінің жоғарыда аталған шерлі шыншылдығымен, сыршылдығымен қатар өзінің оптимистік қуатын жоғалтпайтындығы да осыдан.

Абайдың реалистік шеберлігі оның «Қансонарда бүркіт-ші шығады аңға» дейтін өлеңінде тұңғыш рет жан-жақты, мол көрініс тапты. Мұнда қазақтың саятшылық өнерінің

асқан шеберлікпен берілген ғажайып көркем әрі мейлінше дәл суреттері бар. Осы өлеңдегі жақсы ат мініп, тату жолдас ертіп, қансонарда аңға шыққан бүркітші, тау басындағы аңшы мен ойдағы қағушы, қайқаң қағып аспанға шыға келген қанды көз, құтылмасын біліп көре тұра қалған қырық пышақпен қыржыңдаған түлкі, екеуінің жарқ-жұрқ еткен айқасы, қыран құстың да, иесінің де алпыс екі айлалы түлкі алғанға қоразданұы, тымақты сілке киіп, жайланып насыбай атуы, жасы үлкендерге түлкіні байлау — бәрі де суреті, бояуы жағынан қандай әсерлі, ойнақы және психологиялық жағынан қаншалықты терең әрі шыншыл. Мұндағы тіршілік-болмыс белгілерінің барлығы да — тек қазақ өмірі шындығынан алынған және тек қазақтың нағыз ұлттық ақынының ғана түйсініп сезінетін, суреттеп елестете алатын жәйттері.

Бұл өлеңде Абайдың реализмі оның жаңашылдығымен де нық байланысты, өзара астасып жатыр. Яғни мұнда жер-мекен көріністері, табиғат суреттер, адамдардың іс-әрекет, мінез-құлқы ауыз әдебиеті дәстүріне орай дерексіз, бұлдыр күйде жырланбай, шынайы да нақтылы бейнеленген. Сонымен бірге бұл өлеңде ақын әлеуметтік өмірдің алыс-жұлқысынан, тайталас-тартысынан сырт берген, бойын аулақ салған сыңай да сездіреді:

Көкіректе жамандық еш ниет жоқ,
Аң болады кеңесің құс салғанда.
Ешкімге зияны жоқ, өзім көрген
Бір қызық ісім екен сұм жалғанда.

Бұл өлеңнен Абайдың алғашқы кездегі шығармаларының реализміне тұтастай дерлік хас сипат-салғырттық, сырттан қарап бақылаушылық та біртоға жақсы аңғарылатындай. Ал шығармашылығына өз дәуірінің қым-қуыт, қос қыртыс шындығының әралуан қырлары; әлеуметтік сарындар неғұрлым мол араласқан сайын ақынның реализмі де соғұрлым айқындала, бекемдене әрі тереңдей түскенін аңдаймыз.

Мәселен, осыдан біраз жыл өткеннен кейін шығарған «Жаз» атты өлеңінде де ақын адам мен табиғат туралы тақырыпты өзара ұластыра, тұтас күйде алып жырлайды. Бірақ мұнда өмір шындығы, оның қайшылықты көріністері молырақ қамтылған. Көшіп қонған ауылдың бейнесін алғашқыда, сырттай суреттейтін ақын кейін оның ішкі көріністеріне де үңіле көз салады, жалпылама болса да

әралуан адамдар тұлғасын елестетеді. Олар ақ білегін сыбанып, бұрала басып үй тіккен қыз-келіншек, малын аралап көңілі жайланып қайтқан бай, жалшы, алдаған жас бала, «көленқе жерге кілем төсетіп», «сары қымызды сапырып» екілене әңгіме соғып есіп отырған дәулеттілер. Бұлар — «әйтеуір күн өткізер әңгіме үшін» адамдар. Олардың қоғамға, ел өміріне ешбір пайдасы жоқ, «құр масыл». Міне, малшыларға айғай салып ауылдан ақ көйлекті ақсақал шықты. Ол өзінің қарқылдап күлгеніне ғана мәз. Оның келешегі кесіліп, үміті үзілген. Қанша бақырып, байбалам салып мықтымсынғанмен, ол енді дәрменсіз. Бұл тоғышар келешегін бағдарламақ түгіл, өткен өміріне де көз жібере алмайды. Сондықтан да ақын оны:

Өткен күннің бәрі ұмыт.
Қолдан келер дәрмен жоқ,—

деп суреттейді.

Бұл өленде дала пейзажы, көшпелі өмір көріністері реалистік сипатта бейнеленген. Іс-әрекетке, динамикаға толылығына орай өленнің ырғақ, ұйқастары да сәт-сәт сайын жанданып, құбыла құлпырып отырады. Бірақ көшпелі тұрмыстың мардымсыздығын, ескі ауылдағы әлеуметтік қайшылықтардың сырын терең де аяусыз ашуға ақынның әлі де болса беріле ден қоймағаны байқалмай қалмайды.

Осы өленмен тақырыптас «Жазғытұрымды» да қайта бір оқып шығалық. Мұнда да ақынның асқан шеберлігіне сүйсінбей, таңырқамай қалмайсың. Өленнің алғашқы шумағын оқыған кезде-ақ қарсы алдыңнан көктемнің жылы лебі ескендей сезіледі. Көктем жұрттың бәріне де жайлы: қәрі, жас өз тұрғыларымен жайраң қағып, мәз-мәйрам. Жалғыз қарасы қыстан аман шығып, төлдеп өсіп екеу болғанына шаруа да қуанып жүр. Көктем мелшиген қара тас пен сол тастай суық, сезімсіз, топас, сараң байдан басқалардың бәрін де жадыратып жіберген. Сонымен бірге осы өлең ақынның пантеистік ұғымын, яғни жаратушы құдірет жаратылыстың бар құбылысынан көрініс береді деген түсінігін де қоса аңғартады. Өлендегі мифтік образдар да осыған байланысты туған. Бұл белгілі дәрежеде өленді сол кездегі қазақ шындығынан алыстатып әкетеді, оның реалистік, әшкерелеушілік қуатын біраз көлегейлейді. Ал «Күз», «Қараша, желтоқсанмен — сол бір-екі ай» сияқты өлендерінде Абай өзін нағыз кемел реалист, шын мәнісіндегі әлеуметтік әділетті жақтаған жыршы ре-

тінде танытады. Бұл өлеңдерде табиғат көріністері жалаң суреттелмей, сол кездегі сахара тіршілігімен тығыз тұтастықта, байланыста алынады. Олардағы көңіл аударатын бір ерекшелік сол — мұнда ақынның таптық көзқарасы, қазақ аулындағы таптық жіктелушілікті оның айқын көре білгені байқалады. Жыл мезгілдерінің жадау да жабырқау, қайыршыдай жұтаң бір кезін суреттеуден басталатын «Күз» деген өлеңде ақын бірте-бірте ескі ауыл тіршілігінің, кедейлердің сол күз күніндей күйзелген, тоналған тұрмысын бейнелеуге ауысады.

Кемпір-шал құржаң қағып, бала бүрсең,
Көңілсіз қара суық қырда жүрсең.
Кемік сүйек, сорпа-су тимеген соң,
Үйде ит жоқ, тышқан аулап қайда көрсең,—

деп суреттеді Абай жарлы ауылдың жетімек халін. Әдетте осы шумақтың соңғы екі жолына көп назар аударыла бермейді. Ал шынтуайттап келгенде, осы екі жолда қаншалықты терең мағына, ащы шындық жатыр. Тіпті итіне дейін қаңғырып, дала кезіп кеткен ауылдың көрер күні не болмақ. Бұл ретте де Абай нысаналы ойын өзіне тән асқан байқағыштықпен, тапқыр тұжырымдылықпен нағыз реалист суреткерше айта білген. Оның үстіне ақын жарлы ауылдарды дәл осындай мүскін халге душар етуші — тағдыр емес, байлар деп біледі. Оның шығармашылығының халықтық сипатының терең бір тамыры да осында.

Ал енді басқа бір сала өлеңдерінде («Көлеңке басын ұзартып», «Көкала бұлт сөгіліп», «Желсіз түнде жарық ай») ақын табиғат суреттерін адамның әралуан көңіл-күйлері, сыр-сезімдері тақырыбымен ұластыра жырлайды. Бұл туған жердің табиғатын оның ақындық жүрекпен тебірене сүйе білуіне де байланысты. Ол табиғаттың әсем құбылыстарын, адамның жүрегін тербеп, жан күйіне әсер ететін сұлу көріністерін байқағыш. Мәселен, «Желсіз түнде жарық ай» атты өлеңді қайта бір оқып шығалық. Дұрысырақ айтқанда, біз өлең оқып қана шықпаймыз. Керісінше, ғажайып сырлы үн мен солмас, сембес бояудан жасалған күйлі де келісті тұтас бір дүниені көріп өткендей боламыз: ауылдың жанындағы гүрілдеп аққан өзен, сәулесі суда дірілдеген жарық ай, манаураған желсіз түн, жапырақтары сыбдырлап, сыр шерткен тәрізді қалың ағаштар, тау жаңғыртқан ән. Міне, осындай тамаша түнде, әсем табиғаттың аясында кездесіп, «бөгеліп сөз айта

алмай», тіл қатпай, үнсіз ұғынысып тұрған екі жас, олардың дүрсіл қаққан жүректерінің лүпілі — осының бәрін өз көзіңмен көргендей, өз құлағыңмен тыңдағандай боласың. Сөйтіп, Абай адам мен табиғат деген мәңгілік тақырыпты осылайша, яғни асқан зор ақындық мәдениет тұрғысынан қарап шешеді.

Осы орайда Белинскийдің «Әдеби армандаулар» атты мақаласындағы: «Ақын неғұрлым данышпан болған сайын табиғатқа тереңірек араласып, оны құшағына тұтас қамтып алады. Сөйтіп, бізге табиғатты өмірмен барынша байланыстыра алып көрсетеді», деген ойлары еске түседі. Өйткені Абай да өз өлеңдерінде табиғатты адам қоғамынан аулақ алып жырламайды, қайта сол кездегі қазақ халқының әлеуметтік жағдайлары, қоғамдық тіршілігі, күнкөріс әрекеттерімен байланыстыра суреттейді. Оның лирикасын аса көркем, мейлінше терең еткен сипаттардың бірі осы болатын. Абай поэзиясының ең бір өрісті, өзекті саласы — оның сатиралық шығармалары. Сатиралық сарындар Абайдың тұтас, аяқталған сатиралық шығармаларында ғана емес, әлеуметтік тақырыпқа арналған басқа шығармаларында да, тіпті ғибраттық өлеңдерінде де жиі ұшырасып, ақынның шығармашылығына ерекше бір сипат, реңк беріп отырады.

Абайдың сатиралық таланты оның алғашқы кездегі шығармаларынан, импровизациялық өлеңдерінен де айқын танылады. Егер «Кім екен деп келіп ем түйе қуған», «Шәріпке» сияқты өлеңдерде ирония, зілсіз кекесін ғана болса, ол «Абралыға» атты өленде ақынның ызаөшпенділігімен астасып жатқан уытты, өткір мысқыл бар. Мұнда ақын «Құржаң-құржаң етіп» намаз оқи беретін, бірақ сол не оқығанын да дұрыстап білмейтін діндар адамның «пақырлығын», онда «құлақ бар, ми жоқтығын» аяусыз әжуа етеді.

Абайдың алғашқы кездегі арнау өлеңдері сырттай алғанда ауыз әдебиетінде, сондай-ақ Абаймен тұстас талай ақындардың шығармашылығында кездесетін мысқыл өлеңдермен ұқсас, үндес сияқты көрінгенмен, тереңдеп, барлай қарағанда олардың арасында іштей үлкен айырмашылық, ерекшелік барлығын аңдау қиын емес. Абай арзан әжуа айтудан, әйтеуір күлкі етуден аулақ. Ол өзі мысқылдап отырған құбылыстың ішкі мәніне тереңдеп үңіледі және сол кеселдің туындап жатқан төркінін тап басып, дәл табады, өзінің ызалы тілінің зілі мен кәрін соған қадайды. Сондай-ақ Абайдың алғашқы кезеңдегі сатиралық

арнау өлеңдерінде нағыз эпиграммаға тән жинақылық пен алмастай тілгір өткірлік те бар. Абайдың шығармашылығы неғұрлым кемелденіп, биіктеген сайын ондағы сатиралық бағыт та соғұрлым тереңдей түседі. Егер алғашқы сатиралық өлеңдерінде Абай жекелеген адамдардың басындағы, мінез-құлқындағы ұнамсыз жәйттерді мінеп, шенесе, енді ол сөз семсерінің өткір жүзін әділетсіз қоғамға және сол қоғам туғызған әлеуметтік мәселелерге тереңірек дарытады. Абай сатирасындағы бұл ерекше сипат оның сатирашылық талантының толысуынан ғана емес, ақын шығармашылығындағы ұлы да үлкен бетбұрыстан орыстың классикалық әдебиетінен нәр алудан, үйренуден келіп туған еді.

Абай орыстың классикалық әдебиетінің халықтық, реалистік принциптерін ғана емес, сатиралық өткірлігін де қабылдады. Пушкин мен Лермонтовтың, Некрасовтың әсерімен нағыз халықтық, азаматтық поэзияның классикалық тамаша үлгілерін жасаған Абай әлеуметтік мәні зор, шынайы сатиралық шығармалар жазуда да орыстың көрнекті сатирашы жазушыларынан, әсіресе ұлы Салтыков-Щедриннен мол үйренді, көп үлгі алды. Өзі көп үміт артқан жастарға Абайдың данышпан сатирик Салтыков-Щедринді өнеге тұтуы тегін емес-ті. Бұл орыстың ұлы сатирашысы шығармашылығының зор маңызын терең түсінген, тұшынған әрі одан мол сусындаған адамның ғана айта алатын сөзі еді. Орыстың сатирик жазушыларының шығармашылық тәжірибесін қорыту, одан үйрену арқылы Абай, ең алдымен, көркем сатираның әлеуметтік зор рөл атқаратынын, оның күрес құралы екенін терең түсінді және сол құралды кімге қарсы, қалай жұмсаудың жолдары мен тәсілдерін тапты.

Орыстың классик-сатириктері өздерінің шығармаларында қанауға, әділетсіздікке негізделген қоғамның тағылық сипатын, жексұрындығын жеріне жеткізе әшкереледі. Олар өз сатирашының алмастай өткір жүзін қанаушы таптың негізін қаусатуға, халықты езушілерді жер бетінен аластауға, қоғамдық құрылыстың тірегін шайқалтуға бағыттады. Сол сияқты Абай да өзінің сатиралық өлеңдерінде үстем тап өкілдерінің халыққа жасаған зорлық-зомбылығын, бұлардың жиіркеніште қылықтары мен жексұрын мінездерін өлтіре сынады. Бұдан Абай Салтыков-Щедрин сатирасының идеялық және көркемдік биігіне көтерілді деген пікір, әрине, тумайды. Абай шығармашылығынан Салтыков-Щедрин сатирасының

революцияшыл рухының лебін іздеу мейлінше ағат болар еді. Өзі ортасынан шыққан үстем таптың қатал өктемдігіне қарсы тұрып, халықтың мүддесін қорғауы, соған қызмет етуінің өзі Абай шығармашылығының халықтық, прогрестік зор сипатын айқын танытады. Ұлы ақынның мұрасын ескірмейтін, өшпейтін еткен де — осы қасиет, осы сипат болатын. Өз халқын үлкен болашаққа — орыс халқымен достыққа, оның мәдениетінен үлгі алуға, өнерлі, білімді ел болуға шақырған Абай — осы игі мақсатына жету жолында кедергі болған құбылыстардың, кеселдердің барлығына қарсы «мыңмен жалғыз алысты», «улы сыя, ащы тілін» соларға қарсы жұмсады. Абай ақын жайындағы бір өлеңінде:

Қыранша қарап Қырымға
Мұң мен зарды қолға алар.
Кектеніп надан, зұлымға
Шиыршық атар, толғанар,—

деп жазды. Бұл өлең Абайдың ақынға қоятын талабында және оның өз шығармашылық сипатын да анық байқататындай. Расында да, қыран көрегендікпен алысты болжай білген Абай халық мұңын жырлады. Оның шығармашылығында ұшырасатын зар сарыны — халықтың қасіреті мен зары, соның көкейкесті арманы болатын. Бірақ бұл зар мен арман ақынды мүлдем түңілтіп, жолынан адастыра алған жоқ, надандық пен зұлымдыққа кектенген ол шиыршық ата толғанды, өзінің «ызалы жүрегі» мен «долы қолына» ерік берді. Міне, өктемдік, зорлық дүниесіне, надандық атаулыға өлтіре соққы берген, халық тілегін білдірген кекті жыр осылайша келіп туды.

Абай өзінің сатиралық өлеңдерінде сол кездегі қазақ қоғамында орын алған кеселді құбылыстардың барлығын да аяусыз түйреді, жеріне жеткізе әшкереледі. Абай көптеген сатиралық шығармаларында ақынның мысқыл ететін кейіпкері жинақты образ ретінде алынып отырады. «Сабырсыз, арсыз, еріншек», «Болыс болдым мінекей», «Адасқанның алды жөн, арты соқпақ» тағы басқа өлеңдер бұған айқын мысал бола алады. «Бір сен емес, жазғаным — жалпақ жұрт қой», — деп өзі айтқандай, Абай бұл шығармаларында кейіпкерлерінің тысы мен ішін ақтара көрсету арқылы бүкіл заман шындығын шебер суреттеді, бірдің емес, көптің жинақты бейнесін жасады. Бұл ретте Абайдың сатиралық шығармаларының кейіпкерлері типтік дәрежеге көтерілген деп айтуға әбден болады.

«Сабырсыз, арсыз, еріншек» атты өлеңнің басқы жолдарының өзі-ақ өлеңде суреттелетін кейіпкерлердің кескін-келбетін ғана емес, оның ішкі дүниесінің сыйқын да танытады. Ақын кейіпкердің мінез-құлқындағы, іс-әрекетіндегі жағымсыз, ұнамсыз белгілерді терең ашады да, оған «пысық» деген ат береді:

«Пысық» кім деп сұрасаң:
Қалаға шапса, дем алмай,
Өтірік арыз көп берсе,
Көргендерден ұялмай.

Сыбырдан басқа сыры жоқ,
Шаруаға қыры жоқ,
Өтірік, өсек, мақтанға
Ағып тұрса бейне су.
Ат-шапаннан кем көрмес
Біреу атын қойса «қу».

«Пысықтың» әрекетінің, тіршілігінің сыйқы осы. Абай «пысықты» осылайша қазбалап, терең суреттей отырып, оның мінез-құлқындағы екінші бір белгіні — тоғышарлықты, надандықты да аша кетеді. Еңбек етуді ұнатпайтын, өтірік пен өсекке судай аққан бұл «пысықтың» бұдан басқа әрекет жасауға мұршасы да, құлқы да жоқ. «Қызмет қылып, мал таппай, ғылым оқып, ой таппай, құр үйінде жататын» бұл тоғышарлардың жаңалыққа, мәдениетке жандары қас. Қоғамдағы ең зарарлы, қауіпті кеселдер де — солар. Сондықтан да Абай оларды өткір тілімен аяусыз шенеп қана қоймайды, жастарды, халықты солардан аулақ болып, сақтанып жүруге шақырады:

Бұл сөзімде жалған жоқ,
Айтылмай сөзім қалған жоқ,
Абайлаңыз, байқаңыз
Елдің жайы солай-ды.

Бұл өлең Абай шығармашылығының сатиралық сипатын ғана емес, сонымен бірге оның халықтық бағытын да әйгілей түседі.

Абайдың «Болыс болдым мінекей», «Мәз болады болысың», «Дүтбайға» сияқты өлеңдері де — оның сатирасының биік шоқтығы, үздік үлгілері болып саналады. Бұл өлеңдерінде Абай болыстың нағыз типтік дәрежеге көтерілген сатиралық образын жасайды. Бұл өлеңдердің

тақырыбы, мысқыл ететін объектісі бір болғанмен, оларда сатиралық образдың жасалу жолдары, тәсілдері әртүрлі. Алғашқы өлең болыстың өз атынан баяндалады. Осылайша Абай оның барлық сырын, ішкі дүниесін ақтарып салады. Бұл өленді оқығанда күштілердің алдында шындап бас изейтін, әлсіздің сөзін салғыртсып, шала ұғатын екіжүзді болыс өзінің дарақы мінезімен, бар жексұрын бейнесімен көз алдымызға келеді. Ал соңғы екі өлең мейлінше өткір сарказмға құрылған және мұнда сатиралық образ автордың өз тарапынан тікелей сипаттауы арқылы суреттеледі. Бұл өленderінде де Абай болыстың қулық-сұмдығын, сұрқиялық мінезін, топастығын теренdеп ашып, қатал сынайды. Абайдың шығармаларынан біз болыс, атқамінер, қу-сұмдардың ғана емес, дін иелерінің, молдалардың да сатиралық бейнесін кездестіреміз. «Көзінен басқа ойы жоқ» атты белгілі өленінде Абай молданы былайша суреттейді:

Кітапты молда теріс оқыр
Дағарадай болып сәлдесі;
Малқұмар көңілі бек соқыр
Бүркіттен кем бе жем жесі?!

Бұл өленде ақын басына дағарадай сәлде ораған молданың монталылығын, арамзалығын, қараулығын шебер әшкерелейді, оның жауыздығын тағының жыртқыштығына балайды.

Абайдың сатиралық шығармаларындағы ұнамсыз кейіпкерлер өздерінің іс-әрекетімен, мінез-құлқымен бірін-бірі қайталамайды, қайта толықтырып отырады. Олардың барлығы жиналып келіп жауыздық дүниесін бейнелейді, жексұрын типтердің тұтас бір галереясын құрайды. Нағыз сатирада суреттеп отырған құбылысты жоққа шығарумен бірге онда ұнамды идеалға деген сенім де болады. Орыстың классик сатириктерінің шығармалары міне дәл осындай еді. Олар өздерінің шығармашылығында билеуші тап өкілдерін аяусыз шенеу арқылы, ескі дүниеге әділ де өткір үкім айту арқылы халықтың қалың бұқарасының ой-тілегін білдірді, халықтың идеалын жақтап қалды. Осы ерекшелікті Абайдың сатирасынан да кездестіреміз. Ол өзінің өткір сатиралық шығармаларында жауыздық, үстемдік дүниесін қатал сынады, халықтың арман-мұддесін қорғады. Абайдың сатиралық шығармаларында ұнамсыз күштермен күресетін негізгі тұлға — ақынның лирикалық қаһарманы.

Сонымен бірге Абайдың шығармашылығынан ұнамды кейіпкерлердің бейнесін де кездестіреміз. Ол — «Жаңа жылдың басшысы» Әбдірахман. Ақын «Талаптың тұлпарын мініп» ғылымға ұмтылған Әбдірахман мен интернатта оқып жүрген жастарды өзі өлтіре сынайтын ұнамсыз типтерге қарама-қарсы қояды.

Әділетсіз дүниеге, өктемдікке, надандыққа қарсы өзінің кекті күресінде Абай сатираны өткір де пәрменді құрал етіп пайдаланды, сөйтіп қазақ әдебиетіндегі тың бағыттың — сатиралық жанрдың негізін салды. Абайдың сатиралық дәстүрлері қазақ әдебиетінің одан кейінгі дамуына ерекше жемісті әсер етті. Сұлтанмахмұт Торайғыров пен Сәбит Дөнентаевтың шығармашылығынан Абай сатирасының әсерін, ізін табу қиын емес. Абай реализмінің күші, түптеп келгенде, оның асқан шеберлігіне де байланысты. Қазақ поэзиясына тұр, ұйқас, өлшем жағынан енгізген ұлан-асыр жаңалықтарын айтпағанның өзінде Абай қазақтың қарапайым халықтық тілі арқылы адамның көңіл-күйі мен сыр-сезімдерінің алуан түрлі реңктері мен қайталанбас сәттерін бар бояуымен жеткізіп бейнелеуге болатындығын көрсетті. Тұтастай алғанда оның поэзиясы — нағыз «сөз патшасы», «тас бұлақтың суындай сылдыраған өңкей келісім», өзгеше көркем, мол сырлы дүние.

Ақын өзінің үздік шеберлігін тағы да лирикасында әсіресе жарқын, оқшау танытты. Рас, ғибраттық сарында жазған өлеңдерінде Абай поэтикалық бейнелеулерді көп түрлендіріп қолдана бермейді. Мұндай шығармаларында ол өнегелі ойлары мен тағлымдарын арнау ретінде өз атынан тікелей айтады. Бұл ретте ол өз оқушыларының ой — өрісі, интеллектуалдық дәрежесімен санасқанын ең алдымен айту керек. Ал замана, өмір жайындағы толғауларында, ақындық туралы және адамның көңіл-күйлеріне, рухани бітіміне байланысты өлеңдерінде Абай поэтикалық бейнелеудің, көркем суреттеудің небір ғажайып үлгілері мен өрнек-нақыштарын барынша мол әрі құлпырта да жайната қолданады. Мәселен, «Көлеңке басын ұзартып» деген өлеңінде Абай адамның көңіл-күйін, жан толқындарын ерекше бір көркемдік тәсілмен суреттейді:

Күңгірт көңілім сырласар
Сұрғылт тартқан бейуаққа.
Төмен қарап мұңдасар
Ой жіберіп аулаққа.

Мұнда ақын өзінің тебіренген жан күйін бірден айтпайды, табиғат суретін беру арқылы соған ая жасайды. Сондықтан да көкжиектен асып күн батқан сұрғылт бейуаққа ақынның күңгірт көңілі үндесе, сырласа кетеді. Өйткені мұнда табиғат стихиясы мен ақындық шабыт стихиясы ұласа, астаса берілген. Абайдың адам жанына үңілгіш, оның қат-қат көңіл толқындарын шебер суреттегіш үлкен психолог-ақын екендігін қалтқысыз аңдататын мысалды оның кез келген өлеңінен дерлік табуға болады. Ақынның ғажайып көркем мұрасына қайта-қайта үңілген сайын бір тоқтамға көңілің бекем ұялай түседі: ол туған халқының жүрегі мен жанында ғасырлар бойы сақталып, бірақ жыр болып төгіле алмай қыстығып келген аяулы да абзал сезімдерге тіл бітірді, «оларды тар кеуденің қапырық қысымынан көркемдік өмірдің самал лебіне алып шықты» (Белинский).

Абайдың ақындық өнердің шырқау биігіне көтеріле алуына жағдай жасаған негізгі факторлардың бірі оның орыстың классикалық әдебиетімен терең де тығыз байланыстылығында, одан шығармашылық түрде жемісті үйрене алғандығын да екені де баршаға аян. Бұл жайында мол да, жақсы да жазылды. Сондықтан оларға тоқталып, қайталап жатудың қажеті де жоқ. Біздіңше, Абай шығармашылығына орыс әдебиетінің әсерін сөз еткенде мынадай шешуші, негізгі екі жәйтті естен шығармау керек. Ең алдымен, орыс әдебиетінен үйрену, үлгі алу Абайдың төл шығармашылық ерекшелігін, оның өзіндік тұлғасын, соны бітімін бекерге сайып, әлсіреткен жоқ. Қайта, орыстың классикалық әдебиетінің дәстүрлерін қабылдау Абай шығармашылығын идеялық және көркемдік жағынан кеңейтіп молықтырды, оның шығармаларының ұлттық сипатын тереңдете түсті. Сондай-ақ, орыс әдебиетінің Абайға тигізген әсерін оның кейбір жекелеген өлеңдерінің орыстың классик ақындарының шығармаларымен сырттай ұқсастығынан ғана іздеуге болмайды. Абайдың орыс әдебиетімен жақындығы, үндестігі, оның шығармашылығының бүкіл рухынан, көркемдік-эстетикалық көзқарастарынан терең де айқын сезіледі. Абай орыстың жекелеген ақындарының ғана шығармашылығынан үйреніп қойған жоқ, ол орыстың бүкіл классикалық әдебиетінен тұтастай үйренді. Орыс мәдениеті мен әдебиеті жайында және орыстың классик ақын, жазушылары жайында Абайдың тікелей айтқан пікірлері тым аз. Бірақ Абайдың орыс әдебиетіне қандай

қатынаста болғаны оның бүкіл шығармашылығының сырсипаты мен бағыт-бағдарынан және орыстың классик ақындарының көптеген шығармаларынан жасаған тамаша аудармаларынан анық байқалады. Ол орыстың классикалық әдебиетінің шығармаларына нағыз халықтық, азаматтық поэзия жасаудың асқан үздік үлгілері ретінде қарады.

Абай орыстың классикалық поэзиясын аса жоғары бағалап қана қойған жоқ, сонымен қатар оның өзіндік белгі-бедерлерін, ерекшеліктерін жете білген де, өйткені егер Абай орыс поэзиясын соншалықты жетік танымаса және оны соншалықты сүймесе, онда ол орыс ақындарының шығармаларын дәл біз білетін осындай дәрежеде аудара алмаған да болар еді. Орыс ақындарының шығармаларын аудару арқылы Абай классикалық орыс поэзиясының тереңіне үңілді және өзін ойға қалдырған, толғандырған жайларға содан жауап тапты. Орыс поэзиясының үлгілерін аудару ісіне Абай шығармашылық жолының әр кезеңіндеақ ден қойып отырды және оның әр кезде жасаған аудармалары әртүрлі. Ол орыс ақындарының қайсыбір шығармаларын тұтас аударса, кейбірлерін қысқартып, ықшамдап, болмаса өзінің жанынан қоса отырып аударады. Әрине, мұның алуан түрлі себептері болуға керек. Бірақ қайткен күнде де бұл ретте Абайдың сол кездегі қазақ қауымының мүмкіндігімен, тілегімен санасқанын, сондайақ кейде Абай кезегі келгенде өз жүрегінің сырын шертіп кететінін ескермей қоюға болмайды. Орыс ақындарының тәжірибесін шығармашылық жолмен игеруде де, орыс поэзиясының шығармаларын шебер аудару ісінде де Абай қазіргі ақындарымыз үшін үздік үлгі. Нағыз ұлы ақын, оза шыққан классик болғандықтан, Абай өмір кешкен дәуірінің бейнесін беріп қана қойған жоқ, сонымен бірге өзінің де қайталанбас, енді қайтып тумас автопортретін жасады. Оның шығармашылығының бүкіл ұзына бойынан «қалың елі — қазағының», адам баласының ұлы болған, еңбегі еш кетпесін сезіп, халқына ұстаздық қылудан жалықпаған ойшыл да сыршыл ақын-адамның нұрлы тұлғасы танылып отырады. Абайдың уақыт туралы және өзі туралы, ақынның қоғамдағы орны туралы өлеңдерінен бұл қасиет әсіресе мол сезіледі. Осы тұста ол қай халықтың қандай ұлы ақынымен де үзеңгі жарыстырып, деңгейлесе алады. Оның сондай өлеңдерінің ішіндегі ең кереметтері — «Өлсе өлер табиғат, адам өлмес» пен «Өлсем, орным — қара жер сыз болмай ма?»

Алғашқы өлеңде ақын табиғатты «менікі», яғни тән мағынасында, ал адамды «мен», яғни ақыл-ой, рух бейнесінде жырлайды. Өлеңнің екінші шумағында ақын философиялық тұрғыда алып, осылайша тұспалдап отырған ойын, басқаша атағанда «менін» ашық айтады:

Көп адам дүниеге бой алдырған,
Бой алдырып, аяғын көп шалдырған.
Өлді деуге сыя ма — ойландаршы —
Өлмейтұғын артына сөз қалдырған?

Егер бұл өлеңінде ақын өлместік тақырыбын шартты түрде алынған жинақты тұлғаны бейнелеу ретінде жырласа, ал екінші өлеңінде тікелей өз басына, өз шығармашылығының болашақ тағдырына байланыстыра отырып шешеді. Сондықтан да 1898 жылы жазылғандығына қарамастан, бұл өлеңді ақынның өз шығармашылық жолын қорытындылаған туындысы, жүрекжарды сыры деп атауға әбден боларлықтай.

Жүрегіңнің түбіне терең бойла,
Мен — бір жұмбақ адаммын, оны да ойла.
Соқтықпалы, соқпақсыз жерде өстім,
Мыңмен жалғыз алыстым — кінә қойма! —

деп тебіренді Абай. Бұл оның болашақ ұрпаққа арнап тіл қатуы, сондай-ақ өз жанының да бар түкпірі, сыры мен шыны еді. Мұнда данышпан ақын келер ұрпақтың, туар дәуреннің бейнесін ғажайып шебер һәм көреген суреткерге тән елес-емеурінмен сездіреді. Бұралаңы көп бұлдыр өміріне ой көзімен үңілген ақын «соқтықпалы, соқпақсыз жерде өскенін, мыңмен жалғыз алысқанын», ерте оянса да, етекбастыны көп көріп, дегеніне жете алмағанын келешек оқушысына әдейі, саналы түрде сыр етіп шертетіндей. Өйткені ақынның аңғартуынша, ол — жүрек түбіне, жан түкпіріне терең бойлай алатын, парасатты, ойлы және әділетті адам және оның өмір кешер уақыты да соқтықпалы, сандалмасы жоқ еркін де кең дәурен, өзгеше бір заман болмаққа керек. Өз кезі үшін жұмбақ болған Абай сол болашақ заманның, келер буынның өзін терең танып, дән разы пейілмен қабыл алатындығына кәміл сенген тәрізді. Өлім жайын күңірене толғаумен басталған өлеңінің соңында ақынның өлместік, өшпестік сарынына ауысуының да сыры осында. Ұлы ақынның болашаққа деген осындай нұрлы сенімі, жарқын үміті біздің дәуірімізде жүзеге асты.

Ақынның тұңғыш жинағында оның шығармалары

«Халық туралы», «Өлең туралы», «Ғашықтық туралы» және басқа да бірнеше (небәрі — 17) бөлімге жіктеліп жарияланған еді. Әрине, байсалды ғылыми принципке негізделмегенмен, бұл ақын шығармашылығын тақырыптық қамтуы жағынан талдап-жіктеудегі тұңғыш талпыныс болғандығы да хақ. Абай шығармалары бұдан кейін Қазанда (1921), Ташкентте (1922) және Алматыда талай рет басылып шықты. Соңғы жылдары ақын шығармаларының академиялық басылымдары бірнеше рет жүзеге асырылды. Сөйтіп, кеңес дәуірінде ақын шығармашылығы өзінің лайықты мұрагерін тапты. Ол жайында көптеген ғылыми зерттеулер жасалды және даңқы бүкіл әлемге таралған ұлан-ғайыр эпопея жазылды. Өз дәуірінің, өз халқының нағыз ұлы, шын мәнісіндегі ұлттық ақыны болған кемеңгер Абай сонымен бірге бүкіл адам баласына тұтастай хас мәңгілік тақырыптарды мәңгі өшпестік дәрежеге көтеріп жырлай алды. Сондықтан да оның ғажайып мұрасы болашақ сан ықылым буындармен де бірге мәңгі-бақи жасай бермек.

1959—1960жж.

ЖАЗУШЫ ЖӘНЕ КЕЙІПКЕР

Шығармашылығында өзі өмір кешкен дәуірдің шындығын бейнелеу, оның алдыңғы қатарлы идеяларын көркем образдар арқылы білдіру — суреткер үшін аса қажетті әрі бағалы қасиет. Осы ерекшелікті басқа көрнекті жазушыларымызбен бірге Ғабиден Мұстафиннің шығармашылығынан да айқын көреміз. Оның таңдаулы шығармаларының барлығы да кеңес шындығын суреттеуге, заманымыздың әр кезеңдегі маңызды оқиғаларын бейнелеуге арналған. Жазушының жұртшылық жылы қабылдаған және халыққа кеңінен танылған «Шығанақ», «Миллионер», «Қарағанды» романдары бұған айқын айғақ болып табылады.

Әдебиетімізге жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде келгенмен, Ғ.Мұстафиннің жазушылық қызметінің кеңінен өрістеп, шығармашылық мол өнімдер берген кезеңі — соңғы жиырма жылдың шамасы. Оның жоғарыда аталған шығармалары — дәл осы кезеңнің жемістері. Жазушы өзінің бұл романдарында жаңа дүниені жасаушылардың қажырлы еңбегін бейнеледі, замандастарымыздың кесек те айқын образдарын жасауға ұмтылды. Аталған шығармалар

жазушының өз шығармашылығының елеулі табыстары болумен қатар жалпы әдебиетіміз үшін де ерекше қызмет атқарды, яғни әдебиетіміздің бетін бүтінгі күнге қарай батыл бұрып, онда кеңес адамдарының жасампаздық еңбегі мен жаңа тұрпатын бейнелеу тақырыбын көтеру ісінде Ғ.Мұстафин өзінің шығармалары арқылы елеулі еңбек сіңірді. Жазушы Ғабит Мүсірепов қазақ кеңес жазушыларының үшінші съезінде жасаған қосымша баяндамасында Ғ.Мұстафин шығармашылығының осындай ерекше сипаттары мен маңыздылығын атап көрсете келіп былай деді: «Екі съездің арасындағы он бес жылдың ішінде үш роман берген Ғабиден Мұстафин осы дәуірдің ішінде қазақ кеңес прозасынан өзінің тиісті орнын алумен бірге әдебиетіміздің бетін бүтінгі өмірімізге бұруымызға да үлкен жетекші болды. Бұл оның шығармашылық биографиясындағы елеулі ерекшелігі. Басқа жаққа ауытқымай, бүтінгі кеңес шындығын жырлау екінің бірінде кездесе де бермейді. Оның үстіне жазушының іздену талаптары тұтас бір бағытта болғандықтан табысы да олқы емес. Ғабиден типтерді де, типтік жағдайларды да өзіміздің кеңес шындығынан алып өсіп келді»*. Жазушының бұл өсу жолы біркелкі болған жоқ. Шығармашылық өсу, іздену бағытында ол талай қиыншылықтарға кездесіп, жалаң натурализм мен арзан қарадүрсінділікке бой алдырған шақтары да болды. Бірақ Ғ.Мұстафин бұл «өсу жолындағы ауруға» шалдығып қалмай, кездескен қиындықтарды батыл түрде жеңуге, өзінің жазушылық шеберлігін шыныктырып, жетілдіре беруге әрдайым ұмтылып отырды. Оның осы ізденулері мен ұмтылулары босқа кеткен жоқ. Ол бір кітаптан екінші кітапқа ауысқан сайын қаламы ұшталып, буыны бекіп, биіктей түсіп келеді. Жазушының сол шығармаларына, оның осы өсіп, биіктей түсіп келе жатқан шығармашылық жолына көз жіберіп қаралық.

Өзінің ең тұңғыш көлемді шығармасы — «Өмір не өлім» романын Ғ.Мұстафин отызыншы жылдардың аяқ кезінде жазды. Жазушы бұл романында сол кездегі қазақ кеңес прозасында әлі кеңінен көтерілмеген ең бір қиын да игі тақырыпты — өндіріс тақырыбын қозғайды. Романда суреттелетін оқиғалардың негізгі өрбитін орны — Қарағанды. Автор патшалық Ресей тұсында ағылшын капиталистерінің қолында болған, құр сүлдері ғана бар Қарағанды көмір өндірісі кеңес өкіметі жылдарын-

* Әдебиет және искусство журналы, № II,1954 ж. 64-б.

да бұл мешеуліктен құтылып, одақтағы аса ірі өндіріс орындарының біріне айналғанын реалистік түрде суреттеуге ұмтылады.

Жазушы Қарағанды көмір өндірісін жасаудағы қиындықтарды жуып-шаймайды, қайта оларды ешбір бүркемелеусіз шынайы түрде суреттейді. Кеңес адамдарының тегеурінді еңбегі арқылы өзгергенге дейінгі Қарағандының сиқын, мүшкіл халін мына бір көріністерден айқын аңғаруға болады:

«Сусыз, бұтасыз сұлап жатқан құба жонның жотасында тырнаның мойнындай сорайып, бұзылған заводтың жалғыз тұрбасы тұр. Сауысқан басына қонып алып, шықылық-шықылық етеді. Тұрбаның бауырында сыры кетіп, сыны ғана қалған жалғыз кірпіш үй, қожалақ-қожалақ бес-алты тас барақ бар. Бұлармен аралас төбе-төбе, жота-жота болып жатқан көмір қордалары, жер болуға айналған крест, айшықты адам молалары...» Міне, моладай жансыз, безеріп, құлазып жатқан осынау меңіреу далада еңбек адамдарының қажырлы еңбегі мен қажымас қуаты арқылы өндіріс алыбы салынады, жаңа дүние орнатылады. Еңбектің осындай зор майданына араласқан адамдардың тағдыры мен тартысы «Өмір не өлім» романында белгілі дәрежеде тартымды да қызғылықты бейнеленген.

Дегенмен, бұл романда елеулі-елеулі кемшіліктер болды. Жазушының шығармашылық тәжірибесінің аздығынан, оның өмірлік мол материалдан көркемдік жинақтау жасай алмауынан «Өмір не өлім» романының көптеген кейіпкерлері шынайы образдар дәрежесіне көтерілмеді, онда қозғалған тақырыптар жеткілікті түрде көркем де терең шешілмеді. Сондықтан да кейін, яғни шығармашылық жағынан есейіп, тәжірибесі молайған шақта жазушы Қарағанды тақырыбына қайта оралды. Осының нәтижесінде «Қарағанды» романы туды. Әрине, «Қарағанды» романы — «Өмір не өлімнің» жалғасы немесе өңделген нұсқасы емес. Жазушы Қарағанды жайында соны да дербес жаңа шығарма жазды. Бірақ бұл ретте ол «Өмір не өлімнің» материалдарын және оны жазу үстіндегі бұрынғы тәжірибесін екшей отырып, өсіре, тереңдете отырып мол пайдаланды. Сондықтан да біз кейін кезегі келгенде «Қарағанды» романына кеңінен тоқталамыз, ал «Өмір не өлім» романына терең де толық талдау жасап жатпай-ақ, жоғарыда айтылғандармен ғана шектелеміз.

* * *

Ғ.Мұстафиннің шығармашылығындағы ең бір бағалы да ерекше қасиет — оның бүтінгі күннің оқиғаларын, өз өміріміздің шындығын бейнелеуге басқалардан гөрі бұрын барып, батыл қадамдар жасайтындығы екендігін жоғарыда атап айтқан болатынбыз. Жазушының «Шығанақ» романы да оның шығармашылық осы ерекшелігін айқын танытты.

Социалистік реализм әдебиетінің негізін салған кемеңгер Горький кеңес әдебиетінің негізгі кейіпкері — еңбекті шығармашылық дәрежесіне дейін көтерген жаңа адам екенін кезінде атап көрсеткен болатын. Шынында да, кеңес халқының шығармашылық еңбегі әдебиетіміздің ең басты, қозғаушы тақырыбына, ал еңбек адамы әдебиетіміздің ең негізгі және сүйікті кейіпкеріне айналды. Ғ.Мұстафиннің «Шығанақ» романы да осы игі тақырыпқа, яғни еңбек адамын суреттеуге, оның ғажайып істерін мадақтауға арналған. Жазушы бұл тақырыпты тары егісінің үздік маманы, аты бүкіл дүниежүзіне мәлім Шығанақ Берсиевтің өмірі мен еңбегін шынайы түрде суреттеу арқылы нақтылы шешеді.

Романда суреттелетін оқиғалардың қамтитын кезеңі үлкен. Яғни колхоздасудың алғашқы жылдарындағы оқиғаларды суреттеуден басталған шығарма Ұлы Отан соғысы кезіндегі колхоз өмірінің алуан түрлі көріністерін бейнелеумен аяқталады.

Роман үш бөлімнен тұрады. Оның алғашқы бөлімінде суреттелетін оқиғалардан біз колхоздасу кезеңінің көптеген көріністерімен танысамыз. Колхоздасу жылдары біздің еліміздің тарихындағы аса бір елеулі, ұлы кезең болып саналады. Коммунистік партияның даналық саясаты мен басшылығы арқасында бұл жылдарда бұрын жоқшылық көріп, тұйық та бытыранды өмір кешіп келген миллиондаған шаруалар дамудың жаңа жолына, социалистік шаруашылық жолына түсті. Бірақ бұл оңай, жеп-жеңіл бола қалған жоқ. Кейбіреулер бұл жолға алғашқыда жаза басып, көп қиындықтарды бастан кешіріп барып келді. Роман кейіпкерлерінің бірі Олжабек те осындай бұралаң жолдан өтеді.

Роман осы Олжабектің жайын суреттеуден басталады. Негізінен алғанда, кеңес өкіметін жақтайтын, бірақ колхоздасу сияқты тарихи бетбұрыстың маңызы мен мақсатын дұрыс түсінбейтін Олжабек колхоздан қашып ауа көшеді. «Аспан асты кең», колхозсыз ел табылады деген тұлдыр үмітпен ол талай жерді аралайды. Бірақ колхозға

ұйымдаспай отырған елді Олжабек, әрине, таба алмайды. Сөйтіп жүріп ол бақытсыздыққа ұшырайды. Иесіз тауды мекендеген ұрылар оны соққыға жығып, мал-мүлкін талап әкетеді. Оның әйелі Жамал мен баласы Сағынтай да жаудың қолында кетеді. Сөйтіп коллективтен бойын аулақ салған Олжабек айдалада қаңғырып жалғыз қалады. Талықсып жатқан оны Шығанақ тауып алады. Екеуі танысып достасады. Шығанақ Олжабекті өз колхозына әкеледі. Мұнда Олжабек жаңа өмірге бет бұрған адамдардың ауқаттана бастаған тұрмысын, шаруашылығын көреді. Ол колхоз туралы бұрынғы теріс түсініктерінен арылады. Жазушы кейіпкерінің тағдыры мен ой-сезіміндегі осындай өзгерістерді өзара салыстыра суреттеу арқылы колхозды өмірдің, коллективтік шаруашылықтың артықшылығын ұтымды түрде ашып тастайды.

Шығанақтың тары өнімін арттыру жолындағы қажырлы күресінде Олжабек оған сенімді көмекші болады. Ойыл өзенінің суын пайдалану арқылы құлазып жатқан далаға жан кіргізу, тары егісінен мол өнім алу сол өлкені мекендеген халықтың ежелгі арманы болатын. Халықтың осы игі арманының жаңа дәуірдегі жоқшысы — Шығанақ. Бірақ колхоз құрылысының ең алғашқы жылдарында ол бұл арманын орындау жолында аршынды әрекеттер жасай алмайды. Өйткені ол көптеген қиындықтарға кездеседі. Бұл қиындықтар, бір жағынан, сараң табиғаттың қатыгез жағдайларына және оған қарсы қолданылатын техниканың тапшылығына, екінші жақтан, колхоз құрылысы жауларының қастандық әрекеттеріне байланысты болып келеді. Шығанақ және оның серіктері бұған мойымайды. Олар жоғарыда аталған қиындықтардың барлығын да батыл әрі табысты түрде жеңе алады. Өйткені олар партиялық басшылыққа және қалың көпшіліктің қолдауына сүйенеді. Міне, романның алғашқы бөлімінен колхозды ауылда туындап дамып жатқан осындай алуан түрлі өзгерістер мен күрделі жаңалықтарды және ондағы Шығанақ сияқты еңбек озаттарының тас мінез табиғатты бағындыру жолындағы тегеурінді де қажырлы күреске қажетті дайындықтар жасап жатқанын көреміз. Романның екінші бөлімі «Рекорд алдында» және «Алғашқы рекорд» атты тараулардан құралған. Бұл тарауларда суреттелетін оқиғалар жасампаздық еңбектің тамаша поэзиясы мен романтикасына толы. Алғашқы тарауда Шығанақтың және оның серіктерінің рекордтық өнім алу жолында алдын-ала еткен еңбегі, алуан түрлі іс-әрекеттері баяндалады.

Жер жайын, топырақ бабын жақсы білетін Шығанақ егістік участоктың орнын өзгертеді. Бұл, әрине, оп-оңай бола салмайды. Осыған байланысты қосымша көп еңбек сіңіруге тура келеді. Жаңа егістік участок пен Ойыл өзенінің арасында үлкен арық қазылады. Сол арқылы су барып, қуаң далаға жан бітіреді. Егістікке су шашатын машина да сол жерге барып орнайды. Бұл тарауда жазушы екі нәрсені баса суреттеуге ұмтылады. Олар — өзінің мол тәжірибесіне сүйенген, ой көзі көреген Шығанақтың көпшілікті шебер ұйымдастырып, жаңалыққа қарай бастай білуі және қалың көпшіліктің жемісті де қажырлы еңбегі. Колхоз игілігіне қызмет ету, қоғамдық дәулетті молайта беру мақсатына қалтқысыз берілген адамдардың жанқиярлық еңбегін жазушы әсіресе мейірлене суреттейді. Социалистік жарыс — еңбек өнімділігін арттырудың шешуші шарттарының бірі екендігі де бұл тарауда образды түрде ұтымды ашылған. Жазушы еңбекті тек жасампаздық әрекет ретінде ғана емес, сонымен қатар адамды тәрбиелейтін мектеп ретінде де бейнелеуге ұмтылады.

«Алғашқы рекорд» аталатын тарау Шығанақтың алғашқы рекордтық өнім алуын және осындай тамаша нәтижеге жету (ол тары егісінің әрбір гектарынан жүз жиырма бес центнерден өнім жинайды) жолын суреттеуге арналған. Шығанақтың диханшылық мол тәжірибесі және оның агротехникалық әдістермен шебер де табысты ұштасқаны бұл тарауда шынайы суреттелген. Сөйтіп, автор Шығанақтың рекордтық нәтижеге жетуін — сараң табиғаттың әшейін бір жомарттығы ретінде емес, қайта ғылым, тәжірибе және еңбек ұласа келіп, сол табиғаттан күшпен еріксіз алынған жеміс ретінде, адам әрекетінің жемісі ретінде бейнелейді. Сондықтан да оқушы автор суреттеген жәйттер мен оқиғаларға қалтқысыз сеніп отырады.

Ал романның соңғы, үшінші бөлімінде Шығанақтың және оның серіктерінің Ұлы Отан соғысының қаһарлы жылдарындағы қажырлы еңбегі суреттеледі. Қиындықтар мен қатерге, еңбек пен жеңіске толы сол бір жылдар әркімге де ауыр сын болды. Егер Төкен сияқты қастық ниеттегі адамдар жауыздық әрекеттерін өршітуге тырысса, ал Шығанақ сияқты еңбек адамдары өздерінің патриоттық қасиеттерін екіталай шақта әсіресе айқын әрі мол танытады. Жазушы алуан түрлі осы күштерді бір-біріне қарсы қоя, салыстыра отырып суреттейді. Романдағы ең негізгі, басты кейіпкер — Шығанақ. Бұл — тек жазушының

өз шығармашылығындағы ғана емес, сонымен қатар бүкіл қазақ кеңес әдебиетіндегі еңбек адамдарының ең бір жарқын, шынайы образдарының бірі.

Шығанақ образының көркемдік және әсер етушілік күші оның реалистік, жинақтаушылық қуатында. Оқушы Шығанақпен романның ең алғашқы тарауларынан бастап-ақ танысады. Шығармада суреттелетін оқиғалар өрбуінің алғашқы кезеңінде ол романның басқа кейіпкерлерінен онша дараланып көрінбейді. Бұл тұста Шығанақ еңбек майданында да асып кеткен көрсеткіштер жасамайды. Бірақ Шығанақ характерінің кейбір ерекше белгілері, яғни еңбексүйгіштік және алған бағыттан, негізгі мақсаттан қайтпаушылық — оқушыға салған беттенақ айқын да әсерлі танылады. Жазушы романның өн бойына Шығанақтың осы қасиеттерін тереңдете отырып бейнелейді және оның арман-тілектерін іске асу, орындалу үстінде көрсетеді. Ойыл өзенінің суын пайдалану, шөлейт даланы игеру, сол арқылы тарыдан мол өнім алу жайындағы халықтың ғасырлар бойғы арманы Шығанақтың бойында тоғысқан. Бірақ ол халық арманын арқалаушы ғана емес, сонымен қатар жүзеге асырушы да. Өйткені жаңа дәуір, жаңа адамдар Шығанаққа оның бұл игі ойының жүзеге асуына кең мүмкіндік береді. Осы бір оптимистік ой Шығанақтың жүрегіне әбден ұялаған. Шығанақтың тарыдан мол өнім алуға шексіз сенетіндігін автор оның өз сөздері арқылы ұтымды аңдатады. «Әкем Берсе сақал, шашы ағарғанша қуды. Өзім он жасымнан бері қуып келемін. Құйрығын ғана шалдырады. Талай отырғызып кеткен уақыттары да болды. Онымен адастырған жоқ. Қайда барар дейсің бұл шіркін. Осы сапарда бір жүйрік мініп қайтсам, тары құтылмас менен», — дейді Шығанақ. Бұл — оның өз күші мен қол жететін мүмкіндіктерді салмақтап, барлап барып айтқан сөздері.

Шығанақтың жүйрік деп отырғаны — жер суландыратын машина. Осындай қуатты, «жүйрік» машинамен қаруланса, арманына тез жететінін Шығанақ жақсы түсінеді. Ойыл жері құнарсыз, оны машина арқылы суландырғанмен, ештеңе өнбейді дейтін мешеу көзқарастарға қарсы шыға келіп, ол былай дейді:

«... Әкемнің әкесі егінді кетпенмен салған. Әкем Берсе ағаш соқамен салды. Өзім темір соқаға түйе шығырды қостым. Осының бәрі тарыны көп салып, көп алудың алға басқан амалы еді. Сонда кетпеннен ағаш соқа, ағаш соқадан темір соқа көп бермеді ме? Бұл дұрыс болса, енді машинаның көп беретіндігіне дауласу күлкі емес пе?».

Сөйтіп, Шығанақ техниканы жоғары бағалайды, оны еңбек өнімділігін арттырудың ең қажетті шарттарының бірі деп біледі. Бірақ ол бәрін де техника шешеді деген сыңаржақ ойдан аулақ. Шығанақтың түсінігінше, тарыдан мол өнім алудағы ең шешуші күш — адам және соның еңбегі мен білімі. «Машина, машина дегенмен, ол бәрін бітірмейді, — дейді ол, — машина тек су тарту үшін керек. Сусыз егін жоқ. Бірақ су да өздігінен жарылқамайды. Тарының дәні қандай көп болса, бабы да сондай көп. Бабын тапсаң, бермегенді береді. Сонда «жоғары көңілге қысқа қол да жетеді».

Шығанақта халыққа тән оптимистік үміт қана емес, сонымен қатар қажымас қайрат, жалын атқан жігер де бар. Сондықтан да ол өзінің алға қойған мақсатын орындау жолындағы күресте байсалды да сенімді. Оның жоспарының іске асуына көп адамдар кедергі жасайды. Біреулер батыл ойдың, үлкен мақсаттың тереңдігі мен күрделілігінен жасқанса, ал Төкен сияқты арам ниетті адамдар көрінеу қастандық әрекеттер жасайды, халықты алдауға, іріткі жасауға тырысады. «Әлі күнге берген жоқ, не керек соқыр үміт! — дейді Төкен, — машина жұмысы өнімді екенін әркім біледі. Жері келіскен күннің өзінде оған кадр, мұнай, мастерская керек. Мұның бірі бар ма сенде? Қаңғырған далада машинаның соқа басы сояудай боп немді бітірмек? Құр далбаса. Бұл — малдың даласы, құм...» Төкеннің бұл екіұдай, арам ойлы пікіріне Шығанақ халықтың жасампаздық еңбегі мен жарқын үмітін, өзінің тәжірибесін қарама-қарсы қояды. «Қалауын тапса, қар жанады». Бабын тапса, құм да жанады, — деді ол, — Осы қазақ жерінің бетін коріп, астын әлі көрмей жүр. «Төкен, Төкен» дегенге лепіре бермей, артыңа, мына бізге де бір қарашы! Ел аузындағы аруана алты атаға барғанда туады. Еңкейген кәрі — еңбектеген жасты ержетеді деп қуанады. Машина жемісінің пісуі осыдан ұзақ боп па? Әйтпесе, жақсылық тіпті жақын көрінеді маған. «Ақыл ойдан артық емес», көре келе осы отырғанның бәрі машинаның құлағында ойнайды. Бір қаупің май болса, анау тамның түбін тартып қалшы, май атқып кетеді. Бәрін айт та бірін айт, тәуекелді айт». Бұл — жақсы ниет пен игі арманнан ғана туған, жалаң да жадағай сөздер емес. Өзінің бүкіл іс-әрекеті, қажырлы да жемісті еңбегі арқылы Шығанақ тәуекелмен айтылған осы сөздерін орындайды, өз ойының дұрыстығын дәлелдеп шығады.

Жазушы Шығанақтың тары егісінен рекордтық өнім алуын, оның осындай тамаша нәтижеге жету жолдарын

нанымды әрі жан-жақты суреттеуге ұмтылады. Шығанақ — халықтың арманы мен үмітін ғана емес, сонымен қатар оның диханшылық даналығы мен тәжірибесін де бойына мол жинаған адам. Ол Ойыл төңірегінің жер қыртысын, өзгешеліктерін басқалардан жақсы таниды, топырақтың бабын келтіре біледі, тары тұқымын шеберлікпен сұрыптап жинап алады. Шығанақ ауа райының өзгерістері тары егісіне қаншалықты жағымды және зиянды әсер ететінін де барлай біледі. «Каспийден соғатын бір жел бар, тұқымды сол өткен соң себу пайдалы»,— деген тұжырым жасайды. Шығанақтың еңбек тәжірибесімен, диханшылық лабораториясымен таныстыратын мұндай эпизодтар романда мол ұшырасады. Шығанақтың рекордтық өнімге жетуінің басты сырларының бірі — оның ежелгі диханшылық тәсілдерді, өзінің тәжірибесін ғылым жаңалықтарымен ұштастыра білуінде. Сөнымен бірге ол «ғылым табиғаттың құпия сырларының барлығын да ашып үлгерді, оның қағидалары мүлдем өзгермей қалуға керек» деген түсінікке де қарсы. Шығанақ пен жас агроном Сергейдің арасындағы мына бір диалогты мысалға алып қаралық: «— Жырту мен себудің арасындағы мерзім сақтала ма?

— Бірде сақталады. Бірде оған қарамаймыз, — деді Шығанақ. Сергей бұған да бір қынжылып қойды.

— Агротехниканы ескермегеніңіз бе, тіпті?

— Соның өзі топырақтың, дәннің бабын табу емес пе? Сіздер кейде кітапты құшақтап қатып қаласыздар. Күн кітаптың айтқанымен жүре бермейді. Кейде амал, кейде жаңбыр, суық. Мұндай райда сепкенмен, дән босқа бұғып жатады. Мен күн қызуы жерге өте бастағанда себемін. Сонда іле көтеріледі».

Тағы бірде Шығанақ осы ойын тұжырымдай келіп, Сергейге былай дейді: «Сен бала ылғи менің осал жағымнан шыға бердің. Осы ілім дегенің кітаптың бетінде ғана ма, жоқ мына жер бетінде де бірдеңе қалды ма?» Бұл, әрине, тегін айтыла салған сөздер емес. Рас, Шығанақ ғылымға, оның әдістеріне қарсы емес. Жер өңдеуде, тарыны күтіп баптауда ол агротехникалық тәсілдерді мол қолданады. Бірақ ол барды мәз тұтып, қол қусырып отырудан аулақ. Ізденгіш, талаптанғыш Шығанақ тәжірибе мен ғылым әдістерін ұштастыра отырып, әлі кітап бетіне түспеген, бірақ жер бетінде жасырынып жатқан ғажайып сырларды ашады. Жазушы Шығанақ еңбегінің осы саласын нанымды да мол

суреттеген. Романның бағалы қасиеттерінің бірі де осында. Романда Шығанақтың өмірі мен іс-әрекеттері кеңінен бейнеленген. Бұлай болуы, әрине, тек заңды ғана емес, қажет те еді. Автор Шығанақтың еңбегі, іс-әрекеттерімен бірге оның көңіл-күйлерін, жан толқындарын да терең суреттеуге ұмтылады. Шығанақ семьялық өмірде де, басқа адамдармен қарым-қатынастарында да өзінің ұнамды қасиеттерін мол танытады.

Шығанақ — мейірімді әке ғана емес, сонымен қатар жақсы тәрбиеші де. «Баланы тым есіртіп, тым мәпелеу де пайдалы емес. Ол өскенде не даңғой, не әйеншек болып шығады. Оған дейін өзіңді де мазалап бағар. Нәзік баланың тәжірибесі де нәзік», — дейді ол. Өзінің балаларын тәрбиелеуде Шығанақ осы принципті берік ұстанады. Шығанақтың адамгершілік мол сезімдері оның Олжабекке жасаған қамқорлығынан, Амантай мен Жанботаны жемісті еңбекке жалықпай үйретіп баулуынан да анық байқалады. Жазушы Шығанақтың Отанға шексіз берілгендігін, халық игілігі жолында аянбай қызмет ететін патриоттығын да шынайы суреттейді. Шығанақтың патриотизмі оның Отан соғысы жылдарындағы іс-әрекеттерінен әсіресе айқын танылады. Ол еңбек қуанышымен, майдан жеңісімен қоса тыныстайтындай. Майдан хабарына үнемі құлақ түріп жүретін Шығанақ ұрыс даласындағы кейбір сәтсіздіктерге жаны ауыра, қабырғасы қайыса қайғырса, кеңес жауынгерлерінің тамаша жеңістеріне шын жүректен қуанады. Шығанақ майдан қажетінен, жеңіс мүддесінен қолда барын, бойындағы бар қуатын аямайды. Ол, бір жағынан, өзінің қорынан майданға көп көмек жөнелтсе, екінші жағынан, көпшілікті еселеген еңбекке жұмылдырады, ұйымдастырушылық қызмет атқарады. Өйткені ол әрбір дән жауға қарсы жұмсалар оқ екенін саналы түрде түсінеді. Жасының ұлғайғандығына әрі ауру меңдегеніне қарамастан, Шығанақ ел игілігі үшін еңбек етуден танбайды. Ол тары егісінің өнімін бұрынғыдан да молайтып, дүниежүзілік жаңа рекордтар жасайды. Атақты тарышыға академик Лысенко мынадай хат жазады: «Аса құрметті Берсиев Шығанақ жолдасқа! Сіздің телеграммаңызды алғанда нанар-нанбасымды білмей көп сенделдім. Ең білдім деген ғалымдар гектарынан 200 центнерден артық астық алу мүмкін емес дегенге бекіген еді. Бұл жай айтылмаған. Өсімдіктер күн қуатын бойына қанша сіңіре алатындығын есептеп барып айтылған болатын. Сіз осы есептен асып түсіп, егін шығымының

мөлшері адамның өз қолында екенін дәлелдеп бердіңіз...» Міне, бұл сөздерде Шығанақ еңбегіне берілген әділ де тамаша баға бар. Кеңес адамдарының жасампаздық еңбегінің қуатын Шығанақ бүкіл әлемге танытты. Оның ісі — социалистік ауылшаруашылығы қызметкерлері үшін үлкен өнеге. Шығанақтың өмірдегі осы биік тұлғасы романда да сол шынайы күйінде бейнеленген. Жазушы Шығанаққа жасанды қасиеттер қоспайды, қайта оны шындықта болған қалпында, реалистік түрде суреттейді. Романнан Шығанақтың жеке өз басына, тіршілік әрекеттеріне байланысты көп жәйттерді көреміз. Бірақ бұған қарап романдағы Шығанақ — өмірде болған Шығанақтың жалаң көшірмесі, жадағай сұлбасы ғана деген жаңсақ қорытынды шығаруға, әрине, болмайды. Жазушы Шығанақ образын жасай отырып, өмірлік материалдан көркемдік шындық дәрежесіне көтерілді. Сөйтіп, ол колхоз құрылысы, жаңа дәуір тудырған еңбек адамының жинақты, типтік образын жасады. Романда Шығанақ жалғыз, жеке-дара алынбайды. Ол өзінің айналасымен, жолын қуған шәкірттерімен бірге, солардың қалың ортасында көрінеді. Романның Шығанақтан кейінгі кейіпкерлерінің ішінде басқалардан гөрі молырақ суреттелетіні — Олжабек. Автор Олжабек образын бар шындығымен, күрделі күйінде бейнелейді. Роман осы Олжабектің колхоздан қашып, көшіп жүруін суреттеуден басталатынын жоғарыда айтқан болатынбыз. Бұл оқиға, бір жағынан, колхозда судың алғашқы жылдарындағы кейбір шындық жайларды образды түрде ашады, көптеген жеке шаруалардың коллективтік шаруашылық жолына түсуі әрқилы әрі қиын болғанын аңдатады.

Жазушы Олжабектің мұндай оспадар әрекетінің себептерін оның жекешілдік көзқарасынан, ұсақ шаруаға тән психологиясынан іздейді. Бұл өмір шындығына жанасымды да. Расында да, Олжабек кеңес өкіметіне, оның әділ саясатына қарсы емес. «Бұның тәртібіндей тәртіп, бар ма, шіркін! — дейді ол кеңес өкіметі жайында. — Ұрыға, байға қандай қас. Момынды сүйеді-ақ қой. Жәрдемін бір жағынан беріп жатады. Обалы не, «қара бұқараның табанына қадалған тікен маңдайыма қадал», — деп отырды... Жайсыз тигені — осы бір колхозы...» Міне, Олжабектің ой-өрісі мен түсінігі де және ондағы қайшылықтар да оның осы бір сөздерінен анық байқалады. Ол колхозға енсем, қолымдағы азық-аулақ мал-мүлкімнен айырылып қаламын деп қорқады. Сөйтіп, шағын дәулетін «қызғыштай қорғап», қалың көпшіліктен даралануы, бойын аулақ салуы

Олжабектің жекешілдік психологиясына, болмысына сыймды. Оның бұл әрекеті романда көркемдік жағынан ақталған да.

Олжабек — еңбек адамы. Ол адал көңілмен, шын пейілмен еңбек етуді ұнатады. Көшіп бара жатып, колхоздың жыртылған егістік даласын, ондағы адамдардың еңбегін көргенде Олжабек қасындағы Жамалға былай дейді: «Шіркін-ай, жаңағы бір егінді ұқсатып-ақ жыртқан екен! Байқадың ба!.. Егер жұрттың бәрі жаңағы шалдай пейілмен істесе, бұл колхоз дүрілдеп-ақ кетер еді...» Әрине, Олжабек сол «қыңыр» күйінде кете бермейді. Ол колхозға енеді. Ал Олжабектің жоғарыда аталған қасиеті, яғни еңбексүйгіштігі оның колхозға енгеннен кейінгі өмірі мен іс-әрекеттерінен әсіресе анық байқалады. Колхоз құрылысының артықшылығын, коллективтің қуаттылығын саналы түрде түсінетін дәрежеге жеткеннен кейін Олжабек сол коллективтегі алдыңғы қатарлы адамдардың біріне айналады, еңбек майданында тамаша табыстарға жетеді.

Шығанақ пен Олжабектің арасындағы еңбектің ортақ мүдделері тудырған достық та романда әсерлі суреттелген. Шығанақ өзінің игі бастамалары мен рекордтық өнім алу жолындағы іс-әрекеттерінде Олжабектен көп жәрдем алады.

Олжабектің отбасылық өмірі, оның Жамалға деген сүйіспеншілік сезімдері де шығармада қызғылықты бейнеленген. Ол бақытсыздыққа ұшырағанда жоғалтқан Жамалынан күдер үзбейді, оған деген ыстық та адал сезімдерін суытпайды. Ақыр аяғында ол сүйіктісі Жамалмен кайта табысады.

Романда өзінің характерімен де, іс-әрекеттерімен де ең бір дараланып бейнеленген кейіпкерлердің бірі де — осы Олжабек. Өз ісіне қалтқысыз, адал берілген Олжабектің жан тазалығын, ұяңдығы мен аңқаулығын автор мейірлене суреттейді. Жазушының юмористік шеберлігі де оның осы Олжабек образын жасаудағы суреттеу тәсілдері мен ерекшеліктерінен анық байқалды. Қорыта келгенде, Олжабек образы арқылы да автор еңбек адамының өзіндік ерекшелігі мен даралығы мол, жарқын бейнесін жасай алды.

Жазушы Шығанақтың еңбектегі тамаша нәтижелерін кеңінен суреттеумен бірге оның ісін — қанатын кең жайып, молая түсетін құбылыс ретінде бейнелейді. Шығанақтың өзі баулып өсірген шәкірттері Амантай мен Жанботаның және басқалардың іс-әрекеттері бұған айқын дәлел. Өзара

ұқсас, бір алуандас бұл екі образ көп реттерде бірін-бірі толықтыра түседі.

Амантай мен Жанботаның образдары арқылы жазушы қандай қиындықтар кездессе де жасымай, жайнай түсетін, тап басып, тіліп айтатын өткір тілді еңбексүйгіш адамдардың бейнесін берген. Амантай мен Жанбота Шығанақты еңбекте ғана қолдап қоймайды, сонымен қатар оның жаңалық бастамаларын да дер кезінде қуаттап отырады. Сөйтіп, автор Шығанақтың ой-арманы тек оның өзінің ғана тілегі емес, сонымен қатар бүкіл халықтың да көкейкесті мұраты болғанын, сондықтан да Шығанақ қалың көпшіліктің ішінен қолдау тауып отырғанын нанымды суреттейді.

Жанботаның адамгершілік мол сезімдері мен жемісті істері романның үшінші бөлімінде әсіресе ұтымды көрсетілген. Ер-азаматтардың көпшілігі майданға кетіп, Шығанақты ауру меңдеген қысылшаң шақта бар ауыртпалықты өз иығына алатын да — осы Жанбота. Бұл тұста ол өзін жігерлі, шебер ұйымдастырушы ретінде танытады. Шығанақтың жолын қуған, оның ақыл-кеңесін бекем ұстаған Жанботаның звеносы еңбек майданында тамаша көрсеткіштерге жетеді. Жанбота тек еңбексүйгіш қана емес, сонымен қатар аяулы ана, айнымас жар да. Жанботаның жан тазалығын, тұрақтылығын оның Амантайға деген сүйіспеншілік сезімдерінен айқын танимыз.

Жанбота мен Амантай образдарының осындай бағалы жақтарын атаумен бірге осы кейіпкерлердің бейнелерін жасаудағы автордың бір кемшілігі жайында да айтпасқа болмайды. Жазушы Амантай мен Жанботаның тура мінезділігін, өткір әзіл-қалжыңын баса көрсетемін деп отырып кейде шектен шығып кетеді. Мұндай реттерде бұл кейіпкерлер, әсіресе, Амантай сыпайылық сезімдерден жалаңаштанып қалады, ал жазушы натурализмге бой ұрады.

Романда біркелкі сараң көрінгенмен, өзінің характерін бірсыпыра айқын танытып тастайтын кейіпкер — колхоз председателі Шәңгерей. Ол колхоз дәулетінен ешқандай шашау шығармай, оны байыған үстіне байыта түсуді ойлайтын адам. Бірақ ол өзі басқарып отырған колхоздың шаруашылығын жан-жақты дамытудың кең өрісін тани білетін және таба алатын адам емес. Ол тек қолындағыдан айырылмауға, алдындағыдан көз жазбауға ғана тырысып қалт-құлт етеді. Бірақ осы Шәңгерей образын жасау

арқылы көтерген батыл идеясын автор романда жеріне жеткізе, терең аша алмаған. Сондықтан да даму үстінде көрінуге лайық, ішкі мүмкіншіліктері мол бұл образ еркін жетілмей, орта жолда қалып қойған. Романның жоғарыда айтылған бағалы жақтарымен қатар онда бірсыпыра елеулі кемшіліктер де бар. Бұл ең алдымен, романның кейбір кейіпкерлерінің толыққанды образ дәрежесіне көтерілмегендігіне байланысты. Романда партия қызметкерлерінің жарқын да шынайы образы жасалмаған. Әрине, шығармада бірнеше кейіпкерлер — партия қызметкерлері бар. Олар — партияның облыстық комитетінің секретары Василий Антонов, аудандық комитетінің секретары Ермағамбет, ауылдағы парторг Кәрібай. Бірақ гәп кейіпкерлердің санында емес, қайта олардың образдарының көркемдік қуатында, жинақтаушылық сипатында. Міне, осы тұрғыдан алып қарағанда, жоғарыда аталған кейіпкерлердің бірде-бірінің образы солардың шындықтағы дәрежесіне сәйкес болып шықпаған. Бұлардың ішінде романда суреттелетін оқиғалар тікелей өрбіп жатқан жерден алыста болғанмен, Антонов басқалардан гөрі көбірек көрінеді.

Бірақ ол есте қаларлық бір іс-әрекетімен немесе айқын характерімен танылмайды, жалаң да жалпылама сөздермен ғана көрінеді. Болып жатқан оқиғалардың байыбына барып, нақтылы басшылық етудің орнына Антонов көбінесе әсерсіз, жадағай үгіт айтып жүреді. Партия қызметкерінің лайықты образы, әрине, мұндай оңай да арзан тәсілдер арқылы жасалмақ емес. Ал Ермағамбет пен Кәрібай образдары тіпті бұл дәрежеге де көтерілмеген. Романда олардың тек аттары ғана аталады, әйтпесе ешқандай іс-әрекет жасамайды. Партия қызметкерлері ретінде алынған бұл үш кейіпкердің тіпті бірде-бірінің образы шынайы дәрежеге көтерілмеуі — романның елеулі кемшілігі.

Агроном Сергейдің образы да көңілдегідей болып шықпаған. Романда Сергей ауылшаруашылығы туралы кеңестік озат ғылымның өкілі есебінде алынған. Бірақ автордың осы игі идеясы жеткілікті көркемдік шешімін таба алмайды. Романда Сергейдің Шығанаққа бергені, үйреткені аз. Ауыл шаруашылығы туралы ғылымның өкілі ретінде суреттелген бұл кейіпкердің образын шынайы түрде жасау арқылы, Шығанақтың тарыдан дүниежүзілік рекордтық өнім алу ісіндегі, сол ғылымның шешуші рөлін көрсетуге болатын еді. Шығанақты қолдап, оның үстіне ғылыми тұрғыдан бағыт, көмек беріп отырудың орнына

Сергей көп реттерде қайта Шығанаққа қарсы келеді, оның диханшылық тәжірибесіне шүбәлі көзбен қарайды. Әрине, Шығанақ пен Сергейдің арасында келіспеушіліктер, пікірталастар болуы мүмкін. Бірақ жазушы бұл екі кейіпкер образдарының арасалмағын ауыстырмауға, негізгі нысанадан көз жазбауға тиіс еді.

Романдағы кемшіліктердің бір тамыры ондағы тартыстардың үнемі бірдей өмірлі, өткір болып келмей, жібі босап, сұйқылт тартып кететіндігінде. «Шығанақта» кеңес адамдарының тасбауыр табиғатқа қарсы қажырлы да қайсар күресі шынайы суреттелген. Ал адамдар арасындағы тартыс өткір күйінде берілмеген. Тіпті романның алғашқы бөлімінде, яғни әлеуметтік шиеленіскен қақтығыстарға толы кезеңді суреттейтін эпизодтарда да тартыс тым босаң, сылбыр өрбиді. Романның екінші, үшінші бөлімдерінде тартыс тіпті де өрістемейді, ал оның автор қолдан жасаған кейбір схемалық көріністеріне оқушы иланбайды.

Мысал ретінде Шығанақ пен Төкеннің арасындағы тартысты алып қаралық. Жазушының таныстыруынша Төкен — бұрын ірі байдың баласы. Ал кейін ол бой тасалап, кеңес мекемесіне орналасып алған, яғни аудандық су бөлімінің бастығы болып істейді. «Төкен — осы Ойылдың бел баласы. Шығанақ — оның төңірегіндегі жатақтың бірі. Көптің бірі болған Шығанақты Төкен байқамауы мүмкін. Көп ішіндегі жалғыз Төкенді Шығанақ жақсы біледі. Кебеже қарын, салпы бұғақ байбатша, біресе жуан жұдырық Төкен бүгін маман болып тағы да әмір етсе, Шығанақ шыдар емес», — деп жазады автор. Міне, осыдан кейін оқушы Төкен мен Шығанақтың арасында өткір тартыс өрістейтін болар деп үміттенеді. Бірақ оның бұл үміті ақталмайды. Рас, тек романның алғашқы тарауларында Шығанақ пен Төкеннің арасындағы тартыс сәл ғана белгі береді. Жер суландыратын машинаны пайдаланып, тары өнімін арттырмақ болған Шығанаққа Төкен қарсы шығады. Бірақ Шығанақ бұған мойымайды. Ол облыс орталығына дейін барып, өз дегеніне жетіп, жер суландыратын машина алып қайтады. Міне, Шығанақ пен Төкеннің арасындағы тартыс, шындығында, осымен аяқталады да. Бірақ автор осы тартыс желісін жасанды түрде үзбеуге тырысады. Төкен Шығанақты аяқтан шалып, оған қастандық ойлайтын сияқты болып көрінеді. Әйтсе де, ол аршынды әрекет жасай алмайды. Оның үстіне Төкеннің тартыс тәсілдері мен жолдары да тым жұпыны, жадағай. Төкен осылайша сүйретіліп келіп тек соғыс кезінде, онда да

Ахмет ұсталғаннан кейін барып қана әшкереленеді. Сөйтіп, Төкеннің іс-әрекеттеріне байланысты алынған тартыс қаншалықты сұйық та сылбыр өрбісе, оның шешілуі де соншалықты жасанды, нанымсыз.

Ахметке байланысты жәйттер де оқушыда осындай жасандылық сезімін туғызады. Романның басқы тарауларында көрінгеннен кейін Ахметтің шығармада кейін суреттелетін оқиғаларға ешқандай қажеті жоқ және оның тағдырының немен тынатыны оқушыны қызықтырмайды да. Егер Ахмет романның соңғы тарауларында қайта бой көрсетпесе, онда бұдан романның идеялық-композициялық тұтастығына ешқандай нұқсан келмеген болар еді.

Жазушы өз кейіпкерлерінің небір аяулы сезімдерін, жүрекжарды ойларын, жан толқындарын әсерлі де нәзік бейнелеудің орнына кейбір реттерде натурализмге бой алдырады. Мысалы, романның ұнамды кейіпкерлері Амантай мен Жанботаның бір-біріне құштар ықыластылығын білдіретін эпизод былай берілген:

«Жанбота таранып, қаранып тұрып-тұрып, суға қойып кетті. Амантай атып түсіп, бар киімін сыпырып алды.

— Ой, әдепсіз! — деді Жанбота көре салып.

— Сен әдепсіз! — деді Амантай киімді астына басып алып.

— Мен неге әдепсіз?

— Е, менің көзімше неге жалаңаштанасың?

— Қашан сенің көзіңше? Жаңа келдің ғой жалақтап.

— Жоқ, мен манадан бері көріп жатқанмын.

— Көзің тойса, киімді бер.

— Көңілім әлі тойған жоқ. Шық бері!

— Сен көрген етімді шабақ жесе болмай ма!

— Ендеше отыр осылай, — деді де, Амантай киімді қолтықтап жүре берді.

— Тоқта, тоқта! — деді Жанбота шыдай алмай. Амантай қайта оралды:

— Не айтасың?

— Сен қазақтың ескі салтын істедің. Лайық па осы бойыңа?

— Өзгесін білмеймін, қазақтың осынысы ұнайды маған.

— Мәдениеттен безіп пе ең?

— Малталап езер уақытым жоқ. Мәдениетің сол болса, сорлыға берсін. Мен балталап, домбайлап-ақ келтіре берем.

— Махаббат — нәзік нәрсе, домбайыңа көне бере ме?

— Жоқ. Махаббат — берік нәрсе, балталасаң да сынбайды. Кейбіреулер өңдеймін деп мойнын қылдай, сирағын шидей қылады да, сынып кетсе, ойбай сап отыра қалады. Менің махаббатым дөкірлеу болар, бірақ сынуға

жоқ, өмірге кетеді». Міне, Амантай мен Жанботаның сүйіспеншілік жайында алғаш рет «сыр шертуі» осылай бейнеленген. Мұндай бейпіл де жалаңаш суреттеулер кейіпкерлердің характерін ашпақ емес, қайта оқушыда ұнамсыз әсерлер қалдырады.

Романда табиғат суреттері аз. Ал ұшыраса қалған күнде де олар кейіпкерлердің сезінулері мен түйсінулеріне, шығармадағы оқиғалар өрбуіне тығыз байланысты болып берілмейді. Рас, бұрын шөліркеп, құлазып жатқан даланың көңілсіз де сұрқай суреттері біркелкі тәуір бейнеленген. Бірақ кеңес адамдарының қажырлы да қуатты еңбегі арқылы келбеті мүлдем өзгерген өлкенің жарқын, ажарлы көріністері романда бояуы қалың суреттер арқылы берілмеген.

«Шығанақ» романының тілі, жалпы алғанда, түсінікті де көркем. Жазушы халықтың өмірі мен тағдырын, суреттеп отырған өлкенің тұрмыс өзгешеліктерін, сөйлеу ерекшеліктерін реалистік түрде танытуға ұмтылады. Бұл романның көркемдік қуатына, оның тілінің халықтық сипатының мол болуына әсер етпей қоймаған. Халықтық юмор мен өткір әзіл-қалжың, шешендік үлгілер «Шығанақ» романының тілдік ерекшеліктерінен әсіресе айқын байқалады.

Қорыта келгенде айтарымыз, «Шығанақ» романы — жазушының елеулі шығармасы. Жоғарыда аталған кемшіліктер оның жалпы идеялық-көркемдік бағалылығын жоққа шығара алмайды. Бұл романның біз үшін ең басты құндылығы мен қасиеті сол — жазушы онда заманымыздың ұнамды кейіпкерінің, еңбекті шығармашылық дәрежесіне дейін көтерген адамның типтік образын жасай алды.

• • •

Жазушының 1948 жылы жазған «Миллионер» атты повесі де колхоз тақырыбына арналған. Бірақ негізгі тақырыбы жағынан «Шығанақпен» ұқсас болғанмен, «Миллионердің» одан ерекше өзгешеліктері мен айырмашылықтары бар. Егер «Шығанақ» романында колхоздасудың алғашқы кезеңіндегі, кеңестік бесжылдықтар және Ұлы Отан соғысы тұсындағы оқиғалар қамтылса, ал «Миллионер» повесі колхозды ауылдың соғыстан кейінгі өмірін суреттеуге арналған. Әрине, бұл екі шығарманың өзара негізгі ерекшеліктері олардың әртүрлі кезеңді қамтитындығына байланысты емес.

Жазушы «Шығанақ» романында колхоз құрылысының қуаттылығы мен артықшылығын образды түрде бейнеледі. Ал «Миллионер» повесінде суреттелетін кезең үшін бұл— әлдеқашан шешілген, дұрыстығы тарихи дамудың барысында әбден ақталған, талассыз мәселе. «Миллионер» повесінен біз өрлеудің жаңа дәуіріндегі колхозды ауыл өмірін, ондағы жаңа адамдардың іс-әрекеттерін көреміз. Яғни «Миллионер» повесінде суреттелетін «Аманкелді» колхозы — біздің елімізде социалистік құрылыс біржолата жеңіп, халқымыз коммунизмге қарай батыл қадам басқан кезеңде тұрған колхоз. Сондықтан да повестің негізгі кейіпкерлері болып алынған колхозды ауылдың жаңа адамдарын жазушы коммунистік қоғам орнату жолындағы күрескерлер ретінде бейнелейді. Міне, «Миллионер» повесінің ең басты ерекшелігі оның осындай жасампаздық пафосына, коммунизм үшін жұмсалып жатқан қажырлы күрес рухына толылығында.

Жазылып біткен уақытынан бері қарай «Миллионер» повесі қазақ және орыс тілдерінде бірнеше рет жеке кітап болып басылып шықты. Ол көптеген шетел халықтарының тілдеріне аударылды. Бұл айтылғандар да повестің құндылығын, оның әсер етушілік зор қуатын айқындай түседі. «Миллионер» повесі республикалық және одақтық баспасөз беттерінде де татымды баға алды. Повесте көтерілген кейбір мәселелер әдебиет жұртшылығының арасында қызу да өткір пікірталастарын туғызды. Мұның өзі, ең алдымен, бүгінгі күннің толғағы жеткен, аса маңызды кейбір мәселелерін жазушының қызғылықты да батыл түрде қозғай алғандығын және жұртшылық назарын сол құбылыстарға баса аударуға ұмтылғанын көрсетеді.

Повесте қозғалған осы мәселелер мен тақырыптар қандай еді және жазушы оларды қалай көтеріп, қаншалықты дәрежеде көркем де терең шеше алды? Міне, енді осы жайларға ауысалық. «Қызу жиын. Керіс сөздер....

Жомарт: Жақып кем өлшеп, қанағат қылады. Қанағаты кейін тартады. Өскелең тілек кең өлшеп, алға тартады. Алға, жолдастар, алға!... Жақып: Арындама. Алдың жар... Бейсен: Әуелі Жақып асқан белдерден асып ал...» Повесть колхоз жиналысында болып жатқан осындай қызу пікірталастарын суреттеуден басталады. Бұлай ету арқылы жазушы оқушы назарын салған жерден тартыс өрісіне меңзейді. Сонымен қатар осы бір қысқа да ұшқыр, отты сөздерден кейін шығарманың өн бойына тартылатын желілі тартыстың түйіні де бар. Колхоз председателі Жақып

шаруашылықты өркендеудің өзі жасаған және басқарма бекіткен жоспарын ұсынады. Ал агроном Жомарт бұл жоспарды тым шағын, тапшы көріп, оған қарсы шығады. Сөйтіп, сырттай қарағанда Жақып пен Жомарттың өз аралығындағы келіспеушілік сияқты болып көрінетін бұл талас, шын мәнісіне келгенде, тіпті де олай еместігін, яғни бұл — нағыз жаңа мен ескінің арасындағы өткір тартыс екенін оқушы повесті оқыған сайын айқынырақ аңғара түседі. Расында да, кейбір әдебиетшілер айтқандай, Жомарт пен Жақыптың арасындағы тартыс — жақсы мен тәуірдің арасындағы келіспеушілік емес, керісінше, жаңа мен ескінің арасындағы нағыз өткір тартыс. Талай жылдар бойы колхозға адал басшылық еткен, оған көп еңбек сіңірген Жақыпты басқалар сияқты Жомарт та ұнатады, сыйлайды. Бірақ колхоз шаруашылығы өрлеудің жаңа биігіне көтерілгелі тұрған шақтағы Жақыптың тапшы тілектеріне, шағын мақсаттарына Жомарт мүлдем қарсы. Өйткені Жомарт колхоздың шаруашылық резервтері мен ішкі мүмкіншіліктерін терең өлшеп, ескере келіп, қияға көз салады, алысқа құлаш ұрады. Сөйтіп, «кем өлшеп, қанағат қылған» Жақып пен «кең өлшеп, алға тартқан» Жомарттың арасында принципті, өткір күрес басталады. Әрине, жақсы идея ұстанғанмен, Жомарт бұл күресте оп-оңай жеңіске жете алмайды, ол көптеген қиындықтар мен тосқауылдарға ұшырайды. Жақыпты бұрыннан сыйлайтын және Жомарттың жоспарының жүзеге аса қоюына соншалықты шүбәсіз сене қоймаған көпшілік Жомарттың жоспарын қабылдамай тастайды да, Жақыптың жоспарын бекітеді. Ауданның кейбір басшы қызметкерлері де Жомарттың ұсынған ойларына қарсы шығады. Бірақ Жомарт бұған мойымайды. Партия ұйымының қолдауымен және өз жоспарының орындалу мүмкіншіліктеріне колхозшылардың қалың көпшілігінің көңілін сендіру арқылы Жомарт ақыры жеңіп шығады. Жақып өтініш беріп орнынан түседі де, бұрынғы агроном Жомарт колхоз председателі болып тағайындалады.

Бірақ шығармадағы негізгі өзекті тартыс мұнымен тынып, таусылып қалмайды және осылай болуы әбден заңды да. Рас, Жомарттың жоспары қабылданды, ол ұсынған идеялар өтті. Бірақ ең маңызды, басты мәселелер сол идеялардың шындыққа айналуында, жүзеге асуында. Сондықтан да жазушы өз назарын осы мәселеге әсіресе мол аударады.

Повестің екінші бөлімінде Жомарттың және ол бастаған еңбек адамдарының жоғарыда аталған жоспарды орындау жолындағы қажырлы күресі суреттеледі. Ал повестің соңғы, үшінші бөлімінен олардың сол жасампаздық еркі мен тегеурінді еңбегінің тамаша көріністерін, игілікті нәтижелерін көреміз. Колхоз электр қуатына ие болып, ондағы ауыр жұмыстардың барлығы механикаландырылады. Колхоздағы қоғамдық малдың тұқымы асылдандырылады. Сөйтіп, колхозшылар ауыл-шаруашылығы мен мал шаруашылығынан бай өнімдер алады. «Аманкелді» — миллионер колхозға айналады. Колхозшылардың тұрмысының мәдени дәрежесі де көтеріледі.

Осылайша, повесть шаруашылығы зорайып, қоғамдық дәулеті шалқып тасқан, мәдениеті де жоғары көтерілген колхозды ауылдың еңбек пен қуанышқа толы бүгінгі өмірін және оның бұдан да жарқын болашаққа қарай ұмтылған қажырлы беталысын суреттеумен аяқталады. «Миллионер» повесінде жазушы колхозшы ауылдың бүгінгі өмірін, негізінен алғанда, шынайы бейнелей алды. Ол уақыт алға тартқан көптеген маңызды мәселелерді дер кезінде қозғады және олардың бірсыпырасын өмір шындығына сәйкес, шеберлікпен шеше алды. Рас, біздегі колхоздардың барлығы бірдей «Миллионердегі» Аманкелді атындағы колхоздай емес. Бірақ сол «Аманкелді» колхозы алдыңғы қатарлы, озық колхоздарымыздың жиынтық көрінісі болумен қатар, оның артта қалған колхоздар үшін өнеге алармық үлгі болуы да даусыз. Міне, «Миллионер» повесінің идеялық құндылығы, әсер етушілік қуаты осында. Бұл шығарма адамдарымызды өткенге қарайлай бермей, алға көз тігуге, ілгері ұмтылуға шақырады.

Повесте өздерінің алуан түрлі характерлерімен, іс-әрекетімен дараланып, жіктеліп көрінетін көптеген кейіпкерлер бар. Солардың ішінде ерекше көрінетіні — Жомарт.

Шығармада көтерілген негізгі идея, яғни колхозды дамудың жаңа сатысына шығару туралы басты идея осы Жомарт образы арқылы бейнеленген. Жомарт — халық игілігіне қажет жаңа ойларды жалаң ұсынушы ғана емес, сонымен қатар сол мақсаттарды іске асырушы, орындаушы, яғни Жомарт — әрі жүйрік қиял мен алыс арманның, әрі қажырлы еңбектің, іс-әрекеттің адамы. Ол — қиялшыл да, күрескер де. Жомарт образының ерекше бір сипаты осында.

Жомарт колхозшылардың қалың көпшілігінің еңбек майданындағы белсенділігін, жасампаздық қуатын жоғары бағалайды. Сондықтан да ол өз жоспарының орындалатындығына шүбәсіз сенеді. Міне, оптимистік осы сенім Жомартқа жігер береді. Ол колхозды ауыл өміріндегі әрбір құбылысқа, әрбір жаңа нышандарға салмақты да байыпты көзқараспен барлай қарайды және солардан тиісті қорытынды жасап отырады.

Әрине, Жақып сияқты Жомарт та колхозшыларға, олардың еңбегіне сүйенеді. Бірақ ол сол еңбекті орнымен, ұтымды жұмсауды, сөйтіп еңбек өнімділігін арттыруды мақсат етеді. «Бәрінің бабы бар, — дейді Жомарт, — бабын таппаған еңбек құмға құйған су сияқты. Бабын тапсаң, ана сияқты. Ие береді, ие береді. «Қалауын тапса, қар жанады» деген мақал — үлкен философия. Дүние кірпіші бір қалыптан шыққан жоқ. Оның қиюын табу — адам алдында әрдайым соны міндет. Көргеннен, білгеннен аспау, барды қанағат қылу, жоқты іздемеу — ой мешеулігі. Жомарттың тынбай алға ұмтылатын талабы мен еңбек сүйгіштігі оның осы бір сөздерінен айқын аңғарылатындай.

Жомартта нағыз коммунистке тән принциптілік, тұрақтылық, көздеген мақсатқа жету жолында табанды болу сияқты қасиеттер мол. Өзі ұсынған жоспардың дұрыстығына және оның орындалатындығына қалтқысыз да саналы түрде сенген Жомарт сол жоспарын ақырына дейін қорғап, қабылдаттырады. Ал осы жоспарын жүзеге асыру үстінде ол көпшілікке шебер басшылық істейді, сөйтіп өзін білгір ұйымдастырушы ретінде танытады. Повесте Жомарт белсенді іс-әрекеттерімен ғана емес, сонымен қатар бай жан дүниесімен де көрінеді. Жазушы оның кейде қызба, албырт, кейде байыпты мінезін, әрдайым алға көз салып армандап жүретін ойшылдығын әсерлі суреттейді. Өз еңбегінің жемісті нәтижелерін көріп қуанған шақтардағы Жомарттың көңіл күйлері, жан толқындары повесте әсіресе тартымды бейнеленген.

Жомарт образы арқылы жазушы председательдің жаңа типін, яғни әрі теориялық мол білімі бар, әрі сол білімін тәжірибемен ұштастыра алатын, шаруашылыққа басшылық етуге шығармашылық түрде қарайтын басқарушының бейнесін ұсынды. Уақыт жазушының батыл көтерген бұл идеясының дұрыстығын көрсетті. Повестегі тартымды образдардың бірі — Жанат. Бұл образ арқылы жазушы кеңестің алдыңғы қатарлы жас қызының әсерлі бейнесін жасай алған. Жанат — жоғары дәрежелі білімі

бар маман. Ол өзінің туған ауылындағы мектепте мұғалім болып істейді. Бірақ Жанат осы мамандығына байланысты қызметпен ғана шектеліп қалмайды. Оны туған колхозының бүкіл өмірі, бүгінгісі мен жарқын болашағы — барлығы да қызықтырады. Білімді, парасатты Жанат — тек балалардың ғана емес, үлкендердің де ұстазы сияқты. Өз жоспарын көлденең тартып, Жомартқа қарсы шыққан әкесі Жақыпқа Жанат былай дейді: «Көнсеңіз де, көнбесеңіз де абырой алмассыз. Жомарт жоспары — шытырманы көп, оқусыз адамды шатастыратын жоспар. Көнсеңіз, шатасасыз. Көнбесеңіз, айып арқалап жалғыз қаласыз. Меніңше, осы абыройлы күнде басқа жұмысқа ауысқан жөн болар».

Бұл сөздерді Жанат тек әкесінің қамын, соның бас амандығын ойлағандықтан ғана айтып отырған жоқ. Сонымен қатар бұл бүкіл колхоз өмірін және оны жарқын болашаққа апаруды көздеген Жомарт жасаған үлкен жоспардың тағдырын толғана ойлаудан туған сөздер.

Жанат шындықты жақтайды, көпшілік мүддесін барлығынан да жоғары қояды. Жомарт жоспарымен танысып, оның тереңіне үңілген және одан болашақтың ақиқат тамаша көріністерін таныған Жанат өз әкесінің қателескенін біледі. Сондықтан да ол әкем ренжір деп солқылдақтық жасамайды. Сөйтіп, Жомарттың жоспарын қуаттайды. Жанат бұл жоспардың қабылдануында ғана емес, сонымен қатар оның орындалуында да Жомартқа көп жәрдем көрсетеді.

Жанат — ойлы, парасатты жас. Ол үлкеннің де, кішінің де жан дүниесіне үңілуге, әркіммен лайықты тіл тауып сөйлесуге ұмтылады. Повесте Жанат тек іс-әрекетімен, ұйымдастырушылық қабілеттерімен ғана емес, мөлдір жан дүниесімен, терең сезімдерімен де жарқырап көрінеді.

Жазушының Жанат образын жасаудағы осындай табысты жақтарымен бірге елеулі бір кемшілігі де бар. Яғни ол Жанатты өзінің негізгі мамандығы — мұғалімдікке байланысты өте сараң көрсетеді. Бірер эпизодта ғана суреттелетін оқиғаларды айтпағанда, Жанаттың тіпті мектеп өміріне ешқандай қатынасы жоқ сияқты. Міне, осы кемшілік, негізінен алғанда, тәуір де тартымды жасалған Жанат образының толыққандылығын едәуір әлсіретеді.

Повестегі шынайы жасалған образдардың бірі — Жақып. Ол өз өмірінің он бес жылын «Аманкелді» колхозын басқаруға жұмсаған. Өзінің осы сүйікті қызметіне адал берілген, еңбексүйгіш, тәжірибесі мол Жақып — колхоздың шаруашылығын дамытып, мәдениетін көтеруде

көрнекті істер жасаған адам. «Аманкелдідегі» бір кездегі отыз үй — жүз елуге, отыз бас мал — он мыңға, отыз гектар егістік — мың жарымға жеткен. Міне, колхозды ауылдағы осы өзгерістердің барлығы — Жақып басшылық еткен жылдардың жемістері. Жақып дәулеті молайып, шаруашылығы өскен осы ауылды шын жүректен жақсы көреді. «Айсыз ашық аспан. Жұлдыздар сайрап тұр. Үркер төбеден ауып кеткен. Тымырсық аяздағы тымық әуені сіміре, Жақып күндегі әдетімен колхоз ауылын аралап келеді. Шықырлаған оз аягынан өзге тырп еткен дыбыс жоқ. Аппақ, кең далада ауыл көсіле ұйықтап жатыр.Ақ бесікте құндақтаулы бала сияқты. Жақып байыппен қарап келеді. Түн ұйқысын төрт бөліп, бесік маңында күйбеңдеген ана сияқты. Қай үйдің жанынан өтсе, сол үйдің тарихы есіне түседі. Қай ағашқа көзі түссе, сол ағаштың шыбық кезі елестейді...»

Жақыптың түйсінулері арқылы берілген осы бір суреттерден өз еңбегінің жемісті нәтижелерін көріп қуанған адамның ой-сезімдері айқын аңғарылады. Осындай жақсы нәтижелерге жеткен әрі көпшіліктің қадір-құрметіне бөленген Жақыптың бойында үлкен кемшілік те бар. Оған өзінің көз алдында, өз басшылығымен жасалып өсіп-өнген дүниенің түймедейі — түйедей, ескісі жаңадай болып көрінеді. Колхозды ауылдағы өзгерістер мен жаңалықтарға шын жүректен қуана жүрсе де, Жақып оның бұдан да жарқын болашағына үңілмеген және соған жеткізетін күштер мен мүмкіндіктерді көре алмай қалған. Сөйтіп, оның өз колхозының табыстарына ден қойған көңіл ырзалығы тоқмейілдікке, тіпті кертартпалыққа айналған. Жақыптың бойындағы ең негізгі кемшілік осында, яғни оның болашаққа көз тікпей, өткенге қарайлай беруінде, алға ұмтылмай, қолда барға ғана қанағат етуінде. Жақып — адал адам. Ол шындықты ұнатады, тура айтқанды жаратады. Ол Жомартқа қарсы шыққанда оның жеке басын ұнатпағандықтан, жек көргендіктен қарсыласпайды. Жомарт сенің орныңды тартып алғысы келіп жүр деп жел бергендерге ол былай дейді: «Менікі — шен таласы емес. Егер жұрттың көздегені председательдік болса, мен күзетші-ақ бола салам. Бірақ талас басқада... Колхоз тізгінін сыналмаған сенімсіз ойға билету... қиын. Іш осыған ашиды. Біткен іске сыншы көп, піскен асқа жеуші көп. Сыншының бәрі бірдей мінші ме? Жеудің бәрі бірдей енші ме? Қабылдай беруге болмайды. Қабылдамасаң, тартысады. «Тартысуға қайрат жете ме, бас сауғаға ар жете ме дегенім — мансап қамы емес, жарғақ

құлақ жастыққа тимей, жалындаған еңбекпен жасаған осынау жаңа дүние, жаңа ауылдың қамы...»

Жақыптың Жомартқа қарсы шығуының себептері де және оның бұл ретте қателесіп, жаза басқандығы да осы бір сөздерден анық танылады. Жақып Жомарттай жалын атқан жасқа және сол Жомарттың іс-әрекеті арқылы бейнеленетін озық ой мен ілгерішіл мақсатқа сенбейді. Сөйтіп, болашаққа ұмтылмай, кейін тартатын, колхоз шаруашылығын онан әрі дамытуға оралғы бола бастаған Жақып жеңіліс табады. Озат ой, өршіл идея өз дегенін істейді.

Әрине, Жақыптың мұндай жаза басып, мүлт кетушілікке ұшырауының себебі оның жаулық, қастандық ниетіне байланысты емес. Онда мұндай жат қасиет атымен жоқ та. Қайта, ол колхоз шаруашылығын өркендетуге, көпшілік мүддесі үшін қызмет етуге қалтқысыз берілген. Бірақ ол көз алдындағыдан басқаны көрмей, шау тартып қалған адам. Оның жеңіліс табуының басты себебі осында. Бұл қателіктерін түзеуге Жақыпты өмірдің, колхоз тіршілігі шындығының өзі бастайды. Кейін ол колхоз председателінің орынбасары болады. Осылайша, өмірден өзіне лайықты орын тапқан Жақып еңбек қызығына қайтадан беріледі. Сөйтіп, жазушы Жақып образын орта жолда қалдырып қоймайды. Қайта ол бұл образдың ішкі қайшылықтарын шынайы түрде ашып, оны көп қиындықтар мен кедергілерді жеңу үстінде, жаңару үстінде нанымды суреттейді. Повесте суреттелетін басқа кейіпкерлердің ішінде арнайы тоқталуды қажет ететіні — Ахмет. Шығармада көтерілетін басты, негізгі мәселелердің бірі осы Ахмет образына байланысты. Жалпы алғанда, Ахмет образы — әдебиетіміздегі жаңа, тың образдардың бірі. Жекеменшіктегі дәулет пен қоғамдық дәулеттің бір-бірімен ұласып, қосылып кетуі сияқты аса маңызды мәселені автор осы Ахмет образы арқылы шешпек болған. Кезінде «Миллионер» повесіне баға бергенде әдебиетшілер арасындағы алуан түрлі, даулы пікірлер, әсіресе, Ахмет образының төңірегінде өрістеді. Әрине, бұл заңды да еді.

Кейбір сыншылар Ахмет образы — уақыт алға тартқан мәселелерге жауап беретін, автордың болашаққа көз жібере білуінің нәтижесінде туған бағалы образ деген пікірлер айтты. Ал бірсыпыра әдебиетшілер Ахмет образы — өмір шындығынан алынбаған, ойдан шығарылған образ деп танып, жазушының бұл мәселе жайында ұстаған бағытын сынады.

Расында да, Ахмет образы — күрделі де, қызғылықты да образ. Жазушы Ахмет образы арқылы аса маңызды мәселені қозғауды, бүтінгі күннің шындығы мен болашақтың романтикасын ұштастыруды мақсат еткен. Әрине, бұл — аса бағалы қасиет. Жазушының бұл бастамасы, игі талабы құпталуға да, қуатталуға да тұрарлық. Бірақ гәп тек белгілі бір мәселені тыңнан әрі батыл көтеруде ғана емес, соны дұрыс та көркем шешуде. Міне, осы тұрғыдан қарағанда, автор Ахмет образы арқылы көтерген маңызды мәселесін жеткілікті дәрежеде шынайы, көркем шеше алмаған.

Жазушы Ахметті мейлінше бай, ауқатты тұратын колхозшы ретінде суреттейді. Ол колхоздың ұстасы болып істейді. Өз жұмысына тыңғылықты да маман Ахмет сол еңбегінің арқасында шоласыз, ештеңеге мұқтаж емес дәрежеге жеткен. Тіпті оның байлығы, мол дәулеті енді аяққа оралғы бола бастаған. Сондықтан да ол жекеменшігіндегі малдары мен байлығын колхоздың қоғамдық дәулетіне қосып жіберуді, сөйтіп қажет кезінде керегіне қарай содан алып жұмсап отыруды тілейді. «Сен... ештеңе білмейсің, — дейді ол зайыбы Злихаға,-Мен дүниенің өзін өзіне жұмсап, рахатын көрмекпін. Сен дүние жұмсап, бейнетін көріп отырсың. Дүниені тапқанша — бейнетің дұрыс. Ал тапқан соң не бейнет? Тапқан үстіне таба бер. Тапқаныңның тек қызығын көр. Әйтпесе, неме керек бұл шіркін!» Міне, Ахметтің «философиясы» осындай. Ол осы пікірінен қайтпайды. Ақыр аяғында Ахметтің тілегі орындалып, оның жекеменшігіндегі малдары колхоз фермасына алынады. Ал Ахмет сүт, қымыз, тағы басқа қажет нәрселерді осы фермадан алып тұратын болады. Бұл ретте жазушы мынадай жағдайларды ескермеген. Колхоздың қоғамдық дәулеті әбден кемеліне жетіп дамығанда, ол колхозшылардың барлық қажеттері мен мұқтаждығын толық өтей алатын дәрежеге жеткен кезде ғана колхозшылардың жекеменшігіндегі байлығының, малдарының қажеттілігі болмай қалады. Ал мұндай дәрежеге көтерілгенге дейін колхозшылардың жеке— меншігінде қажеттілігіне қарай малы, байлығы болуы керек. Ал Ахмет жоғарыда айтылған әрекеттерін жасап жүрген кезде ол еңбек ететін «Аманкелді» колхозында мұндай қажетті жағдайлар жоқ. Сондықтан да Ахметтің іс-әрекеті ақталмаған. Өзінің малдарын колхоз фермаларында бақтыру арқылы, түптеп келгенде, Ахмет, мұны өзі де байқамай, колхозға масыл болуға айналған. Шындығында, жекеменшігінде малдары болуы Ахметтің өзі үшін де пайдалы. Үйіне қонақ келіп қалғанда ол құрдасы Мәметтің

қойын алып сояды. Сөйтіп, тұрмыс қажеттігі мен Ахметтің тілектері бір-біріне қайшы келіп жатады.

Жоғарыда аталғандардың барлығы да өзінің іс-әрекеттері, түсініктері жағынан Ахмет уақыттан, өзін қоршаған ақиқат жағдайлардан жеке-дара бөлініп алынған образ екенін көрсетеді. Ахмет образы арқылы көтерген аса маңызды мәселесін жазушы шынайы дәрежеде, көркем де нанымды етіп шеше алмаған. Ахметтің сол әрекеттеріне байланысты оқиғалар повестің жалпы сюжеттік желісіне тұтаса, қабыса еніп тұрған да жоқ. Повесте бұлардан басқа да біраз кемшіліктер бар. Егер повестің алғашқы екі бөлімінде шығарманың негізгі арқауын құрайтын тартыс оқиғалар өрбуі арқылы, адам тағдырының қақтығысы арқылы бейнеленсе, ал повестің үшінші бөліміндегі тартыс желісі жөнінде мұны айтуға болмайды. Яғни повестің соңғы бөлімінде өткір тартыс жоқ. Сондай-ақ осы бөлімде жазушы колхозды ауылда болып жатқан оқиғаларды кеңінен суреттемеген, қайта сол оқиғалар мен істердің нәтижесін ғана баяндауға көбірек бой ұрған. Осы кемшілік повестің көркемдік тұтастығына, әсер етушілік қуатына біраз нұқсан келтірген.

Жазушы романтикаға барамын деп отырып кейбір реттерде өмір шындығынан алыстап кетеді. Мысалы, Алманың Москваға барып, өзі шығарған «Күншуақ» күйін Үлкен театрдың сахнасында орындауы, тағы басқалар — повесте жеткілікті көркемдік мотивировкасы берілмеген, тым әсіреқызыл оқиғалар. Қайта, жазушы бақытсыздыққа ұшыраса да мойымаған, кеңес адамдарының арасында болғандықтан жалғыздық көріп, қасірет шекпеген осы кейіпкерінің жан қуатын, артықшылығын мұндай көріну әсірелеусіз-ақ, шынайы оқиғалар арқылы нанымды суреттеуі керек еді.

Жомарт, Жанат, Алма үшеуінің арасындағы драма да өрістей түсіп, саябырлап тынып қалған. Осы драманы өткір де шынайы суреттеу арқылы жазушы кейіпкерлерінің гуманистік қасиеттерін мол да терең ашуға мүмкіндік алған болар еді. Бірақ өкінішке қарай, ол осы мүмкіншілікті жеткілікті пайдаланбаған. «Миллионер» повесі жазушының шығармашылық іздену, шеберлігін жетілдіру жолында екенін көрсетті. Повесте суреттелген кейіпкерлердің көпшілігі өздерінің іс-әрекеттерімен, характерлерімен дараланып берілген. Повестің тілі де көркем, бейнелі. Жазушы бұл шығармасында да халықтың мақал-мәтелдерін, шешендік сөз нақыштарын мол әрі орнымен қолданған.

Сонымен қатар жазушының өз тілінде де мақал-мәтелдерге, нақылға айналып кетерлік сөз орамдары жиі ұшырасып отырады. «Правда» газеті өзінің 1949 жылғы 17-маусымдағы санында басылған «Жаңалықты сезіну» атты мақаласында Ғ.Мұстафиннің «Миллионер» повесін талдай келіп, бұл — «белсенді колхозшылардың батыл бастамалары мен қажымас күрестерін жырлайтын, жаңалықтың сезімін бойына сіңіре алған шығарма» деп жазды. «Миллионер» повесінің құндылығы мен маңыздылығы осы бір сөздерде айқын айтылған.

...

«Қарағанды» романы — Ғ.Мұстафиннің ең көлемді, әрі күрделі шығармасы. Жазушының ұзақ уақыт бойғы еңбегінің, шығармашылық ізденулерінің жемісі ретінде туған бұл роман 1952 жылы жеке кітап болып басылып шықты. «Қарағанды» орыс тіліне және сол арқылы басқа да көптеген халықтардың тілдеріне аударылды. «Қарағанды» романы оның авторының өзіне бұрыннан да таныс тақырыпқа, яғни социалистік Қарағандының жасалып, өркендеуі және ондағы жұмысшы табының қалыптасып дамуы тақырыбына арналған. Жазушының отызыншы жылдардың аяқ кезінде туған «Өмір не өлім» атты романы да осы тақырыпқа арналып жазылғаны белгілі. Өзін көптен бері толғандырып жүрген бұл тақырыпқа қайта оралуы Ғ.Мұстафиннің әдебиетіміздегі осы игі тақырыпты сүйетіндігін, онымен қабысып кеткендігін ғана көрсетіп қоймайды, сонымен бірге оның шығармашылық талғампаздығын да айқын танытады. Расында да, «Өмір не өлім» көптеген сәтті, табысты жақтарына қарамастан, өзі арналып жазылған үлкен де жауапты тақырыпқа шын мәнісіндегі лайық, татымды шығарма болып шықпаған-ды. Ал «Қарағанды» романында жазушы өзіне бұрыннан таныс сол материалдарды жете зерттеп, сұрыптап, оларды көркемдік шындық дәрежесіне көтерген, сөйтіп кеңестік Қазақстанның ірі өнеркәсіп орталығы Қарағанды туралы кесек те шынайы шығарма жасай алған.

Романда суреттелетін оқиғалар отызыншы жылдардың бас кезінен бастап қырқыншы жылдарға дейінгі кезеңді қамтиды. Бұл — бүкіл елімізде, сондай-ақ кеңестік Қазақстанда ауыр индустрияның қарыштап дамыған шағы, даңқты бесжылдықтар кезеңі.

Жазушы еліміздің өміріндегі осы аса бір елеулі кезеңнің типтік оқиғалары мен тартыстарын дұрыс таңдап, сұрыптап

ала білген және соларды қажетті, лайықты көркемдік түрге бөлеп бере алған. Сондықтан да біз романды оқып отырғанда адамдарымыздың жанқиярлық еңбегіне, жасампаздық қуатына толы сол бір жылдардың тамаша шындығын көреміз, уақыт лебін аңдағандай боламыз.

«Қарағанды» — көп планды, кең тынысты роман. Онда өзара тығыз байланысып, туындап өрбіп жататын мол оқиғалар, қат-қабатымен алынған алуан түрлі құбылыстар бар. Жазушы осылайша оқиғалар күрделілігіне, тартыс өткірлігіне ұмтылу арқылы сол өзі суреттеп отырған кезеңнің шындығын терең де мол ашады, өмір көріністерін кеңінен бейнелейді.

Қарағандының ауыр азапқа, жоқшылыққа толы ескі өмірінің сұрқай суреттері, құлазып жатқан далаға кеңес адамдарының жан беруі, Коммунистік партияның кемеңгер басшылығы мен халықтың қайрат-жігерінің арқасында ескі Қарағандының орнына социалистік жаңа өнеркәсіп алыбының салынуы, осы жолда кездескен зор қиыншылықтар мен тосқауылдар, жасырынған жаулар мен ұлтшылдардың қастандық әрекеттері, олардың тамырларына балта шабылуы, қазақ кеңес жұмысшы табының қалыптасып дамуы — міне «Қарағанды» романында осылай алуан түрлі тақырыптар мен оқиғалар өзара тұтастықта алынып, шынайы да көркем суреттелген.

Әрине, жазушы осындай мол, кесек оқиғаларды құр тізбектей бермей, қайта соларды образды түрде бейнелей отырып, олардың әлеуметтік мәнін ашады. «Қарағанды» романының құндылығы оның осы әлеуметтік тынысының кеңдігінде, онда суреттелген оқиғалардың типтік жағдайларда алынуында, шығарма желісіне өзек болған тартыстардың өткірлігі мен өмірлілігінде. Жазушы романның ең алғашқы тарауларынан бастап-ақ жарқын суреттеулерге және мағына тереңдігіне, тұжырымдылыққа ұмтылады. Бір ғана мысал келтірелік. Роман былай басталады:

«Жан-жағынан темір арқандармен тартып тастаған түпсіз темір труба биік дөңнің бетінде тұр. Оны төңіректей, ертеде салынған бес-алты тас барақ тым аласа, қайсыбірі жарылып қалуға бейімделген, сыртынан тіреп қойыпты. Бірақ маңы жота-жота көмір күлдері, жел лүп етсе, қара боран тұрады. Бірақ жер әлі қызбаған, дымқыл, көктем жаңа басталды. Шаң-тозаң жоқ. Жалаңаш, байтақ жонның бетінде, беттегі меңдей боп қарауытқан осы Қарағандыға көктеммен бірге бір көш еніп келеді».

Міне, романның дәл осылайша басталуында көп мән бар. Ең алдымен, сараң да тұжырымды, бірақ шебер берілген осы бір суреттерден кеңес адамдарының жасампаздық еңбегімен өзгергенге дейінгі ескі Қарағандының жалаңаш та жүдеу көріністерін танимыз, жаңа өнеркәсіп алыбын жасау жолында олар қандай қиыншылықтарға тап болғанын білеміз. Ал қарағандылықтар осындай адам айтқысыз қиындықтарды тек Коммунистік партияның көреген басшылығы, орыс халқының ағалық, адал жәрдемі арқылы ғана жеңе алды. Жоғарыда көрсетілген «Қарағандыға көктеммен бірге еніп келе жатқан көш» — орыс халқының осы қарағандылықтарға жәрдемдесуге келген өкілдері еді.

Сөйтіп, жазушы романда қозғалатын негізгі тақырыптарға, яғни жаңа, социалистік Қарағандының жасалуы және бұл зор істегі орыс халқының қамқорлығы мен көмегі туралы тақырыптарға оқушы назарын салған жерден-ақ аударады. Өзара тығыз байланыста алынған осы екі тақырып романның бүкіл өн бойына барған сайын өрістеп, тереңдей түсіп отырады. Шетелдік концессионерлер мен капиталистерден «мұраға» қалған нәрселер — қирап қалған бірен-саран шахталар мен бұзылған жер барақтар және жұмысшылардың көкірегінде ұялаған ескі өмірдің жантүршігерлік елестері ғана еді. Донбастықтарды Қарағандыға бастап келген, болашақ трест бастығы Щербаковқа қазақтың бір кемпірі өз мұңын шағып былай дейді: «...Әкемнің қабірі, көкірек ауруынан кетті. Мынау күйеуімдікі, шахтада өлді. Мынау — баламның қабірі, жанып тұрған от еді! Ағылшындармен жанжалдасты. Ағылшындарға урядник Кудря болысты. Кудрямен төбелесте қылыштан қаза тапты. Бұл жатқандардың көбі азап, шермен өткендер... Жалғыз немерем, аты Әкім, жетім бала. Әуелі құдайға, сонан соң саған тапсырдым, шырағым. Адам қыл». Қарт ананың аузынан айтылған осы бір сөздерде бүкіл халықтың өткен өмірден қалған ауыр, аянышты ойлары мен болашаққа артқан аяулы үміті бар. Осы моладай жансыз, безерген даланы еңбек күйі кернейді. Болашақ өндіріс алыбы аз уақыттың ішінде-ақ еңсесін жоғары көтереді. Әрине, мұның барлығы ешқандай қиындықтарсыз, оп-оңай бола салмайды. Романда суреттелетін ұнамды кейіпкерлер осы қиындықтарды жеңу үстінде өседі.

Романның ең алғашқы тарауларынан бастап-ақ жазушы бізді жаңа Қарағандының жасалу процесімен таныстырады. Тәжірибелі, маман жұмысшылар механикалық

цех құрастырады, жер астынан көмір атбарабан арқылы тартылатын болады, қолда бар мүмкіншіліктердің бәрі сарқа пайдаланылады. Көмір алыбының салынуына республика, тіпті бүкіл ел көмектеседі. Теміржол арқылы Қарағанды ірі өндіріс орталықтарымен байланысты. Оған маман кадрлармен бірге техника да келеді. Кеңес адамдарының уақыттан озған тегеурінді қарқынына бұл да өлшем бола алмайды. Механикалық цех кейін механикалық заводқа айналады. Вагонеткалардың орнына электровоздар заулайды. Жер астындағы шахталардың саны молаюмен бірге олардың көпшілігінде жұмыс механикаландырылады. Сонымен қатар ашық шахталар арқылы көмір өндіру ісі де қолға алынады. Сөйтіп, автор үлкен Қарағандыны жасауда кеңес адамдарының белсенді еңбегімен бірге өндірісті социалистік жолмен ұйымдастыру және оған техникалық прогресті кеңінен енгізу ісі де ерекше рөл атқарғанын шынайы көрсетеді.

«Қарағанды» романының табысты болып шығуын қамтамасыз еткен басты себептердің бірі — жазушының өзі суреттеп отырған өмірлік материалдарды жақсы білетіндігінде. Ол шығарма кейіпкерлерін өндірісте, іс-әрекет үстінде мол көрсетеді және олардың әрқайсысының жасайтын еңбегінің ерекшеліктерімен де жете таныстыруға ұмтылады. Яғни романның беттерінен жасампаздық еңбектің кең де алуан түрлі көріністерін табамыз. «Қарағанды» романының ең негізгі, басты кейіпкері — халық. Жазушы халықтың жинақты тұлғасын айқын дараланған, типтік образдар арқылы ғана емес, сонымен қатар қалың көпшіліктің іс-әрекетін тұтастай суреттейтін жекелеген арнаулы эпизодтар арқылы да бейнелейді. «Майқұдық», «Нұра» каналдарының қазылуы, тұрғын үйлердің салынуы, ақ түтек боран мен үскірік аязда және өрт шыққан уақытта шахтаның аман сақталып қалуы сияқты жинақты оқиғалар суреттелетін эпизодтар бұған толық дәлел бола алады. Бұл эпизодтардан қалың көпшіліктің мұқалмас қайрат-жігерін, өктем тегеурінін сезіп те, сүйсініп те отырамыз. Романда қозғалатын негізгі мәселелердің бірі — қазақтың кеңестік жұмысшы табының жасалуы, қалыптасуы туралы мәселе. Қарағандыны алып өнеркәсіп орталығына айналдыруда шешуші рөл атқарған, ұйытқы болған күштер — бұрыннан келе жатқан жергілікті маман жұмысшылар мен көмекке келген донбастықтар. Бірақ жаңа Қарағандыны жасау жолындағы қажеттіліктерді өтеу үшін бұлар да жеткіліксіз еді. Сондықтан да жұмысшы кадрларының санын молайту,

олардың еңбектегі шеберліктерін жетілдіру ісі кезек күттірмейтін міндет ретінде алға тартылды. Коммунистік партия бұл міндетті де жемісті түрде шешеді. Күні кеше ғана мал баққан, көшпелілік өмір кешкен жарлы-жақыбайлар енді маман жұмысшыларға айналады. Осы процесс, яғни жергілікті халықтан өндіріс кадрларын жасаудың, ұйымдастырудың жолдары мен тәсілдері романда шынайы әрі нанымды бейнеленген. Жұмысшы табының осы жаңа кадрларының тағдырларымен, олардың жарқын да әсерлі образдарымен таныса отырып, оқушы олардың айқын өсу жолын көреді және бұл игі істе коммунистер мен орыс жұмысшыларының қамқорлығы, көмегі қаншалықты мол болғанын жете аңғарады. «Қарағанды» романы өзінің осындай алуан тақырыптылығымен, көп пландылығымен ғана ерекшеленіп қоймайды. Бұл ретте жазушының мол қамтылған сол тақырыптарды өзара байланыстыра әрі дұрыс та көркем шеше алғанын ең алдымен атауға керек. Романның көркемдік қуаты да оның осы қасиетінде. «Қарағанды» романы Ғ.Мұстафиннің образ бен характер жасауда бұрынғы шығармаларындағы дәрежесінен едәуір биіктегендігін, оның жазушылық шеберлігі ұштала түскенін көрсетті. Романда кейіпкерлердің толыққанды образдарының тұтас галереясы бар. Бұл ретте ұнамды кейіпкерлердің бейнелерін жасауда жазушының қол жеткен табысы әсіресе мол екенін ерекше атап айту қажет.

Романның осы ең негізгі ұнамды кейіпкерлерінің бірі — Мейрам. Бұл образ саяси басқарушының, партия қызметкерлерінің тұлғасын бейнелейді. Осы алуандас кейіпкерлер Ғ.Мұстафиннің бұрынғы шығармаларында да ұшырасатын. Бірақ олардың ішінде партия қызметкерлерінің типтік бейнесін таныта алатын шынайы образ жоқ еді. Сөз болып отырған шығармасында жазушы сол бұрынғы кемшіліктерінен арылған. Ол Мейрам образы арқылы партия қызметкерінің жинақты бейнесін жасаған, партияның жетекшілік, ұйымдастырушылық рөлін шынайы суреттей алған. Сондықтан да Мейрам образын Ғ.Мұстафиннің шығармашылығындағы бір қадам алға басу, ілгерілеу деп санау керек.

Жазушы оқушыны Мейрамның өткендегі өмірімен толық таныстырып жатпайды. Бірақ кейіпкерінің ой толғанулары мен естеліктері арқылы автор оның бұрын кім болғаны жайында оқушыға бірсыпыра мәлімет бере алған.

Мейрам — тәрбиені де, білімді де тек мектептен алған жас кадр. Міне, ушымен алғаш рет кездескенде Мейрам

осындай адам ретінде көрінеді. Партия Мейрамды жасалып жатқан Қарағанды өндірісіне жібереді. Бұл — бір жағынан Мейрамның өз тілегі еді. Жаңадан құрыла бастаған Қарағанды сияқты өнеркәсіп алыбы іс-әрекетке кең өріс беретінін Мейрам жақсы түсінеді. Күні кеше құлазып жатқан далада болып жатқан ғажайып өзгерістердің пафосы, еңбек романтикасы оны қатты қызықтырады. Мейрамның дәл Қарағандыға баруды қалауы да осыдан. Сонымен қатар болашақ істердің қиындығы мен жауапкершілігі оны қатты толғандырады да.

Мейрам Қарағандыда қайнаған еңбек дүниесімен, алуан түрлі адамдармен бетпе-бет кездеседі. Ол бұрын білімді, «даналықты кітаптан, алыстан іздесе», Мейрам сол керегін енді халықтың қалың ортасынан, соның өмірінен табады. Қарағандыға келісімен-ақ Мейрам жергілікті жағдайлармен, жасалып жатқан істермен жете танысады. Алғашқыда Мейрам тап болған қиындықтарды жазушы жуып-шаймайды, қайта оларды бар күрделілігімен, шынайы түрде суреттейді. Институт қабырғасынан жаңада ғана шыққан Мейрамға шахта жайы, Қарағанды өмірі мүлдем таныс емес. Бұл жағдай оған көп қиындық келтіреді. Шахтадағы жұмыстармен, көміршілердің өмірімен, іс-әрекеттерімен байыпты түрде таныса келіп Мейрам өндірістегі қиындықтар әсіресе мол әрі күрделі екенін біледі. Шахталардағы еңбек өнімділігі нашар екенін көреді ол. Бұл, бір жағынан, техниканың тапшылығына, екінші жақтан, жұмысшылар кадрларының аздығына байланысты еді. Ал шахталарға ауылдан келген жаңа жұмысшылардың көпшілігі тез мамандануып кете алмайды. Қалың көпшілікті үйрету, тәрбиелеу мәселесімен бірге оларға қажетті жағдайлар жасау міндеті де алға шұғыл тартылады. Міне, кездескен қиындықтардың осындай күрделілігі мен жасалып жатқан істердің алуандығы Мейрамды үрейлендірмейді. Қайта сол қиындықтарға қарсы ол батыл құлаш ұрады және осы жолда өзінің бойындағы барлық қайрат-жігерін аямай жұмсайды. Сөйтіп, Мейрам өзін байыпты басшы, алғыр ұйымдастырушы ретінде танытады.

Мейрам образының бұл қуаттылығы оның халықпен, қалың көпшілікпен тығыз байланыстылығында. Ол өзін сол көпшіліктен, соның мақсат-мүдделерінен бөлежарып қарамайды. Мейрамның негізгі тірегі коллективте. Жұмысшылардың еңбекке деген шын пейілі, құштарлығы Мейрамның жанына жігер қосады. Мысалы, маман жұмысшы, еңбек озаты Ысқақпен сөйлесе келіп, Мейрам

оның бойынан «көмір теңізіне шөгіп жатқан шонжар белді төңкеріп тастайтын сана табады». Мейрамның Ысқаққа: «Ағай, қолыңдағы шамыңнан кеудеңдегі шамың жарығырақ екен»,— деуі оның тек ризалық сезімін ғана білдіріп қоймайды. Бұл сөздерден жұмысшылардың социалистік еңбекке деген саналы қатынасын Мейрамның жоғары бағалайтындығын және содан өзі де қуат-жігер табатындығын танимыз. Қайнаған еңбек дүниесінің қалың ортасында, алуан түрлі адамдармен бірге істес бола жүріп, Мейрам ширыға шынығады. Оның ой-өрісі кеңейіп, алғырлығы да арта түседі. Мейрам үшін жұмыстың үлкен-кішісі, жақсы-жаманы жоқ. Социалистік жаңа Қарағандыны жасау жолындағы ұлылы-кішілі істер оны түгелдей толғандырады. Сондықтан да Мейрам әрбір құбылысқа сырттай болмашы көрінетін жайларға үлкен байыптылықпен зер сала қарайды. Мысалы, Бондаренко, Жұмабай сияқты жұмысшылардың арасындағы жанжалға Мейрам ерекше мән береді. Өйткені, осындай елеусіз фактінің сыртында жасырын сыр барын, яғни бұл — тап жауларының айдап салуының салдары екенін ол жақсы түсінеді. Сондықтан да Мейрам мұндай арандатушылық әрекеттерге қарсы дереу және дұрыс шара қолданады. Мейрам образында оптимистік қуат мол. Ол қолда барды қанағат етіп, шектеліп қалмай, әрдайым алға ұмтылуды көздейді. Ол әрбір құбылысқа коммунистік саналылықпен қарайды, болашақтың биігінен қарап көз тігеді. Мейрам коммунизм жеңісін армандайды, ол жарқын идеал үшін күреседі. Бұл ретте де ол іскерлік пен саналылықты өзара тығыз байланыста алып қарайды. «Коммунизм бір күнде орнай ма! Бөгеттерді біртіндеп жеңе отырып жетеміз... Қалада қазір жүздеген шофер басшыларын жетелеумен жүр. Өз үйін баға алмаған хозяйка, өз машинасын жүргізе алмаған басшы «мүгедек» емес пе?» — деп ойлайды Мейрам. Жазушы Мейрам мен Шербаковтың арасындағы достық қарым-қатынастарды да әсерлі бейнелей алған. Олардың бір-бірімен достығы нағыз коммунистке тән абзал қасиеттер негізінде, Қарағанды сияқты көмір өнеркәсібінің алыбын жасау жолындағы игі мақсат пен үлкен мүдделердің тұтастығы негізінде келіп туған. Егер тәжірибесі мол, көргені мен түйгені көп Шербаков Мейрамға ақыл-кеңесін айтып, ұстаздық жасап отырса, ал жігерлі алғыр жас Мейрам өзінің іскерлігімен, ұйымдастырушылық қабілетімен Шербаковты әрдайым қолдап, қуаттап отырады. Сөйтіп

олардың арасындағы қалтқысыз, адал достық үлкен күшке айналады. Бірақ бұл достық олардың ортақ іс мүддесі үшін бірін-бірі коммунистерше сынауына бөгет жасамайды. Мысалы, іскерлігі жетпейтін Сейтқалыны шахта бастығы етіп орынсыз жоғарылатқаны, Жаппар мен Ырымбекті таңдамай жауапты қызметке алғаны үшін Шербаковқа Мейрам: «Сізде жақсы ниеттен туған жарамсыз бір мінез бар. Қазақты талғамай сүйесіз», — деп қатты сын айтады. Шербаков Мейрамның бұл әділ сынынан тиісті қорытынды шығарады. Уақыт, өмір шындығы Мейрам пікірінің дұрыстығын көрсетеді.

Халықтың қалың ортасынан шыққан, оның ауыр тұрмысын, ащы мұңын жастайынан көріп өскен Мейрам сол халық мүддесі үшін қызмет етуді өзінің ең басты, игі борышы санайды. Кейін сұрастыра келе өзінің жақын ағайыны болып шыққан қарт Жайлаубайға қандай мейірімділік жасаса, жаулардың қастық әрекеті салдарында зәбір-жапа шеккен Маусымбайға да Мейрам сондай жылы шырай көрсетіп, қамқорлық жасайды. Мейрамның бойындағы осындай гуманистік қасиеттерді жазушы сол образдың табиғи сипаты ретінде ұсынады. Романда Мейрам өзінің іскерлігімен, алғырлығымен ғана емес, сонымен қатар нағыз коммунистке тән рухани-моральдық тазалығымен, адалдығымен, аяулы сезімдерімен де тұтас, жарқырап көрінеді. Қандай тосқауылдар кездессе де, тайғақтық жасамай, қиындықтарға төтеп беру, қысылшаң жағдайлардан көрегендікпен жол тауып шығу, қалың көпшілікті еңбек майданында ұйымдастырып, бастай білу және сол көптің пікірімен санасып, одан әрдайым үйреніп отыру сияқты партия қызметкерлерінің бойына лайық абзал қасиеттерді жазушы осы Мейрам образы арқылы жинақтап бере алған.

Қарағандыға алғаш шахтадағы партия ұйымдастырушысы болып келген Мейрам кейін партияның қалалық комитетінің секретары болып істейді. Романның соңғы тарауларында Мейрамның республикалық жауапты қызметтердің біріне жоғарылатылғаны жайында айтылады.

Сөйтіп ол қатардағы қызметкерден мемлекет қайраткері дәрежесіне дейін көтеріледі. Мейрамның бұлайша биіктеуін социалистік жаңа Қарағандының жасалуы мен өсу процесінен бөліп алып қарауға болмайды. Романда Мейрамның осылайша заңды да лайықты түрде, сатылап өсу жолының нанымды да көркем шындығы бар.

Сөз болып отырған шығармадағы тұлғалы, бедерлі образдардың бірі — Сергей Петрович Шербаков. Автордың экспозициялық баяндауынан оқушы Шербаковтың ата-бабалары да шахтер болғанын, өзі де он төрт жасынан бастап шахтада істегенін, кейін Москвада өндіріс академиясын бітіргенін біледі.

Партия Шербаковты Қарағандыға трест бастығы етіп жібереді. Қарағандыға келісімен-ақ ол шұғыл іске кіріседі. Ағылшын капиталистері қашып кеткеннен кейін шахтаны күзетіп қалған ескі жұмысшы Ермек заводтың кілтін Шербаковқа табыс етеді. Осы эпизодта символикалық үлкен мән бар сияқты. Ермек берген кілтті қолына алып тұрып, Шербаков көпшілікке қарап былай дейді: «...Осыдалада Апақ Байжанов қой бағып жүріп, суыр інінен Қарағанды көмірін тапқалы жүзге жуық жыл өтіп барады. Содан бері орыс-ағылшын капиталистері қазақ жерінің байлығын, қазақ халқының арманын осы кілтпен жауып ұстағандай болса, біз енді осы кілтпен бәрін ашамыз. Коммунист партиясы, кеңес өкіметі жіберді бізді... Жұмыс көп, қиындықтар коп, бірақ халық күші одан да коп. Ол күшті ұйымдастыра білсек, біз алмайтын қамал жоқ...» Ермектің Шербаковқа ұсынған осы кілті ескі Қарағандыны жаңа өндіріс алыбына айналдыру жолында жұмсалатын зор еңбектің эстафетасы тәрізді. Бұл эстафета сенімді де берік қолда. Романның басқа кейіпкерлері сияқты, Шербаков та өзі айтқан сол «көп қиындықтарды, көп жұмысты» игеру үстінде суреттеледі. Еңбек майданында шыныққан Шербаковтың өмірлік мол тәжірибесі бар. Ол өзінің іскерлігін жаңа Қарағанды жасалуының алғашқы кезеңінде, яғни қиындықтар мол да күрделі болған шақта әсіресе айқын танытады. Шербаков жұмысшыларды шығармашылық еңбекке шеберлікпен жұмылдыра біледі. Шербаковтың күші оның коллективпен тығыз байланысында. Коллективке басшылық жасап, оған арқа сүйеумен бірге ол сол көпшіліктен өзі де әрдайым үйрене, өнеге ала жүреді. Шербаковтың үлкен адамгершілік сезімдері оның Мейраммен қарым-қатынастарынан анық көрінеді. Ол Мейрамға әкелік қамқорлық сезімімен, жылы мейіріммен қарайды. Шахтаға алғаш келгенде тәжірибесі аздықтан қиындық көрген Мейрамға ақыл-кеңес беріп, оны жаза басудан, жаңсақ әрекеттер жасаудан сақтандырып отыратын да—сол Шербаков. Осы екі кейіпкерінің арасындағы достықты жазушы зор көркемдік қуатпен, әсерлі бейнелеген. Мейрам мен Шербаковтың өзара бұл достығы жұмыстың ортақ мүдделері үшін олардың бірін-

бірі сынауына бөгет жасамайды. Қайта, олар осы достықты ұлттар арасындағы татулықтың белгісі деп танып, оны қастерлеп, жоғары ұстауға ұмтылады. Романның соңғы тарауларының біріндегі Шербаковтың: «Бізде не жасалса, бірлестік күшімен жасалады... Ұлт достығындай, жолдастық достықтар да мызғымасын!..» — деген сөздері осы игі ниетке, шын ықылас сезіміне толы. Шербаков образының осындай құнды жақтарын атап көрсетумен бірге осы кейіпкерінің бейнесін жасаудағы жазушының елеулі бір кемшілігі жайында да айтпауға болмайды. Бұл кемшілік романның соңғы көптеген тарауларында Шербаков образының өсу үстінде берілмей, статикалық күйде қалып қоюына байланысты. Жаңа Қарағандыны жасаудың алғашқы кезеңі суреттелетін тарауларда мол да жарқын көрінетін Шербаковқа автор кейін кесек қимылдар, аршынды әрекеттер жасатпайды. Осының салдарынан бұл ұтымды кейіпкердің өсу өрісі, әрекет шеңбері едәуір тарылып қалған. Бірақ негізінен алғанда сәтті де шынайы жасалған Шербаков образының көркемдік құндылығы мен әсер етушілік қуатын бұл кемшілік, әрине, әлсірете алмақ емес. Шербаков — өмір шындығынан алынған, айқын да жанды образ. Бұл образ арқылы жазушы Қарағанды құрылысының алғашқы кезінде трест бастығы болып істеген, Донбастан келген тәжірибелі, кәнігі кенші Корней Осипович Горбачевтың тұлғасын бейнелеген. Бірақ Шербаков образы — осы прототиптің жалаң көшірмесі емес. Шербаков бейнесінде автор орыс адамына тән таңдаулы қасиеттер мен жақсы сипаттарды жинақтап, типтендіріп көрсеткен.

Романда жұмысшылардың көптеген тартымды, қызғылықты образдары бар. Егер Сейтқалы, Ермек, Ысқақ сияқты кейіпкерлердің бейнелерінен Қарағандымен бірге жасасып келе жатқан ескі жұмысшылардың тұлғаларын танысақ, ал Жанәбіл, Боқай, Балжан, Жұмабай образдарынан жұмысшы табының жаңа буынының, яғни жұмысшылардың ауыл кедейлері мен малшылардың арасынан шыққан өкілдерінің өмірі мен тағдырын көреміз. Бұл кейіпкерлердің өмірлік жолдары қандай әралуан болса, олардың характерлері, ой-сезімдері де өзара соншалықты өзгеше. Бірақ өздері мұрат етіп күресіп жүрген мақсат-мүдделердің ортақтығы оларды бір-бірімен соншалықты жақын табыстырып жіберген. Кейіпкерлерінің характерлеріндегі осындай ортақ сипатты баса бейнелеуге жазушы ерекше назар аударған. Бұрын

ағылшын капиталистерінің езгісінде болып, әбден титықтап қалған Ермек, Ысқақ, Сейтқалы сияқты қарт жұмысшылар жаңа Қарағандыны жасау жолындағы күресте өздерінің жанқиярлық еңбегімен көзге ерекше түседі. Олардың бойларындағы мұндай өзгерістердің мотивировкасын жазушы Ысқақтың мына бір сөздері арқылы ұтымды ашып тастайды. «Ағылшындар, подрядшіктер үшін де төгілген бұл тер. Төбеден су сорғалап, тізеден саз кешіп, еңбектеп тартатынбыз шананы. Сөйтіп тапқан тиыннан да жейтін олар. Енді жеуші жоқ. Ұқсата алмасаң, өз обалың өзіңе», — дейді Ысқақ, өзі көзімен көрген екі дәуірді салыстыра келіп. Азат еңбек және оған деген социалистік, саналы көзқарас адамның жасампаздық қуатын молайтып, еселендіре түседі. Осы бір ойды жазушы образды түрде көркем бейнелей алған.

Аталған кейіпкерлердің ішінде жазушының көбірек назар аударғандары — Ермек пен Жанәбіл. Бұлар жұмысшы табының екі түрлі буынының өкілдері болып табылады. Ермек — тәжірибелі, кәнігі шахтер. Ол өзінің мамандығын шын жүректен сүйеді. Рас, оның әр кезеңдегі шахтерлік еңбекке деген көзқарасы бірдей болған жоқ. Бұл заңды да. Егер Ермек бұрын шахтерлік еңбекті әйтеуір күнелтудің амалы деп санаса, ал кеңестік дәуірде оның өз еңбегіне қатынасы мүлдем өзгереді. Ол енді еңбектің қоғамдық сипатын дұрыс түсінетін дәрежеге көтеріледі. Ермек өзі ғана еңбек озаты болумен шектеліп қалмайды. Сонымен қатар ол басқалардың да жемісті еңбек етуін көздейді. Әкім сияқты жас шахтерге оның ұстаздық қамқорлық жасауы осыны көрсетеді.

Ермек — өсу үстінде берілген образ. Ол қарапайым жұмысшыдан шахта бастығына дейін көтеріледі. Бұл ретте жазушы оны әйтеуір өсіре салмайды. Қайта Ермектің осындай өрлеу жолы романда кеңінен әрі шынайы бейнеленген.

Романдағы қызғылықты образдардың бірі — Жанәбіл. Жазушы Жанәбілдің образын жеткілікті дәрежеде даралай алған. Ол ең алғаш көрінген сәттерінен бастап-ақ өзінің характерімен оқушыға айқын танылады. Оның бойында жалын атқан қайрат, еңбекке деген құштарлық бар. Алдына қойған мақсатына жету жолында Жанәбіл қандай қиындықтардан болса да жалтармайды. Қайта ол қиындықтар кездескен сайын еселеген жігермен күреседі. Тәжірибелі орыс жұмысшыларының көмегімен Жанәбіл тез уақыттың ішінде-ақ ысылып, маманданып алады. Ол

алғашқыда токарь-техник болып істейді, кейін Москвадағы жоғарғы партия мектебінде оқиды. Романның соңғы тарауларында партияның қалалық комитетінің секретары болып тағайындалған Жанәбілдің осы салада да белсене еңбек етіп жүргенін көреміз. Сөйтіп, бір кездегі «ойы қолынан шорқақ, қолы ойынан шорқақ» жалшы Жанәбіл енді зор коллективке саяси басшылық ететін үлкен ұйымдастырушыға айналады. Жазушы Ермекпен Жанәбілді және өзінің басқа да көптеген кейіпкерлерін осылайша өсу үстінде көрсеткенде әсірелеушілікке де, схематизмге де ұрынбаған. Жоғарыда аталған кейіпкерлердің еңбекте, қызметте ғана биік дәрежеге көтеріліп қоймағаны, сонымен қатар олардың ой-өрісі кеңейіп, жан дүниесі байығандығы да романда реалистік түрде бейнеленген. Күні кеше ғана азапты тұрмыстың ауыр тақсіретін тартқан, кеңес өкіметі жылдарында бақытты өмірге қолы жеткен осы жандардың жарқын тағдыры социалистік қоғамымыздың, Коммунистік партияның қайта жасаушылық, тәрбиелеушілік қуатына айқын айғақ болып табылады. Романның негізгі тақырыптарының бірі — жаңа дәуір әлеуметтік қызметтің кең өрісіне шығарған қазақ әйелінің тағдыры туралы тақырыпты жазушы Ардақ образы арқылы шешкен.

Ардақтың тағдыры мен өмірі оқушыны қатты қызықтырып, толғандырып отырады. Ол — бұрын елді зар жылатқан, «шынжыр балақ, шұбар төс» болыс болған, кейін атын өзгертіп жасырынып жүрген Әлібек сияқты адамның қызы. Бірақ ол Әлібектің тәрбиесінде де болмаған, оның әкелік мейірімін де сезіп көрмеген. Оның ес білгеннен кейін көргені — кеңес шыңдығы, тәрбие алған орны — кеңес мектебі. Ардақ — кеңестік дәуір тудырған жаңа адам. Ол әке ырқына көнбістікпен табына беруден аулақ. Қарағандыға алғаш келген шақта Ардақты онда жасалып жатқан зор істер қатты қызықтырды. Жігерлі, жанарлы жас Ардақ та көппен бірге еңбек етуге, сол ортақ іске өз үлесін қосуға ұмтылады. Өйткені ол өз өмірінің мағынасын еңбектен, халық игілігіне қызмет етуден іздейді. Бірақ Ардақ үлкен өмірдегі өз орнын бірден және оп-оңай тауып ала қоймайды. Сөйтсе де ол коллективке пайдалы болу тілегінен танбайды. Оның құрбысы Майпаны қасына ертіп канал қазу жұмысына қатынасуы, маман жұмысшы болуға талаптануы бұған айқын дәлел.

Мейрамның және Шербаковтың ақыл-кеңесімен Ардақ кейін жұмысшылардың сауатын ашатын мектепте мұғалима болып істейді. Өйткені осы қызмет үшін Ардақ

әсіресе қажет еді. Сауатсыз, қарт жұмысшыларды оқыту, үйрету оңайға соқпайды. Ардақ көп қиындықтарға кездеседі. Бірақ ол мойымайды. «Буыны қатып» кеткен қарт жұмысшыларды Ардақ шын ықыласпен оқытады. Ол өзінің қуанышы мен бақытын да осы игі қызметтен табады. Сөйтіп жазушы Ардақтың образын оның әлеуметтік қызметте неғұрлым көбірек көрінуіне сәйкес терең де мол ашады.

Жазушы Ардақтың іс-әрекетін, еңбексүйгіштігін бейнелеумен бірге оның рухани тазалығын, адамгершілік сезімдерін суреттеуге де көп көңіл бөлген. Бұрын қандыбалақ, жыртқыш болған әке жаулық ниеттен тыйылып, түзелді ме, әлде ол қастандық ойларын бүркемелеп, жасырып жүр ме? Міне, осы бір күдікті сұрақ Ардақты ұзақ уақыт бойы қинай толғандырады. Бұл жағдай Ардақтың Мейрамға деген сүйіспеншілік сезімдеріне де көп салқынын тигізеді. Ардақтың осындай рухани драмасын жуып-шаймай, бар күрделілігімен жеткізе аша отырып, жазушы сүйікті кейіпкерінің моральдық тазалығын, жан дүниесінің байлығын шынайы суреттей алған.

Сонымен қатар жоғарыда Шербаков образына тағылған сынды осы Ардақ бейнесіне байланысты да айтуға болады. Яғни жазушы Ардақтың Мейраммен қосылғаннан кейінгі өмірін сарап да үстірт суреттеген, оның әлеуметтік қызметінің өрісін тым тарылтып жіберген. Ардақтың аспирантурада оқитындығы, диссертация жазып жүргендігі жайында жазушының өз тарапынан берген сырдан баяндаулары бұл образды, әрине, өсіре алмақ емес. Романның соңғы тарауларында да автор Ардаққа оның өзіне лайық іс-әрекеттер жасатуға, сөйтіп кейіпкерінің характерін дамыта суреттеуге тиіс еді. Бірақ ол бұлай етпеген.

Жалпы алғанда, кейбір жекелеген кемшіліктеріне қарамастан, жазушы Ардақ образын қызғылықты да тартымды етіп жасай алған.

Романның ұнамсыз кейіпкерлерінің ішінде басқалардан гөрі оқшау да мол көрінетіні — Әлібек. Бұрын еңбекші халықты сүліктей сорған, кеңес өкіметінің қас жауы болған бұл қорқау сол қара ниетінен әлі қайтпаған. Бірақ ол енді алыс-тартыстың жаңа, жасырын тәсілдеріне ауысқан. Әлібек өзінің өктемдігі жүріп тұрған өткен өмірді өгейлейді. Ал зор қарқынмен жасалып, еңсесін биік көтеріп келе жатқан жаңа дүние оның апшысын қуырып, жаныштай түседі. «Шіркін, кең дүние?» — деп көкірек жара, шерлене күрсінуі оның іштей таусылып, өзін — өзі жегідей жеп

жатқанын аңдатады. Бірақ ол қарап өлмеуге, шамасынан келгенше зарарлы уытын көбірек жаюға тырысады. Басқа жау кейіпкерлерге қарағанда Әлібекте қимыл, әрекет мол. Шахтаны құлатып, зиянкестік жасайтын да, жұмысшылардың арасында үлт араздығын қоздыруға тырысатын да, жекелеген маман кадрларды өлтіретін де, Махмет сияқты ашық ауыз адамдарды өзінің қастық мақсатына көлгірлікпен пайдалана білетін де — осы Әлібек. Оның өткені қандай күңгірт болса, келешегі де сондай қараңғы, үмітсіз. Әлібектің адамгершілік сезімдерден жұрдай болған жауыздығы оның туған қызы Ардаққа деген қарым-қатынасынан да анық байқалады. Қашып кеткен жерінен қайтып келіп, Ардақты өз қолына алғанда Әлібек мұны әкелік сезімі оянғандықтан жасамайды. Кеңес мектебінде тәрбиеленген, білімді, парасатты Ардақты қолында ұстау арқылы Әлібек өзінің өткендегі айыпты іздерін жасыруға тырысады. Ал кейін Ардақтың кеңестік идеяға шын жүректен берілгендігіне көзі жеткеннен кейін Әлібек оны өзіне жау санайды. Ол тіпті Ардақты өлтіру жөнінде де ойлайды.

Әлібектің осындай зиянкестік әрекеттерін, жаулық ниеттерін, оның рухани жағынан құлдырап азғындағанын жазушы шынайы суреттейді. Осы тұрғыдан алып қарағанда Әлібек бейнесін типтік дәрежеге көтерілген образ деп санауға болады.

Ал романның басқа ұнамсыз кейіпкерлері (Жаппар, Ырымбек) жөнінде мұны айту қиын. Бұларда аршынды іс-әрекеттер де, айқын характер де жоқ. Жаппар мен Ырымбектің зұлымдық әрекеттерін жеріне жеткізе әшкерелеудің, сөйтіп олар өкілдері болып табылатын жау әлеуметтік топтың түп төркінін терең ашудың орнына жазушы схемалық үлгілерге салынған, шаблонға ұрынған. Бұл кейіпкерлердің образдарының терең ашылмауы, олардың зиянды іс-әрекеттерінің жете көрінбеуі романдағы негізгі тартыстың өткірлігін едәуір әлсіреткен. Романда бұлардан басқа да образдары толық та айқын көрінбеген көптеген кейіпкерлер бар. Әшірбек, Чайков, Козлов, Лапшин, Майпа сияқты кейіпкерлердің бейнелері бұған анық дәлел. Жазушы бұларды көркем образ ретінде жеткілікті даралай алмаған. Романның композициялық құрылысында, ондағы тартыстардың шиеленісе өрбуінде де бірсыпыра кемшіліктер бар. Бұл ретте романның үшінші бөлімін мысалға алуға болады. Жазушының көтерген негізгі тақырыптары романның алғашқы екі бөлімінде өздерінің қажетті көркемдік шешімін тапқан. Қарағанды сияқты

өндіріс алыбының қалай жасалғаны туралы да оқушы жеткілікті түсінік алады. Романның негізгі кейіпкерлері де өздерінің характерімен, іс-әрекеттерімен көрінеді. Осы жеткілікті де. Шығарманың оқиға желісін бұдан әрі жасанды түрде соза беру қажетсіз еді. Бірақ автор мұны ескермеген. Соның салдарынан романның үшінші бөлімі шығарманың жалпы идеялық-көркемдік арқауымен заңды түрде қабыспай, тек эпилогтың қызметін ғана атқарып тұр.

Романның атап айтуды қажет ететін тағы бір кемшілігі бар. Жазушы еңбек процесін мол көрсетемін деп отырып, кейде негізгі нысанадан алыстап кетеді. Мұндай реттерде ол жалаң технологияны баяндауға ұрынып, кейіпкерлерінің жан дүниесін, сезім күйлерін біраз көлегейлендіріп алады. Романның жоғарыда аталған бірсыпыра кейіпкерлерінің образдары жарқын болып шықпағандығының себебі осында.

Жазушы оқиғалар өрбуі арқылы ашылуға тиіс көптеген жәйттарды көркем бейнелеудің орнына кейде жалаң баяндаулармен ғана шектеледі. Мысалы: «Айлар, жылдар өтті. Шахталар мүлде өзгерді. Шахта өзгерісі бүкіл Қарағандыны өзгертті. «Техника бәрін шешеді» демейді қазір. «Кадр бәрін шешеді» дейді. Техника жасалды, енді соны еркін меңгеру жарысы кетіп барады. Жаңа техникадан туған стахановтық қозғалыс шеттегі кішкентай шурфтарға, дала кезген бұрғышы партияларға дейін жайылды». Образдық нақтылығы жоқ мұндай схемалық баяндаулар шығарманың сюжеттік өрбуін сырдан тартқызып, оның көркемдік қуатын әлсіретеді. Бұл баяндаулардан оқушының көңілінде де ештеңе ұялап қалмайды.

Рас, мұндай жалаң да жадағай көріністер романда көп кездесе бермейді. Бірақ аз ұшырасқанмен, шығарманың көркемдік тұтастығына ақау салатын осындай сұрқай суреттерді жазушының көрінеу байқамауы таңғаларлық нәрсе.

Романда бұлардан басқа да үлкенді-кішілі кемшіліктер бар. Бірақ біз оларды жіпке тізгендей санап жатпай-ақ, осы айтылғандармен шектелеміз. «Қарағанды» романы Ғ.Мұстафиннің жазушылық шеберлігі жетілу, кемелдену жолында екенін танытты. Бұрынғы шығармаларымен салыстырғанда бұл романда жазушы өмір шындығын толық та жарқын бейнелейтін оқиғаларды барынша мол қамтуға және оларды типтік жағдайларда суреттеуге ерекше назар аударады. Яғни «Қарағанды» — көп планды, көп тақырыпты роман. Атап айтатын бір нәрсе — шығармада қозғалатын

осындай көптеген тақырыптар мен онда жарыса, кезектесе өрбитін бірнеше сюжеттік желілердің әрқайсысы өз алдына бөлек, дара күйде қалып қоймаған. Автор оларды бір-бірімен шебер байланыстыра алған. Сондықтан да романды оқып шыққанда онда көрсетілген өмір шындығының, яғни жаңа Қарағандының жасалуы көріністерін көз алдымызға тұтас та айқын елестете аламыз. Ғ.Мұстафиннің образ жасаудағы өзіндік ерекшеліктері мен шеберлігі оның алғашқы шығармаларында да байқалған болатын. Бірақ ол бұрын көбінесе негізгі, басты кейіпкерлерінің образдарын терең ашқанмен, екінші қатардағы кейіпкерлерінің бейнелерін жеткілікті дараландырып бермейтін. Ал «Қарағанды» романында жазушы кейіпкерлерінің қай-қайсысын болса да өзіндік тілімен, тұлғасымен айқындап суреттеуге ұмтылған және көп реттерде ол бұл мақсатына жете алған да. Романның көптеген кейіпкерлері өздерінің іс-әрекеттерімен ғана емес, сонымен қатар жан дүниесінің, характерінің тереңдеп ашылуымен де дараланып көрінеді. Жазушы образды айқындай түсу үшін суреттеу құралдарын мол әрі түрлендіре отырып қолданады. Бұл ретте оның кейіпкерлердің диалогтары мен репликасын әсіресе ұтымды пайдаланатынын ең алдымен атап айтуға керек. Бір мысал келтірелік:

«Жанәбіл, ау, Жанәбіл! — деді шалқасынан жатқан шоқша сақал, басын көтермей, сақалын ширатып жатып, — сен қайда істемексің?

Шелек танау жігіттің аты Жанәбіл екен. Терісқақпай жауап қайырды:

— Кеңес жерінде істеймін.

— Бар болғыр, дұрыс сөйлесеңші.

— Ендеше өнер дүкенінде істеймін.

— Онысы қай жер?

— Анау тұрбаның түбінде мехцех бар. Мехцехта үйтентек Бәйтен бар. Қасақана сонымен бірге істеймін.

— Ауылдағы мінезді қойсаңшы, шырағым, — деп шоқша сақал басын көтерді. — Ескі жұмысшымен байланыспа. Нан тауып жүре бер.

— Бұға берсең, сұға береді, — деді Жанәбіл, — мінезде де, жұмыста да тайталас керек. «Он сегіз жыл стажым бар» деп қожаңдайды Бәйтен. Өзі егеуді қалай ұстауды білмейді. Мен екі-ақ жыл батырақ болдым, қой бағуды сұрашы, кәне? Екі жыл мехцехта істесем, Бәйтеннің әкесін танытам».

Міне, оқушы осы диалогтағы сөздерінен Жанәбілдің алған бетінен қайтпайтын қайсар мінезін, намысшылдығын

танып қана қоймайды, сонымен қатар оның бұрын кім болғанын және енді не істеуге бел байлағанын да біледі. Сондай-ақ, осы диалогтан Жанәбілмен сөйлесіп отырған шоқша сақалды адамның бұйығы, жасқаншақ мінезі де айқын көрінеді және Бәйтеннің қандай адам екендігі жайында да оқушы бірсыпыра мәлімет алады. Бұрынғы шығармаларымен салыстырғанда бұл романында жазушы портреттік сипаттауларды да мол қолданған. «Әлібек малдасын құрып, төмен тұқырына қарап, төр алдында отыр. Бұрын басын мұнша еңкейтпейтін майлы бұғақ суалған. Көлденеңі шығыңқы, жалпақ беті де қалың еттен айырылып, ұрты ортая, бет сүйектері шыға бастаған. Көмірдей қара шашына, тығыз, дөңгелек қара сақалына алашабыр ақ еніпті. Төмен қарап тұнжырап, тапжылмастан отырса да, тереңде жатқан жылан көз анда-санда жылт етіп, жар қабақтың астынан бәрін бақылап қояды. Үлкен денелі қара кісінің дәл осы отырысы, тышқан аңдыған үлкен қара құстың отырысы сияқты еді». Бұл келтірілген үзіндіден Әлібектің амалы таусылып, іштей қалжырап құлдырағандығы және оның зияндылығы мен аярлығы бұрынғыдан бетер асқына түскендігі айқын аңғарылады. Кейіпкерлердің жан күйін, психологиясын терең ашып, жете танытатын мұндай жарқын портреттік сипаттауларды романнан мол ұшыратуға болады.

«Қарағанды» романы өзінің тілдік ерекшеліктерімен де айрықшаланып көрінеді. Сөз болып отырған шығарманың тілі мол ғана емес, сонымен қатар образды әрі оралымды да. Жазушы халықтық сөйлеу тілдің және әдеби тілдің ерекшеліктерін жақсы сезінеді және кейіпкерлерінің образдарын жете аша түсу үшін сол тілдік ерекшеліктерді орнымен, шебер қолдана біледі. Романда өндіріс процесіне байланысты атаулар, шахтерлердің тұрмыс ерекшеліктері мен кәсібіне сәйкес алынған жекелеген сөздер мен сөз тіркестері мол кездеседі. Мұндай сөз орамдары оқушының түсінігіне ауырлық келтірмейді, қайта бұл жазушының өзі суреттеп отырған өмірінің колоритын терең ашуына, кейіпкерлерінің сөйлеу ерекшеліктерін, ой-өрісін танытуына көбірек мүмкіндік береді.

Жалпы алғанда, «Қарағанды» романы Ғ.Мұстафиннің елеулі де көрнекті шығармашылық табысы болып табылады. Бұл шығарма жазушының өнер биігіне өрлеу жолында екенін көрсетті, оның шығармашылық мүмкіншіліктері мол екенін танытты.

Кеңес Одағы Коммунистік партиясының XX съезінде сөйлеген сөзінде А.Сурков көптеген кеңес жазушылары өмірмен тығыз байланыста болудың арқасында көркем де келелі шығармалар жазғандығын айтты. Осындай жазушылардың қатарында ол Ғ.Мұстафиннің де есімін атады. Расында да, Ғ.Мұстафиннің шығармаларының, әсіресе оның соңғы романының жұртшылыққа кең таралып, ол танылғандығының сыры жазушының өз кейіпкерлерінің өмірі мен тамаша істерін терең білуінде және оларды шындықтағы тұлғаларына лайықты дәрежеде бейнелей алуында.

. . .

Қазіргі заман тақырыбы — көркем шығармашылықтың өрісті өзегі, сарқылмас қайнары. Еліміз өрлеп дамудың жаңа асқарларына қарай самғаған шақта дәуіріміздің ұлылығын, кеңес қоғамының ғажайып қуаттылығы мен өміршеңдігін, замандастарымыздың тамаша тұлғасын шынайы да көркем бейнелейтін туындылардың қасиет-қадірі әсіресе зорая түспек. Бірақ казіргі заман тақырыбы суреткер үшін дара мақсат емес. Бұл тақырып өзінің нәрлі де игі сипатымен қоса суреткерге аса қиын міндет жүктейді, одан сезімталдықпен бірге ұшталған шеберлік те талап етеді. Коммунистік қоғам адамының қалыптасуына, өсіп толысуына қызмет ететін шын мәнісіндегі үлкен әдебиет, өрелі өнер сонда ғана тумақ. Кемеліне келген көрнекті қаламгерліміздің бірі Ғабиден Мұстафиннің шығармалары — дәл осындай үлкен, өскелең әдебиеттің нағыз бел туындылары. Қазіргі заман Ғ.Мұстафин шығармашылығының өзекті тақырыбы, үзілмес желісі ғана емес, сонымен бірге оның жаны, рухы, тыныс-лебі.

Ғ.Мұстафин шығармашылығының бұл сипаты ежелденақ аян әрі талай-талай аталып та өткен-ді. Бірақ қанша айтылса да ескірмейтін, жаңғырып жайнай түсетін ақиқат жәйттер болады. Жазушының соңғы романы жайында азды-көпті сөз қозғар алдында оның бүкіл шығармашылығына тұтастай жанасты осындай бір ақиқат жәйді біз тағы да әдейі, арнайы атадық.

Суреттелетін оқиғаларының кезеңі, тарихи дәуірі жағынан алғанда жазушының «Дауылдан кейін» атты соңғы романы оның бұған дейінгі шығармаларынан гөрі оқшауырақ, сәл әрегірек. Бірақ әрінің де әрісі, өткеннің де өткені бар. Жазушы өткен өмірге қарайлап, құлазыған ғасырлар құрдымына шым батпайды, өз дәуірімізден алыстап қайдағы бір қиянға кетпейді. Оның қаламына

дәл бұл жолы ілінген уақыт — Октябрьден кейінгі кезең, Қазақстанды кеңестендіру жылдары. Осыған ден қойғандағы өзінің негізгі мақсатын жазушы былайша аңғартады: «Бұрын болып жатқанға, болашаққа ұмтылсам, бұл кітапта өткенді жаздым. Дағдыдан шығып, кейін оралған себебім өміріміздің бір қызықты шағы жөнді көрсетілмей қалыпты. Оны жазатын жасамыс адамдар азайып барады. Жастар білмейді. Борыш арқалап кету лайық па? Сондықтан азырақ шегінуге тура келді».

Расында да, үлкенді-кішілі кейбір шығармаларды былай қойғанда жиырмасыншы жылдардың өзгеше сипатын, ұлан-ғайыр оқиғаларын тереңнен толғап, мол қамтып қарбыта бейнелеген әрі кесек, әрі шын мәнісіндегі келісті де көркем шығарма біздің әдебиетімізде жоқ десе де болғандай еді. Ғ.Мұстафин осы романы арқылы сол олқылықтың есесін қапысыз толтырғаны күмәнсіз. Романды оқып шыққандардың әрқайсысы-ақ бұған риясыз жүтінсе керек.

Сөйтіп, атынан да анық аңғарылып тұрғанындай, Ғ.Мұстафиннің соңғы романы Ұлы Октябрьден, яғни әділетсіз ескі дүниені аластап тастап, жаңа өмірді жарлаған ұлы дауылдан кейінгі тарихи кезеңнің қиянқилы шындығын көркем бейнелеуге арналған. Бұл кезеңде коммунистік партия халықты революцияның жеңістерін баянды ету, социалистік жаңа қоғамның негіздерін қалау жолындағы күреске бастады. Бұрын Ресейдің шеткері аймақтарының бірі болған, тарихи дамудың қай саласында да тұралап қалған Қазақстанда бұл күрес мейлінше қиын, шиеленіскен жағдайда өтті. Жазушы сол күрестің ауыртпалығын, қысталаңдығын жуып-шайып оңайлатпай, бар күрделі күйінде береді. Сондықтан да романды оқығанда реалистік қалыпта мүсінделген сан-сан адам образдарын былай қойғанда суреттеліп отырған дәуірдің терең шындығын, типтік сипаттарын соншалықты айқын сезініп отырасың. Азамат соғысынан шаршап, күйзеліп шыққан елді шаруашылық жағынан қаз тұрғызу үшін Коммунистік партия жаңа экономикалық саясат жүргізді. Бұл революциялық күрестен, тап тартысынан тая соғу емес, сол кезеңнің тарихи жағдайларынан туған әрі болашаққа меңзеген нағыз көрегендік еді.

Әлеуметтік сезімдері топас қазақ байлары жаңа экономикалық саясаттың терең сырын түсінбей жақсы дәурен қайта келді деп емексіді. Сондықтан да олар азамат соғысы жылдарындағыдай емес, қайтадан жария

бой көрсете бастады, жасырып тастаған дүние-мүлік, малдарын жарыққа шығарып, билікті өз қолдарына алуға тырысып әрекет жасап бақты. Осының бәрі қазақ ауылында тап тартысының ширыға шиеленісуіне, оның ашық та, құпия да өрши түсуіне жағдай жасады. Халықтың қалың бұқарасының талай-талай тобының әлі де болса надандық торынан шыға алмауы, саяси санасының ұшталмауы бұл тартысты әсіресе қиындата, асқындыра түсті. Бірақ революциялық серпінмен толассыз өрлеген өмір ағысын еңсені басқан ескіліктің ешқандай кеселі де бөгей алмақ емес. Заман ілгері жылжып, уақыт күні біткен әр құбылысқа өзінің қатал үкімін айтуда. Міне, құдіретті тегеурінмен алға басқан заманның осындай өктем рухы, қуатты тыныс-лебі — «Дауылдан кейін» романының ең негізгі идеялық пафосы.

Жазушы дәуір сипатын оқиғалар тізбегі арқылы ғана емес, сонымен бірге кейіпкерлердің тағдыры, іс-әрекеті, олардың психологиясындағы, мінез-құлқындағы өзгерістер арқылы да анық сездіріп отырады. Осы тұрғыдан алғанда тарихи дәуір — әлеуметтік терең сырлары бар күрделі де кесек оқиғалар туындап жатқан, алуан тағдырлы жандардың өмір-тіршілігі өрбіп жатқан шартты кезең, шартты түрде алынған орта емес, қайта шығарманың ең басты кейіпкері, ең өзекті тұлғасы есепті. Ғ.Мұстафиннің реалист-суреткер ретіндегі аса бағалы еңбегі сол — ол дәуір сипатын типтік дәрежеде мейлінше терең әрі көркем бейнелей алған. Сондықтан да романның идеялық тынысы кең, өмір шындығын қамту шеңбері мол. Коммунистік партияның қалың халық бұқарасына сүйене де, тәрбиелей де отырып, оларды уақытша белең алған жырынды жауларға қарсы күреске табандылықпен, алғырлықпен бастағанын, ескіліктің апшысы қуырылып, тынысы тарыла түскенін, ал жаңаның барған сайын дәуірлеп өркен жайып келе жатқанын автор бір тараудан бір тарауға ауысқан сайын нанымды, жанды түрде көрсетеді. Алыстағы ауылда, Сахарада болып жатқан ұлан-асыр өзгерістер, талай заман бойына езіліп келгендердің есеге қолы жетуі, мүдделері ортақ жарлы-жақыбайлардың бірлесе, тізе қоса еңбек ете бастауы, нағыз халық өкілдерінің ел басқару ісіне араласуы, ырысы мен игілігін сан ғасыр тек байлар көріп келген шұрайлы жердің кедейлерге тиюі және тағы да сол сияқты жәйттердің романда келісті де көркем елес бермегені жоқ.

Шығарма азулы әккі бай Шәкеннің аласталар алдында соңынан ермеген өз жұбайы Шолпанды қанға бояп өлтіруін

суреттеумен аяқталуында ерекше мән бар. Бұл — күні батып, қарасы өшіп бара жатқан зұлымдық, жыртқыштық дүниесінің ең соңғы тұяқ серпуі еді. Әйтпесе, олар жаңа өмірдің ілгерішіл қуатты ағынына тосқауыл бола алмақ емес. Өз тағдырына өзі ие болған еңбеккер халық жаңа қоғамды құруға нық жұмылған. Шығарманың негізгі идеялық нысанасы да — осыны көркем бейнелер арқылы таныту.

Салыстыра қарағанда «Дауылдан кейін» романы елді коллективтендіру кезеңіне, яғни жазушының «Шығанақ» романындағы оқиғалар өрбуі басталатын кезеңге дейінгі тарихи дәуірді қамтиды. Сөйтіп, Ғ.Мұстафиннің соңғы романы оның бұдан бұрынғы кесек шығармаларымен ұласа, ұштаса келіп халқымыздың ширек ғасырдан астам өмірінің көркем шежіресін құрайды.

Жазушының басқа туындыларымен осындай кейбір сабақтас та жалғас жәйттері болумен бірге «Дауылдан кейін» романы — Ғ.Мұстафин шығармашылығындағы жаңа белес, ерекше көркемдік құбылыс саналуға тұрарлық шығарма. Бұрынғы романдары мен повестерінде мүлдем байқатпаған немесе азды-көпті нышандарын ғана сездірген суреткерлік соны қырларын автор осы романында жеріне жеткізе, қапысыз танытқандай.

Ғ.Мұстафин алғашқы көлемді шығармаларында, оның ішінде тіпті «Шығанақ» пен «Миллионерде» сан-салалы, жан-жақты өрбіген оқиға күрделілігіне көп бара бермейтін, сюжет желісіне негізгі де, қосалқы да кейіпкерлерді соншалықты мол енгізе қоймайтын. Ал «Қарағанды» романынан бастап жазушы көп тақырыпты, көп планды шығарма жасауға ұмтылды. Бұл нысанасына ол анық жетті де. Осының айғағын автордың соңғы романынан әсіресе айқын көреміз.

«Дауылдан кейін» романында тек оқиға ғана қалың емес, сонымен бірге кейіпкер де мол. Екінші немесе үшінші қатарда алынған қосалқы және эпизодтық кейіпкерлерді айтпағанның өзінде романда алғы лекте көрсетілген, ұнамды немесе ұнамсыз планда алынған басты-басты кейіпкерлердің тұтас галереясы бар.

Көркем шығарма қатысушы кейіпкерлердің әйтеуір көп болуымен қызықты емес. Қайта ол сол кейіпкерлердің әрқайсысының дара-дара қасиетімен, дербес бітімімен көрікті. Бұл жәйт баршаға аян. Сондай-ақ, кейіпкер көбейген сайын автордың шешуіне тура келетін шығармашылық қиындықтар да молая түсетіні хақ. Жазушы

сол ауыртпалыққа тайсалмай барумен бірге оны емін-еркін баурай да алған. Романдағы образдар жүйесіне, әр кейіпкердің өзіндік тұлғасына, әлеуметтік сырына үңіле қараған сайын осыны тереңірек, анығырақ аңдай түсеміз.

Шығармада өрбіген оқиғалардың қалың ортасында тұрған және автордың ой-емеуріндеріне де орай ең негізгі, басты тұлғалардың бірі — Аман. Жазушы бұл кейіпкерінің образын әрдайым өсу, толысу үстінде көрсетеді, оның характерінің қалыптасу сатыларын сап-сабымен біртіндеп ашады. Ол Аманды дап-дайын күрескер ете салмайды. Жүйрік тазы ертіп, аң аулап жүрген жас жігіттің әлеуметтік тайталас-тартыс арнасына оп-оңай ойыса кетуінің орайы жоқ та еді. Бірақ ескілік қаусай күйреп, жаңалық жамырай туындап жатқан ұлы дүбір кезінде Аман тәрізді жанарлы, жігерлі жас халық күресінен тысқары қалмақ емес және қала алмайды да. Рас, оның ой көзінің ашылуына Ералин, Пасик сияқты коммунистердің ақыл-кеңестері де аз әсер етпейді. Бірақ шынтуайттап келгенде, Аманды күрес жолына түсірген — заман лебі, өмір ағысы. Біреудің жүйрік атын сіңіріп кеткісі келген зорлықшыл шабарман Шөгелді жұрт көзінше жағадан алып жер соқтыруы — Аманның тұңғыш кесек әрекеті. Осы қимылымен ол Шөгелге, Малқар болысқа ғана қарсы бой көрсетіп қоймай, зорлық пен әділетсіздік дүниесінің де жағасынан алғандай. Міне, осыдан бастап Аман алыс-жұлысқа, тартыс дүрбелеңіне тайсалмай, тартынбай барып араласады. Байлардың жаласымен қамауға да түсіп шығады. Бірақ ол күрес жолынан танбайды. Алғаш ауыл жастарының басын қосып ұйым құрған Аман кейін Ақмоладағы кеңес қызметкерлерін даярлайтын курста оқиды, өздігінен көп ізденіп білім алады. Міне, осылайша ой — өрісін кеңейте жүріп және зорлық иелері би-болыстармен, ұлтшыл зиялылармен аяусыз алыса жүріп Аман өмірдің талай өткелінен өтеді. Автор сол өткелдердің қайсыбірін кеңінен толғап суреттесе, ал кейбіреулерін психологиялық жағынан нанымды, жаңды реалистік штрихтар арқылы танытады.

Өзі болған жерлердегі ел ішінің аласапыран тіршілігіне, жер немесе жесір дауы, барымта-сырымта, ұрлық-зорлық дауы сияқтылардың барлығына да қолма-қол араласып, Аман зәбір көрген жарлы-жақыбайлардың кегін әперіп, намысын қорғап, есесін қайтарып отырады. Мұның бәрін автор өз кейіпкерін дәріптеу үшін емес, қайта оның характерінің тұтастығын баса көрсету үшін, уақыт рухын сездіру үшін ұтымды пайдаланады. Қиын да

қатал күрестің от-жалынында шыныққан Аманның ішкі дүниесі, ой-парасаты да тереңдеп, толыса түседі. «Елім!» — деп кеудесін соға еліретін, бірақ теріс бағдар ұстанған Сайлаубек, Ермекбай, Жандостармен сөз сайысына түсіп, пікір таластырғанда Аман өзінің нағыз халық мүддесі, ел тілегі тұрғысынан ойлайтындығын, болашақ өрісті—дұрыс болжайтындығын әсіресе анық көрсетеді. Мәселен, қазақтың көшпелі тіршілігін мадақтамақ болған Жандосқа Аман былай дейді: «...Мен жайлауға қарсы емеспін, жайлаушылыққа қарсымын... Меніңше, қазақтың көшімпаздығы көшқұмарлықтан емес, лажсыздықтан... Еліміз өзінің бұл қажеттерін өмір бойы іздеген, таппаған. Тапса, жарымаған. Енді тек отырықшы болса ғана жариды... Ел деген атымыз бар. Елдік мұрамыз бар ма?! Бабаларымыз із қалдырмай, сөз қалдырыпты. Оның өзі жиюсыз шашылып жатыр. Ұшан теңіз жерге иеміз. Оның тек түтін сорып, суын ғана ішеміз. Ішін ақтарып, шырынын әлі ала алмадық... Елін сүйген, ойы ержеткен азамат қой бастаған серкедей қасқая тартар кез жетті емес пе? Егер ол алға шыға алса, барар беталысы айқын-ақ көрініп тұр-ау!..»

Біздіңше, Аманның Шолпанға деген махаббат драмасы да шынайы суреттелген. Рас, бұл романның негізгі тақырыптық желісін құрамайды. Сондықтан жазушы да оған көп қарайлай бермейді. Сөйтсе де, жазушының осы сүйіспеншілік тақырыбын кейіпкерлер характерінің шындығына, олардың интеллектуалдық дәрежесіне, өмірге көзқарасына сәйкес нанымды шешкенін атап айту керек. Бұл ретте біз кейбір сыншылардың осы ақиқатты мойындамаған пікіріне қосылмаймыз. Романның Аман өзі тікелей көрінбейтін, тұп-тура суреттелмейтін тарауларынан да біз оның тұлғасын айқын сезіп отырамыз. Бұл ретте жазушының классикалық әдебиетте мол ұшырасатын мұндай өнікті шығармашылық тәсілді орайын тауып, шебер пайдалана алғанын атап айту керек.

Біз Аман образына байланысты авторға бір ғана тілек айтуға болар еді деп ойлаймыз. Бұл жазушының осы образға деген авторлық позициясының ара-тұра көрінеу жасанды тартып кетіп отыратындығы. Романда Аманның айналасы, мақсаттас серіктері ретінде көрінетін Ізбасар, Сыздық, Әлжан, Тоқабай, Нұрғали, Таймастар да — көңіл ұялатарлық жанды тұлғалар. Әрқайсысы өзіндік кескін-келбетімен, мінез-қылығымен, психологиялық хал-халеттерімен дараланып суреттелген әрі «таныс бейтаныстар» дәрежесіне жеткізіліп көрсетілген бұл кейіпкерлердің образдары

тұтаса, қосыла келіп қазақ ауылындағы рухани оянуды, әлеуметтік серпіліп-сергуді бейнелейді. Осыны автор қалың көпшілік тұтас суреттелетін эпизодтарда да өте айқын аңғартып отырады. Ел ішіне қызыл отау келгені және оның халыққа еткен ықпал-әсері суреттелетін тарау бұған тамаша айғақ бола алады.

«Дауылдан кейіннің» ұнамсыз кейіпкерлерінің ішіндегі барынша толық әрі соншалықты шынайы көрсетілгендері — Шәкен мырза, Малқар болыс, Жақып және Шөгел. Бұлардың ішінде Шәкен образы әсіресе оқшау, зор шеберлікпен жасалғанын атап айтпасқа болмайды. Жазушы Шәкен образын іші-тысымен тұтас алып, ақтара көрсетеді. Ол қазақтың «Ішкенге мас, жегенге тоқ» надан байы емес. Шәкен шаруа бағуда жаңа тәсілдер қолданады. Ол рулы елге бой бермеген кең қорықтың шөбін машинамен тақырлап жинап алады. Елу арбамен қазына кіресін тартады, кетпен тимеген ту далаға соқа салып, арба-арба астық алады, мал тұқымын асылдандырумен шұғылданады. Шәкен осының бәрін ақша табу үшін жасайды. Роман кейіпкерлерінің бірі айтқандай ол «ақша болса, иттің де сүтін сатар» еді. Шәкеннің күші де осында. «Тек балталымен алыссаң да, қалталымен алыса көрме...» — деген тоқтамға Тоқабай осы Шәкен үйінің есігінде жалшылықта жүріп келген. Бірақ ол өзімен тұстастарға да, басқаларға да онша сыралғы емес, бойына көп дарытпайды.

Шынтуайттап келгенде, Кеңес өкіметіне, жаңа дүниеге деген қарсылықтың бәрін туындатып жататындар — сол Шәкен мен оның сыбайластары. Топас ойлы, доғал Малқар да, жылпос Жақып та, дәурені өткен кәрі би Мақаш та, ауылнай Байбол да, тіпті оқыған, «көзі ашық» ұлтшылдар да осы Шәкеннің уысынан шығып кете алмайды. Ашық бой көрсетпесе де, Шәкен солардың бәрін шырғалап ұстайды.

Шәкен сырт көзге әлеуметтік тартыс-таласқа араласпайтын, ештеңемен ісі жоқ адам тәрізді көрінеді. Қысылғанды, жоқ-жітікті жебейтін, ағайынға қайырымы бар, қолы ашық мырза болып та көріне алады Шәкен. Болашағы барын сезген Аманға да ол осындай тор жаяды, оған жақсылық жасағандай сыңай сездіреді. Бірақ мұның бәрі «сатулы жақсылық екенін» Аман кейін барып қана біледі. Әрине, бұл да Шәкен образының қос-қыртыс тереңдігін, оның характерінің өзгеше бір алуандығын айқындай түспек.

Жазушы Шәкеннің портреттік, психологиялық сипаттарын, әккілігі мен аярлығын шебер суреттеумен бірге осы образдың әлеуметтік сырын да жеріне жеткізе, асқан

нәзіктікпен ашады. Осы тұрғыдан алғанда Шәкен — қазақ прозасының Құнанбай, Игілік сияқты нағыз классикалық үлгіде, өте шеберлікпен жасалған ұнамсыз типтерімен алуандас, солардың қатарын толықтыра түсетін образ.

Сондай-ақ, Шәкен образының осылайша кесек алынып, сомдалып жасалуы романда суреттелген жоғарыда аталған болыс-билердің, жуандардың бейнелерін көмескі тартқызбайды. Қайта өзара араласып, бетпе-бет келіп қалғанда бұлар бірінің қырын бірі әйгілей, аша түседі. Бұл да жазушының образ жасаудағы шеберлігін байқатса керек.

«Дауылдан кейінде» әйелдердің де талай-талай тартымды образдары бар. Олардың көпшілігі әдебиетімізде бұрын-соңды кездеспеген тың бейнелер деп айтса да болғандай. Солардың ішінде жазушы назарының көбірек ауатыны — Шолпан мен Танакөз. Характерлерінің даралық қасиеттерімен де, жинақтаушылық сипатымен де бұлар типтік образдар қатарына қосылуға әбден лайықты.

Егер Танакөз образы арқылы жазушы қазақ әйелі жаңа дәуірде әлеуметтік өмірге белсене араласа бастағанын танытса және мұны кейіпкерлерінің мінез-құлқына, характерінің шындығына орайлас етіп көрсетсе, ал Шолпан образын басқа бір күйлердің терең сырын ашуға пайдаланады.

Рас, сырттай қарағанда Шолпанның басқа кейбір шығармалардағы белгілі бір бейнелерге ұқсастығы да бар сияқты. Бірақ шындығында олай емес. Қайта Шолпан — өткендегі қазақ әйелінің аяулы да ащы тағдырын, абзал қасиеттерін танытатын шындық образ. Жазушы осы кейіпкер образының ішкі сипатын, қайшылықты сырларын келістіре отырып ашады.

Ал әлеуметтік өмір ағысына белсене араласып жүрген, сондықтан да бар күрделі күйінде жарқырап көрінуге лайығы бар Күлпаш образын жасауда жазушыға жасандылық әсері біраз салқынын тигізген сияқты. Бұл образдың бойында даралық сипат, жанды леп емін-еркін сезіле бермейді.

Жоғарыда айтылғандай, «Дауылдан кейін» романында кейіпкер көп. Жазушы соларды тек қара санын көбейту үшін немесе оқиғаны қызықты ету үшін енгізе салмаған. Олардың әрқайсысының дерлік өзіндік болмыс-бітімі, іс-әрекеті бар, яғни шығармадағы негізгі өзекті идеяны айқындап ашуға араласы, қатысы бар. Бірақ солардың басбасына жеке-жеке арнайы тоқталып жату мүмкін де, ләзім де емес. Тек романның образдар жүйесі жайындағы азды-

көпті ойларды тамамдар алдында бір кесек бейнені атап айтпасқа әддіміз жоқ. Ол — Қазанғап образы.

Қазанғап — Шәкен мырзаның отымен кіріп, күлімен шығып жүрген жалшысы. Бірақ жалшының да жалшысы бар. Ол әрі өзі де баюды онша жек көрмейтін, әрі өзінің қожасына адамдық қасиеттерді мүлдем ұмытып, нағыз көрсоқырлықпен құлай берілген адам. Оның трагедиясы да осында. Жазушы осы образдың әлеуметтік сырын қандай терең, қандай шынайы ашады десеңізші. Қазанғап әдебиетіміздегі өзімен алуандас образдардың ішіндегі ең кесер, ең шынайысы екенін сыншы Б.Сахариев өзінің осы роман жайындағы мақаласында дұрыс көрсетті.

Суреткер өмірмен тығыз байланысты болғанда, өмірді жете білгенде ғана оны шынайы бейнелей алмақ. Өйткені ешқандай шеберлік те, суреткерлік интуиция да өмірді терең білмеушіліктің орнын өтей алмақ емес. Сол сияқты шыңдалған шеберліксіз шығармашылық манду жоқ екендігі де хақ. Тек осы екеуі ұласа, үйлесе келгенде ғана шын мәнісіндегі көркем, соқталы шығарма тумақ. «Дауылдан кейін» романының кең тынысты, зор серпінді түбегейлі туынды болып шығуы да оның авторының осы екі қасиетті мол баурай алуында. Роман шын мәнісіндегі өрелі, эпикалық шығарма болып табылады. Оның авторы дәуір шындығын, өмір ағысын, халықтың күресі мен тағдырын жіті көре де, кең толғай да алған.

Ғ.Мұстафин өзінің социалистік реализм әдісін, оның көркемдік принциптерін барған сайын бекем баурап келе жатқан суреткер екендігін осы романында тағы да жақсы танытты. Бұрынғы шығармаларында ара-кідік ұшырасып қалатын қарадүрсіндік пен натурализмнен арылып, ол реалистік бейнелеудің құнарлы, кең өрісіне шыққан. Бұл мол планды, сом салалы кесек шығарманың шырайын келтіріп-ақ тұр.

«Дауылдан кейін» романында кесек оқиғаларға қоса құнарлы, кенеулі ой да көп. Бұл — халықты, оның дарқан өнерін, жақсы қасиеттерін қадірлей білуге, емірене сүюге баулитын шығарма. Жазушының бұрынғы роман, повестеріне қарағанда мұнда публицистикалық сипат басым. Бірақ жазушы бұл ретте өзінің авторлық толғаныстарын, лирикалық шегіністерді көп пайдаланбай, кейіпкерлерінің ой-тебіреністерін, ішкі монологтарын, өзді-өзі сырласуын кәдеге молынан жаратқан. Ғ.Мұстафиннің жазушылық шеберлігінің үдеп өскенін романның тілінен әсіресе айқын көреміз. Жазушының

ойлы тұжырымдылыққа, афоризмге, шешендік өрнек-нақыштарға көбірек ұмтылатындығы аян. Алғашқы кезде оның фольклордағы, халықтың ауызекі сөйлеу тіліндегі дайын үлгілерге баса ден қойған мезеттері де бар-ды. Бірақ ол үйренуден де, ізденуден де танған жоқ. Сондықтан шығарма асқан сайын оның бұл саладағы табысы молая, көріктене түсіп келеді. Романды оқып отырғанда жазушының орайлы жерінде адам мінезінің қат-қат қырларын ақтара ашып, оның бүкіл болмыс-бітімін бір-ақ танытатын әрі аз сөзге көп мағына сыйғызатын және соны мейлінше ұшқыр етіп беретін, тап басып тауып айтатын алғыр шешендігін сүйсіне, қуана аңдайсың. Біз бұл арада мысал келтіріп жатпаймыз. Өйткені романды оқып шыққан немесе Ғ.Мұстафин шығармашылығымен жалпы таныс әркім-ақ мұны қалтқысыз мойындайтындығы күмәнсыз.

Бұрынғы кейбір шығармаларында жазушының оқиғаны, кейіпкерлердің қимыл-қозғалысын, жекелеген көріністерді жеткізе суреттемей, тақ-тұқ еткізіп тастайтын, келте қайыратын мезеттері де болушы еді. «Дауылдан кейінде» автор содан арылғандай. Бұл автордың тіліне реалистік сипатты көбірек дарытумен бірге оның стилін де салмақтандыра түскен. Кешкі ауылдың мына бір суретін көріп өтелік: «Алыстан көрініп, жеткізбей қойған көк дөңгіл басынан аттай күн өткенде қызарып кетті. Сол дөңгілдің бергі алдында терең, қарағанды өзекте отырған көп ел көлеңке түсіп, күңгірт тарта бастады. Аспаны ашық, тымық кеште әр тұста баяу, тік көтерілген көк түтін бірте-бірте төмендей жайылып тұтасты да, ауыл үстінде қалықтап тұрып қалды. Тіпті жарасымды. Ауыл енді буланған айдын көл сияқты, бетін айқын көрсетпей, дыбысын анық естіртеді».

Міне, мұнда бірнеше көріністер ұласа келіп, бояуы қанық жақсы сурет жасап тұр. Сондықтан да кешкі ауылдың суреті көз алдыңа елестей кетеді. Жазушының диалог құрудағы шеберлігі өскенін де атап айтпасқа болмайды. Ол диалогты аз сөзбен құбылтып, ойнақы етіп құруға және кейіпкерлердің характерін сол арқылы ашып тастауға да оңтайлы. Бір ғана мысал келтіріп қаралық. Қырдан келген қазақ шалы мен саудагер нэпманның сөздері мынадай:

— Ал құнын айтшы, кәне?

— Мынау елу тиын. Мынау қырық тиын. Мынау отыз бес тиын. Су тегін емес пе? Бәрі баяғы Тверской. Сүйегі терідей.

— Удай ғой, түге. Мынауыңның ұны шығып тұр. Мынауың күнге, суға тисе, оңып кетеді. Кәне, қанша кемітесің. Осы біреу балық көзден ала салайын, кір көтереді екен.

— Ақсақал, құдай ақына, сізден артық сұрағамын жоқ. Өз бағасы отыз бес тиын.

— Құдайды қайтесің, боқтан өзгеге куә қылып. Кәпәрә тіпте отыз тиын осың. Жамантайдың қатыны киіп жүр ғой. Кемітпесең, әлгі тібеніңді де өзің ал. Сатпаймын қойымды. Кеміт. Ұстаған жерден ағаш та сынады.

— Болмас-болмас... — деп өлшей бастады Андрей. Сауданың жәйін білмейтін, қара танымайтын адамды алдап соққан нәпманның да, қоярда-қоймай арзанға түсірдім деп малданған шалдың да психологиясы мұнда тамаша аңғарылады.

Осындай үлкен шығарма шоласыз да емес. Өзіміз байқаған сол кем-кетіктердің қайсыбірлері мынадай. «Дауылдан кейін» романындағы партия қызметкерлерінің, оның ішінде Ералин мен Пасиктің образдары көңіл толарлық дәрежеге әлі де болса жетіп тынбаған. Олардың бойында даралық белгі, жанды сипат аз. Бұл ретте жазушы «Қарағандыда» жеткен биігінен бір саты аласа тартып кеткендей.

Үлкен романның кейбір эпизодтарынан, жекелеген кейіпкерлердің образдарынан әдебиетіміздің басқа бір шығармаларында суреттелген халдер мен бейнелерге ұқсастық, алуандастық та байқалмай қалмайды. Мұндай мезеттерде шығарма өзіндік бітімін, соны қасиетін әлсіретіп алады, жазушы әдеби реминсценцияларға бой алдырады.

Автор роман оқиғалары өрбитін жердегі, Ақмола төңірегіндегі сахара тіршілігін жан-жақты, терең қамтып суреттеген. Бірақ соның тұтас өлкемен, үлкен дүниемен қарым-қатынасы, араласы айқын сезіле бермейді. Мұның есесін шығармаға тың тараулар кіргізбей-ақ толтыруға болатын еді.

«Дауылдан кейінде» халық өнері өкілдерінің талайы бар. Солардың ішінде Ғалия (Ақтамақ), Ғазиз, Сәтмағамбет, Шашубай сияқты тарихи болған адамдар да ұшырасады. Бірақ солардың шын мәнісінде ұнамды планда алынып жарқырап көрінген біреуі де жоқ. Осыны Сәкен жайында да айтуға болар еді. Рас, автор мақсат етпеген де шығар. Бірақ Аманның еске алулары арқылы болса да, Сәкен тұлғасын айқынырақ танытудың орайы әбден бар еді. Бұл ретте де автор босқа саранДық жасаған.

Біз бұл мақалада үлкен шығарманы оқығанда алған кейбір әсерлер мен көңілге оралған азды-көпті ойларды ғана ортаға салдық. Бұл роман зерттеушілер назарын әлі де талай-талай аударатындығы күмәнсыз. Түйіндеп айтқанда «Дауылдан кейін» романы — жазушының дер шағына жетіп, кемеліне келгенін айқын танытқан, толысып туған шығарма. Сонымен бірге ол бүкіл әдебиетіміздің жемісті даму жолында, шығармашылық өнікті бағытта екенін де байқатады.

1956–1960 жж.

ЕСЕЮ КЕПІЛІ

Кемелденіп өскен әдебиет өзін тудырған халықтың өмірі мен тағдырының көркем шежіресі болумен бірге өзге жұрттардың да тарихына, тіршілігіне назар аудармай қоймақ емес. Қазіргі қазақ әдебиеті осындай қасиетті барған сайын жақсырақ та молырақ танытып келеді. Рас, өзге жұрттар тақырыбына арнап шығарма жазу дәстүрі қазақтың өткендегі әдебиетінде де ара-тұра бой көрсетіп қалатын-ды. Бірақ мұндай дәстүрді қолданған ақындар шет жұрттардың өмірін, тарихи ортасы мен тағдырын, әралуан кейіпкерлерді тек шартты түрде ғана алып, солардың бәрін өздерінің адамгершілік идеалдарына, ғибраттылдық ой-армандарына қабыстыра, ұштастыра отырып жырлайтын немесе басқа елдердің әдебиетінде бұрыннан бар сюжеттерді кәдеге жарататын.

Ал қазіргі ақын, жазушыларымыз шет жұрт тақырыбына арналған шығармаларында да тарихи шындықтан шалғай кетпейді, көркем бейнелеудің реалистік принциптерінен тая соғып, жаза баспайды. Олар әр халықтың өткені мен бүгінгісін, тағдыры мен тартысын шынайы суреттеумен бірге өздерінің сол тарихи шындыққа деген суреткерлік қатынасын, сол халықты іш тартқан гуманистік ықыласын да анық аңғартып отырады. Кезінде осындай қасиетті шет жұрт тақырыбына арналған повестерінде Сабыр Шәріпов айқын сездірген еді. Соңғы жылдары қазақ кеңес әдебиетінде шет жұрт тақырыбына арналған шығармалар соны бір жанр тудырып келеді. Олардың дені — жол-сапар очерктері. М.Әуезов, С.Мұқанов сияқты аға жазушылардың бұл саладағы еңбегі әсіресе жемісті де қызғылықты екені баршаға аян. Бұл очерктерде авторлар өздері болған елдердің арғы-бергі тарихы, қолтума

мәдениеті мен өзгеше өнері жайында, әралуан халықтардың мінез-құлқы, салт-санасы, этнографиялық ерекшеліктері жайында қазақ оқушысына көп-көп мағлұмат берді. Сонымен бірге осы очерктер авторларының ойлы топшылаулары мен айқын әсерлеріне де толы болып келеді. Сол сияқты, енді шет жұрт тақырыбына арналып көркем де кесек, ірі-ірі шығармалар да туа бастады. Осындай сүйекті туындылардың бірі — жазушы Ж.Тілековтың «Жоңғар даласында» атты романы. «Жоңғар даласында» Қытайдың Шыңжан өлкесін мекендеген халықтардың өмірі мен азаттық жолындағы қиян-қилы күресіне арналған. Атақты ақын Қ.Аманжоловтың «Құпия қыз» поэмасын былай қойғанда, бұл роман — осы тақырыпқа арналған тұңғыш әрі бірден-бір кесек шығарма болып табылады. Оның оқушы назарын ерекше аударуының негізгі бір сыры да осында болса керек. Ж.Тілеков өзінің романында тың тақырып қозғағанын, қазақ кеңес оқушысына бұрын бейтаныс өлкенің өмірін суреттегенін жоғарыда атап өттік. Осының өзі-ақ жазушының шығармашылық көп азапты, талай-талай қиындықтарды басынан кешіруге тура келгенін байқатады. Өйткені әлі қалам тимеген тың нәрседен гөрі әдебиетте талай рет суреттелген жәйттер жазушының шығармашылық ізденістерінің өрісін кеңейтіп, оның шындықты бейнелеуіне оңтайлырақ соғатыны да болады. Автордың аңғартуынша бұл көп томды романның алғашқы кітабы. Онда 1943-1945 жылдардың оқиғалары баяндалады. Бұл Қытай халқының империализмге қарсы азаттық соғысының қанатын кең жайып барып, жеңіспен аяқталған кезеңі. Осы кезде Қытай коммунистік партиясы бүкіл халықты біртұтас майданға біріктіріп, революциялық шешуші шайқасқа бастады. Бұл күрес Шыңжан өлкесінде әсіресе қиын, қым-қуыт жағдайда өтті. Өйткені Шыңжаңда біртұтас майданның ұйымдасып, өрістеп кетуіне жергіліктің ұлтшылдықтың, панисламизм мен пантюркизмнің көп кеселі тиді. Сондықтан да онда бүкілқытайлық жаңа демократиялық революция қалың бұқаралық қозғалыс түрінде жүргізілді. Романның алғашқы үш тарауында осы қозғалыстың стихиялық сипаты суреттеледі, Ал кейін күреске халық қаһармандары, революцияшыл демократтар, Қытай жұмысшы табының шыңдалған өкілдері, шыныққан коммунистер араласқаннан соң қозғалыстың мақсаты бүкілқытайлық революцияның мұрат-мүдделерімен ұштасады. Осы тарихи шындық романның одан арғы тарауларында бейнеленеді.

«Жоңғар даласында» оқиға қалың, тартыс талқысы мейлінше өткір. Бұл — оның ең бағалы көркемдік қасиеттерінің бірі. Рас, романның алғашқы тарауларында баяндалатын оқиғалардың қызғылықты болумен бірге ішінара детективтік сипат сездіретін мезеттері де баршылық. Бірақ шығарма кейіпкерлерінің дүниетану, интеллектуалдық дәрежесіне және олардың характерлерінің шындығына сыйымды, жанасты алынғандықтан, сол оқиғалар соншалықты жасандылық байқата бермейді. Мәселен, жас қыз Ю-лапың генерал-губернатор сарайында жасаған батыл қимылына да, Арыстан мен Сарэнжавтың оқыс әрекеттеріне де риясыз сеніп отырасың. Романның соңғы тараулары да оқиғаларының қоюлығымен әрі шынайылығымен ерекшеленеді. Бұл тұста шығарма шын мәнісіндегі байсалды, реалистік прозаға қас қасиеттерді тұтастай алғанда тәуір аңғартады. Өмір оқиғаларының ішінен ең кенеулілері мен авторлық идеяға, негізгі нысанаға дөп тиетіндерін сұрыптап жинақтай білу, эпикалық серпін мен драмалық өткірлікті табиғи түрде ұштастыра алу, тартыс талқысы өрістеген, кейіпкерлердің іс-әрекеттері желіленіп, характерлері қалыптасып айқындалған ортаны реалистік түрде таныту, тарихи шындық пен көркемдік шындықты ажырамастай етіп қабыстыра ұштастыру тәрізді сипаттарды және басқа да көптеген көркемдік компоненттерді жазушының мол игеріп, ысылып қалғандығын атап айтпасқа болмайды. Ж.Тілеков өмір шындығын бетінен қалқымай, қарбытып қамтуға, бар күрделі күйінде алуға ұмтылған. Романда мақсаты, күрес нысанасы бірыңғай біртұтас майдан өкілдері де, жаңалыққа талпынған жас күштерге қарсы қасарыса алысқан керітартпа, дүлей күш иелері де схемалық түрде, сырдан да жадағай алынбай, өздеріне тән мінез-құлықтарымен, іс-әрекеттерімен, ішкі қайшылықтарымен тұтас көрінеді. Бұл роман кейіпкерлерінің мол болуымен бірге олардың тағдыры мен талайының қиян-қилы, әралуан болып шығуына әсер еткен. Шығарманың Алмас Кәрим, комиссар Чжан, Ахмеджан Қасыми, Арыстан, Ю-лань, Асқар сияқты басты-басты соқталы бейнелерін былай қойғанда онда Адалат, Барлық, Асылжан, Самед Авази, Серік тәрізді екінші қатарда алынған образдар да баршылық. Роман оқиғалары өрбіп дамитын хал-халеттер мен жанды адам тағдырларын айқындап ашатын да, шығармаға көп реттерде шынайы өміршеңділік пен қасиет-қуат бітіріп тұрған да — сол бейнелер.

Бұл да — романның бағалы сипаттарының бірі. Өйткені автор бір кейіпкерін әдейі жете суреттеймін деп отырып басқа бір образды орынсыз көлегейлеп қалуға бой алдырудан аулақ. Кейіпкерді өсірудің жолы осы екен деп, оны отқа да, суға да сала беруге болмайды. Әр кейіпкер өз характерінің шындығына, өзінің табиғи тұлғасына, болмысына лайық іс-әрекет етуге тиіс. Көркем шығарманың жаны, өзегі болып табылатын реализм, шынайылық осыны талап етеді. Автор осыны жақсы аңғаратын сияқты.

Әдетте, бізде белгілі бір шығарма жайында сөз бола қалса және соның кемшін жақтары қозғалар болса, онда жазушы мынадай бір құбылысты көрсетпеді немесе сонау бір жәйтті ашып бермеді деген тәрізді кінә көбірек тағылады. Осы тұжырымның белгілі дәрежеде дұрыстығы болумен бірге көп реттерде бұрыстығы да бар. Өйткені өмірде оқиға көп, құбылыс көп. Ал жазушы көркем шығарманың аясына соның бәрін сыйғыза алмақ емес және мұның еш қажеті де жоқ. Сондықтан да көркем шығармада автордың дәл нені көрсетпек болғанын іздеп табуға, танып білуге ең алдымен ұмтылу ләзім. Жазушының идеялық нысанасына, ой түйініне меңзес өмірлік материалдың қамтылу, сұрыпталу сипаты да әралуан болмақ. Осы орайда Добролюбовтың: «Егер шығармада бір нәрсе бар болса соны бізге көрсетіңіз; шығармада не нәрсе жоқ және не нәрсе болуға тиіс екендігі жайында ұзақ-сонар пайымдаулар айтудан бұл әлдеқайда абзалырақ», — деген пікірін еске түсіре кетудің еш артығы жоқ сияқты.

Міне, осы тұрғыдан, яғни авторының өзі көздеген идеялық нысанаға қаншалықты жеткендігі, өзі қозғаған тақырыпты қандай дәрежеде көркем түрде шеше алғандығы тұрғысынан қарағанда «Жоңғар даласында» романы әдебиетіміздегі соны, қызғылықты бір құбылыс екендігі, жазушының шығармашылық табысы саналуға тұрарлық шығарма болып туғандығы даусыз. Әдетте негізгі авторлық идея шығармадағы басты-басты кейіпкерлердің образдары арқылы берілетіні аян. Бірақ екінші немесе үшінші қатардағы кейіпкерлер де шығармаға тек қара көбейту үшін ғана енбей, өз шама-шарқына қарай жүк көтеруге тиіс. Автор осыны қапысыз ескеруге тырысқан. Роман кейіпкерлерінің талай-талайының-ақ бойынан, іс-әрекеттерінен автор ойының төркінін, оның елес-емеуіріндерін аңғарып отырасың. Ал басты кейіпкерлердің ішінен бізге әсіресе ұнап, ең жақсы әсер қалдырғаны — Арыстан. Бұл образ әрдайым өсу, толысу үстінде берілген.

Оның бойында зор тұлғасына сай асқан қайрат бар. Манас өзені бойындағы тұңғыш айқаста кесек әрекетімен көзге түскен Арыстан бейнесі барған сайын әрі нанымды түрде өсіп отырады. Жазушы Арыстанның аңғалдығын, көзсіз ерлікке басып жіберетін омыраулығын да оңтайлы көрсетеді. Мұның бәрі кейіпкер образының шынайылығын күшейтіп, оның характерінің алуан қырын аша түседі. Арыстанның Ю-ланьмен бірге қолға түсіп қалып, жау алдында қайсарлықпен жауап бергені суреттелетін эпизодты мысалға алып қараңыз. Бұл — әдебиетте талайдан бері қайта-қайта бейнеленіп, сарқа суреттелген жәйт. Бірақ автор әдеби канондарға бой алдырмаған, өз тарапынан шыншыл да көркем шешім тапқан. Бұл эпизод психологиялық жағынан да соншалықты нанымды.

Арыстанның Зәуремен арадағы махаббат драмасы суреттелетін тұс та романның мейлінше қызғылықты, әсерлі жазылған беттерінің қатарына қосылады. Бұл беттерді, әсіресе Зәуренің аянышты тағдыры суреттелетін тұстарды тебіренбей оқи алмайсың.

Осы ретте бұған қоса мына бір жәйді арнайы атап айту керек. Біздің арғы-бергі әдебиетімізде әділетсіз өмірден, феодалдық-патриархалдық қырсау әдет-ғұрыптардың қаталдығынан зар илеген, зәбір шеккен қазақ қызының трагедиялы тағдырын бар аянышты, шерлі күйінде бейнелеген шығарма аз емес. Өткен тақырыпқа арнап үлкенді-кішілі шығарма жазған авторлардың бұған соқпай өткені жоқ десе де болғандай. Бірақ солардың бәрінде уылжыған жас қыздың өлмелі шалға ықтиярсыз сатылып, зарлай-зарлай кеткені суреттелуші еді. Қазақ қызының басында бұдан басқа да бір ащы трагедия болатын. Ол — жасы келген, бойжеткен қызды әлі сәбилік шақтан шықпаған жас балаға зорлап телу. Дәулетке масыққан жуандар «қызық» көру үшін дүниені осылай да шайқайтын». Осы бір ащы шындықты Ж.Тілеков өзінің романында тұңғыш рет әрі соншалықты бедерлі бейнелеп берді. Жоғарыда аталған Зәуренің тағдыры — осының анық айғағы. Рас, Арыстан мен Зәуренің махаббат драмасы романда әлі жетер жеріне жетіп, шешіліп тұрған жоқ. Өйткені ол бұл бірінші кітаптағы оқиға желісінің аясына сыймақ емес.

Романның соңғы тарауында ұлт-азаттық армиясының бригада командирі Арыстанның гоминдан армиясының қолға түскен генералы Гаомен айтысып, пікір таластырғаны суреттелетін бір эпизод бар. Арыстан тамаша тапқырлық жасап, Майтау үшін болған шайқаста аз шығынмен ғана ірі

жеңіске жетеді. Осы тұста Арыстанның әскери стратегия мен тактиканы жете игерген қолбасы ретінде де, өмір ағынын дұрыс болжайтын қайраткер ретінде де соншалықты биіктеп өскендігі анық көрінеді. Жалпы алғанда, Арыстан — өз характерінің шындығына сай әралуан қырымен, жанжақты көрінген, аса тартымды жасалған қызғылықты бейнелердің бірі. Негізгі кейіпкерлердің ішінен әсіресе мол көрінетіні — Кәрим Алмас. Романда суреттелген тартыс талқысының талай-талай тауқыметін көтеріп тұрған да сол. Арыстандай емес, Кәрим Алмас күрес жолына ерте әрі саналы түрде түскен. Бірақ оны да жазушы оқиға желісіне қалыптасқан, пісіп толған дайын күйінде енгізе салмайды. Бұл образ да ішкі қайшылықтарымен көрінеді. Әлі күрес мақсатын анық аңғарып болмаған әрі оның тәсілдерін баурап жетпеген қалың көпшілікті бастай жүріп, одан үйрене жүріп Кәрим Алмастың өзі де шыңдалып өседі.

Сонымен бірге осы кейіпкердің образына байланысты авторға мынандай бір жәйтті айтуға болар еді. Халықтың азаттық жолындағы күресін басқаруға Ахмеджан Қасыми араласқаннан кейін Кәрим Алмас екінші қатарға қарай ойысып кетеді. Сондықтан да романның соңғы тарауларында оның бейнесі биіктеп өспей, көмескі тартып, статикалық күйде қалыңқырап қойған. Сол сияқты Кәрим Алмас пен Ю-ланьнің арасындағы сүйіспеншілік желісі де оқушыда екіұдай, әрі-сәрі әсер қалдырады. Автор бұл желіні түптен тартып, тереңдеп ашудың орнына жасандылыққа қарай ойысып кеткен, өз кейіпкерлері характерінің шындығына қайшы келген. Біздің әдебиетімізде басқа халықтардың өкілдерін шынайы бейнелеу ісінде көптеген шығармашылық тәжірибе жиналғаны хақ. Кәнігі суреткерлеріміздің бұл саладағы жемісті еңбегінен мол тағлым алуға боларлықтай. Бірақ Ж.Тілеков үшін бұл проблема өзінің маңыздылығын да, қиындығын да зәредей жоғалтқан жоқ еді. Қайта осы ретте оның өте көп ізденуіне, еңбектенуіне тура келді. Шынында да, романның оқиға желісіне араласатын онға тарта халықтың әралуан өкілдеріне олардың өзіндік, ұлттық ерекшеліктеріне сай мінез-құлық, сыр-сипат, бояу-нақыш тауып беру оңай міндет емес-ті. Жазушының сол міндетті ада қылып, баурап әкете алғаны қануға әбден жарарлық.

Бұл ретте комиссар Чжан мен моңғол жігіті Сарэнжавтың бейнелерін ең алдымен атауға болар еді. Автор Чжанның өткен өмірінің өткелдеріне аялдап жатпайды. Өйткені бұл шығарманың композициялық тұтастығына селкеулік

келтірер еді. Сондықтан да ол кейіпкерлерінің өткен өмір жолын романның бір жерінде ғана бірегей танытып тастайды. Біз Чжанның революцияшыл қызметі, өмірі мен күресі жайында біраз мағлұмат аламыз.

Жазушы Чжанның азаттық жолындағы күресті бастаушы, ұйымдастырушы ретіндегі тапқырлығын, кең толғамдылығын мол көрсетумен бірге оның өз басының адамдық қасиеттерін де кеңінен ашып суреттеген. Чжан — характерінің тұтастығымен, өмір шындығына жанасатындығымен романның ұнамды кейіпкерлері образдарының галереясында ерекше орын алуға тұрарлық тұлға. Ал Сарэнжавтың образы бұдан гөрі өзгеше планда алынған. Бұл реттегі автордың ұстанған позициясы да басқарақ. Сарэнжав та азаттық жолындағы күрес идеясына қалтқысыз берілген. Бірақ оның өз басы да жас, тәжірибесі де аз. Бұл бір моюды, жабырқап жасуды білмейтін адам. Аздап мақтан сүйгіштігі, алыпқашпа қызбалығы да бар. Жайдары, сергек қалпынан қашанда танбайды. Ол өзі жүрген жердің бәрінде де көңілді күй туғызып жүреді. Сондықтан да романның осы кейіпкердің іс-әрекеттеріне арналған беттерін серпіліп, езу тартпай отырып оқымайсың.

Сырттай қарағанда Сарэнжавтың жақ иіп, садақ тартып жүруін автор оқиғаны әншейін қызықты ету үшін енгізген тәрізді. Бірақ шындығында олай емес. Ең алдымен, Сарэнжавтың бұл әрекеті — оның мінез-құлқына, ұлттық қалпына сыймды, орайлас. Оның үстіне шығарманың оқиғалық өрбуін шиеленістіре қабындату үшін әрі кейіпкерлерінің іс-әрекеттерінің көркемдік мотивировкасын нанымды етіп беру үшін жазушы мұны әрдайым ұтымды, шебер пайдаланып отырған. Асқар, Қарсыбай, Серік, Ботақара, Сқақбек, Ю-лань бейнелері де романда өздерінің шама-шарқына, болмыс-бітіміне лайық идеялық қызмет атқарып тұр. Олардың қай-қайсысы да — өмір шындығынан алынған, өзіндік сипаттарымен дараланып жасалған образдар. Романның ұнамсыз кейіпкерлерін бейнелеуде де жазушының қолы жеткен табысы аз емес. Бұлардың ішінде генерал-губернатор Шэнь Шицай, шетелдік империализмнің өкілдері Маккернан мен Джонсон, Ғабдул-Ғафур қажы мен Ғалихайдар қожа, Бектас бай және басқалардың образдары әсіресе ірі, кесек жасалған. Бұлар — өзара етене жақын әрі бір-біріне ұқсамайтын кейіпкерлер. Жазушы олардың іс-әрекеттерін, зымияндық ойларын, таптық мақсаттарын көркемдік жағынан нанымды етіп, саралап көрсете алған.

«Жоңғар даласында» аттары аталғанмен, тындырар іс-әрекеті мардымсыз, бейнелері тым солғын берілген әрі-сәрі әредік кейіпкерлер де баршылық. Мәселен, Дулат төре, Байшора Бағланов, фокс Холмс, Карниса, Жаным-хан хажы және басқа да бірсыпыра ірілі-уақты кейіпкерлердің бейнелері жайында осыны айтуға болар еді. Жазушы бұлардың бойына өзіндік ерекшеліктер, жанды сипаттар дарыта алмаған. Бәлкім, олардың кейбірлері өз характерінің әралуан қырлары мен сырларын романның болашақ жазылмыш кітаптарында бұдан гөрі айқынырақ та тереңірек көрсетуі де ықтимал. Бұл романда оқиға қандай шытырман, мол болса, соған қатысушы, соны тындырушы адам да көп. Суреттейтін кейіпкерлерінің молдығы жағынан «Жоңғар даласында» романы ерекше назар аударуға тұрарлық. Ең жақсысы — сол кейіпкерлердің талай-талайы-ақ әдебиетімізде бұрын ұшыраспаған, тыңнан бой көрсетіп отырған соны тұлғалар, жаңа бейнелер әрі «таныс бейтаныстар» болып табылады. Бірақ мақала көлемімен шектелгендіктен, біз романның образдар жүйесіне барынша толық талдау жасап жатпай, кейбір жәйттерді ғана әдейі баса атап өттік.

Ж.Тілеков романының кейіпкерлері өрі мен еңісі, шытырманы мен шиыры мол қиын да қысталаң жол өтеді. Шығармашылық тұрғысынан қарағанда иірімі көп сол жолдан автор да өтті. Романда автордың сол қинала толғануларының, ізденістерінің жемісі, із-бедері аз емес. «Жоңғар даласында» тартыс талқысы өте ширақ, оқиға мейлінше қою екендігі жоғарыда айтылды. Бұл автордың суреттеліп отырған кезеңнің, тарихи шындықтың рухани, тынысын кең сездіруге ұмтылған талабынан туған. Оның үстіне кейіпкерлер өмір кешіп, әрекет еткен мекен мен ортаны, уақыт пен жағдайды терең де мол бейнелеу арқылы ғана олардың образдарын толыққанды, шынайы етіп шығаруға болады. Романда осы екі жәйт қабысып, тұтас бітім тапқан.

Екінші бір атап айтарлық нәрсе — автордың адам образын нақтылы, шынайы етіп жасауға төселіп машықтанып қалғандығы. Романда мүлдем аз бой көрсетсе де, оқушының есінен бейнесі кетпейтін қосалқы кейіпкерлер аз емес. Өзгесін айтпағанда, Садық Омар деген ұйғыр шалын мысалға алып қаралық. Ол романда бір-ақ жерде көрінеді және жазушы оны өзінің репликалары арқылы сипаттайды. Бірақ оқушы соның тағдыры, тіршілігі, өзіндік қалпы жайында көп нәрсені аңғарып қалады.

Автордың портреттік және психологиялық сипаттауларды ұластыра, ұштастыра беруге ұмтылатындығы да байқалады. Мәселен, американдық вице-консул Маккернанды автор былайша суреттейді: «Маккернан киген көзілдірік өзіне сыртқы дүниені қалай көрсететінін кім білсін, оған қараған адам көзінің қандай екенін айыра алмайды. Екі үлкен қаракөк әйнектің томағасы қасын қапсыра, құшық бетінің сүйегін қамти бүркеп, қоңқиған мұрнын ғана қалдырған. Сол орақ мұрны екі езуі шықшыттай созылған жайын аузына телміріп тұр. Имиген ұзын бойлы, тарамыс денелі, шикіл сары, қасқа бас жасы қырықтың жуан ішіндегі вице-консул ислам ғұламаларын сыртқы есігінің алдынан қарсы алып, кабинетіне кіргізді».

Мұнда біз кейіпкердің рухани келбеті, ой аңғары жайында да біртоға жәйді анық сеземіз. Бірақ жалпы алғанда, жазушының кейіпкерлеріне портреттік сипаттау берудегі тәсіліне мынадай сын айтуға да болар еді. Ол кейіпкерлерінің түр-тұлғасын, пішін-кейпін үйіп-төгіп бір жерде-ақ беріп тастауға үйір. Бір мысал келтіріп көрелік. Романның бас жағында автор Ю-ланьнің сыртқы келбетін былайша суреттейді: «Бұрын шағын көрінетін бойы да едәуір өскен. Бақа өкше ботинкасын тастап, биік өкше туфли, көлкіген ұзын көйлек кисе, талдырмаштау бойжеткен дерлік. Қыпша белі толыспаған да, сәл төстектеу болып, өрім талдай тік өсіп келеді. Үйғыр қыздарына еліктеп, қос бұрым өріпті, онысы әзір келтелеу. Қытай қыздарының дәстүрінен де жаңылмай, маңдай шашын күлтелеп, қасының үстінен қиған да, құлақшекеге лента-қызғалдақ қадаған. Қаймыжықтай жұқа ерні қып-қызыл, дөп-дөңгелек кішкене қарақат көзінің кірпігі ұзарып, жіңішке қасы қиғаш өсіпті». Осы үзіндіден сәл бұрын автор Арыстанды да дәл осылай тәптіштеп, егжей-тегжейіне дейін қалдырмай суреттейді. Рас, автор бұл кейіпкерлерінің екеуінің де портреттік сипаттамасын Кәримнің көзімен қарап берген. Белгілі дәрежеде онысы көркемдік жағынан ақталған да.

Біз автордың мұндай тәсіліне қарсы емеспіз. Реалист жазушы шағын шығарма ішінде бір жердің өзінде-ақ орайын тауып кейіпкерінің естен кетпес келбетін тастан ойып қашағандай етіп, ашық та айқын бере алады. Ал үлкен ойылып, мол пішілген кесек шығарма үшін бұл аз. Өйткені өмір өткелдерінен, тартыс талқысынан өтіп ширыққан, толыққан сайын кейіпкердің сыртқы тұлғасы да, рухани келбеті де әрдайым тереңдеп, жарқырап ашыла түспек. Әдебиеттің сөз өнері ретіндегі ерекше,

өзіндік сипаттарының бірі де осында. Сондықтан да көркем шығармада кейіпкердің портреті оның қимыл-қозғалысынан, іс-әрекетінен де және сөз-сөздің, жол-жолдың арасынан шым-шымдап туып жатуы керек. Сонда ғана ол жанды сипат алмақ. Ж.Тілековтың ойлы ықшамдылыққа, көркемдік үнемділікке ұмтылатыны да байқалады. Бұл шығарманың шынайылық сипатын әрлендіре түсетіндігі даусыз. Бір ғана мысал алып қаралық: «Былтыр фокс Холмс: «Болашақ халифат гербі арыстан бейнелес болуы тиіс»,— дегенді айтып шошындырған. Сонда бұлар: «Астағфиролла, айта көрмеңіз, мистер... Ай бейнелі ақ жалаудың астында... Арыстан аң патшасы болса да, айға шауып мерт болыпты»,— деп шу ете түскен-ді». Мұнда ағылшын империализмі өкілінің қорқау пейілі де, дін иелерінің көңіл қалтарыстары да соншалықты ұтымды ашылған. Романда әдемі берілген табиғат суреттері мол және олар негізгі авторлық идеяға жанасып, кейіпкерлердің тұлғасын, характерін, іс-әрекеттерін толықтыра, шынайыландыра түсіп тұр. Майтау төңірегінің, Нылқы тауының суреттері ойнақы да әсерлі. Автор дала табиғатын, Сахара көркін тамылжыта, бояуын құлпырта көрсетеді. Мына бір суретті көз алдымызға елестетіп өтелік: «Күзартқа дейінгі жазық жер қалың ақ селеу жамылыпты, осы атырапқа ақ масаты жайып тастаған тәрізді. Соның үстіне тамған қан сияқтанып әр жерде бір топ тобылғы көрінеді. Анда-санда аяқ астынан пыр етіп ұшқан безгелдектен басқа көз көрер төңіректе мал да, жан да жоқ, дала жым-жырт. Аспанда ақ түйелі керуендей тіркесе көшкен кесек-кесек ақша бұлттар астында самғаған аққу сол керуеннің нәзік қоңырауын қанатпен қағып бара жатқандай.

Арыстан бір қыраттан аса беріп, шағын аймақты көлге килікті де, соны жағалап орағытты. Жаз айларында ауыл қонған көл сықылды, қоғасы жығылып, құрағы қырқылып қалған». Мұны оқығанда жанды суреттерге үңілесің, дала табиғатының таныс та жақын көріністері бояу-нақыштарымен көз алдыңнан тағы да бір елес беріп, үн-сарын сездіріп кеткендей болады. Сол сияқты, романның екінші тарауында берілген Тянь-Шань тауының тамаша суреттері, қыран бүркіттің қасқыр ілгені баяндалатын көріністер енді қайтып көз алдыңнан кетпейді. Өйткені оларда автор бояу реңктерін шеберлікпен таба білген әрі соларды кейіпкерлерінің көңіл аңсарларымен, психологиялық хал-халеттерімен оңтайлы табыстыра, ұластыра алған. Бір ғажабы сол — Сахара көріністерін

келістіріп бере білетін жазушы қала кейпін бейнелегенде кең көсіліп, еркін жазылып кете алмайды. Романдағы қала суреттері қуқыл, нақтылы емес.

Бұрынғы прозалық шығармаларында Ж.Тілековтың тілі қалың бояулы, суретті болып келе бермейтін. Қайта ол жергілікті сөздерді, диалектизмдерді көбірек қолданатын. Лингвистер мен сыншылар мұны талай рет атап көрсеткенді. Ал соңғы романдағы жазушының тілдік ізденулері мол әрі жемісті екендігі жақсы аңғарылады. Суреттеп отырған ортаның өзіндік колоритын, кейіпкерлерінің ұлттық ойлау ерекшеліктерін, әлеуметтік мұрат-мүдделерін танытып сездіруде автор тіл құралдарын ұтымды пайдаланған. Мәселен, ол кейіпкерлеріне сөздік сипаттаманы орайлы тауып бере біледі. Партизан отрядын құрып, қалың елді өктемдік иелеріне қарсы бастаған Асқардың жалын атқан мінезіне меңзес оның тілі де өткір, уытты әрі афористік өрнек-нақыштарға толы. «Жүкті — нар, қайғыны — ер көтерер болар... Мың қайғы бір борышты өтемейді... Жолға салса — жорға, жонға салса жүйрік сағынып, білімдінің асыл ойын, көрегеннің ақылын аңсап отырған күндерімізге бәріңіз де жақсы келдіңіз... Ескіні еске алмай, жаңа жадыңа түспейтін сықылды». Бұл сөздерден халық өкілі Асқардың турашылдығы, тәуекелшіл мінезі, тапқырлығы анық сезіледі.

Автордың зорлық-зомбылық дүниесі өкілдеріне, дін иелеріне берген сөздік сипаттамалары да суреттілігімен, дәлдігімен көбінесе нысанаға дөп тиіп, қажетті көркемдік қызмет атқарып жатады. Бұған мысалды романның қай бетінен де табуға болар еді. Сондықтан да автордың кейіпкер репликасын орнымен пайдаланатындығын көрсету үшін бір ғана мысал келтірелік. Зәурені өзінен мүшелі жас Малтабардай шикі өкпеге зорлап телігені оқушыға аян. Әке-шешенің ыңғайына көшіп, сол жаман енді Зәурені басынбақ, ықтырмақ болады. Осыны көзімен көрген Сарэнжавтың аузына автор мынадай сөздер салады: «Әй, сен қортық, Зәурені неге сабайсың, ә?! Бері келші өзің, машинаның сандығына салып ала кетейін, — деп ұмтылып еді, Малтабар да, басқа балалар да зыта жөнелісті». Мұндағы тамаша шынайылықпен, тапқырлықпен берілген нәзік юмор қандай ащы әжуадан, өткір мысқылдан кем соғып жатқан жоқ. Халықтың әдет-ғұрпы, салты мен дәстүрі, ойын-сауығы, ісмерлік өнері де романның осы тарауларында кеңінен әрі әсерлі суреттелген. Бұл тұстарда да автор шиыр болған әдеби

машықтардың шылауында кетпей, ез қаламының табын, өз ізденістерінің белгі-бедерін ашық танытады, тұрмыс көріністерін өрелі оқиғалардың эпикалық кең тынысымен ұластыра отырып береді. Жоғарыда романда оқиға қалың екендігі айтылған еді. Бұл, әрине, жақсы. Бірақ автордың, кейде екінші шекке соғып, оқиғаның жалаң өзін қызықтап кететін мезеттері де бар. Соның салдарынан болуға керек, жазушы уақыт сипатын, тарихи шындықты танытатын оқиғаларды, арпалысқан күресті, қиян-қилы тартысты терең философиялық тұрғыдан гөрі стратегиялық планда көбірек алып кеткен.

Сондай-ақ автордың оқиға өрбуін, тартыс желісін кейіпкерлердің характерін зерттеп ашу үшін жете пайдаланбайды.

Сәтімен табылған кейбір ұтымды мезеттерді айтпағанда жазушы психологиялық сипаттауға әлі де сараң соғатын тәрізді. Кейіпкерлерінің рухани сыр-сезімдерін, көңіл күйлерін ағыл-тегіл ақтарып тастайтын, төгіп-төгіп жіберетін талай-талай жерлерде автордың тартыншақтай беретіні байқалып қалып отырады. Романның әр тарауын қайталап оқыған сайын автордың баяндаушылық талантының көркемдік, суреткерлік шеберлікке ұласып келе жатқандығы байқалады. Жазушының болашақта осы бағытынан танбауы, әлі де болса көп ізденуі, ширыға ізденуі керек сияқты. Кейіпкерлерінің сөздерін, репликаларын ара-тұра соншалықты тап басып, дөп тиіп жеткізіп беретін жазушының диалог құруға жалпы олақтығын атап айтпасқа болмайды. Романдағы кейбір диалогтардың тұтас беттерге созылып кететіні де бар. Мұндай шұбалаңқылық шеберлікті де сездірмейтіні, кейіпкерлердің де ішкі құпияларын ашпайтындығы хақ.

Ж.Тілековтың тілінде басқа кейбір жазушыларымыздың шығармаларында ұшырайтын риторикаға үйірлік, сылдыр сөзуарлық жоқ десе де болғандай. Бірақ тілдегі реализм үшін әлі де көп ізденуге, азап шеге еңбектенуге тиіс екендігін оның ескеруі, естен шығармауы ләзім. Автор болашақта романының соңғы кітаптарын жазатындықтан бұл пікірлерді қадай айтудың орайы әсіресе келіп тұрғандай.

Тұтастай алғанда «Жоңғар даласында» романы тақырыбының сонылығы, материалының тыңдығымен ғана емес, сонымен бірге осыған орай көркемдік қырларымен, өзгеге ұқсамайтын өзіндік бітімімен де әдебиетімізге мүшелі туынды болып қосылатындығы, оның ешкім ашпаған жаңа бір беттерін құрайтындығы күмәнсыз.

Бұдан он шақты жыл бұрын шыққан прозалық тұңғыш көлемді шығармасы үшін Ж.Тілековтың қатал да әділ сынға ұшырағаны аян. Ең қиыны, соған қарап кейбіреулер оның авторының жазушылық талантына шүбәланған-ды. Бірақ сол шүбә бекер екен. Жазушының сан жылдар бойына шын тебіренген азабы, қиын еңбегі босқа кетпеген. Жазушы бұрынғы шүба атаулыны серпіп тастап, ауыз толтырып айтуға, сүйсінуге тұрарлық ірі шығарма берді. Бұл — оның болашақта бұл деңгейде де аялдап қалмай, биіктей беруінің, ессйе түсуінің кепілі болса керек.

1960 ж.

ЖЫР АЛЫБЫ

Есімі барша әлемге аян болған атақты ақынымыз Жамбылдың шығармашылығы кеңестік дәуірде қайта туған қазақ халқының ұлттық мақтанышына айналды, оның әдебиетіндегі, әсіресе халық поэзиясындағы тұтас бір кезеңді құрады. Тамаша шығармаларын қайталап оқыған сайын жыр алыбы ұлы қарт өзінің зор ақындық бейнесімен көз алдында айқын елестейді де тұрады, қазіргі шадыман өміріміз, ғажайып заманымыз, ұлы халқымыз туралы небір әсерлі сезімдерге бөлейді. Өз дәуірінің шындығын аса көркем образдар арқылы бейнелеген, өзі өмір кешкен кезеңнің алдыңғы қатарлы идеяларын білдірген, халықтың өмірі мен ой-арманын жырлаған ақындардың шығармалары ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалып, халықтың санасы мен жүрегінде ұзақ жылдар бойына сақталмақ. Кеңестік дәуірдің шабытты жыршысы, халық поэзиясының алыбы Жамбыл Жабаев дәл осындай ақындардың қатарына жатады. Жолаушы алыстаған сайын өзінің аспанмен тілдескен асқарын оған айқынырақ көрсете түсетін заңғар Алатау сынды Жамбыл да өзінің ақындық тұлғасын уақыт озған сайын биіктете бермек. Жамбылдың есімі бүкіл дүниежүзіне өзінің көзі тірісінде-ақ кең таралды, оның ақындық дауысына бүкіл прогресшіл адам баласы құлақ тосты, оның тамаша шығармалары дүниежүзінің көптеген халықтарының тілдеріне аударылды. Ақын даңқының мұншалықты кең жайылуының себебін оның шығармашылық тағдырының әншейін бақыттылығынан іздеу қате болар еді. Кеңестік заман қайта туғызған Жамбыл ақындық өнердің мұндай биігіне осы бақытты заманды

шын жүректен жырлау арқылы, туысқан Коммунистік партияның қамқорлығы мен қолдауы арқылы көтерілді.

Кавказға Шота Руставелидің мерейтойына барған сапарында Жамбылға шетелдік бір жазушы:

— Жамбыл мырза, сіз жер бетінде құрдастарыңыздың аз қалғандығына бақыттысыз ғой! — дегенді айтады. Ақын оған былай деп жауап қайырады:

— Сіз қателесесіз, менің бақыттылығым қайта менде құрдастардың көптігінде. 172 миллион кеңес азаматтары — менің құрдастарым. Олар да, мен де, менің бүкіл Отаным да өзіміздің нағыз өмір сүре бастағанымыз Ұлы Октябрь революциясынан бері ғана деп білеміз... Мен 70 жыл бойы көксеген, халықпен бірге ұмтылған бақыттың, дәулеттің, қуаныштың ертегідегідей алқабын таптым. Бұл бақыт алқабы дегенім — менің ұлы Кеңес Отаным...

Қандай тамаша сөздер! Өз бақытын жаңа өмірдің таңы атқаннан кейін ғана тапқан және осыны заңды түрде мақтан ететін адамның жүрек жарды сыры мен көңіл кернеген қуаныш сезімі осы бір сөздерде соншалықты әсерлі айтылған. Расында да, Жамбыл — асқан бақытты адам. Оның тағдыры да — мейлінше қызық және кісі қызығарлық та тағдыр.

Жүз жасаған Жамбыл өз халқының ғасырлық шежіресі, оның өшпейтін ақындық үні есепті. Жамбыл қазақтың өткен ғасырдағы классигі Абаймен замандас болды, Сүйінбай, Шөже сияқты атақты ақындарды өз көзімен көріп, солардан тағылым алды. Ол жиырмасыншы ғасырдың небір дауылды да ұлы кезеңдерін де бастан кешірді. Ол ескі дүние қаусай қирап, оның орнына жаңа дүние жасалғандығының куәсы ғана болып қойған жоқ, сонымен қатар осы жаңа өмірдің қайнаған ортасында болды.

Жамбыл қазақтың халық поэзиясы мен кеңестік жазба поэзиясының арасындағы жанды көпір тәрізді. Халықтың ғасырлар бойғы даналығы мен дарындылығының жемісі болған оның поэзиясынан мол сусындап, мейірлене қанған Жамбыл өзінің шығармашылығында, әсіресе кеңес дәуіріндегі шығармаларында сол халық поэзиясының ең таңдаулы, игі дәстүрлерін дамытты, жетілдіре түсті. Сөйтіп ол бұл дәстүрлерді бүгінгі кеңестік поэзиямызға әкеліп ұластырды. Оның шығармашылығының ең бір ерекше, бағалы сипаты да осында.

Жамбыл — шын мәнісіндегі халық ақыны. Халықтың өмірі мен ой-арманын, сезім-тілегін жырлау — оның шығармаларының негізгі бағыты, идеялық арқауы болып келеді. Ақын шығармаларының бұл қасиеті тіпті оның

революцияға дейінгі шығармалары мен толғауларынан, айтыстары мен дастандарынан да айқын танылады. «Кедей күйі» атты өлеңінде ақын жоқшылық тақсіретін тартқан, әділетсіз өмірде өгейлік көрген жарлылардың аянышты халін жырлай келіп, былай дейді:

...Қалт-құлт етіп жүрген
Қысы, жазы қарны аш.
Қайтіп жаның ашымас?
Неткен заман қатыбас?
Еткен еңбек, төккен тер
Қалай түкке татымас?

Бұл өлеңдегі жоқшылық көрген жандарға деген аяныш сезімдері мен солардың азапты, мұңды тағдырларына ортақтасу сарындары Жамбылдың басқа көптеген шығармаларынан да мол ұшырасады. Ақынның «Жылқышы» атты өлеңі бұған әсіресе анық айғақ болғандай.

Сары түнге сарылып, кірпік ілмей,
Салқын кезде бір жылы үйді білмей,
Сахарада салақтап күндіз-түні
Бұралқы ит пен малшының сиқы бірдей.

Саяқ іздеп Саркемер, сартау құмнан
Табылса деп — жонымыз бір тілінбей.
«Байтал түтіл, бас қайғы» болып жүріп,
Қайтпекші едік төсектен біз тұңілмей!

Әрине, бұл өлеңді дымқыл тұман басқан күз бен ызғарлы қыс суретін асқан суреткерлікпен айнытпай берген әрі соны мал баққан елдің жадау тіршілігімен қабыстыра, ұластыра көрсеткен Абайдың табиғат лирикасымен салыстырудың, қатар қоюдың орайы келмес. Сөйтсе де, осы екі шумақ өлеңге ақынның тұтас өмір суретін сыйғыза алған шыншылдығына ден қоймасқа болмайды.

Енді бір өлеңдерінде Жамбыл өз басының күйлерін шертеді. Осылардың ішіндегі ең қызғылықтысы — «Шағым». Мұнда бала Жамбыл дүмше молдадан көрген қиянатын әкесіне шағына жырлайды, татаусыз шын сырын ақтарады:

Оқымаймын молдадан,
Не оқытпақшы ол маған?
Бала келсе сабаққа
Жем дәметкен дорбадан.
Ақ сәлдесін төңкеріп,

Көзін жұмып теңселіп,
Боз інгендей боздаған.
Қайтіп сабақ береді.
Айтқаны ішке қонбаған?
Оқымаймын енді одан,
Домбыраны қолға алам.
Өлең кірген түсіме
Жөргегінде мен болам.
Қинама, әке, қинама
Болмас енді зорлаған.

Ащы мысқылға, өткір әжуаға толылығына, дүмше молданың бар мүскін халін тып-типыл еткен уыттылығына қоса бұл өлең жас Жамбылдың ақындық өнерге ерте бой ұрып, емірене бас қойғандығын да анық аңғартады. Жамбыл өзінің революцияға дейінгі шығармаларында халықтың ауыр тұрмысын, мұң-наласын жырлаумен, оның қайғы-қасіретіне ортақтасумен ғана тынған жоқ. Халыққа деген сүйіспеншілік оны халық мүдделері үшін күрескер етті, оның шығармашылығында халықты қанап езушілерге деген кекті қарсылық сарынын туғызды. Әлеуметтік теңсіздіктердің түп төркінін, мұның себептерін Жамбыл ол кездерде айқын да терең түсіне алған жоқ және бұлай болуы мүмкін де емес еді. Бірақ ол халықты қанаушы атаулының барлығына да мейлінше қарсы болды. Қараңғы, надан елді алдаған қожа, молдалар да, халықты зар илеткен би-болыстар да, оларды қолдап отырған патша әкімшілігінің ұлықтары да ақынның алмастай тілгір сөзіне, уытты кекесініне ілікпей қалмады.

Осы ретте оның «Сәт сайланарда» атты өлеңі әсіресе назар аударарлық. Өткен ғасырдың тоқсаныншы жылдарында шығарған бұл өлең-эпиграммасында ақын елді жегідей жеген сімер болыстың зымияндығын, қорқаулығын былайша түйрейді:

Лашын құстай таранып,
Сырты сұлу көрінген.
Неңді медеу саналық
Жел еседі жеріңнен.
Қайымады түмелер,
Қысырады биелер,
Қыста қырсыз жұт болдың,
Елге жүгіңді үйе бер
Шығынмен де шаршаттың,
Енді қайтіп күй енер?

Көргеніміз сол болса,
Неміз қалды сүйенер?
Қазбасам да мен онша,
Елдің өзі-ақ жүйелер.

Мұнда елге жұт болып тиген жебір болысқа жыр семсерін аяусыз қадаған, оның қатыгездігін қарама-қарсы суреттер арқылы қапысыз танытқан ақынның тура тілді батылдығына да, ерен тапқырлығына да таңырқамай, анық сүйсінбей қалмайсың.

1913 жылы Алматы қаласында Романовтар патшалығының үш жүз жылдығына арналған көрмеде Жамбылдың патшаны дәріптеп өлең айтудан бас тартуы және ұлықтардың алдында құрдай жорғалаған жағымпаздарды жермен жексен ете түйреуі — ерекше назар аударуға тұрарлық, аса елеулі факт.

Халықтық сарындар Жамбылдың революцияға дейінгі толғаулары мен жырларында ғана емес, сонымен қатар айтыстарында да өзекті орын алады. Айтыс — Жамбылдың ұшан-теңіз шығармашылығының аса мол, мейлінше бай саласы. Оның құлан аяң Құлмамбетпен, Сарыбаспен, Досмағамбетпен және басқа да көптеген ақындармен айтысы сол кездің өзінде-ақ ел арасына кең таралған. Жамбыл айтысқан ақындарының барлығын да жеңіп отырды. Бұл да кездейсоқ бола қалған жоқ. Жамбылдың мұндай жеңімпаздығының сыры оның сарқылмас ақындық қуатында, тап басып, тіліп айтатын тапқырлығында, өмір өткелдерін мол өтіп, жадына көп нәрсе тоқығандығында ғана емес. Басқа шығармаларындағы сияқты, айтыстарында да Жамбыл халықтың ой-тілегін білдірді, халықтың атынан сөйледі және қарсы айтысқан, байларды мадақтаған жарамсақ ақындардың барлығын да тып-типыл ете жеңді. Айтыстарында Жамбыл өзін жаңашыл ақын ретінде танытты. Өз руының байлары мен билерін дәріптеп, солардың буына масыққан Құлмамбетке Жамбыл былай дейді:

Адамдықты айт, ерлікті, батырлықты айт,
Ел бірлігін сақтаған татулықты айт.
Қарымбайдай сараңдар толып жатыр,
Оны мақтап әуре болмай жөніңе қайт!

Бұл сөздер — Жамбылдың революцияға дейінгі ақындық қызметінің программасы есепті. Шындығында да, Жамбыл сол кездегі шығармаларының өзінде-ақ халық

мүддесін, ел бірлігін жырлады, адамгершілік қасиетті, ерлікті, батырлықты мадақтады.

Жамбыл шығармашылығының әбден кемеліне келіп, оның ақындық қайнарының кемерінен аса төгілген кезі біздің кеңестік дәуір.

Социалистік жаңа дәуір тек Жамбылды ғана емес, сонымен қатар басқа да көптеген халық жыршыларын ақындық өнердің кең өрісіне алып шықты. Олардың шығармашылығы ғасырлар бойы тұңғиыққа қамалып, түйыққа тіреліп, кемерінен аса шалқи алмай келген жыр мұхиты — халық даналығының кеңестік заманда кемелдене толысқандығының айқын айғағы болып табылады.

«Жамбыл, Тоқтағұл Сатылғанов, Сүлеймен Стальский, Гамзат Цадаса, Фекла Беззубова, Марфа Крюкова сияқты халық жыршыларының, ақындарының, сказителдерінің шығармалары кеңес құрылысы тұсында кеңінен таралды», — деп жазды М.И.Калинин өзінің «Біздің халқымыздың моральдық бейнесі туралы» деген тамаша кітабында.

Әрі кәрілік әлсіретіп, әрі қатал заман қалжыратқан қарт Жамбылдың еңсесін Коммунистік партия, жаңа заман биік көтерді, оған дариядай мол ақындық қуат берді. «Менің бақытым» атты шығармасында бұл жөнінде ақынның өзі былай дейді: «...Өмірімнің жетпіс екінші жылында мен бақытты өмірге жеттім. Әлсіреп, азап көргенімде Ленин дана қолын созды. Мен шыңыраудан шығып, тамаша гүлдерді, жұпар иісті шөптерді, қыруар малдарды, сымбатты үйлерді көрдім. Мен нағыз күнді көрдім, таудың асыл тасындай таза ауада дем алдым; менің жаным да алма ағаштай гүлдеді, көзім жұлдыздай жайнап, кеудемді шаттық кернеді, өлеңдерім көктемгі Іле өзеніндей тасыды; мен жасардым. Он сегіз жасар жігіттік шағыма келдім».

Жаны жасарған ақынның жыры да жігіттік шағына қайта оралды. Бұрын туған халқының көкейкесті тілегі мен асыл арманын толғаған Жамбыл енді оның азат, бақытты өмірін ақындық тың серпінмен қуана, шалқыта жыр етеді.

Елімізде жаңа дүние әкелген жаңалықтар мен ірі-ірі оқиғалардың барлығы да қарт ақынның жүрегін тербеп, шабытына қозғау салды. Бұл Жамбыл шығармаларының тақырыптық қамтуы мейлінше мол әрі терең болуына әсер етті. Еліміздегі, тіпті бүкіл дүниежүзіндегі алуан түрлі жаңалықтарға әрдайым құлақ түріп, көңіл қойған ақын оларға дер кезінде үн қосып отырды. Жамбылдың Қытай туралы, Үндістан туралы және басқа да шетелдік тақырыптарға арнап шығарған жырлары өте көп. Бұл

жағынан Жамбылды нағыз интернационалист-ақын деп атау лайықты. Патриот-ақын өзінің туған халқын, Кеңестік Отанын шексіз сүйді және оларға өзінің көптеген шығармаларын арнады. Ол бұл екі тақырыпты өзара тығыз байланыстыра, терең ұштастыра отырып жырлады. Ақын Отанымыздың барған сайын гүлденіп, алға баса беруін қалады және өзінің шығармашылығын осы мақсатқа қызмет етуге арнады.

Көктей түс. Отанымның шаттық бағы,
Келші ұшып, сайрай түсші, бүлбүл тағы.
Бүлбүлдай шаттық жырын ақтарыңдар,
От жүрек еркіндіктің адамдары,—

деп жырлады ақын. Оның Отан туралы жырлары осындай патриоттық ойларға, қастерлі сезімдерге толы, мейлінше көркем болып келеді.

Жамбыл ақындық өнерді халыққа қызмет етудің өткір құралы деп түсінді. Ол өзінің жалынды жырларымен үнемі халықты еңбекке, күреске шақырып отырды. Оның шығармаларының үгіттік мәні әсіресе күшті болып келетіні де осыдан. Шығармашылығының бұл қасиетін ақынның өзі де өте орынды аңғартады.

Винтовкасын кезеніп,
Сарбаз шықса соғысқа
Домбырасын безеніп,
Жамбыл барад соғысқа.
Жаудың мойнын жұлдыра
Сарбаз шапса қылышын.
Жау жүрегін сындыра
Жырдың салам құрышын,—

деп жырлады ақын. Жамбыл бұл сертін бейбіт шақта да, ел тағдыры сынға түскен қысылшаң кезде де абыроймен орындады.

Жамбылдың бүкілодақтық оқушының алдына шыққан кезі отызыншы жылдардың орта шамасы. Ол 1936 жылы қазақ әдебиетінің Москвада болған онкүндігіне қатысып, Отанымыздың жүрегі — Москваны, қасиетті Кремльді өз көзімен көрді. Қарт ақын адам баласының теңдесі жоқ данышпаны Лениннің Мавзолейінде болып, мәңгі ұйқыда жатқан көсемге тағзым етті. Өзі көзімен көрген осы жайларды Жамбыл жырға қосып, емірене толғады.

Адамзаттың асылы
Аруағыңды ардақтап,
Көпті көріп көндіккен
Ақшыл тартқан басымды
Алдыңа келіп иемін, —

деп жырлады ақын «Ленин Мавзолейінде» атты толғауында.

Коммунистік партияны, оның кемеңгер көсемі Ленинді жырлау — Жамбыл шығармаларының ең негізгі, желілі тақырыбы. Жеңіс пен күреске толы тамаша өміріміздің қай көрінісін, қай саласын жырласа да, өз жүрегінің түкпірінен алынған ең бір жылы ниетке, алғыс сезіміне толы сөздерді ең алдымен Коммунистік партияға арнайды.

Бүкіл халықтың және өз басының Коммунистік партияға деген махаббаты мен ыстық мейірімін Жамбыл кей жырларында тікелей арнаулар арқылы немесе жалпылама түрде, бірақ үлкен пафоспен бейнеледі. Ал басқа көптеген шығармаларында ол бұл идеясын Ленинді жырлау арқылы нақтылы білдірді. Жоғарыда аталған толғауында ақын Ленинмен — тірі адаммен сөйлескендей сөйлеседі. Сөйтіп осы бір ерекше тәсіл арқылы Жамбыл Лениннің ұлы идеялары мен ісі мәңгі жасайтындығын шебер аңғартады. Осы толғауындағы идеялары мен ойларын ақын «Ленин» атты ұзақ жырында әсіресе тереңдете әрі өрістете түсті. Бұл жырында ол Лениннің ұлы тұлғасын бейнелеу үшін халық поэзиясындағы небір шұрайлы көркем сөздерді талғап, таңдап барып қолданады. Бұл ретте ақынның өз жанынан қосқан тамаша теңеулері мен метафоралары да мейлінше мол әрі соншалықты бедерлі.

Үнің кетпес құлақтан —
Ағыны күшті, бұлақтан,
Тау суындай тасқыны
Талқандап құзды құлатқан;
Өрлігі кең өрлеген,
Түбі терең мұхиттан,
Ағыны жылдам сынаптан,
Жер жүзіне тараған.
Аузына әлем қараған
Қара қылды қақ жарып,
Жылағанды жұбатқан;
Солтүстік пен Оңтүстік,
Батыс, Шығыс — әлемде
Балдан тәтті сөзіңнің
Дәмін алған ұнатқан,

Үнің мәңгі өшпейтін
Адамзаттың алыбы,
Батыры сенсің — Ленин!—

деп жырлады ақын. Жырдың әрбір шумағында Лениннің бейнесін осылайша сипаттай келіп, ең соңғы сөздерін ақын көсемнің өзіне тікелей арнайды. Халық ұғымына түсінікті тілде шығарылған әрі халықтың жүрегіндегі асыл ойын шебер жеткізіп бере алған мұндай жыр оның көңіліне қона кетті. Халық бұл жырды жаттап алды және оны қайталап айту арқылы өзінің де ең қастерлі, аяулы ойын білдірді.

Ленинге арнаған шығармаларында ақын кемеңгер көсемге және ол негізін құрып, құрыштай шынықтырған Коммунистік партияға деген бүкіл халықтың сүйіспеншілік, алғыс сезімін терең бейнеледі және сонымен қатар өз жүрегінің қуанышты күйлерін де тебірене шертті. Халық арасына мейлінше кең тараған «Туған елім», «Әлемді келдім аралап», «Халықтар туысқандығы», «Қымбатты сый», «Орындалған ант туралы жыр» сияқты жыр-толғауларында ақын өткендегі қайғылы, тұл өмірі мен бүгінгі бақытты өмірімізді салыстыра келіп, халықтың ғасырлар бойғы арманы орындалған кеңестік дәуірдің артықшылығын зор ақындық үнмен, асқан қуаныш сезімімен жырлады. Адам баласының тарихында осындай жаңа дәуір ашқан данышпан көсемнің ұлылығын шын жүректен толғады, оның ұлы өсиеттері біздің елімізде жүзеге асырылғанын әсерлі де тартымды бейнеледі. Жамбыл кемеңгер көсем Ленинмен бірге оның серіктері шәкірттерін де жырға қосты. Рас, осы жайда ақынның жаза басқан, жеке адамға табынудың зардабына шалдыққан мезеттері де бар. Бірақ шынтуайттап келгенде, бұл үшін оны кінәлаудың, жазғырудың еш орайы жоқ. Өйткені сол кеселдің зардабы тиген тек Жамбыл шығармашылығы ғана емес-ті. Оның үстіне сондай өлеңдерінде де ақын өзінің Отанға, халыққа, туысқан Коммунистік партияға деген ыстық ықыласынан, татаусыз сүйіспеншілік сезімдерінен зәредей де тая соқпай, патриоттық көңіл-күйлерін риясыз, ашық танытқан болатын. Екі дүниенің айғағы мен ақындық үні болған Жамбылдың кеңес дәуірінде жасаған, терең мазмұн мен көркемдік қуатқа толы ғажайып шығармашылығы — Коммунистік партияның ұлт саясатының біздің елімізде толық салтанат құрғандығының тамаша көрінісі. Партияның XVIII съезінде сөйлеген сөзінде жазушы Михаил Шолохов осы ойды бейнелі түрде білдіре келіп, былай деді:

«Менің пікірімше, ең үлкен жетістіктеріміздің бірі — біздің жекелеген табыстарымыз емес. Ол — Лениндік ұлт саясаты салтанатының әдебиетте де гүл атып нұрланған.

Туысқан ұлт республикалары ақындары мен жазушыларының бұрын орыс халқына аз танылып келген шығармашылығы енді бүкілхалықтық творчествоға айналды. Ұлт жазушыларының соны дауыстары орыс әдебиетінің үніне тоғысты, оны молықтырды және интернационалдық әдебиет етті. Жамбылдың қарапайым болып келетін ерлік, эпикалық жырлары біздің ішіміздеп кімді таңдандырмады? Грузин ақындары өленderінің ғажайып тәттілігі кімді әсерлендірмеді? Сүлеймен Стальскийдің әуезді, әсем жырларын оқығанда кім толғанбады? Тіпті аудармада өзінің алғашқы көркемдігінің біраз бөлегін жоғалтса да, бұл жазушылардың сөздері біздің жүректерімізге тура жол тапты».

Өзінің өмірін асқан зор шабытпен жырлаған және ой-тілегін көркемдікпен жеткізіп бере алған ақынын халық мейлінше қадірледі. Қарт Жамбыл бүкіл халықтың қамқорлығы мен сүйіспеншілігіне бөленді. Үкімет пен партия Жамбылдың ақындық қызметін, Отан алдындағы оның еңбегін аса жоғары бағалап, оны ордендермен наградтады, оған Халық ақыны деген құрметті атақ берді. 1938 жылы мамыр айында бүкіл еліміз Жамбылдың ақындық қызметіне жетпіс бес жыл толуын кеңінен атап өтті. Советтік дәуірдің ұлы жыршысының бұл даңқты мерейтойына бүкіл прогресшіл адам баласы ерекше назар аударды. Қарт ақынның атына көптеген шетелдерден құттықтау телеграммалар келді.

Батыс Еуропаның алдыңғы қатарлы мәдениет қайраткерлерінің ойын білдіре келіп, француздың атақты жазушысы, Кеңес Одағының досы Ромэн Роллан былай деп жазды: «Батыс Альпаның жүрегінен Қазақстан далаларының жүрегіне, өзінің қазақ халқының және жаңа адам баласының жыршысы — Жамбылға туысқандық сәлем!» Бұл сөздер Жамбылдың бүкіл дүниежүзіне кеңестік дәуірдің теңдесі жоқ жыршысы ретінде кең танылғандығын айқындай түседі.

Жамбыл шығармашылығының шарықтап өскен бір шағы — Ұлы Отан соғысы кезеңі. Зұлым жаудың бейбіт елімізге тұтқиылдан жасаған шабуылы басқа кеңес адамдары сияқты, Жамбылдың да ыза-кегін өршітті, оның қарт жүрегінде намыс отын қаулатты. Ақынның қуат пен қайратқа толы кекті дауысы соғыстың ең алғашқы күндерінен бастап-ақ құдіретті үнмен естіле бастады.

Асқар таудай еліме
Байтақ жатқан жеріме
Шапты фашист дегенде —
Ашуменен аралас
Жыр да келді көмейге,
Қаһар қаулап денемде! —

деп жар салды ақын. Отан соғысы жылдарында шығарған «Өмір мен өлім белдесті», «Ленинградтық өрендерім», «Москваға», «Аттан, батыр ұрпағым», «Отан әмірі», «Алынбас қамал» сияқты атақты жырларында патриот-ақын социалистік Отанымыздың жеңілуді білмейтін қуаттылығын мадақтады, кеңес адамдарын еліміздің азаттығы мен тәуелсіздігін қорғап қалуға шақырды. Жамбылдың рухани қуат пен қажырлылық рухына толы жалынды жырлары кеңес майдангерлерін жеңіске үндеді, олардың бойында отаншылдық сезімін қаулатты. Бұл ретте «Ленинградтық өренім» атты әйгілі толғаудың жолы әсіресе бөлек екенін атап айтуға керек. Қарт ақынның жүрегін жарып шыққан жалынды сөздер қамауда, құрсауда қалған қаланың халқына жігер беріп, оның мұқалмас қайратын қайрай түсті. Толғау ақынның Ленин қаласын, оның ғажайып көркін еске алуымен басталады.

Ұлы Ленин дананың
Атындағы қаланың
Бесігінде телі өскен
Балаларым — жараным,
Сәулетім, сәнім, айбарым!
Анасындай даланың
Өзендердің алабын
Байқағанда байыптап
Бейнесін көрем Неваның.
Көпірі осы Неваның
Көзіме түссе көрікті
Бір серпіліп қаламын.
Аңғарсам қала аймағын,
Балтықтың терең жарларын
Қаланы нұрға шомылтып,
Ымыртта жанған шамдарын,
Зәулім-зәулім үйлерге
Алтынды күмбез салғанын —
Қиырдан болжайд жанарым.

Ақынның осылайша Ленин қаласының бейбіт күндегі көрікті келбетін жырлауы әншейін емес. Осындай жарқын

сурет ұрланып келіп шапқан опасыз жаудың зымиян сиқына, ақынның жаңа ғана құйылып тұрған қуанышты сезімі құрсанған ызаға, қасиетті кекке ауысады. Бұл тәсіл толғаудың әсер күшінің еселене түсуіне, оның патриоттық қуатының үдеп артуына ерекше ықпал жасады. Жамбылдың бұл толғауы Ленинград қаласын қорғаушыларға радио арқылы беріліп тұрды, плакат болып шығарылып көше-көшеге ілініп қойды. Жауды мейлінше жеккөруге үндейтін, еңіреген ерлікке жар салатын бұл жалынды жыр басқа майдандардағы кеңес жауынгерлерінің де патриоттық сезімдерін, ар-намысын өршітіп, оларға рухани қуат-қолдау берді.

Сондықтан да кеңес жауынгерлері ұлы ақынға ыстық сүйіспеншілігі мен алғыс сезімдерін білдіріп, майдан даласынан сансыз хаттар жолдады. Бұл хаттарға ақын өзінің патриоттық жыр-толғауларымен әрдайым жауап қайтарып, жауынгерлерге өзінің жалынды жыр-сәлемін арнап отырды. Оның осы алуандас шығармаларының ішінде «Сүйікті Отанымның ұлдарына!» атты толғауы ерекше орын алады. Ақынның осы толғауынан және майдан кезіндегі басқа да таңдаулы шығармаларынан оның ел өмірімен, жеңіс рухымен тыныстағанын айқын көреміз. Ақын Алексей Сурков тауып айтқандай: «Қазақстан өлкесін соғыс даласынан бөліп жатқан шалғай алыстық қарт Жамбылдың шабытты даусының Ленинград пен Москваны қорғаушылардың, Кавказ бен Волгоградты қорғаушылардың құлағына шалынуына бөгесін бола алмады». Жамбыл шығармашылығында соншалықты терең жырланған Ленинградты қорғау тақырыбы халықтар достығы тақырыбына ұласты және сол кездегі бүкіл кеңес поэзиясына ерекше әсер етті. Жамбыл шығармашылығын ұзына бойына шолғанда бір ерекшелікті анық байқағандай боламыз. Эпикалық сарынмен бірге Жамбылдың революцияға дейінгі өлең-жырларында сатиралық, әшкерелеушілік ұят басым еді.

Ал оның кеңес дәуіріндегі поэзиясында лирикалық сарын молая түсті. Бұл оның шығармашылық эволюциясын, ақындық шеберлігінің шыңдалып толысқанын да қоса байқататындай. Өзгесін былай қойғанда, ақынның баласы Алғадайға арналған өлеңдер циклынан мұны әсіресе анық көреміз. «Аттандыру», «Алғадай туралы әрбір ой», «Атаның әлдиі» атты өлеңдері композициялық тұтастығымен бірге тамылжыған терең лиризмімен, шыншылдығымен, гуманистік мейірімділігімен ерекшеленеді. Осы орайда

ақынның «Абайдың суретіне» деген өлеңін қайталап оқудың артығы жоқ сияқты:

Мынау тұрған Абайдың суреті ме? —
Өлең сөздің ұқсаған құдіретіне.
Ақыл, қайрат, білімді тең ұстаған
Өр Абайдың төтеген кім бетіне!
Ақын атын таратқан әрбір тұсқа,
Өлеңімен өлмейтін салған нұсқа.
Қол бастар ер, ел сүйген ақын болған
Қандай арман бар дейсің бұл туыста!
Терең ойдың түбінде теңізі бар,
Тесіле кеп қарасаң — көңіл ұғар.
Сол тереңге ешкімді үңілте алмай
Есіл сабаз ызамен өткен шығар?!

Бұл өлең импровизатор-ақынның айтқанынан гөрі жазба поэзия өкілінің қалам сілтесіне көбірек орайлас. Шындығында да, Жамбылдың лирикасында оның жаңашылдығы, жазба поэзияның дәстүрлеріне жедекабыл жақындап келгені анық белгі берді. Оның шығармашылық эволюциясының ең басты бір сипаты да осында. Жамбыл толғау жырларымен қатар көптеген ұзақ дастандар мен эпикалық поэмалар да шығарды. Бұл салада да Жамбыл өзін жаңашыл-ақын ретінде көрсетті. «Өтеген батыр», «Сұраншы батыр» атты кесек те күрделі дастандарында ақын өткенде ел қорғаны болған, халық қамын ойлаған батырлардың патриоттық, ерлік қимылдарын суреттейді. Бұл шығармаларында Жамбыл өткен өмірден алынған тарихи тақырыпты бүгінгі күннің биік тұрғысынан қарап, жаңаша жырлайды. Мысалы, «Өтеген батыр» дастанында ақын негізгі кейіпкерінің бастан кешірген оқиғаларын эпикалық планда баяндай келіп, шығарманың соңғы бөлімінде Қазақстанның бүгінгі гүлденген бейнесін жырлайды. Бір кезде халықтың Өтеген сияқты батырлары аңсап өткен арман енді жүзеге асқанын айтады. Бұл бөлімнің дастанның жалпы сюжеттік желісі мен идеялық арқауына заңды түрде, тұтаса қабысып тұрғаны соншалық, егер ол болмаса, шығарманың оптимистік зор тынысы әлдеқайда әлсіреп кетер еді.

Жамбылдың «Замана ағымы», «Туған елім» сияқты қазіргі тақырыпқа арналған шығармалары да эпикалық поэма жасаудың жаңа үлгілері болып табылады. Шығармашылықтың осындай асқарына көтерілген, жыр алыбы болған Жамбылдың кеңестік поэзияға, әсіресе

халық поэзиясына ерекше ықпал жасамауы мүмкін емес еді және дәл осылай болды да. Нұрпейіс, Доскей, Саяділ, Қуат, Төлеу сияқты өзінің ізін баса шыққан белгілі ақындардың толғаулары мен шағын өлеңдерінен де, ұзақ жырдастандарынан да Жамбылдың идеялық және көркемдік әсері өте айқын сезіледі. Өз халқының тұтас бір ғасырлық өмірінің жанды куәсі болған Жамбылдың ұмытылмас жырлары — оның сол туған халқы тарихының ақындық шежіресі есепті. Ол қашанда халықпен бірге болды, азалы, ауыр күндерде оның қайғысына ортақтасып, қайрат-жігер берді, кеңестік дәуірде оның бақытқа толы өмірін өзінің тамаша шығармалары арқылы талмастан жырлады. «Қазақстанның даңқты ақынының теңсіз лиризмге, ұмытылмас образдарға толы ғажайып өлеңдерінен кеңес халқы өміріміздің жүрек соғысын сезеді, дәуіріміздің алға қарай ұмтылысын сезеді, өзінің көңіл-күйлерінің жинақты көрінісін, өзінің қастерлі ойлары мен сезімдерінің поэтикалық бейнесін көреді», — деп жазды «Правда» газеті Жамбылдың мәңгі ұмытылмас шығармалары жайында. Бұл — сүйікті ақынның шығармашылығына берілген бүкілхалықтық баға еді.

Қазақ кеңес ақын, жазушыларының ішінде есімі бүкіл Одаққа және жер жүзіне ең алғаш әрі мол таралғаны — Жамбыл. Оның шығармалары француз, ағылшын, неміс, чех, поляк, қытай тілдеріне және басқа да көптеген тілдерге аударылды. Сөйтіп ұлы ақынның Алатаудың баурында туған жырлары бүкіл әлемді шарлады. Жамбылдың шығармаларын шетелдерде оқып қана қоймайды, сонымен қатар оның творчествосы жайында пікір де айтады. Мысалы, Жамбыл шығармаларының чех тіліндегі аудармаларын талдай келіп, «Лидова культура» журналы былай деп жазады: «Оның жырлары мазмұны жағынан бай әрі алуан түрлі. Бірақ сол жырлардың мазмұнын қайталап баяндап беру арқылы ақын шығармашылығының мәнін ұғындыруға болмайтыны белгілі. Жамбыл — қазақтың халық поэзиясы дәстүрлерінің мұрагері және дамытушысы. Өлеңдерінің осы халықтығы — оның шығармашылығындағы ең бағалы қасиет... Майдандағы солдаттар ақыннан өзінің жаңа жырларын жіберуді неге өтінгенін біз түсінеміз. Яғни сол жырлар оларды күресте қолдады, оларға ерлік қуат қосты. Ақынды барша жұрттың осылайша тануы оның поэзиясына берілген жоғарғы баға болып табылады. Осы жырлар бізді көркемдік қасиеттерінің әсемдігімен рухтандырып қана қоймайды, одан да артық әсер береді. Олар бізді

жаңа ойлармен және сезімдермен молықтырады». Қытай профессоры Цао Цзин-хуа өзінің «Кеңес әдебиеті Қытайда» деген мақаласында кеңестің аса ірі ақындарының, оның ішінде Жамбылдың да шығармалары қытай оқушыларына кеңінен мәлім екендігі және оның сол шығармаларды мейлінше сүйіп оқитындығы жайында айтады. Бұл айтылғандар Жамбыл шығармашылығының интернационалдық сипатын айқындай түседі. Жамбыл өзінің өшпес, ескірмес шығармаларында халықтың өмірі мен ой-тілегін кеңінен бейнеледі және сол үшін де бүкіл халықтың құрметіне, мол мейіріміне бөленді. Ақынның жырлары да, оған деген халықтың осы сүйіспеншілігі де әрқашан әлсіремей, балғын күйінде қала бермек.

1955-1960 жж.

ЖЫЛДАР-ОЙЛАР

Қас суреткер қаламның ғана майталманы емес, сонымен бірге ойдың да ерені болмақ. Суреткерлік пен ойшылдық бір өзінің бойында тұтаса тоғысқан қаламгерлер ғана нағыз ұлы шеберлер бола алғандығы әдебиет тарихынан жақсы аян. Пушкин мен Гогольдің, Горький мен Фадеевтің тамаша көркем шығармалары мен өмір туралы, әдебиет туралы даналық ой-пікірлері қатар жасап келеді. Олар халықтың өмірімен де, оның арғы-бергі сөз өнерімен де мейлінше тығыз байланысты болған, туған елі-жұртының өткендегі әрі өздерімен тұстас әдебиетін зерттеген. Бұл олардың өз шығармашылығына да жемісті, игі әсер еткен.

Осының айқын мысалын өзіміздің көрнекті суреткерлеріміздің шығармашылығынан да табамыз. Атақты жазушымыз Мұхтар Әуезовтің қызметіне бұл әсіресе орайлас. Шығармашылық сапарының ең алғашқы кезеңінен бастап-ақ ол туған халқының тарихы мен тағдырын, оның ежелгі сөз өнерін, қолтума әдебиетін әрі суреткер, әрі ғалым ретінде қоса зерттеп келеді. Соның нәтижесінде ол барша әлемге паш болған асқан үздік көркем шығармаларымен бірге көптеген байсалды зерттеулер, ойлы еңбектер жасады.

Сол зерттеулер мен еңбектердің талай-талайы ғалым-жазушының «Әр жылдар ойлары» атты көлемді кітабына енген. Бұл кітапта автордың оқушы қауымға ежелден таныс еңбектерімен, мақалаларымен бірге тұңғыш рет

жарияланып отырған монографиялық зерттеулері де бар. Осыған байланысты кітаптың құндылығы әсіресе арта түседі.

Кітап халқымыздың ұлы ақыны Абайдың өмірі мен шығармашылығына арналған көлемді зерттеумен ашылады. Абай туралы тақырып М.Әуезовтің суреткерлік шығармашылығының ғана емес, сонымен бірге ғалымдық қызметінің де ең өрісті өзегі, үзілмес арқауы екені аян. Ұлы ақынның тағдыры мен тартысын, өмірі мен өнерін ол талай жылдар бойына толассыз іздене жүріп, сарыла зерттеді. Осы ретте ол талай-талай шабытты зерттеулер де жазды. Оқушы жұртшылық оларға да қанық. Бірақ оның Абай жәйлі бұл көлемді еңбегі бұрын-соңды тұтас күшінде, қазқалпында жарияланып, жарық көрген емес. Сондықтан да оған арнайы тоқталуды ләзім деп білеміз.

Зерттеудің кіріспе тарауында автор Абайдай ақынды тудырған тарихи-әлеуметтік жағдайларды ашады, ақын және оның өмір кешкен дәуірі туралы мәселе қозғайды. Осы орайда ол ақын шығармашылығына әралуан тақырып берген қос қыртыс замана шындығын, оның поэзиясын нәрлендірген көркемдік қайнар көзді де анық аңғартады. Зерттеуші Абайдың абайлық қасиет-қадірін, ұлылығын оның өмір кешкен дәуірінің ілгерішіл сипатымен және оның бірден-бір дұрыс, айнымас та адастырмас шығармашылық бағыт-бағдар ұстағандығымен байланысты алып қарайды. «Тегінде, Абайдың ақындығындай ақындық қуаты Абайдан бұрынғы ақындарда да болуға мүмкін. Олардың бірталайы тіпті атсыз ақын боп та өткен болар. Сондай ақындардың ғана санасы мен таптық тұрғысында, мәдениеттік дәрежесінде қалса, Абай классик Абай болмас еді. Өзінен бұрын жүз ақын болса, жүз бірінші, мың ақын өткен болса, мың бірінші болар да қалар ма еді, әлде қайтер еді!» — деп түйеді ол. Сөйтіп, зерттеуші Абайды ең алдымен өз дәуірінің жемісі, өз заманының үні деп қарайды. Ол осындай диалектикалық принциптен әрдайым танбайды, еш жаза баспайды. Бұдан әрі ғалым Абайды тану жәйін азды-көпті сөз етеді, басқа авторлардың ақын туралы үлкенді-кішілі еңбектеріне әділ баға беріп, атап өтеді.

Зерттеудің көлемді де кенеулі тарауларының бірі — ақынның өмірбаяны жайындағы шолу. Абайдың ғылыми өмірбаянын жазумен М.Әуезов көптен бері шұғылданып келеді. Ол Абайдың көлемді өмірбаянын 1933 жылы жариялаған болатын. Толассыз ізденудің арқасында ол соны әрдайым тереңдетіп, толықтыра түсіп келеді.

Абайдың өз басы ешқандай мемуар жазбағанын және оның замандастарының қағаз бетіне түсірілген естеліктері жоқтығын ескерсек, онда М.Әуезовтің бұл салада жүргізген еңбегі қаншалықты қиын да күрделі болғанын анығырақ аңдай түсеміз. Ақын жайында ел арасында таралған әралуан аңыздарды, кәрі құлақты жандардың жадында сақталған жәйттерді, басқа да сан-сан материалдарды дамыл таппай, тірнектеп жинай жүріп, зерттеуші Абайдың нағыз ғылыми өмірбаянын жазуды тәмамдап шықты.

Ақынның М.Әуезов жазған осы өмірбаянын оқып отырғанда бір нәрсеге сүйсіне қайран қаласың. Ол — Абайдың жалпы өмірбаянының, сондай-ақ өмірінің жекелеген фактілерінің ақынның шығармашылық эволюциясына, суреткерлік сапарының қат-қат қырларына, сан-сан сырларына соншалықты жанасып, үйлесе кетіп тұрғандығы. Осы орайда оқушы Абайдың тарихи тағдырын, өмірін оның М.Әуезов эпопеясындағы сом тұлғалы, соқталы бейнесімен салыстырып көруге, жазушының тарихи шындықты көркемдік шындыққа қаншалықты шебер ұластырғанын аңғарып аңдауға да мүмкіндік алады. Біздің бұрын-соңды ақындарымыздың ішінде шығармашылық мұрасы ең мол зерттелгені — Абай. Ақын шығармаларын тақырыптық қамтуы жағынан қарап талдаған, оның классикалық орыс поэзиясымен байланысын, аудармашылық өнерінің сырларын ашуға арналған еңбектер бізде аз жазылған жоқ. Бірақ мынау еңбек солардың барлығынан да оқшау, үздік танылады. Автор ақын шығармаларын тақырып-тақырыпқа бөліп, үзіп-үзіп жіктемей, тұтас күйінде алған. Ол хронологиялық принцип ұстанып, ақын шығармашылығын ұзына бойына шолып зерттеп шығады. Бұл — әдебиеттану ғылымында ежелден бері қолданылып келе жатқан, өзін-өзі ақтаған жемісті зерттеу тәсілі. Ақын мұрасының қай саласын, қай жанрын талдаса да, автор осы тәсілден танбайды. Ал оның шеберлік қырларын, тіл ерекшеліктерін, эстетикалық және философиялық көзқарастарын және ақын поэзиясындағы дәстүрлік жәйттар мен жаңашылдықты кезең-кезеңіне қарай, сап-сабымен ашып тастап отырады.

Абайдың жас шағында жазған немесе шығарған өлеңдерінің бізге жеткені онша көп емес. Бұдан он шақты жыл бұрын кейбір зерттеушілер сол азды-көпті өлеңдердің авторы Абай екендігіне шәк келтірмек те болды. М.Әуезов сондай дүдамал, екіұдай пікірлердің терістігін анық дәлелдей отырып, ақынның жас шағындағы

шығармашылығына хас қасиеттерді терең ашып береді. Солардың бірі — Абайдың шығыс ақындарымен байланысы. Әрине, шығармашылығының ең алғашқы, балаң кезінде Абайдың шығыс классиктеріне көп еліктегенін талай зерттеушілер атап көрсеткен. Бұл жаңалық та емес. Тіпті кімге құлай беріліп, кімнен медет тілейтінін жас Абайдың өзі де риясыз ашық айтқан. М.Әуезов пікірлерінің бағалылығы сол — ол Абайдың кімнен үйренгенін, нені үйренгенін дәлелдеп көрсетеді және ақынның өзінен бұрынғы қазақ поэзиясының кейбір дәстүрлерімен байланысын да аша кетеді.

Абай арабтың талай жұртқа мәшһүр болған Мұтанәбби, Әбіл Ғала-Мағри сияқты классиктерін ауызға алмайды. Оның ден қоятындары — Навои, Фзули, Фердауси, Сағди және басқалар. Осылардың ішінен Абайға ең етене жақыны — Навои. Оның «Чар-диуаны» қазақ ақынының шығыстық сарындағы өлеңдеріне әсіресе орайлас. Зерттеуші осындай ой түйініне меңзейді және оған қалтқысыз сенесің. Өйткені оның пікірлері дәлелді де салмақты. Зерттеудің ең көлемді әрі аса қызғылықты, ғылыми жағынан мейлінше терең тарауы ақынның лирикасына арналған. Бұл заңды да. Өйткені оның поэзиялық мұраларының дені де, салмағы да осы жанрда. Автордың әділ, дұрыс атап көрсеткеніндей, Абайдың нағыз классик, реалист-ақын ретіндегі шығармашылық сапары оның «Қансонарда» деген атышулы өлеңінен басталады. Өзінің зор ақындық мәдениетін, асқан шеберлігін, жазабаспас, қалт еткізбес ғажайып шыншылдығын Абай осы өлеңінде тұңғыш рет қапысыз танытады. Сондықтан да зерттеуші оны ақын шығармашылығындағы нағыз жаңашыл, кезеңдік шығарма деп бағалайды. Сонымен бірге оның осы өлеңге берген жіті байқауларға, кесек-кесек ойларға толы тамаша талдауына дән разы болмай, сұқтанбай қала алмайсың. Абайды қайта-қайта оқи жүріп те, ол жанында талай-талай жаза жүріп те, ешкім барлап байқамаған, аңдап танымаған небір терең сырларды автор қарбыта қамтып, ақтара ашады. Осындай тапқыр көрегендік, ақын шығармашылығының ішкі аңыстарын бұлжытпай, тап басып танушылық тәрізді қасиет тек бір өлеңнің тұсындағы талдаудан ғана емес, бүкіл зерттеудің ұзына-бойына мол сезіледі. М.Әуезов Абай шығармаларының идеялық тереңдігі мен көркемдік келісімдеріне тек ғалым ретінде ғана емес, сонымен бірге ойлы да сезімтал суреткер ретінде де барлап үңілген. Сондықтан да оның зерттеуінен ұлы

ақын шығармашылығының ғажайып сырларын аңғарумен бірге шын мәнісіндегі көркем шығарма оқығандай күйлі де келісті әсер аласың.

Суреткерлік шеберлігі тез кемелденген Абайдың шығармашылығы идеялық нысанасын, әлеуметтік тынысын бірте-бірте айқындап, барған сайын толыстыра түсіп отырды. Ақын шығармашылығының бұл эволюциясын зерттеуші соншалықты нанымды ашады. Абайдың алғашқы кезеңде жазған әйгілі өлеңдерінің бірі — «Жаз» екені аян. Мұнда ақын ешқандай, көмескі күйлерге, тұманды тұспалға бармайды, шындық хал-халеттерді нақтылы, анық қалпында суреттейді. Өлеңд оқығанда көшіп-қонған ескі ауыл өмірінің талай-талай реалистік көріністері көз алдыңа келеді. Өлең өзгеше бір динамикаға, сергек қимылға, бусанып тұрған жанды шындыққа толы. Осындай тамаша өлеңнің бір кемшілігі де бар. Ол — Сахарадағы ауыл тіршілігін, көшіп-қонып жатқан көріністерді соншалықты шебер суреттеген ақынның сол ауылдың өз ішіндегі әралуан әлеуметтік топтар арасындағы қайшылықтарды, қарсылықтарды аз көретіндігі, тек емеурінмен ғана танытатындығы. Ал осы тақырыпқа, яғни адам тіршілігі мен табиғат туралы тақырыпқа арнап жазған кейінгі өлеңдерінде ақын салт-саналық жақтан үдеп-өскенін көрсетеді. Бұрын көшпелі тіршілікті мінеп, сынай бермейтін ақын енді оның небір сұрықсыз көріністерін аяусыз ашып тастайды. Зерттеуші осындай салыстырулар арқылы да ақын шығармаларының ішкі сырын терең танытады және ескі сораппен кете бермей, тың ойларға мол өріс беріп отырады.

Автор Абайдың 1886 жылы жазған өлеңдеріне әсіресе байыпты әрі кеңінен тоқталған. Өйткені ол өз заманына да, біздің дәуірімізге де Абайды қадірлі дана, анық классик етіп танытатын ақындық жолдың нақтылы арналары. Дәл осы жылы салынған деп санайды. Бұл тұста ол ақын шығармаларын үлкен-үлкен төрт жікке бөледі. Біріншісі — надандықты, қанаушылықты қатты таңбалап сынаған ғибратшыл, ойшыл өлеңдері. Екіншісі — табиғат, жаратылыс тақырыбына арналғандары, үшіншісі — жас буынға тағлым айтқан, өнер-білімге үндеген өлеңдері. Төртіншісі — көңіл-күйінің лирикасы. Әрине, ақын шығармашылығының бағыт-бағдары, тақырыптық өрісі бұл айтылғандармен шектеліп қалмайды. Бірақ Абай сол төрт сала тақырыптан ешуақыт қол үзбей, әрдайым қайталап оралып отырған. Және оралған сайын салт-

сана жағынан да, ойлылық, даналық, тереңдік жағынан да ұдайы биіктей түсіп, үдеумен болған. Сондықтан да автор осыны ескеріп, ақынның тақырып жағынан бірін-бірі қайталайтын шығармаларын өне бойы түгел талдай бермей, солардың ішіне кейінгі жылдар қосқан жаңалық идея мен көркемдіктің сипаттарды айрықша атап отырады. Бұл оның ұлы ақынның көркемдік ізденулерін, шеберлікті шыңдап жетілдірудегі жолдарын ашуына, оның шығармашылық сапаларындағы сан алуан эволюцияны терең де толық танытуына мүмкіндік берген.

Абай қай таптың санашылы болды, қандай идеялық мұрат-мүдделер көздеді? Оның шығармашылығын нәрлендіретін бұлақ-бастаулар қандай? Ол қазақ поэзиясына ұлан-асыр қандай жаңалықтар енгізді? Абайдың ұлылығы, суреткерлік шеберлігі, оның реализмінің қуаты неде? Осындай және бұдан басқа да талай-талай сұрақтар Абайды зерттеушілердің алдына әрдайым қойылып келді. Бірақ соларға дәл осы еңбектегідей толық, сарқа жауап қайтарылған емес. Автор жалаң қисын айтпайды, эстетикалық-көркемдік талдауды жадағай социологиялық топшылаулармен ауыстырмайды. Ол ой-пікірлерінің барлығын да сол зерттеп отырған материалының өз ішінен ойып алады, оған терең бойлап отырып, аса қызғылықты байлаулар жасайды. Пікіріміз дәлелді болуы үшін бір ғана мысал келтірелік.

Ақынның «Өлсем, орным — қара жер...» атты әйгілі өлеңі әркімнің-ақ есінде. Бірақ осы өлеңді ақынның бүкіл өмірлік сапарының шыны мен сыры, оның ең асыл, аяулы ой-сезімдері, келешекке артқан үміті, болашақ ұрпақпен өзінше шешіліп тілдесуі түгел сыйып жатқанын аңдаған адам кемде-кем-ақ болар. Зерттеуші ақын өлеңінің әр шумағының, әр сөзінің ішінде жатқан астарды, суреткерлік тебіреністері мен аңыстарды айнытпай танып жайып салады. Бұл талдау жайында пікір айту қиын. Оны тек қайталап оқып шығу керек. Сонда сүйікті ақын Абаймен тағы бір кездескендей, оның шығармашылығымен тыңнан танысқандай әсер аласың.

Бұл өлең Абайдың ақын мен ақындық жөнінде, қоғам мен өз арасын білдіру жөнінде және көңіл сыры жөнінде бұл шаққа дейін айтып келген әр тақырыпты сан-сан өлеңдерінің сұрыпталған асылы есепті. Абай қайтыс болардан бірнеше жыл бұрын жазылса да, осындай терең жатқан түйіндеріне қарап, бұл өлеңді зерттеуші ақын өмірінің соңғы шағының, оның шығармашылық

сапарының үлкен қорытындысы деп бағалайды. Бұл монографиялық зерттеуде Абайдың лирикасы, оның әр өлеңі егжей-тегжейіне дейін тұтас қамтылып, жан-жақты, терең талданған. Автор ақын шығармашылығына жіті үңіліп, жете бағалаумен бірге қазақтың жаңа бағыттағы жазба әдебиетінің туып қалыптасуына және соны зерттеуге байланысты көптеген келелі мәселелерді қоса қозғап, тыңғылықты түрде шешіп отырады. Абайды өмір сүрген дәуірімен, тарихи ортасымен тығыз байланыста алған зерттеуші ақын шығармашылығындағы қайшылықты мезеттерді, жаза басқан жаңылыс сарындарды да бүтіп қалмай, ашып айтады. Бұл ретте де М.Әуезов еңбегінің тағлым аларлық өнегелі қасиеті көп.

Абай — өзіндік мектебі бар, жүйелі бағыт ұстаған философ емес. Ол философиялық еңбектер, арнаулы трактаттар жазбаған. Бірақ нағыз жаңашыл, классик ақын болған, туған халқының тарихында, қоғамдық ойды бастаушылардың бірі болған әрі өз дәуірі, заман құбылыстары жайында көп толғанған Абайдың шығармаларында философиялық ой-топшылаулар, даналық пікірлер аз кездеспейді. Сондықтан автор бұл мәселені де өз назарынан қағас қалдырмаған. Ол Абайдың философиялық көзқарастарына, дін туралы ой-пікірлеріне де біртоға кеңінен тоқталған. Оның бұл реттегі тұжырымдары да көкейге қонымды, салмақты.

Абай мұрасының өзгеше бір саласы — оның поэмалары. Лирика саласындағы шырқау биік дәрежесіне көтерілмесе де, ақын поэмалары арқылы да өз тұсындағы қазақ поэзиясын соны арнаға, алыс өріске меңзеді. Бірақ соңғы кезге дейін Абайдың сол поэмалары арнайы зерттеліп, терең талданған емес. Олар жайында айтылған азды-көпті пікірлер орта мектепке арналған оқулық шеңберінен асқан емес-ті. Зерттеушінің Абай поэмалары жайындағы пікірлері сондықтан әсіресе бағалы, қызықты бола түседі.

Лирика саласында өзі көп үйренген, мол үлгі алған әрі шығармаларын зор ақындық шабытпен соншалықты шебер аударған Пушкин, Лермонтов сияқты суреткерлердің поэма жанрындағы шығармашылық тәжірибесіне Абай елікпеген, онша құлап бой ұрмаған. Олардың сюжетті кесек шығармалары кең өмірді мол қамтитын роман-поэма, кейде қалың оқиғасы, шытырман тартысы бар романтикалық көркем туынды болып қалыптасса да, Абай сол жанрға ден қоймаған, беріле қызықпаған. Зерттеуші мұның сыры Абайдың өз заманындағы қалың көптің интеллектуалдық дәрежесін ескергендігінен және жалпы поэзиясындағыдай,

бұл ретте де адамгершілік үлгі-өнеге таратып, ұстаздық қалып ұстағандығынан іздейді.

Абай поэмаларының оқиғаларын қазақ Сахарасының тіршілігінен, өз дәуірінің шындығынан таңдамай, шығыстық аңыз-ертегілерден алған. Солардың бірі — «Масғұт». Бірақ зерттеушінің дұрыс тұжырымдағанындай: «Поэмада Абай арабтың тарихын, тірлік шындығын көрсетпек емес. Қызырдың қызырлығын да баяндамақ емес. Олардың барлығы да — поэманың идея жағынан қарағанда тек бір көмекші қосымша хал мен жайлар. Анығында олар шартты түрде алынған аңыздық жалпы шартты орта деуге болады.

Ақынды шығарманың ішінде қызықтыратын бір-ақ геройдың, Масғұттың жайы... Масғұт аузымен Абай өз заманындағы, өз ортасына қанықты болған жайларды айтады. Үлкен гуманист ақын сол өзі таратпақ болған мораль философиясын жаңа түрде, шартты мазмұнға байланыстырып ұсынып отыр».

Шығыстан келген аңызды ақын өз ойын баяндау үшін шығармашылық материал ретінде ғана алғанын, Абайды поэманың оқиғасы қызықтырмайтынын, ол оқиғаларды, адамдарды барлық мінез-істерімен, сөз-дерімен өзінің дағдылы идеясына қарай ыңғайлап пайдаланатынын зерттеуші нанымды дәлелдеп көрсетеді. Абай поэмаларының ішіндегі ең үздігі — «Ескендір». Мұнда ақын бүкіл Шығыс әдебиетінде талай классиктер жырлаған Александр Македонский жайын назирагүйлік дәстүрмен өзінше баян етеді. Зерттеушінің анықтауынша, Абайдың «Ескендірі» негізгі сюжеті, композициялық құрылысы жағынан әзірбайжан халқының ұлы классигі Низамидің «Ескендірнамасына» әсіресе жақын келеді. Бірақ Абай Низами шығармасының кейбір тарауларында ғана баяндалатын оқиғалар желісін алған және оны өз тұрғысынан жырлаған. Бүкіл Шығыс әдебиетінде, соның ішінде Низами шығармасында да дәріптелетін Ескендірдің өз басына Абай қатал шыншылдық көзбен қараған. Зерттеуші Абайдың бүкіл Шығыс әдебиетінен осы тұста еңсесі биік тұрғанын, өз поэмасында анық нағыз гуманистік, адамгершілік нанымдарды бекем ұстанғанын салыстыра отырып терең ашады.

Еңбекте арнайы сөз болатын мәселелердің бірі — Абайдың аудармалары. Мұнда нақтылы жәйттерге ауысар алдында автор екі түрлі нәрсені атап айтады. Біріншісі — Абайдың сол аудармаларға берген бейілі мен бағасы. Екіншісі — сол аудармалардың ақынның өз шығармаларына

еткен әсері және Абайдың кейінгі қазақтың барлық жазба әдебиетіне тараған үлкен тарихтық, мәдениеттік ұстаздық дәстүрі, әсері туралы. Автор осы екі мәселені өзара тығыз байланыста алып қарайды. Монографияда Абайдың «Евгений Онегиннен» жасаған аудармалары әсіресе байыпты талданған. Абайдың Пушкин романынан тек Онегин мен Татьянаның арасындағы махаббаттық халқұбылыстарды ғана алғаны және соны эпистолярлық роман үлгісінде қалыптағаны аян. Қазақ ақынының Пушкиннен еркін аударма жасап, оның ізімен тың жайларды жырлап кетуінің сыры неде? Зерттеуші осы сұраққа жауап бере келіп, екі түрлі себеп болғанын атайды. Мұның ішінде ең негізгісі — Абай орыс жастарының сезім-сырларынан, тағдыры мен талайынан өзінің жас оқушысына өнеге танытарлық тәлім-тәрбие беруді көздеген. Сондықтан да ол Онегин бейнесін көп өзгертіп алған. Абай оны айыпты адам етіп шығармай, оны тек жұлдызынан жаңылған, жазықсыздан жаза басқан жан етіп суреттейді. Оның өкінішін үлкен трагедиялық ауыр ойға жеткізіп оған рухани азап шеккізеді. Осы арқылы Абай айнымас адалдықты, пәктікті мадақтап, үлгі-өнеге етеді. Екіншіден, «Евгений Онегинді» аударған кездегі Абайдың аударма өнері туралы ой-пікірі, көзқарасы әлі де болса өзгерек, басқашарақ еді. Яғни ол «Ескендір» поэмасында ұстанған назирагүйлік дәстүрді мына шығармаға да қолданған. Абайдың Лермонтовтан жасаған аудармалары мүлдем жаңа шығармашылық сапа танытады. Сондықтан да автор бұл аудармаларға арнайы тоқталған. Ол Абайдың Лермонтов поэзиясының қолтума сырларын аңдап ұғынудағы және соны қазақ оқушысына бар әсем шыншылдығымен жеткізіп берудегі шеберлігін, көркемдік ізденістерін соншалықты нәзік аңғарымпаздықпен, тапқырлықпен аша алған. Бұл тарауда қазіргі аудармашыларға да ой салып, толғандыратын көп жәйттер бар. Бұдан кейін автор Абай мұрасының өзгеше бір саласын — оның қара сөздерін тақырып жағынан топтап, саралап шолып өтеді, бұл шығармалардың жанрлық ерекшеліктеріне және олардың ақын поэзиясымен байланысына тоқталады.

Қорыта айтқанда, монографияда Абайдың бүкіл шығармашылығы, оның тыңнан жарып жол салған жаңашылдығы, көркемдік ізденістері, ақындық шеберлігі — баршасы да тұтас қамтылып, мейлінше терең сипатталған. Бұл ретте ғалым Әуезовтің еңбегін ақын жайында тамаша эпопея тудырған жазушы Әуезовтің еңбегімен ғана

салыстырып бағалауға болатын тәрізді. Кітаптағы «Орыс классиктері мен Абай», «Абай еңбектерінің биік нысанасы», сондай-ақ орыс тілінде жазылған «Жизнь и творчество Абая», «Идейно-культурные искания Абая», «Великий сын народа» атты мақалаларға арнайы тоқталмаймыз. Өйткені олар — жоғарыда талданған көлемді еңбекті толықтыра түсетін немесе сонда айтылған жәйттерді белгілі дәрежеде қайталайтын туындылар.

М.Әуезов — ауыз әдебиеті туралы ғылымның да аса көрнекті маманы. Ол фольклорлық нұсқаларды зерттеумен тіпті жиырмасыншы жылдардан бері үзбей шұғылданып келеді. Кітапқа оның осы саладағы бірсыпыра еңбектері, мақалалары енген. Солардың бірі — «Ертегілер». Бұл еңбегінде автор қазақ ертегілерінің туып қалыптасу кезеңдері мен олардың қолтумалық ерекшеліктері жайында аса бағалы байсалды пікірлер айтады. Ол қазақ ертегілерін бірнеше топқа бөліп, олардың әрқайсысына ғылыми терең талдау жасайды, әралуан ертегілердің қоғамдық, тарихтық сырын, әлеуметтік мәнін ашады. Зерттеушінің аңыз-ертегілерге берген талдауы әсіресе қызғылықты, зор шабытпен жазылған. Еңбектің бағалы қасиеттерінің бірі сол — автор қазақ ертегілерін жекедара бөліп алып зерттемей, ретті жерінде оларды басқа көршілес халықтардың ауыз әдебиетінің үлгілерімен салыстыра, байланыстыра отырып тексереді. Осы қасиет «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» дастаны жайындағы зерттеуден де өте-мөте айқын сезіледі. Мұнда автор әйгілі жырдың қазақ арасында сақталған нұсқаларын түгел шолумен бірге оның көршілес басқа халықтардың ауыз әдебиетіндегі сол тақырыптас шығармалармен ұқсастығын, сарындастығын да ашып көрсетеді. Кітапқа енген «Қыз Жібек», «Айтыс өлеңдері» тәрізді зерттеулер де қазақ кеңес фольклористикасына қосылған кенеулі үлестер болып табылады. Рас, алғашқы еңбектері автордың «Қыз Жібек» жырының көркемдік ерекшеліктерін, ондағы образдар жүйесін жіті де қызғылықты талдай отырып, сол жырдың ішіндегі дәуір шындығынан, заман салтынан, ежелгі әдет-ғұрыптан туған кейбір қосалқы, қосынды сарындарды тым қазбалап кететін мезеттері де бар тәрізді.

«Айтыс өлеңдерінде» автор айтыстың қазақ ауыз әдебиетінде алатын орнын, оның жанрлық өзгешеліктері мен ерекшеліктерін ашады. Ол өте көне замандарда айтыс жанры көптеген халықтардың әдебиетінде болғанын көрсетеді. Бұл ретте ол арабтардың

мұғаллакатыя, Орта ғасырдағы Батыс Еуропаның фильдерін, Терістік Франциядағы труверлерді, Орталық Еуропадағы мейстерзингерлер мен Скандинавия елдеріндегі скальділерді, орыстардың скоморохтары мен ағылшындардың менестрельдерін мысалға келтіреді. Зерттеуші қазақ әдебиетіндегі айтыс жанрының туып қалыптасуы жайында айта келіп, ол алғаш фольклордағы салт өлеңдерінен басталғанын, ақындар айтысы кейін бірте-бірте барып шыққанын көрсетеді. Осы орайда ол айтыс өлеңдерін, айтыс ақындарының шығармашылығын зерттеуге байланысты бірқатар жүйе-жүйе проблемалық мәселелерді жинақтап атап өтеді.

Зерттеудің көлемді бір тарауы кеңес ақындарының айтысын талдауға арналған. Мұнда ол айтысқа жазба әдебиеттің тигізген игі әсерін, оның жанр ретінде жаңғырып өскенін, өзгергенін көптеген айтыс ақындарының шығармашылығы арқылы нақтылы көрсетеді. «Жамбылдың айтыстағы өнері» атты мақала жоғарыда аталған еңбекті әдеби фактілермен, дәл деректермен байыта, толықтыра түскен. Мұнда автор Жамбылдың Сарыбаспен, Досмағамбетпен, Құлмамбетпен айтыстарына талдау жасай отырып, оның айтыс ақыны ретіндегі шеберлігін көрсетеді, оның айтыстары мен жалпы шығармашылығының арасындағы рухтастықты, ортақ байланысты кеңінен ашады. Бұл ретте ол Жамбылдың жалпы ақындық өнеріне, суырып салып айтқыштық, импровизаторлық шеберлігіне байланысты байқаулары мен топшылауларын да қоса айтып отырады. Кітаптағы кейбір мақалалар қазіргі қазақ әдебиетінің хал-жайына, өсу барысына арналған. Солардың бірі — «Мәлік Ғабдуллинге жауап хат».

Мұнда автор М.Ғабдуллиннің хатында қозғалған жәйттерге жауап қайтара отырып, қазіргі поэзиямыздың талай-талай мәселелерін қоса көтереді, барлап байқағандарын, дос тілекпен айтылған ойларын ортаға салады. Оның ерекше маңыз бере сөйлейтін мәселелерінің бірі — поэзиядағы ұлттық дәстүр жайы. Ол мұны өте кең мағынада алады: «Дәстүр мағынасына характер де, түр де, оқу мен өсу де, дами түсіп өзгеру де, мазмұн мен сыртқы сипат, көрікқүй мәселесі — бәрі де түгел кіреді». Осы орайда ол қазіргі поэзиямыз өзінің ежелгі дәстүрлерінің ең таңдаулыларын бойына мол сіңіргенін, өзінің өткен тарихтық тегінен үзіліп, төркінсіз әдебиет болып кетпегенін баса көрсетеді. Сонымен бірге автор марксистік-лениндік эстетиканың қағидаларына сүйене отырып, ұлттық дәстүр мәңгі-бақи

бір орында сілейіп қатып тұратын қалыпта еместігіне, оның ұдайы өсіп, жаңғырып отыруы қажеттігіне де назар аударады, бірнеше проблемаларды бас-басына атап береді. Олар — өлеңдік түрді байыту, көркейте байыту проблемасы, тіл байлығын асыра түсу, поэзиялық лексиканы көркейте, өсіре түсу проблемасы және басқалар. Бұл ретте автор ақындарымыздың алдына оларды шығармашылық кең өріске, суреткерлік ізденістерге меңзейтін талап та қояды: «Орыстың классикалық әдебиеті мен кеңес әдебиетінен және басқа туысқан достас елдеріміз поэзиясынан елеулі үлгі, өрнек ала отырып, қазақ поэзиясын тұрғыдан тұрғыға асыра, өсіре беру шарт. Осы ретте мысалы, біз Пушкинді, Некрасовты, Маяковскийді немесе бүгінгі Исаковскийді, Твардовскийді қазақшаға аударғанның өзінде де сол екі сала үлкен мәнді мәселені қатарынан зор табыспен, келісті көрікпен баурай білуіміз керек... Пушкинді — Пушкинше, Маяковскийді — Маяковскийше ала білсек қана біз жоғарыда аталған ұлттық дәстүрді дамыта байытамыз. Түр-өрнек үлгісін кейін өз өлеңімізге де қанықты, заңды үлгіміз, дәстүріміз есебінде мейлінше пайдалана аламыз».

Бұдан әрі автор қазіргі қазақ поэзиясының тілі және ондағы образдылық мәселесіне тоқталады, көрнекті ақындарымыздың сәтті де тапқыр ізденістерін және тая соққан, мұлт кеткен мезеттерін де атап өтеді. Ал «Октябрь өркені» атты мақала қазақ әдебиетінің қырық жыл ішіндегі дамуын, шығармашылық сапарын шолуға арналған. Мұнда автор әдебиетіміздің әрбір жанрының туып қалыптасу, кемелдену жайын, ондағы кезеңдік кесек-кесек шығармаларды сөз етеді. Кітапқа енген зерттеулердің, мақалалардың бірсыпырасын автор орыс тілінде жазған. Олар — «Как я работал над романами «Абай» и «Путь Абая», «Традиции русского реализма и казахская дореволюционная литература», «Киргизский героический эпос «Манас» және жоғарыда аталған кейбір мақалалар. Алғашқы мақаласында автор өзінің атақты эпопеясын қалай жазғанын ортаға салады, өзінің шығармашылық лабораториясымен таныстырады, жазушылық өнері мен толассыз ізденулерінің әралуан қырын ашып көрсетеді. Сондықтан да бұл мақала оқушыларға да, зерттеушілерге де көптеген қызғылықты деректер беретіндігі шүбәсыз.

Қазіргі әдебиеттану ғылымымыздағы ең аз зерттеліп, тым тапшы тексеріліп жүрген проблемалардың бірі — әдеби әсер, дәстүр туралы мәселе. Бұл проблема тіпті бүкіл кеңестік әдебиеттану ғылымында да әлі дәйекті

түрде шешілген жоқ. М.Әуезовтің «Орыс реализмінің дәстүрлері және қазақ әдебиеті» деген көлемді мақаласы осы саладағы елеулі зерттеу болып табылады. Бұл мақала «Дружба народов» журналында басылып, кезінде А.Фадеев өте жоғары бағалаған болатын. Бұл мақаласында М.Әуезов дәстүр туралы проблемалық мәселелерді кең тұрғыда көтереді, қазақтың революцияға дейінгі және кеңес дәуіріндегі әдебиетінің дамуын орыс әдебиетінің игі әсерімен, оның реалистік дәстүрлерімен тығыз байланыста алып қарайды және қазақ әдебиетінің төл қасиеттерін, ұлттық ерекшеліктерін ашуға ұмтылады.

Орыстың алдыңғы қатарлы қоғамдық ой-пікірімен, оның классик ақын-жазушыларының ғажайып шығармаларымен танысу, олардың реалистік дәстүрлерін қабылдау XIX ғасырдағы қазақ ойшылдары мен ақындарына не бергенін зерттеуші нақтылы материалдар негізінде дәлелдеп көрсетеді.

Сол сияқты Октябрь алдындағы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармашылығында орыстың классикалық, реалистік әдебиетінен үйренудің осы дәстүрі қаншалықты көрініс тапқаны да мақалада жете ашылған. Мақаланың соңғы бөлімінде қазіргі қазақ кеңес ақындары мен жазушылары Горький мен Маяковскийдің дәстүрлерін қалай қабылдап, қаншалықты дәрежеде дамытқаны туралы мәселе талданады. Автор бұл саладағы қол жеткен табыстарды атап көрсетумен бірге бірсыпыра проблемалық мәселелерді де міндет ретінде алға тартады.

Қазіргі кеңестік ұлт әдебиеттері орыс кеңес әдебиетінің және бір-бірінің шығармашылық тәжірибесін пайдалануымен бірге өздерінің ең таңдаулы, үздік шығармалары арқылы бүкіл кеңестік әдебиетімізді молықтырады, өзара бір-біріне игілікті әсер етеді. Зерттеуші бұл еңбегінде мәселенің осы жағына да назар аударған. Кітаптағы ең негізгі, көлемді зерттеулердің бірі — қырғыз халқының батырлық эпосы «Манас» жайындағы еңбек. Осы ретте мынадай бір жәйтті атай кету ләзім. Қазақтың тұңғыш ағартушысы, ұлы ғалымы Шоқан Уәлиханов «Манастың» үзінділерін тұңғыш рет хатқа түсіріп орыс тіліне аударса, содан бір ғасырдай уақыт өткен соң қазақтың енді бір ғалымы әрі даңқты жазушысы сол «Манас» жайында монографиялық зерттеу жазады. Бұл фактінің тек әдеби ғана емес, сонымен бірге тарихи да маңызы, терең жатқан астары бар. М.Әуезов «Манас» эпосымен отызыншы жылдардың алғашқы кезінде таныса бастағанда, ол жайындағы зерттеуінің

алғашқы нұсқасын 1935 жылы бітірген, кейін бірнеше рет қайталап оралып жөндеген, өңдей түскен. Бірақ газетте шыққан кейбір үзінділерін былай қойғанда, бұл еңбек бұрын жарияланбаған. Тұтас күйінде осы кітапта тұңғыш рет басылып отыр. Зерттеуші ең алдымен эпос және оның айтушылары туралы мәселеге тоқталады. Сағымбай, Келдібек, Балық, Найманбай және басқа да жыршылар жайында, эпостың әралуан нұсқалары және оның халық арасына таралуы жайында деректер келтіреді. Бұдан кейін автор эпостың мазмұны мен түріне қысқаша талдау жасайды да, оның ішінен басты-басты бірнеше желілерді, өзекті тақырыптарды бөліп алады. Солардың әрқайсысына, мәселен, жорық тақырыбына, ас тақырыбына, кейіпкердің үйленуі тақырыбына және басқа да бірнеше қосалқы, дербес тақырыптарға арнайы тоқтала отырып, зерттеуші эпостағы алуан түрлі сарындарды, діни-қияли элементтерді ашады, жырдың әрбір бөліктерінің сюжеттік құрылысына жан-жақты талдау береді.

Зерттеудің ең бағалы тарауларының бірі «Манас» эпосының туған дәуірін анықтауға байланысты. Автор көптеген тарихи деректерге және жырдың өз материалдарына сүйене отырып, «Манас» эпосының басқы жырлары IX және X ғасырларда, яғни «Ұлы жорық» жылдарында немесе соған іле-шала туған болуға керек деген қорытындыға келеді. Бұл ретте ол эпиграфиялық ескерткіштерді, орхон-енисей жазуларын және басқа тарихи-әдеби деректерді негізге алады.

Автор эпос кейіпкерлерінің образдарына да, оның сөздік-поэтикалық, көркемдік тәсілдеріне де кеңінен тоқталған және Шығыстың кейбір жыр-дастандарының «Манасқа» еткен әсеріне де көп назар аударған. Еңбектің аяғында зерттеуші «Манас» эпосын кейбір феодалдық қосындылардан, жат жамаулардан тазартып, оның халықтық нұсқасын жасау туралы тұжырымды пікірлерін айтады. Осы орайда 1952 жылы «Манас» эпосын зерттеуге байланысты Қырғызстанда өткізілген айтыста М.Әуезовтің бұл тамаша мұраның нағыз халықтық негіздерін сақтап қалуда ерекше еңбек сіңіргенін де атап айтуға керек. Жалпы алғанда, қазақ ғалымының қырғыз эпосы жайында зерттеу жазуы және оны бүте-шігесіне дейін байыпты талдап, тексеруі — айрықша бағалап, қадыр тұтуға татырлық еңбек. Осындай ұлан-ғайыр зерттеудің, үлкен кітаптың әлі де болса ойласуды қажет ететін жайлар да жоқ емес. Ең алдымен мұнда қазақ кеңес әдебиетіне тікелей арналған зерттеу еңбектер соншалықты аз екенін атап

айту керек. Бұған автордың қазіргі әдебиет мәселелерін қозғайтын талай-талай еңбектерінің кітапқа кірмей қалуы да әсер еткен болар. Мәселен, автордың С.Мұқанов, Ғ.Мұстафин, Ә.Тәжібаев сияқты ақын, жазушылардың шығармашылығына арналған шолу зерттеулерін және «Кейбір ұлт жазушыларының романдары туралы», «Қазақтың әдеби тілі туралы», «Реалистік драма жолында» атты мақалаларын кітапқа енгізуге әбден болатын еді және әбден қажет те еді. Соңғы мақала әсіресе көңіл аударуға тұрарлық. Мұнда автор қазақ кеңес драматургиясының өсу жолына, оның жекелеген ірі-ірі шығармаларына байыпты шолу береді, байсалды талдау жасайды. Сонымен бірге ол реалистік драма жасаудың кейбір принциптік мәселелеріне де кеңінен тоқталады, орыстың және дүниежүзінің классикалық драматургиясының, сондай-ақ таңдаулы кеңес драматургтарының бұл саладағы тәжірибесін шығармашылық жолмен игеру жайындағы өзінің ой-толғаныстарын ортаға салады. Өзгесін былай қойғанда, осы мақаланың кітапқа енбей қалғанына тек таңдануға тура келеді. Автордың кейде ғылыми зерттеуге көбінесе тән болып келетін дәлдікті, тұжырымдылықты бекем ұстанбай, тасқындап төгілген шабыттың шылауына еріп, тым көсіле, жазыла сілтеп кететін... мезеттері де бар. Бәлкім, бұл оның міні емес, жазушы-зерттеуші ретіндегі өнерінің бір қыры да болар.

Үлкен кітаптың кейбір тарауларында автор өзін — өзі қайталап, қайырыла сөйлеп те кетеді. Бұл бір тақырыптас зерттеулерге әсіресе жанасты.

Ақыр аяғында, қай еңбектің қай жылы жазылғанын және тұңғыш рет қайда жарияланғанын көрсете отыру керек еді. Мұның оқушыға да, зерттеушіге де қажеті барлығы даусыз.

М.Әуезовтің ғылыми еңбектері мен мақалаларының бұл жинағы қазақ әдебиеттану ғылымына тамаша үлес болып қосылуымен бірге сақа да, жас та зерттеушілер үшін үлгі көрерлік, тағлым алларлық үлкен өнеге болып табылады.

Асса бүкіл дүниежүзінің, қала берді бүкіл ежелгі Шығыс пен Батыстың арғы-бергі мәдениетін жете білетін асқан білімдар ғалым кең тұрғыдағы әдеби салыстыруларға өте-мөте оңтайлы, әсіресе майталман.

Әрбір әдеби құбылысқа идеялық тұрғыдан берілер бағамен эстетикалық-көркемдік талдауды автор әрдайым ауыстырмай, тең ұстайды. Бұл жағынан да ол барша зерттеушілерге көп үлгі, өрісті бағыт-бағдар таныта алмақ.

Қорыта айтқанда, бұл кітап М. Әуезовтің аса бай творчествосының тағы да бір өнімді өзгеше қырын

көрсетеді. Онда үлкен ғалымның сан жылдар бойғы сарыла ізденген, сарқа жұмсаған еңбегінің тамаша жемісі, түбегейлі де терең ойлары бар.

1960 ж.

МАХАББАТ ХИКАЯСЫ

Осынау кітап бармақтай
Томдардан небір салмақты-ай.
Фет

• • •

Ақын айтқан осынау шыншыл сөздер іс-әрекетке, ақыл-ой даналығына толы біздің дәуірге, ол тудырған өскелең әдебиетке әсіресе орайлас. Қазір ертек айтқандай ұзақ-сонар әңгімеге, көп сөзге салынып отырар шақ емес. Ең басты мәселе сол ертегіге бергісіз ғажайып шындығы бар өміріміздің ұлылығын, сұлулығын бар әсерлі күйінде шынайы бейнелеуде жарқын елестете алуда. Осындай шыншыл да көркем келісім тапқан шығарма, мейлі оның көлемі шап-шағын-ақ болсын, халықтың кәдесіне жарап, оны рухани жағынан байыта түспек.

Қырғыздың жас жазушысы Шыңғыс Айтматовтың «Жәмила» атты повесіне осы пікірдің өте-мөте жанастылығы бар. Повесті оқып шыққанда автордың бұл шап-шағын шығармаға үлкен өмірдің ұмытылмас елестерін, небір аяулы да абзал сезімдерді, патриоттық жарқын ойларды соншалықты мол баурап енгізе алғанына сүйсіне таңданбай қалмайсың.

Жақсы кітап үшін басқа тілдің бөтендігі, басқа халықтың жаттығы жоқ. Коммунист жазушы Луи Арагонның аударуымен Парижда француз тілінде басылып шыққан «Жәмила» француз оқушысына да кеңес әдебиетінің соны бір бетін ашып берді. Бұл жайында Луи Арагон былай деп жазды: «Сөйтіп, менменсіген Парижда, Вийонның, Гюго мен Бодлердің Парижінде, талай корольдар мен революцияларды көрген Парижде, әрбір тасы аңыз, тарих болып айтылып, өнердің өлмес, өшпес мекені атанған Парижде, көрмегені, оқымағаны, басынан кешірмегені жоқ Парижде мен Вертер мен Клеопатраны да емес, Жәмиланы оқып шықтым. Джульеттаның, Паоло мен Франческаның, Эрнань мен Донья Сольдің бейнелері маған көмескі тартып қалды, өйткені мен Данияр мен Жәмилаға жолықтым... Мен бұл әнді, қырғыздың кең даласында самғаған әнді бұл жақта,

біздің тозығы жеткен дүниеде де шырқамай тұра алмаймын, борандар бұлттармен бірге жерді жаңғырықтыра самғатпай қоя алмаймын. Онан кейін Шыңғыс Айтматовқа сенің үнің бізде де естіліп, еркек-әйел өз орнын тауып, бала жарықты болжап көре бастаған ғажайып түнде өктемдік құрды деп айтпай қоя алмаймын». Міне, қырғыз жазушысының шығармасы шетелдерге осылайша әйгілі болып, оның авторының есімін көп жұрттарға паш етті.

Ш. Айтматовтың «Жәмиласы» бүкіл қырғыз әдебиеті үшін, оның ішінде, әсіресе қырғыздың балаң прозасы үшін тамаша көркем құбылыс болып табылады. Мұны кезінде қырғыздың арғы-бергі әдебиетін жете білетін академик-жазушы Мұхтар Әуезов те атап көрсеткен болатын. Мұнда көптеген роман, повестерде жиі ұшырасатын жалаң да жадағай баяндау жоқ. Автор кейіпкерлерінің жан дүниесін, рухани келбетін, ой-армандарын, сезім-сырларын мейілінше әсерлі, шынайы суреттеген. Бұл ретте «Жәмила» нағыз психологиялық повесть деп бағалануға әбден лайық.

Повестің оқиғалары соғыстың алғашқы жылдарында қырғыздың бір ауылында өтеді. Автор сол уақыттың сұсты шындығын, жеңіс мұддесімен тыныстаған қарапайым жандардың қиын тағдырын, қысталаң тіршілігін, мойымас жігерін реалистік суреттер арқылы әрдайым айқын елестетіп отырады. Осының бәрі шығармада табиғи келісім тапқан. Кейі сирек, кейбірі жиі көрінсе де, көз алдыңнан кетпейтін алуан тағдырлы адамдар, «әтір иісті Таластың» бойы, тулап аққан күркіреу өзені, маужыраған кең дала, «бірде қазақтың ұшы-қиыры жоқ шексіз даласындай еркін шалқыса, бірде қырғыздың заңғар биік тауларындай көкке самғайтын» әсем ән, жабырқап жасуды білмейтін жандардың жарастықты әзіл-қалжыңы — шығарманың оқиғалары өрбитін өлкенің өзіндік сипаты, атмосферасы — осының барлығы шеберлікпен берілген. Жалпы алғанда, халықтың өмірін, әдет-ғұрпы мен тұрмысын, кейіпкерлердің мінез-құлқын бейнелегенде ұлттық бояу-нақыштарды барынша мол қамтуы — автордың реалистік шеберлігінің ең жарқын қырларының бірі.

Повестің оқиғалары бастан-аяқ Сейіт деген жас баланың атынан баяндалады. Бұл ретте де жазушы реалистік мәнерден зәредей жаза баспайды. Шығармада өрістеген оқиғалардың шындығына да, солардың куәгері болып жүрген жас баланың риясыз көңіл-күйлеріне, балғын ой-сезімдеріне де қалтқысыз сенесің. Шығарманың негізгі кейіпкері Жәмила болғандықтан, повестегі тартыс

желілерінің барлығы да соның тағдырына байланысты түйінделген. Жазушы Жәмиланың кескін-келбетін, рухани тұлғасын, мінезінің беріктігін шыншыл да әсерлі бейнелейді. Ол — соншалықты зор да аяулы сезімнің иесі. Барлай қарағанда, оның майданда жүрген Садықтан суынып, Даниярды бірте-бірте, бірақ ешуақыт көмескі тартпас үлкен махаббатпен сүюі заңды да нанымды. Жұптасып өмір сүріп жүрсе де, Жәмила Садықты сүймеген. Ал Даниярмен кездескенде ол емірене, аңсай күткен жарын тапты. Махаббат деген асқақ та абзал сезім Жәмиланың жүрегінде сонда ғана шындап, әрі тұңғыш рет оянады. Кейіпкерінің басындағы осындай хал-жағдайларды, оның буырқанған сыр-сезімдерін жазушы қандай нәзік те шыншыл бейнелеген десеңізші!

Жәмиланы Даниярдың үлкен өнері, суынбас махаббат сезімдері, ғажайып мөлдір жан дүниесі қызықтырады. Ал Данияр осының барлығын керемет әні арқылы танытады. Даниярдың әнінен оның ел-жұртына, туған халқына, өскен мекеніне деген еміренген, ынтық сезімдері де қоса аңғарылады. Жәмила мен Даниярды үнсіз ұғыныстырып, тілсіз табыстырған да — сол ән. Повестің сүйсіне ден қоятын қасиеттерінің бірі оның достық сезімінің толылығында. Көптеген жазушылар халықтар достығы тақырыбын бейнелемек болса, шығармаларына әр алуан ұлттың өкілдерін кіргізеді. Сол бейнелердің ішінде ұлттық сыр-сипаттан, өзіндік даралықтан айырылып, әншейін тек жақсы идеяның жалаң сұлдері болып жүретіндері де кездеспей қалмайды. Ал, «Жәмилада» мұндай әдейі арналып алынған кейіпкерлер жоқ. Бірақ бұл повесть махаббатты қалай мадақтаса, достықты да солай дәріптеп, ардақтайды және соның өзі шығарманың бүкіл тыныс-лебінен, рухынан танылады. Мәселен, автордың да, оның кейіпкерлерінің де қазақ халқына, қазақтың ұшы-қиырсыз кең, дарқан даласына деген ыстық сүйіспеншілігін, еміренген сезімдерін аңдамай да, соған разы болмай да қала алмайсың. Кітапта бұл повестен басқа «Бетпе-бет», «Ақ жауын» атты әңгімелер де бар. Солардың алғашқысы әсіресе ерекше атауға тұрарлық.

Бұл әңгімеде Ш.Айтматов өзінің шындыққа тура қарайтын және оны бұлтаңсыз бейнелейтін батыл реалист жазушы екендігін тағы да танытады. Кітапты қырғызшадан аударған — Қ.Нұрмаханов. Бұрын тәуір сыншы ретінде белгілі болып келген ол бұл жолы аудармашылық қабілетін де жақсы аңғартты. Кейбір сөз байлауларының, жекелеген

орамдардың сәл қазақша естілмейтіні болмаса, аударма тұтастай жақсы әсер қалдырады.

Ш.Айтматовтың повесі де, әңгімелері де шын ақындық шабыттан туған жақсы жыр сияқты. Сондықтан да оларды сүйсіне оқисың әрі туысқан қырғыз халқының әдебиеті осындай тамаша шығармалар тудырғанына шын жүректен қуанасың.

1960 ж.

УАҚЫТ ЖӘНЕ ПОЭЗИЯ

Сөз өнері әр халықтың рухани өсуінің, өмірі мен тағдырының көркем шежіресі, жан сыры ретінде танылумен бірге оның мақтаны, даңқы болып та табылады. Әр халықтың елдік сипаты, жарқын қасиеттері ең алдымен оның әдебиетінде терең елес береді. Поэзия — адам баласының мәдениетін дамытудағы ең қуатты, құдіретті құралдардың бірі. Ежелден бері поэзия көктеп өсудің, күрес пен жеңістің, жаңғырып жасарудың белгісі болып келеді. Қай халықтың поэзиясы да бұған айқын мысал бола алады. Осынау тамаша қасиет біздің поэзиямызда да мол.

Өткен ғасырда Абай ғажайып көркемдік биікке көтерген қазақ поэзиясы біздің заманымызда әсіресе қарыштап өсті, кемелдене түсті, жаңа арнада дамыды. Қазіргі қазақ кеңес поэзиясының аумағы кең, өресі биік, шығармашылық қыры мен көркемдік сыры сан алуан. Онда роман мен поэма да, жалынды да пафосты, сыршыл да нәзік лирика мен уытты отты сатира да, мысал мен баллада да — бәрі де бар.

Әрине, осындай өскелең поэзиямызда шығармашылық олқылық, мін-мұлтіктер ұшырасатындығы, қиындықтар барлығы да аян. Поэзиямыздың осындай табыстарына және кемшін жақтарына кексе ақындар да, жас қаламгерлер де ортақ. Үлкен поэзия шалқары жекелеген ақындардың жыр бастауларынан құралады. Сондықтан біз бұл мақалада поэзиямызды тұтастай алып, жалпылама сөз етпей, нақтылы бір ақынның шығармашылық жолына ғана шолу жасаймыз. Ол көрнекті ақын Дихан Әбілевтің поэзиясы.

Ақынның алғашқы қадамдары жиырмасыншы жылдардың аяқ кезінде басталады. Содан бері ол талай-талай өлеңдер жинағын шығарды, оннан астам поэма жариялады. Ақынның әр кезде шыққан кітаптарына арналып жазылған рецензиялар мен мерейтойлық мақалаларды айтпағанда, оның шығармашылығына мол, лайықты талдау жасалған

емес. Д.Әбілевтің өзіндік стилі, шығармашылық өзгешелігі бар ма? Егер бар болса, қандай? Ол басқа ақындарымыздан поэзиясының қандай қасиетімен ерекшеленеді? Ақын қашан және қандай көркемдік биіктерге көтерілді? Оның шығармашылығының әлі де олқы соғып, аласа жатқан жақтары бар ма? Бар болса, неге бұлай?

Біз бұл мақалада осынау сұрақтардың бәріне жауап беріп жатуды көздемейміз. Өйткені бұл — арнайы зерттеудің, келелі еңбектің міндеті. Біз ақын поэзиясын шолып шығуды, оның өлеңдері мен поэмалары жайындағы азды-көпті ой-пікірлерді ортаға салуды ғана мақсат еттік.

Д.Әбілев өзінің ақындық жолын шағын өлеңдерден бастаған. Ақынның алғашқы қаламалдылары сол кездегі ауыл өміріндегі шындыққа, өзін қоршаған ортаға байланысты туады. Бұл кезде ақынның білімі тапшы, көргені мен түйгені де аз. 1957 жылы елу жасқа толғанда өткен өмірі жайында толғанып шығарған «Ақын сыры» атты өлеңінде Д.Әбілев былай деп жазады:

Жер жұмыр. Жер — әлем кең. Көр, шырағым!—
Деп Мәсең ұсынғанда жердің шарын,
Нанбадым... қарай бердім... білмеуші едім —
Баяннан басқа мұнша жердің барын.

Ақынның бұл шын сыры оның алғашқы кездегі поэзиясының сырын ұғуға да мүмкіндік беретіндей. Дихан тұңғыш өлеңдерін Б.Майлин, С.Мұқанов, С.Дөнентаев сияқты ақындарға еліктеп жазғанын сыншы Е.Ысмайылов бір мақаласында дұрыс байқап аңғартқан. Бірақ оның «Бұл кітаптарда (ақынның отызыншы жылдардағы жинақтары жайында сөз болып отыр) басылған өлеңдер мен поэмалары Диханның ақындық өрісін, қалам сілтер аршынын бірден танытатын болса, сонымен бірге қазақ поэзиясындағы өзіндік орнын да анықтап берді» деген пікіріне қосылуға болмайды. Сыншы асыра айтқандай.

Рас, отызыншы жылдарда ақын жемісті еңбек етеді, көп жазады. Солардың тәуірлерінен оның ақындық қуаты, шығармашылық болашағы белгі бергені де хақ. Бірақ «қазақ поэзиясындағы өзіндік орнын анықтаған» лирикалық өлеңдері мен поэмаларын Д.Әбілев кейінірек, яғни қырқыншы және елуінші жылдарда жазды. Д.Әбілевтің ақындық қуатын отызыншы жылдардағы «Шалқыма» поэмасы мен жекелеген кейбір өлеңдерінен ғана анық сеземіз. Оның «Жаңбырдан соң» деген өлеңін мысалға алып қаралық.

Күн төбеден ауғасын
Бозша бұлт шалды тау басын,
Баурынан сүті сорғалап.
Ойда, қырда жел тынды,
«Жау жаңбырлап» ел тұрды,
Көк жазыққа көз қадап.

Өлең осылай басталады. Бұдан әрі жаңбыр жауған кездегі табиғат суреті әсем де жанды көріністермен беріледі. Өлең мына алтыаяқты шумақпен тәмамдалады:

Жүкші қарт атын басқа ұрды,
Балағаттап тасқынды —
Көпірді кеткен қиратып.
Аралап жасыл егінді
Басекең жүр көңілді,
Қара мұртын ширатып!

Мұнда шынайы көріністер де, адам мінезінің сипаттары да бар. Жүкші шал да, бастық та көз алдымызға келе қалады. Ақынның шеберлігін танытатын басқа өлеңдері де баршылық. Мәселен, «Көпір», «Қырғыз қызына», «Қызғалдақ». Бұл өлеңдерден ақынның лирикашылық таланты айқын сезіледі. Бірақ Д.Әбілевтің отызыншы жылдардағы поэзиясында мұндай шыншыл да сыршыл өлеңдер онша көп емес. Оның бұл кезеңдегі лирикалық өлеңдерінің бірталайы жалпылама, дерексіз түрде жазылған, көбінесе шұбалаңқы, отсыз болып келеді. Отызыншы жылдардағы поэзиямызда орын алған бірқатар көркемдік кемшіліктер Д.Әбілев өлеңдеріне де хас еді. Д.Әбілевтің лирикашылық талантының ерекше мол ашылған кезеңі — Ұлы Отан соғысы жылдары. Қ.Аманжолов, Ж.Саин және басқа да бірқатар ақындардың шығармашылығы сияқты, Д.Әбілевтің поэзиясы да осы тұста марқайып, қатты өседі.

Ақынның бұл тақырыптағы жырлары «Қоштасу» атты өлеңмен басталады. Соғыс тұтанып, дабыл қағылғанда, ел шетіне жау тигенде ер жігіт қаннен-қаперсіз жата алмақ емес. Ол жас жарымен, дарқан өмірмен қош айтысып, майданға аттанады:

Қош, ойын-той, сауық кеш,
Жүрекке жалын салды кек.
Жабырқау тартпа, жас бикеш,
«Мені қиып кеттің?» — деп.
Жеңістің күнін мен деп күт;

Қош, жас дәурен, қызық шақ!
Кетті бастап отқа үміт,
Қош тұр, ыстық махаббат!

Мұнда ақын қауіп-қатері мол, сұрапыл соғысты жалын, от бейнесінде алған да, соған сөнбес үміттің қарама-қарсы қойған. Ол — сүйікті жар жүрегінің үміті, махаббат үміті. Сондықтан да өлең оптимистік рухта, әсерлі болып шыққан. Бұл өлеңдегі осынау үзілмес сарын, сөнбес үміт сарыны ақынның «От», «Күдеріңді бір сен үзбе», «Жүрегіңді жүдетпе» сияқты өлеңдеріне де бірдей ортақ, тұтастай хас. Ал «Бөбегім» атты өлеңде осы сарын ерекше бір көркемдік қуатпен әрі тамаша шыншылдықпен жырланған. Өлеңді түгел оқып шығалық:

Балапаным, папаңды
Жүрсің-ау іздеп, сағынып,
Мазалай берме атаңды,
Жүдей берер жабығып.

Күрсінбей өс, құлыным,
Папаң майдан өтінде.
Жорық қатты күндіз-түн,
Жара жоқ әзір етімде.

Мынау бір соңғы суретім,
Бетіңді тигіз бетіме.
Болмаймын деп мен жетім
Жазып қой, құлыным, шетіне.

Небәрі үш-ақ шумақ. Бірақ ақын соған тұтас бір сезім дүниесін жомарттықпен сыйғыза алған. Өлеңнің лирикалық қаһарманы майдандағы жауынгер болумен бірге үлкен жүректі адам да. Ол туған жерін, ел-жұртын әншейін сағынып қана қоймайды, шын жанашырлықпен, қамқорлықпен толғана ойлайды. Майдан даласы қауіп-қатерге толы. Бірақ тылдағы өмір де сән-салтанат, мереке емес. Соғыс ауыртпалығы оны да сұстандыра, қаталдандыра түскен. Өлеңнің лирикалық кейіпкерінің баласына «Мазалай берме атаңды — жүдей берер жабығып» деуі соның бәрін артығымен қамтып жатыр. Ол әзір жараланбаған. Бірақ күндіз-түн сапырылысып жатқан алапат соғыста оның жаралы болуы, тіпті қаза табуы да ықтимал. Оның аузына «Әзір» деген сөз тегін түспеген. Бірақ ол соны байбалам салып, дүрліктіріп айтпайды, ишарамен ғана

сездіреді. Осылайша әрі тыл тіршілігінің қысталаңдығын, әрі майданның қауіп-қатерін қоса сездірген өлең дәл аяқталар тұсында тамаша оптимистік сарын тауып, ширыға ширап, жанданып жүре береді. Бұл — тағы да сол үзілмес, сөнбес үміт сарыны. Жауынгер әке суретін алып, жүрегіне басқан, бетіне бетін тигізген осынау жас бөбек жетім болмақ емес. Ақын жеке бастың көңіл-күйін, өшпес үмітін біздің дәуіріміздің өршіл рухымен, гуманистік сипатымен ұластыра жырлаған. Бұл қасиет оның осы тақырыптас көп өлеңдерінен табылады.

Д.Әбілев бірқатар өлеңдерінде майдан өмірін, соғыс суретін, кеңес адамдарының ерлік қимылдарын нақтылы жырлайды. Ақынның мұндай өлеңдерінің ең тәуірлері — «Жан сөзі», «Біздің батыр полковник», «Москва түбінде», «Ха... ха... ха...», «Сұрқын қара фашистің», тағы басқалар.

Д.Әбілевтің бұл тұстағы өлеңдерінде Қиыр Шығыс тақырыбы ерекше орын алады. Ол «Хинган», «Кәрден кесе», «Бұғы», «Ғарып», «Азияның адырынан», «Құздағы жұлдыз», «Мен күзетте тұрғанда», «Сағыныш» тәрізді айтулы өлеңдерін сол Қиыр Шығыста болған шағында шығарған. Бұл өлеңдер гуманистік қасиетімен, шыншылдығымен, ой-сезімге бірдей жомарттығымен құнды. «Ресейге қайтқанда» өлеңі — ақынның майдан тақырыбына арналған жырларының қорытындысы іспетті. Бұл өлең жұртшылыққа жақсы таныс. Сөйтсе де, оның әсер күшін әлсіретпеу үшін бірер шумағын қайталап оқылық:

Амансың ба, Отан-анам!
Бөтен елден, келем шеттен.
Амансың ба, ала баған,
Жорықпенен едім өткен.

Өмір үшін еді бәрі,
Жеңіп қайттым, байтақ дала!
Жұрттың жері кімге дәрі —
Кетсін сенің садағаңа!..
Шіркін, Ресей екен ғой кең —
Жазылды ғой бойым жаңа!
Тар секілді ед сенсіз әлем
Шалқыды ғой ойым жаңа!.

Осылай кете береді. Сұрапыл соғыс дүрбелеңін бастан кешіріп, бөтен елдерде болып, енді өз Отанына қайтқан, қасиетті Отан жерінің көзге ыстық көріністерін жаза баспай танып, еміреніп келе жатқан кеңес адамының сағынышы,

патриоттық ой-сырлары, азаматтық мақтанышы өлеңнің әр шумағынан, әр сөзінен терең де айқын сезіледі.

Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналған лирикасы Д.Әбілевтің ақын ретінде көп өскенін, шеберлігі ұштал-ғанын даусыз танытумен бірге оның орыс кеңес поэзиясының таңдаулы үлгілерінен тағлым алып, жемісті үйренгенін де байқатты.

Ақын соғыстан кейінгі жылдарда да лирика жанрынан қол үзген жоқ. Ол «Жас азамат», «Алтай жырлары», «Көкжиек» атты өлеңдер жинағын шығарды. Кеңес адамдарының жасампаздық еңбегін, бейбітшілік жолын-дағы күресін жырлайтын және басқа да алуан түрлі тақырыптарға арналған бұл өлеңдердің ішінде ой те-реңдігін, сезім байлығын, уақыт рухын танытатын таң-даулылары да, ақынның шығармашылық мүмкіндігі деңгейінен әлдеқайда төмен жатқандары, әйтеуір өлең аталып, қара көбейтіп жүргендері де бар. Мақала көлемімен шектелгендіктен біз сол жинақтардағы өлеңдерге талдау беруден әдейі бой тарттық. Оның үстіне ақын соғыстан кейінгі кезеңде поэзияның ірі формаларына көбірек ден қойғаны да аян.

Д.Әбілевтің ақындық шығармашылығының өзекті әрі жемісті бір саласын оның поэмалары құрайды. Бұл орайда ақын қаламынан он шақты поэма, бір өлеңді роман туғанын ойға алудың өзі-ақ жеткілікті. Әрине, сол поэмалардың барлығын бір тезге салып, бірыңғай өлшеуге болмайды. Олардың ішінде поэзиямызға лайықты үлес ретінде қосылғандары да, уақыт сынына төтеп бере алмай, көне тартқандары да бар. Сөйтсе де бір жәйтті батыл айтуға болады. Д.Әбілев өзінің шығармашылық өскеленділігін, ойлы суреткер екендігін, ізденгіштігін поэма жанрында әсіресе жақсы сездірді, талғампаздығын да танытты. Өлеңдері мен поэмаларының 1958 жылы шыққан көлемді бір томдығына ақынның бірнеше поэмаларының енбей қалуында, ал «Таудағы ту» дастанының тек «Кремльде» атты тарауы ғана берілуінде ерекше мән бар. Ақын «Мұңсыз Мәриям», «Майданбек», «Қуат» сияқты поэмаларын қайталап бастыруды қажет деп таппаған. Шындығында да, бұл поэмалар, оның ішінде «Мұңсыз Мәриям» мен «Қуат» өлеңдік жағынан біркелкі тәуір болғанымен, нағыз реалистік поэзияға тән қасиеттерді кемел танытпаған-ды. Оларда сомдалып жасалған адам образдары, реалистік мәнерде қалыптанған ситуациялар тапшы еді. Сонымен бірге оларда ақынның өсу жолдарының, шарқ ұрып ізденулерінің белгі-

бедерлері барлығы да даусыз. Ақынның алғашқы кезеңдегі поэмаларының ішінен оның эпиктік қуатты талантын айрықша айқын танытқаны — «Шалқыма» поэмасы. Бұл поэма Азамат соғысы жылдарының оқиғаларын суреттеуге арналған. Поэманың негізгі кейіпкері Шалқыманың, оның әкесі Жаудырдың және басқа да бірнеше кейіпкерлердің өмірі мен тағдырын шынайы суреттеу арқылы дәуір сипатын реалистік түрде елестете алды.

Поэманың оқиғалық желісі өмір шындығына орайлас. Балық аулап күн көрген Жаудыр шалды қара көңіл, қатігез Касқырбай жазықсыз азаптап өлтіреді. Ол Шалқыманың жүрегіне шемен боп қатып, кек болып байланады. Шығармада, оның басты кейіпкері Шалқыманың іс-әрекеттерінде осы кек сарыны ерекше күшті. Шалқыманың жеке басының күйлерінен туған бұл кек бірте-бірте таптық кекке айналады. Кейіпкерінің ой-өрісіндегі, көзқарасындағы осы эволюцияны ашып суреттеуде де ақын реалистік бағыттан айнымайды, ауытқымайды. Зубов, Иван, Егор бейнелері өз дәрежесінде идеялық-көркемдік жүк көтерумен бірге Шалқыма образын шыныктырып, оның тұлғасын ірілендіре түседі. Осы тұста ақын халықтар достығы тақырыбын да орайын тауып, шынайы түрде шешеді. Поэманың аяғында Шалқыманың ата жауы — Қасқырбайды жайратып өш алғаны, қуғыннан құтылып, қызыл әскерлер отрядына қосылғаны баяндалады. Шығарманың негізгі идеялық пафосы да, ондағы шиеленіскен тайталас-тартыстың шарықтау шегіне жетіп түйілуі де ұласып барып, қажетті көркемдік тиянақ табады. «Шалқыма» поэмасы Д.Әбілевтің ақындық өнері тереңге құлаш ұрып келе жатқанын, оның шығарма композициясын қиюластырып құруға, тарихи шындықты көркемдік шындыққа ұластыра отырып бейнелеуге ден қойғандығын, шығармашылық тегеурінін анық танытты. Рас, ақынның кейде жасандылыққа ұрынып, кейбір желілердің көркемдік мотивировкасын табиғи қалыпқа түсіре бермейтіндігі, реалистік саздан айнымай отырып, ара-тұра фольклорлық әсірелеулерге бой алдыратыны да байқалып еді.

Бірақ бұл айтылғандар поэманың әлеуметтік кең тынысын тарылта алған жоқ. «Шалқыма» — отызыншы жылдардағы поэзиямыздың сүйекті әрі көркем туындыларының бірі. Поэманың осындай қырлары мен сырларын сыншы Е.Ысмайылов жақсы аңғарып, орынды көрсеткен: «Ақын қалың орман қоршаған айдын көлдің, дүниені сілкіндіре долы дауыл тұрып, шатырлап нажағай ойнап, өрт қаптаған қара түннің, осы жағдайдағы Жаудыр

мен Шалқыманың аянышты халдерін классикалық поэмалардың дәстүріндей көтеріңкі леппен суреттейді. Мұнда Диханның суретшілігі де, эпикалық шығарманы жазудағы құлашы да танылады. Схемаға ұратын, шартты алынған кейбір оқиға түйіндері бола тұрса да «Шалқыма» ақын шығармашылығының жаңа бетін, жаңа өсу сатысын көрсетеді. Қазақ кеңес поэзиясында сюжетті поэма жасауға қосылған үлестің бірі болып табылады». Поэманың айрықша бағалы қасиеттерінің бірі — ондағы авторлық позицияның беріктігі мен айқындығы, ақынның лирикалық толғаныстары мен шалқуларының молдығы әрі әсерлілігі. Яғни поэмада эпикалық кеңдік, тегеурінділік пен лирикалық саз араласа, ұласа келіп отырады.

Ақынның алғаш отызыншы жылдарда жазып, кейін қайта оралып, сәл өңдеген бір поэмасы — «Бармақ». Бұл поэмада шиеленісе өрбіп жатқан шытырман оқиға жоқ. Бірақ 1916 жылғы оқиғалардың қайғылы бір көрінісі зор драмалық түйінге жеткізіле суреттелген. Поэма кейіпкері Зілқараның трагедиясын ақын аяусыз, қатал шындықпен ашады. Шығарма ездікті, қорқақтықты айыптап, елдік пен ерлікті мадақтайды. Өз басының және халықтың азаттығы үшін айқастан тая соғып қорыққан өзін ит өліміне душар еткен Зілқарадан жұрттың бәрі де безеді. Ол сүйген жары мен баласына да жат. Поэманың құндылығы да осынау қатал шыншылдығында, опасыздықты әшкерелеп, отаншылдықты дәріптеуінде. Осы тұрғыдан алып қарағанда бұл шығарма Лермонтовтың тау халықтары аңызынан алып жазған «Қашқын» поэмасымен сарындас, өзектес сезіледі. Патриоттық сыр-сезімдер мен отаншылдық сарындар ақынның Испания шындығынан алып жазған «Ремедиос» поэмасында әсіресе күшті. Отызыншы жылдарда Испан халқының фашистерге қарсы азаттық күресі бүкіл кеңес әдебиетінде кеңінен бейнеленді. Бұл қазақ кеңес поэзиясында да құдіретті сарын тудырды. Ақындарымыз жалынды жырлар шығарды. Д.Әбілевтің «Ремедиос» поэмасы — сол шығармалардың ең көркем, әсерлілерінің бірі.

Тұңғиық аспандай кең Атланның
Оқ борап, түтін орап жатыр алдын.
Адамзат азаттығын арман еткен
Жалауы жалтылдады батырлардың.

Қақпасы қарауытып Мадридтің
Қарайды шоқысына әр биіктің.

Ғасырдың құрсағына құрыш қақтап,
Мезгіл тұр перзентіндей ар-күйіктің.

Поэманың осылай басталуының өзі күшті бір сарын сездіреді. Бұл сезім оқушыны алдамайды. Бұдан әрі ол жауға қарсы құрсанған Мадридтің сұсты бейнесін, халықты күреске үндеп жар салған Долорес Иббаруридің тұлғасын, «жүрегі адал, жаны адал, бақыт досы, ар досы» Карлостың кейпін өз көзімен көргендей болады. Поэманың негізгі қаһарманы — испан қызы Ремедиос. Фашистер Испанияның астанасына қауіп төндіргенде сүйіскен екі жас — Карлос пен Ремедиос «тағдырын мәңгі қоспаққа талпынған күні» той-думанды тастап, майданға аттанады. Карлос хабар-ошарсыз кетеді де, Ремедиос оққа ұшады. Ол өліп бара жатқанда да қасиетті астана — Мадрид қаласын естен шығармайды.

Аттан, әке!.. Жорық күн —
Басқалар маған келмесін!
Алқызыл туы полктың
Желбіреп көкке өрлесін!
Геройларға сәлем айт,
Мадридті бермесін! —

деп үзіледі ол. Поэманың патриоттық асқақ идеясы осы Ремедиос образы арқылы мейлінше күшті бейнеленген. Ұлы Отан соғысы жылдарында да ақын бірер поэма жазды. Бірақ бұл тұстағы оның поэзиясының дені — лирикалық өлеңдер. Сыршыл ақын лирикалық әсем жырлар тудыруда сол жылдары әсіресе биіктеп өсті.

Ал соғыстан кейінгі кезеңде Д.Әбілев өзінің ең күрделі әрі көркем поэмаларын жазды. Ақынның әсіресе беріле, қайта-қайта оралып жырлағаны — кенді Алтай туралы тақырып. Бұл тақырыпқа ақын ең алдымен «Алтай жүрегі» атты өлеңді романын арнады. Кезінде роман жайында әртарап пікір болды. Қайткенде де ақынның аса жауапты тақырыпқа аса қиын жанрда қалам тартуы — шығармашылық зор да батыл қадам еді. Бұл ретте ең ірі жазушыларымыздың бірі, ойлы суреткер Ғ.Мүсіреповтың мынадай пікіріне назар аудара кетудің орайы әбден бар: «Біздің қазақ кеңес әдебиетінің күні бүгінге дейінгі тарихында өлең мен жазылған роман деп Сәбит Мұқановтың бір ғана «Сұлушашын» атап келеміз. Өлеңмен жазылған роман, қара сөзбен жазылған поэма сияқты, дүниежүзілік әдебиетте де сирек кездеседі. Өйткені ол түр жағынан да, мазмұн жағынан да әрі терендікті, әрі

кеңдікті талап етеді де, жылдармен есептелетін, күшке тиетін еңбекке жатады. Сондықтан поэзиялық шығарманың мұндай түрі қандай әдебиетте болса да ерекше де елеулі орын алады. Ақын Дихан Әбілев жолдастың «Алтай жүрегі» атты романы осы қатарға қосылады».

Шығармашылық зор серпіннен, мол еңбектен туған осындай кең тынысты шығарманың көркемдік келісімінде талай-талай кемшілік пен олпы-солпылық та бар еді. Кезінде бұл аталып көрсетілген де болатын. Талғампаз ақын жұртшылық үніне сергектікпен құлақ асты. Ол «Алтай жүрегі» романын «Таудағы ту» деген атпен бастан-аяқ қайта жазып шықты. Оның «Кремльде» деп аталатын үлкен бір бөлімі ақынның 1958 жылы шыққан бір томдығына да енген. Бұл роман — кенді Алтай туралы, ондағы адамдар туралы және солардың өмірі мен ісі, өзара достығы туралы шығарма. Талай жылдар бойына көп көңіл бөліп, мол ізденіп жазған бұл романында ақын революцияның дауылды күндерінде шетелдік капиталистер қиратып кеткен кенді Алтайдың қалпына келтіріліп, қатарға қосылғанын баяндайды. Қиындыққа, жоқшылыққа, жаулардың зиянкестік әрекеттеріне қарамастан, зор патриоттық қимыл жасаған орыс, қазақ жұмысшыларының өмірі, олардың өзара татаусыз, қасиетті достығы романда жарқын да кең суреттелген. Шығарманың бүкіл ой бойына оқиға желісіне мол араласып, тегеурінді әрекет жасап жүретін парторг Деев, инженер Горин, жұмысшы әйел Зейнеп, қарт шахтер Тата бейнелері — бұған анық айғақ. Осылардың ішінде Деев әсіресе ерекше көрінеді. Автор оны шебер ұйымдастырушы, іскер де табанды коммунист ретінде бейнелеуді мақсат еткен. Ол негізінен осы нысанасына жеткен де.

«Таудағы ту» романындағы ерекше назар аударарлық бір жәйт — ақынның кемеңгер көсеміміз Лениннің бейнесін жасауға талаптануы. Автордың басқа бір үлкен ақындарға еліктей ұқсап кеткен сәттері ара-кідік сезіліп қалғанымен, шығарманың Ленинге арналған тараулары терең ықыласпен оқылады. Ленин ісінің өлмейтін өміршеңдігін, оның жарқын идеяларының кемімес қуат-күшін ақын тебірене толғайды.

Д.Әбілевтің «Отты толқындар» поэмасы — «Таудағы ту» романының заңды жалғасы іспетті шығарма. Романда бейнеленген Уваров пен Есей «Отты толқындар» поэмасының да тұлғалы кейіпкерлері екенін былай қойғанда, бұл екі шығарманың тақырыбында да, идеялық

сарыны мен әлеуметтік тынысында да сабақтастық, ажырамас тұтастық бар.

Поэмада Днепр өзенінде атақты су электр станциясын салған, табиғат стихиясын бағындырған кеңес адамдарының өмірі мен жасампаздық еңбегі жырланады. Біздің тамаша дәуіріміз, Маяковскийдің сөзімен айтқанда «Жүрек пен шындық ұласқан», Отан өмірі мен «жүрек өмірі» ажырамастай болып тұтасқан дәуір ақындарымыздың алдынан шексіз шығармашылық мүмкіндік ашты. Бұл жанрдың дамып, жетілуіне, оның жаңа қырларының ашылуына да айрықша ықпалын тигізді. Әрине, романға қарағанда поэманың өмір шындығын қамту шеңбері басқа. Бірақ бұған қарап поэма жанрының реалистік сипаты аз, кемшін деп тұжырым жасауға еш болмайды. Поэмада сюжет желісінің, характерлер сипатының реалистік айқындықпен берілуін қалаған Пушкин мен Белинскийдің талабы зәредей де ескірген жоқ, қайта біздің уақытымызда бұрынғыдан да терең мән-мағынаға ие болды.

Поэмада лирикалық саз басым болуы мүмкін. Бірақ ол лирикалық өлең емес. Сондай-ақ онда эпикалық серпін күшті болып та келеді. Бірақ ол роман не повесть емес. Пушкин, Лермонтов, Некрасов, І.Жансүгіров, С.Мұқановтың поэмаларында жоғарыда аталған қасиеттеріне қоса драмалық тегеурін де күшті сезіледі. Бұл — классика. Ақындарымыздың қай-қайсысы да мұндай үлгіден үйренуге тиіс және үйреніп келеді де. Д.Әбілев те «Отты толқындар» поэмасын осылайша үйренудің, ізденудің арқасында татымды туынды етіп шығарды. «Отты толқындар» поэмасында тартыс түйіндері шырқау шегіне жеткізіліп берілген деп айту қиын. Бірақ онда эпикалық кеңдік пен лирикалық саз шеберлікпен қиюласып, астасып берілгені даусыз. Патетикалық лептілік пен нәзік те шыншыл күйлер поэманың бүкіл өн бойына алмасып келіп отырады. Поэмада лирикалық шегіністер мол. Бірақ бұл оқиға өрбуін бәсеңсітпейді, баяулатпайды. Ақын поэманың бас жағында берілген экспозициядан кейін оқушыны оқиға желісіне бірден араластырады, шығарма кейіпкерлерімен таныстырады. Олар — Есей, Катерина сияқты жас инженерлер, құрылыс бастығы Москвин және басқалар. Москвин образы ақынның елеулі табысы саналуға тұрарлық. Жасампаз еңбектің қызығына берілген Москвиннің алуан қырлы сипатының бір сыры мынадай:

Бастау үшін жаңа ырғақты жырларды,
Бұрғы ұшымен тыңдап терең сырларды,

Жер үстіне шығарады Москвин
Жер астына түсіп кеткен жылдарды.

Жақсы айтылған, тапқырлықпен айтылған. Оқушы оның мінез-құлқын, рухани дүниесін де жақсы сезеді, оған іш тартпай қалмайды:

Басқалардан көргің кеп өз жақынын,
Іс бастарда тыңдағың кеп ақылын;
Қаталдығын қайырымын сезесің,
Жаның сүйіп, ой-қимылы батылын.

Кең пейілі кейде мүлде тым қатал,
Кейде саған бір-ақ ауыз тіл қатар.
Кейде саған ән салдыртып, сырласып,
Жабырқасаң — жанашырың жұбатар.

Москвиннің Есейге жасаған қамқорлығы мен көмегі, оның өз жүрегімен өзі сырласуы, ішкі тебіреністері поэмада зор көркемдік қуатпен бейнеленген. Есейдің жобасын мақұлдап, Алтайда Ульба су электр станциясын салуға бекініп бел буатын да — осы Москвин. Бас инженер Собка мен Катерина образдары да шынайы дәрежеде жасалған. Мәселе бұл кейіпкерлердің ұнамды қалыпта алынуында ғана емес. Ақын солардың тұлғаларын толымды, жанды етіп көрсету үшін қажетті көркемдік бояуларды таба алған, олардың психологиялық сипатын да терең ашқан.

Поэманың басты кейіпкері — Есей. Оның тағдыры оқушыға ақынның бұрынғы шығармаларынан да таныс. Ал «Отты толқындар» поэмасында ол үлкен маман, өз ісіне, халық пен Отан мүддесіне қалтқысыз берілген патриот ретінде көрінеді. Есей мен Катяның арасындағы сүйіспеншілік те поэмада әсерлі жырланған. Есейдің бойында үлкен арман бар. Ол — туған жері Алтайда қуатты электр станциясын салу. Сол арманына Есей жетпей тынбақ емес. Ол болашақ станцияның жобасын, моделін жасайды. Есей мінезінің осы сипатын, оның арманшылдығы мен табандылығын ақын көркем де айқын әрі композициялық тұтастықта алып көрсеткен.

Поэмада Есейдің патриоттық ой-сырлары, сүйіспеншілік сезімдері, туған жерге деген сағынышы ақындық тебіреніспен, әсерлі жырланған. Оның бойында бұдан басқа да абзал қасиеттер мол. Ол:

Өзім үшін деуден аулақ уысын,
Қазақ қана деуден аулақ туысын.

Сызықтармен толтырады іңірде
Қызметтен тыс мезгілінің қуысын.

Шығарма Есейдің дос-жарандарымен қоштасып, өзінің арманына, туған жеріне бет алып аттануын суреттеумен аяқталады. Сондықтан да ақын өзінің сүйікті кейіпкеріне, өзіне етене жақын тақырыпқа тағы да оралады деп үміт етуге әбден боларлықтай. «Отты толқындар» поэмасы көркемдік жағынан мін-мүлтіксіз де емес. Ең алдымен онда шығарманың ұзына бойына созылып жатқан өзекті тартыс жоқ. Катерина мен Тимоша, Павло мен Тимоша арасындағы кірбең драмалық өткір түйінге жетіп тарқатылмайды. Сондықтан поэмадағы бұл тартыс желісі табиғи сипат таппаған, жасанды сезіледі. Бұл ретте Москва әдебиетшісі Бабовичтің: «Расын айтқанда, Тимошко сәтсіз суреттелген, талантты ақын Дихан Әбілевтің суреткерлік мүмкіндігінен сырт қалған» — деген пікіріне қосылмасқа болмайды.

Сондай-ақ поэманың Павло тәрізді кейіпкерінің образы да толыққанды болып шықпаған. Поэмада оның сипаты жоқ, сипаттамасы ғана бар.

Бірақ поэманың бағыты, қасиеті мұндай жекелеген кемшіліктерінде емес, оның негізгі идеялық пафосында, әсер етушілік қуатында. Поэма орыс тіліне аударылғаннан кейін де лайықты бағаланды. Әдебиетші Бабович поэманы жоғары бағалай келіп, былай деп көрсетті: «Отты толқындар» поэмасын жазу үстінде ақын елеулі, түбегейлі еңбек еткендігін, шығарманың поэтикалық әсерінің күшін, оның шығармашылық құралдарының қанаттылығын мойындау керек. Біздің қазақ жолдасымыздың бұл тамаша шығармасы осынау қасиеттерімен жарқырап көрінеді... Жасым келіп, қартайған шақта қазақтың ұлттық поэзиясының мөп-мөлдір қайнарынан сусындағаныма мен шын көңілден қуанамын».

Д.Әбілев поэма жанрында соңғы жылдары әсіресе жемісті еңбек етті. Оның биыл жарық көрген «Жүрек жырлайды» атты жинағына үш поэма енген. Олар — «Шолпан», «Махаббат тағдыры», «Тасбұлақ» колхозында». Ақын «Шолпан» поэмасында қыршынынан үзілген талантты ақын Шолпан Иманбаеваның өмірі мен тағдырын баяндайды. Балғын жас шағында күндік өмірдің азабы мен күйінішін бастан кешіріп, кеңес өкіметі арқасында азаттық алып, сауатын ашқан, жаңа дүние орнату жолындағы күреске жалынды жырымен үлес қосқан ақынның талайы мен тағдырын шыншыл жыр тіліне түсіру оңай емес.

Д.Әбілев осы қиындықты баурай алған. Ол Шолпанның нәзік те сырлы, бірақ жан қуатына толы бейнесін шынайы дәрежеде жасаған. Поэманың композициялық құрылысы өзгеше. Дастан науқас меңдеп, өлім алдында жатқан Шолпанның ауыр халін баяндаудан басталады. Ажал сарыны кенет үзіледі. Бұдан әрі Асылдың еске түсірген тебіреністері арқылы Шолпанның білімге талпынған, жыр қызығына берілген шақтары жырланады.

Екінші бөлімде оқудан оралған Шолпанның ауылда жаңалық нұрын шашуға жан сала араласқаны, жаңа дүниенің жаршысы болғаны шынайы көріністер арқылы суреттелген. Ақын қызына деген халықтың ыстық ықыласын, таза махаббатын автор тебірене жырлаған. Поэма басталғандағы көрініс екінші бөлімнің соңында тағы да елес береді.

...Өмірге Шолпан келгелі —
Күн көзін алтын перделі
Жиырма екі ғана айналды
Жұмыр жердің шеңбері.

Жиырма екіге ғана келген қыршын жас қиылғалы жатыр. Неліктен бұлай? Дастанның үшінші бөлімінде осы сұраққа жауап беріледі. Шолпан сияқты үздік талант иесін жастай қуратып, ерте солдырған — күндік өмір, махаббатты малға сатып алып, саудаға түсіретін зорлықшылдар, ескі заман Кеңес дәуірінде Шолпанның өзі де, жыры да азат болды. Бірақ өгей өмірдің өксігі душар қылған дерт оны ажал құшағына берді. Поэма осылай аяқталғанымен, онда өршіл қасиет мол.

Мүмкін емес жыршы жүрек тоқтауы,
Ақын керек! Өлең керек өмірге!

Сондықтан да Шолпан өлмейді. Оның жырлары халқына керек және әрдайым халықтың жүрегінде. Ал Шолпан өмірінің жалғасы оның сол ойлы да өршіл жырларында. «Шолпан» — ақын туралы, жыр туралы дастан. «Тасбұлақ» колхозында» атты драмалық поэмасын ақын алғаш 1957 жылы жазған еді. Кейін қайта оралып өңдегенде автор поэманың өлеңдік қасиетін ширатып, көркемдігін шыныктыра түскен. Поэманың тілі де таза әрі ойнақы. Онда характерлері дараланып жасалған, өзара қарым-қатынастары қызғылықты түрде ашылған бірнеше кейіпкер бар. Сауытбек, Раушан, Бадыр бейнелері атап айтуға да, көңіл аударуға да тұрарлық. Бірақ поэманың оқиға

желісінде шұбалаңқылық, жасандылық бар. Оның үстіне тартыс түйіні, соның шешілуі де шынайы сипат сездірмейді.

Драмалық поэма — қазақ поэзиясы үшін тың жанр. Бұл салада талаптанып жүрген ақындарымыз санаулы. Сондықтан Д.Әбілевтің талаптануын, бұл саладағы ізденістерін тек құптауға керек. Оның үстіне ақындар бұл жанрдың қиындығы мен ерекшеліктерін баурау, Пушкин, Лермонтов жазған драмалық поэмалардың құлашы мен серпініне ұмтылу қажеттігін әрдайым ескеруге тиіс. Д.Әбілевтің соңғы жылдардағы поэмаларының ең таңдаулысы — «Махаббат тағдыры». Көркемдік қасиеті жағынан «Махаббат тағдыры» ақынның бұрынғы поэмаларының барлығынан да жоғары тұр деп үзілді-кесілді айтуға әбден болады.

Қазақ кеңес поэзиясында Ұлы Отан соғысы тақырыбына арналып жазылған поэма сан жағынан аз емес. Бірақ сол бір кезеңнің қатал да қайсар шындығын, кеңес адамының батырлық қимылын, әсіресе рухани ерлігін, өршіл тұлғасын шынайы бейнелеген поэмалар саусақпен санарлық қана. Бұл орайда Қ.Аманжоловтың «Абдолласы» мен Ж.Молдағалиевтің «Жыр туралы жыр», Х.Ерғалиевтің «Әке сыры» поэмалары ең алдымен аталады. «Махаббат тағдыры» жайында пікір айтқан кейбір авторлардың поэманы осындай шығармалардың қатарына қосуы әділ де тура.

Белинскийдің айтуынша, шын мәнісіндегі көркем, реалистік поэма «...өмірді оның асқақ мезеттерін де қамтып суреттейді». Жоғарыда аталған поэмалар ұлы сыншының осынау талабына меңзес дәрежеде жазылған. Оларда өмір шындығы, кейіпкерлердің тағдыры мен ой-армандары әрі шыншыл күйінде, әрі зор көркемдік тұрғыға көтеріліп, асқақтата жырланған. «Махаббат тағдыры» негізінен Ұлы Отан соғысы кезеңінің оқиғаларын қамтиды. Ал оның өзекті тақырыптары — адал, айнымас махаббат пен Отанға деген таза сүйіспеншілік. Бұл — бүкіл әлем әдебиетіне ортақ әрі мәңгілік тақырыптар. Осы тақырыптарды қазақ кеңес ақыны біздің замандастарымыздың тағдыры арқылы әрі өз дәуіріміздің озық көзқарасы негізінде жырлайды. «Шолпан» поэмасындағы сияқты «Махаббат тағдырында» да ақын қарама-қарсы бояуларды, қарама-қарсы ситуацияларды шебер қолданған. Поэма шат-шадыман той-думанды суреттеуден басталады. Өмірін қосқан екі жастың қуанышты салтанаты. Қыз әкесі екі жасқа ақ тілегін айтпақ. Сол сәтте Жанна аһ ұрып, талықсып кетеді.

Сөйтіп, ақын салған жерден ширыққан драмалық өткір түйінге меңзейді, оқушы назарын еріксіз баурап алады. Шығарма композициясын осылай құру арқылы автор шұбаланқылыққа бой алдырмай, ойлы ықшамдыққа, тұжырымдылыққа ұмтылған.

Поэмада кеңес адамының тағдыры Отан тағдырымен ұштастырыла жырланған. Бұл әсіресе Баубек образына жанасты. Жас жазушы Баубек Бұлқышев Ұлы Отан соғысының ай-күндерінде патриоттық публицистикасымен жақсы танылғаны аян. Қасиетті жерімізді, халқымызды жаудан қорғау жолында Баубек қаза тапты. Оның өмірі қандай жырға болса да лайық. Бірақ «Махаббат тағдырындағы» Баубек прототиптің жалаң көшірмесі емес. Ақын өз қиялымен кейіпкерінің образын өсіріп, тұлғаландыра түскен.

Шығармасын жоғарыда айтылғандай өзгеше бастаған ақын Жаннаның өткенді ойлап тебіренуі арқылы лирикалық шегініс жасайды. Дастаннан соғыстың алдындағы бейбіт өмірдің жанға жайлы лебі ескендей болады. Баубектің Жаннаға деген іңкәр сүйіспеншілігі суреттелетін шумақтар да оқушы жүрегін терберлік дәрежеде. Ақын Баубектің соғыстағы бейнесін, оның патриоттық ой-толғаныстарын, ерлік мінезін әсіресе нанымды әрі көркем түрде жырлаған:

Жиғандай әлем қаһарын бойға,
Бұрқайды толқын, тулайды өзен.
Лейтенант Баубек шомады ойға,
Шулайды құстар, шулайды өзен.

Астында айдын, үстінде аспан,
Көпір тұр әсем арқасы биік.
Мұнда да туған жаңа бір дастан,
Жатқанда жастар табанын құйып.

— Бұзыңдар,— дейді штабтан бұйрық —
Өтердей болса немістер егер.
Бұзамыз қайтіп көзіміз қиып,
Жан едік біздер жасауға шебер!

Жоқ! Бұзуға бара алмас қолым!
Сақтауым керек көпірді аман.
Кесуім керек дұшпанның жолын,
Достарым, міне, осыған нанам!

Мұнда Баубектің туған жерге, өмірге деген құштарлығы жақсы жырланған. Баубек поэманың бүкіл өн бойына дерлік көрініп отырады. Оның Жаннаға жолдаған хаттарынан, ішкі тебіреністерінен үлкен жүректі адам екендігі терең сезіледі. Д.Әбілев Баубек образында парасатты, ойлы адамның, отаншыл азаматтың, жарық дүниені, өмірді, елі-жұртын емірене сүйген жалынды ақынның жарқын тұлғасын шынайы күйінде бере алған.

Поэманың екінші кейіпкері — Жанна. Сүйген жігітінің қаза табуы Жаннаны қатты күйзелтеді. Күткен үміті үзілген, арманына жете алмаған Жаннаның жас ғұмыры зая кеткендей. Соғыстың аты — соғыс. Ол құрбандықсыз болмақ емес. Сондықтан да майданға аттанар алдында Баубек Жаннаға мынадай шын сырын, жар сырын шертеді:

Сүйгенім менің, қимасым менің,
Кім білер, мүмкін, қайтпаспын тірі.
Жоқ қылар, мүмкін, қорғасын — өлім,
Қалмасын сенде нәпсімнің кірі.

Пәк жаныңмен бақыт тап сонда,
Бір ғана келіп бейітіме көрін.
Қатерді айтам, тек қапа болма,
Сау қайтар, сәулем, сүйгенің сенің.

Бұл — өмірді, махаббатты ардақтай білетін, нағыз тура да шыншыл жүректің, үлкен жүректің үні. Өміріне, тағдырына Жаннаның өзі де ойлы, парасатты түрде қарай біледі.

Жұртым-ау, сырым бір саған аян,
Ішімде оқ бар соғыстан қалған.
Қозы үшін өлер емеспін Баян,
Емеспін Жібек құлайтын жардан.

Бірақ Баубектен кейін тағы да жар сүю, өмірлік серік табу оңай емес. Жанна өз басынан небір сезім дауылдарын кешіреді. Жаңадан тапқан жарын Баубекті сүйгендей сүйе алармын ба деп те қобалжиды. Поэма үзіліп қалған тойдың қайта жалғасуын, Жаннаның сүйген жігітіне қол ұсынып, сөніп қалған, жоғалған махаббатын қайта тапқанын баяндаумен аяқталады. Сөйтіп, сөнген үмітті, үзілген арманды, ащы қайғыны баян еткен дастан өмірдің ғажайып қуаты мен нұрлылығын, айнымас та адал махаббаттың ұлылығын ардақтайтын тамаша жырға ұласады. Сондықтан да поэма өмір сүре білуге және оны қастерлеп сүюге үндейтін өршіл пафосқа, оптимистік

рухқа толы. Мәңгілік тақырыпты, махаббат тақырыбын тың суреткерлік серпінмен толғаған, оны заманымыздың озық ойы тұрғысынан шешкен, зор көркемдік биікке көтере жырлаған ақынның поэзиямызға лайықты үлес болып қосылғарлық шығарма тудырғанына сүйсінбеске әддіміз жоқ. «Махаббат тағдыры» Д.Әбілевтің ақындық палитрасы жаңа да жарқын бояуларға қаныққанын көрсетті. Ақынның поэмаларының кейбірінде ұшырасатын көпсөзділік, шұбалаңқылық, шындыққа үйлесе бермейтін теңеулер, жасандылық табы «Махаббат тағдырында» жоқ. Табиғат көріністерін суреттегенде, кейіпкерлерінің жан толқындарын, сыр-сезімдерін жырлағанда ақын өзінің шеберлігі шыңдала түскенін, биіктеп өскенін анық аңдатады. Ұрыстың алдында тына қалған төңіректің ақын-кейіпкердің сезінуі арқылы берілген сипаты мынадай:

Төңірек тыныш, шықпайды дыбыс,
Тына бір қапты манағы жел де.
Үйрек пе, қаз ба — жаралы бір құс
Зарлайды қанын жуынып көлге.

Ал соғыстан кейін қайта жасарып, жаңғырып келе жатқан туған жердің келбетін, тынысын ақын мына бір жолдар арқылы тамаша елестетеді:

Шайқаста қанмен, шуақта термен
Тірілген қайта табиғат өніп.
Қағады күлім тыныштық деммен,
Көзінен күннің жаңа нұр еміп.

«Махаббат тағдырында» ақынның шеберлігі ұшталғанын, оның поэзиясының реалистік қасиеті терендей түскенін танытатын мысалды көптеп келтіруге де болар еді. Бірақ мұның қажеттігі бола қоймас деп ойлаймыз. Д.Әбілевтің бұл поэмасы жұртшылық назарын мол аударып, алуан түрлі пікір тудырды. Белгілі сыншы М.Қаратаев «Толғантпаған тағдыр» деген мақаласында өзінің поэманы оқығанда толғанбағанын сездіріп, дастан «күткен ойымыздан шықпады» — деп түйді, оны сәтсіз туындыға жорыды. Кейінірек Е.Ысмайылов пен Қ.Бекхожиннің мақалаларында М.Қаратаевтың пікірі ағат деген тұжырым жасалды. Рас, «Толғантпаған тағдырдың» авторы өзінің пікірін тым үзілді-кесілді айтқан. Көрнекті сыншының көрінеу тенденция ұстағаны бұдан байқалмай қалмайды. Оның үстіне М.Қаратаев мақаласының асып айтылған жәйттеріне қарамастан, ақынға пайда келтіргені де күмәнсіз. М.Қаратаев «Махаббат тағдырының»

журнал, газет бетінде жарияланған нұсқасына талдау жасаған еді. Ақын поэмасын жеке кітап етіп шығарар алдында сыншының бірталай пікірін ескерген, поэманы өлеңдік жағынан жетілдіре түскен, әсіресе шығарманың аяқталымын жаңадан қосқан, тың шешім тапқан. Бұл поэманың идеялық тынысын әсіресе кеңіте түскен.

«Махаббат тағдырының» кемшілігі жайында сөз болғанда бір жәйтті баса айтудың орайы әбден бар сияқты. Бұл Жаннаның соңғы сүйген жігіті Бегім бейнесіне байланысты. Поэманың басында ақын оны «сырбаз мүсінші» деп таныстырады. Ал дастанның соңында оқушы оның Жаннаға: «Мені қор еткен жоқсың, биік шыңға шығардың. Егер бұрын жүз есе сүйсем, енді мың есе артық сүйем» — деген сөздерін оқиды. Ия, оқиды, бірақ есітпейді. Бегім Жаннаны не қасиетімен сүйдірді? Оның жан дүниесі, түр-тұлғасы, рухани келбеті қандай? Міне, бұған және басқа да көптеген сұрақтарға поэмада жауап жоқ. Бәлкім, ақын егер Бегім жайын кеңірек толғасам, лирикалық поэмаға басы артық қосалқы желілер еніп кетер деп тартынған болар. Бірақ қайткен күнде де Бегім бейнесі жанды, шынайы қалыпта жасалуы керек еді. Тұтастай алғанда «Махаббат тағдыры» поэзиямыздың соңғы кездегі бір табысы саналуға тұрарлық, татымды шығарма екендігі күмәнсыз. Бұл орайда Қ.Бекхожиннің: «Диқанның бұл лирикалық дастаны осындай жан толқытарлық сезіммен, ыстық сырлармен, әсем бейнелермен шертілген елеулі туынды» деген түбегейлі пікіріне, әділ тұжырымына біз де қосыламыз. Дихан Әбілевтің бүкіл шығармашылық жолын терең барламай, жай шолып өткеннің өзінде де бір нәрсені даусыз аңдаймыз. Ол — ақынның ізденгіштігі, өз өнерін жетілдіре, ұштай түсуге ұмтылып отыратындығы. Бұл салада оның тая соққан мезеттері де баршылық. Бірақ тапқаны одан да көп, одан да басым. Д.Әбілевтің әр кезде жазған лирикалық өлеңдері мен поэмаларының таңдаулылары ең қатал, ең әділ сынға — уақыт сынына төтеп беріп, жырқұмар жұрттың рухани серігі, сырласы болып келеді. Сондай-ақ, сол өскелең талаппен, уақытпен бірге ақынның өзі де, оның жыр жарағы да өсу үстінде. Ақынның поэзиясы болашақта да уақыт рухына орайлас, меңзес өрістеп өрбитіндігіне біз сенеміз.

ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІНІҢ АСҚАРЫ

(А.С.Пушкиннің қайтыс болғанына 125 жыл)

«Алып Пушкин — біздің асқан ұлы мақтанышымыз және Россияның рухани күштерінің барынша толық көрінісі...» — деп жазды А.М.Горький. Ол Пушкинді бүкіл әлем әдебиетінің теңдесі жоқ үздік суреткері деп білді.

Пушкиннің творчествосы — халыққа қызмет студің және халықтың ұлылығын, рухани күштерін ардақ тұтып жырлаудың баға жетпес үлгісі.

Александр Пушкин 1799 жылы 6 июльде Москва қаласында туды. Оның тұңғыш өлеңі 1814 жылы «Вестник Европы» журналында жарияланды. Содан бастап жиырма үш жыл бойына, яғни өзі дүние салғанға дейін ол әдебиеттің барлық жанрларында толассыз да телегей еңбек етті, бүкіл әлем әдебиетінде тұтас бір көркемдік дәуір құраған ғажайып шығармаларын жазды.

Орыс халқының ұлы данышпаны болған, орыстың мәдениеті мен әдебиетін, орыстың классикалық реализмін жаңа арнаға салып дамытқан Пушкин өзіне дейінгі шын мәнісінде өрелі, нағыз ұлттық әдеби және мәдени дәстүрлердің мирасқоры да еді. Сонымен бірге ол бүкіл дүниежүзі әдебиетінің асыл қазыналарын да өз назарынан шет қалдырған жоқ. Ол ежелгі гректер мен римдіктердің әдебиетін де, Байрон мен Гете, Вальтер Скотт творчествосын да емін-еркін баурады. Бірақ Пушкин барды қайталаумен тынған жоқ. Ол орыс әдебиеті үшін, бүкіл әлем әдебиеті үшін жаңа жолдар, тың өрістер ашумен болды. Оның ұлылығы да, бүкіл дүниежүзі әдебиеті алдындағы тарихи еңбегі де осында еді.

Пушкин орыс әдебиетінде және бүкіл әлем әдебиетінде тұңғыш реалистік өлеңді роман — «Евгений Онегин» романын, «Капитан қызы» атты тұңғыш реалистік тарихи повесін жазды.

Пушкин — орыстың жазба әдебиетінің, жаңа типті реализмнің негізін қалаушы. Пушкин орыс қоғамының, орыс өмірінің реалистік тамаша көріністерін жасаумен, халықты және халықтық тұлғаларды суреттеумен ғана шектелген жоқ. Сонымен бірге ол адам баласының алдында тұрған ұлан-ғайыр прогресшіл міндеттер мен мұраттарға

да өз назарын тұңғыш рет аударды. Ол адамды, адам атын ардақтап, азаттық пен гуманизм принциптерін жақтап жар салды.

Пушкиннің поэмасы онда бейнеленген сыр-сезімдердің энциклопедиялық молдығымен, сарқылмас алуандығымен өмірді барынша толық қамтыған тұтастығымен таң қалдырады. Оның дариядай терең де телегей шалқар жанында ақындық жаңғырық таппаған құбылыс жоқ. Пушкиннің поэзиясы орыс халқының құдіретті тегеуіріне, тарихи өткені мен нұрлы болашағына, оның аяулы арманы мен асқақ сезімдеріне, рухани күштеріне арналып айтылған ғажайып гимн тәрізді есіледі.

Пушкин тұманды, тұспал күйлерге беріліп, жеміссіз қиялға салынған жоқ. Ол болашақты — туған халқының да, туған әдебиетінің де болашағын асқан көрегендікпен болжай білді және оның дамуын мейлінше жемісті арнаға салды. Пушкиннен кейін жасаған және орыстың ұлттық әдебиетінің өркендеп өсуіне тамаша үлес қосқан ғажайып суреткерлердің бәрі де одан үйренбей, тағлым алмай қалған жоқ. «Ол данышпан адам, — деп жазды М.Горький, ол өзінің қысқа өмірінің ішінде орыс өнері жөнінде мұраға қалдырғандарының бәрінің мызғымас негізін салды. Пушкин болмаса, ұзақ уақыт Гогольдің, Лев Толстойдың, Тургеневтің шығуы да мүмкін болмас еді... Бұл ұлы адамдардың бәрі Пушкинді өздерінің рухани ұстазы деп таныды».

Тағдырын да, творчествосын да туған халқының өмірімен тығыз байланыстырған Пушкин өзінің ел-жұртының ар-намысы болды. «Достарымның және өзім араласып жүрген таныстарымның көз алдында менің есіміме дақ түспеуін мен мұсе тұтпаймын. Менің есімім ел-жұртыма тәуелді. Сондықтан аян болған жердің бәрінде мен өз есіміме дақ түсіртпеуге тиістімін», - деп жазды Пушкин. Ұлы ақынның есіміне көзі тірісінде дақ түсіре алмаған, оның азаттыққа шақырып жар салған құдіретті де кекті даусын өшіре алмаған жаулары қаңғырған біреудің қолымен оны өлтіріп тынды. Оның қазасын бүкіл орыс халқы аза тұтты. «Александр Сергеевич Пушкин дүние салды. Ол енді біздің арамызда жоқ! «Күн көзіне оқ тиді», деп жазды Кольцов. Содан бері 125 жыл өтті. Бірақ Пушкин мұрасына уақыт уыты дарыған жоқ. Қайта өз поэзиясының реалистік қасиетімен, халықтығымен, саф сұлулығымен, адам баласын ардақтайтын терең гуманизмімен ол кейінгі ұрпақтарға аяулы мұра болып келеді. Орыстың ұлы ақыны

қазір барлық халықтардың ұлы ақынына айналды. Оның есімі қазақ халқына өте-мөте мәшһүр, әсіресе қадірменді зерттеушілер Пушкин өзінің «Ескерткіш» атты әйгілі өлеңінің алғашқы бір нұсқасында өз поэзиясына мұрагер болатын, аяулы есімін ардақтап жадында сақтайтын халықтардың ішінде қазақ халқын да ауызға алғанын анықтады.

Пугачев көтерілісіне байланысты ауыз әдебиетінің нұсқаларын жинау мақсатымен Орынборға келгенде Пушкин қазақ халқының өмірімен, рухани мәдениетімен танысады, үш күн бойы Орал қаласында болады. Ол қазақ халқының ауыз әдебиетіне мол ықылас қойған. Ұлы ақынның архивінен «Қозы Көрпеш-Баян сұлу» жырының қысқаша нұсқасы жазылған қолжазбаның табылуы мұны айқын көрсетеді. Сонау алыс заманда, ықтымыр дәуірде махаббат еркіндігіне ұмтылған, сол жолда құрбан болған сахара жастарының қайғылы тағдыры ұлы ақынды қатты тебірентеді. Ол осы жырдың желісі негізінде поэма жазбақ болады. Бірақ беймезгіл ажал бұл арманға жеткізбеді. Қазақ халқы туралы тақырыпқа Пушкин «Пугачев тарихында» да оралады. Оның бірнеше тарауында ақын қазақ халқының өмірі мен тұрмысы жайында тарихи мағлұматтар келтіріп, сахара табиғатының сан алуан суреттерін береді.

Абай негізін қалаған қазақтың реалистік жазба әдебиетінің қалыптасып дамуында Пушкин поэзиясы, оның нәрлі дәстүрлері ерекше рөл атқарады. Қазақтың ұлы ақыны поэзияның асқаралы биігіне көтеріле алғаны үшін Пушкинге аз қарыздар емес. Пушкиннің қазақ ақынына тигізген идеалдық, көркемдік әсері Абай және орыс классикалық әдебиеті деген үлкен тақырыптың ең бір үлкен саласы. Лермонтов, Салтыков-Щедрин, Толстой есімдерін ауызға алған Абайдың Пушкин жайында, оның творчествосы жайында тікелей айтқан пікірлері бары немесе жоғы беймағлұм. Бірақ Абайдың Пушкинге қандай қарым-қатынаста болғаны оның поэзиясының бүкіл рухы мен тынысынан, суреткерлік шеберлігінен, эстетикалық идеалынан және ұлы ақынның шығармаларынан жасаған тамаша аудармаларынан анық сезіледі.

Абай Пушкин поэзиясының көркемдік түрін, ырғағы мен үйқасын, оның жаңашылдығын да мол қабылдады. Оның басқа көркемдікке толы реалистік лирикасы Пушкин өлеңдерімен деңгейлес, алуандас болып келеді. Бұл ретте

гәп жекелеген сөздер мен фактілердің ұқсастығында емес, қайта олардың шығармаларының ішкі күйлерінде, терең туыстығында.

Пушкин дәстүрлері Абайдан кейінгі қазақ поэзиясында да мол орныгып кең дамытылды. Ұлы ақын мұрасының қазақ халқына мол танылған кезі совет дәуірі. Қазіргі қазақ ақындары Пушкин поэзиясының тамаша қасиеттерінен үйренумен бірге оның шығармаларын қазақ тіліне аударумен де ықылас қоя шұғылданып келеді. Абайдың Пушкиннен жасаған аудармалары қазақтың байтақ даласында ауызша айтылып таралды. Ал 1899 жылы ақынның туғанына 100 жыл толғанда «Балықшы мен балық туралы» ертегісі қазақ тілінде Қазан қаласында басылып шықты. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде «Капитан қызы» да тұңғыш рет аударылды. Қазір Пушкин поэзиясы қазақ халқының күнделікті столынан табылатын асыл қазынасына айналып отыр. Жыл сайын том-том болып шығып жатқан ақын шығармалары осыған куә.

Белинский Пушкин туралы мақалаларының бірінде: «Пушкин ажал тап болысымен ұмыт болып қалмайтын, қайта қоғамның санасында өркендей беретін, мәңгі өшпес өрістей түсетін тұлғалардың қатарына қосылады. Олар жайында әр дәуір өз пікірін айтатын болады» деп жазған. Шындығында да, ұлы ақынның есімі жұлдыздай жарқырап, оның ғажайып мұрасы болашақ буындармен мәңгі бірге жасай бермек. Жамбыл айтқандай:

«Май құйған шам сөнсе де,
Шамшырақ сөнбес өмірде.
Жақсы сөз бейне шамшырақ,
Орнаған мықтап көңілге,
Жақсы сөздің иесін,
Ұйғара алман өлімге.
Олай болса Пушкинді
Тірі деп керек сенуге»,

дейді ұлы ақынның бұл күндегі бақытты ұрпағы.

1962 ж.

ҰЛЫ БЕЙНЕ

(*Горький замандастарының естеліктерінде*)

«Біз осы бір адамның өз арамызда жоқтығына әлі дағдылана алған жоқпыз және онымен замандас болу бақыты үлесімізге тиген біз бұған дағдылана қояр ма екенбіз», — деп жазды Л.Леонов өзінің «Горький бүгінгі күнде» атты естелігінде. Бұл сөздерде тек әдебиетшілердің ғана емес, сонымен бірге бүкіл совет халқының ұлы жазушыға деген суынбас сезімі мен ыстық ықыласы бейнеленген. Горький сияқты ұлы адамның өмірі мен қызметі үшін уақыт өлшем бола алмақ емес.

Горький тағдыры — қайталанбайтын тағдыр. Ол тарихтың аса бір жауапты, шешуші кезеңінде орыс әдебиетінің беталыс-бағдарын жаңа арнаға, революциялық күрес арнасына бұрды. Өз ғасырының көркемдік дамуына дәл Горькийдей қуатты да игі әсер еткен суреткерді әлемнің ешбір әдебиеті білген емес. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде, орыстың қоғамдық ойын, әдебиеті мен искусствосын құлдыраушылық пен адасушылық жайлаған кезеңде орыс әдебиетінің алтын ғасырының соңғы классиктері Толстой мен Чеховтың қолынан алған гуманизм туын Горький биік көтерді. Ол адам баласын жай ғана іштарту, сүю аз, сонымен бірге оның азат, бақытты өмірге жетуі жолында қажырлылықпен күресу керек деген тоқтамға келді. Горький өзінің ғажайып творчествосы мен бүкіл саналы өмірді осы ұлы мақсатқа қайтарусыз арнады.

Халықтың ой-арманын арқалаған, бүкіл ел өмірімен тыныстаған Горькийдің өз өмірі де соншалықты ұшан-теңіз бай, соншалықты қызғылықты да нәрлі болды. Мемлекеттік көркем әдебиет Баспасы өткен жылы басып шығарған «М. Горький замандастарының естеліктерінде» деген кітаптан да ұлы жазушының осы тамаша өмірінің жарқын көріністерімен молынан танысамыз.

Ұлы жазушы, үлкен жүректі, адам сүйгіш Горький халық өмірінің қалың ортасында болды, ой өрісі, тіршілігі мен кәсібі санқилы адамдардың түрлі топтарымен араласты. Горький солардың барлығына да адамның тағдырын ойлаудан туған үлкен қамқорлық сезімімен, мол да ыстық мейіріммен қарады. Сондықтан да ол өзімен істес болған

немесе кездескен әрбір адамның жанында ұмытылмас әсер, өшпес із қалдырып отырды. Горькиймен бірге болған, оны көрген осындай замандастарының жоғарыда аталған кітапқа енген естеліктерін оқып отырғанда ұлы жазушының, ұлы адамның ғажайып зор тұлғасын айқынырақ таный түскендей боласың.

Н.К.Крупская, М.И.Ульянова, М.Ф.Андреева, М.Гляссердің естеліктері Ленин мен Горькийдің арасындағы жақындық және достық қарым-қатынастарды паш етеді. Бұл естеліктерден Лениннің Горькийге әрдайым қамқорлық жасап, қолдап отырғандығын көреміз. Сонымен қатар олар Ильичтің өзінің де адамгершілік сипаттарын, ізгі жандылығын айқын аңғартады. Ленин мен Горькийдің арасындағы осындай байланыстар жазушы К. Фединнің естеліктерінде әсіресе тартымды, әсерлі баяндалған.

Кітаптағы естеліктерді оқып отырғанда, Горькийдің өмірлік жолының әр кезеңдегі елестері мен шиырларын өз көзіңмен көргендей боласың. Сонымен бірге оларда Горькийдің творчестволық жолының да сара ізі және ол аса ірі қайраткері болып табылатын орыстың қоғамдық ойының дамуындағы елеулі оқиғалар мен құбылыстардың да белгі-бедері бар.

Горький халықтың қалың бұқарасының ортасынан шықты, онымен бірге болды. Сондықтан да халық оны өз адамы санады, жанындай жақсы көрді. «Біздің еліміздің, тіпті басқа да елдердің ірі жазушыларының ешқайсысы да капитализм тұсындағы халықтың «төменгі топтарының» өмірін дәл Горькийдей жақын білген жоқ. Қанаушы-мырзалардың қаталдығы мен тақсіретін... олардың ешқайсысы да өз басынан дәл Горькийдей көп кешкен жоқ. Осының бәрі оның жанында капиталистік құрылысқа деген революциялық өшпенділік пен келіспеушілікті және коммунизмнің азат етуші күшіне деген қалтқысыз сенімді шыңдады», — деп көрсетті В.М.Молотов. Замандастарының бірсыпыра естеліктері Горькийдің халықпен осы тығыз байланысын бейнелеуге арналған.

Дәуірдің жасампаздық жігері мен революциялық рухы жұмысшы табының бойында екенін Горький терең түсінді және оның ескі дүниені қайратып, жаңа өмір орнататындығына шәксіз сенді. Горький орыс жұмысшы табының революциялық қозғалысына, күрес рухына толы шығармаларымен ғана қатысып қойған жоқ, сонымен бірге өзі де тікелей араласты. В.А.Десницкий, А.Тихонов, Е.Замысловская, С.Скиталец, П.Заломов және

басқалардың естеліктерінде Горькийдің революциялық қозғалысқа қалай қатынасқандығы жайында айтылады. «1905 жылы Горький қарулы көтеріліске дайындықтың қалың ортасында болды», — деп жазады Петр Заломов. Бұл айтылған фактілер Горький — революцияның жаршысы ғана емес, сонымен бірге оны ұйымдастырушылардың да бірі болғандығы, оның революциялық қозғалыспен біте қайнасып, бірегей өскендігін анық көрсетеді.

Горькийдің халық күрескері ретіндегі даңқы барған сайын кеңінен таралады, оның есімі азаттықтың символына айналады. Жиырмасыншы ғасырдың бас кезінде оның драматургияға бет бұруы және Москваның көркем театрымен қоян-қолтық келіп жақындасуы тек орыс әдебиеті мен театрының тарихында ғана емес, сонымен бірге орыстың бүкіл қоғамдық өміріндегі жаңа кезең болды. Горький өмірінің осы бір шағы, оның алғашқы пьесаларының Россия мен Европаның театрларында қойылып, көрушілерді қалай баурап алғандығы жайында да көптеген мемуарларда сөз болады. Бұлардың ішіндегі ең қызғылықтылары — К.Станиславскийдің, Вл.Немирович-Данченконың, В.Качаловтың естеліктері.

Горькийдің революцияға дейінгі қызметінің үлкен бір саласы — оның демократиялық әдебиеттің күштерін топтастыруға байланысты жүргізген жұмысы. В.А.Десницкийдің, Дм.Семеновскийдің, П.Максимовтың естеліктерінен Горькийдің жаңа жаза бастаған жас талаптарға қаншалықты зор көңіл бөлгенін, Россияның түпкір-түпкіріндегі талантты адамдармен үздіксіз әрі тығыз байланыс жасап тұрғанын көреміз. «Әртекті жас таланттардың: актерлердің, әншілердің, суретшілердің, музыканттардың, жазушылардың, ақындар мен прозаиктердің... барлыға да Горькийге қарай ұмтылатын, — деп еске алады В.А.Десницкий, — бір сәт болса да осы адамның даңқының нұрында шуақтауға олардың барлығы да шексіз қуанатын, өйткені олар осы адамның тағдырынан өздерінің ертеңгі күндерін көруді қалайтын. Горькийдің еркелетерлік жылы сөз, достық құптау айтатындығын, қандай болмасын қолдаумен жәрдем көрсететіндігін олар білетін. Және олар өздерінің болашаққа деген үміті мен правосын алғашқы рет мойындауды Горькийден естуді құштарлықпен қалайтын».

Горькийдің Чеховпен Москвадағы және Қырымдағы кездесулерін суреттейтін естеліктердің де әдеби-тарихи мәні ерекше зор. Орыстың ұлттық мәдениетінің бұл екі қайраткері мейлінше жақын қарым-қатынаста

болған. Оларды туған халыққа қалтқысыз қызмет ету, орыстың ұлттық әдебиетінің даңқын асыра беру мүдделері табыстырған еді. «Горький өте талантты және аса сүйкімді адам», — деп жазған болатын Чехов. Патша үкіметі Горькийді академик етіп сайлауға тыйым салғанда Чеховтың да бұл құрметті атақтан қарсылық ретінде бас тартқаны мәлім. Н.Д.Телешовтың естеліктерінде Горький мен Чеховтың арасындағы осындай қарым-қатынастар, достық байланыстар баяндалады.

1906-1913 жылдар арасында Горький шетелдерде болды. Н.Е.Буренин, В.А.Десницкий, И.Бродскийдің естеліктері Горький өмірінің осы кезеңіне арналған. Бұл естеліктерден биографиялық және қоғамдық-тарихи зор маңызы бар көптеген мәліметтер табуға болады.

Горький 1906 жылы көктемде Америкаға барды. Бұл оның шетелдік сапарының ішіндегі ең ерекшесі еді. Американың қарапайым адамдары Горькийді зор құрметпен қарсы алды. Ал орыстың ұлы жазушысының құдіретті сөзінен қорыққан империалистер мен олардың жеңілауыз дақпыртшылары оны құғынға ұшыратпақ болып әлектенді. Бірақ олардың бұл арандатушылық әрекеттерінен ештеңе де шықпады. Горький өзінің атақты «Ана» романын және көптеген саяси памфлеттері мен публицистикалық мақалаларын Америкада болған кезінде жазды. Оның бұл шығармалары сол сәтте-ақ көптеген шетелдік тілдерге аударылып басылып шықты. Горькийдің осы Америкада болған кезеңінің және Каприде өткізген көптеген қызғылықты жайлары Н.Е.Бурениннің естеліктерінде, әсіресе, мол қамтылған.

Совет өкіметі жылдарында Горькийдің әдеби-қоғамдық қызметі мейлінше кең өрістеді. Азамат соғысының қиын кезеңдеріндегі кейбір идеялық адасушылықтан тез айықты да, ол «Дүниежүзілік әдебиет» атты баспаның жұмысына басшылық етті. Горький өмірінің бұл кезеңі Вс.Ивановтың, К.Чуковскийдің, Вс.Рождественскийдің естеліктерінде бейнеленген. Олар Горькийдің совет жазушыларын, жас әдеби күштерді Коммунистік партияның төңірегіне топтастырудағы қажырлы күресі мен рөлін баса көрсетуге ұмтылады.

Горький шетелде болған жылдарында өз елінің өміріне қол үзген жоқ, қайта оның совет адамдарымен байланысы бұрынғыдан да гөрі тереңдей түсті. «Мәдениетке жанасымы бар немесе тіпті хат танитын адамдардың барлығы да Горькиймен сөйлесуді қажет деп санады, — деп жазады К.Федин өзінің естелігінде, — ол біздің бүкіл мәдениеті-

міздің атынан сөйлейтін зор тұлға еді... Оны Россияның почтамттармен байланыстыратын толассыз тізбек бір сәтке болса да саябырлаған емес».

1928 жылы Горький Совет Одағына қайтып келді. Ол еліміздің көптеген қалаларында болып, совет адамдарының жасампаздық қуатының жемістерін өз көзімен көрді. Еңсесін биік көтеріп келе жатқан социалистік жаңа дүниенің табыстары жазушының жанында творчестволық зор шабыт туғызды. Бұл кезеңде ол өзінің көптеген классикалық шығармаларын жазды. Б.Захаванның, К.Скоробогатовтың және басқалардың естеліктері Горькийдің осы кездегі жазушылық қызметін, творчестволық лабораториясын тани түсуге мүмкіндік береді.

Совет әдебиетінің қазіргі көрнекті өкілдерінің көпшілігі-ақ Горький қанатының саясында паналады, одан творчестволық қуат-қолдау тапты. Ф.Гладков, Л.Леонов, П.Павленко, С.Маршак, Л.Никулин, М.Исаковский және басқа да көптеген жазушылар мен ақындар Горькиймен кездесудің, одан ақыл-кеңес алудың нәтижесінде творчестволық оң сапарға дер кезінде түскендіктерін зор ықыласпен, ыстық сүйіспеншілік сезімімен еске алады.

Замандастарының естеліктерінен көркемсөздің теңдесі жоқ алыбы, үлкен жүректі, жан қуаты мол ғажайып ұлы адам — Горькийдің ұлы бейнесі өзінің бар тұлғасымен жарқырап көрінеді. Бұл бейне мәңгі-бақи өшпес емес. Өйткені А.Толстой айтқандай:

«Горький сияқты, тарихын революциялық дәуірлерін терең де шынайы бейнелеген суреткерде, Ленин сияқты, азат дүние орнату үшін өз соңынан адам баласын ерткен жасаушыда — ұлы адамдарда олардың тарихтағы болмысының екі шағы — дүниеге келу мен қайтыс болу шағы болмайды, тек бір ғана шағы болады, бұл — олардың өмірге келуі».

Орыс ойының бұл данышпан алыптарының өміріне, болашағына ешнәрсе де, тіпті ажал да, уақыт та шек қоя алмақ емес.

1962 жыл.

МАЯКОВСКИЙ ЖӘНЕ ҚАЗАҚ СОВЕТ ПОЭЗИЯСЫ

Кеменгер көсеміміз Сталин заманымыздың ұлы ақыны Вл.Маяковскийдің творчествосын аса жоғары бағалады. «Маяковский біздің советтік дәуірдің таңдаулы,

ең талантты ақыны болды және солай болып қалмақ та», деп жазды ол. Сталин жолдастың бұл тарихи сөздері Маяковский творчествосының совет мәдениетінде алатын орнын белгілеп берді. Маяковский — бір кезеңнің ғана емес, дәуірдің ақыны. Маяковский өзінің тамаша шығармаларында советтік өмірімізді, совет шындығын, жаңа тұрпатты совет адамының ой сезімін, оның озық көзқарасын көрсетті. Ол өзінің таңдаулы шығармаларының барлығын да біздің советтік дәуірдің ең таңдаулы және ең талантты ақыны болып саналады. Ол келешекте де осылай болып қалмақ. Өйткені ол сол кездің өзінде-ақ біздің шұғылалы болашағымыз — коммунизмді жырлады. Коммунизм идеясы — Маяковский творчествосының ең бір өзекті, басты тақырыбы. Қазір коммунистік қоғам орнатып жатқан совет адамдары Маяковскийдің шығармалары совет халқын еңбекке шақырады, күреске жігерлендіреді. Оның творчествосының кемімес күші де, мәңгі жасайтындығы да міне осында.

Уақыт озып, заман алға қарай зулаған сайын Маяковскийдің зор ақындық тұлғасы биіктей береді және өшпес дауысы да қаттырақ естіле түседі. Ол қашан да совет халқының ұлы ақыны, совет поэзиясының туы, даңқы болып қала бермек.

Маяковский нағыз жаңашыл ақын болды. Ол поэзияға жаңа мазмұн, жаңа түр, жаңа сөз, жаңа үн ала келді. Бұл, әрине, кездейсоқ бола қалған нәрсе емес. Маяковский поэзиясының жаңа сипатта болып келуін туғызған — октябрь революциясы, социалистік жаңа дәуір. Жаңа, социалистік шындық Маяковский творчествосының мазмұнын құрады, ал ол осы революцияшыл мазмұнға сай жаңа түр тапты, советтік өмірімізді жаңа ақындық сөзбен, жаңа үнмен бейнеледі.

Маяковский советтік поэзияны бастаушы, нағыз жаңашыл ақын болды, бірақ өзіне дейінгі поэзияның жақсы жақтарын бекерге шығарған жоқ. Керісінше, Маяковский орыстың классикалық поэзиясының ең таңдаулы традицияларын жаңа дәуірге сай дамытты, молықтырды. Ол Пушкин мен Лермонтовтың, Некрасовтың ақындық ойының заңды мұрагері болды, олардың шығармаларында гуманистік, азаматтық, халықтық сарындарды өрістете түсті. Бірақ бұдан Маяковский орыстың классикалық поэзиясының таңдаулы традицияларын жай ғана дамытып қойды деген түсінік тумайды. Ол өз творчествосының мазмұнымен, рухымен, идеясымен, түрімен нағыз совет

ақыны, социалистік шындықтың теңдесі жоқ жаршысы болды. Яғни ол совет поэзиясының классигі. Маяковскийдің мәңгі өлмес поэмалары мен тамаша өлеңдерінде біздің батырлық дәуіріміздің бейнесі мейілінше толық, барынша көркем суреттеледі. Сондықтан да бұл шығармалар совет поэзиясының классикалық үлгілері болып табылады.

Маяковский — совет поэзиясының өткені мен бүгінгісі ғана емес, оның нұрлы ертеңі де. Ол бүкіл совет поэзиясына ерекше ықпал жасап келеді және болашақта да өз игі әсерін тигізе бермек.

Маяковский нағыз партиялық поэзияның негізін салды. Советтік патриотизм, халықтар достығы, жаңа дәуірдің жасаушысы — совет адамының азаматтық мақтаны мен творчестволық еңбегі, оның асқақ моральдық қасиеті, социалистік Отанға шексіз сүйіспеншілік, капиталистік дүниеге қарсы, бейбітшілік үшін күрес — міне Маяковский шығармаларының осындай ең басты тақырыптары қазіргі совет поэзиясының да толық көрінісін тауып отыр. Қазіргі орыс совет ақындары М.Исаковский, А.Твардовский, А.Сурков, К.Симонов, С.Щипачев т.б. творчестволық тәжірибелері осыны дәлелдейді.

Совет Одағындағы басқа да туысқан халықтардың түрі ұлттық, мазмұны социалистік әдебиетін, оның ішінде әсіресе поэзиясын дамытуда Маяковский поэзиясы, оның традициялары шешуші ол атқарады Ұлт ақындарының көрнектілерінің қай-қайсысы болмасын өз творчествосында Маяковский әсер алмай, оның жауынгерлік поэзиясынан үйренбей кете алмайды.

Маяковскийдің жаугерлік творчествосы тек совет поэзиясына ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзінің алдыңғы қатарлы ақындарына үлкен әсер етті. Түріктің революционер ақыны Назым Хикмет, француз Луи Аргон, неміс Иоганес Бехер, поляк Тувим, Чили ақыны Пабло Неруда, қытай Го Мо Жо өздерінің таңдаулы шығармаларының Маяковскийдің жаугерлік традициялары негізінде жазады. Маяковский творчествосы шетел ақындарына поэзияны ұлттық тәуелсіздік үшін, бейбітшілік пен социализм үшін күресте айбынды құрал етудің асқан үлгісі болып табылады.

Маяковский творчествосының қазіргі совет ақындарына, сондай-ақ бүкіл дүниежүзінің прогресшіл ақындарына бұлайша зор әсерін тигізуі заңды да. Өйткені «Маяковскийдің творчестволық тәжірибесі бүкіл советтік поэзияны жемісті дамытады, шетелдердегі прогресшіл әдебиетке де қуатты әсерін тигізеді. Ол советтік поэзияда

әртүрлі творчестволық дарындылықтар үшін кең жол ашады. Маяковский традициялары совет ақындарын Отан мүддесіне, халық мүддесіне аянбай еңбек етуге жұмылдыру ісіне қызмет етеді» («Правда», 4-март, 1953 ж.).

Біздің қазіргі әдебиетіміздегі Маяковский традициясы жөніндегі мәселені оның социалистік искусствоның негізгі мәнін көрсететін поэзиясындағы басты-басты ерекшеліктерді талдап білмейінше шешуге болмайды.

Маяковскийдің совет поэзиясына әсері жөнінде сөз ету — оның өлеңдерінің сыртқы құрылысына көзсіз еліктеушілік жайында сөз ету емес. «Маяковский традицияларын дамыту, оның өлеңдерінің сыртқы ерекшеліктеріне қалай болса, солай еліктей салу да емес, ең басты мәселеде — поэзияның асқақ азаматтығында, мемлекеттік тұрғыдан ойлауда, жаңаның жеңуі үшін аяусыз күресте, дәурені өткен, өшкен, зиянды нәрсенің барлығымен де келіспеушілікте, жаңа мазмұнға қызмет ететін, миллиондарға түсінікті, айқын ұтымды форма іздеп табуда» («Правда»).

Біздің ақындарымыз коммунизмнің тамаша искусствосын жасау жолындағы күресте, халықты коммунистік рухта тәрбиелеу ісінде партияға көмегін тигізетін, оған қуатты құрал болатын ұлы идеялы советтік поэзия үшін күресте Маяковскийді өздерінің жауынгер замандасы, жол сілтейтін ақылшысы — ұстазы деп біледі.

Біз жоғарыда Маяковский тек орыс совет поэзиясына ғана әсер етіп қойған жоқ, ол түрі ұлттық, мазмұны социалистік ұлт әдебиеттерінің барлығына да, тіпті дүние жүзінің прогрессіл поэзиясына бұл әсерін орыстың қазіргі көрнекті ақындарымен бірге Павло Тычина, А.Малышко, А.Кулешов, Г.Леонидзе, С.Вургун, М.Тұрсын-Зада сияқты ұлт ақындарының творчествосынан анық көруге болады. Сондай-ақ, Маяковский қазақ совет поэзиясының дамуына да ерекше әсер етіп келеді.

Маяковскийдің қазақ совет поэзиясына әсері туралы мәселе — жалпы орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне әсері туралы мәселенің аса күрделі және бөлінбес бір бөлімі. Орыстың классикалық әдебиетінен үйрену — қазақтың өткен ғасырдағы алдыңғы қатарлы ақын, жазушыларының да творчестволық бетін, идеялық бағытын белгіледі. Қазақ халқының тұңғыш ғалымы әрі демократы Шоқан Уәлиханов, классик ақыны Абай Құнанбаев, жазушы-педагогі Ыбырай Алтынсарин өз халқын орыстың озық идеялы мәдениетімен таныстыруға тырысты, одан үлгі

алуға шақырады. Ал бұл үйренудің үлгісін олар өздерінің творчествосында өте шебер көрсетті.

Орыстың классик ақын, жазушыларының қазақ әдебиетіне әсері туралы творчествосынан да басты әрі шешуші орын алады. Бүгінгі қазақ ақынын сөз ету — ең алдымен орыстың классикалық әдебиетінің реалистік принциптерінің және патриоттық, гуманистік, халықтық сарындарының әсері туралы сөз ету болуға тиіс.

Орыс әдебиетінің таңдаулы өкілдерінен үйрену, үлгі алу мәселесі қазақ совет ақын, жазушыларының творчествосынан да басты әрі шешуші орын алады. Бүгінгі қазақ ақын, жазушылары Абай, Ыбырай,Шоқанның әдеби мұраларын пайдалана отырып, орыстың классикалық әдебиетінің көрнекті өкілдерінен, совет әдебиетінің алыптары Горький мен Маяковскийден үлгі алады.

Бірақ орыс әдебиетінің революцияға дейінгі қазақ ақын, жазушыларына еткен әсері мен қазіргі орыс-қазақ әдебиеттік байланыстарының арасында жалпы алғанда жалғастық, тұтастық болуымен қатар, олардың өзара принциптік елеулі айырмашылықтары да бар. Орыс совет әдебиетінің қазіргі қазақ ақын, жазушыларына әсерін сөз еткенде, бұл айырмашылықты қашан да естен шығармау керек. Бұл айырмашылықтың ең алдымен әр дәуірдегі тарихи-әлеуметтік жағдайлардың өзгеше болып келуіне байланысты. Қоғам дамуының әртүрлі сатысында сол кездегі тарихи-әлеуметтік жағдайларға байланысты әдебиеттің өркендеу жолдары да, әдеби әсердің сипаты да сан түрлі болмақ.

Плеханов әдеби әсердің сипатын былайша анықтайды: «Бір елдің әдебиетінің екінші елдің әдебиетіне әсері сол елдердің қоғамдық қатынастарының ұқсастығына тікелей байланысты. Егер бұл ұқсастық жоқ болса, онда әдеби әсер де жоқ. Мысалы: Африка негрлеріне әлі күнге дейін Европа әдебиетінің ешқандай әсері болған емес. Бір халық өзінің артта қалушылығына байланысты екінші халыққа түр де, мазмұн да бере алмайтын болса, әдеби әсер де сыңаржақ...

Ақыр аяғында, қоғамдық тұрмыстың ұқсастығының нәтижесінде, демек мәдени дамудың ұқсастығы нәтижесінде бір-бірімен ауысып-түйіскен халықтардың әрқайсысы басқа біреуінен бірдеңе қабылдай алатын болғанда жаңағы әдеби әсер де өзара, екіжақты болмақ».

Плехановтың бұл сөздерін қазақ әдебиетіне орыс әдебиетінің әсерін сөз еткенде де қолдануға болады. Орыс әдебиетінің қазақ әдебиетіне әсері өткен ғасырда біржақты

гана болса, қазір совет шындығы жағдайында толық өзара байланысты.

Горький мен Маяковскийден үйрену, олардың традицияларын творчестволық жолмен дамыту ұлт әдебиеттерінің өзіндік ерекшеліктерін жоққа шығармайды, қайта мазмұны социалистік ұлт әдебиеттерінің шарықтап өсуіне жағдай жасайды, оларды мазмұн жағынан да, түр жағынан да молықтыра түседі.

Маяковский қазақ совет поэзиясына оның дамуының әр кезеңінде жемісті әсер етіп келді және келешекте де солай болмақ. Бірақ бұл әсер әр кезеңде бір дәрежеде болған жоқ. Мұның өзі бір жағынан поэзиямыздың жалпы даму дәрежесіне байланысты еді. Маяковскийдің қазақ совет поэзиясына әсерін мына даму жолында барған сайын айқындалып, тереңдей түсіп келеді.

Маяковскийдің бүкіл советтік поэзияға, сондай-ақ оның ішінде қазақ совет поэзиясына әсерін мынадай бірнеше негізгі тақырыптардың төңірегінде алып қарауға болады. Маяковский өзінің тамаша шығармаларында революцияның ұлы көсемдері Ленин мен Сталиннің образдарын жасады, олардың ұлылығын, халықпен тығыз байланысын көрсетті. Ленин мен Сталиннді жырлауда біздің ақындарымыз Маяковскийдің творчестволық тәжірибесінен үйренбей кете алмайды (С.Мұқанов «Мәңгі бірге», Х.Ерғалиев «Ақылшым менің — Сталин», Ғ.Орманов «Коммунизм сәулетшісі»).

Маяковский социалистік еңбектің біздің қоғамымыздағы жасаушылық, өзгертушілік күшін көрсетті, оның патетикасын берді. Совет адамы еңбек үстінде өсетін, оның ең жақсы қасиеттері еңбекте көрінетіндігін айтты. Біздің ақындарымыз өз шығармаларында еңбек тақырыбын осы тұрғыдан қарап шешеді (Х.Ерғалиев «Біздің ауылдың қызы», Т.Жароков «Жапанды орман жаңғыртты» поэмалары).

Маяковский творчествосында кемеліне келіп жырланған Отан қорғау тақырыбы, советтік Отан үшін күрес тақырыбы қазақ ақындарының соғыс жылдарындағы шығармаларынан ерекше көрініс тапты. Бұл тақырып соғыстан кейінгі жылдарда бейбітшілік үшін күрес тақырыбымен қоса алынып, тұтас жырланып келеді. (Ж.Саин «Партизан жырлары», Х.Ерғалиев «Ұмытпан» т.б.)

Маяковский Совет Одағындағы халықтардың берік достығын мақтан етті және шетел еңбекшілерімен татулық, достық қарым-қатынаста болуға шақырды. Патриот-интернационалист ақынның творчествосынан ерекше

орын алған бұл тақырып — қазақ совет поэзиясының да ең жетекші тақырыптарының біріне айналды (С.Мұқанов «Орыс қызы Гретаға», Ж.Саин «Россия туралы сөз», Х.Ерғалиев «Ұлы достық», М.Әлімбаев «Екі жұлдыз», С.Мәуленов «Мао-цзе Дун» т.б.)

Маяковский шетел тақырыбына жазған шығармаларында ол елдерге өзінің қатынасын, өз ойын батыл, ашық айтып отырды. Оның бұл жауынгерлік традициясын бейбітшілік тақырыбына жазылған өлеңдерінде қазақ ақындары да қолданады.

Маяковский шығармаларының ең бір басты тақырыбы — коммунизм тақырыбы, коммунизм үшін күрес тақырыбы. Коммунизм ісінің жеңетіндігіне, оның салтанат құратындығына деген сенім Маяковский шығармаларына жарқын рең береді. Сондықтан да Маяковский — совет ақындарына коммунизм тақырыбын жырлауда да баға жетпес үлгі. Ақындарымыздың коммунизмнің ұлы құрылыстары туралы шығармалары мұны айқын көрсетеді.

Советтік поэзиямызда әртүрлі поэтикалық жанрларды дамытуда да Маяковскийдің жемісті әсері байқалады. Қазіргі поэзиямызда лиро-эпикалық поэма, публицистикалық, саяси лирика, сатира, эпика т.б. барлығы да Маяковский традицияларының рухында дамып келеді.

Маяковский традициялары қазақ совет поэзиясында қаншалықты дәрежеде орныққанын, дамығанын және Маяковский кімге қалай әсер еткенін көрсету үшін кейбір ақындарымыздың творчествосына нақтылы тоқталып өту қажет.

Маяковскийдің қазақ совет поэзиясына әсерін сөз еткенде ерекше талдауды керек ететін — С.Мұқановтың ақындық творчествосы. Өйткені Маяковскийдің әсері басқаға көптеген ақындарымыздан көрі Мұқановтың поэзиясынан айрықша көрінісін тапты.

Рас, С.Мұқанов Маяковскийден үйренуге алғашқы талаптанулары 20-жылдардан басталады. С.Мұқанов 1924 жылы Маяковскийдің өзін көрді, оның жалынды дауысын өз құлағымен есітті. Бұл оның творчестволық болашағына ерекше әсер етті. С.Мұқанов 20-жылдарда жазған өлеңдерінің тәуірлерінде Октябрь таңы атқаннан кейін бақытты өмірге қолы жеткен қазақ еңбекшілерінің қуанышын жырлады және оларды советтік құрылыстың жеңісін орнықтыруға, жаңа өмірді тезірек жасауға, бай-кулактарға қарсы аяусыз күреске үндеді. Бұл өлеңдер көбіне публицистикалық сипатта болып келеді. Бұл

жылдардағы С.Мұқановтың Маяковскиймен үндестігі оның поэзиясының партиялық берік бағытынан, идеялық айқындығынан, тап мүддесін қолдайтындығын ашық айтып отыратын тенденциялығынан байқалады. Маяковский өзінің «Ленин» поэмасында:

Я
всю свою
звонкую силу поэта
Тебе отдаю,
Атакующий класс —

десе, С.Мұқанов «Батыраққа» кіріспесінде:

Мен сендерді басқадан бұрын көрем,
Мен сендерге қолымды бұрын берем.
Сендерден көп алысар жан табылса,
Мен бәріңнен қолыңда бұрын өлем, —

деп жазады. Бұл ретте атап айтуды қажет ететін нәрсе С.Мұқановтың ол кездегі өлең, поэмалары көркемдік жағынан әлсіз болды. Ақын өз творчествосына негіз болған революциялық шындықты, социалистік мазмұнды барынша көркем, әсерлі етіп көрсететін поэтикалық форма таба алмады. Өйтіп С.Мұқановтың 20-жылдары Маяковскийден үйренуі, оның традицияларын меңгеруі және соның нәтижесінде қазақ совет поэзиясында жаңалықтар табуы жеткіліксіз болды. Ал шын мәнінде, көркем шығармада қайткен күнде де жаңалық болуын Маяковский мейлінше қатты талап еткен болатын. «Поэтикалық шығармада жаңалық болуы міндетті», — деп жазады ол.

20-жылдарың аяғы, 30-жылдардың бас кезінде советтік Қазақстанда үлкен-үлкен өндірістік өсулер болды. Сталиндік бесжылдық бұрын артта қалған Қазақстанның бейнесін мүлдем танығысыз етіп өзгертіп жіберді. Заводтар, фабрикалар салынды, көптеген өндіріс орындары ашылды, Түрксиб сияқты теміржол магистральдары іске қосылды.

Сөз болып отырған жылдары қазақ совет поэзиясында өндіріс тақырыбы кеңінен жырланды. Бірақ көптеген ақындар алғашқы кезде бұл тақырыптың ішіне ене алмай, сырттай жырлады. С.Мұқанов сол тұста жазылған «Балқаш», «Жүйткі, қара айғырым» сияқты өлеңдерінде өндіріс тақырыбын іштей жырлауға бет бұрды. Бұл өлеңдерінде ақын Маяковский поэзиясының терең идеялылығынан да, көркемдігінен де үйрене бастағанын көрсетті. Алғашқы

өлеңнің публицистикалық өткірлігі ерекше байқалады, антын тезірек орындауға шақырады. Ал «Жүйткі, қара айғырым» поэмасы Түркістан-Сибирь теміржолының салынуына арналған. Бұл поэманы С.Мұқанов жаңа интонацияға құрып жазды. Маяковскийдің өлеңнің әр сөзін әр жолға қою арқылы оған үлкен мағына беретін тәсілін С.Мұқанов бұл поэмасында қатты қадағалап қолданады. Маяковский «Сергей Есенинге» деген өлеңінде:

Пустота...
Летите,
В звезды врезываясь, —

деп жазып келтірілген үзіндіде әр сөздің әр жолында тұруының үлкен мәні бар. Өйткені, олар осы орналасу тәртібіне қарай үлкен мағыналық қызмет атқарады. Мысалы, «Пустота» деген сөз шетсіз, шексіз, тұңғиық аспан кеңістігінің пейзаждық көрінісін білдіріп тұр. Маяковский поэзиясындағы осындай ерекшелікті С.Мұқанов өлеңдерінен көп кездестіреміз. Бұл ретте жаңағы поэманың бас жағындағы мына шумақты мысалға алайық:

Меңіреу
Мылқау,
қимылсыз
Қалғыған мәңгі даланың...

Егер бұл өлеңді осы тәртібінде екпінге, дауыс толқынына қойып оқымасақ, құр тізбектей берсек, автордың өткен өмірдің тұйық, жансыз, қуарған, сұрғылт суретін оқушының көз алдына сол күйінде елестейтін деп тұрған ойын ұға алмас едік.

Осындай поэтикалық жаңалықтар енгізу арқылы С.Мұқанов қазақтың ән әуеніне салып айтуға келетін өлең құрылысын өзгертіп, өлең ырғағын дауыс тонына, екпінге бағындырады. Ақынның өлең жазудағы бұл әдісі оның «Майға сәлем» атты өлеңінде бұрынғыдан да берік орныға түседі. Бұл өлең кезінде орысшаға аударылып, «Известия» газетінде басылып шықты. Бұл өлеңнің Маяковский шығармаларында кездесетін патриоттық сезім мен үнділікті, лирикалық өткірлікті айқын аңғаруға болады. Ақын бұл өлеңінде табиғат көктемін суреттей отырып, адам баласының көктемі болған — біздің социалистік Отанымыздың көрікті бейнесін береді. Автор Отанды сүю тақырыбын оны сыртқы-ішкі жаулардан қорғау тақырыбымен байланыстыра жырлайды. Ол совет мемлекетінің мызғымас қуатын айтумен бірге, бұл

зор күште совет поэзиясының үлкен үміт бағып, соған алдындағы міндеттердің зор екендігін көрсетеді.

С.Мұқановтың «Колхозды ауыл» атындағы поэмасы оның творчествосынан ерекше орын алады. Ақын бұл поэмасында колхозды ауылдың еңбек қимылына толы өмірін, ондағы совет адамдарының бейнесін шебер суреттейді. Поэмада кесек оқиға, шиеленіскен сюжеттік желі жоқ. Автор колхозды ауылдың жігерлі еңбекке толы бір күнін жарқын суреттеу арқылы колхоз өмірінің типтік көрінісін бейнелейді. Поэмадағы негізгі геройлардың бірі — ақынның лирикалық геройы. Бұл лирикалық герой колхозды ауылда болып жатқан оқиғаларға, яғни совет өміріне өзінің қатынасы, сол туралы ойлары арқылы көрінеді.Ол колхозды ауылдың еңбек таңын — советтік өмірдің символы ретінде алады. Ал осы таң ақын жүрегіне мейілінше ыстық:

Сүйем мен таңды тудай, туды таңдай,
Таң нұры жүрегімнің қаны-жандай.
Мен жырлап көрген емен жүрегімді
Туым мен таң нұрына бірдей малмай.

Социалистік шындықты, советтік өмірді бұлайша шын жүректен беріле жырлаушылық және шығармаларда суреттелетін оқиғаларға ақындық жанымен араласып отырушылық, оны шексіз сүюшілік — Маяковский поэзиясының ерекше қасиеті. Бұл поэмасында автордың еңбек адамдарын көрсетуіне, советтік пейзажды шебер жасауына және оның патриоттық сезімге толы лирикалық шалқуларында Маяковский поэзиясының әсері мол тиген.

Поэманың көркемдік ерекшеліктері де ақынның Маяковскийден үйренгендігін байқатады. Бұл ретте ең алдымен поэманың құрылысының өзі әдеттегіден басқаша екенін атап айту керек.

Отызыншы жылдарда қазақ совет поэзиясында көтерілген негізгі тақырыптардың бірі — Отан қорғау тақырыбы болды. Бұл тақырыпқа қазақ ақындарының көпшілігі өлеңдер жазды. С.Мұқановтың «Сөз — советтік Армия» поэмасы да осы тақырыпқа арналған. Бұ поэмада ақын фашизмінің жыртқыштық сипатын, болашақ соғыстың белгілерін және бола қалса, оның немен танытатын дұрыс болжап суреттейді.

Бұл поэмадан да Маяковский әсерін табу қиын емес. Маяковский «қаламды көк найзаға теңеуді» мақсат етті. Оның бұл сөзі Отан соғысы кезінде совет поэзиясының айбынды туына айналды. Маяковский фашистерге қарсы

қолданылған сөз оқ болып атылуын талап етті. «Разговаривай с фашистами языком пожаров, словами пуль, остротами стихов», — деп жазды ол. Маяковский 1929 жылы жазылған «Батыста бәрі тып-тыныш» деген өлеңінде :«Жер бетінде қан тамшылары ирек салады», —деп көрсетті. Ал «Лев Толстой және Ваня Дылдин» деген өлеңінде капиталистік қоршаудағы совет еліне қауіп күшті екенін ашық айтты:

Меж штыков острых
Наш союз —
остров.

Бұл келтірілген үзінділерден тақырып таңдауда, оны дамытып, шешуде және оған ерекше саяси мән беруде С.Мұқановтың Маяковскийден тікелей үйренгені байқалады.

Советтік дәуірдің ұлы ақыны өлеңдерінде былай деп жазады:

Я хочу,
чтоб к штыку
Приравняли перо
(«Үйге»).

Нами
Лирика
в штыки
неоднократно атакована
(«Мереке күнгі сөз»).

Ал С.Мұқанов осы «Сөз — советтік Армия» поэмасында прозаны — ауыр артиллерияға, поэманы — бомбовозға, очерктерді — разведка қызметін атқаратын хабаршыға т.б. балайды.

Маяковский сөзді қолбасшы ретінде түсінді:

Слово —
полководец
человеческой силы.

С.Мұқанов бұл поэмасында сол қаһарлы жалынды сөздің ұстасы — ақынды поэзияның маршалы ретінде суреттейді. С.Мұқановтың бұл поэмасы өзінің идеялық қуаты мен әсер етушілік күшін қазір де жоғалтқан жоқ. Ол біздің халқымызды, қалам қайраткерлерін қырағылыққа, дүшпанға мейірімсіз болуға үндейді.

С.Мұқанов 1940 жылы Маяковскийдің қайтыс болуына он жыл толуына арнап «Поэзия маршалы» деген өлең жазды.

Бұл өлең ақынның отызыншы жылдарда жазған өлең, поэмаларының қорытындысы және оның Маяковскийдей творчестволық үйренуінің белгілі бір кезеңдегі жиынтығы болып табылады.

С.Мұқанов сталиндік дәуірдің ұлы ақыны Маяковскийді « поэзияның маршалы » деп атайды және оған ақындық рапорт береді. Автор бұл өлеңінде Маяковский поэзиясының жауынгерлік сипатын, ерекшеліктерін өте дәл және айқын сипаттайды.

Маяковскийден творчестволық үйренудің нәтижесінде отызыншы жылдарда терең мазмұнды, көркем, сапалы өлеңдер мен поэмалар жазғанын атап көрсетумен бірге оның бұл үйренуі үнемі бір қалыпта болады деп айтуға болмайды. Маяковскийдің жауынгерлік традицияларынан, социалистік реализмнің принциптерінен ақын кейде ауытқып кетіп отырады. Соның салдарынан ол идеясы күңгірт, көркемдігі тым әлсіз, нашар өлеңдер мен поэмалар да жазды. Бұған «ССРО — асқар Гималай», деген өлең, поэмалары мысал бола алады. Алғашқы өлең партияның XVIII съезіне арналған. Автор бұл өлеңінде Совет Одағының капиталистік мемлекеттерден артықшылығын, қуаттылығын, совет адамдарының бақытты, қуанышты өмірін көрсетуді мақсат еткенмен, өзінің ол талабын орындай алмаған. Өлеңнің тақырыбы, идеясы ашылмай қалған.

«Майбұлақтан — Москваға» поэмасында ақын сталиндік дәуірдің асқан жаршысы Жамбылдың Москваға бару сапарын , оның астанада көргендерін суреттемек болған. Бұл поэманың идеялық ақауы сол — автор Жамбылдың бейнесін бұрмалап көрсетеді. Жамбыл қазақтың өткен ғасырдағы бір шалы емес екендігін, ол жаңа, социалистік заманның адамы, совет ақыны екенін автор ескермейді. Совет өкіметі жылдарында Жамбылдың ой сарайы, дүние тануы, тіпті ақындық қуаты да мүлдем өзгерді. Ол суреттеуінде Жамбыл өзінің ой-өресі, дүние тануы, социалистік шындықты түсінуі жағынан мүлдем жұрдай, дәрменсіз біреу болып шыққан.

С.Мұқанов қырқыншы жылдарда, Отан соғысы кезінде және одан кейін де көптеген өлеңдер жазды. Бұл өлеңдердің таңдаулыларынан Маяковский поэзиясының әсері айқын сезіледі. Бұл ретте «Біздің күш — Ұлы Сталин» деген өленді ерекше атауға болады. Өлең Сталин жолдастың 1941 жылы 3-июльде сөйлеген тарихи сөзіне байланысты жазылған. Совет халқының жауды жеңіп шығатындығына

берік сену, халықты соған үгіттеу — бұл өлеңнің идеялық мазмұны осындай. Бұл өлең ақынның «Сөз — советтік Армия» поэмасымен белгілі дәрежеде үндес, сарындас. Екі шығармада да советтік поэзияның атқаратын міндеті сөз болады. Екеуінде де автор «қаламды көк найзаға теңеуді қалаған» Маяковскийдің принципін ұсынады.

Маяковский үгіттік өлеңнің, үндеу өлеңнің өткірлігіне ерекше маңыз берді:

В наши дни писатель тот
Кто напишет марш
и лозунг!

Маяковскийдің жазушыға қоятын критерийі осындай. С.Мұқановтың «Біздің күш — Ұлы Сталин» өлеңінен оған Маяковскийдің жалыпы, агиткалық поэзиясының тікелей әсері байқалады. Маяковский өмірдегі қарапайым нәрселерді алып, оны поэзияның жалынымен лапылдата, әсірелей білді. Сөйтіп, суреттеп отырған құбылыстың оқушыға әсер етіп, толғануын қамтамасыз етті.

Чем больше будет хлебов ржаных
Тем больше ситцев у моей жены.
... На литр увеличь молоко коров
И новый ребенок в союзе здоров.
Чем наливней и полнее колос
Тем громче будет советский голос.

Сөйтіп, Маяковский біздің еліміздегі әрбір кішкентай, болмашы нәрсенің өзі шындығында үлкен қоғамдық сипатқа ие екенін көрсетті. Сондай-ақ, С.Мұқанов та совет адамдарының еңбегімен табылған әрбір шеге, әрбір дән жауға оқ екенін, жеңіске септігін тигізетінін айтады, халықты аянбай еңбек етуге, күресуге, әрбір нәрсені орынды жұмсауға шақырады:

Кендірден тұқ, мақтадан түбіт шашпа,
Жүн, жібек... тоқылатын не бар басқа.
Бәрін де фабрикке төкпей жеткіз
Әскерге олар қажет жанталаста
...Соғысқа барлық күшті көмек білген,
Жандырма босқа ұшқын электрден
Әр директор ойласын — «мен жұмыскер»
Әр жұмыскер ойласын — «директор мен».

Бұл келтірілген үзінділер С.Мұқанов Маяковскийден үйрене отырып, агиткалық поэзияның әсерлілігін, үгіттік қуатын шебер меңгергенін көрсетеді.

С.Мұқанов бұдан кейін жазған өлеңдерінде де Маяковский традициясын сақтап отырады. Бұл ретте оның «Мен кіммін деп мақтанам», «Сырласу» сияқты ұзақ өлеңдерін атауға болады. Бұл екі өлең көп жағдайда бірін-бірі толықтырып, тереңдетіп отырады. Бұларға Маяковскийдің «бар дауыспен» атты поэмасының әсері күшті болған. Бұл өлеңдерден Маяковскийдің қоғам атынан, халық атынан айтылатын лирикалық «менінің» ықпалын табуға болады. Маяковский «Бар дауыспен» поэмасында өзінің творчестволық жолын қорытындылады, өз творчествосының негізгі ерекшеліктерін айтып берді. Сол сияқты С.Мұқанов та «Сырласуда» оқушымен өзі туралы, өзінің творчествосы туралы сырласады. Бұл екі шығарма өзара композициялық құрылысы жағынан ғана емес, тақырып, идея жағынан да бір-бірімен сабақтас. Маяковский өз өлеңі туралы былай деді:

Мой стих трудом
громаду лет прорвет
и явится
весомо,
глубо,
зримо.

Өз твочерствосының салмағын осылайша бағалау С.Мұқановта да кездеседі.

Маяковский өзінің шығармаларында советтік патриотизм идеясын асқақтата жырлады. Ол Совет Одағының азаматы болғанын, коммунистік партияның ұлы болғанын асқан мақтаныш сезімімен жырлады. Совет азаматы екендігін, коммунистік партияның адал ұлы екендігін қуаныш сезімімен айту С.Мұқановтың «Сырласуында» да бар:

Сондықтан адымым да, даусым да ірі,
Ірі үнмен толғайтыным заман жыры.
Мен — ленин-сталиндік партияның
Некелі, заңды туған адал ұлы!

С.Мұқанов біраз үзіліс жасап, өлең жазбай кетті де, соңғы жылдары поэзияға қайта оралды. Оның соңғы кезде жазған «Орыс қызы Гретаға», «Трумэннің түсі мен өңі», «Мәңгі бірге» сияқты өлеңдерінде де Маяковский поэзиясының әсері бар. Әсіресе соңғы өлең (Сталин жолдастың қайтыс болуына арналған) Маяковскийдің Ленин туралы жазған шығармаларымен үндес, өзектес.

Ақын Ленин, Сталин және партияны тұтас тұлға ретінде алып жырлайды:

Әрдайым партияның айтқан сөзі —
Ленин мен Сталиннің жан лебізі!
Партия — тірі Ленин, тірі Сталин!
Партия — көсемдердің жұмбас көзі!

С.Мұқанов творчестволық жолының әрбір кезеңінде Маяковскийден үйренді және оның традицияларын өз шығармаларында орнықтырды. Жинақтай келгенде, С.Мұқанов творчествосына Маяковскийдің әсерін мына мәселелердің төңірегінде алып қарауға болады.

Поэма жазудағы Маяковскийдің тәсілін, ерекшеліктерін С.Мұқанов кең пайдаланды. Маяковскийдің көптеген поэмаларында шиеленісіп жатқан оқиғалар, күрделі сюжет кездеспейді. Ол дәуірдің әр кезеңінің басты-басты оқиғаларын эпикалық планда алып баяндайды да, оларды өзінің лирикалық ой шалқуларымен байланыстырып, жалғастырып, толықтырып отырады. Яғни оның поэмаларында сюжет оқиға дамуы арқылы емес, іштей логикалық даму арқылы өрбиді. Осы ерекшелікті С.Мұқановтың «Колхозды ауыл осындай», «Сөз — советтік Армия», тағы басқа поэмаларының сюжетінен, композициялық құрылысынан анық көруге болады.

С.Мұқанов Маяковскийден үйрене отырып, қазақ совет поэзиясына жаңа ырғақ, жаңа интонация, жаңа үн әкелді. Ол қазақтың силлабикалық өлең құрылысын жаңғыртып, оған тоникалық өлеңнің ырғағын енгізді. Сол арқылы ол қазақ өлеңінде күрделі ойларды шебер бере алатын мүмкіндік тапты. Сөйтіп, ақын қазақ өлеңінің синтаксистік құрылысын өзгертті. С.Мұқановтың өлеңдерінде күрделі ой кейде тұтас бірнеше шумақтар арқылы беріледі.

С.Мұқанов қазақ совет поэзиясына жаңа ұғымға, жаңа, социалистік мазмұнға байланысты туған жаңа атаулар, соны сөздер енгізді, яғни ол поэтикалық лексиконды молықтырды. Ақынның поэмалары мен өлеңдерінде жаңа образдарды, тың ұйқастарды, суретті сөздерді көп кездестіруге болады.

Бұл айтылғандардың барлығы С.Мұқанов — өзінің айқын творчестволық ерекшеліктері, өзіндік стилі бар ақын екенін көрсетеді. Оның бұл ақындық стилі Маяковскийден творчестволық үйренуінің, ізденуінің арқасында келіп қалыптасты.

Қазақ совет ақындарының ішінде В.Маяковскийден творчестволық үйренген, осы жолда біраз іздеген, талаптанғандардың бірі — Тайыр Жароков. Т.Жароков көптеген поэмалар мен өлеңдердің авторы. Ол өзінің таңдаулы поэмалары мен өлеңдерінің барлығында да совет адамдарының өмірін, олардың ерлік еңбегі мен батырлық күресін, совет шындығын жырлауды мақсат етті және бұл тілегін біркелкі орындап та отырды. Т.Жароковтың әр кезде жазған шығармаларының ең таңдаулыларынан оған Маяковскийдің игі әсері болғаны анық байқалады.

Маяковский өзінің шығармаларында әсірелеу әдісін — гиперболаны көп пайдаланды. Бірақ оның қолдануында гипербола суреттеліп отырған құбылысты өмір шындығынан алыстатып әкетпейді, қайта соның ішкі мәнін, мазмұнын тереңірек аша түседі. Ол гиперболаны революциялық романтикамен шебер ұштастырады. Сөйтіп, Маяковский гиперболаға мейлінше жаңа өң берді.

Өмір шындығын терең қамтып, өмірді революциялық өршілдікпен даму процесінде алып суреттеу, оны революцияшыл романтика дәрежесіне көтеру — Т.Жароковтың «Күн тіл қатты» поэмасында да кездеседі.

Социалистік реализм әдісі революциялық романтиканы жоққа шығармайды, қайта екеуі бір-бірінен бөлінбейтін күйде, тұтастыққа алынады. Совет әдебиетінің көркемдік әдісіндегі бұл ерекшелік советтік өміріміздің өршіл сипатынан, революцияшыл мазмұнынан келіп шығады.

Ақын Т.Жароков өзінің осы поэмасында советтік өмірімізді осылайша, революциялық серпінмен асқақтата жырлайды. Поэманың сюжеті елімізде болған белгілі тарихи оқиғаға құрылған.

Ақын ұшқыштардың көкке көтерілгенін суреттеу үшін дамыту әдісін қолданады. Поэманың басталуының өзі-ақ оқушыға бір ғажайып күштің екпінін сездіреді және соны біздің өміріміздің шындығы ретінде қабылдауға дайындайды. Ақын совет ұшқыштарының көк әлеміне көтеріліп, күнмен «тілдесуін» суреттеу арқылы совет адамдарының табиғаттың стихиялық күшімен күресін, оны өз ырқына көндіретіндігін көрсетеді.

Ақын ұшқыштардың қаза тапқандығын суреттегенде де әсерлі, бейнелі сөздерді таба білген. Поэмада суреттелетін негізгі геройлар — ұшқыштар қаза тапқанмен, шығарманың оптимистік күші әлсіремейді. Поэманың мұндай оптимистік жарқын сипаты совет халқының өр қайраты мен отты жігеріне деген сенімнен туған.

Т.Жароковтың бұл поэмасы Маяковскийдің «Необычайное приключение, бывшее с Владимиром Маяковским летом на даче» деген өлеңінің әсерінен жазылған. Бұл өлеңде ақынның лирикалық геройы күнмен «сөйлеседі», оған өз өктемдігін білдіреді.

Маяковский поэмасының әсері Т.Жароковтың саяси лирикаларынан, партия туралы, халықтар достығы туралы өлеңдерінен де байқалады. Бұл ретте, әсіресе, ақынның партия туралы жырларын атап айтуға болады.

Маяковский өзін партияның советтік поэзиядағы ұраншысы деп білді. Сондықтан да ол өз даусын партияның дауысы деп санады. Маяковский коммунистік партияның жеңілмейтін күшін, ерекшелігін асқан шеберлікпен суреттеді. Ол партияның күші халықпен байланыстылығында екенін, заманымыздың қуаты мен ұлылығы партияда екенін мақтаныш сезімімен жырлады.

Халқымыздың күрестері мен жеңістерінің ұйымдастырушысы, дем берушісі — партияның бастаушылық ролін көрсетуге арналған өлеңдерінде Т.Жароков Маяковскийден тікелей үйренеді. Мысалы:

Жайнаған жалын күші жігерімде,
Құйылған күндей нұры жүрегімде —
Сүйемін Ұлы Ленин партиясын,
Жоқ менің одан артық сүйерім де.

Білмеймін партияны мұнан басқа
Ант еткем сонан мәңгі айнымасқа.
Сол ғана ел мен маған өмір беріп,
Құрыштай шыныққырған майырылмасқа.

Партия — құрыш қамал даңқы асқан,
Құшағын атына сай жандарға ашқан.
Партия — тапжылмайтын тап жүрегі
Партия — халық күші шұғыла шашқан.
Партия — құйылған күш миллиондардан
Шын жаңа ғасырда жол ашты тыңнан...

Бұл келтірілген үзіндіден коммунистік партияға деген өз махаббатын, адалдық, шын берілгендік сезімін суреттеуде және партияның ұлылығы мен жасампаздық күшін көрсетуде Т.Жароковқа Маяковскийдің игі әсері тигенін байқау қиын емес. Маяковский сияқты Т.Жароков та партияға деген бүкіл халықтық сүйіспеншілікті өзінің лирикалық толғанулары арқылы береді.

Т.Жароковтың Маяковский әсерімен жазған патриоттық өлеңдерінің бірі — «Қызыл алаң». Маяковский өзінің тамаша шығармаларында советтік патриотизмді асқақтата жыр жырлады. Ол совет халқын, өз Отанын, оның социалистік астанасы — Москваны шексіз сүюге үндеді. «Біздің жастарға» деген атақты өлеңінде Маяковский:

Товарищи юноши, взгляд — на Москву,
на русский вострриге уши,

деп жазды. Өйткені Москва — жаңа дүниенің орталығы. Совет Одағындағы халықтардың өмірлік тағдыры Октябрь революциясының даулы кезінде Москвада шешілді. Москва — Октябрь революциясының жеңісі арқылы, орыс халқының көмегімен азат өмірге жеткен социалистік ұлттардың астанасы. Москва Маяковскийдің өлеңінде осы тұрғыдан алынып жырланады. Қазақ ақыны Т.Жароков та Москваны осылайша жыр етеді. Ол совет елінің жүрегі, тынысы — Москваны өз қалам деп санайды. Бұл заңды да. Өйткені Москва әрбір совет адамына бірдей ортақ, бірдей шұғылалы.

Көрікті менің Москвам,
Ғажайып Қызыл алаңы.
Өзіңнен ғана астанам, —
Туған ел тыныс алады, —

деп жазады Т.Жароков. Маяковский «Қоштасу» өлеңінде Москваның Парижден артықтығын айтса, Т.Жароков жаңағы өлеңінде күн шұғылалы Москваны «Тұманды Лондон, Нью-Йоркке» қарама-қарсы қойып, салыстыра жырлайды.

«Жапанды орман жаңғыртты» поэмасында Т.Жароковтың совет адамдарының қажырлы еңбегін, олардың арасындағы достықты шынайы көрсетуіне де Маяковский поэзиясының әсері болғаны сөзсіз.

Т.Жароковтың творчестволық жолы біркелкі емес. Ол жақсы шығармалармен қатар мағынасыз, маңызсыз, идеясы терең ашылмаған, көркемдік жағы тым жұпыны поэмалар, өлеңдер де жазды. Ақын құнарлы ой айтудан гөрі сырты жарқыл, мағынасы сұйық, лепірме сөздерге көбірек үйір. Бұл айтылғандар Т.Жароков Маяковскийден әлі де болса жете үйрене алмай жүргенін, оның поэзиясының жауынгерлік традицияларын толық меңгермегендігін және бұл жолда оның көбірек ізденуі, көп еңбек етуі керек екендігін көрсетеді.

Творчествосынан Маяковский поэзиясының әсері айқын сезілетін ақындарымыздың бірі — Х.Ерғалиев. Әдебиет майданына араласа бастағаннан бергі аз уақыттың ішінде ол бірқатар жақсы поэмалар мен өлеңдер жазды.

Данышпан көсеміміз Сталинді жырлау — Х.Ерғалиев творчествосындағы ең негізгі тақырыптардың бірі. Советтік дәуіріміздің ұлылығын, халқымыздың бейбіт еңбегін, патриотизмін жырлайтын өлеңдерінің барлығында да ақын жүрегін жарып шыққан ең жылы, ең қастерлі асыл сөз бақытты өміріміздің жасаушысы — Сталинге арналған. Көсемнің нұрлы бейнесіне ақын өлеңдерімен бірге поэмаларында да үнемі оралып отырады. Х.Ерғалиевтің «Ақылшым менің — Сталин» атты өлеңі оқушы жұртшылыққа кеңінен белгілі. Бұл өлеңнің Маяковскийдің «Ленин жолдаспен әңгіме» деген атақты өлеңімен ұқсас, үндес келетін жақтары бар. Маяковскийдің өлеңінде лирикалық геройдың Ленинге берген рапорты айтылса, Х.Ерғалиевтің өлеңінде лирикалық геройдың сөзі арқылы көсемнің ұлылығы, оған халықтың махаббаты беріледі. Екі өлеңнің де геройлары — ақынның лирикалық геройлары мен көсемдер. Екі өлеңдегі лирикалық геройдың әрқайсысы да автордың өзіндік жеке ойын, өз қатынасын, өз сүйіспеншілігін білдірумен бірге көсемдерге деген бүкіл халықтық махаббатты танытады. Сондай-ақ өлеңдердің негізгі идеялық арқауы да ұқсас.

Товарищ Ленин, по фабрикам дымным,
По землям, покрытым и снегом и жнивьем.
Вашим, товарищ, сердцем и именем
Думаем, дышим, боремся и живем!

Ленин жүрегі әрбір совет адамының жүрегінде бірге соғады, оның есімі күреске, жеңіске бастайды. Міне, Маяковский өлеңіндегі осы идея Х.Ерғалиевтің өлеңінде әсем картиналар арқылы шебер беріледі.Маяковский сияқты, Х. Ерғалиев те көсем мен халықты біртұтас алып суреттейді:

Құрметті нелер вахтада
Газетте, қызыл тақтада
Ақылшым бірге ерлермен
Күндіз де, түнгі шақта да.

Халықпен тыныс бірге алып.
Халықтың даңқын өрге алып,
Шығуды солай үйретті ол

Күн сайын маған зер салып.
...Күн көзі кеткен кешінде
Қалдырмай нұрын ешкімге.
Сталин көзі түнде де
Әке мен бала үстінде.

Осы идея өлеңнің бүкіл өн бойында жүріп отырады. Х.Ерғалиевтің партия туралы өлеңдерінен де Маяковскийдің әсері байқалады. Бұл ретте оның «Поэзия сөйлейді», «Большевик сөзі» сияқты өлеңдерін ерекше атауға болады. Алғашқы өлеңде ақын партиялық поэзияның атынан рапорт береді және оған партияның қамқорлығын көрсетеді.

Маяковский өзінің «Фининспектормен поэзия туралы әңгіме», «Үйге», тағы басқа өлеңдерінде советтік поэзияның алдындағы міндеттерді, «Жұмысшы қатарындағы ақынның орнын», поэзия партияның сөзі, партияның құралы екенін айтты. Сондай-ақ, Х.Ерғалиев те поэзияның сипатына тоқталады:

Біз де бүгін вахтадамыз үш есе —
Ақындардың шамы түнде сөнбейді.
Жырымыз да партияның мүшесі,
Партиялық поэзия сөйлейді.

Маяковский шығармаларындағы коммунистік партияға деген сүйіспеншілік, оның идеясына қалтқысыз берілгендік, оған деген адалдық — Х.Ерғалиевтің өлеңдерінде де кездесіп отырады.

Поэтом не быть мне бы,
Если б
Не это пел —
В звездах пятиконечных небо
Безмерного свода ВКП, —

деп жазды Маяковский «Владимир Ильич» атты өлеңінде. Х.Ерғалиевтің «Большевик сөзі» атты өлеңі де коммунистік партияға деген шексіз сүйіспеншілік, адалдық сезіміне толы:

Қайда қойсаң, сонда тұрам,
Айнымаймын ешқашан.
Ылғый өсіп таңды атырам,
Ылғый жаңа кешті ашам.

Өз орнымда Ленин туын
Көтеруге иемін;
Өз атыңның буын-буын
Алтын шоғай сүйемін!

Бұл өлеңнің тек идеялық мазмұнынан ғана емес, көркемдік ерекшелігінен де Маяковский әсерін табу қиын емес. Маяковский шығармаларында да әр жолда тұрған жеке сөздер үлкен мағыналық қызмет атқарады және автордың идеясын терең аша түсуге септігін тигізеді. Сөзді осылайша саралап, талғап қолдану, лепті пафос арқылы беру Х.Ерғалиевте де бар:

Қай орынға қойсаң бүтін,
Демеймін мен баяумын —
Ильич нұры — өз кірпігім,
Жұмылмайды!
Ояумын!

Бұл өлеңнің ырғағы әдеттегіден басқаша. Ақын өлеңнің ырғағы, екпіні арқылы адамдарымыздың қимыл-әрекетіне тән сергектігі, іскерлікті аңдатады.

«Біздің ауылдың қызы» поэмасы — Х.Ерғалиевтің сюжетті шығармаларының ішіндегі ең көрнектісі. Ақын бұл поэмасында советтік дәуірімізде өсіп, тәрбиеленген қазақ қызы Гүлжанның жанды аялайтын әсерлі, тартымды образын жасады. Туған өлкенің табиғатын өзгертіп жатқан совет адамдарының жасампаздық еңбегі мен қажымас жігері поэманың бүкіл тынысынан, рухынан сезіліп отырады. Поэма геройларының іс-әрекетінде дәуірімізге тән өршілдік бар. Бүгінгі өміріміздің ұлылығы мен қуаныштылығы бұл шығарманың өн бойына жарқын рең беріп отырады. Бұл поэмада еңбек тақырыбын көтеруде және оны шешуде Х.Ерғалиев орыс поэмасының көрнекті өкілдерінен, ең алдымен Маяковскийден үйренген. Маяковский «Алғашқы кен шығарған Курск жұмысшыларына» деген поэмасында социализм еліндегі еңбектің қоғамдық мәнін терең ашып көрсетті. Біздің елімізде еңбек батыр атандыратын, абырой әперетін, даңққа бөлейтін іске айналды. Совет адамы еңбекте өседі, өзінің жақсы қасиеттерін еңбекте көрсетеді. Маяковский де, Х.Ерғалиев те социалистік еңбекті осы дәрежеде алып суреттейді.

Маяковский шығармалары патриоттық, азаматтық идеяларға толы. Ол өзі Совет Одағының азаматы болғанын

мақтан етті, адам баласының көктемі болған социалистік республикасының ұлылығын шаттана жырлады. Маяковский шығармаларында жаңа дүниенің жасаушысы — совет адамының азаматтық үні, азаматтық мақтаны бар. Оның «Советтік паспорт туралы» өлеңінің советтік патриотизмінің символына, совет адамының патриоттық сезімдерін қаулататын жалын-күшке айналуы да осыдан. Маяковскийдің бұл өлеңіндегі патриоттық идея — Х.Ерғалиевтің «Біздің правомыз» деген өлеңінің де негізгі арқауы. Сталиндік заңды жырлай келіп, Х.Ерғалиев былай деп жазады:

Жаулары салсын мейлі отқа
Сол түннің нұрлы рауаны,
Сталин әрбір минутта
Ұсынды бір правоны.

Бұл шумақтан Маяковскийдің «Советтік паспорт туралы» патриоттық лебі еседі.

Маяковский өзінің туған совет халқымен мейліншетығыз байланысты болды және «өзінің барлық қуатты ақындық күшін» халыққа қызмет етуге жұмсады. Ақынның жекелік сезімдері мен мүдделері бүкіл халықтың ой-сезімдері мен мүдделерінен ажыратып алғысыз, қайта бір-бірімен ұштасқан, ұласқан. Сондықтан да Маяковский халықтың атынан, дәуірдің атынан сөйлейді. Оның шығармаларынан дәуіріміздің батырлық рухы, жауынгерлік лебі еседі. Яғни ақынның лирикалық «мені» дәуіріміздің дауысын естіртеді. Бұл өткендегі классиктердің ешқайсында кездеспеген, тек өз қоғамымен тығыз байланысты біздің совет ақын-жазушыларына тән қасиет.

Қоғам атынан, дәуір атынан сөйлеуге, өзінің лирикалық «мені» арқылы халықтың ойын беруге талпынушылық — Х.Ерғалиев шығармаларындағы ең басты ерекшеліктердің бірі. «Большевик сөзі» деген өлеңнен мысал келтірейік:

Басшым — өзің!
Айнымаймын,
Қайда қойсаң, сондамын!
Идеяңнан айырылмаймын
Мен алдыңғы сандамын!

Планетамды нұрға малған
Сталинмен біргемін!
Сол себепті қымбат маған
Бір минутым, бір демім!

Міне, бұл әрбір коммунистің, әрбір совет адамының жүрегіндегі сөз. Бұл ерекшелікті Х.Ерғалиевтің поэмаларынан да, саяси лирикасынан да табамыз.

Х.Ерғалиев орыс совет поэзиясының көрнекті өкілдерінен, әсіресе, Маяковскийден творчестволық жолмен үйрене отырып және өздігінен ізденіп, толғану арқылы көптеген жақсы өлеңдер мен поэмалар жазды. Сонымен бірге, Маяковский шығармаларындағы тақырып кеңдігі, сатиралық өткірлік Х.Ерғалиев творчествосында әлі де болса жоқтығын атап айту керек. Бірақ бұл айтылғандар оның шығармаларының жалпы құндылығын, оған орыс совет поэзиясының жемісті әсерін кемітпейді.

Маяковский әсерін ақын Ж.Саинның творчествосынан да көруге болады. Ақынның совет партизандары туралы жырларындағы, Отан туралы, бейбітшілік туралы өлеңдеріндегі патриоттық сарындар мен публицистикалық өткірлік, халықтар достығын асқақтата жырлау оны Маяковский поэзиясымен жақындатады. Бұл ретте ақынның «Партия туралы сөз», «Россия туралы сөз», «Никос Белоянистің өліміне» сияқты өлеңдерін айтуға болады.

Маяковскийден кексе ақындармен бірге жас ақындарымыз да үйренеді. Жас ақындар Маяковский творчествосына нағыз халықтық, партиялық поэзия жасаудың баға жетпес үлгісі ретінде қарайды. С.Мәуленовтің «Сталин — бейбітшілік», «Орыс жолдасқа», Ж.Молдағалиевтің «Соқ, сағатым!», «Рахмет, ұлты Лениннің», «Жолдас» сияқты өлеңдерінен, партия туралы жырларынан, М.Әлімбаевтің «Партиялық қызметтемін», «Поэзия маршалына», «Екі жұлдыз», т.б. өлеңдерінен Маяковскийдің жауынгерлік, азаматтық поэзиясының жемісті әсерін көруге болады.

Біздің ақындарымыз сталиндік дәуірімізге лайық, асқақ идеялы көркем шығармалар жазу үшін күресте Маяковскийден үйренеді. Бұл заңды да. Заманымыздың ұлы ақыны Маяковскийден творчестволық үйрену, оның жауынгерлік традицияларын дамыту — социалистік мазмұндағы ұлттық поэзиямызды өсіре берудің, жетілдірудің кепілі.

ТАРАС ШЕВЧЕНКО ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІ

Украина халқының ұлы ақыны Тарас Шевченконың туғанына бір жарым ғасыр болды. Бұл күнді бүкіл айдын әлем мерекелеуде. Бұл, әрине, тегін емес. Өйткені қазақтың атақты жазушысы М.Әуезов айтқандай, Тарас Шевченко – адамзат нәсілдерінің ішіндегі Үркердей қасиетті тобына қосылатын адам. Ол өз халқының өткен тарихының жарқын қорытындысы және сол халқының болашаққа мегзеген ұлы үмітінің, шабытты қайрат-қуатының жиын тұлғасы. Ол сан буын бабалар, аталар замандарының обзары атаулысының мұңға толы үндеріне құлақ салған, солардың ойларымен сиқырланған. Ғасырлар бойында ән салған ішектердің күйлерін өз жанына сіңірген ақын. Туған жақынын, азаттықты сүйген жанын құл етуші, кесір-кердең шляхта атаулыға және Россия патшаларына қарсы арналған асыл арманының барлығын өзінің сезімтал, ереуілшіл жүрегіне жиған жан осы ақын болады.

Шевченко өз халқының ақындық даналығын сақтап келген батырлық қуаттың, ғасырлар бойында мұлгіп келген қуаттың жаршы-жыршысы болған. Ғазапқа толы махаббатын Шевченколық оймен, ғажайып лирикамен, бар пәрменімен данышпандық түрде жырлай білген және осы ақын. Көркем сөздің асқан шеберінің бұл ойлары ұлы ақын поэзиясының қат-қат қырларын ғана емес, тереңде жатқан сырларын, өлмес-өшпес қасиетін де соншалықты жақсы аңғартады.

Әдетте, адам баласының ересен ерлігі, ғажайып рухани қайрат-қажыры жайында сөз бола қалса, біз ежелгі грек аңыздарының айтулы қаһармандарын, қайта туу дәуірінің кемеңгер қайраткерлерін ең алдымен еске аламыз... Шынтуайттап келгенде, адам баласының асыл арманын, алып арманын арқалап өткен, сол жолда ұйқы бөліп, қайғы алған, қисапсыз қайрат жұмсаған қаһармандар қай халықтың болсын өткендегі тарихынан ұшырасады. Олар жайында халық ғасырлар бойына небір тамаша аңыздар таратып келген. Мұндай аңыздар қазақ халқында да көп.

Әділет пен ізгілікті көкірегі қарс айырылып аңсаған қазақ халқы өзінің талапсыз, бақсыз тағдырына ортақтас болған украин халқының ұлы ақыны Тарас Шевченко жайында, яғни «Таразы ақын» жайында да тамаша аңыздар шығарған. Ақын барлық халықты да бауырым деп санаған. Сондықтан оны Таразы ақын деп атаған. Өйткені ол

таразыдай әділ болған. Сөйтіп, тілін түсінбесе де, Тарас еңірегендер мен езілгендердің мұңдары екенін қазақ халқы жүрегімен ұғынған.

Тарас Шевченконың қайтыс болғанына ғасырдан астам уақыт өтті. Тарихи даму тұрғысынан бағдарлап қарағанда бұл өте ұзақ уақыт. Содан бері талай ұрпақ алмасты. Олар небір ұлан-асыр өзгерістерді бастан кешірді, талай-талай ғажайып оқиғалардың тарихи сілкінулердің, әлеуметтік жаңарулардың куәгері болды. Ақынның бір кезде зар илеген ел-жұрты еркін өмір құшағына енді, ол аңсаған азаттық — алыс арманы шындыққа айналды. Ал оның жалынды жырлары әлі де сол балғын, отты күйінде, туған халқымен бірге жасап келеді. Арада жатқан тұтас бір ғасыр ақын жырларын көнерте алмапты, қайта уақыт шалғайлығы оның саф асылын аша, жарқырата түскендей.

Тарас Григорьевич Шевченко 1814 жылы 9 мартта Киев губерниясындағы Моринцы деген деревняда басыбайлы шаруаның семьясында дүниеге келді. Болашақ ұлы ақын жоқшылық тұрмыстың тақсіретін ерте тартады. Жастайынан жетім қалған қаршадай бала бақташы болады, әркімге бір жалданады. Тарас он жеті жасқа толғанда оны жалдап алған помещик Петербургқа көшіп барады. Сонда ақын Жуковскиймен және атақты суретші К.Брюлловпен танысады. Бұл достары қаржы жинап, Тарас Шевченконың өз басын басыбайлылық бұғаудан құтқарады. Ол Суретшілер академиясында оқиды. Сонымен бірге оның бойында ақындық қуат бұрқырап оянады. Ол енді талайдан бері азап шегіп, қорлық көрген халқының жыршысы, оның еркіндікке ұмтылған қажырлы талабын білдіруші болады.

Халықтың аңыз-ертегілерін, өлең-жырын Тарас жастайынан бойына мол сіңіріп өседі. Бақытсыз балалық шақ, аяусыз азапта өткен ауыр жылдар оның жүрегіне ұялаған сол сезімдерді суыта, әлсірете алмайды. Бұл оның творчествосына да ерекше әсер етеді. «Азаттықты сезініп, адамгершіліктің алғашқы сәулесін көзі шалысымен-ақ, — деп көрсетті Добролюбов, — бар жан-тәнімен өзінің сорлы Отанына қарай құшырлана ұмтылды, оның аңыздарын еске алды, ән-жырын қайталап айтты, оның өмірі мен табиғатын көз алдына елестетіп отырады. Ол Пушкин, Лермонтов, Байронның өлеңдерін, Гоголь шығармаларын да бас қоя, ынтыға оқиды.

Тарас Шевченконың творчествосының алғашқы кезеңінде жазған туындыларының ішінен оның «Катерина» поэмасы мен «Ой» атты даңқты өлеңі ерекше орын алады.

Алғашқы шығармасында ақын бақытсыздыққа ұшыраған Катеринаның, басыбайлы шаруа семьясының аянышты халін суреттей отырып, өз халқының трагедиялы тағдырын қоса баян етті. Халықтан шыққан қарапайым жандардың бақытқа, азаттыққа жету жолындағы күреске құштарлығы поэмада жанды образдар арқылы бейнеленген.

Халық бақытын арман ету сарыны — Шевченко творчествосының үзілмес арқауы, өзекті желісі. Ол бұл тақырыпқа әрдайым қайталап оралып отырды. Өйткені, жеке бастың рақат-тыныштығын қызықтамай, туған елінің тағдыры жайында толғанған ақынның осылайша егіле, емірене жыр шертпеуі мүмкін емес еді. Тіпті, қиян-қиырда, шетелде жер ауып, айдалып жүрген қысталаң шақтарда да ол ой-арманымен сол халқының арасында жүрді, соның мұңын мұңдап, шерін шерледі:

Жат өлкеде қартайдым мен,
Өстім жат боп, жат елде.
Жоқ сияқты еш жақсылық
Жат боп жалғыз жүргенде.
Мүскін, ғарып Днепрмен
Кең байтақты жерімде
Бар сияқты шын жақсылық
Өзің жоқта сол елде...

Бұл өз елінде жақсылық болуын аңсаған абзал ақынның қасиетті ойы ғана еді. Әйтпесе ол саяси жағынан азат болмай тұрып, халықтың қолы шын бақытқа, жаңа дәуренге жетпейтінін өте терең түсінді. Сондықтан да патриот ақын тұрған Украинадан билеп-төстеушілердің ізі-түзі қалмай құрып кетуін қалады, жалын атқан шыншыл да сыршыл жырларының жойқын күшін, уытын соларға қарсы жұмсады. Қытымыр тәртіп пен өктемділік бар өлкені тұтас тұмшалап алғаны ақын жанына, әсіресе, қатты батты. Оның «шиыршық атып толғанған» бұл ойлары тағы да өлең жолдарына құйылды:

Жалғыз ғана бір жер емес,
Барлық өлке-жерімде:
Сұмдардан ел киген қамыт,
Бас ұсынған өлімге.
Өте жаман қасіретті
Бұл далада текке өлу.
Одан да ауыр Украинада
Көру, шыдау, күңірену.

Днепрдің нәрестедей
Емшек емген тойынған.
Сүйеді ол Украинаны
Көгереді ел бойынан.
Сол өсетін көгеретін
Шаттанар ед елі де —
Қалмаса ізі мырзалардан
Украинаның жерінде.

Ақын бұл өлеңін Қосаралда айдауда жүргенде шығарған.

Творчестволық сапарының алғашқы кезеңдерінен бастап-ақ Шевченко нағыз халықтық гуманизмді бекем ұстанды. Оның алдауға түскен сорлы Катеринаның тағдырын, шаруалар өмірін, дүние кезіп, зар илеген Перебенданы, соқыр жыршыны іш тарта жан аши отырып суреттеуі осыны көрсетеді. Ақынның алғашқы кездегі лирикасында қасіретке берілу, жабығу сарындары әлеуметтік теңсіздіктерге қарсылық идеяларымен араласып, ұштасып келіп отырады. Ол қарапайым жандардың азапқа толы өмірінің ащы шындығын әдебиетке өзімен бірге ала келді.

Басыбайлылық бұғаудан босанғаннан кейін Шевченко өз өлеңдерін ұқыптап жинай бастайды. 1840 жылы солардың басын құрап «Кобзарь» деген атпен жеке кітап етіп шығарады. Бұл жинақ тез уақыттың ішінде-ақ украин халқының қасиет тұтып оқитын ең бір сүйікті кітабына айналып кетеді.

Украин халқының ерлікке, патриоттық қимылға толы өткен өмірінің көріністері де ақын қаламынан қағыс қалған жоқ. Оның «Иван Подкова» (1839), «Тарас түні» (1839), «Гайдамактар» (1841), «Гамалия» (1842) атты поэмалары осы тақырыпқа арналған. Ақын тарих тереңіне үңілгенде Пушкин мен Гогольдің тамаша дәстүрлеріне сүйенеді. Оның шығармалары халықтың азаттық жолындағы күресінің пафосы мен ерлік рухына толы. Добролюбовтың тауып айтқанындай, Шевченко ержүрек ата-тегінің батырлық қимылдарын қасіретті қуанышпен еске алады. Бірақ оның қасіреті өкіну, ah ұру емес. Онда өз кезіндегі замандастарына көп ой аңғарталық терең астар бар.

Шевченко тарихи өткеннен дауылды оқиғаларды әдейі таңдап алды және соны өзінің революцияшыл идеяларына қабыстыра отырып жырлады. Сөйтіп, тарихи поэмаларында да ақын өз халқынан, оның тағдыры мен

өмірінен көз жазбады, ең абзал сезімдерін соған арнады. Сондықтан да Добролюбов былай деп жазды: «Ол өзінің Украинасына назар салмай, есінде қалған қасиетті ғибілікке, өмірдің қысталаң да бұлыңғыр сәттерінде өзін сергітіп, жанын жылытқан нәрсеге бойда барын қайтарусыз арнамай тұра алмады... Ол өзінің алғашқы шағына, өзінің Украинасына адал, айнымас күйінде қалды».

Өткен ғасырдың қырқыншы жылдарының бас кезінде Шевченко өзінің ащы ажуаға толы уытты сатиралық шығармаларын және «Қалыңдық», «Никита Гайдай», «Назар Стодоля» атты драмаларын жазады, орыс тілінде екі поэма шығарады. Шевченконың драматургтік таланты оның «Назар Стодоля» атты драмасында әсіресе айқын белгі берді.

Шевченконың «Никита Гайдай» драмасы тарихи тақырыпқа арналған. Онда украин халқының атақты мемлекет қайраткері даңқты қолбасшысы, орыс және украин халықтарының басын қайта қосу жолындағы күрескер Богдан Хмельницкий дәуіріндегі болған оқиғалар суреттелген. Драматург славян халықтарының достығын, қарапайым еңбек адамдарының бауырластығын, олардың азаттықты аңсаған арманын драма желісінің негізгі өзегі еткен.

Драмалық шығармаларының басты-басты арқауын құрған оқиғаларды тарихи өткеннен алса да, Тарас Шевченко соларды өз дәуірінің талабына орайластыра отырып бейнеледі. Ол мұны өзінің халықты күреске шақырған революцияшыл идеяларын бұқараға жеткізудің, таратудың көлегейлі бір жолы деп білді және нәзік шеберлікпен пайдалана алды.

Оның сондай шығармаларының бірі — жоғарыда аталған «Назар Стодоля» драмасы. Шевченко бұл драмасын көзі тірісінде бастыра алмайды. «Назар Стодоля» тек авторы қайтыс болғаннан кейін барып қана жарық көреді. Бұл драманың сахналық өмірі де қызық, әріден басталады. 1877 жылы Москваның Кіші театрында сахнаға шыққан «Назар Стодоля» драмасы бұл күнде совет театрларының репертуарында да бекем орнықты. Бұл драма қазақ тіліне аударылды, бірталай облыстық театрлардың сахнасында қойылып, сан мыңдаған жаңа көрермендер тапты. Сөйтіп, күрескер ақынның поэзиясына қоса драмалық шығармалары да қазақ оқушысының жүрегіне жол тапты, жақын бола түсті.

Ақынның драмалары халықтың азаттық жолындағы

күресі мен патриоттық қимылдарының мұқалмас рухына толы. Сонымен бірге олар Шевченконың көзқарасындағы ілгерілеуді де анық байқатады. Туған халқының өткеніне нағыз суреткерлік құштарлықпен жіті үңілген ақын тарихи поэмалары сияқты, драмаларында да халықтан дербес, шалғай тұрған жеке-дара кейіпкерлерді суреттемейді. Қайта, оның драмасының қаһармандары халықпен етене туысып табысып кеткен, мүддесін жан-тәнімен қорғайтын адамдар болып бейнеленеді.

1845 жылы Шевченко Суретшілер академиясын алтын медальмен бітіріп шығады. Бірақ ол Петербургта қалмай, өзінің туған еліне қайтады. Археографиялық комиссияның қызметкері ретінде ақын Украинаның көп жерлерін шарлап аралайды, халықтың тіршілігімен, мұң-мұқтажымен жақын танысады. Соның нәтижесінде жазған «Бұғаудағы адам», «Суық Яр», «Өліктерге һәм тірілерге», «Өсиет» сияқты шығармаларында ақын басыбайлы шаруалардың феодалдық-крепостнойлық құрылысқа, адамды адам езіп қанауға, әлеуметтік әділетсіздікке деген кекті қарсылығы мен ашу-ызасын тұпа-тура, ашықтан-ашық білдірді.

Революция дауылы сұрапыл күшпен соғуын арман етіп аңсаған ақынның шығармаларында сол кездегі қоғамдық құрылысқа қарсылық тақырыбы бұдан да айқын көрініс тапқан болатын. Бұл ретте оның «Түс» (1844) атты поэмасын ең алдымен атауға керек. Поэманың жазылуына түрткі болған себептерді кейін 1847 жылы тұтқынға алғанда берген жауабында ақынның өзі былайша түсіндіреді: «Үкімет пен билеуші тақсырдың атына айтылатын қарсылық пен ащы сөзді Петербургте кез-келген жерде есіткен едім. Малороссияға қайтып барғанда мен жастар мен егде тартқан адамдардың арасында одан да ауыр сөз айтылатынын естідім. Мен шаруалардың титықтап қаналуы мен қайыршылануын өз көзіммен көрдім... және соның бәрі үкіметтің, билеуші тақсырдың атымен жасалады».

Өзінің батыл да өр, сыншыл ойларын оқушыға молырақ жеткізу үшін, ащы шындықты ақтара ашу үшін ақын бұл поэмасында тұспал түріндегі форманы шебер қолданған. Сырттай қарағанда ақын түсінде көрген оқиғаларын баяндайтын тәрізді болып көрінгенімен, үңіле көз салсақ, оның сол кездегі әлеуметтік құрылысты, патшалық самодержавиенің қаталдығы мен тағылығын тып-типыл етіп әшкерелегенін көреміз. Халықты жегідей жеген, тіпті, бір туған жақындарына да иненің жасуындай қайырымы жоқ, қара жүрек, қатыгез жандарды ақын былайша шенейді:

...Бір бұрышта тұрады да,
Жасырынып туғанына
Пышақты өткір сұғуға ынтық.
Оның өзі жайлап қана
Жылы жүзбен жолыққандай,
Тәңіріден қорыққандай,
Мысықтайын бұғып өтіп,
Сәті түсер кезең күтіп,
Бір орайлы тар кезеңде,
Жез тырнағын түйрелдіре
Салмақ адам жүрегіне.

Осындай қорқау ортада қалжыраған, шаршап шалдыққан ақын өзінің ар-ұжданына арнап тіл қатады. Егіліп жылай берме, мұңайып жасығанша, айналаңа көз салып, қарман деген ой тастайды. Сөйтіп, ол жердегі дүниені тастап, шырқап аспанға ұшып кетуді арман етеді:

Естілмей ме елдің зары,
Жан-жағыңа қара тұрып.
Ұшамын мен көкке биік,
Ұшамын мен бұлттан әрі
Онда тіпті ешнәрсе жоқ,
Күлкі, қайғы ештемесін
Онда тіпті естімейсің.

Көкке көз салғанмен, ақын жердегі тіршіліктен, оның тайталас-тартысынан бой тартып, іргесін аулақ салып отырған жоқ. Өйткені бұл революционер-ақынның саяси көзқарасына, идеялық нысанасына, негізгі бағыт-бағдарына, эстетикалық идеялына қарама-қайшы келер еді. Барлап қарасақ, ақын көк жүзін шарлап, сағым қумайды, бұлдыр елеске берілмейді. Оның көксейтіні — халықты езіп-жаншитын үкіметі жоқ, азабы мен бейнеті жоқ ел, жайлы мекен. Әрине, ақын қиялы қаншама шарқ ұрғанымен, ол мұндай жер-мекенді таба алмайды. Бұл поэма ақынның өз тілімен айтқанда қаналып отырған Украинаның қанды шежіресі іспетті.

Поэманың әлеуметтік тынысы мен идеялық бағыты бұдан айқын сезіледі. Шындығында да, ақынның замандастарына бұл сатиралық шығарманың революцияшыл рухын жақсы аңғартады. Патша жандармдары оны «қылмысты шығарма» ретінде санады, сол кездегі I Николай патшаны масқаралап, қорлау деп білді. Ал, шындығында, «Түстің» уыты бұдан да өткір, маңызы бұдан да терең еді.

Ақынның аталған «Әліктерге һәм тірілерге», «Өсиет» атты өлеңдерінде бұл сарын күшейе түседі. Ол революцияшыл ойларын тұспал түрінде бейнелеп айтпай, ашықтан-ашық жария етеді. Өзінің ақындық ескерткіші ретінде бағаланатын «Өсиетте» Шевченко туған халқы билеп-төстеушілерді талқан қылатынын, мұратына жететінін, сол шақта ақын-ұлын қадірлеп еске алатынын былайша білдіреді:

Аттаныңдар көмгесін,
Үзіңдер бұғау темірді!
Жау қанымен суғарып,
Көгертіңдер өмірді!
Мені де Ұлы Отанда
Жаңа ел — үлкен өлкемде
Ескеріңдер ұмытпай
Шапағатпен әр кезде!

Туған елі-жұртының азат болуын аңсаған ақын басқа халықтардың да емін-еркін өмір сүруін көксейді. Оның «Кавказ» атты поэмасы халықтардың бостандыққа ұмтылған осындай қажырлы беталысын, олардың бірлігі мен ерлігін мадақтап, ардақ тұту сарынына толы.

Өзінің шығармаларында ашықтан-ашық революцияшыл бағыт ұстаған, қалың бұқараны күреске үндеп жар салған ақынды патшалық самодержавиенің жендеттері бұрынғыдан бетер қуғынға ұшыратты. Ақыры, 1847 жылы 5 апрельде, Днепр өзенінен жүзіп өтіп бара жатқан Шевченконы олар тұтқынға алады. Патшаның тікелей бұйрығымен сол жылдың жазында қол-аяғы бұғаулы ақын Орынбор қаласына әкелінеді. Оның көркем шығарма жазуына, сурет салуына мүлдем рұқсат етілмейді, қатаң тыйым салынады. Аса зор талант иесіне бұл небір ауыр жазадан бетер соққы болып тиеді. Өзінің «Күнделігінде» Шевченко бұл жайында соншалықты ызалана, торыға жазады.

Қаншама азапқа салып, аяусыз қудалағанмен, патша азамат-ақынның жалынды жігерін жасыта алмады. Оның тағылыққа, әділетсіздікке деген кекті қарсылығы бұрынғыдан да күшейе, өрши түсті. Көп кешікпей оны Орынбордан Жаманқалаға (Орск бекінісі) аударады. Казармалық ауыр тәртіпке, қатаң тыйымға қарамастан Шевченко мұнда да творчестводан қол үзбейді, жанын жеген ащы мұңын, аяулы ойларын жыр жолдарына құйып, жасырын сақтайды, сурет салады. Бұл оған өте қиынға

түседі. Достарына жазған бір хатында ол былай деиді: «...ауыр, соншалықты ауыр! Оның үстіне маған жағуға (хаттан басқа) қатаң тыйым салынған. Ал, мұнда соны нәрселер көп-ақ, қазақтар сондай әсем, соншалықты өзгеше әрі баладай аңқау. Тек суретке түсіре бер! Оларды көргенде мен тебіренбей қалмаймын... Сендерге қызық та, соны суретті қаншалықты көп жіберген болар ем, бірақ, амалым не? Ал, көріп тұрып, сурет салмау — барып тұрған азап. Оны нағыз суретші ғана түсінеді». Бұл ойын жүзеге асыруға Шевченко кейін аз-мұз мүмкіндік табады.

1848 жылы Арал теңізін зерттеуге арналған ғылыми экспедиция құрылады. Оны басқарушы капитан-лейтенант А.И.Бутаков Арал маңының көріністерін суретке салдырып алу үшін экспедициясының құрамына Шевченконы да қосады. Арал теңізіне бара жатқан сапары жөнінде Шевченко «Егіз» атты повесінде әсерлі баяндайды. Жол бойында ол «Достанның моласы», «Даладағы өрт», «Қарабұтақ», «Ырғыз-қала», «Жалғыз ағаш» атты суреттерін салады.

1848 жылдың күзінде экспедиция Қосаралға келіп, сонда қыстайды. Иен дала, ызғарлы қыс, ұзақ түн, айналаны меңдеген меңіреулік ақынды қатты жабырқатады, ауруын күшейтеді. Сондай қиын жағдайда ол туған Украинасын сағынып еске алады, ет жүрегі елжіреп азаттықты аңсайды. Сол еркін ойларын ол тағы да жасырын өлең тіліне түсіреді. Осы кезде ол қазақ халқының өмірімен, әдет-ғұрпымен, этнографиялық ерекшеліктерімен тереңірек танысады, кейбір аңыздардың мазмұнын жазып алады.

Бір жарым жылдай уақыттан кейін экспедиция Орынборға қайтып оралады. Онымен бірге Шевченко да қайтып келеді. Бірақ ол Орынборда ұзақ тұра алмайды. Патшаның қудалауына ақын тағы да түседі. 1850 жылы күзде оны Маңғыстау түбіндегі Новопетровск бекінісіне жер аударады.

Шевченко айдауда он жылға тарта уақыт болды. Бұл кезде ол өзінің «Княжна», «Түс», «Патшалар», «Пайғамбар», «Байғыздар», «Айдауда кейде ойға берілемін» сияқты революциялық мазмұнға толы шығармаларын жазды. Айдауда жүргенде Шевченко прозаға ден қояды. 1857 жылдың аяғына дейін оның қаламынан жиырмаға тарта повесть туады. Бірақ солардың бірсыпырасы сақталмаған.

«Музыкант», «Суретші», «Бақытсыз жан», «Матрос» және басқа да повестерінде Шевченко үстем тап өкілдерінің топастығын, рухани жағынан құлдырап азғындағанын

ашықтан-ашық суреттеді және олардың қасында халықтан шыққан адамдардың адамгершілік қасиеті әлдеқайда мол екендігін көрсетеді. Осылардың ішінен «Суретші» повесі ақынның өз өміріне әсіресе тікелей жанасты. Мұнда ол ұлы суретші Брюлловтан үйренгендігі, идеялық жағынан қалыптасуы, орыстың және бүкіл дүниежүзінің әдебиеті, сурет өнері үлгілерімен танысқандығы жөнінде баяндайды.

Өмір шындығын ашудағы мәнері, әлеуметтік қайшылықтарды мол әрі терең қамтып көрсетуі және сатиралық уыты жағынан Гоголь творчествосына жақын, орайлас болып келеді. Өйткені ол кездегі қауым үшін Гогольдің «Ревизоры» сияқты ойлы да игі сатира керектігін өзі де талай рет айтқан болатын.

Қазақстанда болған шағында Шевченко повестерінен басқа жүзден астам өлең де жазған. Солардың бір талайында ол қазақ халқының тұрмысы мен тағдырын, оның жерінің табиғат көріністерін суреттейді. Ақынның «Ойым менің» атты өлеңі — оның осындай шығармаларының беташары іспетті. Мұнда ол ой-қиялымен сүйікті Украинасын сағына, еміре еске алады, сонан кейін барып өзінің ауыр халіне, қазақтардың мүшкіл өміріне ауысады:

Жырларым-ау, жырларым,
Ең жақының деп сенген!
Сұм заманда сорладым,
Сорламаңдар тек сендер.
Кең Днепр көгімен
Көгершін боп келіңдер,
Қасқа қазақ елімен
Сайран құрып көріңдер.
Болса да олар ылайым
Аш-жалаңаш үнемі,
«Бере гөр, — деп, — құдайым»,
Еркіндікте жүреді.

Бұғауға түсіп қажыған ақын ең болмаса далада өз қалауынша жүрген қазақтардың халіндей еркін күйде жүрмедім-ау деп налиды. Халықтың саяси бостандығын ең бірінші орынға қоятын революционер ақын қазақтардың басыбайлық тәртіпке шалдықпаған өмірін дарқаншылық деп біледі.

Сонымен бірге Шевченко қазақ халқы өмірінің екінші жағын, яғни патша озбыршылары мен жергілікті билеп-төстеушілер қалың бұқараны қатты қанайтындығын да көре білді. Мәселен, досы Казачковскийге арнаған өлеңінде

ол патша қазақ даласына қанды шеңгелін салғанын, бостандықты бұғаулап, баспана орнына көр қаздырып жат қанын соншалықты ашына, жаны ауырып күйзеле жазады.

Арал теңізіне бара жатқан сапарында Шевченко «Жалғыз ағаш» атты сурет салған болатын. «Киелі» ағаш жайындағы халық аңызы негізінде ол тамаша өлеңдерінің бірін жазды. «Тәңірінің қолында еді балта» деп аталатын өлеңінің мазмұны мынадай: бір күні қазақ тәңірінің есігі алдында жатқан балтаны ұрлап алып, орманға барады да, ағаш кесе бастайды. Кенет балта оның қолынан шығып кетіп, өз-өзінен орманды отай бастайды. Орманда сұрапыл өрт болып, жеті жылға созылады. Мүлгіген қалың орман да, қала мен ауыл да, жайқалған бақ та сол өртте күлге айналады. Сондай ғаламат өрттен бір бәйтерек қана аман қалады. Қазақтар сол «Әулие» ағашқа келіп тәу етеді, жалбарынады. Ақын осы әулие ағашты былайша суреттейді:

Қазақтар және қадірлеп,
Әулие оны тұтады.
Келеді арнап әдейлеп
Көруге жасыл бұтаны.
Оқиды білген дұғасын
Жалбарынып ағашқа:
Орман боп қашан тұрасың
Дегендей біздің алапта.

Бұл тақырыпқа Шевченко «Егіз» атты повесінде де оралады. Жоғарыда аталған өлеңде басқа халықтар аңыздарының да сарыны бар. Бірақ гәп аллегориялық түрде жазылған осы өлеңін ақынның қазақ халқы тағдырына даусыз арнағандығында. Ақын мұрасын зерттеуші білгір ғалымдардың айтуынша, ақын патша озбырлығын — жайқалған орманды тып-типыл еткен өртті тұтатушы балта бейнесінде, ал соншалықты күйзелістен, адам айтқысыз апаттан аман қалған қазақ халқын — тамырын тереңге таратқан саялы ағаш бейнесінде суреттеген. Ұлы ақынның қазақ халқына деген қалтқысыз, шын ықыласы бұл өлеңнен қапысыз танылып тұрғандай. Достарына жазған хаттары мен күнделігінде де оның осындай бауырмалдығы, гуманизмі мейлінше анық көрінеді. Орал төңірегіне келіп орналасып алған тоң мойын да топас бай қазақтарға қарағанда сахарада көшіп жүрген қазақ халқы рухани жағынан әлдеқайда жоғары екенін ол талай рет атап көрсетеді.

Патшалық самодержавиенің қас жауы болған күрескер-ақын отаршылық пен озбыршылықтың қазақ даласындағы

адам төзгісіз көріністеріне қарсы шығып, кекті дауыс көтереді. Осы оймен ол арнайы поэма жазуды да көздейді. Мұны ақын өзінің күнделігінде ашық айтады: «Таң атқанша көз шырымын алмай отырып, осынау байыпты негізде Пушкиннің «Анджелосына» ұқсас поэманың арқауын қалап шықтым. Оқиға шығыста болады. Поэманы «Сатрап пен Дәруіш» деп атаймын. Қолайлы жағдай болса, сәті түсіп ойланып-толғанған бұл жоспарды қайтсем де орындап шығамын. Амалым не, өленді орысша жазуға шорқақпын. Ал мынау өзгеше поэманы тек қана орысша жазу керек.

Орынбор атырабында болған бір оқиғаға негізделген бір жоспарым тағы бар. Сол бір айқын эпизодты «Сатрап пен Дәруішке» қоссам ба екен? Бірақ әйелдерді қалай суреттерімді білмеймін. Шығыста әйелдер — тілі байланған күндер. Ал менің поэмамда олар бірінші рольдерді атқаруға тиіс...»

Ақын бұл арманына жете алмады. Поэма жазылмай қалды. Бірақ осының өзінен-ақ ол ойлаған шығарманың өзекті идеясы, негізгі бағыты, ондағы образдардың сипаты, поэманың халықтық қасиеті, ақынның көзқарасы анық аңғарылатын тәрізді.

Қазақстан суретші Шевченконың творчествосын да нәрлендіріп, байыта түсті. Жоғарыда аталған шығармаларын былай қойғанда оның «Бақташы», «Қамыс», «Киіз үйде», «Қайыршы балалар», «Келі түйген қазақ әйелі», «Ақын», «Ошақ басында», «Билеушінің жұдырығы» және басқа да суреттері ерекше назар аударуға тұрарлық. Бұл суреттерден қазақ жерінің әр алуан көріністерін, қазақ халқының тұрмыс күйлерін, жадау өмірін және өзіндік қолтума өнерін де көреміз. Осы тұрғыдан алғанда Шевченконы қазақтың тұңғыш ұлы суретшісі деп атауға әбден боларлықтай.

Ұлы ақын қазақ халқына және қазақ жеріне деген қастерлі ойларын көп өлеңдерінің үзілмес арқауы етті. Қайғы-шеріне құлақ тосқан әрі соған ортақтасқан жер-мекен ақын есінен шықпақ, ұмытылмақ емес. Сондай өлеңдерінің бірінде ол былай деп жазды:

Қош, бишара Қосаралым!
Болдың ортақ тап екі жыл
Қарғысыммен, қайғымменен.
Рахмет, достым, мақтан сен де —
Тауып саған жұрт келгенге,

Билеп сені іске асырып,
Елегенге кез келгенде.
Қош бол, досым, сені сөгу
Яки мақтау болмас менде.
Мүмкін өткен қасіреттерді
Еске алармын, ойланармын
Жүрген кезде бөтен елде.

Академик-жазушы М.Әуезов айтқандай: «Тарас Шевченко болса қазақ халқының ауыр тағдырын, бейнетті өмірін, ұлттық тірлігін тек ауыр, қамқор оймен ойлап танып қана қойған жоқ. Сахараның өзі мен тұрғындарының жайын бар күйкі көріністерімен Шевченко өзінің өр өнері бойынша ұлы ақын боп жырлап та, тамаша суретші боп суреттеп те үлгірді.

Өзі қорлық көрген елдің ұлы, қазақтың көне топырағына келе, он жылдай өмір кеше жүріп, ол қазақ халқы туралы шынайы қамқор ойлар ойлай білді. Бұл елдің қазасын аза тұтты, қанаушыларына қарсы кешпес ыза-кек ойлады».

Айдауда өткен он жыл Шевченконың қажырын мұқалтып, жігерін құм қыла алмады. Соншалықты қыспақ пен қасіреттен ол арына да, жырына да таңба түсірмей шықты. 1858 жылдың бас кезінде Шевченко Петербургке келді. Әлеуметтік өзгерістердің, толқулардың қарсаңында тұрған астана өміріне ол бірден-ақ бас қойды. Мұнда ол Чернышевский, Добролюбов, Некрасовпен және өзге де шығармаларының аудармашысы Курочкинмен жақын қарым-қатынаста болды. Осы жылдары ол өзінің «Неофиттер», «Мария», «Саул» отты тамаша поэмаларын жазады.

1859 жылы ақын өзінің аңсап сағынған Украинасына қайтып оралады. Бірақ ол туған жердің топырағын басып көп жүре алмайды. Революцияға шақырған жырлары мен тікелей күресі үшін оны тағы да тұтқынға алады. Осыдан кейін ол көзі тірісінде Украинаны енді қайтып көре алмайды.

Шевченко өмірінің соңғы жылдары Петербургте өтеді. Ол мұнда негр халқының атақты трагик артисі Айра Олдриджбен танысады. Құлдық өмірдің қорлығы мен азабын, ащы тақсіретін көп тартқан ұлы ақын мен ұлы артист өзара ұғынысып, қалтқысыз дос болады. Шевченко Олдридждің суретін салады. Сол сурет қазір ақынның Киевтегі музейінде сақтаулы.

Петербургте жүріп те Шевченко күрес жолынан танбады. Ол халықтардың жендеті болған патшаға, оның қатал тәртібіне қарсы тағы да кекті дауыс көтерді. Бірақ, халық қорғаушысының өмірі бұдан әрі ұзаққа созылмады. Айдауда өткен азапты жылдар, құлдық өмірдің қорлығы, творчество еркіндігінен айырылу, туған өлкеден қол үзу, қуғынға ұшырау — осының бәрі оны айықпас рухани мұңға, ауыр науқасқа шалдықтырды. Ол 1861 жылы 10 марта Петербургте дүние салды.

Шевченконың поэзиясы — адам баласына деген ұлы да таза махаббатқа толы гимн тәрізді. Ол өз халқының ерлігі мен елдігін мадақтауға әрі революциялық рухқа, асқақ арманға толы. Сондықтан оның жырлары басқа халықтарға да бірдей ортақ, бірдей ыстық әрі етене жақын. Совет жазушыларының 1939 жылы Н.С.Хрущев жолдасқа жолдаған хатында әділ де тура айтылғандай: «Ол — XIX ғасырдың көреген жырауы. Ол тек шулап аққан Днепрдің ғана жағалауында емес, сонымен бірге айдын-шалқар Еділдің жағасында, Кавказдың таулы алқаптарында, Орта Азияның аңызақ аптаған құла түздерінде, Белоруссияның орманды даласында — еңіреген басыбайлылар ғасырлар бойы арман еткен жарқын болашаққа батыл көз сала білді».

Бір кезде Тарас ащы жырымен тербеген аяулы, асыл арман қазір шындыққа айналды. Бір кезде Тарас еккен достық ұрығы қазір қарлы боранға да, қара дауылға да, қанды қырғынға да бой алдырмас, шалдықпас биік шынарға айналды. Ұлы Отан соғысының кешегі сұрапыл күндерінде зұлым жаудан өзі азат еткен Украина жерінің топырағын тәу етіп, емірене сүйген қазақ солдатының ерлігінде, ғасырлар бойы тусырап келген алтын Арқаның тыңдарына бірге қол салған украин жігітінің тегеурінді қимылында, қарапайым украин әйелі өмірін аман сақтап қалған қазақтың партизан ақынының батырлық рухына толы,отты да уытты жырларында сол қасиетті достықтың құдіретті күші, сембейтін де сөнбейтін жалыны сезіледі.

Шевченко — қазақ халқының да ең сүйікті ақыны. Сонау бір аласапыран, ауыр шақта қол ұшын берген, өлмес өнерімен, шипалы жырымен демеген, қуат қосқан азамат-ақынды қазақ халқы мәңгі-бақи естен шығармақ емес. Оның аяулы есімі қазір аңызға, жырға айналды. Ол жайында көптеген өлең-толғаулар жазылды. Ал ақын Ә.Тәжібаев оған өзінің поэмасын арнады. Шевченко шығармалары қазақ тілінде талай рет жеке жинақ болып басылып шықты. Сөйтіп, оның «Катерина», «Гайдамактар», «Кавказ»,

«Княжна», «Түс» тәрізді поэмалары, көптеген лирикалық тамаша өлеңдері қазақ оқушысына да кеңінен танымал болды. Шевченко шығармаларын аударуда С.Мұқанов, Қ.Аманжолов, Т.Жароков, Ә.Тәжібаев, Д.Әбілев, М.Әлімбаев сияқты белгілі ақындарымыз да, І.Мәмбетов, Ғ.Қайырбеков, Е.Ибраһим тәрізді жас таланттар да көп еңбек сіңірді.

Украин халқының ұлы ақынының мол мұрасын игеру, оның тағдыры мен творчествосының қазақ халқы өмірімен байланысын зерттеу саласында қазақ әдебиетшілері де бірталай іс тындырды. Бұл тақырыпқа бірді-екілі кітап шықты, көптеген мақалалар жарияланды. 1961 жылы Шевченконың дүние салғанына жүз жыл толғанда Қазақстанның Ғылым академиясы мен Жазушылар одағы үлкен жиын өткізді. Оған Украина жазушыларының арнаулы делегациясы келді. Сол жиында қазақтың атақты жазушысы Мұхтар Әуезов тебірене сөз сөйледі. Шевченко — ақ жүректі, адал ниетті барша адам баласының ақыны. Ол тек украин әдебиетіндегі ғана емес, бүкіл әлем әдебиетіндегі ұлы тұлға. Горький айтқандай, оның есімі дүниежүзілік әдебиеттегі данышпандардың қатарында тұр.

1964 жыл.

САЙРАП ӨТКЕН БҰЛБҰЛДАР*

(Профессор Ахмет Жұбановтың «Замана бұлбұлдары» атты кітабы жайында)

«Әннің де естісі бар, есері бар» деп Абай айтпақтайын, кітаптың да естісі мен есірігі болатынын білеміз. «Ебер» шығарма (оны егер шығарма санатына қоссақ) екі парағы оқылмастан-ақ өзінің берекесіз күйін көрсетіп алады да, сенің санаулы уақытыңа қиянат қылғанына қын демейді. Еріксіз оқисың, ежелеп әрең түгесесің. Ал қолдан қолға жүгіретін, қуалап жүріп ұстайтын есті кітаптар — ерке кітаптар көп көрінгеніне не жетсін! Біз бір кезде «Құрыш қалай шынықты» мен «Жұмбақ жалауды», сәл кейінірек

* Әдебиетші Әділғазы Рахымжановпен бірігіп жазылды. (С.Негимов).

«Абайдың» алғашқы кітабын ауыл тірлігінде алма-кезек шіретке тұрып (бізді баласынып бермейтін де) құштарлана, құшырлана оқушы ек. Бұл көптің басындағы тірлік болса керек. Оның алабөтен себебі бар екен. Жақсы шығарма жас-кәріні жатырқатпай, жапатармағай өзіне баурап, ет-жақыныңдай сыйлас, сырласыңа айналады. Қысқа әңгіме, қалың роман, шағын повесть бет санына қарамай, салмағына сапасына орай оқырман жүрегінен орын тебері хақ. Мына кітап 430 бет. Тағы қағаз жетпегендей көздің құртын алатын кішкене әріппен теріліпті. Бірақ бір қызығы, шаршатпайды, жалықтырмайды. «Замана бұлбұлдары» роман да емес, поэма да емес, музыка зерттеуші ғалымының, композитордың көп жылдық еңбек қорытындысы, арғы-бергі жиған-тергенінің қайырма бір есебі. Қазақ дәстүрінде оқымысты адамның көркем шығармаға бергісіз әдемі кітап жазатындары некенсаяқ қой. Ал орыстарға ден қойсақ, небір мамандықты қуған парасатты жандар ғажайып көркем туындылар беріп тастайды. Геолог Обручев, тарихшы, режиссер Попов, артист Черкасов — өз стихиясынан өзге тағы бір қырымен танылған, қаламы жорға жазушылар да. Әңгімелеп отырған «Замана бұлбұлдары» — Ахмет Жұбановтың туған халқының тұтас ғасырлық музыкалық өнері жайындағы, оның ардакүрең қайраткерлерінің өмірін, өсу жолын, тәлім ортасы мен тәрбие мектебін шертетін тарихи очерк. Мұнда ғылым да бар, әдебиет те бар. Монография қарабайыр қазына тілімен түзілмеген, ғалым-жазушы қаламынан шыққан кәдімгі көркем шығарма. Өйткені мұнда суретті бейнелеу, ақындық шабыт оқымыстылық ойды безендіріп беріп тұр.

«Замана бұлбұлдарын» оқығанда біз көп адамдармен — заман туғызған асыл перзенттердің қалың бір шоғырымен қауышамыз. Біржанмен бірге отырып «Жанботаны» шырқағандай, Ақанмен Құлагерге мініп «Сырымбетті» аралағандай, Абайдың алдында ән, өлең жайында ақыл-кеңес алып, Татьянамен танысқандай боламыз. Мұхиттың «Романс сияқты ырғағы мол, сезімі зор» (М.Әуезов) музыкалық мұрасын қайталай тыңдап, «Айнамкөз» бен «Зәуреште» биске шақырып тағы да орындатамыз. Мына жақтан бүліккер Мұса шыға келеді; жалғыз атын Шорманның Мұстафасы тартып алса да бунтарь ақын буырқанған қалпында, жасымаған, ашына түскен адуын да айбарлы. Сырнай сазымен Уәлидің Майрасы Ертістің бұйра толқындарының үстінде ән салады. Олар жақындай

түседі, қасыңа келіп қатарласа отырып, «Көңіл құсыңды шартарапқа» шарлатады. Жүсіпбек пен Ғарифолла Мәдиді, Мұхитты кежек ала, аспанда қалқытады. Әміренің «Ағаш аяғын» Қуаң орындағанда Арқа әнінің ерекше бір әуенімен өзгеше әсерленесің. Өйткені қазақ әнін шет жұртқа алғаш танытқан: Париж аспанын дала қоңырауына бөлеген, Майндағы Франкфуртта театрдың төбесін жаңғырықтырған Әміре кімге де қымбат емес пе? Міне, Естай мен Әсет, Нартай мен Кенен, Қали мен Қосымжан қатарласа келіп: тағы нені шырқа дейсің, — деп өзіңмен әңгіме құрып, ақыл қосысады. Біз ән тыңдап отырмыз... ән салып отырмыз... қоңыржай дауыспен:

Ертістің-ай, аржағында-ай Арғанаты...
Әншінің-ай, домбырасы-оу — қолқанаты...
Аралап-ай, Қара Ертісті-ей, Естай ақын
Деп салған «Жай Қоңырдай» ахау әннің аты
Еги-гай, ей, егигай, егига-а-а-ай, — деп.

Естайға қосыла кетеміз. Қызық деген осы-дағы, өнер ләззаты, ән құдіреті деген осы-дағы! Жоқ, біз тыңдаушымыз. Әнге даусымыз жетпей даңғырап далада қалғандай болғандықтан, сол әуендерден әсерімізді айтпақпыз. Музыка зерттеушісі немесе композитор еместігіміз бесенеден белгілі. Алайда музыка ел үшін жазылады ғой. Данышпан Глинка: Музыканың ақы-иесі — халық, біз соны ажарлап, әрлендіре түсеміз — дегені ақиқат. Осы жолдарды жазуға біздің жүрегімізді дауалатқан да Глинка сөзі. Кітаптың сыртынан сығаламай, кәне, ішіне еніп біраз шарлайық.

Алдымен аңғаратынымыз автор бұл еңбегінде екі саладағы өнер саңлақтарын екшеп енгізген. Бірі — әнші-ақындарда, екіншісі — әнші-орындаушылар. Алғашқысынан синтетикалық искусстволың сарқытын көреміз. Бұл қасиет қазақтан бөгде елде сирек ұшырасады.

Монографиялық очерк-портреттердің, Біржаннан басталуы тегін емес.

...1865 жылдың жазы. Омбының генерал-губернаторы келеді деп Көкшетау бүлініп жатыр. Қала өз алдына да, бүкіл уезд болып үлкен дайындық жүргізуде. Қаланың маңындағы көгалға көптеген үй тігілген. Елдің «игі жақсылары» жиналған. Ақсарының болысы Жанбота өзі бірнеше үй тіктіріп, сауын-сойысты әзірлетіп, ас пісіретін үйлердің шаңырағын бөлегірек жерге көтеріп, сасыған

қанның, бұрқыраған жерошақ түтінінің иістері келмесін деп, өзінше «дала мәдениетін» басқалардан бөлекше, асыра көрсеткісі келіп-ақ жүр. Екі білектерін сыбанған «сен тұр, мен айтайын» жігіттер табақ тартуға, қонақтың басқа жайларын жасауға әзір, тек бұйрық күтіп тұрған секілді... Қоңырқожаның Азнабайы да Жанботадан қалмаймын деп бірнеше үйдің керегелерін қосып тіктіріп, ұзын зал сияқты тор үй жасатып, оның ішін оқалы кілем, шайы көрпелермен безеп жатыр. Бұл да өзінше бар әлемді басқарғандай, әдейі Жанботаның тобы есітсін деп, неше түрлі байлық, паңдық араласқан бұйрықтарды дауыстата бұрқыратып жатыр...

Міне, байлық бәсекесінің, қыр конкуренциясының картинасы шымылдығын осылай ашқалы тұр. Енді не болар екен, қызық қалай басталар екен, немен тынар екен дегендей сан-сапалақ сауалдар, қым-қуыт оқиғалар тізбегі елді едел-жедел асықтыруда.

Авторлық экспозиция осылайша әдемі әшекейленіп, «кәне, біз де араласайық, қызығы мен шұжығын қоса көрейік» дегізіп, театр көрермендері секілді оқушыны да баурап, бағындырып әкетеді. Ұзақ сағындырмай, артынша оқиға желісі тартылады да соның қалың ортасына өзің де ықтиярсыз күмп беріп, еніп кетесің... Сені ашындыратын дала тағылығының безбүйрек қатал шындығы. Азнабайдың поштабайынан жазықсыз қамшы көрген Біржан тағдыры. Бірақ мұны өнерге тиген жуан таяқ, өнерпаздың сағын сындырған үлкен соққы деп ұқпайсың. Олай ұқтырмайды да. Өйткені жәбір астындағы Біржан жасымай, нөсер алдындағы жасылдай, Жанботаның үйіне баса-көктеп кіріп келеді де ашуы қатты, ызасы мол әнін ағытып:

Жанбота, осы ма еді өлген жерім?
Көкшетау боқтығына көмген жерің?
Кісісін бір болыстың біреу сабап
Бар ма еді статьяда көрген жерің?
Жанбота өзің болыс, әкең Қарпық
Ішінде сегіз болыс шенің артық
Өзіңдей Азнабайдың поштабайы
Қолымнан домбырамды алды тартып, —

деп екпіндете, дауылдата жөнеледі. Әлгінде ғана жан ашып қараған Біржанның мына қимылы айызынды қандырады. Автордың сөзімен айтқанда, «Әннің бірден жоғары дауыста, шың нотадан басталуы, екіншіден әр кезде сабырлы,

байсалды әншінің бұл арада жүрдек, екпінді, қажырлы үндерді түйдектеп, жан ашуындай ащы лебізді төге, дыбыстан жалын арттыра шырқауы — со бір сәттің өзінен туған еді». Сахнада Жүсіпбек тебірене шырқайтын атақты «Жанбота» әнінің тарихымен біз осылай танысамыз да, соңынша алдыңғыға қарағанда сабырлы, сазды, байыппен бір әңгіме айтып отырғандай салмақты әуендегі «Адасқақты» естиміз. Біз сонау он тоғызыншы ғасырдың орта шеніндегі үлкен бір оқиға, тартыстың қалың ортасында жүреміз. Бүгінше сезінгенімен баяғының басбұзар қауымының қара нөпір күшін көріп, ызаға булығамыз. Өш алғымыз келеді. Бірақ Біржан өз өшін өзі қайырған, есесін жібермеген. Сондықтан да Біржанды біз кітап бетіне «бәрекелді» деп биске шақырамыз. Ол тағы да дауылдата, желдете жөнеледі. Кітап авторының алғыр қаламы, жүйрік қиялы, музыкалық білімдарлығы оқушысын осылай желпіндіріп, оңашада болсын, алқақотан топта болсын әнге, әуенге әкеп күмп бергізеді. Мұнда қалам күші ән құдіретіне әр-нақыш, бояу беріп, оқушысын кереметтей сезімдерге бөлейді. Біржан творчествосы кітап бетінде осылай басталып, әрі қарай алуан қырымен құбылып, құлпырып, бейнеленіп көрінеді. Операны тыңдағандай боласың. Далаға шыға бере ұмытылып қалатын ұсақ сезімдердің селтегіндей емес, жол бойы айтатын, үйге келе әңгімелейтін, ертеңгіге де сыбағасын сақтататын үлкен сезімдердің аясында боласың. Ән қасиетін тереңдей түсінуге үйренесің. Бұл құр баяндау емес, көп бояулы картина, шебер жасалған сурет. Біржанның ақындығымен таныс адам оның екінші бір ерен қасиеті — асқан әншілігімен де табысады. Асыра мақтағандық емес, Ахмет Жұбанов бізге Біржанның өзі боп сөйлейді, музыкалық слухы жоқ адамның өзіне бас шұлғытып, ерітіп әкетеді, — тағы айта түс, тағы несі бар, әңгімеле, — дегізеді. Марқұм Мұқан Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсын тыңдаған адамға мынау қосымша көп мағлұмат, мол материал. Кешегі ел ардағының бүгіндегі тірілген бейнесі бар бедерімен берілген жаныңды жайсаң күйге бөлеп, рахатқа батырады. Біржан қазақ қауымына ақындық өнерімен де таныс қой. Бұл саладағы еңбегі тиесілі бағасын алып келеді. Екіұдай пікір тек Сарамен айтысы төңірегіне ойысатын. Ғалымдардың көпшілігі айтыстың болғаны анық, дәп қазіргі жария көріп жүрген көркем дәрежеде өтпегенмен, екі саңлақ жүздескен деген байламда. Проф. А.Жұбанов та соңғы тұжырымды қуаттайды. Әрине, Біржан туралы сөз қозғағанда автор тек фактілерге ілесіп

жүгіре бермейді, композитордың творчестволық өмірінің белді-белді кезеңдерін қарпи айту ниетін ұсынады.

Осы тәсілден Ақан серіге арнаған тарауда да таймайды. Ақан басындағы асыл қасиеттер: ақындық пен әншілік, саятшылық-салдық, ел еркесінің еркіндікке құлаш ұрған ұмтылыс-талабы әдебиетіміздің тарихында да көптеп әңгімеленіп, әділ таразыдан өтіп келеді. А.Жұбанов Ақанның композиторлық өнер қырын өзгеше шабытпен, зергер зерттеушілік қабілетпен көре білген де, көрсете білген. Ән — абстракциясының жемісі емес, сезім сандуғашы, оның шығу себебі, туу тарихы болмақ. Бірақ соны түсіну, түсіндіру үлкен өнер иесінің ғана пешенесіндегі бақыт. Біз Ақан әндерін естиміз. Бірақ әрқайсысын әр жерде, әр ортада, бытыратып, әуенін, сөзін білсек те авторынан жаңылысып қалып, дал болатын кезіміз де жоқ емес. «Маңмаңкер» кімнің әні еді? — дегенге — Біржандікі; «Мақпалды» шығарған кім? дегенге басқа біреуді теліп жаңсақ сөйлеген кісіні аз ұшыратпаймыз. Анығында арқаның әнші, композитор-ақындарының арасынан Ақанды артықша атағаны өте орынды. Проф. А.Жұбанов Ақанның композиторлық тірлігін қадау-қадау жерінен ойып алып, дөңгелетіп әдемі әңгімемен, әр әннің әсер күшін, эмоциялық бояуын, техникалық түзілісін музыканың теориялық тілімен шегендей отырып, олардың түптегін, туу шежіресін тарихшыша таратады. Композитор-ақынның қай әнін алсақ та кезеңді шығарма (этапное произведение) ғой. «Көкжендет» пен «Қара торғай», «Сырымбет» пен «Құлагер», «Мақпал» мен «Маңмаңкер» Ақан өмірінің барлық барысын бажайлап зерттеуге кілт. Монографияны оқып отырғанда Ақан өмірі арқылы ел өмірі, сахараны мекендеген халықтың әлеуметтік жіктелу жәйі, жауыздық пен жақсылықтың аума-төкпе күресі, бір жығылып, бір тұрған әділет ағыны, махаббат мұңы музыка тілінен кітапқа түсіп, шығарма тіліне — әдеби очеркке ауысқанын аңғарамыз. Ахмет Жұбанов шын шабыттың «Құлагеріне» міниП отырып жазған секілді бұл тарауды. Ақан серінің музыкалық мұрасы операға жұтынып сұранып тұр. Мұндай мол материалды қазіргі қазақ композиторлары жұлмалай, боршаламай оралық кесек шығармаға неге мықтап пайдаланбасқа, яғни Ақан туралы опера неге жазбасқа? деген ойға келесің. Кейде біз либретто болмағандықтан қалыс-қалып отырмыз деп сылтауратамыз. Чайковский «Евгений Онегиннің» либреттосын бөгде біреуден дәметіп, алақан жайған жоқ

еді... бұл бір ойланарлық мәселе ме дейміз. Әңгіме ықыласынтада, шеберлікте бола керек.

Пікіріміздің бір қайырмасы есебінде айтарымыз Арқа төңірегіндегі әнші-ақын-композиторлар туралы кітапта қыруар дерек берілген. Балуан Шолақ, Жаяу Мұса, Құлтума, бертінгі Естайлар осыған дәлел. Автордың Жаяу Мұса жайында жазғаны кейінгі табылған архивтік деректерден кереғар кетпейді, қайта бірін-бірі үстемелеп толықтырып тұрған секілді. Кітапты ақтара төңкеріп отырғанда кең байтақ Қазақстанның географиялық аудандастыру ерекшеліктерінен туатын өзіндік, өзгеше сапалық белгілер белең беретіні анық. Құрманғазы мен Тәттімбеттің тамаша күйлері бір жағынан ортақ ұқсастықтармен танылса, екінші қырынан ортасына орай бояу-белгілерімен оқшаулана да көрінбей ме? Со секілді әнші-ақын-композиторлар творчествосында да осындай ұқсастықтар, «таныс, бейтаныс» белгілері байқалады. Мұны біз Батыс өлкесінің Мұхиты мен Сарысының, Алатау өңіріндегі Кененнің өнерпаздық өмірбаянынан айқын көреміз. Бұл, бірақ, бірін-бірінен алшақтататын, құбыжық көрсететін «қасиет» деп ұқпаймыз, қайта алуан үнді, әр мәнерлі үлкен өнердің сан саласы, сан сағасы деп түсінеміз. Мысалға, Мұхитты алайық. Мұхит Мералы баласы Батыс Қазақстан өлкесінен. Қазақтың басқа композиторлары сықылды мұның шығарғыштық өнерінде, репертуарында да арнау әндері көп. Атақты «Айнамкөзді» еске түсірсек, Ахмет Жұбанов былай деп жазады: «Мұхиттың алғашқы кезде шығарған әндерінің бірқатары арнау сияқты боп келеді. Айтушылар Мұхит Қобда бойын аралап жүргенде біреудің үйіне түсіп, ән салып, ауыл адамдары жиналып, кеш бойы сауықтайды. Ертеңінде сол үйдің бойжеткен қызы Құралайдың шай құйып отырғандағы сыпайылығы, мінезі, ажары Мұхитқа қатты ұнап, сол арада бір ән шығарады. Әншіге қыздың көзі ұнайды. Сондықтан ол: «Шырағым, мына бір әнді саған арнадым, нағыз айнамкөз екенсің, әннің аты да «Айнамкөз» болсын» дейді... Бұл Мұхитқа тән диапазонды, үлкен дауыс шеңберін тілейтін ән. Басынан аяғына дейін лирика, ешбір қайғының ұшқыны жоқ, сүйгенін, жақсы көргенін сағынған әуен бар. Әннің тынысы шалқыған кең. А.Затаевич айтқандай, жазық далада, сахарада туған. Қазақстанның батысының ән құрылыстарына тән, әннің екінші «сөйлемі» «Айнамкөз» деп әннің атын қосу арқылы «ұзаяды».

Әннің «кеудесі» мен қайырмасы бірімен-бірі жалғасып кетеді. Ән байсалды, орнықты екпінде жүреді. Әрбір дыбысы қатталып, орындаушыдан дауыс регистрінің тегістігін тілейді» (Кітаптың 84-85 беттерін қараңыз). Анығында «Айнамкөзді» айтпайтын, білмейтін адам жоқ-ақ болар. Автор әрбір әннің шығу жағдайына батыл барлау жасап, бекем болжау айтады. Зерттеудегі батылдық та осында. Мұхиттың «Қилым», «Ақ Иіс», «Айдай» атты әндеріне жасалған талдау да көкейге қонымды. Әсіресе, ел арасына ерте тараған әйгілі «Зәурешке» берілген баға байсалды да орынды. Бұл шын мағынасындағы реквием екені рас. Ел ішіндегі аңызда Медет дегеннің үш әйелінің құрсағынан шыққан отыз ұл мен бір қыз ауру-апаттың салдарынан едел-жедел дүние салады (алдымен отыз ұлы өледі, соңынан әкесі жолаушылап кеткенде жалғыз қызы Зәуреш қайтыс болады). Медет басындағы осы қаралы оқиға Мұхиттың жүрегін толқытады. Шошайған жалғыз төмпешік қабірді құшақтап, құлазып, зарлап отырған Медет қайғысы Мұхиттың әлгі әнді шығаруына үлкен себепкер. «Зәуреш» дауыстың жоғарғы регистрінен басталады. Асықпай-саспай жәй жүреді. Өлеңнің бір шумағы бойы мелодия қайталамай, үнемі жаңа бір үн қосылып, зар үстіне зар, қайғыға қайғы қосылып, жамала береді. Әннің негізгі контексінде артық бір дыбыс жоқ, бірі мен бірі жалғасқан, бірін-бірі толықтырып тұрған, бірінші нотадан бастап үздіксіз даму, шыныгу, өрбу жолындағы мелодия толқыны аяғына шейін тыңдаушыны билеп, ұстап отырады — деген автор тұжырымы дәл. Мұхиттың «Айдай» секілді әндері Сыр бойы мен Арқа атырабында айтыла бермейтін, тіпті кей құлаққа жатырқаңқы естілетін шығарма, бірақ өз топырағында қызғалдақтай өскен гүл іспетті болар.

Екінші бір әңгіме Кенен төңірегінде. Ахмет Жұбанов Кенен туралы очеркін былай бастайды: «Екейде елу бақсы, сексен ақын» дегендей, Жетісуда Сүйінбайдан, Жамбылдан келе жатқан ақындық дәстүр дүниеге көптеген таланттар берді. Олардың бәрі бірдей тек сөз қуып қана кеткен жоқ, ішінде жыршылары, әншілері болды. Ақындық айтыс дәстүрі әлі күнге дейін бұл өреде сол қалпымен келеді. Жаттап алған өлеңдері болса, еркек демей, әйел демей, той-топырда айтысып жүре береді. Ол дәстүр тек егде тартқан адамдарда емес, жастарға да ауысқан. Сондықтан да Жетісу өресінде саз қуу, айтысу дегендер кең жайылған дәстүр. Міне, осы топтың ішінен ала-бөле көзге түсетіні — Кенен».

Әдебиетші ретінде біз бұл қорытымға тұтастай қол қоямыз. Жетісу бойындағы ән мен жырдың ежелгі дәстүрі әлі сол қалпында, дамығаны болмаса толастаған жоқ, әрине, бояуы басқа, мазмұны терең, тіпті түрлік-түзілістері де жаңара түскен. Кенен басынан біз искусствоның синтетикалық соны сапасын табамыз. Оны ақын ретінде әдебиет тарихында талдаймыз. Ал әнші-композиторлық тұлғасын музыка зерттеушілерінің сыбағасы санаймыз. Сол үлесті міндетті Ахмет Жұбанов мойнымен көтерген. Кенен бала күнінен бай аулының бақташысы-жалшысы бола жүріп, Жетісу дәстүріндегі ақындықтың, өлеңші, әншіліктің әсерінен ада қалмаған. Түсінген сәтте түйіп алып, естігенін есінен шығармай өз ой елегінен өткізіп, жанынан өлең шығаруға, оған лайықты ән-әуен табуға ертеден әуестенеді. «Боз торғай», «Көкшолақ» әндері осының мысалы, бастан кешкен барлық өмір іздері әнші ақынның творчестволық биографиясының өзекті нысанасына айналады. «Базар, Назарында» жеке бастың қамырық күйі баяндалса, бертінгі, Совет тұсындағы өлең-әндерінде социалистік замананы өскелең пафоспен, өршіл сезіммен музыка тіліне түсіруі А.Жұбановтың кітабында келісті шешімін тиянақты тұжырымын тапқан, байсалды бағасын алған. Бір қызығы, Кененнің әндерінде көрші қырғыз елінің музыкалық мәдениетінің ықпалы да сезілетін сияқты. Ауылы аралас, қойы қоралас қырғыз халқының музыкалық әуендерінің мұндай әсері елдер достығының, бірімен-бірінің рухани туыстығының қуана құптарлық құбылысы.

Міне, Қазақстан жеріндегі әр аймақ, әр атырап өз төңірегінде молынан тараған өнерлік өресімен алуан түрде, бірақ бір сападан бірін-бірі осылай толықтырып тұрса керек. Біздің бұл пікірімізді бұдан көп бұрын әдебиет пен өнердің өрен білгірі М.Әуезов те болжай айтып кеткен екен. Мұхаң «Қазақстан Мемлекет театры» (1927 ж.) атты мақаласында: «Қазақтың кең даласындай әр жерінің әні де, кең қырлы алуан бөлек. Біріне-бірінің кестесі қайшы, жатырақ та болып шығатыны бар.

Олай болса, қазақ сахнасының жалпыға бірдей әншісі сол Қазақстанның әр бұрышындағы ән үлгілерінің әрқайсысын да жақсы білу керек. Бір әнді Семей қалай салады, Ақмола, Қостанай, Түркістан қалай салады. Арқа әні мен Сыр бойының әні, Ұлы жүз бен Кіші жүз әндері, қазақтың романс сияқты әндердің барлығы да Әміренің төл әні сияқты болу керек. Не қылса да бір орында бір-ақ түрлі үлгімен, жалғыз

Семей әндерімен қатып тұрып қалмай, кеңеюі, молаю, өсу керек. Өскенде жалпы Қазақстан әншісі боламын деген мақсатты қолдану шарт» — деп жазыпты Әмірege қатысты жерінде («Жұлдыз» журналы, 1964 ж. № 1).

Бұл жоғарыда біз айтқан географиялық аудандасу ерекшеліктерін бір жағынан екшей көрсету болса, екіншіден, жалпы халықтық ән мәдениетін томағатұйықтықтан арылтып, ортақтастыра, жақындастыра қарау керек деген өнегелі, терең тұжырым. Жасыруға бола ма, атақты әншілеріміз Жүсіпбектің репертуарынан Мұхит әндерін әлі ұшырата алмай келеміз. Ғарифолла Мәдидің «Қаракесегін» «Айдайдың» әуенімен айдайды. Кенен әндері Қостанай төңірегіне сирек тараған. Асылы, бүкілелдік ән-музыка мұрасы кең насихаттау уақыты жеткен іс және әр нәрсеге тосаңси қарау қоштауын таппас та.

Монографияға Мәди, Ыбырай, Сары, Әсет, Естай, Майра, Құлтума тағы басқа композиторлар туралы да бірі көлемді, бірі ықшам дербес тараулар берілген. Мұның барлығына жеке тоқталуды мақалаға мақсат қып қоймадық. Олардың әрқайсысының өзіндік мәнері де, бедері де бар. Мәдидің «Қаракесек», «Қарқаралы», «Үшқара» секілді әйгілі әндері, Үкілі Ыбырайдың атақты «Гәккуі», Балуан Шолақтың «Ғалиясы», Естайдың «Қорланы» әнөнерініңанықшеберлері екені ақиқат. Соны сезе-біле тұра арнайы әңгімелеуді қажет санамадық. Өйткені, біріншіден, мақаланың көлемі көтермейтін болды да, екіншіден — негізгі стерженіміз үш топтағы (Арқа, Батыс, Жетісу) үлкенді-кішілі әңгіме жүйесінің барлық сүйек бітімі осылармен толыса түсетінін ескердік. Топтастыра қарастыруды жөн көрдік. Со секілді әнші-орындаушылар турасында да аз сөйлегіміз келді. Автордың Әмірege, Қалиға, Қуанға, Жүсіпбекке, Ғарифоллаға тағы басқаларына берген анықтамалары мен мінездемелері ешқандай дау шақырмайды және сұрыптала суреттелген портреттер галереясы. Бір әдемісі, осы әнші-композиторлардың творчествосы бүгінгі кең тынысты музыкалық шығармаларда қалай кәдеге жарап, пайдаланылып отырғаны (операларда, симфонияларда, музыкалық драмаларда) оңды баяндалған. Ақанның «Балқадишасы» — «Жалбыр» операсында, Мұсаның «Хаулау», «Гауһарқыз», «Шолпаны» — «Біржан-Сарада», «Құлтуманың «Үш көтермесі» — «Абайда», Әсеттің әні — «Еңлік-Кебекте», Мәдидің «Қаракесегі» — «ЕрТарғында», «Шіркін-айы» — «Қыз Жібекте» т.т. қай шығармада қандай

деңгейде қабылданғаны, творчество қазанында қалай қайнап, піскені сөз арасында болсын иланымды айтылған.

Бір пара сөз жүйесін Абайға арнаған бөлімге жанастырғымыз бар. Бұған тағы бөлектеп тоқталғанымыз парыз тәрізді. Автор Абай туралы очеркті А.Затаевичтің бағасынан бастайды да, оның ағат айтқан пікірінен Абайды арашалайды... «...Шынын айтсақ, оның (Абайдың—, ред.) шығарған мелодияларының көпшілігі қазақ музыкасының стилімен, характерімен жанаспайды, оның үстіне, топас марш пен жылайман романстан бастап төмен сапалы орыстың дилетанттық музыкасымен таныстығы (кейде тура ұстап та кететін уақыттарын есептемегенде) сезіледі» — деген Затаевич сөзіне салмақты дау айтып, дәлелді, деректі ғылыми тұжырымға келеді. Абайдың ақындық қызметі жаппай бағасын алды ғой. Абайды тану дербес ғылым тарауы боп әбден бекінді. Ал Абайдың музыкалық мұрасы, композиторлық қызметі әлі күнге тиіп-қашты күйде зерттеліліп жүр. Мына очеркте сол кемістіктің жыртығын жамау ниеті бар. Автор Абайдың музыкаға келу жолының ерекшеліктерін екшей қарайды. Мәдениетті орыс поэзиясының озық үлгілерін жете меңгерген Абай творчествосынан әдебиетімізде бұрын-соңды болмаған жаңалықтарды көреміз; өлеңдеріндегі жаңа ырғақ, жаңа екпін, жаңа өлшем оның музыкалық творчествосына тікелей ықпал жасады. Абай әндерінің мелодиясы, ырғағы, формасы өзіне дейінгі келген қазақ әндеріне ұқсамайды. Осыдан келіп автор: «Бірінші жағдай — Абай әндерінің әрқайсысының өзіне меншікті өлеңі болатынын», текстті ауыстырып айта беретін «қылжаққа» Абай әндері көнбейтінін ескертіп өтеді. Екіншіден, «Абай бүкіл Шығыстың, орыстың, қазақтың профессионалдық әдебиетін терең зерттегеніндей, музыкада да алдымен қазақтың халық әндерін, күйлерін жақсы білді... Поэзиясы халықтық демде суарылған болса, музыка дүниесінде де Абай қазақтың халық музыкасының мұхитында тәрбиеленді... Абай ән шығаруға қазақтың халықтық бай музыка интонациясын жақсы біліп, сол бір ән мұхитын аралап жүзіп келді». А.Жұбановтың бұл қорытымы — Абайдың музыкалық шығармалары туған ел топырағының жемісі екендігін, оның халықтық негізін дәйекті дәлелдеу. Ұлы ақынның әдебиеттік зор тұлғасын музыкалық еңбегіндегі ерекше қасиеттерімен толықтыра сомдай түсу.

Абай басынан табылатын үшінші бір бөгде қасиет, өзгелерде ұшыраспайтын сапалық өзгешелік — орыстың халық музыкасымен, қаланың демократиялық әндерімен, романстарымен таныстық; Россияның прогрессивті интеллигенциясының әсері. Мұны ширата (расшифровка жасап) баяндамағанымен, автор оқушысына сөздің ұшығын тастап, ой салады, «Шеш көңілімнің жұмбағын» дегендей сәл қалыс отырады. Асылы, арнаулы, қомақты зерттеуге сыбағалы сөз боп қалсын деген үнем бар секілді. Әйтпесе, талдайтын жері коп-ақ тұр.

Соңғы бір музыкалық ерекшелік Абайдың музыкалық маңайының болғандығы. Оның ақындық айналасы жайында әдебиетте мол дерек бар ғой. Ал Абай әндерін үйреніп, айтып, алыс-жақын атырапқа жайып, таратып отырған музыкалық маңы болғандығын да тарих дәлелдейді. Абайдың өз баласы Әбдірахман скрипкашы, Ақылбай әнші де композитор, әйелі Әйгерім асқан әнші т.т... «Олар Абай шығарған әндердің тек тыңдаушысы, қошеметшісі емес, ол әндерді бабына келтіріп орындаушы және Абай тәрбиесі арқылы әдебиетте, музыкада әрбір жаңалықтың басы қылт ете қалса, соған өңмендерін созып, түсінуге, бауырауға, айналаға үйретуге... даяр кісілер... Абай «ұйымдастырған» поэзияда, музыкада жаңа, өткір тіл, ұнамды үн, қолайлы ырғақ іздеу, тәжірибе жүргізу «лабораториясының» белсенді «мүшелері»...

Абайдың ән шығарғыштық, музыкалық өнерін автор осылай төрт-бес түйіннен тізеді де, бірқатар жерде теориялық талдау жағына ойысады. Әсіресе Абайдың әнге, әуенге, музыкаға қоятын талабы мен талғамын, түсінігі мен түйгенін, эстетикалық көзқарасын тәптіштеп, ұғынықты тілде әсерлі әңгімелейді. Ұлы ақынның композиторлық еңбегін артық айтылған, кем кеткен «былғаныш» бағалардан ғылым негізінде қорғайды.

Біз екі нәрсені ескерткенді құп көрдік. Біріншісі — Абайдың жоғарыдағыдай қасиетке ие, бөлекше өлшем, өзгеше ырғақ, бұрын кездеспеген әуендегі әндеріне әдемі талдау жетпейді, тіпті ұшты-күйлі жоқ десе де болғандай. «Құлагер» мен «Қорлан», «Бала Ораз» бен «Бозторғай» қандай жақсы баяндалған. Оқушы ол тұстарда автормен қатарласып, оқиғаның қалың ортасында отырмаушы ма еді. Абай әндерін де неге солай елти тыңдап, қосыла неге салмасқа? Авторлық маңы (авторша айтқанда — «Қамаушы») жайында жалпылама лық, жүдеубастық байқалады.

Әбдірахман, Ақылбай, Әйгерім, Әлмағамбет, Мұха тізбектің ішінде «Шырқап, қалқып, сорғалап тамылжыған» әсерлі ән арқылы жылы жүректі неге қозғалтпасқа?! Екіншіден, Абайдың музыка әндері әрқайсысы немен қадірлі, қандай өнер қырымен үлгілі деген сұрауға жауап таппайсың. Абай әндерінің ішінде ерекше аталатыны — «Татьяна хаты» ғой. Татьяна хатын алғаш рет ауыл-аймаққа таратқан өзге емес, өз туысы Майбасардың Мұхаметжаны (1852-1917). Ел ішінде Мұхаметжан шығарды деген ондаған ән бар. «Сарғайып сары белден таң атады» деп басталатын өлең де, соған орай ән де сол Мұхаметжандікі. Немесе Мұханы алайық. Қайым Мұхамедханов «Абай төңірегіндегі ақындар» атты еңбегінде: «... Мұха тек қана музыкант емес, скрипкаға, домбыраға қосылып ән де салатын болады. Абай Мұхаға өз балаларын, ауылдағы жастарды музыка өнеріне үйреттірді!» — деп жазды. Ол «Дунай толқындарын» скрипкада ойнағанда таңдай қақпаған адам кем де кем болса керек. Соған лайықтап өзі өлең шығарып скрипкаға қосылып ән ғып шырқайды екен. Өлеңнің екі шумағын келтірейік:

... Тал көктен, қайың ақтан киім киіп,
Керіліп, кербезденіп, басын иіп,
Басына шырмауықтан үкі тағып,
Шолпысы сылдырайды жерге тиіп.
Кенге көңілім толып, Абай аға,
Берерсің өз көзіңмен көріп баға;
Ең үстін домбыраның әнге күйлеп
Қол соқтым «Дунайские волнаға».

Бұл Затаевич жаңсақ айтқандай, топас марш пен жылайман романстан бастап төмен сапалы орыстың дилетанттық музыкасымен таныстық емес, мәдениетті, соқталы музыкамен таныстықтың нәтижесі саналмақ:

Дунайдың мыңға жуық әуел басы,
Пенденің толқынға ұқсас өткен жасы,
Емлесін дәл басқанға сүйсініп,
Еміреніп күйге түсті ықласы...
Сайрауық тамам құстар тұрды тыңдап,
Бір-бірін үндеме деп баспен ымдап,
Гуляйтта көлбектеген көкше құстар

Құйылды күй тыңдауға көктен зымғай.
Ұшқан құс, жүгірген аң ол кеңесті,
Қамығып қалың орман қайғы жесті
Күйменен көңіл дертін күйіндірген
Бейшара неткен мұңлы адам десті.

Халықтық негізде дамыған Абай музыкасы. Абай әуендері орыстың озғын мәдениетімен сусындағанын бұл да дәлелдей түспек. Ақылбайға келейік. Ол да ән шығарған. «Бұлғыннан ішік кидім кәмшат жаға», «Матай да алыс бірқатар жер деген соң» атты әндері ел ішінде әлі де айтылады. Біреуін Кәукен Кенжетаев та әдемі орындайды. Ал осы Ақылбай музыкалық сауаты бар адам болған. Ол бұлбұлдың сайрауын «квинтадай үнін түзеп шырқатады» деп бейнелейді. Бұлбұл даусын скрипканың ең жоғарғы тонды, ең нәзік бірінші ішегінің үніне, квинтаға салыстырып жырлау Ақылбайдың ақындық, музыкалық мәдениетін аңғартады. Міне, осы жайларды аша түссе, Абайға арналған бөлім бұдан да гөрі әрлене, ажарлана көрінер еді.

Кітапта асқан әншілік, композиторлық және ақындық өнерді бойларына түгел жиған атышулы өрендерден басқа бірқатар әнші-орындаушылар туралы да арнайы очерктер берілген. Автор Әміре, Қали, Жүсіпбек, Қуан, Манарбек, Ғарифолла, Әли тәрізді атақты әншілердің творчестволық келбетін жасай отырып, олардың әр композитордың әрбір шығармасын орындау үстіндегі өздеріне хас ерекшеліктерін, әр әнді шын суреткерше ұғынып, топшылап барлап барып айтатынын әсерлі баяндап, айқын елестете алған.

Сол сияқты, қосымша тарауда да бірталай әншілер жайында әралуан деректер беріліпті. Ең болмағанда сол әншілер өмірінің эпизоды немесе өнерінің бір қыры зерденде ұмытылмастай боп қалып қояды. Бұл да кітаптан алған жалын әсеріңді байыта, молықтыра түседі.

Осындай ұлан-ғайыр, күрделі еңбекті жазу үстінде автор өзінен бұрынғы және өзімен тұстас зерттеушілердің, ғылыми экспедициялар мен жекелеген адамдардың материалдарын, ой-пікірлерін мол қамтып отырған. Кітаптың ең соңғы тарауында ол мұны сап-сабымен, нақтылы аңғартқан. Бұл да оның зерттеуші-ғалым ретіндегі объективтілігін, ағынан жарылған әділдігін айтпай аңдатса керек.

Еңбектің осы қалай дерлік кейбір жәйттерін жолжөнекей атай отырып, соған қоса мына бір жайларды да айтуға болар еді. Автордың салқын да салғырт «академизмнен» бойын аулақ салып, қаламды жазушыша сілтейтінін ескертеміз. Бұл — осы кітаптың ең бағалы, бірегей қасиеттерінің бірі. Сонымен бірге осы орайда автордың жаңағы тәсілге құлай беріліп, ара-тұра схемаға ұрынған мезеттер де бар. Айталық, Біржан сал жайындағы бөлім 1865 жылдың жазында Көкшетау елінің Омбыдан келетін генерал-губернаторды күтіп алмақ боп, «шала бүлініп» жатқан әбігер халін баяндаудан басталады. Оқырман сол кездің әлдеқандай бір елестерін өз көзімен көріп өткендей болады. Сонымен бірге автор Біржанның «Жанбота» тәрізді тамаша әні қандай жағдайда, қалай туғанын да осы эпизод арқылы аңдатады. Тұтастай алғанда, бұл бір көрініске, іс-әрекетке толы, шын өнер иесінің шамырқанып, «шарт сынған», буырқанған сәтін сездіретін эпизод. Бірақ автор осылайша белгілі бір эпизодты, оқиғаны баяндау арқылы бастап кету тәсілін кейін Ақан, Мұхит, Балуан Шолақ, Мәди, Ыбырай, Құлтума, Сары, Естай, Әсет, Қосымжан, Темірболат, Жүсіпбек, Қуан, Манарбек, Ғарифолла жайындағы тарауларда да пайдаланған. Бірсарындылық, тым ұқсастық сезіледі. Әли жайындағы ең соңғы очерк те осылай басталыпты. Айтпақшы, «Әли жайындағы» демекші — осы очерктің екі-үш бетінде «болып», «болған», «болды» деген тәрізді етістіктерді елу-алпыс рет қайталайды екен. Бұл ретте өкпені сөз болып отырған осы кітаптың редакторы Қ.Көпішевке ең алдымен айту қажет. Өйткені осыншама үлкен еңбекті жазу үстінде автордың ара-тұра байқамай кеткен тұстарын оның аңғаруы, қалам ұшын тигізіп отыруы керек еді.

Автор ел арасына кең таралған «Қалқа» әнін қарт ақын Қалқа Жапсарбаевтікі деп келеді де, одан әрі: «Осы бір әннің өзі Қалқаның атын оның өлеңдері мен дастандары жетпеген жерге жеткізді» (296 бет), — деп жазады. Мұнда біраз дұрыстық бар. Осы ән Қалқанікі деген лақап сөз қар» ақынның атын өте-мөте дабырайтып жібергені рас. Бірақ сол әнді Қалқа шығарды дегенге біздің шүбәмыз да бар.

Ең алдымен, мұнда «Қалқа» деп әннің авторы өзін емес, өзі сүйген қызды сағынған дығын айтады. Бұған өлеңнің:

Бұл әннің кім біледі аты «Қалқа»
Қалқаны сағындым ғой айта-айта.
Қолға алып домбыраны толғағанда,
Тырнақта сау қалған жоқ тарта-тарта, —

деген алғашқы шумағы дәлел бола алады. Әйтпесе, ән авторы өзін-өзі «қалқа» деп еркелетпесе, әнге қоспаса керек. Оның үстіне «Қалқа» тәрізді тамаша ән шығарған өнер иесінің бір әнмен ғана тоқырап, тынып қалуы мүмкін емес. Ал Қалқа Жапсарбаевтың басқа ән шығарғанын ешкім білмейді (Әлі күнге дейін өзінің де көзі тірі). Осыған орай кезінде «Қалқа» әнін Иса шығарған деген М.Әуезов, С.Бегалин сияқты аға жазушылардың пікіріне біз де көбірек ойысамыз, ден қоямыз.

Кітапта өмірі мен творчествосы арнайы очеркте талдануға тұрарлық Иса, Ғазиз, Жарылғапберлі және басқа да бірталай әнші-композиторлар жайы тек «Қосымшада» ғана айтылған. Автордың қолындағы материал тапшы болды ма әлде кітап көлемін үлкейте түсуге мүмкіндік болмады ма екен — кім білсін? Қайткен күнде де жоғарыда аталған атақты әнші-композиторлар творчествосы лайықты бағасын алуға тиіс еді.

Қалыптасып кеткен «салт» бойынша, біз де мақаланың соңында кітаптың кейбір мін-мүліктерін атап кетіп жатырмыз. Жіті көзге ондай ұсақ жәйттер әлі шалына беруі ықтимал. Бірақ гәп онда емес. Проф. Ахмет Жұбановтың кітабы көз майын тауысып, сарыла оқитын санаулы зерттеушілер қауымына емес, сан мыңдаған оқырмандар жұртшылығына арналған әрі солардың жан-жүрегіне тура жол тапқан еңбек. Кітаптың өмір танытқыштық қасиеті де, көркемдік әсері де өте күшті. Өйткені автор көргені мен түйгенін, аңдағаны мен сезгенін жалаң баяндамайды, шын шабытты ақынша толғанады. Оның бояулы суреттерінен үн естігендей, ал майда қоңыр, жұмсақ үнінен сурет көргендей әсер аласың.

Бұдан біраз жыл бұрын А.Жұбановтың «Ғасырлар пернесі» атты кітабы шыққан-ды. Онда қазақтың арғы-бергі күйшілерінің өнері, өнерпаздық жолы баяндалатын. Ал соңғы кітап әнші-бұлбұлдар жайына арналған. Осы екі кітап қосыла келіп, халқының қолтума музыкалық өнерінің, сол өнердің өрен иелерінің арғы-бергі тарихының көркем де шыншыл шежіресін құрайтындығы хақ.

А.Жұбанов — советтік қазақ халқының музыка өнерін жасаушылардың, жаңғыртушылардың бірі. Ал оның сол өнерді зерттеу саласындағы еңбегі тіпті ұшан-теңіз. Сан-сан ғалымдар, сан-сан зерттеушілер қосылып атқарар ұлан-ғайыр істің ол жалғыз өзі рөлін атқарып жүр. Бұл — білімдарлық пен еңбекқорлықтың ғана емес, сонымен бірге елі-жұртын, туған халқының өнерін қалтқысыз жүректен сүйе білудің әрі сүйдіре білудің де белгісі. Ән жайындағы, әншілер жайындағы бұл кітаптың өзі де ән сияқты. Соны қайталап тыңдағың, қайталап оқығың келе береді.

Мазмұны

Ақан сері Қорамсаұлы 5
Ақын мұрасы 27
Майталман лирик 48
Ерлік пен елдік жаршысы 53
Жемісті жол 70
Жанр табиғаты 89
Қаһарлы күндер тынысы 108
Асқақ дауысты ақын 121
Самал жел 137
Достық лебіз 142
Шығарма және оны өңдеу 158
Іс-әрекет пафосы 177
Абайды қайта-қайта оқығанда 187
Жазушы және кейіпкер 203
Есею кепілі 257
Жыр алыбы 269
Жылдар-ойлар 283
Махаббат хикаясы 298
Уақыт және поэзия 301
Әлем әдебиетінің асқары 320
Ұлы бейне 324
Маяковский және қазақ совет поэзиясы 328
Тарас Шевченко және қазақ әдебиеті 351
Сайрап өткен бұлбұлдар 365

Айқын Нұрқатов

ШЫҒАРМАЛАРЫ

2-том

Редакторы Ш.Рақымбекова
Корректоры Ш.Жамықаева
Суретшісі Е. Қожабаев
Компьютерде беттеген Ж.Дәуренбекова.

ИБ № 992

Басуға 10.06.2013 ж. қол қойылды. Пішімі 84x108$^{1}/_{32}$
Шартты баспа табағы 20,0. Көлемі 24,0 б.т. Таралымы:
Мемлекеттік тапсырыс есебінен 2000 дана + баспа есебінен 150 дана. Тапсырыс № 690.

«Ана тілі» баспасы ЖШС,
050009, Алматы қаласы, Абай даңғылы, 143-үй,
тел: 394-38-20

Тапсырыс берушінің дайын файлдарынан
басылып шықты.

ЖШС РПБК «Дәуір». 050009,
Алматы қаласы, Гагарин д-лы, 93а.
E-mail: rpik-dauir81@mail.ru

ISBN 978-601-251-086-7